

343.98(574)

Ш 34

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



А. Шәкенов

КРИМИНАЛИСТИКА

Оқулық

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
кәсіптік бастауыш және орта білім беру
ұйымдарына ұсынады



«Фолиант» баспасы
Астана-2008

ББК 67.52я7

Ш 34

Пікір жазғандар:

Сәрсенбаев Т.Е. – заң ғылымдарының докторы;

Оспанова Г.С. – заң ғылымдарының кандидаты;

Егембердиев Е.О. – заң ғылымдарының кандидаты

Ш 34 Шәкенов А. О.

Криминалистика: Оқулық. – Астана: Фолиант,
2008. – 464 б.

ISBN 9965-35-378-6

Оқулықта қылмыстың алдын алу, тергеу және оны уақытында ашуға қажетті заңдылықтар қарастырылады.

Оқулық құқық қорғау жүйесіндегі орта кәсіби білім алатын тыңдаушылар мен студенттерге, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлеріне, криминалистика пәнін оқып-үйренушілерге арналған.



ББК 67.52я7

ISBN 9965-35-378-6

© Шәкенов А. О., 2008

© «Фолиант» баспасы, 2008

I ТАРАУ КРИМИНАЛИСТИКА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

1.1. Криминалистиканың пәні

Басқа да ғылымдардағыдай, криминалистика пәні де объективті шындық заңдылықтарының жиынтығынан тұрады. Алайда бұл жиынтық арасынан криминалистика, қылмыстың алдын алып, тергеп және тез арада ашуға қажетті заңдылықтарын қарастырады. Диалектика заңына сәйкес, заттардың өзара қатынасы мен әрбір қылмыстың қоршаған ортамен байланысы, материалдық дүниедегі фактілер мен құбылыстардың міндетті түрде қоршаған ортада бейнеленуі – жоғарыдағы заңдылықтардың қалыптасуына итермелейді. Осы заңға сай, әрбір қылмыс объективті шындықта әр қилы іздер түрінде бейнеленеді. Олар: идеалдық (идеальный) – заттардың, құбылыстардың ойлы бейнесі түрінде (в виде мысленного образа); материалдық – заттар және олардың бейнеленулері және т.б. Мұндай іздер қылмыс және оған қатысушылар туралы мәліметтердің қайнар көзі болып табылады. Ал бұл іздердің пайда болу процесі – объектілердің қасиеттері (свойство) мен бейнелену шарттары анықтайтын заңдылықтарға бағынады. Осыған байланысты іздің пайда болу процесі, жалпы қылмыс механизмінің құрамды бөлігі болып келеді.

Қылмыс механизмі дегеніміз – қылмыстық зардап заты болатын күрделі динамикалық жүйе; қылмыс субъектісі, оның өз іс-әрекетіне, келген зардабына, сонымен қатар қылмысқа қатысушыларға қатынасы; қылмысқа дайындалу тәсілі, оны жасау және жасыру; қылмыстың нәтиже; қылмыс жағдайлары (уақыты, орны, жағдайы) және басқалары.

Қылмыс іздері іс бойынша дәлелдеме болу үшін, олар терең білетін адамдармен дұрыстап жиналып, зерттеліп, бағаланып және пайдаланылуы тиіс. Жинау, зерттеу, баға беру және пайдалану әрекеттері де криминалистика оқитын нақтылы заңдылықтарға бағынады.

Криминалистиканың қолданбалы (прикладной) мінездемесі – аталмыш заңдылықтарды оқу негізінде қылмыстың алдын алып, тергеп және жинаудағы әдістер мен тәсілдерді, құралдарды жетілдірумен байқалады.

Сонымен, криминалистика пәні мынадай негізгі элементтерден тұрады:

1. Қылмыстық іс-әрекет заңдылықтарын оқып-зерттеу (қылмыс механизмі, қылмыс және оған қатысушылар туралы ақпараттың шығу тегі) және дәлелдемелерді жинау, зерттеу, баға беру және пайдалану қызметі;

2. Қылмыспен күрестегі әдістер мен тәсілдерді, криминалистикалық құралдарды жандандыру. Криминалистика пәнінің осы элементтері профессор Р. С. Белкиннің анықтамасы бойынша былайша түсініледі: «Криминалистика – қылмыс механизмі, қылмыс және оған қатысушылар жайлы мәліметтің шығу заңдылықтары туралы ғылым бола келе, дәлелдемелерді жинау, зерттеу, баға беру және пайдалану заңдылықтарын оқып-білудің әдістері мен құралдардың қолдана отырып, қылмыстың алдын алу, тергеу және әшкерелеу болып саналады».

Дәлелдемелерді жинау үш кезеңнен тұрады: табу; бекіту; алу және буып-түю.

Дәлелдемелерді зерттеу – тиісті өкілеттігі бар адамдармен жүргізіліп, іс бойынша жиналған дәлелдемелердің дұрыстығын және басқа дәлелдемелермен ұштасатындығымен көрсетіледі.

Криминалистиканың объектілері ретінде жоғарыда қарастырылған заңдылықтар, байқалатын фактілер, процестер, құбылыстар жүреді: қылмыстық іс-әрекет, материалдық объектілер (заттық дәлелдемелер), қылмысты тергеу және ашу қызметі, қылмыстық процеске қатысушылардың жауап беру қимылдарының қалып-

тасуы, тергеулік іс-әрекеттерді жүргізудің тактикалық әдістері және басқалар.

Криминалистиканың даму заңдылықтары, жүйесі және міндеттері

Криминалистиканың даму заңдылықтары:

- күнделікті және пайда болып жатқан криминалистикалық теория және ілім арасындағы байланыс заңы;
- қылмыстық сот өндірісі үшін басқа ғылымдардың жетістіктерін тиімді қолдану заңы;
- қылмыстың алдын алу, тергеу және ашуда криминалистикалық ұсыныстардың қажеті болуы, криминалистикалық ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, осындай жұмыстарды жандандыру заңы;
- криминалистика және басқа да білім салалары шеңберіндегі ғылыми-техникалық үдеуге сүйене отырып, криминалистиканы дамыту заңы.

Криминалистиканың қағидалары (принциптері):

- шындық принципі, яғни, криминалистикалық ғылыми зерттеулердің саяси ұғымдарға бағынышты болмай, заңдылықтар мен қоршаған орта құбылыстарын дұрыс көрсету мүмкіндігіне құштарлы болу;
- тарихи принцип, яғни, өзгеру мен пайда болу құбылыстарын есепке ала отырып, криминалистиканың пәнін, мазмұнын және басқа да ғылымдармен байланысын үнемі қозғалыс тұрғысынан қарастыру;
- ғылымның жүйелік принципіне сай, криминалистиканың бөлек тараулары, зерттелетін құбылыстары мен фактілері, тұтастың бір-бірімен өзара байланысты бөліктері болып қарастырылады.

Криминалистиканың жүйесі

1958 жылға дейінгі пайдаланған оқулықтарда криминалистика жүйесі төмендегідей үш топтан құрастырылған:

1. Ғылыми-техникалық құралдарды қылмыс тергеуде қолдану (криминалистикалық техника);

2. Нақтылы тергеу әрекеттерінің тактикасы;
3. Нақтылы қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі.

Қазіргі кезде криминалистиканың жүйесі өзара байланысты төрт тараудан құрастырылады:

- 1) криминалистиканың жалпы теориясы;
- 2) криминаликалық техника;
- 3) криминаликалық тактика;
- 4) криминаликалық әдістеме (кейбір қылмыстардың алдын алу және тергеу әдістемесі).

Криминалистиканың жалпы теориясы деп өзіне дүниетану принциптерін, жеке теорияларын, түсініктерін, категорияларын, терминдерін және әдістерін жүйелеген криминалистиканың әдістемелік негізін айтамыз.

Алдымен, жалпы теорияға криминалика пәнінің бөлек салаларын (мысалы, криминаликалық идентификация теориясы, қылмыс тәсілі, криминаликалық сипаттамасы, болжам және тергеуді жоспарлау жайлы криминаликалық ілім) қарастыратын, криминаликалық білім алу мен жеке теориялар енеді. Жалпы теорияның құрамды элементтеріне мыналар жатады: криминалистиканың тілі туралы ілім (анықтамалар, түсініктер, терминдер, категориялар жүйесі); криминаликалық систематика (әр түрлі объектілер, оның арасында криминаликалық болжам, қару, іздер, адам сырт келбетінің, қол жазуының белгілерін және тағы басқалардың классификациясын құрастыру жолында жиналған білімді жүйелеу); криминалика әдістері туралы ілім.

Криминаликалық техника деп – ғылыми ережелер жүйесін және соған негізделе отырып, қылмыстың алдын алып, тергеп және әшкерлеу мақсатында дәлелдемелерді жинап зерттеу үшін қолданылатын, техникалық құралдар мен әдістерді көрсететін криминалистиканың тарауын айтамыз.

Криминаликалық тактика деп – ғылыми ережелер жүйесіне негізделе отырып жасалған алдын ала тергеу мен соттық тергеуді ұйымдастыру жө-

не жоспарлау талаптарын, соттық зерттеулер жүргізетін адамдардың мінез-құлқын және процессуалды іс-әрекеттерді (біріншіден, тергеулік) жүргізу тәсілдерін айтамыз.

Криминалистикалық әдістеме деп – ғылыми ережелер жүйесін және соған негізделе отырып ұрлық, тонау, кісі өлтіру, адам ұрлау және т.б. бөлек қылмыс топтарын тергеп алдын алу үшін жасалған әдістемелік нұсқауларды көрсететін криминалистиканың тарауын айтамыз.

Криминалистиканың аталмыш төрт тарауы бір-бірімен өзара тығыз байланыста. Жоғарыда атап өткендей, криминалистиканың жалпы теориясы осы ғылымның әдістемелік негізі болып саналады. Криминалистикалық техника мүмкіндіктері – тергеулік қарау, жауап алу, тергеулік эксперимент және басқа бөлек тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасын жетілдіру кезінде ескеріледі. Жеке криминалистикалық әдістемелерді дамыту кезінде бөлек қылмыс түрлерін тергеу барысындағы техника-криминалистикалық әдіс-тәсілдері мен бөлек тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикалық әдістерін қолдану ерекшеліктері ескеріледі.

Криминалистика міндеттері

Криминалистиканың міндеттері жалпы, арнайы және нақтылы болып бөлінеді. Басқа ғылымдардағыдай (қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы және т.б.), криминалистиканың жалпы міндеті құқық қорғау органдарына қылмыспен күресте көмек көрсету болып табылады.

Криминалистиканың арнайы міндеттері:

- ғылымның жалпы және жеке теорияларының өркендеуі мен криминалистика пәнінің негізін құрастыратын объективті заңдылықтарды әрі қарай оқу;
- қылмысты тергеудегі техника-криминалистикалық қамтамасыздықты жетілдіру;
- алдын ала тергеу мен соттық тергеудің ұйымдастырушылық, тактикалық және әдістемелік негіздерін жетілдіру;

- қылмыстың алдын алудағы криминалистикалық әдістер мен тәсілдерді жандандыру;

- шетел криминалистерінің жетістіктерін, отанымыздың қылмыспен күрес тәжірибесіне енгізу мақсатында оқу.

Қандай да бір қылмыстың етек алуы кезеңдерінде қойылатын ерекше міндеттердің нақтылы міндет болып саналатыны белгілі. Мысалы, кейінгі кезде пайда болып отырған компьютерлік қылмыстар, тапсырыспен кісі өлтіру, жезөкшелік пен жеңгетайлық жасау, нашақорлық сияқты қылмыстың жаңаша түрлерімен күрес жүргізу ғылыми тұрғыдан да жаңаша міндеттерді талап етеді.

Криминалистиканың қызметі:

- *әдістемелік қызмет* – ғылым мен тәжірибе арақатынасын дұрыс көрсетіп, криминалистика ғылымының пәні мен мазмұнын дұрыстап түсінуді қамтамасыз етеді;

- *түсіндірмелік қызмет* – криминалистиканың пәнін ғылыми тұрғыдан бейнелеп, оның мәні мен элементтерін ашып көрсетеді;

- *синтездік қызмет* – жиналған эмпирикалық материалдарды реттейді (біріктіру және систематизациялау);

- *болжау қызметі* – қылмыспен күресте криминалистика ғылымының мәліметтерін тәжірибе түрінде қосымша пайдалану (криминалистикалық болжау теориясы үшін негіз).

Аталмыш ғылымды қарастыру кезінде оның пайда болу және даму кезеңдері, тарихы туралы түсінік құрастырған жөн.

Ғылыми-техникалық прогресс пен өндірістің қарқынды дамуы, басқару жүйелерінің әлсіреуі, шаруалардың қалаға қарай жұмыс іздеп сандалуы, адамдардың баюы, капиталдың шоғырланып күрделі айналымда болуы, олардың бөтен адам көзіне көрінбеуі, тәуекелге жүгіну, еңбектің бөлінуі, оның мамандандырылуы және басқа да бұрын-соңды болып көрмеген факторлардың

жиынтығы XIX ғасырды сипаттай келе, тағы да бір феномен – ұйымдасқан қылмыстың пайда болуына себеп болды.

XIX ғасырда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы Америка және Еуропаның капиталистік елдерінде жаңа техника мен байланыс құралдарын қолданған, ұйымдасқан қылмыс деген әлеуметтік құбылыстың шығуына да себеп болды. Қылмысты әшкерлеуде ескі әдіс-құралдар көмегінің шамалы болуы XIX ғасыр аяғында сахнаға жаңа криминалистика деген ғылыми білімді шығарды.

Жаңа ғылым негізі көптеген ғалымдар еңбектерімен қаланды. Міне, осылай Францияда Альфонс Бертильон криминалистикалық тіркеудің антропометриялық әдісін, сигналетикалық фотаға түсіру негіздерін, оқиға болған жерді өлшеу арқылы фотаға түсіруді, ауызша портрет әдісімен келбетті суреттеуді ойлап тапты.

1882 жылы Австрияның сот тергеушісі Ганс Гросстың, қылмысты тергеудің сол заманына сай, жаңа ғылыми әдіс-құралдары қарастырылған «Руководство для судебных следователей как система криминалистики» деген жұмысы жарық көрді. Онда алғаш рет «криминалистика» термині ұсынылды. Ганс Гроссты заңды түрде криминалистиканың іргетасын қалаушы деп санауға болады. Ал оның еңбегінің жарық көруін, криминалистиканың өз алдына дербес ғылыми білім саласы ретінде қалыптасуымен байланыстырады.

Ағылшындық ғалымдар – Вильям Гершель, Генри Фолдс, Френсис Гальтон, Эдвард Генри қазіргі трасологияның тарауы – дактилоскопия негіздерін қалады. Францияда Эдмон Локар заттық дәлелдемелерді зерттеудің бірталай әдістемелерін жасады (дәлірек айтқанда, қол жазуды (почерк) зерттеудің графометриялық әдісін). Бұларды, ол өзінің «Научные методы в уголовном расследовании», «Руководство по криминалистике» атты және т.б. жұмыстарынды атап өтті. Рудольф Арчибальд Рейсс Швейцарияда «Научная техника расследования преступлений» деген кітабын басып шығарды.

Сонымен бірге, дүние жүзінде алғаш рет сараптама-криминалистикалық лабораторияларды ұйымдастырып, полицей қызметкерлерін заттық дәлелдемелерді зерттеудің ғылыми әдістеріне үйрету курстарын ашты. Осыған байланысты Ганс Гросстың айтқан сөзі бар: «Криминалистиканың әрбір жеңісімен куәгерлердің жауабына жүгіну мағынасы төмендеп, ал оның орнына нақтылы заттық дәлелдемелер мағынасы артуда» .

Криминалистиканың дамуына ресей криминалистері де өз үлесін қосты. Атап айтқанда, «Судебная экспертиза документов, производство ее и пользование ею» (1903 ж.) кітабының авторы Е.Ф. Буринский Петерборда бірінші соттық фотографиялық лабораториясын ашты, С.Н. Трегубов өзінің «Основы уголовной техники» деген тәжірибелік құралында қылмысты тергеудегі ғылыми-техникалық құралдарды қолдану сұрақтарын баяндап берді, Б.Л. Бразоль «Очерки по следственной части. История. Практика.» (1916 ж.) кітабын тергеулік қарау тактикасын қарастыруға арнады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейде сот-сараптамалық мекемелер жүйесі пайда бола бастады. Олардың қатарында Петербор сот палатасының прокуроры жанындағы соттық-фотографиялық лаборатория (1892), соттық-ғылыми сараптамасының Петербор кабинеті (1912), осындай Мәскеу, Киев, Одессадағы кабинеттер (1913-1914) болды.

Жиырмасыншы жылдары криминалистикалық техника, кейбір тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасы, кейбір қылмыс топтарын тергеу әдістемесі, тергеуді жоспарлау сұрақтарына арналған П.С. Семеновскийдің «Дактилоскопия как метод регистрации» (1923 ж.) монографиясы, С.М. Потаповтың «Судебная фотография» (1926 ж.) атты оқу құралы, И.Н. Якимовтың «Руководство по уголовной технике и тактике» (1925 ж.), «Уголовная тактика» (1929 ж.) деген жұмыстары және алғашқы «Криминалистика» оқулығы (1925 ж.) жарық көрді.

Кейіннен криминалистиканың көптеген мәселелері атақты ғалым-криминалистермен ойдағыдай жетілдірілген. Олардың арасында А.И. Винберг, Е.И. Зицер, Б.М. Шавер, Н.В. Терзиев, Б.И. Шевченко, Б.М. Комаринец, Л.Е. Ароцкер, А.А. Эйсман, Р.С. Белкин, И.М. Лузгин және тағы басқа ғалымдар бар.

1928 жылы басқа да одақтас республикалармен бірге Қазақстанда да, ішкі істер органдарында криминалистика мәселелерімен айналысатын ғылыми-техникалық бөлімшелер жұмыс істей бастады. 1936 жылы аталмыш ғылыми-техникалық бөлімшелер аяқтанып, онда криминалистикалық және басқа да соттық сараптамалар өндірісі жүргізілді.

Біздің республикамызда криминалистика ғылымының дамуына және осы сала үшін мамандар даярлауда Сот сараптамасының Қазақ ғылыми-зерттеу институтының, заңгерлік және Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарының алатын орны ерекше болды. Қазақстан криминалистикасын дамытуға ат салысып жүрген ғалымдар аз емес. Олардың қатарына заң ғылымының докторлары – А.Ф. Аубакиров, А.Н. Ақпанов, С.Ф. Бычкова, Л.В. Виницкий, Е.Ф. Жәкішев, С.Е. Еркінов, А.А. Исаев, Е.І. Қайыржанов, М.Ш. Қоғамов, Б.М. Нұрғалиев, Б.Х. Төлеубекова; заң ғылымының кандидаттары, М.А. Арыстанбеков, А.Б. Жақулин, И.А. Ким, С. Сұлтанов, Б.А. Салаев, К.Н. Шакиров, С.Р. Шарипов және тағы басқаларды айтуға болады.

1.2. Криминалистиканың әдістемелік негіздері

Жоғарыда айтылғандай, криминалистика жалпы теориясының негізгі элементтері болып криминалистика әдістері туралы ілім табылады.

Кез келген ғылым саласындағыдай, криминалистикадағы әдістер де шындықты танып білу тәсілі болып саналады. Жалпылық қағидасы бойынша, әдістер жүйесінде үш негізгі топқа бөлінеді:

- жалпылама әдіс – диалектикалық материализм;
- жалпы (жалпы ғылыми) әдістер;
- арнайы әдістер.

Криминалистиканың жалпылама әдісінің мазмұнын диалектикалық және формальды логика құрастырады.

Жалпы ғылыми әдістер барлық ғылымдар мен тәжірибелік қызмет саласында қолданылады. Криминалистиканың жалпы әдістерінің ерекшеліктері – оның пәні мен мақсатын құрастыратын заңдылықтармен анықталады.

Криминалистикалық зерттеулердің әдістемесі диалектикалық тұрғыдан қарастыруға негізделген. Криминалистикада диалектиканың қағидалары ерекше орын алады, яғни, материяның бейнелену (кескінделу) мүмкіндігі, құбылыстардың өзара байданыста болып, өзара себептілікпен көзге түсуі. Мысалы, қылмыстарды тергеу барысында кескінделудің әр түрлі нысандары талдануы мүмкін: ең қарапайым екі объектінің бір-бірімен қарым-қатынасы түрінде, сондай-ақ психофизиологиялық, яғни, фактілер мен жағдайлар адамдардың ойында сақталып қалады.

Материалистік диалектика заңдарының табиғат, қоғам, сана-сезімнің дамуы арқылы материя қозғалысының әрбір формасына тән және жалпылама мағынасы болғандықтан, диалектикалық әдіс жалпылама болады, яғни, таным процестерінің барлық түрлерінде қолданбалы. Диалектикалық әдіс криминалистикаға тән философиялық мәселелердің мәнін ашуға мүмкіндік береді, сондай-ақ тәжірибенің ғылыми криминалистикалық зерттеулерде және криминалистика ғылымының тұжырымдары мен нұсқауларына негізделген тергеуші мен сот қызметінде қандай орын алатындығын көрсетіп береді.

Жалпы ғылыми әдістер арасында мынадай негізгі топтарды ажыратуға болады:

- а) сезімдік (бақылау, суреттеу, салыстыру, эксперимент, модель жасау);
- ә) логикалық (талдау, синтез, индукция, дедукция, болжам, ұйқастыру);

б) математикалық (өлшеу, санау, геометриялық құрылыс, математикалық модель жасау);

в) кибернетикалық (компьютерлік модель жасау және басқалар).

Бақылау деп қандай да бір объектіні, құбылысты, процесті алдын ала және мақсатты түрде зерттеу үшін жете түсіну, қабылдауды айтады. Криминалистикалық ғылыми зерттеулерде бақылау объектілеріне жататындар: қоршаған ортаның элементтері (қылмыскер және қылмыс іздері, олардың көшірмелері, құжаттар, бөлек заттар және т. б.); адамдар, олардың сырт келбеттері, мінез-құлықтары, сезімге бой алушылық жағдайлары және т. б; адамдардың іс-қимылдары, оның ішінде қылмысты жасау тәсілін құрастыратындар; құбылыстар мен процестер (мысалы, іздің жасалу процесі).

Суретттеу, яғни, объектінің белгілері көрсетіледі. Бұл жерде барлық анықталған белгілер немесе нақты зерттеуде маңызы бар кейбіреулері жүреді. Суреттетін белгілер бақылау немесе басқа да әдістер көмегімен анықталып, алынған ақпаратты бекіту құралы болып танылады.

Салыстыру деп бір немесе бірнеше объектілердің қасиеттерін немесе белгілерін салғастыруды айтады. Салыстыру объектілері: нақтылы материалдық құрылымдар, ойша бейнелер, тұжырымдар мен жорамалдар, іс-қимыл нәтижелері және т. б.

Эксперимент деп құбылыстар немесе оқиғалардың басқа да құбылыстармен байланысын зерттеу мақсатында оларды қайта қалпына келтіруді айтады. Ғылыми эксперимент криминалистиканың барлық бөлімдерінде пайдаланылады: эксперимент қою жолымен заттық дәлелдемелерді зерттеу әдістемесі құрастырылады, тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикалық тәсілдері туындайды, бөлек қылмыс түрлерін тергеудің ең тиімді бағыттары анықталады.

Модель жасаудың мәні түпнұсқалы объектіні арнайы құрастырылған ұқсас объектімен ауыстыруда жатыр. Ол заттар құрылғылар, жүйелер, құбылыстар және процес-

тердің модельдері. Аталмыш модельдермен қажетті зерттеулер жүргізіліп, сонан соң олардың нәтижелері түпнұсқаға сайланады (экстраполяцияланады). Криминалистикада модель жасаудың көптеген түрлері қолданылады: ойша (мысалы, тергеулік болжамдар құрастыру барысында), физикалық (муляж, макет, ұқсас заттардың материалдық модельдерін дайындау барысында), математикалық (тиісті математикалық есеп жүргізу көмегімен құбылыстар мен процестердің қозғалу жағдайын модельдеу).

Өлшеу арқылы белгілі немесе белгісіз көлемдердің сандық арақатынасы анықталады. Криминалистикада өлшеу объектілері ретінде заттардың, құбылыстардың, процестердің әр түрлі физикалық мінездемесі жүреді, яғни, олардың өлшемі, салмағы, көлемі, температурасы, ара уақыты, жылдамдығы, спектрлік сипаты және т. б.

Жоғарыдағы параметрлерді анықтауды есептеу әдісі жиі пайдаланылады. Олар математикалық модель жасау барысында да қажет.

Криминалистиканың арнайы әдістері бір немесе бірнеше ғылым шеңберінде ғана қолданылады. Арнайы әдістер жүйесі мыналарды бөліп шығарады:

– *криминалистиканың өз әдістері*, ол ең басында криминалистиканың өзімен дамытылып, тек өзімен ғана қолданылатындар (мысалы, дактилоскопия, одорология, криминалистикалық идентификация, тергеуді ұйымдастыру әдістері);

– *басқа ғылымдардың арнайы әдістері*, ол өз алдына екі топқа бөлінеді: өзгертілмей қолданылатындар, мысалы, микроскопиялық және фотографиялық әдістер; криминалистикалық міндеттерді шешу мақсатында ыңғайластырылғандар, мысалы, композициялық портреттерді құрастыру әдісі, жарық бөлу әдісі.

Криминалистикада жиі қолданылатын басқа ғылымдардың арнайы әдістеріне: физикалық, химиялық, физика-химиялық, биологиялық, социологиялық, психологиялық және басқалар.

Физикалық, химиялық және физика-химиялық әдістер заттар мен материалдардың морфологиясын (яғни, сыртқы құрылым), құрамын (яғни, молекулалық, элементтік), физикалық және химиялық қасиеттерін талдаудан өткізу үшін пайланылады.

Биологиялық әдістер объектілердің биологиялық тегін (адам және жануарлар қаны, эпидермис қалдықтары, бөлінділер, шаш, өсімдік үгінділерін және т. б.) зерттеу мақсатында қолданылады.

Антропологиялық және антропометриялық әдістер сүйек қалдықтары бойынша өлген адам тұлғасын анықтауда, адамды іздеп-тауып, оны келешекте тану үшін ұсыну мақсатында нысанды түрде сырт келбетін суреттеуде пайдаланылады.

Социологиялық әдістер қылмыстың жасалуына себеп болатын жағдайларды талдау, қылмыспен күресте қолданылып жүрген тактикалық тәсілдер мен нұсқаулардың нәтижелілігі жайлы ақпараттарды жинау мақсатында құқық қорғау қызметкерлерімен сауалнама өткізуде пайдаланылады.

Психологиялық әдістер тактикалық тәсілдер мен комбинациялар дайындауда пайдаланылып жатады.

Алдын ала және соттық тергеу кезінде басқа ғылымдардың арнайы әдістерін қолдану мүмкіндіктері таным тәсілдеріне жауап беретін белгілермен анықталды. Арнайы әдістерге баға беру белгісіне жататындар: әдістің ғылыми негізділігі; оның қауіпсіздігі; заңдылығы; этикалылығы; тиімділігі.

Криминалистика әдістері туралы криминалистикалық ілімді меңгеру кезінде, ғылыми әдіс және тәжірибелік қызмет әдістері деп ажырата білу қажет. Мысалы, бір ғана әдістер ғылыми криминалистикалық зерттеулерде де және қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізгенде де қолданылады (бақылау, салыстыру, эксперимент және т. б.). Бірақ кейбір әдістер (алдымен арнайы), дәлелдеуге байланысты қызметтерде қолданыла алмайды (мысалы, полиграф қолдану арқылы жауап алу).

Ғылыми білім жүйесіндегі криминалистиканың орны

Ғылыми тұрғыда криминалистика туралы мағлұмат алу үшін, оның ғылыми білім жүйесіндегі орны туралы пікір тарату қажет, яғни, криминалистиканың мазмұны, міндеттері және қолдану саласымен себептелген, басқа ғылыми білім салаларымен байланысын көрсету.

Қылмыстық сот өндірісі саласында криминалистикалық әдіс-құралдарын қолдану шарттары мен шектеулерін анықтайтын *қылмыстық іс жүргізу құқығы* ғылымымен, криминалистика өте тығыз байланыста. Криминалистика өзінің қалыптасу кезеңінде қылмыстық іс жүргізу ғылымының шеңберінде дамып, кейін жеке ғылыми білім саласына бөлініп шықты.

Қылмыстық құқық ғылымымен байланысы – жеке криминалистикалық әдістемелердің ең алдымен қылмыстың құрамына негізделе отырып жасалатындығынан көрінеді.

Криминалистика ғылымына етене жақын деп, ішкі істер органдары жұмысын ұйымдастыру сұрақтарымен айналысатын әкімшілік құқық ғылымын атауға болады. Сонымен қатар, еңбекпен түзеу мекемелерінде жасалатын қылмыстарды тергеудегі криминалистикалық әдістемелерді жасау барысында ережелері ескерілетін, қылмыстық-атқару құқық ғылымымен де байланысы бар. Криминалистика қоғамдық (философия, логика, этика, психология), жаратылыс және техникалық ғылымдармен де байланыста болып тұрады.

1.3. Криминалистикалық идентификация және диагностика

Криминалистикалық идентификацияның ғылыми негіздері

Қылмысты тергеу барысында, кейде қандай да бір заттың, адамның, құбылыстың қылмыстық оқиғамен

байланыста болғанын анықтау қажеттілігі туындайды. Ол үшін криминалистикалық идентификация және диагностика деген криминалистиканың арнайы әдістері кеңінен қолданылады.

«Идентификация» термині латынның *identificare* – теңдестіру деген сөзінен шыққан. Объектіні идентификациялау, яғни, аталмыш объектіні өз кескіндерінің (бейнеленулерінің, олар іздер немесе бөлшектер түрінде болады) көмегімен салыстырмалы зерттеулер жүргізу арқылы, әр уақыттағы және әр күйдегі теңдігін анықтау болып табылады. Объектінің теңдігі (идентификациясы) дегеніміз, ол оның келесіде дәл осылай қайталанбайтындылығы, жеке даралығы, өзі сияқты объектілерден айырмашылығы. Кезінде осы жөнінде Фридрих Энгельс өзінің «Табиғат диалектикасы» деген еңбегінде «Басынан өзіне өзі тең болу, ол басқадан айырмашылығы бар екендігін көрсетеді. Табиғатта мүлдем бірдей зат болмайды» деген екен.

Қорытындылай келгенде, криминалистикалық идентификация дегеніміз – нақтылы бір объектінің, өзі қалдырған кескінделу немесе бөлінділерінің көмегімен анықталған теңдігі. Мұндай жағдайда, зат өзі сияқты объектілерден ерекшелігі бар ма, дәлірек айтқанда ізделіп отырған зат па деген сұрақтар шешіледі. Мысалы, оқиға болған жерден табылған қол саусақ бедерінің іздері арқылы, нақтылы осы іздерді қалдырған адамды теңдестіруге болады; қолжазбадағы (қолмен жазылған құжат, қысқа хат), қол жазуды зерттеу барысында, оны орындаған адамды анықтауға болады.

Криминалистикалық идентификация ұғымының өзінің атқаратын қызметіне қарай негізгі үш бағыты болады. Олар – мақсаты, міндеті және зерттеу нәтижесі; теңдігін анықтауға бағытталған, қимылдар жүйесі (процесс); криминалистиканың жалпы теориясына құрамды элемент болып енетін, теориялық тұжырым (концепция).

Криминалистикалық идентификацияның ғылыми негіздері материалдық дүниедегі барлық объектілерде болатын мынадай қасиеттермен анықталады:

1. Жеке даралық;
2. Салыстырмалы тұрақтылық;
2. Объектілердің қоршаған ортада кескінделу мүмкіндігі.

Объектінің жеке даралығы – тура осындай объектілердің біреуінде жоқ, қайталанбас белгілер жиынтығымен байқалады. Криминалистикалық идентификация теориясының негізінде, материалдық дүниедегі барлық объектілер қайталанбас, дара деген, диалектикалық теңдік туралы философиялық ілім жатыр. Осыдан, барлық белгілері бойынша тең келетін, екі бірдей объект болмайтынына көзіміз жетіп отыр. Өзінің тобы, түрі бойынша ұқсастығы бар деп айта аламыз, ал мүлдем толығымен тең болатын екі объект болмайды, өйткені, оларда әрқашан ерекшеліктер болады. Мысалы, егіз адамдардың өзінде де ұқсастық белгілер көп болғанмен, олардың әрқайсысының дене бітімінен, кескін-келбетінен жекелейтін ажыратпа (ерекше) белгілерді табуға болады.

Идентификация мақсатында қолданылатын объектілердің белгілерін идентификациялық белгілер деп атайды. Олар төмендегідей бөлінеді:

- жалпы (объектілердің бір тектес тобын сипаттайтын) және жеке (нақтылы объектіні топ арасынан бөліп шығарып, идентификациялауға көмектесетін);
- сыртқы (объектінің сырт құрылысын, формасын, өлшемін көрсететін) және ішкі (объектінің ішкі құрылысын көрсететін);
- сапалық (мысалы, түсі-сары, папилляр өрнек-тұзақ (петлевой) және сандық (мысалы, аяқ киім ізінің өлшемі, тапанша оқпанының каналындағы иірімдер саны (количество нарезов));
- қажетті (объект мәнін сипаттайтын, мысалы атыс қаруының калибрі) және кездейсоқ (мысалы, қолдану бақырысында пышақ үстінде пайда болған кедір-бұдырлар).

Объектіні идентификациялаудағы белгілерді қолдану шарттарына олардың елеулігі (ерекшелік, өзіндік, өзгешелік), айқындалу немесе кескінін түсіру (бірнеше рет бейнелену мүмкіндігі) және салыстырмалы тұрақтылығы жатады.

Нақтылы объектіні теңдестіруге жеткілікті идентификациялық белгілер жиынтығын идентификациялық өріс (поле) деп атайды.

Криминалистикалық идентификацияның екінші алғышарты ретінде объектілердегі салыстырмалы тұрақтылықты атауға болады. Ол қандай да бір уақыт аралығында объект өз даралығын сақтай тұру қасиетімен анықталады. Тұрақтылық мөлшерін анықтау барысында, қоршаған орта, уақыт факторы және тағы басқалардың әсер ету нәтижесінде, объекті белгілерінің өзгеру қасиетін ескерген жөн (мысалы, автокөлік доңғалағының протекторларында кесілу түріндегі, эксплуатация нәтижесіндегі қажалулар сияқты жаңа белгілердің пайда болуы). Аталмыш қасиеттер криминалистикалық идентификацияның *идентификациялық аралық* деген категориясымен байланысты. Осыдан, идентификациялық аралық деп кескіннің (іздің) пайда болу уақытынан бастап, осы кескін арқылы объектіні теңдестіру мезетіне дейінгі уақыт аралығын айтады.

Идентификацияның үшінші жағдайы болып, объектілердің қоршаған ортада кескінделу мүмкіндігі табылады және де криминалистикалық идентификацияның мәні де, нақты объектінің (тексерістегі) өзін оның кескінімен салыстырып қарауда жатыр. Мұндай іс-әрекет материяның жалпылама қасиеті – кескінделумен (отражение) негізделген. Кескіндердің пайда болуы – кескінделетін объектілердің қасиеттерін көрсететін және оқып білуге жататын заңдылықтарға бағынады. Кескінделудің екі нысанын ескерген жөн:

1) материалдық түрде бекіген (материально-фиксированный), мысалы, қол саусақ іздері, аяқ киім іздері және т.б.

2) идеалдық немесе психофизиологиялық (адам ойындағы (есіндегі) заттардың, құбылыстардың ой бейнелері).

Идентификация барысында алынатын нәтижелер:

- а) теңдіктің (тождество) болуын анықтау;
- б) теңдіктің болмауын анықтау;
- в) теңдестіру мүмкіндігі жоқ деген қорытындысы (мысалы, белгілердің идентификациялық жиынтығының жоқтығынан).

Криминалистикалық идентификацияның субъектілері мен объектілері

Криминалистикалық идентификацияның субъектілеріне қылмысты тергеп ашу барысында идентификациялық сұрақтарды шешетін тергеушілер, сарапшылар, мамандар, сот және басқа да қылмыстық процеске қатысушыларды жатқызамыз.

Криминалистикалық идентификацияның объектілеріне адамдар (жәбірленушілер, айғақтар, айыпкерлер және басқалар), материалдық заттар (аяқ киім, қылмыс құралы, көлік құралы, қару және басқалар), жануарлар, өсімдіктер және тағы басқаларды жатқызамыз.

Сонымен қатар, зерттеу объектілеріне қандай да бір заттардың бөліктерін, яғни, олардың тұтас затқа жататындығын анықтауда көмектесетіндерді айтамыз (установление целого по частям). Мұнда «тұтас» деген ұғым кең мағынада қарастырылады:

- 1) біртұтас құрылымды (монолитті) заттар, бұйымдар, материалдар;
- 2) биологиялық объектілер, мысалы, өсімдіктер;
- 3) механизмдер мен агрегаттар;
- 4) заттар комплектілері (мысалы, пышақ және оның қыны).

Идентификацияда қолданылатын объектілердің екі түрі болады: 1) идентификациялауға жататын (идентифицируемый), яғни, теңдігі анықталатын объект;

2) идентификациялауға көмектесетін (идентифицирующий), яғни, осы объектінің көмегімен теңдігі анықталады.

Дәлірек айтқанда, оқиға болған жерде саусағының іздерін қалдырған адам идентификациялауға жататын объект болады да, ал саусақ іздері идентификациялауға көмектесетін объектіге жатады; қолжазба идентификациялауға көмектесетін объекті ретінде пайдаланып, ал қол жазу (почерк) белгілері бойынша анықталатын адам идентификациялауға жататын объект болып саналады.

Идентификациялауға көмектесетін объектілердің екі түрі болады:

- пайда болу тегі белгісіз (неизвестного происхождения) заттық дәлелдемелер, мысалы, оқиға болған жерден табылған аяқ киім іздері;
- пайда болу тегі белгілі (известного происхождения), салыстырмалы зерттеулерге арналған үлгілер. Олар алу тәсіліне байланысты еркін (свободный) және эксперименталды болып бөлінеді.

Еркін үлгілер деп тергеліп жатқан қылмысқа қатыссыз жағдайда пайда болып, идентификациялауға көмектесетін объектілер түрінде қолданылатындарды атайды (мысалы, күдіктінің хаттарындағы, қызмет құжаттарындағы қол жазу үлгілері).

Эксперименталды үлгілер деп тергеу барысында пайда болған идентификациялық сұрақтарды шешу үшін арнайы алынатын идентификациялауға көмектесетін объектілерді атаймыз (мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 256-бабының, 2-тармағында көрсетілгендей, күдіктіден қол саусақ бедерінің көшірмесі, яғни, эксперименталды үлгісі алынады).

Объектілердің идентификациялық зерттеуінің кезеңдері:

- а) алдын ала зерттеу дегеніміз – салыстырмалы материал сапасының жеткіліктілігі туралы сұрақты шешу;
- б) нақты зерттеу дегеніміз – зерттеуге берілген объектілерде идентификациялық белгілерді табу;
- в) салыстырмалы зерттеу, ол дегеніміз, идентификациялауға жататын (идентифицируемый) және иденти-

фикациялауға көмектесетін (идентифицирующий) объектілер белгілерін салыстыру;

г) нәтижелерге баға беру және қорытынды жасау.

Криминалистикалық идентификация түрлері

Криминалистикалық идентификация түрлеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

1) материалды түрде бекіген кескінделулер бойынша (по материально-фиксированным отображениям). Мысалы, қол іздері бойынша адамды теңдестіру, атылған гильза мен оқтағы іздер бойынша атыс қаруын теңдестіру;

2) біртұтасты бөліктері бойынша (целого по частям). Мысалы, қол жазбаның жыртылған бөліктері бұрын біртұтас болған ба деген сұрақты шешу;

3) ойында, есінде қалған бейне бойынша (по мысленному образу). Мысалы, тану үшін ұсыну тергеу әрекеті кезінде жәбірленушінің күдіктіні тануы;

4) белгілерді суреттеу бойынша (по описанию признаков). Мысалы, адамның сырт келбеті суреттелген іздеу бойынша қылмыскерді теңдестіру.

Криминалистикалық идентификация нысандары:

– процессуалдық (идентификациялық соттық сараптама жүргізу мен тергеу әрекеттері кезіндегі идентификация);

– процессуалды емес (идентификациялық сұрақтарды алдын ала зерттеу, объектілерді криминалистік тіркеуден тексеру, жедел іздестіру шаралары, әкімшілік қызметі кездерінде шешу).

Криминалистикадағы белгілі бір топқа жататындығын анықтау

Нақтылы жеке даралығын анықтаумен қатар топтық идентификация немесе белгілі бір топқа жататындығын анықтауға бағытталған зерттеулер де кеңінен

қолданылады (установление групповой принадлежности)¹. Зерттеудегі объектіде идентификациялық белгілер жиынтығы болмаған жағдайларда, біртоп тас объектілерге сай жалпы белгілерді қарастырумен негізделген, оның белгілі бір топқа жататындығын анықтауға болады. Мұндай жағдайда, жіктемелік (классификациялық) деген зерттеудің жеке бір түрі туралы айтылған. Кейбір жағдайларда зерттеудегі объектінің белгілі бір топқа жататындығын анықтаудың жеке криминалистикалық мағынасы болады (мысалы, пышақты суық қару тобына жатқызу сұрағын шешу). Біртектес объектілер санаты үшін жинақы түсінік ретінде «топ» деген термин жүреді, сол себепті зерттеуді белгілі бір топқа жататындығын анықтау деп атаймыз. Сондай-ақ белгілі бір топқа жататындығын анықтау, әрбір идентификациялық зерттеудің алғашқы кезеңі болып саналады немесе өз алдына бөлек міндетті шешу түрінде де байқалады. Салыстырудағы объектілердің жалпы белгілері дәл келгеннен кейін (бұл біртектес топқа жататындығына көз жеткізеді), идентификациялау мақсатында оның жеке белгілерін зерттеуге кіріседі.

Кейде теңдестіру объектінің нақтылы жеке даралығын айқындауға ғана қатысты деген көзқараспен, белгілі бір топқа жататындығын анықтауды жасанды түрде криминалистикалық идентификация теориясынан бөлектейді. Шын мәнінде белгілі бір топқа жататындығын анықтау криминалистикалық идентификацияның қажетті бөлігі болып табылады.

Объектінің нақтылы бір топқа жататындығын анықтау осы объектінің белгілерін зерттеу негізінде және топтас басқа объектілердің белгілерімен салыстыру арқылы жүргізіледі. Осылайша, ұңғыдан өту нәтижесінде пайда болған оқтағы өзгерістер, яғни, қалыбы, өлшемі, конструкциясы және іздері арқылы қандай қару моделінен атыс жүргізілгендігін аңғаруға болады. Осы жерде қару

¹ «Групповая принадлежность» терминін Г. М. Минковский және Н. П. Яблоков ұсынған.

табылып және оқиға болған жерден алынса, зерттеудің келесі кезеңі ретінде нақты қаруды теңдестіру, яғни, идентификациялау жүреді. Алайда, қару болмаса, ал объектінің жеке даралығын анықтайтын оқ үстінде белгілер болған жағдайда да, теңдестіру тек белгілі бір топқа жататындығын анықтаумен ғана аяқталады.

Іздерде объектіні жеке даралайтын белгілер кескінделмеген жағдайда да белгілі бір топқа жататындығын анықтаумен шектелуге тура келеді. Осылайша, көлік құралдарының іздері бойынша автомобиль моделін (яғни, ол көліктің тобы) анықтауға болады, алайда ізде осы көлікті теңдестіретіндей белгілердің болмауы, көліктің өзі табылған жағдайда да, оны идентификациялауға мүмкіндік бермейді.

Сонымен, *белгілі бір топқа жататындығын анықтау* деп объектінің нақты топқа, түрге, яғни, біртектес объектілер тобына жататындығын анықтауды айтамыз (мысалы, ұрлық болған жерде табылған бұзу құралынан қалған із бойынша құрал түрін анықтау).

Белгілі бір топқа жатқыза отырып жіктеудің бір түріне шығу тегінің біртектес екендігін анықтауды жатқызуға болады. Мұндай зерттеу нәтижесінде бір немесе бірнеше объектілердің бір топқа жататындығы анықталады. Аталмыш объектілер қатарына қаламсаптағы және мәтін штрихтарындағы сия жатады; мәйіттен алынған бытыра және күдікті патрондардағы бытыра және т. б. Бұл жерде салыстыру негізінен объектілердің ішкі қасиеттерін көрсететін белгілер арқылы жүргізіледі.

Басқа жағдайларда шығу тегінің біртектестігі сыртқы белгілерді салыстыру негізінде анықталады. Мысалы, өндіріс механизмдерінің жасалу процесін көрсететін іздер бойынша нақтылы кезеңде белгілі тауарлар жиынымен бірге шыққандығын анықтау болады. Мұндай зерттеулер көбіне көптеп шығаратын өнімдерге қатысты жүргізіледі.

Сонымен түйіндей келе, белгілі бір топқа жататындығын анықтауға әр түрлі себептерге сәйкес идентификация мүмкін болмаған жағдайларда жүгінеді, осыларды тағы да атап өтейік.

Бірінші оқиға. Теңдестіруге жататын объектіде бейнеленген белгілер жиынтығы тепе-теңдік туралы мәселені шешуге жеткіліксіз. Мысалы, аяқ киім ізінде тек табанның өлшемі мен қалыбы кескінделген. Бұл белгілер әдетте, аяқ киімнің түрі мен мөлшері туралы мағлұмат бере алады.

Екінші оқиға. Теңдігін шығаруға тиісті объект біршама өзгеріске ұшырады. Белгілердің жаңа жиынтығы идентификациялауға көмектесетін объектіде кескінделген белгілермен сәйкес келмейді. Мысалы, оқ атылған оқиға болған жерден алынған тапанша, көп уақыт дымқыл жерде жатып қалып, оның ұңғысы даттанып кеткен. Әрине, оқтағы іздер кескінделген белгілер өзгеріске ұшырап, кейбіреулері мүлдем жоғалған. Тепе-теңдігін табу туралы мәселе ашық қалады. Сарапшының қарудың түрі немесе моделі жайлы қорытындымен шектелуіне тура келеді.

Үшінші оқиға. Іздердің пайда болу механизмінің ерекшелігі соншалықты, нақты объектіні жекелейтін белгілер көбіне кескінделмей қалады. Мұндай іздерге мысалы, егеумен жасалған аралау іздерін жатқызуға болады. Құрал-сайманды идентификациялауға бұл іздер көмек бермейді. Кейде олар бойынша егеудің түрін және түсірген ізін, яғни, осындай құрал-саймандар тобын анықтау мүмкіндігі пайда болады.

Төртінші оқиға. Теңдестіруге көмектесетін объект (мысалы, із) бар, алайда теңдігін табу қажет объект белгісіз (анықталмаған). Мұндай жағдай тергеудің бастапқы кезеңіне қатысты, әдетте, оқиға болған жерді қарау процесінде осы жерде табылып жатқан іздер белгілі бір топқа жататындығын анықтау үшін қолданылады. Бұл тергеу оқиғасына қатысты объектілердің іздеп-табылуын жеңілдетіп, жылдамдатады.

Қарағанды облысының шаруа қожалығының бірінде белгісіз қылмыскерлер түнде дүкен иесіне қатысты қарақшылық әрекет жасайды. Оқиға болған жерді қарау барысында қылмыскерлер қолданған автокөлік дөңгелегінің іздері табылады. Қарауға қатысқан маман-криминалист іздерді алдын ала зерттеуден өткізіп, олар «ВАЗ-2121» автокөлігімен қалдырылған

деген өз ойын білдірді. Жол полициясы басқармасының тіркеуіне сәйкес мұндай көлік түрі аудан өкімшілігінде бар екен. Жедел іздестіру қызметкерлері тез арада жүргізушіні анықтап, ол өзінің сыбайластарының сырт келбет белгілерін атайды. Қылмыскерлердің барлығы сол күні ұсталады.

Бесінші оқиға. Бірқатар объектілер өзінің кеңістікте тұрақты құрылымы болмағандықтан, мүлдем идентификациялауға келмейді. Әңгіме бұл жерде сұйық, ұнтақты, сусымалы және осы тәріздес нәрселер туралы болмақ. Аталмыш объектілерді зерттеу нәтижесінде олардың тек белгілі бір топқа жататындығы ғана анықталуы мүмкін. Мұндай зерттеулер осы объектілер арасындағы байланысты аңғаруға немесе олардың бір шығу тегін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Криминалистикалық диагностика, оның қылмысты тергеудегі, ашудағы мағынасы

Диагноздың алғашқы түсінігін медицинамен байланыстыруға болады, яғни, ауруды ажырату әдісі ретінде. Ғылым мен техниканың даму деңгейіне, білім және әдістердің бірігуіне қарай, олардың бір білім саласынан екіншісіне өтуіне байланысты техникалық, ботаникалық, зоологиялық, психологиялық және тағы да басқа диагностика түсініктері дамып, іске аса бастады. Мысалы, психологиялық диагностика сот-психологиялық сараптамада кеңінен пайдаланылады және адамның психологиялық жағдайы мен қасиеттерін ажырату әдістерін қамтыған: жеке басындағы ерекшеліктердің диагностикасы, балалар мен жеткіншектердің тұлға болып дамуының диагностикасы, олардың сана-сезімі мен ойлау қабілетін, ақыл қабілетіндегі мешеулік және т. б. диагностикасы. Техникалық диагностика сот-автотехникалық сараптамада кеңінен қолданылады. Осының бәрі аталмыш терминнің бұрынғы медициналық мағынасының біртіндеп жойылғандығын көрсетеді.

«Криминалистикалық диагностика» және «сараптамалық криминалистикалық диагностика» түсінік-

терінің қолданысқа енуіне өз алдына бөлек криминалистикада бағыты бар және идентификациялық емес мәселелерді шешудегі танымдық қызметтің теориялық аспектілері алғы шарт болды.

Криминалистикалық диагностиканың ғылыми негіздерін құру үшін бөлек объектілердің қасиеті мен тұрқын сипаттайтын көптеген әдеттегі оқиғалармен қатар, толық қылмыс оқиғаларын талдаудан өткізіп, жүйелендіруге тура келді. Осының арқасында анықталған заңдылықтар нақты әдістемелердің негізіне енді. Мысалы, қолжазба әдеттен тыс дене күйінде орындалды ма, міне осыны айқындау үшін жалпы жазу процесіне, оның ішінде қолтаңбаның дамуына дене қалпының ықпал жасау заңдылықтарын білген жөн; бекіту құралдары дұрыс жұмыс істей ме, осындай сұраққа жауап қайтару үшін, осы бекіту құралының жалпы сипаттамасын және мүмкін болатын сындырып-қирату түрін ажырата білу керек; сондай-ақ атыс жүргізу ретін анықтау үшін ұңғыдағы күйіктің пайда болуын, атыс өнімдері сипатын және олардың өзгеріске ұшырау қарқыны туралы мәліметтерден хабардар болған дұрыс.

Диагноз қою әдісінің мұндай теориялық базисі материалдық процестің қайталанушылық сияқты заңдылығынан туындайды, яғни, ол соңында дәлелдемелердің пайда болу, өмір сүру және жойылу ситуациялық сипаты туралы қорытындыға әкеледі. Оқиғаның, іс-қимылдардың қайталанушылығы ұқсас процестер үшін ортақ мәліметтерді айқындауға жол беретін тұрақты бейнеленулермен, сондай-ақ болуы мүмкін ауытқулар мен олардың себептері туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді. Осылайша, криминалист-трасолог пайда болу механизміне қарай іздердің жіктеме-сіне сүйене отырып, оқиға болған жердегі іздердің пайда болу жағдайларын анықтауға бағытталған диагностикалық міндеттерді шешеді: алдымен әрбір ізді жеке-жеке, сосын біртектес іздерді, одан кейін әртектес іздерді, міне осылардың жиынтығын талдау негізінде жалпы жағдайға диагноз қоюға кіріседі.

Криминалистикалық диагностика процесінің құрылымын жалпы алғанда былайша байқауға болады: мақсатын анықтау, объектілерді алдын ала зерттеу, диагностикалық белгілерді талдау, ұқсастығына қарай салыстыру, алынған нәтижелерді дәлдеп түзету және баға беру, қорытынды құрастыру. Келтірілген үлгіде бәрімізге мәлім криминалистикалық идентификациялық процесс байқалып отыр. Бұл жерде ешбір кереғарлық жоқ. Бұрын айтып кеткендей, идентификация мен диагностиканың жалпы мәселелері көп. Алайда екі процесс сатыларының сәйкес келуі, олардың тәуелсіз, дербес болуына кедергі болмайды. Бұл жерде басқаға назар аударған жөн: салыстырмалы зерттеу әдісі екеуінде де қолданылады (идентификацияда – жеке дара объектіні анықтау үшін; диагностикада – оқиғаның нақты ситуациялық жағдайының бар екендігін айқындау үшін).

Идентификация кезінде объектінің белгілері ізде кескінделген белгілермен салыстырылады, олар сәйкес келгенде жеке дара, бірегей объектінің теңдігі туралы айтуға болады. Диагностиканың мақсаты – нақтылықты анықтау, бірақ та ситуацияның бірегей жағдайларын анықтау міндетті емес. Бұл жерде салыстыру әдісі заңдылықтарға сәйкес әдеттегі қайталанушы оқиға ситуациясын бейнеленулер бойынша қарастырылатын ситуациямен салыстыру үшін қолданылады. Қай диагностика болмасын, медициналық, техникалық немесе криминалистикалық, оның түптамыры ұқсастық бойынша салыстыру болып табылады.

Әдеттегі ситуациядан мүмкін болатын ауытқулардың әр қилы болуы бір мағыналы қорытынды беруді қиындатады. Диагностикалық сипаттағы қорытындының нақтылығы зерттеудегі ситуация туралы ақпараттың сипаты мен мөлшеріне байланысты болады, ал сараптама кезінде – жоғарыда айтылғанмен қатар сарапшыға қойылған сұрақтардың нақтылығы деңгейіне байланысты болады.

Ұқсастыру әдісімен қатар диагностикалық процесте модельдеу, сараптау, экстраполяция (мүжіят өңдеу)

әдістері де кеңінен қолданылады. Криминалистикалық идентификация теориясында объектілерді идентификациялауға жататын және идентификациялауға көмектесетін (ізделіп отырған және тексеріске жататын) деп жіктеу орын алады. Мұндай жіктеме диагностикада да бар. Бұл жерде объектілер диагностикалауға жататындар және диагностикалауға көмектесетіндер деп бөлінеді. Диагностикалауға жататындар қатарына объектінің жағдайы, қасиеті, оқиға механизмі жатады. Диагностикалауға көмектесетіндер – жоғарыда аталған жағдайды, қасиетті, механизмді материалдық түрде бейнелейтін белгілер. Заттық ортада бейнеленген және оқиға қозғалысын анықтайтын ситуациялық жағдайлар ізделіп отырғандарға жатады, ал тергеушінің, соттың, сарапшының болжамдары, процеске қатысушылардың (жәбірленуші, күдікті, айыпталушы) түсініктемелері тексеріске жататындар қатарына енеді.

Осылайша, криминалистикалық диагностика деп тергеудегі оқиға жағдайын, құбылыс немесе фактілер мәнін, зерттеудегі объектінің жағдайы мен қасиетін білікті адаммен анықтауды айтамыз. Жалпы «диагностика» термині гректің *diagnostikos* – тани білетін деген ұғымды білдіреді. Жоғарыдағыға мысал ретінде, оқиға болған жердегі аяқ киім ізі бойынша адамның шамамен бойын, жүру бағыты мен жылдамдығын, жүк тасымалданғанын және тағы басқа жағдайларды анықтауға болады.

Криминалистикалық диагностика *объектілері*:

- ізделіп отырған (диагностируемые), ол дегеніміз, қылмыс механизмі, объект қасиеті, жағдай, ситуация;
- тексеріске жататын (диагностирующие), ол дегеніміз, материалды түрде бейнеленетін және қылмыс механизмін, объект қасиетін, жағдайын сипаттайтын белгілер.

Криминалистикалық диагностика *субъектілеріне* қылмыстың алдын алуда және соттық зерттеу барысында диагностикалық сұрақтарды шеше алатын адамдар, яғни, тергеуші, сарапшы, маман, сот және басқалар жатады.

Криминалистикалық диагностика *нысандары*:

– процессуалдық (процессуалдық әрекеттер жүргізу кезіндегі);

– процессуалдық емес (криминалистік болжам құрастыру, сараптамалық әдістемелер жасау кезіндегі).

Криминалистикалық диагностика *міндеттері*:

а) объекті қасиеті мен жағдайын анықтау, оның берілген сипатына дәл келуі (дәл келмеуі);

ә) құбылыс фактісінің мәнін анықтау, объект алғашқы күйінің өзгерістері;

б) оқиға жағдайын, механизмін және фактілер арасындағы байланысты анықтау.

Криминалистикалық диагностиканың *ғылыми негіздері*:

а) оқиғаны, оның кескінделулері арқылы оқи білу мүмкіндігі;

ә) криминалистикалық мағынасы бар ақпараттың пайда болу заңдылықтары;

б) қылмыс механизмінің (адам, зат қасиеттерінің) кескінделу модельдері туралы криминалистика ғылымының мағлұматтары;

в) криминалистикалық диагностика жасау әдістемесі.

Диагностикалық зерттеу кезеңдері:

а) міндетті құрастыру (мысалы, қол саусақ, аяқ киім, сындыру құралының іздері арқылы қылмыскердің әрекеттерін қалпына келтіру);

ә) іздерде кескінделген объектілердің белгілерін оқи білу;

б) белгілерді зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, процесс немесе басқа объект типтік моделін құрастыру;

в) типтік модельді табылған белгілермен салыстыру арқылы объект белгілерін, қасиетін, процесс механизмін, құбылысты анықтау.

Тергеуші қызметіндегі диагностика

Криминалистикалық диагностика элементтері елеулі түрде тергеулік болжамдарды құрып-тексеру барысын-

да байқалып жатады. И. М. Лузгиннің анықтауы бойынша, болжам қылмыс оқиғасына, оның бөлек элементтеріне қатысты дәлелді жорамал болып табылады¹. Тергеулік болжам құрылымында диагностикалық гипотезадағы элементтер байқалады және болжамдарды құрып-тексеру диагностика кезіндегі гипотеза кезеңдерінен өтеді.

Болжамдарды құру кезінде нақтылы қылмыс сипатын бейнелейтін «белгі» тәрізді түсінікті пайдаланған жөн. Криминалистикалық әдебиетте мұндай белгілердің жіктемесі әр түрлі негіздерге сәйкес келтірілген.

• *Мазмұны бойынша:* қылмысқа дайындық, оны жасау және жасыру белгілері; қылмыстық нәтижелерді пайдалану белгілері.

• *Байқалу орны бойынша:* қылмыс орнында немесе оқиға болған жерде (егер де олар сәйкес келмесе); басқа да жерлерде; мемлекеттік, қоғамдық, коммерциялық және басқа да құрылымдардың құжаттарында; қылмыскерлердің тұрмысында және жеке басының өмірінде, олардың қарым-қатынастарында; басқа да қылмыстар немесе оқиғалар туралы мәліметтерде орын алғандар.

• *Қылмыс оқиғасымен байланысы бойынша:* болуы мүмкін қылмысқа тікелей көрсететін, ол туралы жанама түрде дұрыстайды, жасағансу белгілері және басқа да қылмысты жасыру тәсілдері.

• *Дәлелдеу затымен байланысы бойынша:* тікелей және жанама дәлелдемелер ретінде бағаланатындар (оның ішінде мінез-құлық айғақтары да).

• *Қоршаған ортадағы қылмыс механизмінің бейнелену процесіне қатысты:* заңдылыққа сәйкес және кездейсоқ, жалпы және нақты, өзара байланыстағы және оңашаланған, өзгеше және өзгеше емес, шынайы және шамамен шынайы.

Логика заңына сәйкес болжам құру үшін гипотеза құрып-тексеру мақсатында белгілердің кешені қолданылып, олардың арасында ерекше бағаланатындарға

¹ Лузгин И. М. *Методологические проблемы расследования.* – М., 1973. 133-с.

заңға сыйымды, өзара байланыстағы және өзгешеленген белгілер жатады.

Әдетте болжамдарды құру оқиға болған жерден байқалатын қылмыс белгілерінен басталады. Сонан соң тергеуші бұл белгілерді индукция заңдарына сәйкес, диагностикада ерекше рөл атқаратын әр түрлі әдеттегі (типтік) ситуация белгілерімен салыстырады. Ең жақын деген әдеттегі ситуацияны анықтаған соң, тергеуші кері процесті, яғни, дедукция әрекетін іске асыруға көшеді: жалпыдан жекеге қарай – нақты қылмыстық оқиғаға.

Тергеуші жұмысындағы криминалистикалық диагностиканың маңызды элементі ретінде себепті байланысты анықтау жүреді. Себептілікті анықтау диагностиканың мақсаты ретінде де бола алады және осы процестің бір бөлігі, яғни, оқиғаны танып-білудегі аралық кезеңімен де танылады.

Тергеушінің іздер бойынша қылмыс оқиғасын анықтауы (ситуацияны диагностикалау) себептілік теориясының мынадай ережелеріне негізделген:

- себепті байланыстың уақытта немесе кеңістікте болуы, оның айырылмастай сипаты тергеушіге себептік-тергеулік қатынастағы оқиғалар тізбегі түрінде байқалуы;

- себепті байланыстың себептен нәтижеге бағыттылығы, бәріне мәлім осы екі фактінің (себеп және одан туындаған салдар, нәтиже) арасындағы байланысты анықтау мүмкіндігі және керісінше, орын алған себеп қандай салдар туғызды, осыны айқындау;

- себепті-тергеулік байланыстың қайтымсыздығы, яғни, бұрын қылмыс жасалған кезде орын алған себепті-тергеу байланыстарын анықтауға қатысты кешенді сұрақтарды талдау мүмкіндігі.

Оқиға болған жерде тергеуші іздерді таба отырып, олардың пайда болу себебін айқындайды (болжамды құру бастамасы). Бөлек іздерді тауып, олардың пайда болу себебін түсіндірген тергеуші алдымен біртектес, сонан соң әртектес іздер тобын (олардың пайда болу себебі мен өзара байланысын) зерттеуге көшеді. Жалпы жағдайдың бел-

гілерін зерттеуден өткізу негізінде тергеуші қылмыстық оқиға туралы жорамал түріндегі нақты болжам (гипотеза) шығарады. Мұндай жорамалды дәлелдеуде криминалистикалық диагностика кезінде анықталған себептік-тергеулік байланыс ерекше рөл атқарады.

Зерттеудегі материалдық жағдай бойынша қылмыс механизмін диагностикалау осы жағдайдың элементтерін және олардың арасындағы байланысты зерттеуге негізделіп, нәтижесінде оқиға толығымен көз алдына келтіруге бағытталу керек.

Себепті байланысты диагностикалық тұрғыдан анықтау тергеушімен тергеу экспериментін жүргізу кезінде де іске асырылады, онда нақтылы жағдайларда бірқатар іс-қимылдарды жасай алу мүмкіндігі айқындалады. Диагностикалық болжам тәрізді эксперимент өтіп кеткен тәжірибеге жүгінеді. Ол шешім қабылдаумен қатар, осы тергеу әрекетін жүргізу тактикасын таңдау үшін де қолданылады. Эксперимент тергеулік болжамды тексеруге мүмкіндік береді, оған дәлдеп түзетулер енгізіп, негізсіз деп қабылдамауы да ықтимал.

Криминалистикалық диагностика айқындамасынан қарастыра отырып оның төмендегідей ерекшеліктерін байқауға болады:

– қандай да бір оқиға (факті) туралы жорамалды тексеру;

– тексерісті қажет ететін болжамдарды құру;

– еске түсіру мақсатымен тексерістегі оқиғаның ерекше белгілерін талдау;

– жекеліктен, бөлек тәжірибелік іс-қимылдардан жалпыға қарай жылжу (қайта қалпына келтіру индукциясы).

Криминалистикалық диагностика элементтері тінту, беттестіру және т. б. тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде де айқын байқалады. Тінтіліп жатқанның мінез-құлқына, жауап алынып отырғанның үстінен, оның осыған орай әрекеттеріне тергеушінің бақылау орнатуы диагноз қою схемасы бойынша іске асырылуы керек: белгілерді талдау, гипотеза құру, оны тексеру.

II ТАРАУ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТЕХНИКА

2.1. Криминалистикалық техниканың жалпы негіздері

«Криминалистикалық техника» сөз тізбегі әдебиеттерде және тәжірибеде екі мағынада қолданылады. Біріншіден, криминалистика ғылымының бір бөлігінің аты ретінде, екіншіден қылмысты тергеген кезде қолданылатын арнайы техникалық құралдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы ретінде қолданылады¹.

Криминалистикалық техника деп – ғылыми ережелер жүйесін және соған негізделе отырып, қылмыстың алдын алып, тергеп және әшкерелеу мақсатында дәлелдемелерді жинау, зерттеу, пайдалану үшін қолданылатын, техникалық құралдар мен әдістерді көрсететін криминалистиканың тарауын айтамыз.

Криминалистикалық техника жүйесіне мынадай жалпы ілімдер мен салалар енеді:

- соттық фотография, киноға түсіру және бейнежазба жазу.
- іздер туралы криминалистикалық ілім (соттық ізтану).
- қару мен одан қалған іздерді криминалистикалық зерттеуі.
- құжаттардың криминалистикалық зерттеуі.

¹ *Криминалистикалық техника жалпы негіздері сұрақтарын дамыту саласындағы жұмыстар: Салтевский М.В. Собрание криминалистической информации техническими средствами на предварительном следствии. – К., 1980; Грамович Г.И. Основы криминалистической техники. – Минск, 1981; Селиванов Н.А. Криминалистика: система понятий. – М., 1982; Гончаренко В.И. Научно-технические средства в следственной практике. – К., 1984.*

• габитоскопия (габитус-адамның сыртқы түрі; скопия-қарау).

• материалдар мен заттардың криминалистикалық зерттеуі.

• криминалистикалық тіркеу.

Қазіргі заманның талабына сай, криминалистикалық техниканың жеке саласы ретінде криминалистикалық одорология (иісті іздер туралы криминалистикалық ілім) және криминалистикалық фоноскопия (үн таспара, фонограммаға жазылып алынған адам дауысын криминалистикалық тұрғыдан зерттеу) қолданылады.

Криминалистиканың тарауы ретінде, криминалистикалық техника тиісті техникалық құралдарды және техника-криминалистикалық әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Кейінгісі техникалық құралдармен жұмыс жасау ережесі мен қимылдау жүйесімен бірге, аталмыш техникалық құралдарды қылмыс тергегенде қолдану кезіндегі криминалистикалық мәселелерді шешу тәсілдерін көрсетеді.

Шығу тегі және қылмыстық сот өндірісіне икемделу дәрежесі бойынша техника-криминалистикалық құралдар мен әдістер мынаған бөлінеді:

• басқа ғылым салаларынан алынып, өзгертілмей қолданылатын құралдар (мысалы, фотоаппараттар, аудио-видеоаппаратура, микроскоптар, металл іздейтін құралдар);

• басқа ғылым салаларынан алынып, қылмыспен күрес мақсатына сай өзгертілген құралдар (мысалы, фотоға түсірудің арнайы тәсілдері немесе фотоқұрылғылар, ультракүлгін және инфрақызыл сәулелерде объектілерді зерттеу әдістемелері);

• қылмысты тергеу және әшкерелеу мақсаты үшін арнайы жасалған құралдар (мысалы, салыстырмалы микроскоптар, оқ және гильза үстінгі қабаттарының фотожазбасын (фоторазвертка) алатын құрылғы, сарапшының компьютерленген жұмыс орындары).

Міндеті бойынша бөлінетін техника-криминалистикалық құралдар мен әдістер:


- объектілерді табу, жинау, алу, бекіту әдістері мен құралдары (лупа, дактилоскопиялық ұнтақтар, көшірме жасауға арналған пасталар, арнайы чемодандар және т.б.);

- заттық дәлелдемелерді зерттеу әдістері мен құралдары (лабораториялық бағыты бар құрылғылар және т.б.);

- криминалистикалық тіркеу шеңберінде криминалистік маңызы бар ақпараттарды өңдеу, жинау және жүйелеу әдістері мен құралдары.

Оқиға болған жердегі заттық дәлелдемелерді бекітуге арналған техникалық-криминалистикалық құрал-жабдықтар

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әлі де болса қолданысындағы «Зенит» кәсіби фотоаппаратының жалпы және негізгі тетіктерінің көрінісі



Қазіргі заман талабына сай кәсіби
сандық фотокамералар



«Canon PowerShot PRO1»



«Canon EOS 10D»

«Canon XM2» бейнежазба құралы



«SONY» бейнежазба құралдары



Криминалистикалық техниканы қолдана алатын *субъектілерге* тергеушілер, анықтаушылар, мамандар, сарапшылар, жедел іздестіру қызметкерлері, сот және тағы басқалар жатады.

Техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістерді *қолдану нысандары:*

– процессуалдық (тергеулік әрекеттер мен соттық сараптама жүргізу кезінде);

– процессуалдық емес (жедел іздестіру шараларын жүргізу, криминалистикалық және оперативтік анықтама тіркеулерден объектілерді тексеру, алдын ала зерттеу, білікті мамандардан кеңес алу шаралары).

Техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістердің қолдануын *процессуалды түрде толтыру* – тиісті хаттамада суреттеу немесе маманның, сарапшының қорытындысы, сонымен қатар осы құжаттарға қандай да бір криминалистикалық техникаларды қолдану нәтижелерін қосу түрінде көрсетіледі.

Техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолданудың *құқықтық негізі* деп нақтылы техникалық іс-әрекеттердің заң талабына сай болуын айтамыз. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 129-бабында тергеу барысында ғылыми-техникалық құралдарды қандай жағдайларда қолдануға болатындығы атап өтілген.

Техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістерді қолдануға болады деген критерийлерге – заңдылық, қауіпсіздікті қамтамасыз етушілік, ғылыми дәлелділік жатады.

Ғылыми-техникалық құралдар мен әдістерді қолданудағы заңдылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етушілік дегеніміз, азаматтардың құқықтық мүдделерін бұзбай, өмірлері мен денсаулықтарына қатер төнгізбей, қылмыстық-процессуалдық заңға қайшы келмеу болып табылады. Ал техникалық құралдар мен әдістердің ғылыми дәлелділігі – алынған нәтижелердің дұрыстығын көрсетеді. Мұндайға қол жеткізу, әрбір ғылыми-техникалық құралдар алдын ала апробацияланып (қан-

дай да бір ғылым саласы немесе тәжірибеде), сонан соң барып қылмыстық сот өндірісінде пайдалану арқылы орындалады.

Тергеу әрекеттерінде қолданылатын техникалық-криминалистік құралдар

Тергеу әрекеттерін жүргізгенде техникалық-криминалистік құралдар қолданылады. Дәлелдемелерді жинауда, әр қилы техникалық құралдар қолданылатын негізгі тергеу әрекеті болып – оқиға болған жерді қарау табылады.

Міндеттеріне қарай, оқиға болған жерді тергеулік қарауда қолданылатын техникалық құралдар екі түрге бөлінеді.

1. Оқиға болған жерден іздерді және олардың белгілері мен қасиеттерін табу мақсатымен қолданылатын техникалық құралдар.

2. Оқиға болған жердегі іздерді зерттеу, алу және олардың нәтижелерін бекіту үшін қолданылатын техникалық құралдар.

Біріншіге шартты түрде мыналарды жатқызуға болады:

1. Оқиға болған жерлерді зерттеу барысындағы нашар көрінетін жағдайларда жарық беру құралдарын қолдану. Оларға үй шаруашылығында қолданылатын жарық беру аспаптарымен қатар, арнайы икемделген құралдар да қолданылады (автокөлік фаралары, фотокинолампалар, прожекторлар және т. б.).

2. Оқиға болған жерлерден әр түрлі заттарды табу мақсатымен іздеу құралдарын қолдану. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

а) механикалық іздеу құралдары, қуыс құлақтар (металдан жасалған үшкір стерженьдар), ілмегі бар жіптер және тағы басқа бұрғылау станоктары;

ә) ферромагниттік (қара) металдан жасалған заттарды табу үшін қолданылатын магниттік іздеу құралдары. Олар «Альконика», «Магнико» маркалы арнайы қорытындылар жасалады. Көтеру күштері 12 мен 50 кг аралығында;

б) қара және түсті металдарды табу үшін электромагниттік іздеу құралдары қолданылады. Кейде оларды индукциялық металіздегіш деп атайды. Оларға: «УЮЮЗ-1», «ИМП-М» сияқты өскери минаіздегіштер, сүңгуір минаіздегіштер, «МИП», «Кристалл», «Блесна-1» тәрізді криминалистикалық мақсатқа бағытталған металіздегіштерді жатқызуға болады. Кейінгі екеуімен қара болсын, түсті болсын металдарды іздеуге болады;

в) мейіттерді іздеуге арналған құралдар. Мысалы, «Поиск-1» типті құралдар бүлініп бара жатқан мейіттерді іздеуге өте қолайлы.

3. Спектрдің көрінбейтін бөлігіндегі сәулелерді қолдануға негізделген аспаптар. Оларға: рентгендік (РУ-560, 7Л-2) және гаммаграфикалық аппараттар, электронды оптикалық өзгерткіштер (С-70 және С-270), оқиға болған жердегі құжаттардың өзгерістерін (өшірілген, қосып жазған, түзеткен) анықтайтын, ультракүлгін жарық түсіргіштер жатады. Кейінгілер қан, сперма, сілекей іздерін табуда да қолданылады.

4. Жарық сүзгілер (светофильтрлер) – өзінен өтетін сәуле энергиясының шамасы мен спектрлік құрамын өзгертіп отыратын оптикалық тетік. Құжаттарды техникалық зерттеуде қолданылып, фотоға түсірілетін объектілердің дұрыс жарық көрсету үшін арналған. Көбінесе, оқиға болған жерлерде сары және қызғылт сары жарық сүзгілері қолданылады.

5. Оптикалық үлкейткіш аспаптар. Оқиға болған жерлерде қолданылатын қарапайым оптикалық үлкейткіш аспаптарға лупалар жатады. Табылған іздердің ұсақ белгілерін ажырату мақсатымен осы лупалар қолданылады.

6. Іздерді табудағы химиялық және физикалық құралдар. Бұған қол саусақтарының, жалаң аяқтың көрінбейтін немесе нашар көрінетін іздерін табу үшін арналған әртүрлі реактивтер мен ұнтақтар жатады (нингидрин қосындысы, мырыш тотығы, мыс тотығы, магниттік ұнтақтар, кристалды йод және т. б.). Қан

іздерін оқиға болған жерден табу үшін сутек асқын тотығы, бензидин, люминол сияқты реактивтер қолданылады.

Екінші түріне жататындар:

1. Өлшегіш құралдар: мм-лік және визирлеу өлшеуіштер, рулетка, штангенциркуль, микрометр, транспортир сызу құралдары және басқалар.

2. Із көшірмесін алу материалдары. Алдымен термопластикалық және сұйық заттар қатарына жататын көшірме материалдар. Біріншісіне: пластилин, парафин, воск (балауыз), стенс, тез балқығыш металдарды жатқызуға болады. Екіншісіне: гипс, сизласт, латекс, вальцмасса, К және У-1 пасталары жатады. Сонымен қатар іздерді алу мақсатында дактилоскопиялық пленка, жабысқақ ленталар қолданылады.

3. Фото-, кино-, бейнеаппаратура өзінің қосалқы бөлшектерімен (ауыстырма объективтері, жарқырама лампалары, үлкейтпе шығыршықтары (удлинительные кольца), штатив және басқалар).

4. Оқиға болған жердегі тергеу оқиғасын зерттеу барысындағы кейбір процестерді өлшеуге арналған құралдар. Бұл категорияға көбінесе өрт орындарын зерттеуде қолданылатын аппаратуралар жатады (газ талдауаторлары, температура өлшеуіштері, ток өлшейтін құрылдар).

5. Алу және буып-түю құралдары: ағаш және металл кесетін қайшылар, пышақ, қашау, шыны кесетін аспап, сургуч, пластилин, жіп, қайшы, жабысқақ лента, тығындары бар пробирка мен полиэтилен қапшықтар және тағы басқалар. Заттық дәлелдемелерді тұтас өзін алу нәтижесінде қылмыстық оқиға жайлы толық мағлұмат алынып, оларды зерттеуге қолайлы жағдайлар туады. Іздердің көшірмесін алу өте қиын әрекет болғандықтан, оларды бейнеленіп қалған заттарымен қоса алған дұрыс.

Техникалық құралдарды ыңғайлы сақтап, тасып жүру мақсатымен, оларды чемодан, сөмке, саквояж, портфель сияқты заттарға салып жүреді. Олардың

ішінде, оқиға болған жерде қолданылатын техникалық құралдардың ең қажеттілері болады.

Техникалық құралдардың санын көбейтсе, тергеу чемодандарының салмағының өсуіне әкеп соқтырады. Көзге көріну мүмкіндігі нашар оқиға болған жерлерде арнайы жарық түсіру аппаратураларын қолдану үшін, сонымен қатар техникалық құралдарды шамамен көбірек алу мақсатында, жоғарыда аталғандармен жабдықталған автокөлік жасап шығаруға итермеледі. Қазіргі кезде ішкі істер органдарында «ГАЗель» автокөлік базасында, техникалық құралдармен жабдықталған жылжымалы криминалистикалық лабораториялар бар.

Сонымен тәжірибеде оқиға болған жерде зерттеу жүргізуде қолданылатын техникалық құралдар түрлерінің жетілуі байқалып отыр: қажетті техникалық құралдармен жабдықталған тергеу чемоданы және арнайы техникамен жабдықталған жылжымалы криминалистикалық лаборатория алдын ала зерттеу сапасын әлдеқайда жоғарлатады.

Қорытындылай келе, қылмыс іздерін жинап-бекітіп алудағы техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістерді тағы бір атап өтсек. Дәлелдемелерді жинау процесі оларды табу, бекіту және алу кезеңдерін қамтиды. Іздерді табуда қолданылатын әдістер мен құралдар:

- жарық беру құралдары. Оларға үй тұрмысында қолданылатын жарық беру аспаптарымен қатар, арнайы икемделген құралдар да қолданылады (автокөлік фаралары, фото-кинолампалар, прожекторлар және т. б.);

- көз диапазонын кеңейтетін оптикалық аспаптар (өлшеуіш, металографиялық лупалар; салыстырмалы, стереоскопиялық, дүрбілі микроскоптар және т. б.);

- көрінбейтін объектілерді табуға арналған іздеуіш аспаптар мен құралдар (металл іздегіштер, щуптар, газды талдауаторлар, өзімен бірге алып жүретін лазерлі қондырғылар және т. б.);

- химиялық реагентті заттар (азотты қышқыл, күмістің сулы қоспасы, ацетондағы нингидрин қоспа-

сы, сутек асқын тотығы (перекись водорода), люминол, фосфотест және т. б.);

- фотографиялық құралдар («Зенит» тәріздес фотоаппараттар, олардың жабдықтары – жарық сүзгіштер (светофильтры), үлкейткіш шығыршықтар, штативтер, ауыспалы объективтер және басқалар);

- өлшеуіш құралдар (сызғыш, рулетка, штангенциркуль, транспортир);

- көшірмелер жасауға арналған материалдар (дактилоскопиялық ұнтақтар мен пленкалар, пластилин, парафин, гипс, «К» силикон пастасы және басқалар).

Жоғарыда аталған бекіту құралдары қосымша (факультативті) болып, тергеу әрекеттерінде іздер мен іздің жасалуын, ізді қабылдаған беткей мен басқа да жағдайларды ескере отырып қолданылады. Табылған іздерді тергеу әрекеттерінің хаттамасында суреттеу – бекітудің негізгі және қажеттісі (процессуалдық) болып табылады.

Іздерді алудағы техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістер. Криминалистикалық ережелерге сай, іздер сол із қалған объектілермен бірге немесе олардың бөліктерімен алыну қажет (мысалы, саусақ ізі қалған стакан). Егер, қандай да бір себептермен (сервант үстіндегі саусақ ізі, жердегі аяқ киім ізі және т. б.) ондай әрекет мүмкін болмаса, іздерден көшірме жасау қажет (мысалы, сындыру құралынан қалған көлемді (объемный) ізден силикон пастасы арқылы; үстіртін (поверхностный) саусақ ізінен дактилоскопиялық пленкаға көшіру арқылы алынады).

Тергеу тәжірибеде дәлелдемелерді табуға, бекітуге және алуға арналған ғылыми-техникалық құралдар жиынтығы кеңінен қолданылады. Олар, әмбебап (универсальный) типті (тергеу чемодандары, оперативті портфельдер) және арнайы (саусақ іздерімен, микрообъектілермен және т. б. жұмыс жасауға арналған). Оқиға болған жердегі іздермен жұмыс жасауда жылжымалы криминалистік лабораторияның мүмкіндігі өте зор. Оның ішінде іздерді тек жинап қана қоймай, сонымен бірге алдын ала зерттеулер жүргізу мүмкіндіктері бар.

Заттық дәлелдемелердің лабораториялық зерттеуінде қолданылатын техникалық-криминалистикалық әдістер мен құралдар

Алдымен жалпы заттық дәлелдемелерді алдын ала, сараптың немесе мамандандырылған зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілдер шеңберін қарастырайық. Мұндай зерттеулерде қолданылатындарға өлшеу, суретті үлкейту, көрінбейтін спектр шеңберінде зерттеу, фотографиялық, физика-химиялық зерттеулер, эксперименталды тәсілдер жатады.

Өлшеу деп зерттеудегі объектілердің сандық (количественный) сипаттамасын (мысалы, температура, салмақ, бұрыштық өлшем) әр түрлі өлшеуіш аспаптар көмегімен қарастыруды айтамыз.

Суретті үлкейту (микроскопия) лупа және микроскоптар сияқты оптикалық құралдар көмегімен жасалады (мысалы, МСК-1, МСК-2 салыстырмалы микроскоптар, стереоскопиялық, металографиялық, биологиялық микроскоптар).

Көрінбейтін спектр шеңберіндегі объектілерді және басқа да іздерді зерттеу үшін ультракүлгін, инфрақызыл, рентген сәулелері қолданылатын арнайы аспаптар пайдаланылады.

Физика-химиялық әдістер арасында зерттеудегі объектілердің химиялық құрамын анықтау, оны белгілі бір топқа жатқызу немесе идентификациялау мақсатында тәжірибеде кеңінен қолданылатындарға спектралды талдау (эмиссиялық және абсорбционды), хроматография (газды, сұйық) және басқалар жатады.

Фотографиялық әдістер объектілерден көрінбейтін немесе әлсіз көрінетін, сонымен қатар кішкене түстік айырмашылықтарды табуға бағытталған. Ол үшін микрофотоға түсіру, контрастық фотоға түсіру, көрінбейтін спектр шеңберіндегі сәулелерде (ультракүлгін, инфрақызыл, рентген) фотоға түсіру қолданылады.

Идентификациялық соттық сараптамалар жүргізгенде, салыстырмалы зерттеулер үшін эксперименталды үлгілер алу мақсатында көбінесе **эксперименталды әдістерді** қол-

данған жөн (мысалы, зерттеудегі атыс қаруынан эксперименталды атылған оқ пен гильза; трасограф көмегімен сындыру құралының эксперименталды іздерін алу).

Заттық дәлелдемелерді криминалистикалық зерттеу кезінде қолданылатын техникалық құралдарға, алдымен тек лабораториялық жағдайда қолданылатын аппаратураны айтуға болады. Бұларға:

– МИС-10, МС-51 сияқты салыстырмалы микроскоптар, электронды микроскоптар;

– инфрақызыл, ультракүлгін, рентген сәулелерімен объектілерді зерттеуде қолданылатын стационарлы аппаратуралар, фотоаппаратуралар;

– заттық дәлелдемелерді спектрлік талдаумен (эмиссиондық, абсорбциондық) зерттеуде қолданылатын аппаратура;

– газ, қағаз жүқа қабатты хроматография әдістерімен объектілерді зерттеуге арналған құралдар, компьютерлік техника және т. б.

Бұлармен бірге заттық дәлелдемелерді зерттеу барысында, іздерді табу, бекіту және алу мақсатымен ықшамды техникалық құралдар да қолданылады. Мысалы, оларға қол лупаларын, іздерді табуға арналған реактивтер мен жаққыштарды және т. б. жатқызуға болады.

Қазіргі криминалистикалық техника көбінесе, тиісті әдістің негізінде жатқан құбылыс табиғатына қарай жүйеленеді.

1) морфоталдау, яғни, физикалық денелердің ішкі және сыртқы құрылымдарын макро-, микро-, ультра-микро деңгейлерде зерттеу;

2) заттар мен материалдар құрамын талдау (элементтік, молекулярлық, фракциондық);

3) зат құрылысын талдау;

4) заттың жеке қасиеттерін талдау, соның ішінде физикалық (электр өткізгіштігі, түсі, магнит өткізгіштігі) және химиялық.

Сараптама тәжірибесінде микроскопиялық әдістер ерекше орын алып, әдетте физика-химиялық зерттеу-

лермен басталады. Көрінетін сәулелерді бейберекет өзінен өткізетін мөлдір объектілерді қарауда жанама жарық микроскопиясы қолданылады. Ал мөлдір емес, мысалы, металл және балқыма, минералдар, текстиль талшықтары сияқты объектілер шағылысқан жарықта қаралады (әсіресе, кристалл заттарын, кейбір өсімдік және жануар тіндерін, химиялық және табиғи талшықтарды зерттегенде). Бұл әдіс көптеген материалдардың дәлдігін қамтамасыз етіп, олардың құрылыстық айырмашылығын көрсетеді.

Атқан адамның қолында қалып қойған оқ-дәрі қалдығын зерттеуде электронды микрондпен бірге РЭМ (растрлы электронды микроскоп) пайдаланылады. Жабысқақ лентаға алынған атыс микроіздері РЭМ-де талданып, сосын заттың элементтік құрамын анықтау үшін, рентген микро талдағышта зерттеледі. Олардың ішінен қорғасын, сурьма, барий, күкірт құрамдарының табылуы күдіктінің атыс қаруымен атқандығын айқындайды.

Материалдар мен заттардың криминалистік сараптамасында әр түрлі физика-химиялық әдістер қолданылады. Оған атом спектроскопиясы, рентген және нейрон-активационды талдаулар жатады. Оларды бүтінді бөлшектері арқылы айқындауда, сонымен бірге объектілердің жалпы шығу тегін табуда пайдаланады. Автокөлік бояуын, талшықтар мен тіндерді идентификациялауда, топырақты объектілерді зерттеуде, суық қару және жарылғыш заттардың сынығы мен жарқыншақтары арқылы теңдестіруде элементтік талдау қолданылады. Табиғи текті есірткінің элементтік құрамы оның өскен жері мен дайындау тәсіліне назар аудартады, ал синтетикалық есірткінің жасалу технологиясын анықтауға болады. Элементтік талдау зергерлік тастар мен металдардың шығу жерлерін дәлелдеп, қымбат тастарды шын және жасанды түрлеріне ажыратып береді.

Молекулярлық спектроскопия дәрі-дәрмек, есірткі және улану заттарын, азық-түлік өнімдерін, химиялық

талшықтар, пластмасса, жанар-жағар май, лак және бояу қабаттарын, резецке нәрселерін сараптағанда пайдаланылады. Инфрақызыл спектроскопия химиялық қосындыларды идентификациялауда қолданылады. Ол мұнай өнімдері, жағар май, талшықтар, полимер, пластмасса, қалам пасталары және басқа да заттар жайлы бағалы ақпарат береді. Спектрлі люминесценті талдау жанар-жағар май, топырақтағы полициалдік және хош иісті көмірсутектерді, улы заттарды және басқаларды зерттеуде пайдаланылады. Температурасы төмен спектрлі люминесценті талдау жердің көмірсутек құрамы бойынша топырақтың өндіріспен ластанғандығын ажыратады.

Дыбыс жазу материалдарының криминалистік зерттеуі сараптаманың жаңа түрінде кибернетикалық әдіс пен тәсілдер қолданылады. Олар: ұнтаспа мен дауыс қайнар-көзін дәлелдеу, түсініксіз сөз және дауыс сигналдарын шифрдан жай сөзге айналдыру, фонограммадағы өзгерістерді (қайта жазылған, монтаж, лентаның тозуы, өшірілуі және т. б.) анықтау үшін пайдаланылады. Фонограммаға жазылған дауыс ортасының криминалистік талдауы дауыс сигналдарын тану мен дәлдеуді қамтамасыз етіп, қайнар-көздерінің санын және түрін анықтап, идентификациялайды. Мұндайда күрделі техникалық құралдар, яғни, ЭВМ-ге қосылған акустикалық спектрталдауаторлар және синтезаторлар қолданылады.

Кибернетикалық әдістер өздерінің әмбебаптылығымен көптеген сараптамалар жүргізгенде (жол тәртібін бұзу, ұрлық және т. б.) кеңінен қолданумен бірге, қылмыскерлер мен ұрланған заттарды іздестірудегі криминалистік тіркеу міндеттерін шешу процесінде пайдаланылады. Қазіргі уақытта жоғарыдағы шараларды жүзеге асыру үшін компьютер мүмкіндіктері қолданылады. Электрондық санау машинкаларын кеңінен қолдану көптеген мәселердің жылдам шешілуін және алуан кибернетикалық жүйенің құрастыруын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, қарастырылып отырған ғылыми-техникалық құралдар тобына фоторобот, ИКР-2 (идентификационный комплект рисунков), Айденти-кит және басқа да жәбірленушінің немесе куәнің сөздерінен белгісіз қылмыскерді бет келбеті арқылы іздестіру мақсатында қолданылатын құрылғылар жатады. Қазіргі кезде бұлардың барлығы әр түрлі бағдарламалар арқылы компьютерленген. Бұл топқа ұрланған заттар мен қылмыскерлер бет келбеті суреттелген фотокөріністерді алу және көбейту құралдары да жатады.

Криминалистік техниканың өркендеу болашағы мен тенденциясы

Криминалистік техника әдістері мен құралдарының жетіліп, әрі қарай өркендеуі – ғылыми-техникалық прогрестің тікелей ықпалына байланысты. Кейінгі жылдары криминалистік техниканың өркендеуінің төрт перспективті бағыты қарастырылады.

Бірінші бағыт оқиға болған жерде, яғни, дала жағдайларында пайда болған материалдық дәлелдемелермен жұмыс істеу үшін қолданылатын техникалық құралдарды жетілдіру және жаңасын құрастыру.

Екінші бағыт қайнар көзі адам болып келетін вербалды ақпаратты бекіту техникалық құралдарын жетілдіру болып табылады.

Үшінші бағыт қылмысты ашу және тергеу кезінде қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау, жүйелеу, іздеу және беру процесін автоматтандыру.

Төртінші бағыт – сот сараптамасын жүргізгенде заттық дәлелдемелерді зерттеуді автоматизациялау. Бұл алдымен зерттеудегі объектілер туралы қосымша ақпарат ала алатын жаңа аналитикалық аппаратурамен жабдықтауға қатысты. Электромагниттік, иістік, дыбыстық іздер және микрообъектілермен жұмыс жасауға арналған бекіту және ажырату құралдарын ойлап табу да жатады. Генотипоскопия саласында кеңінен зерттеулер жүргізіліп жатыр.

2.2. Криминалистикалық фотография, қылмысты тергеу мен ашудағы бейнежазу

Криминалистикалық фотография дегеніміз – криминалистикалық техниканың саласы бола тұра, ғылыми ережелер жүйесін қамтыған және осы ережелерге негізделген қылмысты әшкерелеу мақсатындағы дәлелдемелерді бекітіп зерттеудегі фотографиялық құралдар, приемдар және әдістер. Криминалистикалық фотография бекітіп алу және ғылыми зерттеу әдістерінің жиынтығы ретінде бола тұра, тергеу әрекеттерін жүргізгенде кеңінен пайдаланылады. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 84-бабы (маман); 222-бабының 11 бөлігі (тексеру жүргізудің жалпы ережелері); 224-бабы (адам мәйітін тексеру); 232-бабы (тінту мен алуды жүргізу тәртібі); 238-бабы (айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау); 239-бабы (тергеу эксперименті) сияқты баптарында айтылған.

Фотографияның дамып өркендеуі француз ғалымдары Ж.Ньепс, Л.Ж.Дагер, ағылшын Г.Толбот, орыс ғалымдары Ю.Ф.Фрицше, И.В.Болдырев, С.А.Юрковский, С.Л.Левицкий аттарымен байланысты. XIX ғасырдың орта шенінде Франция және Белгияда қылмысты тергеу кезінде алғаш рет фотографияны қолданудың алғашқы қадамдары жасалған еді. Француз криминалисі Альфонс Бертильон сигналетикалық фотосурет (адам сырт келбетін түсіру) және оқиға болған жердегі әр түрлі объектілерді фотоға түсіру ережелерін жасап шығарды.

Ресейде алғаш рет дәлелдемелерді зерттеуде фотографиялық әдістерді қолдануды Е.Ф.Буринский ұсынды. Қылмысты ашып тергеуде фотографиялық әдіс-құралдарын қолдану тәжірибесі 1926 жылы криминалист С.М.Потаповтың еңбегінде жазылды.

Осы күнгі сот фотографиясының бірқатар аспектілерін көптеген авторлар зерттеген. Мысалы, тергеу тәжірибесіндегі киноға түсіруге, ал кейін бейнетаспаға жазудың кеңінен пайдалануына қатысты криминалис-

тикалық әдебиеттер қатары А.Н. Трофимов, Ю.С. Гапонов, И.Д. Найдис, Н.Н. Лысов және тағы басқалардың жұмыстарымен толықтырылды. Алайда, дәлелдеу процесінде фотографиялық бейнелерді пайдаланудың әдістемелік, гносеологиялық және құқықтық аспектілеріне қатысты кейбір мәселелерін қарастыруда жаңа жетістіктер ескерілмеген. Осыған орай ғылыми-техникалық жетістіктерді ескере отырып, соттық дәлелдеуде фотографиялық әдістерді қолданудың мағынасы, функциялары және қағидаларына қатысты мәселелерді тілге тиек ету мүмкіндігі пайда болды.

Қазіргі кезде құқық қорғау органдары жасағына сандық фотография біртіндеп енгізіліп жатса да, жалпы фотография бастамасы, яғни, қара-ақ түсті фотографиялық бейнелерді алуды еске түсіруді жөн көрдік. Аталмыш процесс бірнеше сатылардан тұрады: оптикалық және жасырын бейнелерді қалыптастыру, оны айқындау және бекіту (яғни, негатив алу), позитивтік бейне алу. Бұл жерде әр түрлі оптикалық жүйелер, аппаратура, жарыққа сезімтал материалдар, химиялық реактивтер, әрбір процесі жүргізу тәртібі мен әдістері, сондай-ақ бейне алудың басқа да шарттары қолданылуы мүмкін. Оларды таңдау әрине белгілі бір тұлғамен анықталады. Сондықтан да алынуға тиіс бейнелердің сапасы мен сипатына объективтік факторлармен (техникалық құралдар мен нақтылы шарттар) қатар, субъективтік факторлардың да (кәсіби біліктілік, алдына қойылған мақсатқа түсінушілікпен қарау және т. б.) өз әсерін тигізуі сөзсіз. Қандай да болсын міндеттерді шешу барысында кәсіби деңгейі мен білім-біліктілігі жоғары маман нақтылы жағдайларды ескере отырып, ғылыми-техникалық прогрестің жаңа жетістіктеріне сай пайда болған техникалық құралдарды ұтымды қолдана білсе, біздің ойымызша мұндай іс-қимылдардың нәтижесі болады.

Таным процесінің негізінде біліп-түсінуге жататын объектілердің сапалық және сандық нақтылықтарын сипаттайтын ақпараттарды зерттеу орын алған. Мұндай ақпараттар көпшілікке қолды, көзге ұрарлықтай және

«беткейдің үстінде» орналасуы немесе алдына ала тауып және мағынасын ашуды қажет ететін «жасырын» түрде болуы мүмкін. Алайда жоғарыда айтылғандарды заңда көрсетілген әдіс-құралдар көмегімен бекітіп алмаса, олардың процессуалдық тегі болмайды. Осындай заңды тәсілдердің бірі – фотоға түсіру болып саналады. Осыған орай, заң ғылымының докторы Е. Ф. Жәкішевтің айтуынша, қарау кезінде арнайы сот фотографиясының әдістерін қолдану арқылы «... түйінді және бөлшекті әдістермен жеке объектілер, іздер, айғақ заттар түсіріледі»¹. Ал егер де тергеу әрекеттерін жүргізу барысында бүгінгі күн талабына сай жаңа әдіс-құралдар пайдаланылса, онда оның берер нәтижесі әлдеқайда жоғары болатыны сөзсіз.

Грек сөзінен тікелей аударғанда «фотография» жарық көмегімен жазу дегенді білдіреді. Ал біз фотография сөзін арнайы жарыққа сезімтал материалдарға жарықтың әсер етіп, келешекте ол материалдарды химиялық өңдеуден өткізу нәтижесінде бейне алу тәсілдерінің жиынтығы ретінде түсінеміз.


Объектілерді фотография арқылы бекіту екі процесті қамтыған: физикалық және химиялық. Біріншісін іске асыруда объектив көмегімен фотоға түсіретін объектінің нақты бейнесінің шын мәніндегі оптикалық кескіні жасалынады және ол екіншісін, химиялық процесті іске асыру барысында жарыққа сезімтал қабат үстінде бекиді.

Фотографиялық процесс сызбасы

Ішіне жарыққа сезімтал пленка салынған фотографиялық аппарат фотоға түсірілетін объектіге бағытталады. Айқындылық табылған соң объектив нақты бір уақытқа ашылады. Объектив арқылы пленкаға жарық түсіру нәтижесінде оның үстінде көрінбейтін, яғни, жасырын бейне пайда болады. Мұндай процесс *фотоға түсіру* деп аталады.

¹ Жәкішев Е. Ф. *Криминалистік тактика: Оқу құралы*. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 29-бет.

Айналы фотоаппараттағы фокустау сызбасы



Жасырын бейне орналасқан фотографиялық пленканы айқындауышта (проявитель) өңдейді, суда шайып, бекітеді, толық жуып-шайып, кептіру нәтижесінде бейне көрінетінге айналады. Жарыққа сезімтал материалға әсер еткен жарық күші неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым жарыққа сезімтал қабат жылдам қарайды, сондықтан фотоленкада ақшыл заттар қара, ал қара заттар ақ болып кескінделеді. Нәтижесінде біз фотоға түсіруші объектінің негативтік бейнесін аламыз. Бұл – *негативтік процесс*.

Негативтен фотографиялық бейне алу, яғни, көшірме немесе позитив алу позитивтік процесс деп аталады. Көшірме алу үшін жарыққа сезімтал қағазға негатив арқылы жарық жіберіледі, оның нәтижесінде қағаз үстінде жасырын фотографиялық бейне пайда бола бастайды. Ол көзге көрінетін болу үшін, фотоқағазды айқындауышта өңдейді, суда шаяды, фиксажда бекітеді, толық жуып-шайып, кептіреді. Осының нәтижесінде фотоқағаздың үстінде негативте қарама-қарсы бейне пайда болады (қара – ақ болады, керісінше, ақ – қара болады), яғни, фотоға түсіруші объектінің суреті.

Фотографиялық аппаратура

Фотоға түсіру кезінде қолданылатындар:

- фотоаппарат және оған қосалқы заттар (штативтер, жарықсүзгіштер, ауыстырмалы объективтер, жарқ етпе лампалар, экспонометрлер және т. б.);
- жарыққа сезімтал материалдар мен өңдеу үшін қолданылатын химиялық құралдар.

Фотоаппарат – ол, жарыққа сезімтал материал үстінде жасырын бейне алу үшін қолданылатын негізгі техникалық құрал.

Қолданыстағы фотоаппараттарды шартты түрде екі топқа ажыратуға болады: жалпы мақсаттағы (әуесқойлық және кәсіби); арнайы (аэро, рентгендік және т. б.).

Фотоаппарат – әр түрлі тетіктер мен механизмдерден тұратын жоғары дәлдікпен жұмыс жасайтын оптикалық-механикалық аспап болып саналады. Негізгі тетіктері мен механизмдері:

- 1) түсіруге тиісті объектінің айқын болуын қамтамасыз ететін фотографиялық объектив;
- 2) бөтен жарықтан фотоматериалды қорғайтын жарық жібермейтін камера;
- 3) ысырма (затвор) – фотоға түсіру барысында объектив арқылы өтетін жарықтың мөлшерін реттейтін механизм;
- 4) бейнелеуіш (видоискатель) – кадр шекарасын ажырататын тетік;
- 5) пленка жылжытатын құрылғы;

6) айқындағыш механизмі;

7) кассета.

Көптеген фотоаппараттар қосымша жабдықтармен көзге түседі (автотүсіруші, синхроконтракт, жарқ етпе лампаның өзі немесе оны орнататын ойма, экспонометр және т. б.).

Фотографиялық объектив – оптикалық бейне алуға арналған. Ол жиектелген линзалар жүйесінен және диафрагмадан тұрады.

Объектив жиегі **линзаларды** бүліністен қорғап, көбіне жылжымалы болып келеді, яғни, түсіруге тиісті объектінің айқын болуын қамтамасыз ететін арақашықтық шкаласымен жабдықталады.

Объектив линзалары арнайы оптикалық шынылардан дайындалады (үштен он төрт линзаға дейін болады). Қазіргі кезде жарқын линзалар қолданылады.


Диафрагма – объектив линзасы арқылы өтетін жарықтың бір шоғын шектейтін құрылымы. Аталмыш құрылымы объективтің тесігін жиек үстінде орналасқан шығыршық арқылы кішірейтіп немесе үлкейтіп отырады.

Объективтің негізгі техникалық сипаттамасы, оның іс жүзінде пайдалану қасиеттері болып табылады:

1. Басты фокустық арақашықтық.
2. Салыстырмалы саңылау (относительное отверстие).
3. Жарық күші.
4. Бейненің бұрышы және алаңы.
5. Ажырату күші.
6. Айқындылықтың қақ ортасы (глубина резкости).

Басты фокустық арақашықтық – объективтің оптикалық ортасы мен басты фокус арасындағы арақашықтық. Бұл тұрақты өлшем жиектің үстінде орналасқан. Басты фокустық арақашықтықтан (F) бейне масштабы байланысты болады. Неғұрлым $*F*$ үлкен болса, соғұрлым бейне масштабы үлкен болады.

Жарық күші – бейненің жарқындылығын азайтып немесе күшейтетін объективтің қабілеті. Объективтің шын мәніндегі тесігінің диаметрі үлкен болып, фокустық арақашықтық қысқа болған кезде бейне жарқын болады.



Бейненің бұрышы және алаңы – объектив диафрагмасы арқылы өтетін екі сәулемен және кадрдың қарама-қарсы шеттерімен шектеледі. Олар: орташа ($15-60^\circ$), кең бұрышты (60°), тар бұрышты (15°) болып бөлінеді.

Ажырату күші – объективтің бейнеленген объектінің ұсақ детальдарын айқындау қабілеті.

Айқындылықтың қақ ортасы – объективтің одан әр түрлі арақашықтықта тұрған заттардың шын мәніндегі айқын бейнесін көрсету қабілеті:

- неғұрлым фокустық арақашықтық аз болған сайын, соғұрлым айқындылықтың қақ ортасы көп болады;

- объективтің (диафрагма) шын мәніндегі тесігі кішкентай болған сайын, соғұрлым айқындылықтың қақ ортасы үлкен болады;

- түсіруге тиісті объектілер объективтен алшақ болған сайын, соғұрлым айқындылықтың қақ ортасы үлкен болады.

Жарыққа сезімталдық деп жарыққа сезімтал қабаттың нақтылы дәрежеде жарықпен әсерлесу қабілетін айтады. Түске сезімталдық деп фотоматериалдардың спектр алқабындағы әр түрлі сәулелерге сезімталдығын айтады. Осы параметрлерге сәйкес оларды сенсibiliзденбеген (күміс галогендерінің күнделікті сезімталдығы) және сенсibiliзденген деп ажыратуға болады.

Біріншісі, көгілдір, көк, күлгін және ультракүлгін зоналарға сезімтал болып келеді. Фотоэмульсияға сенсibilизатор енгізілген кезде эмульсия қабатының түске сезімталдығы кеңейіп-артады. Оларға:

- √ ортохромдық;
- √ изоортохромдық;
- √ панхромдық;
- √ изопанхромдықтар жатады.

Фотографиялық процесс сатылары

1. Фотоаппаратура, объектив, фотоматериал таңдау;
2. Кассета зарядтау;
3. Жарықты таңдау (тікелей және жан-жақтан түскен жарықтарды үйлестіру, экран, жарқ етпе лампа);
4. Ұстанымды (выдержканы) айқындау (экспонометр, калькулятор, кесте);
5. Айқындылықтың қақ ортасын анықтау (диафрагма, түсіру нүктесі);
6. Фотоға түсіру.

Фотографиялық әдістер мен приемдар деп фотобейне алу үшін пайдаланылатын фотографиялық құралдарды қолдану талаптары мен ережелер жүйесін айтамыз.


Криминалистикалық фотографияның маңыздылығы – қылмысты тергеуде қажеті бар әр түрлі объектілерді, олардың белгілері мен қасиеттерін бекітіп алу құралы болуында жатыр. Сонымен қатар, фотографиялық зерттеу әдістерін қолдану, соттық сараптама мүмкіндіктерін елеулі кеңейтеді. Криминалистикалық *фотографияны қолдану субъектілері* бойынша сот-тергеулік, сараптамалық, маман-криминалистік және жедел іздестірушілік болып бөлінеді.

Фотоға түсірудің негізгі әдістері және тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі фотоға түсіру

Панорамалық фотография – көлемі бойынша бір кадрға сыймайтын объектілер көрінісін кезекпе-кезек


түсіріп, кейін бір-бірімен байланысты кадрларды қосып, біртұтас сурет панорама болып табылады. Панорамалық фотография «Зенит» типтес фотоаппараттарды қолдану арқылы да жасалады. Панорамалық суретке түсірудің айналма (круговой) және сызықтық (линейный) деп аталатын екі тәсілі бар.

Айналма панорама бір нүктеден фотоаппаратты айналдыра отырып суретке түсіру. Мұндай суретке түсіру көбінесе ашық жердегі және бөлмедегі көп планды объектілерді түсіргенде қолданылады.



Бір нүктеде айнала отырып фотоға түсіру

Сызықтық панорама фотографияға түсіретін объектінің алдыңғы планына фотоаппаратты параллель жылжытып отырып жасалынады (мысалы, ұзын аула). Сызықтық панорама артқа шегінетін жер болмаған жағдай мен фотоаппаратқа жақын орналасқан объектілерді түсіру кезінде қолданылады (мысалы, ұзыннан-ұзақ созылған гараждар қатарын түсіру).




Бір сызық бойымен фотоға түсіру

Стереофотография – үш өлшемді, көлемді фотобейнелерді алу әдісін айтамыз. Осы суреттер арқылы объектілердің орналасуын, формасын, өлшемін және араларындағы қашықтығын анықтауға болады. Мұндай фотосурет әдісі бейберекет көп заттарды, қажет болса оқиға болған жерді жылдам түсіріп алу үшін қолданылады. Стереофотография жасау үшін, стерео қондырғысы бар кәдімгі фотоаппарат немесе арнайы фотоаппарат қолданылуы мүмкін.

Өлшем фотографиясы (фотограмметрия) фотосуреттегі объектілердің кеңістіктік сипаттамасын анықтайтын фотобейнелерді алуға бағытталады. Соттық фотографиядағы өлшемдік әдісті XVIII ғасырдың аяғында француз криминалисі Альфонс Бертильон ойлап тапқан. Мұндай суретке түсіру масштабтық сызғыш көмегімен жасалады.

Репродукциялық фотография – чертеж, мәтіндер сияқты жалпақ объектілердің фотокөшірмелерін алуға арналған.

Макрофотография – микроскопсыз объектінің тура өзіндей немесе аздап үлкейтілген суретін алу әдісін айтамыз. Мұндай әдіске үлкейткіш сақинасы (шығыршығы) бар шынылы «Зенит» және арнайы «МРКА», «Уларус» типтес қондырғылар мен басқа да заманымызға сай құрылғыларды қолдану арқылы қол жеткізіледі.



Жоғарыдағы фотосуреттер үлкейткіш сақина көмегімен түсірілген (саусақ ізінің, сындыру құралының жұмыстық жері мен одан қалған көлемді іздің, сондай-ақ оқ пен гильза түбінің суреттері).

Криминалистикалық фотографияда суретке түсіру объектілері ретінде жедел іздестірушілік шаралар, тергеулік әрекеттер немесе сараптамалық зерттеулер жүргізу барысында бекіту қажеттілігі туындайтын әрбір материалдық денелер мен олардың жиынтықтары жүреді. Оларға: оқиға болған жердің жағдайы мен бөлек детальдары, заттық дәлелдемелер ретінде жүретін заттар мен объектілер, қылмыс іздері, жеке тұлғалар және басқалар жатады.

Тергеу іс-әрекеттерін жүргізу кезіндегі фотоға түсіру, дәлірек айтқанда оқиға болған жерді түсіру, объектілер мен қоршаған ортадағы жағдайды толық бекітіп алуға мүмкіндік береді. Фотоға түсірілетін объектілер жайлы көрнекі ақпараттық ой қалыптасу мақсатында тергеуші онда бейнеленген объектілерді әр түрлі дәрежеде қарастыру қажеттілігін ескере отырып, бірнеше суреттер жасау керек. Сондықтан да фотоға түсіру әр түрлі нүктелер мен арақашықтықтан жүргізіледі. Осы мақсатпен оқиға болған жерде фотографияның бағдарлап (ориентирующий), шолушылық (обзорный), тораптап және егжей-тегжейлік деп аталатын тәсілдер қолданылады.

Бағдарлап фотоға түсіру оқиға болған жерді қоршаған нысандар мен жағдайларды толық қамтып түсіріп алу мақсатымен жасалынады. Осылайша, оқиға болған жерді бағдарлап түсіру суретінде қарауға жататын жер немесе құрылыс, оны қоршаған объектілер, келіп-кету жолдары және сол жердің кедір-бұдырлы бедері анық көріну керек.

Суретке түсіру тергеушінің таңдауына қарай, оқиға болған жерден жеткілікті арақашықта әр түрлі нүктелерден жүргізіледі. Мысалы, қырат немесе кішкене ғимарат үстінен түсірілген фотосуреттердің сапасы жақсы болуы тиіс. Оқиға болған жердің аумағы өте үлкен болып келсе (мәселен, әуе апаты), бағдарлап түсіруде тікұшақ қолданылуы мүмкін.

Шолу арқылы фотоға түсіру деп нақты оқиға болған жерді қоршаған жағдайсыз түсіруді айтамыз. Осылай-

ша, шолушылық суретте тергеуші қарауындағы үй немесе заттар орналасқан мекен, бөлме, сондай-ақ жол-көлік оқиғасының нақты бір жері және т.б. орналасуы мүмкін.

Мұндай фотосуреттер бағдарлап түсіруге қарағанда жақын жерден түсіріледі. Суретте криминалистикалық маңызы бар объектілер анық көріну керек, ол үшін әр түрлі нүктелерден (оң жағынан, сол жағынан), ал кейде қарама-қарсы нүктелерден іске асырылады. Шолушылық тәсілінің мақсаты – түсірілетін объекті туралы (оқиға болған жер, тінту, тергеу эксперименті жайлы) неғұрлым толық ой қалыптасу болғандықтан, фотосуреттер бір-бірін толықтыру керек.

Тораптап фотоға түсіруге оқиға болған жердің қажетті жерлері мен бөлек заттарды түсіруді жатқызамыз. Түсіру объектісін таңдау жасалған қылмыс сипатына қарай жүргізіліп, кейде бірнеше тораптар ажыратылуы мүмкін. Осылайша, бөтен мүлікті қирату арқылы ұрлау ісі бойынша оқиға болған жерді тораптап түсіру көмегімен қабырғадағы тесік, шашылған заттар орналасқан жерлер және т.б. бекітіледі.

Тінту барысында тығынды заттар жасырынған жерлер, ал тергеу экспериментінің бөлек кезеңдері тораптап суретке түсіруге жатады. Тораптап суретке түсіру шолушылық суретке түсіруге қарағанда, жақын жерден іске асырылады. Түсіру нүктесі іске маңызы бар объектілер мен учаскелерді толығымен қамту үшін және олар жайлы көрнекі мағлұмат алу мақсатын ескере отырып таңдалады. Фотоаппарат үстінен, қырынан немесе астынан орналасуы мүмкін.

Егжей-тегжейлік фотоға түсіруді қылмыс іздерін, объект белгілерін, детальдарын үлкейтіп түсіруде қолданады. Бұл тәсіл жерде қару, оқтар, гильзалар, қылмыс құралдары мен олардың іздері, қол, саусақ, аяқ іздері, транспорт құралдарынан қалған іздер және тергеудегі оқиға үшін криминалистикалық маңызы бар басқа да объектілер мен ұрланған заттарды бекітіп алу көрінісімен көзге түседі.

Егжей-тегжейлі суретке түсіру кезінде тек заттық дәлелдеме немесе оның бөлшегі ғана орналасатындай бекітіп алу арақашықтығы таңдалады. Сондай-ақ осы тәсіл қолдану кезінде масштабтық сызғыш фотоға түсірілетін объектімен қатар орналастырылады.

Бағдарлап және шолу арқылы фотосуретке түсіру приеімі тергеу әрекеттерін (қарау, тінту, тергеу эксперименті) іске асырудың ең басында жүргізілсе, тораптап және егжей-тегжейлі суретке түсіру тергеу әрекеттерін жүргізу үстінде, яғни, болған оқиға туралы нақты ой дамығанда және іздер мен заттардың мағынасы анықталғанда қолданылады.

Фотоға түсірудің нақты әдіс-тәсілдері



Бағдарлап суретке түсіру

Қылмыс оқиғасына қатысы бар жерді
жан-жақтан түсіру
(шолу арқылы суретке түсіру)



Оң жағынан суретке түсіру



Сол жағынан суретке түсіру

**Қылмысқа қатысы бар жерді тораптық (узловой)
тәсіл қолданумен суретке түсіру**




*Қылмысқа қатысы бар объектілерді егжей-тегжейлік
(детальдық) тәсіл қолданумен суретке түсіру.
Мұндай тәсіл масштабтық сызғыш қолдану
тәсілімен іске асырылады*






*Оқиға болған жерден табылған аяқ киім үстіртін ізінің
детальдық суреті*



*Оқиға болған жерден табылған аяқ киім көлемді ізінің
детальдық суреті*





*Оқиға болған жерден табылған көлемді
аяқ киім ізі бойынша дайындалған гипстік
көшірменің детальдық суреті*



*Оқиға болған жерден табылған пышақтың
детальдық суреті*

Оқиға болған жерден табылған сындыру құралдарының детальдық суреті



Адамды іздеу мақсатымен және криминалистикалық тіркеуге кіргізу үшін, сонымен қатар мәйіттерді суретке түсіру кезінде олардың сырт келбетін түсіріп алуға бағытталған *тану үшін (сигналетикалық) фотога түсіру* қолданылады. Түсірген кезде бас пішіні тігінен тұру қажет. Тіркеу мақсатында – тура (анфас), оң жақ (профиль), сондай-ақ жартылай профиль фотосуреттері дайындалады, ал тану үшін сол жақ профиль және толық басынан аяғына дейін түсіру қажет.

Тану үшін суретке түсіру әдісі



анфас

оң жақ профиль

жартылай профиль

Зерттеулік және сандық фотография әдістері

Криминалистикалық объектілерді зерттеу кезінде жоғарыдағы фотография әдістерімен бірге, зерттеулік фотография әдістері де кеңінен қолданылады (мысалы, рентген, ультракүлгін, инфрақызыл сәулелерінде суретке түсіру, түс бөліп шығаратын фотография, көлеңкелі фотография және т.б.). Олар көрінбейтіндерді, әлсін көрінетіндерді және объект айырмашылықтарын анықтайды.

Микро суретке түсіру микроскопты пайдалану арқылы іске асырылады. Мұндай әдіс арқылы зерттеудегі объектіні он есе үлкейте отырып, оның көзге көрінбейтін белгілерін бекітуге болады. Микро суретке түсіру

үшін фотоаппаратура, микроскоп және жарық беру құралдары қолданылады. Тәжірибеде, зерттеу объектілеріне қарай биологиялық, металлографиялық және басқа да микроскоптар пайдаланылады.

Контрастық және түс ажыратушылық фото әлсін көрінетін, уландырылған, өшкен, үстіне сия төгілген мәтіндерді, ажыратылуы қиынға соғатын қол, аяқ киім, сындыру құралдарының, атыс іздерін, фотодағы өңі кеткен бейнелерді айқындап, бекіту үшін қолданылады.

Контрастық сурет түсіру объектілері мен олардың фотографиялық бейнелеріндегі түстердің қарсыластығын ұлғайтып немесе кішірейту мақсатында пайдаланылады. Контрастың өзгерту нәтижесіне фотопенка мен фотоқағазды өңдеу барысында қол жеткізуге болады. Контрастық суретте жарық түсіру ерекше орын алады. Ол үшін арнайы жарық түсіру құралдары мен жарық беру тәсілдері (жанынан, тігінен немесе қиғаш бағытталған, шашырап таратылған, өтіп бара жатқан жарықтар) қолданылады.

Жарықты жанынан түсіру оқ пен гильза үстіндегі қару тетіктерінен қалған іздерді, құжаттардағы өшіру іздерін және тағы басқаларды суретке түсіру кезінде түстердің қарсыластылығын (контраст) күшейтуде орын алады.

Өтіп бара жатқан жарықта суретке түсіру жылтыр және жартылай жылтыр объектілердегі іздер мен олардың детальдарының фотографиялық бейнелеріндегі контрасты күшейту мақсатында қолданылады. Мұндай контрасқа жарықты бей-берекет түсіру арқылы қол жеткізуге болады. Мысалы, шыны мен оның үстінде қалған саусақ ізінің арасынан жіберу арқылы іске асырылады.

Бекіту тәсілдерінің бірі болып саналатын суретке түсіру барлық тергеу әрекеттерінде қолданылады. Тергеу әрекетінің тактикасы, процессуалдық тәртібі мен мақсаты фотоға түсіруде қолданылатын әдіс-тәсілдерді ерекшелейді. Мәселен, оқиға болған жерді түсіру барысында аталмыш тергеу әрекетінің әрбір сатысына қо-

Йылған міндетін ескере отырып жүргізіледі, яғни, оқиға болған жерді қоршаған ортамен біріктіре отырып, жағдайдың жалпы көрінісін, нақ оқиға болған жердің өзін, онда табылған іздер мен заттарды, олардың қылмыс оқиғасымен байланысын бекітіп алу қажет. Бөлшектеп түсіру кезінде объектінің жалпы түрімен бірге, оны жекелендіретін белгілерін де ажырата білген жөн. Мұндай мақсатқа былайша қол жеткізуге болады:

- Біріншіден – белгілердің түстік қарсыластығын (контраст) күшейту мақсатында түсірілетін объектілерді алдын ала өңдеуден өткізу керек. Мысалы, көрінбейтін немесе әлсіз көрінетін саусақ іздері дактилоскопиялық, магниттік ұнтақтар немесе химиялық реактивтер қолдану арқылы өңделеді; қар үстіндегі аяқ киім ізі графит ұнтағымен тозаңдандырылады; атыс қаруындағы маркалық мәліметтер (нөмірі, моделі, шыққан жылы және т.б.) түсіріліп жатқан объектінің аясында контраст беретін ұнтақтармен ажыратылады;

- Екіншіден – суретке түсірудің тиісті әдістері мен приемдары таңдап алынады. Мысалы, автокөлік шинасының және қар үстіндегі аяқ киім іздері бір сызықтық панорама әдісін пайдалану арқылы түсіріледі; сындыру құралдарының іздері – макросурет көмегімен түсіріледі. Іздердің ұзындық көлемі үлкен болса, онда оның ақпараттық жағынан ең қажетті жері, ал бөгеттердің бұзылған жері қарама-қарсы жақтан түсіріледі.

Оқиға болған жерден табылған мәйітті суретке түсіру үш жақтан жүргізіледі: екі бүйірден және үстінен. Ең бірінші оның түрін, жатқан қалпын және кейпін түсіру маңызды болып табылады. Мәйітті бас немесе аяқ жағынан түсіру – елеулі түрде кескінін бұрмалауға әкеп соқтырады. Бөлшектенген мәйіт табылған кезде, оның әрбір мүшесі табылған жерінде суретке түсіріліп, кейіннен мәйіттің барлық мүшелері (бөлшектері) біріктіріліп түсіріледі.

Мәйіт оқиға болған жерден табылғанда суретке түсіру әдіс-тәсілдері




Эксперттің кезінде түсіру барысында белгілі тәртіппен бейіттің жалпы көрінісі, табыт – қабырдың ішінде және үстіге көтеріліп, сонан соң табыт ашылғаннан кейін мәйіттің өзі түсіріледі.

Мәйіт үстіндегі жарақат, киім жыртылыстары және т.б. масштабтық сурет қолдану арқылы, ал қажет болса түрлі-түсті фотоматериалдарды пайдаланумен іске асырылады.

Сандық фотография әдісі. Кейінгі жылдары криминалистика тәжірибесіне сандық фотография әдісі ене бастады. «Сандық фотография» деген термин өз алдына жеке мағынасы бар екі сөз тіркесінен тұрады. «Фотография» (гректің «фотос» – жарық, «графо» – саламын, жазамын деген сөздерінен тұрады) – жарықпен сурет салу. Аталмыш жетістікке көптеген ғалымдар өз үлестерін қосып, фотография пайда болғаннан бері әрқашан жетілдіріліп отырды. Ал әр түрлі объектілерді фотоға түсіру барысында компьютерлік техниканы пайдалану, осы «сандық фотография» терминінің негізінде жатыр. Оның себебі – электрондық санау машинасының жұмысы келіп түскен ақпаратты сандық түрде (сандық форматта, нысанда) өңдейді.

Сандық форматтағы фотографиялық процестің көпшілікке мәлім фотографиялық кескін салу тәсілімен ұқсастығы бар. Мысалы, қолданыстағы фотокамераға қажет линзалар жинағы орналасқан объектив, бөтен жарық түсірмейтін камера, кескінді анық етіп көрсететін құрылғы және тағы басқалар сандық фотокамераға да тән. Сандық фотокамераның (қарапайым фотокамерадан) негізгі айырмашылығы: әдеттегідей, суретке түсірілетін объектілер кескіні жарыққа сезімтал фотоматериал (фотопленка, фотопластина) қабатында қалыптаспайды, бейнелерді сан түрінде өңдейтін арнайы электрондық жарыққа сезімтал құрылғы арқылы іске асырылады. Аталмыш құрылғы және басқа да электрондық элементтер фотобейнелердің нақтылы санын сақтау және келешекте пайдалану мүмкіндігімен көзге түседі.

Сандық камераның негізгі тетіктері



1- LCD дисплей; 2- нысандаушы (видоискатель); 3-DSP процессор;
4-ADC конвертор; 5-CCD процессор; 6-объектив; 7-линзалар;
8-токпен қоректену элементтері; 9-есте сақтау картасы.

Бұл әдістің ерекшелігі – бұрынғы негатив және позитив фотоматериалдарын өңдеуге қарағанда арнайы электронды табақшамен (матрица) сурет шығаруда. Осыған дейін қолданып келген фотоаппараттың объективі кескінді жарыққа сезімтал галогенкүмістік фотоматериал қабатына тіркейді. Сандық фотокамерада кескіндер объектив арқылы «жарық-сигнал» деген түрлендіргіш, яғни, зарядтық байланысы бар жарыққа сезімтал аспап (CCD – charge coupled device) көмегімен тіркеледі. Мұндай электрондық техника өнімі оптикалық кескінді электр белгісіне (сигналына) түрлендіреді. Іс жүзінде, зарядтық байланысы бар аспап өзіне фокусталу арқылы келіп түскен объектінің оптикалық кескінін электр бейнесигналына (видеосигнал) айналдырады. Осылайша, сандық фотокамера ішінде түсіру объектісінің кескіні санды бейнесигналға түрленіп, магнит табақшасына жазылады және сандық фотокамера ойында сақталады. Электрондық бейнеленген суреттер сапасын компьютер көмегімен өрлеп, жақсартуға болады. Ал көшірмелері арнайы компакт табақшаға немесе қарапайым қағазға басылады. Қылмыстарды тергеуде қолданылатын жаңа техникалық құралдар өзінің тиімділігі жағынан қолданыстағыдан кем болмау керек. Фотографиялық тәсілмен бекітіп алуда сурет сапасы ерекше орын алады. Сурет сапасын анықтайтын ажырату мүмкіндігін зарядтық байланысы бар аспап едәуір көтере алады. Аталмыш құрылғыны құрайтын элементтер неғұрлым көп болса, соғұрлым сурет сапасы жоғары және фотоға түсірілетін объектінің барлық тетіктерін бекітіп алу мүмкіндігі туындайды.

Электрон түрінде жазылған суреттердің сапасын компьютер көмегімен жақсартуға болады, ал көшірмелері арнайы компакт табаққа да, қарапайым қағазға да басылады.

Сандық технология криминалистикалық фотографияның зерттеулік мүмкіндіктерін кеңейтеді, ол көрінбейтін іздердің айқындалуын күшейтумен, құжаттарға өзгеріс енгізу тәсілін анықтаумен және алғашқы маз-

мұнын қалпына келтірумен байқалады. Сонымен бірге сандық технология суретті электронды түрде сақтай отырып, криминалистикалық тіркеуде қалыпты күйде жоғалтпай пайдалануға мүмкіндік береді.

Сандық фотография әдісі криминалистикалық сараптама объектілерін бекітуге де, зерттеуге де жарамды, тергеулік қарау кезінде қолданылады және электронды-санау машинка көмегімен фотокесте алуда пайдаланылады.

Криминалистикалық бейнежазба

Қылмысты тергеу тәжірибесіне фотографиямен бірге бейнетаспаға түсіру сияқты қосымша бекіту тәсілі қолданылады.

Криминалистикалық бейнежазба – киноматография және бейне түсіру мен жазу құралдары, әдіс-тәсілдерінің негізіндегі және ғылыми ережелер жүйесі негізінде жасалған тергеу әрекеттері мен нәтижелерін бекітетін криминалистикалық техниканың бір саласы. Бұл саланы тиімді пайдалану үшін (ҚР ҚІЖК-нің 84-бабына сай) алдымен бейнежазбаға түсірілетін объектілер анықталып, жоспар құрылып, білікті маман шақырылады.

Бейнежазбаға түсіру жоспарында нақтылы тергеулік іс-әрекет үзінділерін суреттеу реті, оператордың тұратын орнын, сурет масштабын, тергеулік әрекетке қатысушылардың орналасуын нақты көрсеткен жөн.

Алынатын бейнефонограмма үш бөліктен тұру қажет:

- кіріспе – тергеу жүргізушінің аты-жөні, лауазымы, қандай қылмыстық іс бойынша, қандай іс-әрекет жүргізілетіні және осы тергеулік әрекетке қатысушы, бейнетаспаға түсіруші, уақыт, түсіру орны көрсетіледі;
- негізгі – тергеу әрекеттің барысы мен нәтижесі;
- қорытынды – тергеу әрекетіне қатысушылармен бірігіп түсірілген көріністерді растау.

Бейнежазбаны жағдайы қиын, елеулі оқиға болған жерлерде (мысалы, көлік апаттары) қолданған тиімдірек болады. Сонымен бірге, тығылған бағалы зат-

тар мен қаруларды табу мақсатында тінту жүргізгенде, ерекшелігі бар жауап алу кездерінде, тергеулік эксперимент және фотобейне бойынша тануға ұсыну барысында бейнетаспаға түсіруді қолданған жөн. Трасология мен баллистика саласында зерттеулер жүргізгенде де бейнетаспаға жазу қолданылуы мүмкін.

Әрбір бейнежазбаға түсіру туралы сұрақты шешу кезінде оның басқа бекітіп алу тәсілдерінің алдында артықшылығы бар ма, сол мәселеге көңіл аударған жөн. Қарау, эксперимент, тану үшін ұсыну сияқты күрделі тергеу әрекеттерін жүргізу барысындағы бейнежазба осы тергеу әрекеттеріне қатысушылар құқықтарының сақталуына қатысты қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы нормалардың орындалуын келешекте тексеруге мүмкіндік береді.

Шешім қабылдай отырып тергеуші бейнежазба міндеттерін нақтылайды, ұйымдастырушылық сұрақтар шешіледі (тергеуші бейнежазбаны өзі жүргізе ме, әлде маманға тапсыра ма). Ерекше көңіл бейнеаппаратураның жабдықталуына және оның жұмыс істеу қабілетіне бөлінеді. Жағдайды ескере отырып, тергеуші жарық түсіру, ұзарту кабельдерін дайындау, қажетті микрофон мен штативтерді және басқа да қосалқы аспаптар шеңберін анықтап алады. Осы сатыда тергеу әрекетінің бейнежазбасы кейін қай жерде қаралады және қай аппаратурада, сол туралы да шешім қабылдану керек. Дайындық сатысындағы ең басты міндет ретінде нені түсіру, қандай мақсатпен, қалай және қай уақыт аралығында, міне осы мәселелер жүреді.

Оқиға болған жерді бейнетаспаға түсіру толығымен сол орынның заттық жағдайын бекітумен қатар, тергеудің жалғасында кейбір кейіннен түсінілетін мағыналы жағдайларды байқауға мүмкіндік береді. Аталмыш бейнежазба тергеушімен жауап алу, эксперимент және т.б. іс-әрекеттерді жүргізу кезінде талдау жасап, салыстыру мақсатында бірнеше рет зерттелуі мүмкін. Көбіне бейнежазба күрделі апат және өрт төрізді істер бойынша жүргізіледі.

Оқиға болған жерді қарауды бейнетаспаға жазу тергеу экспериментін түсірумен жалғасып, ол орын қайта қалпына келтірілуі мүмкін. Алайда, тергеу экспериментін бейнетаспаға жазу көбіне алдын ала дайындалған жерлерде өткізіледі. Мұндай дайындық тергеушіге жүргізу кезеңін, орнын, бекіту тәсілдерін нақты құруға мүмкіндік береді.

Көрсетулерді оқиға болған жерде нақтылау кейбір эксперименттер түрлеріне жақын. Бекітудің мұндай тәсілі құнды болып саналады, өйткені бұл жерде айыпкердің мойнына алу мәселесін тексеру туралы әңгіме қозғалып отыр. Ол дәлелдеме затының негізгі элементтерін растай отырып, сотта ерекше дәлелдемелік маңызы болуы мүмкін.

Көрсетулерді оқиға болған жерде нақтылауда бейнежазба қолдану жаппай тәртіпсіздік, кісі өлтіру, қарақшылық, тонау, бандитизм, ұрлық сияқты қылмыстық жауаптылыққа бірнеше айыпкерлер тартылатын қылмыстарда іске асырылады. Бейнежазба әрбір қылмысқа қатысушының алатын рөлін, нақты іс-қимылдар тәсілін, көрсетулердегі қарама-қайшылықтарды ажыратуға мүмкіндік береді.

Аталмыш тергеу әрекетіндегі бейнежазбаның басты артықшылығы – болған оқиға туралы толық ой-пікір алу: қай жерде болды, қандай жағдайда, қатысушылардың әрқайсысы қалай орналасқан, қалай қимылдады, не істеді және т. б. Мұндай көрнекілік тергеушіге болғанды дұрыс қабылдап, баға беруіне көмектеседі, әсіресе, оның құндылығы істі сотта қарастырғанда. Тәжірибеде мынадай көрініс орын алған. Көрсетулерді оқиға болған жерде нақтылау шеңберінде қылмыс тәсілі бейнетаспаға жазылды. Бейнежазба қылмыскердің қылмыс жасау барысындағы тұрақтанған дағдыларын көрсетіп, бұл қылмыс сериялы екендігін байқатып, қылмысты жасау тәсілі бойынша біріктіруге және қылмыскердің іс-қимылдарын дұрыс саралауға мүмкіндік берді.

Жауап алу кезіндегі бейнежазба жауап берушінің мінез-құлқын, қойылған сұрақтарға орай әрекетін, жа-

уаптарын, сөйлеу ырғағын және т. б. көрнекі бақылауға жол ашады. Жауап алу барысын бейнетаспаға жазу ауыр және аса ауыр қылмыстарды тергеу кезінде қолданылуы тиіс.

Ақпарат алу процесі қиынға соққанда, мысалы, саңырау, мылқау, психиатриялық сараптама тағайындалатын тұлғалардан және аудармашы арқылы алынған жауаптарда бейнежазба қолданылады.

Тану үшін ұсынуды бейнетаспаға жазу бірқатар мақсаттарды көздеген:

- ерекшеліктерді ескере отырып бұл тергеу әрекетін жүргізудің процессуалдық тәртібін бекіту (танылуға тиіс тұлғаға өзі таңдаған жерге отыру, танитын адамды сол бөлмеге шақыру және т. б.);

- ұсынылған объектілердегі сыртқы белгілердің ұқсастығын көрсету;

- тану мезетін бекіту, танушының орай әрекеті, оның көрсетулері, байқалған белгілерді айтылғандармен салыстыру;

- қажет болған жағдайда жүргізу, ол дегеніміз адамды функционалдық белгілер бойынша ажырату: жүрісі, қимылдары, мимикасы, даусы, сөйлеуі.

Аталған мақсаттар осы тергеу әрекетін бейнетаспаға жазу ерекшелігін анықтайды.

Эксгумация кезінде бейнетаспаға жазу аталмыш тергеу әрекетінің барлық кезеңдерін бекітуге және хаттамамен үйлестіре отырып мәйітті қабырдан алу әрекетін растауға мүмкіндік береді. Эксгумацияға тергеуші, екі айғақ, техникалық көмекшілер, мола әкімшілігінің өкілі, сот-медициналық сарапшы, санэпидстанция дәрігері және бейнетаспаға жазушы маман қатысады. Барлық қатысушыларды жинаған соң, тергеуші эксгумация туралы қаулыны жария етіп, осы әрекеттер бейнетаспаға жазылатыны жайлы хабарлайды. Бейнежазудың аяғында тергеуші мәйіттің қай моргқа сот-медициналық сараптама жүргізу үшін жіберілгендігін атап көрсетеді.

Бейнежазбалар (немесе олардың бөлшектері) істе адам, оқиға, фактілер жайлы нақты ақпарат тасымал-

даушы құжаттар ретінде жүреді. Мұндай құжаттар қатарына криминалистикалық тіркеулер бейнежинағын, нақты адамдардың сол жерде болғандығын айқындайтын әуесқойлық бейнежазбаларды (туған күн, той) және т. б. жатқызуга болады.

Заттық дәлелдеме ретіндегі бейнежазбалар тінту, алу сияқты тергеу әрекеттері барысында алынуы мүмкін. Кейде құжат немесе заттай дәлелдеме ретінде орын алған бейнежазбаларға қатысты бейне және фоноскопиялық сараптама тағайындалуы мүмкін. Бұл жерде шешілетін сұрақтар шеңбері бейнежазбаның шынайылығына бағытталған: ол нақты бейнекамерамен түсірілді ме, пленканы монтаждау орын алды ма және т. б.

2.3. Іздердің криминалистикалық зерттеуі (трасология)

Трасологияның негізгі ережелері

Трасология¹ деп – қылмыс механизмін көрсететін әр түрлі іздердің пайда болу заңдылықтарын оқып үйренетін және қылмысты әшкерелеу мақсатында іздерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық техниканың саласын айтамыз.

Әрбір оқиға сияқты, қылмыстық оқиға да қоршаған ортада өз ізін қалдырады. Криминалистикада төмендегіше бөлінеді:

- қылмыстың материалдық іздері, ол заттық орта элементтеріндегі барлық өзгерістер;
- қылмыстың идеалдық іздері, ол адам ойында сақталған криминалистік маңызы бар ақпараттар кескіні.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне сай, «із – адам, мал, аң, т. б. аяғының жерге түскен таңбасы, басқан жерде қалған дақ»². С. И. Ожеговтың түсіндіруі бойынша,

¹ «Трас» (француз тілінде) – із, «логос» (грек тілінде) – ілім; іздер туралы ілім, із таңу.

² Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Ү-Ұ. – Алматы, 1986. – 423 бет.

«із дегеніміз аяқ, дөңгелек және тағы басқалардың қандай да бір беткейдегі көшірмесі»¹. Біздің ойымызша, «іздің» мұндай қарапайым түсіндірмесі криминалистика ғылымының көңілінен шыға қоймайтын тәрізді. Оның себебі оқиға болған жерде аяқ және дөңгелек іздерінен басқа, қол саусақтарының, сындыру құралдарының іздері, сондай-ақ идеалдық іздер де (мысалы, жәбірленуші ойында қалып қойған шабуыл жасаған адамның бет әлпеті) кескінделіп жататындықтан, аталмыш терминге криминалистикалық көзқараста түсінік беріп көрейік.

Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігіне сәйкес, «із дегеніміз қоршаған ортада қылмыс жасаудың салдарынан, оған дайындалып жасыруға дейінгі аралықтағы әр түрлі өзгерістер»². Заңтану саласындағы түсіндірме сөздікке жүгінсек, «криминалистикада іздер деген түсінік екі мағынада қолданылады. Тар мағынада «із» деп, бір объектінің таңбасы, келбеті айтылады (қолдың, аяқтың, тістің ізі және т. б.). Кең мағынада «қылмыстың ізі» деген ұғымға оқиға болған жерде қалған жеке заттар, қираған, сынған нәрселер және қылмысқа байланысты айналада болған өзгерістердің бәрі жатады»³.

Заттық ортаға өзгерістер енгізу сипатына қарай, қылмыс іздері төмендегідей топтарға бөлінеді:

• заттар, қылмыс іздері ретінде – барлық біртұтас құрылымы бар тұрақты формалы материалдық объектілер немесе олардың бөлшектері; жабатын және бекітетін құрылғылар (құлып, пломба);

¹ Ожегов С. И. *Словарь русского языка* / Под ред. д-ра филол. наук, профес. Н. Ю. Шведовой. – М., 1975. – 670-бет.

² А. О. Шакинов және басқалар. *Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігі* / Заң ғылымдарының докторы, профессор М. Ч. Қоғамовтың жалпы редакциясымен шығарылған. – Астана, 2003. – 113-бет.


³ *Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Заңтану* / Жалпы редакциясын басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы, 2002. – 315-бет.

- нәрселер (следы-вещества) қылмыс іздері ретінде сұйық, ұнтақты (биологиялық тегі бар іздер – қан, шауқат (сперма), сілекей және т.б., сонымен бірге жанар май, бояу, цемент, ұн іздері);


- кескінделу іздері (следы-отображения), яғни, тұрақты кеңістіктік шекарасы бар екі объектінің қатынасу нәтижесінде, бір объектінің құрылысы екінші объектіде кескінделгенін айтамыз.

Із қалдырған (следообразующий) объект – із қалдырушы, ал із қалған, яғни, сыртқы құрылыс белгілері кескінделген объект – із қабылдағыш (следовоспринимающий) болып аталады.

Кескінделу іздері әр түрлі негіздер бойынша топтастырылады. Осылай, із қалдырушы объектілер бойынша:



Із қабылдайтын беткейлермен болатын өзгерістердің сипаттамасына байланысты:



Көлемді іздер (объемный) – із жасайтын объектінің заттағы ықпалынан, із қабылдайтын объект өз пішінін өзгертіп немесе шамамен бұзылу нәтижесінен пайда

болады. Ондай іздерде үш параметр – ұзындығы, ені, тереңдігі (мысалы, жұмсақ жер бетіндегі аяқ киімнің басып енгізу ізі) болады.

Үстіртін іздер (поверхностный) – із қабылдайтын объектілердің үстіндегі өзгерістер нәтижесінде пайда болған кескінделулер. Оның екі параметрі – ұзындығы және ені болады (мысалы, саусақ бедерінің термайлы іздері). Олар өз алдына қабатталу (наслоение) және қабатын алу (отслоение), жергілікті (локальный) және шеткері (периферический) болып бөлінеді.

Қабатталу іздері із жасайтын объектінің үстінен кішкентай бөлшектерді (қабатын) із қабылдайтын объектінің үстіне аудару нәтижесінде пайда болады.

Қабатын алу іздері із қабылдайтын объектінің үстіндегі заттың кішкентай бөлшектерін із жасайтын объектінің үстіне аудару нәтижесінде пайда болады.

Жергілікті үстіртін іздер деп жанасқан беткейлер (із қалдырушы және із қабылдағыш объектілер) аумағындағы шегінен шықпайтын өзгерістерді атайды (мысалы, әйнек бетіндегі саусақ ізі).

Шеткері үстіртін іздер деп жанасқан беткейлерден шеткері, тыс пайда болған өзгерістерді атайды (мысалы, қабырғадағы кілемнің жан-жағындағы түсті қағаздың (обои) күнге күйіп кетуі).

Беткейлердің бір-бірінің үстінде жылжуына байланысты статикалық және динамикалық іздер пайда болады.

Статикалық (оттискілер, іздер) жанасу беткейіне перпендикуляр бір бағытта өсер ету нәтижесінде пайда болады. Жанасу беткейлерінің өзара және басқа бағытта ауытқуы болмайды (мысалы, отверткамен басу, балғамен ұру, аяқ жүру және жүгіру іздері).

Динамикалық іздер объектілердің бір-бірінің үстімен жылжу нәтижесінен шығады, яғни, бір-бірінің үстімен сырғанау. Мысалы: шабу, аралау, саусақтың жағыс, аяқпен сазды жерде сырғанау іздері.

Көзбен шолып байқау және табу мүмкіндігіне қарай іздер:

- көрінетін іздер;
- әлсін көрінетін іздер;
- көрінбейтін (латенттік) болып бөлінеді.

Іздерді бекітіп алудың негізгі тәсілдерінің бірі – оларды тергеу әрекетінің хаттамасында суреттеп жазу. Мұның ішінде іздерді қабылдаған беткейдің жағдайы мен қасиеті көрсетіледі. Аталмыш жағдайлар объектілердің кескінделуіне, іздердің табылуына және сақталуына өз әсерін тигізеді. Егер іздер бірнеше болса, онда олардың объектіде орналасу жағдайы мен өзара орналасуына да назар аударылады. Хаттамада іздердің формасы, өлшемі және ерекшеліктері сияқты белгілері де орын алу керек. Сипаттамалық белгілерге ерекше көңіл бөлінеді.

Хаттамада іздерді табу, айқындау, алу мақсатында қолданылған әдіс-құралдар көрсетіледі. Хаттама тергеулік қараудың соңында құрастырылатын болғандықтан, оның соңғы бөлігінде іздер қалай алынды, қалай буыптүйілді және қайда жіберілгендігі жайлы жазылады.

Объектіні ізбен қоса алу мүмкіндігі болмаған жағдайларда (тым үлкен, аса құнды немесе бағалы), мұндай іздерден көшірмелер алынады. Саусақ іздері көрнекі болу үшін, оларды алдын ала дактилоскопиялық ұнтақтармен өңдейді, кейіннен дактилоскопиялық пленкаға немесе олардың орнына жүретін материалдарға көшіреді. Көлемді аяқ киім, сындыру құралы, транспорт іздерінен гипстік, полимерлік, пластилиндік көшірмелер дайындалады.

Үстінде іздер орналасқан объектілер немесе олардың көшірмелері алынған кезде бума қабырғалары ізбен жанасатындай жағдайда болмау керек. Қол іздері бар осал заттардың (шөлмек, стакан және т.б.) буып-түйюіне ерекше назар аударған жөн. Буып-түйілген объектілерге сүргі соғылып, түсініктеме сөздермен қамдалады: кім, қашан қандай іс бойынша бұл заттық дәлелдемені алды.

Диагностикалық және идентификациялық сұрақтар. Объектілердің трасологиялық зерттеулерінде ди-

агностикалық та, идентификациялық та сұрақтар шешіледі.

Диагностикалық сұрақтар:

- іздердің идентификациялауға жарамдылығын анықтау;

- іздердің пайда болуы мен механизмін айқындау;

- із қалдырушы объектілердің топқа жататындығын анықтау;

- із қалдырушы объектілердің белгісі мен қасиетін айқындау;

- іздердің кейбір пайда болу жағдайларын анықтау.

Идентификациялық сұрақтар:

- із қалдырған объектіні теңдестіру;

- бөлек-бөлек оқиға болған жерлерден алынған іздер бір ғана объектімен қалдырылған деген сұрақты шешу.

Трасологияның жүйесіне жалпы ережелермен бірге, іздерді зерттеу жатады. Олар:

а) адам іздері (антропоскопия);

б) құрал-сайман, өндіріс механизмдері, бекіту құрылғыларының іздері (механоскопия);

в) көлік іздері (көлік трасологиясы);

г) жан-жануарлар іздері;

д) микрообъектілер іздері (микротрасология).

Антропоскопия

Антропоскопия (гомеоскопия) деп адам (қол, аяқ, тіс, дене, киім, биологиялық бөлінділер) іздерін оқып үйренетін және қылмысты әшкерелеу мақсатында іздерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін трасологияның тарауын айтамыз.

Дактилоскопия – гректің «дактиле» – саусақ және «скопо» – қараймын. Алақанды зерттеу – пальмоскопия, яғни, «пальма» – алақан; саңылауларды (поры) зерттеу – пороскопия. Өрнектер мен сызық шеттерінің ерекшеліктерін зерттеумен эджескопия (ағылшынның edge – шет, шекара) айналысады.

Сөйтіп, дактелоскопия деп адам тері қабатындағы папилляр өрнектерінің (көбінесе, қол саусақ бедерінің)

белгілері мен қасиеттерін оқып үйренетін және қылмысты әшкерелеу мақсатында іздерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін трасологияның тарауын айтамыз.

Адамның терісі екі негізгі қыртыстардан тұрады:

- төменгі – дермадан (терінің өзі);
- үстіңгі – эпидермис (терінің үстіңгі қабаты).

Дерма – торлы және терінің бүртікті қабаттарынан (папилляр) тұрады. Бүртікті қабат үстінде қосылғыш тканьдарының кейбір талшық будалары нүктелік үстірттер – бүртіктерді (латынның papilla – бедер, бүртік, «папилляр» сызықтар деп аталуы осыдан) құрастырады. Бүртіктерде тер және басқа да бездердің саңылаулары болады. Қол алақаны және аяқ табанының үстіндегі тері қабаттарында бүртіктер белгілі тәртіппен орналасып, эпидермиспен қайталанатын, папилляр сызықтарының өрнегін құрастырады. Папилляр сызықтар деп – белгілі өрнек құрастыратын, тері үстіндегі көтеріңкі жерлер жиынтығын айтамыз (биіктігі 0, 2 ... 0, 4 мм, ені 0, 1 ... 0, 3 мм).

Адам терісінің үстінде, диаметрлері 0,008 ден 0,025 мм аралығындағы, 2,5 млн саңылаулар орналасқан. Олар организмнен тер, терлік май, апокрин бездерінің құпиясын шығарады.

Мұндай бөлінулер, жоғалып бара жатқан эпидермис клеткаларымен, сонымен бірге тері үстіндегі микробтық флорамен қосылып, термайлық зат болып аталады. Термайлық шығу құрамында шамамен 270 химиялық қоспалар анықталған. Негізгі бөлігін тер құрастырады: су (97-98 %) ондағы ерітілген органикалық еместер (хлоридтер, фосфаттар, сульфаттар және т. б. калий, натрий, кальций, аммиак) және органикалық (мочевина, формальдегид т. б.) қоспалардан тұрады.

Тәуелсіз компонент ретінде белок қоспаларынан, қышқылдар мен басқа да заттардан тұратын май болады.

Қол алақанының үсті мен аяқ табаны нәрсемен жанасқанда, контактіге тек папилляр сызықтар түседі. Олардың арасы нәрсе үстімен тікелей контактіге түспейді.

Контакт нәтижесінде із қабылдайтын объект үстіне термайлық заттың бір бөлігі өтіп, қабатталу ізі – термайлық із жасайды. Термайлық іздің массасы мен жуандығы өте аз. Сондықтан мұндай із көрінбейді немесе әлсін-әлсін көрінеді.

Қол алақанының үстінде тек қана тер бездері орналасқан. Тер мұнда дененің басқа учаскелерімен кездейсоқ жанасу нәтижесінде пайда болады. Алақан үстінде бөтен былғаныш заттар болса, басқа нәрсемен жанасқанда, боялған қабатталу іздерін жасап, оның табиғаты термайлық болмайды. Әдетте мұндай іздер нәрселер үстінде көрініп немесе әлсіз көрінетін болып тұрады.

Әлсін көрінетін және көрінбейтін термайлық қол іздерін табу және бекіту әдістерінің жүйесі:

- оптикалық (көру) әдісі;
- тыныс суы және йод булары;
- вакуумдық себу әдісі;
- ұнтақтар әдісі;
- химиялық әдістер;
- ядерлы-физикалық әдісі (авторадиография).

Оптикалық әдістің мәні – әр түрлі жарықтарды (қисық түсетін жарық, өтіп бара жатқан жарық т. б.) қолдану арқылы ізді табу және де жарық көзі ретінде көрінетін электромагниттік спектр аумағынан басқа, ультракүлгін жарықтарда қолданылады. Тиімді жағдайларда ізді бақылап қана қоймай, оны фотосуретке түсіріп алуға да болады. Оны, әдетте лабораториялық жағдайда жасайды.

Оптикалық әдістермен тек көрінетін және әлсін көрінетін іздерді тауып, бекітуге болады. Тыныс ылғалы термайлық затта жинақталмайды, бірақ папилляр сызықтар араларында тұнып, оларды шығарады. Ылғал жылдам буланған соң, мұндай әдіс ізді қай жерде екенін анықтайды.

Йод булары тек термайлық заттарда жұтылады, ал арасында жұтылмайды. Іздердің боялуы йод концентрациясының жоғарылығынан болады. Із бейнесі біраз уақыттан кейін жоғалады, сондықтан оны бекітіп алған дұрыс.

Йод буларын нәрсе үстіне йодтық түтік, нәрсені эксикатор ішіне салу (оның түбінде йод кристалдары бар), сонымен бірге, зерттеудегі нәрсеге кристалдарды себу арқылы жүргізіледі.


Йод буымен саусақ іздерін айқындау тәсілі

Йод буларымен айқындалған термайлық іздер:

- сутекпен қалпына келтірілген темір ұнтағы;
- декстрин желімінің ұнтағы;
- крахмал араласы;
- пошта маркасының теріс жағын алдын ала сулайды.

Йод буларымен айқындалған іздер бейнесі міндетті түрде фотосуретке түсіріледі (бекіткенге дейін және кейін). Мұндай әдіс физикалыққа жатады.

Вакуумдық себу әдісінің мәні – нәрсені вакуумдық камераға енгізіп, оның ішінде терең вакуум жасалуда. Сонан соң, нәрсе үстіне жұқа металл қабаты себіледі. Металл молекулалары термайлық затқа тұнбайды да, папилляр сызықтарды бөліп шығарады. Бұл әдіс жоғары сезімталдықпен, айыру мүмкіндігімен көзге түседі. Кейбір жағдайларда саңылаулар да жақсы көрінеді. Әдіс лабораториялық жағдайларда қолданылады.






Ұнтақтар әдісі ең әмбебап болып саналып, қолдануда қарапайым және арнайы құрал-жабдықты қажет етпейді. Барлық жағдайларда жақсы қолданылады.

Ұнтақты нәрсе үстіне жағу әдістері:

- домалатып немесе домалатпай себу;
- қылшық бояу жаққышпен;
- магниттік жаққышпен;
- дактозольмен.

Қол іздерін дактилоскопиялық айқындаудың басқа да тәсілдері





Ұнтақтар ақ, қара және нейтралды болып келеді. Ақ ұнтақтар қара түсті нәрселерге жағылады. Қара – керісінше. Мұндай ұсыныстарды іздің көшірмесін алмағанда ғана орындалады.

Далалық жағдайларда, әдетте, ұнтақпен айқындалған із дактилоскопиялық пленкаға көшіріледі, кейде «К» пастасына немесе заттың өзінде бекітіледі.

Химиялық әдістер айқындайтын заттардың термайлық заттардың бір немесе бірнеше компоненттерімен

өзара әрекеттесу реакциясында негізделген. Реакция өрекше бояудың көрінуінен байқалады.

Айқындайтын заттар:

- нингидрин (аллоксан);
- азоттық қышқыл күміс;
- калий перманганат және т. б.

Айқындау алдында тиісті қоспа дайындалады. Нингидрин ацетонмен араласады, қоспа концентрациясы – 0, 2 ... 1; Азоттық қышқыл күміс сумен араласады – 0, 2 ден 2; Калий перманганат сумен араласады – 2 ден 5 %.

Зерттеу нәрсесінің үстіне қоспа мақта тампонымен жағылады, дактозольмен немесе нәрсені қоспа құйылған ыдысқа малу арқылы. Термайлық іздерді химиялық әдістермен айқындау өте баяу жүреді. Нингидрин өңделген нәрсе жылы жерге қойылады.

Азотты қышқыл күміспен өңделген нәрсені міндетті түрде жарық жерде ұстау керек. Ядерлы-физикалық айқындау әдістерінің мәні – із бар деген беткей радиоактивті изотоп бар химиялық қоспамен өңделеді; термайлық зат өзіне қоспаны сорып алып, радиоактивті болады. Сонан соң, нәрсе фотоматериал эмульсиясымен қатынасқа түседі; біраз уақыт ұсталып, кейін пленка айқындалады. Радиоактивті сәулелену ықпалынан папилляр өрнегінің суреті пайда болады (автордиограмма).

Алақан терісінің рельефіне төмендегідей элементтер енеді:

а) флексор сызықтары (саусақты бүккендегі буындар);

ә) терінің ұсақ бүрмелері (әжімдер);

б) саңылау (поры) – тері бездерінің ұсақ саңылаулары;

в) бүртік (папилляр) сызықтары – әжімдермен бөлініп әр түрлі өрнектер құрайтын сызықты үстірттер.

Бүртік (папилляр) өрнектерінің қасиеттері:

а) жеке даралық, яғни, белгілер жиынтығында, екі папилляр өрнектің бірдей болмау мүмкіндігі;

б) біршама тұрақтылық, яғни, адамның өмір сүру аралығында папилляр өрнектер өзгермейді (өлшемдерін қоспағанда, папилляр сызықтарының ені);

в) қайта қалпына келу, яғни, терінің үстіңгі қабатын жаралағанда, папилляр өрнектердің бұрынғы түрін қайталауы;

г) қоршаған ортадағы объектілерде кескінделу қабілеті.

Бүртік (папилляр) өрнектерінің типтері:

- тұзақ (петлевой), үш папилляр сызықтың қосылған жерінде бір дельтасы болады (65% кездеседі);

- өрілме (завитковый), екі немесе одан да көп дельтасы болады (30% кездеседі);


- доғал (дуговой), дельта мүлдем болмайды (5% кездеседі).




Доғалды




Тұзақты




Өрілме



Бүртік (папилляр) өрнектердің типтері мен олардың сызбалық суреттемесі



Бүртік (папилляр) өрнектерінің түрлері



Бұртік (папилляр) өрнектерінің түрлері


Әрбір типте папилляр өрнектерінің түрлері (виды) болады. Папилляр өрнектердің мынадай детальдары болады: папилляр сызықтардың басы (начало) мен аяғы (окончание), қосылысы (слияние) мен тармақтануы (раз-

ветление), үзінді (фрагмент), ілмек (крючок), папиллярлық нүкте. Бұл жеке белгілер қол іздерінің жалпы белгілерін (іздің өлшемі, формасы, папилляр өрнектің типі мен түрі, дельтасы және т.б.) қоса алғанда, із қалдырғын нақты адамды идентификациялауға мүмкіндік беретін *идентификациялық жиынтықты* құрайды.



Бүртік (папилляр) өрнектерінің детальдары
Нақты белгілер

1 – папилляр сызығының басы; 2 – тері бездерінің ұсақ саңылаулары (поры); 3 – папилляр сызықтарының айырылуы; 4 – папилляр сызығының майысқан жері; 5 – екі папилляр сызығының үшіншімен қосылған жері (көпір); 6 – кездескен папилляр сызық; 7 – кішкене тесік (глазок); 8 – папилляр сызықтарының қосылуы; 9 – папилляр арасындағы сызықтар (гребешки); 10 – қысқаша папилляр сызық (фрагмент); 11 – папилляр сызығының аяғы; 12 – ілмек (крючок); 13 – аралшық (островок); 14 – папилляр сызығының үзілген жері; 15 – папилляр сызығының жуандаған жері.



- 1-сызықтардың қосылуы;
- 2-сызықтардың ажырауы;
- 3-көпірше;
- 4-сызықтың аяқталуы;
- 5-сызықтың басталуы;
- 6-аралшық;
- 7-қосылу мен ажыраудың бірге кездесуі;
- 8-екі бастама мен аяқталудың кездескен жері;
- 9-ілімкеше;
- 10-ортаңғы бөлігінің формасы;
- 11-майысқан сызық;
- 12-көше;

Бүртiк (папилляр) өрнектердiң әлсiн көрiнетiн iздерiн табу тәсiлдерi:

- көзбен шолып бақылау – объектіні жай немесе оптикалық құралдарды қолдану арқылы және арнайы жағдайларда (қиғаш түскен, саңылаулы сәулелерде) қарау;
- физикалық тәсіл – дактилоскопиялық ұнтақтармен өңдеу, түгін көмегімен бояу, автордиография, лазер қолдану арқылы, йод буымен өңдеу;
- химиялық тәсіл – химиялық реактивтермен өңдеу (аллоксан, нингидрин, азотты қышқыл қосындылар көмегімен).

Қол іздерін алу және бекіту тәсілдері:

- тергеу әрекетінің хаттамасында суреттеу, чертеж, схема құрастыру, фотоға түсіру, бейнежазба түсіру;
- дактилоскопиялық пленканы қолдану арқылы үстіртін іздердің көшірмесін жасау;
- полимер материалдар (мысалы, К пастасы) көмегімен көлемді іздерден көшірме алу;
- объект немесе бөлшекпен бірге алу. Аталмыш іздерді хаттамада суреттеп жазу үлгісі, бекітіп алу тәжірибесі әдебиеттерде көрсетілген¹.

¹ Гинзбург А.Я., Поврезнюк Г.И., Калинин А.В. *Справочник следователя.* – Алматы, 1998.

Дактилоскопиялық сараптама мен зерттеулер жүргізу кезінде диагностикалық және идентификациялық сұрақтар шешуге болады.

Диагностикалық сұрақтар:

- жеке тұлғаларды идентификациялау үшін папилляр өрнек іздерінің жарамдылығын анықтау;
- із қалдырған қол мен саусақтарды анықтау;
- із қалдырған алақан учаскесін анықтау;
- із қалдырған адам туралы мәліметтерді анықтау (жасын, шамамен бойын, саусақ құрылымын, жынысын);
- қылмыстың кейбір жағдайларын анықтау (шамамен қанша адам, оқиға болған жердегі қылмыскер әрекеттерінің реті мен сипаты және т.б.).

Идентификациялық сұрақтар:


- қол іздері бойынша нақтылы адамды теңдестіру;
- басқа оқиға болған жерлерден табылған қол іздерін осы күдікті қалдырғандығын анықтау.

Аяқ іздері. Трасологияда жалаң аяқ ізі, аяқ киім ізі болып бөлінетін криминалистік маңызы бар ақпараттарды қылмысты тергеп ашуда өте жиі қолданады. Жалаң аяқ ізіне қарағанда, аяқ киім іздері тәжірибеде көп кездесіп, оларды жалғыз із және іздердің жолы (бірінен соң бірі қалдырылған іздер жиынтығы) деп бөледі.

Аяқ киім іздерін зерттегенде диагностикалық және идентификациялық сұрақтар шешіледі.

Диагностикалық сұрақтар төмендегідей:

- іздің пайда болу механизмі мен қылмыс оқиғасын анықтау (шамамен оқиғаға қатысушылар санын; бағыты, жүру жылдамдығы, сипаты; бөлмеге кіру тәсілі, кедергілерден өту; іздердің пайда болу реті);
- адамның жеке белгілерін анықтау (жынысын, шамамен жасын салмағын, жүріс ерекшелігін, дене бітіміндегі жетіспеушіліктер және т.б.);
- аяқ киім өлшемін, түрін, фасонын, ұлтан (подошва) ерекшеліктері.



F-қозғалыс бағыты;
 A-B-сол жақ қадам ұзындығы;
 B-C-оң жақ қадам ұзындығы;
 D-E-өкшені орналастыру ені;
 a-сол жақ өкшенің бұрылу бұрышы;
 b- оң жақ өкшенің бұрылу бұрышы;

A-іздің жалпы ұзындығы;
 Б-ұлтандық бөлік ұзындығы;
 B-өкшелік бөлік ұзындығы;
 Г-ұлтандық бөлік ені;
 Д-өкшелік бөлік ені.

*Аяқ іздерінің жолы мен жалғыз аяқ киім ізінің
 схемалық суреттемесі*

Идентификациялық сұрақтар:

- із қалдырған аяқ киімді теңдестіру;
- жеке-жеке оқиға болған жерде қалған іздері бір аяқ киіммен қалдырылған ба?

Аяқ киім ізінің ұзындығы бойынша адамның шамамен бойын анықтағанда антропометриялық зерттеулер нәтижесін қолданып, оның шешімі мынадай болады: әйел адамның табан өлшемі бойының 15, 5% тең, ал ер адамдікі 15, 8% тең. Тиісті есеп жасағанда, аяқ киім ізінің ұзындығынан алдын ала 1-1,5 см (бұл аяқ киім

ұзындығының жалаң аяқ ұзындығынан асатын шама) алып тастау керек¹.

Биологиялық тегі бар іздердің қылмысты ашып, тергеуде көмегі өте зор. Оларға: қан, шауқат (сперма), сілекей, тер, шаш іздері, адам организмінің тіндері жатады.

Биологиялық заты бар объектілерді табу үшін оптикалық құралдар (лупа), жарық түсіргіш құралдар, тасымалды ультракүлгін сәулелену көздері (бірақ мұндай құрылғылармен жоғарыдағыдай іздерді бес секундтан артық сәулелендіруге болмайды, өйткені ультракүлгін сәулелер қан, шауқаттың (сперма) ДНК-сын бұзады), сонымен қатар химиялық реактивтер (Воскобойников реактиві, люминол) пайдаланылады.

Биологиялық тегі бар іздер тергеулік әрекет хаттамасында (мысалы, оқиға болған жердің) суреттеу арқылы, сонымен бірге фотоға түсіру, суреттеме жасап бекітіледі.

Аталмыш іздерді алған кезде тиісті ережелерді сақтаған жөн. Ол дегеніміз, биологиялық іздер бар киімдер мен басқа да заттарды тұтастай өзін алу керек. Тасымалдауға келмейтін заттардан сұйық заттарды алдын ала кептіріп, сонан соң қырып алынады. Судан, қардан қан, сперма, нәр іздері дәкеге (марля) алынады және кептіріледі. Бірақ мұндай іздерді дәкеге қатты заттардан алуға мүлдем болмайды. Шаштар пинцетпен алынады. Барлық алынған заттарды бөлек-бөлек қораптарға салады. Киімдегі іздерді бір-біріне тигізбей, ішіне қаратып орайды. Мұндай жағдайларда полиэтиленді қолдануға болмайды.

Қылмыс болған жерде табылған биологиялық тегі бар іздерді *алдын ала трасологиялық зерттеуден өткізу* нәтижесінде, олардың пайда болу механизмін және қылмыстың кейбір жағдайларын бастапқы күйге келтіруге болады. Мысалы, қанның шашырау арақашықтығын;

¹ *Криминалистика. Учебник для вузов. /Под ред. заслуженного деятеля науки Российской Федерации, профессора Р.С.Белкина. – М., 1999. – С. 220.*

мәйіт табылған жерде қан іздерінің болмауы, мәйіт табылған жердің қылмыс жасалған жермен сәйкес келмеуін анықтау.

Биологиялық тегі бар іздерді сараптамалық зерттеуден өткізу кезінде идентификациялық және диагностикалық мәселелер шешіледі.

Диагностикалық сұрақтар:

- берілген объектілерде қан, шауқат және басқа да адам бөлінділері іздерінің бар-жоқтығы;
- берілген объектілер адам шашы екендігі;
- қан, шауқат, шаш және басқалар қандай топқа жатады.

Идентификациялық сұрақтар:

- қан, шауқат, шаш нақтылы бір адамдікі ме;
- жүктілік күдіктінің зорлау нәтижесінде пайда болды ма және т.б.

Мысалы: Пәтерден Н. деген ер адамның мәйіті табылған. Жедел-тергеу шараларының нәтижесінде К. деген күдіктіден қанға ұқсас қызыл дақты ізі бар пышақ табылған. Ресейдің криминалистік-сараптама орталығына сараптама өткізілу жүктелді. Олардың назарларына мынадай сұрақ қойылған: Пышақтағы дақ адам қаны ма, болса Н-дікі ме. Генотипоскопия әдісінің көмегімен тексеру жүргізгенде пышақтағы қан генотипі мен Н. деген азамат қанының генотипі бірдей, ал ондай ДНК (дезоксирибонуклеидтік қышқыл) ұқсастығы 300 млрд. адам арасынан бір ғана адамда кездеседі. Міне осыдан, күдіктіден алынған пышақтағы қан, Н. деген азаматтың қаны деп нақтылы қорытынды жасалды¹.

Бұл тек бір ғана мысал. Осындай орыс патшасы II Николай және оның жан ұясының сүйек қалдықтары бойынша, француз әншісі Иф Монтанның өкелік жағдайын анықтау бойынша ДНК әдісімен генотипоскопиялық зерттеулер жасалынып, нақтылы қорытынды берілген. Мұндай зерттеулер жасалынған кезде, биологиялық тегі бар заттардың аз ғана мөлшері жеткілікті.

¹ Самищенко С.С. Судебная медицина. Учебник для юридических вузов. – М., 1996. – С.325.

Қылмысты тергегенде тіс, тырнақ және басқа да дене мүшелерінен қалған іздер кеңінен қолданылып, мұндай зерттеулер барысында қылмыстық іс бойынша шындықты анықтайтын идентификациялық және диагностикалық сұрақтар шешіледі.

Механоскопия.

Механоскопия деп – сындыру құралдарының, өндіріс механизмдері, құлып, пломба іздерін оқып үйренетін және қылмысты өшкерелеу мақсатында осы іздерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін трасологияның тарауын айтамыз.

Сындыру құралдарының іздері көбіне бөгеттердің жартылай немесе толығымен бұзылу салдарынан қалып, ол үшін механикалық әсер ету тәсілдерін қолданады.

Сындыру құралы ретінде пайдаланатын заттар мен саймандарды мынадай топқа бөлуге болады:

а) өндіріс немесе шаруашылыққа арналған құрал-саймандар (бұрауыш, қашау, балта және басқалар);

б) қоймаларды ашу және бөгеттерді бұзу үшін арнайы жасалған заттар (желбезекті кілт (отмычка), қазтабан (гусиная лапа) деген есіктерді сығып сындыруға арнайы жасаған сайман т.б.);

в) кездейсоқ заттар (жолшыбай жерден немесе басқа жақтан алынған, мысалы, темірқазық).

Тәжірибеде кездесетін сындыру құралдарының түрлері



1 – фомка; 2 – «гусиная лапа» (краб);
3 – трубка (слон); 4 – уистити

Құрал-саймандарды қолдану салдарынан сынған бөгеттерде қалатын іздер:

- кескінделген іздер – көлемді және үстіртін (мысалы, ағаш есіктегі шеге суырғыштың жұмыс жасайтын бөлігінен қалған, осы бөліктің формасы мен өлшемін қайталайтын көлемді із; сейфтегі сызылған трассалар жиынтығы);

- зат түріндегі іздер (мысалы, бөгет, сайман, жабу құрылғыларының бөлшектері);

- нәрсе түріндегі іздер (мысалы, метал, ағаш үгінділері, көлемдері кішкене бұзылған бөгет бөлшектері).

Сындыру құралдарынан қалған іздердің криминалистикалық маңыздылығы – оларды зерттегенде екі топты (идентификациялық және диагностикалық) криминалистикалық сұрақтарды шешу мүмкіндігінде жатыр.

Диагностикалық сұрақтар:

- оқиғаның кейбір жағдайлары мен сындыру механизмін анықтау (мысалы, бөгет (есік) қай жағынан сындырылды, сындыруға қатысушылар саны);

- сындырған адам белгілерін анықтау (мысалы, шамамен бойын, жасын, жынысын);

- сындыру құралының топтық дәрежесін анықтау (мысалы, есік жақтауындағы көлемді іздің формасы мен өлшемі арқылы қашау сияқты сайман тобын бөліп шығару).

Идентификациялық сұрақтар:

- сындыру құралын идентификациялау;

- бір сайманның бірнеше қылмыста қолданғандығын анықтау.


Қылмысты тергеу барысында көбінесе із қалдыратын тұрмыстық ұсақ-түйек бұйымдарды зерттеу қажеттілігі туындайды (түйме, скрепка, фара шынылары және т.б.). Мұндай объектілерді зерттеу мақсаты – бір жерден шығу тегін анықтау болып, мынадай сұрақтарды шешумен нақтыланады:

- зерттеудегі бұйым нақтылы өндірістік механизмде жасалды ма (агрегатты идентификациялау);


— зерттеудегі бұйым бір лекке жататындығын (бірнеше бұйымдардың бір ғана өндірістік механизмді қолдану арқылы жасау фактісін анықтау).

Механоскопияда өз алдына бөлек зерттеу объектілеріне жабу механизмдері (құлыптар) және сақтандыру құрылғылары (пломбалар) жатады.

СУВАЛЬДІК ҚҰЛЫПТЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРИНЦИПІ



1-кілт салатын саңылау (скважина); 2-беткейіндегі планка; 3-серіппе; 4-қорап; 5-беларқа; 6-сувальда; 7-беларқаның шығыңқы жері; 8-сувальда осі; 9-кілт




1-қорап; 2-сувальда; 3-беларқа; 4-беларқаның шығыңқы жері; 5-сақтандырғыш томпақ; 6-кілттің шапқысы; 7-кілттің өзегі


Құлыштарды зерттеу кезінде шешілетін сұрақтар:

- құлыштың механизмдерінің жарамдалығы, жарамсыз болса оның қалай жабылатындығы;
- құлып ашық немесе жабық күйінде сындырылғандығы;

ЦИЛИНДРЛІК ҚҰЛЫПТЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ПРИНЦИПІ



1-патрон; 2-цилиндр; 3-кілт салатын саңылау (скважина); 4-кілт;
5-шапқы; 6-цилиндр штифтері; 7-патрон штифтері;
8-шиыршықты серіппелер



1-беткейлі планка; 2-қоран;
3-сның; 4-сның серіппесі;
5-цилиндрлік механизм;
6-берік штифт (тіреу);
7-беларқа

- құлып қандай құрал-сайманмен сындырылған;
- қағаздан жасалған сақтандырғышты бұзбай құлыпты ашуға бола ма;
- құлып қандай тәсілмен ашылған

Пломбаларды зерттегенде диагностикалық және идентификациялық сұрақтар шешіледі.

Диагностикалық сұрақтар:

- пломба бүлінген бе, егер бүлінсе қандай тәсілмен;
- пломбаның қайта ілінгендігі;
- пломба ішіндегі сымның (жіп) бүлінгендігі;
- зерттеудегі пломба үстіндегі сандық және әріптік белгілер мазмұны қандай және т.б.

Идентификациялық сұрақтар:

- зерттеудегі пломба үстіндегі оттискілер нақтылы пломба жасайтын қысқашпен жасалғандығы;
- зерттеудегі бірнеше пломба үстіндегі оттискілер бір ғана пломба жасайтын қысқашпен жасалған ба;
- зерттеудегі пломбаның ақаулары немен жасалғандығы.

Пломбалардың трасологиялық сараптамасы, жүк жөнелтуші мен жүк қабылдаушының теміржол мекемелеріне берген шағымдары бойынша іс арбитражды (қазіргі кезде экономикалық) сотта қарастырылған кезде тағайындалады¹.

Көліктік трасология. Көліктік трасология көлік құралдарының іздерін қарастырып, оларды төмендегідей түсінуге болады:

- көлік құралдарының детальдары мен бөлшектердің сыртқы құрылысын кескіндейтін іздер (мысалы, жол үстіндегі шина протекторының іздері, соқтығысу салдарынан пайда болған көлік құралдарының деформациясы);
- көлік құралдарынан бөлініп қалған заттар (мысалы, фара сынықтары, радиатор торының бөліктері);
- көлік құралдарынан бөлектенген нәрселер (вещества). Оларға, жанар май тамшылары, суыту жүйесіндегі сұйықтықтар, бояу бөлшектері, саз іздері жатады.

¹ Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в уголовном, гражданском, арбитражном процессе. – М., 1996. – С.95.

Жол көліктері апатының түрлеріне байланысты басқа да іздер пайда болуы мүмкін. Оларға: қан іздері, жәбірленуші денесінің жол үстімен сүйретілуі, оның аяқ киімінің сырғанауы, дене және киімдегі жыртылу іздері, көлік детальдарымен сүйкенісу салдарынан пайда болған киімдегі металл іздері жатады.

Көлік құралдарынан қалған іздерді зерттеудегі *диагностикалық сұрақтар*:

- көлік құралының моделін, маркасын, түрін анықтау;
- із қалдырған доңғалақ моделін анықтау;
- із қалдыру механизмі мен кейбір жағдайларды анықтау (мысалы, көлік бағытын, жаяу адамды қағып кеткен жерді, тоқтаған орнын).

Іздер бойынша нақтылы көлік құралын теңдестіру – *идентификациялық мәселеге* жатады.

Жоғарыда аталған зерттеулердің мүмкіндігін жете түсіну үшін транспорттық трасологияда талданатын іздер санатымен тыңғылықты танысқан жөн.

Қозғалыс бөлігінің іздерін рельссіз жүретін транспорт (автомобиль, мотоцикл, велосипед, трактор, арба, шана) қалдырады. Іздің жасалу мезетіндегі доңғалақтың жағдайына қарай домалау және сырғанау іздерін ажыратуға болады. Біріншісі, доңғалақтың үдемелі-айналмалы қозғалысының нәтижесінде пайда болса, ал екіншісі – тежеу барысында доңғалақты толық тоқтатқан кезде орын алады.

Ізді қабылдау беткейінің қасиетіне қарай қозғалыс бөлігінің іздері үстіртін және көлемді болады. Аталмыш іздер бойынша көліктің бағыты мен қозғалыс тәртібін (тежеді ме, тоқтады ма), түрін, моделін, ал қолайлы жағдайда оны теңдестіруге, яғни, идентификациялауға да болады.

Жеңіл және жүк тасымалдайтын автомобильдерді олардың іздері бойынша дифференциациялау артқы қосалқы доңғалақтардың болу-болмауын және автомобиль базасының өлшемі мен жасаған жол (колея) енін ескере отырып жүргізіледі.

Жасалған жол (колея) ені деп оң жақ және сол жақ артқы доңғалақтар іздерінің ортасынан жүргізілген сызықтың екі ортасындағы арақашықтықты немесе артқы қосалқы доңғалақтардағы саңылаулар аралығын айтады.

Автомобиль базасы деп алдыңғы және артқы доңғалақтардың біліктерінің (ось) арасындағы аралықты айтады.

Апат кезінде көлік ішінде отырған адамдардың алған жарақаттарының сипаты, киімдері мен аяқ киімдерінің үстіндегі қалған іздері, көлік құралының бөлшектері арқылы рөлде кім отырғаны анықталу керек. Ол үшін кешенді сот-медициналық, трасологиялық және автотехникалық сараптама тағайындалады. Сарапшылар қарамағына көлік құралын, транспортты, өлген адамды, оқиға болған жерді тексеру хаттамалары және қаза болған жәбірленушілерді союдың сот-медициналық қорытындысы беріледі.¹

Жануарлар іздері. Трасологияның бұл тарауы жануарлар аяғының, табанының, тұяғының, тісінің, тырнағының, тағасының іздерін, сонымен бірге тері немесе мүйізіне қойылған таңбаларын зерттеуден өткізуді қарастырады. Мұндай зерттеудің мақсатына із қалдырған жануарды және із қалдыру механизмін анықтау жатады.

Диагностикалық мәселелер:

- ізді қай жануар түрі қалдырған;
- жануар жүрісінде қандай ерекшелік бар;
- іздердің пайда болу механизмі қандай.

Идентификациялық мәселелер:

- ізді нақты бір жануар қалдырған ба;
- жануар терісіндегі (мүйізіндегі) таңба, зерттеуге берілген тауар белгісімен басылған ба?

Микротрасология. Микротрасология деп – қылмысты әшкерелеу мақсатында микрообъектілерді жинап,

¹ Еленюк Г.И., Ищенко П.П. *Вопросы, разрешаемые криминалистическими экспертизами: Учебное пособие.* – Караганда: ВШ МВД РК, 1993. – С.55.

зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін трасологияның тарауын айтамыз. Микрообъектілер деп қылмысқа қатысы бар көлемі мен салмағы кішкене болып келетін және де оларды жинап, зерттеу әрекеті арнайы техникалық құралсыз мүмкін болмайтын материалдық объектілерді айтамыз.

Микрообъектілер жіктелуі (классификациясы):

- агрегаттық күйі бойынша – сұйық (эмульсия, ерітінді), қатты (кристалды, аморфты), газ тәріздес;
- табиғаты бойынша – органикалық және биорганикалық (органикалық емес);
- шығу тегі бойынша – қылмыскердікі, жәбірленушінікі, қылмыс құралынан, көлік құралынан, қылмыс болған жерден.

Көлемі кішкентай болып, көзге көрінбеу салдарынан микрообъектілерді жинаудың (табудың, бекітудің және алудың) ерекшеліктері бар.

Микрообъектілерді төмендегідей ережелерді сақтай отырып табуға болады:

1. Барлық объектілер алдымен жан-жаққа қозғамаған күйінде қарастырылады. Қозғаған жағдайда ол объектінің астына таза қағаздың жылтыр жағын орналастырады.

2. Объектіні таза құрал (пинцет сияқты), резеңке қолғап кию арқылы ұстау керек.

3. Қарау кезінде абайсызда бөлініп қалған бөлшекті кейін қарастыру мақсатында сақтау керек.

Микрообъектілерді табу үшін мынадай әдіс-құралдар пайдаланылады:

- қарапайым көзбен немесе лупа арқылы шағылысқан және қиғаш түскен жарықта көзбен бақылау;
- галоген лампалары, электр фонарьлары, лабораториялық микрожарық түсіргіштер;
- ультракүлгін сәуле (жіп талшықтарын, бояу үгінділерін, жанар май іздерін, құжатты уландыруда қолданылатын химиялық қоспаларды және т.б. табу үшін);
- инфрақызыл сәуле (қара түсті заттардың үстінен қара микрообъектілерді табу – мысалы, күйе, сия).

Микрообъектілерді бекіту және алу ерекшеліктері олардың табиғатымен анықталады. Микрообъект бар заттың өзін қоса алған тиімдірек болады. Ал егер де затты алу мүмкіндігі болмаса, онда пинцет немесе басқа да арнайы құралды қолдану арқылы кішкене бөлшектер алынады. Ұнтақ тәріздес құрғақ нәрселер (үн, өк, темекі күлі және т.б.) таза қағаздың жылтыр бетіне түсіріледі. Металл үгінділері кішкене магнит көмегімен алынады (мысалы, таза магниттік кисть). Алу тәсіліне микрошаң-сорғыштарды қолдану да жатады. Онымен қылмысқа қатысы жоқ микрообъектілер де алынады.

Микрообъектілерді буып-түйю үшін пробирка, су қағаз және шыныдан жасалған ауызы жақсы жабылатын флакондар, пластмассадан жасалған контейнерлер пайдаланылады. Бұл құралдар арнайы қобдишада сақталады.

Микрообъектілерді зерттеу мақсатына объектілердің бір-бірімен қарым-қатынаста болуын анықтау жатады. Мысалы, жәбірленуші үстіндегі бояудың нақтылы автокөлікке жататындығын анықтау, сол жәбірленуші мен автокөліктің қарым-қатынаста болған фактісін дәлелдейді. Кейбір жағдайларда микрообъектілерді зерттеу негативті жағдайды дұрыс түсіндіріп бере алады¹.

Мұндай мақсатқа диагностикалық және идентификациялық мәселелерді шешу арқылы жетуге болады.

Диагностикалық мәселелер:

• микрообъектілердің табиғатын, белгілі бір топқа жататындығын анықтау;

• күдікті немесе жәбірленушінің кейбір белгілерін анықтау (мысалы, мерт болған адам киімінің үстіндегі микроэлементтер бойынша, оның мамандығын немесе айналысатын кәсібін анықтауға болады);

• қылмыскердің киімі, қолданған құралы және көлігі туралы мәлімет алу;

• қылмыс оқиғасының жағдайын анықтау – уақыты, орны, қылмыскердің жүрген жолы, іс-қимылдарының реті мен сипаты (мысалы, жәбірленуші немесе күдікті

Дворкин А.И. Осмотр, предварительное исследование и экспертиза вещественных доказательств – микрочастиц. – М., 1980. – С.7-20.

үстіндегі топырақ немесе шаң арқылы қылмыс болған жерді анықтауға болады).

Микрообъектілерді зерттеу кезінде шешілетін идентификациялық мәселеге нақтылы объектіні теңдестіру жатады (мысалы, кісі өлтіру орнында табылған кішкентай металл, күдіктіден алынған пышақтың сынығы болып шықты). Бұл мысалда идентификацияның біртүтасты бөліктері (целого по частям) арқылы теңдестіру түрін қолданғандығы байқалып отыр.

2.4. Қарулар және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуі

Қарудың криминалистикалық зерттеуінің түсінігі

Кейінгі жылдары атыс, суық, газды, сонымен бірге жарылғыш заттар сияқты қару түрлерін пайдалану арқылы жасалған қылмыс саны елеулі өсіп отыр. Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 30-желтоқсанындағы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңының 1-бабына сәйкес, қару деп конструкциялық жағынан алғанда тірі немесе өзге де нысананы зақымдауға, сондай-ақ белгі беруге арналған құрылғылар мен заттарды айтамыз. Қылмысты тергеу тәжірибелері көрсеткендей, қару қылмыскерді ұстағанда, оқиға болған жерді қарағанда, тінту барысында, өз еркімен келіп тапсыру кезінде алынады. Заңсыз әрекеттерде қару қолданылған жағдайда, ол криминалистикалық зерттеу заты болады да, іс бойынша нақты шындықты ашуда елеулі мәселе болып саналады.

Қарудың криминалистикалық зерттеуі деп әр түрлі қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар және олардан қалған іздерді және қылмысты тергеу мен ашу мақсатында осы объектілерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық техниканың саласын айтамыз.

Сонымен, қарудың криминалистикалық зерттеу за-
тына жасалу принциптері мен қару болып келетін әр
түрлі құрылғылардың жұмыс істеу заңдылықтары,
оларды қолданудан қалған іздердің пайда болу заңды-
лықтарын оқып үйрену, осының бәрін жинап (табу,
бекіту және алу), зерттеуде қолданылатын тиісті әдіс-
құралдарды жетілдіру жатады.


Өзінің бағытталған мақсаты мен негізгі өлшем сипа-
тына байланысты төмендегідей қару түрлері бар (Қазақ-
стан Республикасының 1998 жылдың 30-желтоқсанын-
дағы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына
мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңына сәйкес):

- *жауынгерлік* қол-атыс қаруы мен суық қаруға
Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік
құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы-
ның тиісті мемлекеттік органдары мен олардың
бөлімшелерінің қарулануына қабылданған жауынгер-
лік және жедел қызмет міндеттерін шешуге арналған,
сондай-ақ басқа мемлекеттерге беру үшін жасап шыға-
рылған қару жатады;

- *қызметтік* қаруға мемлекеттік органдардың мем-
лекеттік қызмет туралы заңға сәйкес қызметі мем-
лекеттік қызметшілердің жоғары және бірінші санатта-
рына жатқызылған лауазымды адамдарының, Қазақстан
Республикасы Парламенті депутаттарының, судьялар-
дың, прокурорлардың жеке басының, сондай-ақ ұйым-
дардың оларға заңмен жүктелген немесе өз жарғыларын-
да көзделген, азаматтардың өмірі мен денсаулығын,
меншікті қорғау, қоршаған орта объектілерін және та-
биғи ресурстарды, бағалы және қауіпті жүктерді, арнау-
лы корреспонденциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз
ету мақсатында пайдалануға арналған қару жатады.
Қызметтік қаруға қысқа ұңғылы тегіс және ойық ұңғылы
атыс қаруы, сондай-ақ ұзын ұңғылы тегіс және ойық
ұңғылы қару жатады. Ерекше жарғылық міндеттері бар,
Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заң-
ды тұлғалар пайдаланатын қаруды қоспағанда, қызмет-
тік қарумен түйдектете оқ атуды болғызбауы тиіс;

• *азаматтық қаруға* Қазақстан Республикасының азаматтары өзін-өзі қорғау, спортпен шұғылдану және аң аулау мақсатында пайдаланатын қару жатады. Азаматтық атыс қаруы оқты түйдектете атуды болғызбауға тиіс.

Баллистика дегеніміз оқтың қозғалысын қарастыратын әскери-техникалық ғылым. Ал **сот баллистикасы** деп атыс қаруларын, оның оқ-дәрілерін, жарылғыш заттарды, жарылғыш құрылғыларды қолданумен байланысты қылмыстарды тергеу барысында пайда болатын техникалық мәселелерді зерттейтін криминалистиканың таруын айтады.



Баллистикалық зерттеулер жүргізу барысында диагностикалық және идентификациялық мәселелер шешіледі.

Диагностикалық мәселелер:

• қылмыс оқиғасының жағдайын анықтау (атыс арақашықтығын, оқтың ұшу траекториясын, атқан адамның тұрған орнын, атылған оқтардың реті мен санын және т.б.);

- кейбір әрекеттердің жасалу мүмкіндіктерін анықтау (қару атуға жарамды ма, мылтық шаппасын баспай атылуы мүмкін бе және т.б.);

- қарудың (түрі, калибрі, моделі), оқ-дәрілердің, жабдықтау саймандары мен матриалдардың белгілі бір топқа жататындығын анықтау.

Идентификациялық мәселелер:

- атылған оқ пен гильза арқылы қаруды идентификациялау;

- біртұтасты бөлшектері арқылы теңдестіру (мысалы, тығын (пыж) ретінде пайдаланған қағаздың, күдіктінің үйінен табылған қағазбен сәйкестігі);

- патрондарды жабдықтаған саймандарды идентификациялау.

Атыс қаруы


Атыс қаруы деп – өзінің конструкциясы бойынша газ төріздес затты термиялық ыдырату энергиясынан нысаналы қозғалыс алған оқпен адамды, жануарды, бөгетті зақымдауға бағытталған құрылғыны айтады.

Атыс қаруы – оқ-дәрі немесе өзге де от алғыш қуатының әсері нәтижесінде ұңғы оқпанынан оқты, снарядты, гранатаны ұшырып шығаратын қару (Қазақстан Республикасының «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңы). Атыс қарулары артиллериялық (гаубица, зеңбірек, миномет) және атқыштық (тапанша, автомат, винтовка, пулемет), сондай-ақ гранатометтар болып бөлінеді. Әр түрлі функцияларды орындайтын бөлшектер мен механизмдер: оқпан (ұңғы), шаппалы және гильзаны алып тастайтын механизмдер, нысаналау тетігі мен мылтық құндағы. Көпзарядты атыс қарулар патронды оқпанға жіберіп отыратын механизмі бар магазиннен немесе оқты айналдыра оқтап отыратын механизмі бар барабаннан тұрады.

Тапаншалардың негізі бөлшектері мен механизмдері




- 1 – затвор; 2 – ырғытқыш; 3 – қайтарымды серіппе;
 4 – ұңғы қапалы; 5 – шаппалы ілмек; 6 – шаппа тәжісі
 (спусковая тяга); 7 – оқжатар (магазин);
 8 – от алдыреғыш серіппе; 9 – шаппаны қайыру тәжісі;
 10 – тапанша құлағы (курок); 11 – соққыш



- 1 – көздегіш (мушка); 2 – ұңғы; 3 – рамка; 4 – барабан;
 5 – патрон; 6 – шаппа; 7 – тапанша құлағы (курок);
 8 – тапанша құлағының сағасы; 9 – от алдыру серіппесі;
 10 – шептало; 11 – шаппалы ілмек; 12 – шаппалы
 қапсырма; 13 – шомполдық втулка; 14 – шомпол

Бөлшектеген кездегі



1 – оқпан мен шаппалы тұтқа орналасқан қаңқа (рамка со стволом и спусковой скобой); 2 – сақтандырғыш, ыргытқыш және ұрғышы бар затвор (затвор с ударником, выбрасывателем и предохранителем); 3 – қайтымды пружина (возвратная пружина); 4 – шаппалық-ұрушылық механизмнің бөліктері (части ударно-спускового механизма); 5 – бұрандасы бар тұтқа сап (рукоятка с винтом); 6 – затворлық бөгет (затворная задержка); 7 – оқжатар (магазин)

Атыс қаруын бөлектейтін белгілер:

- бағытталған мақсаты – адамдарды, жануарларды, бөгеттерді зақымдау;

- дәрімен атылу принципі.

Атыс қаруының конструктивті белгілері:

- дәрі зарядының от алатын камерасы бар оқпан;


- жабу құрылымы;

- ату құрылымы.

Ұңғы снарядқа қажетті кинетикалық энергия және нысаналы бағыт береді. Ұңғының тегіс (гладкоствольный) және ойық (нарезной) түрлері болады. Қазіргі кездегі қаруларда 4 немесе 6 ойық болып, олар оң немесе сол жаққа қисаюуы мүмкін. Ұңғыдағы ойықтардың

арасын бөлетін көтеріңкі жерлер, ойық алаңдары (поля нарезов) деп аталады. Оқ осы ойық алаңдарымен контактіде болу салдарынан оқпаннан айналып шығып, ұшу жылдамдығы үдей түседі.

Тегіс ұңғылы қарудың (аңшы мылтығының) негізгі тетіктері



- 1 – экстрактор; 2 – нысандау планкасының жалғасы;
 3 – құлыптау тақтасы; 4 – ұңғы астындағы ілмек;
 5 – осьтік болт; 6 – шаппаны қайырушылар; 7 – таяныш;
 8 – шаппалар; 9 – қалқанша; 10 – затвордың көлденең болты; 11 – жоғарғы кілт; 12 – сақтандырғыш кнопкасы

Ұңғының аузы және оқталатын жағы болады. Оқталатын жақтан ұңғының ішінде патрон салғыш болады.


Ойықты атыс қаруларының калибрі қарама-қарсы орналасқан екі ойық алаңдарымен айқындалады. Метрлік жүйесі қалыптасқан елдерде мынадай калибр-

лер кеңінен тараған: 5,45; 5,6; 6,35; 7,62; 7,65; 9 және 11,43. Ал ағылшын-саксон елдерінде калибр дюйм (мыңдық – Ұлыбританияда; жүздік – АҚШ-та) пайызында көрсетіледі: 22; 25; 30; 35; 45 (1 дюйм – 2,54 см).


Калибр, қисаю бағыты мен бұрышы, ойық ені мен ойық алаңының қарым-қатынасы әр түрлі атыс қаруларының системаларында нақтылы вариацияларда болып, солардың арқасында атылған оқтағы іздер бойынша қай қарудан атылғандығын айқындай аламыз.

Жабу механизмі оқтық пен оқпанда саңылау қалдырмай, снарядтың бағытты қозғалысын қамтамасыз етеді. *Ату механизмі* капсуль арқылы зарядтың қуаттануын қамтамасыз етеді. Атыс қаруының жарағы ретінде *патрондар* болады.

ОЙЫҚТЫ ҚАРУ ҰҢҒЫСЫ КАНАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ



1 – калибр; 2 – ойықтар қыры; 3 – ойық түбі; 4 – ойық алаңы



1 – бастамалық кесінді; 2 – патрон енгізілетін жер;
3 – оқтық; 4 – оқ енетін жер; 5 – ұңғы каналының ойықты бөлігі; 6 – ұңғы аузындағы кесінді


Қазіргі кездегі атыс қаруларының патрондары өмбебап болып келеді, яғни, өзіне атыс жүргізуге қажетті барлық компоненттерді жинақтаған:

- гильза – цилиндр немесе шөлмек формасындағы стақан төріздес болып келген патронның негізі. Гильзаның корпусы металл, қағаз немесе пластмассадан жасалады. Гильза түбінде шаппаны (боек) ұрғанда зарядты қуаттандыратын капсюль орналасқан;

- дәрі (порох) – қазіргі кездегі патрондарды қуаттандыратын заряд. Ол түтінді немесе түтінсіз болады;


- снаряд – оқ.

Ойықты атыс қаруына арналған патрондардың үлгілері:



*а – 5,6 мм калибрлі спорттық қаруға арналған;
 б – 6,35 мм калибрлі тапаншаға (пистолетке) арналған;
 в – 7,62 мм калибрлі «Наган» револьверіне арналған;
 г – 7,62 мм калибрлі Токарев (ТТ) тапаншасына арналған; д – 7,65 мм калибрлі «Браунинг» тапаншасына арналған; е – 9 мм калибрлі Макаров (ПМ) тапаншасына арналған; ж, з, и, к – оқтың ұзындығы мен қалыбына қарай ажыратылатын 9 мм калибрлі пистолеттік патрондар; л – 11,43 мм калибрлі «Кольт» тапаншасына арналған; м – 7,62 мм калибрлі винтовкаға арналған*

Патронның негізгі бөлшектерінің атаулары



*А, Б, – шаппасы ортадан серпитін;
В – шаппасы шеңбер түрінде серпитін*

Ойықты қару (А):

1 – гильза қалыбы, 2 – шеңберлі ойық; 3 – фланец; 4 – капсюль; 5 – үңгіше (дульце); 6 – скат; 7 – лақтырушы дәрі-дәрмек; 8 – оқ өзекшесі; 9 – оқ қабығы; 10 – ойықша.

Тегіс оқпанды қару (Б):

1 – гильза қалыбы, 2 – гильза негізі; 3 – фланец; 4 – капсюль; 5 – киіз немесе полимерден жасалған тығындар (пыжи); 6 – прокладкалар; 7 – лақтырушы дәрі-дәрмек; 8 – бытыралық заряд; 9 – жабылған жер.


Шеңбер түрінде серпілетін (В):

1 – гильза қалыбы, 2 – қалташық; 3 – фланец; 4 – тығыздалған оқ-дәрі; 5 – лақтырушы дәрі-дәрмек; 6 – оқ; 7-8 – накатка және ойықша.

Ойықты қарулардың кеңінен тараған оқтары



1-болаттан жасалған жүрекше; 2-болат қабықша; 3-қорғасын



А – берік құрысталған жүрекшесі бар қалың темірді бұз алатын қабықшалы оқ;

Б – ортасы қуыс жоғары шапшаңдықтағы ТНУ оғы;

В – басы экспансивті воронка түрінде болатын оқ

Атыс қаруларының жіктемесі (классификациясы):

а) мақсаты бойынша – жауынгерлік (тапанша, револьвер, карабин, тапанша-пулемет), аңшылық (карабиндер және т.б.), спорттық, қылмыстық (қолдан немесе зауыт бөлшектерін пайдалана отырып жасаған; мылтық құндағы (ложа) мен оқпанын қысқартудан пайда болған қысқа мылтық; газды, старттық және т.б. тапаншаларды қайта ыңғайластыру арқылы; зауыттың басқа патронмен ату үшін ыңғайластырған);

Тегіс ұңғылы қарудың кеңінен тараған оқтары



1 – шартіріндегі оқ; 2 – «спутник»; 3 – Демидовтың қосарласқан оғы; 4 – «Диаболо»; 5 – «Парадокс»; 6 – Мак-Элвин оғы; 7 – «Кировчанка»; 8 – Якан оғы; 9 – Бреннеке оғы; 10 – Ширинский-Шихматов оғы; 11 – Вицлебен оғы; 12 – БС (ағайынды Соколовтар) оғы; 13 – «Вятка»; 14 – «Стрела» (Шитүев оғы); 15 – ВВОО-Ильин оғы; 16 – «Идеал» атты Штендебах оғы; 17 – екі есе турбиналық Майер оғы

б) зарядтау механизмі бойынша – автоматикалық, жартылай автоматикалық және автоматикалық емес (жартылай автоматикалық дегеніміз атыс жүргізетін ілгекті (спусковой крючок) әрбір атыс сайын басу қажет, ал автоматикалықта бір басып ұстап тұрса, атыла береді);

в) оқпан ұзындығы бойынша – ұзын, орта және қысқа оқпанды;

г) жасалу тәсілі бойынша – зауыттық, қолөнерлік, қолдан жасау;

д) оқпанның конструкциясы бойынша – ойық (нарезной), тегіс (гладкоствол), құрастырылған (комбинированный).

Кеңінен тараған тапаншалардың түрлері және «Калашников» автоматы

ГШ-18 9 мм
Ресей



ПЯ «Грчч» 9 мм
Ресей



Glock-19 9 мм
Австрия



Смит и Вессон
SMITH & WESSON 40р 9 мм
«Sigma» АКШ



Смит и Вессон
SMITH & WESSON
Militari and Police MP-40
АҚШ



Зиг-Зауэр
Sig Sauer Pro 2340 9 мм
Швейцария



Браунинг
Browning PRO-9
9 мм АҚШ

Вальтер
Walther P99
9 мм Германия



Жалпы атыс іздеріне оқ, гильза және осылардың үстінде қару детальдарынан қалған іздерді, дәрі, тығын, бытыра, оқпан ұңғысының ішінде атыстан кейін қалған өнімдерін (кейде атқан адамның қолында да болады), бөгеттердегі атыс іздерін жатқызуға болады.



Кольт 45 1911 1А
АҚШ



Браунинг 9 мм ГП-35
«High Power»
Бельгия



Револьвер 9 мм
Mauser
Германия




Револьвер 9 мм
Beretta 2997 9 мм
АҚШ



Гильзада іздер зарядтау, ату және қайтадан алып тастау кезінде қалады:

- капсюльдағы жаншылу түріндегі шаппадан қалған із;
- гильза түбіндегі домалақ, сызық, доғал болып келген затвордың оқтық итергішінен қалған із;
- гильза түбінде жаншылу түріндегі қайтарғыштан (отражатель) қалған із;
- шеткері шығып тұрған фланец шетінде жаншылу түріндегі алып тастағыштың (зацеп выбрасывателя) ізі;
- гильза корпусының үстіндегі оқтықтың трасса түріндегі ізі (кейде ғана қалады);



1 – ырғытқыш іздерінің әрқалай орналасуы;

2 – патрондықтың артқы шетінен қалған із;

3 – оқшантай (магазин) ернінен қалған із;

4 – қайтарғыштан қалған іздер;

5 – шаппа ұшынан қалған із;


6 – затвордың алдыңғы қиығынан қалған іздер

Атыс қаруын оқтап және ату барысында гильзаларда қарудың әр түрлі тетіктерінен көптеген іздер қалып, олар арқылы қарудың түрін және системасын анықтауға, сондай-ақ тендестіруге болады.

Оқтағы іздер зарядтау, ату және бөгетпен кездескен мезетте қалады:

- магазин ернеуі және оқпанның оқтайтын жағынан сызық түрінде қалған іздер;

Атыс жүргізу сызбасы



- оқпан ұңғысының ойық алаңдарынан қалған іздер бірінші және екінші (оқтың осіне тігінен және бұрыш түрінде болып келген сызықтық ойықтар түрінде);

- бөгетпен кездесу нәтижесінде пайда болған сызылу, жаншылу, бүліну түріндегі іздер.

Бөгеттегі атыс іздері:


- негізгі – атыстың негізгі факторының әсер ету нәтижесінде пайда болған (снарядтың бөгетке әсер етуі), яғни, еніп кеткен жарақат (тесіп өткен немесе тесе алмаған), енбеген жарақаттар (жаншылулар, жанасып өткен, ағаштың жаңқалануы және т.б.);

- қосымша – атыстың қосымша факторының әсер ету нәтижесінде пайда болған – ысылу белдігі (поясок обтирания), штанцмарка (қарудың алдыңғы бөлігі-оқпан


ауызының көшірмесі), шарпу (опаления), күю (ожог), ысталу (окопчение), дәрінің жанбай қалған бөліктері, май, жарылып кеткен іздері.

Қарудың серпімділігі және оның алға қарай рефлекторлық қайтымдылығы әр атылған сайын көзге түседі. Алегер де қару объектіге тіреп қойылған жағдайда атылса, онда ол қарудың алдыңғы бөлігі (оқпанның бас жағы, оқпан компенсаторы, затвор қапшығы (кожух затвора) объектіге соққы берумен байқалады. Осының салдарынан кескін пайда болып, ол криминалистика мен сот медицинада «штанцмарка» деп аталады.

Сынық материалдардағы оқ тесігінің пайда болу механизмі *Пластикалық материалдардағы оқ тесігінің пайда болу механизмі*



Тік бұрышта тигендегі оқ тесігінің конфигурациясы *Қиғаш бұрышта тигендегі оқ тесігінің конфигурациясы*



Штанцмарканың пайда болу механизмі



Іс жүзіндегі тәжірибеден мысал: Полиция қызметкері кешкісін үйге келе жатып, көмекке шақырған дауыс естиді. Дуалды айналып отырып жүгіріп барса, 50 метрдей жерде екі адам шалажансар үшіншіні ұрып-соғып жатыр екен. Қызметкер ескерту ретінде аспанға бір рет тапаншасынан атып, соларға қарай жүгіреді. Полиция қызметкеріне атыстан кейін, жерде жатқан адам қарсылық көрсетпей, сұлап түскендей болды. Екі адам тапанша дауысы мен келе жатқан полиция қызметкерін көріп қашып кетті. Қызметкер жердегі адамға келгенде, ол өліп жатты. Сол жақ кеудесінде қан іздері байқалып жатты. Байқаусызда кісі өлтіру бойынша іс қозғалды. Қызметкер абайсызда шүріппені басып қалып, адамды өлтіргеніне кәміл сеніп жүрді.

Осы оқиға бойынша баллистикалық сараптамаға мынадай сұрақтар қойылды:

1. Қай жерден және қандай арақашықтықтан оқ атылды;
2. Атыс кезінде қару мен жәбірленуші денесі қандай өзара қатынаста болды;
3. Мәйіттен алынған оқтың қызметкер тапаншасынан атылғандығы.

Сараптама анықтаған жағдайлар:

- өлімге әкеп соқтырған атыс жақыннан (тіреп қойып ату) жасалған;
- жәбірленуші денесінен алынған оқ мүлдем басқа маркалы тапаншадан атылған;
- жәбірленушіні қызметкер емес, шабуыл жасаған қылмыскер өлтірген, яғни, оның тапаншасының даусы қызметкер тапаншасының даусымен қосылып кетіп, естілмей қалған.

Суық қарудың криминалистикалық зерттеуі

Суық қарудың криминалистикалық зерттеуі деп суық қарудың әр қилы түрлерін оқып үйренетін және қылмысты тергеп ашу мақсатында аталмыш объектілерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық қару танудың тарауын айтамыз.

Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 30-желтоқсанындағы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңына сәйкес суық қару – нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен қозғалысқа келтіретін қару. Сонымен қатар лақтырылатын қару, яғни, нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің немесе механикалық құрылғының көмегімен бағыттталып, қозғалысқа түсетін қаруда, осы заңның 1-бабы 8-тармағында атап өтілген (мысалы, садақ, арбалет және т.б.) (10, 10 а-суреттер). Соған орай лақтырылатын суық қару мен суық қарудың шығу тегі негізінен бірдей болғандықтан, ол төмендегідей жазылуы тиіс: *Суық қару деп адамның бұлшық еті күшінің өзімен немесе механикалық құрылғыға оның жанама түрде әсер етуі арқылы бағыттталып, тірі және басқа да нысананы тікелей жанау арқылы немесе арақашықтықта затпен, әлде снарядпен зақымдайтын және осы мақсатқа жету үшін техникалық тұрғыдан жарамды болып келетін құрылғы немесе затты айтамыз.*

Суық қарудың жіктеме жүйесі

Суық қару әр түрлі негіздер арқылы жіктелуі мүмкін: қолайлы қимыл арақашықтығы, мақсаты, дайындау тәсілі, жалпы конструкциясы, зақымдау қимылдарының тәсілі және қимылдау, қолға ұстау, қолдану тәсілі мен құрылысы бойынша бөлінеді.

Қолайлы қимыл арақашықтығы бойынша жіктелген суық қарулар:

а) тікелей жанау арқылы қимылдау (қылыштар, қанжарлар, пышақтар және т.б.);

б) арақашықтықтан қимылдау (садақтар, арбалеттер, сюрикендер және т.б.);

в) қиыстырылған қимылдар (найзалар, пышақтардың кейбір түрлері).

Бағыттталған мақсаты бойынша жіктелген суық қарулар:

а) жауынгерлік (әскери, қызметтік);

б) азаматтық (аңшылық, спорттық, ұлттық);

в) қылмыстық.

Жауынгерлік суық қарудың мақсатын түсіндірудің қажеті жоқ сияқты, ол республикамыздың мемлекеттік органдарының жауынгерлік және жедел-қызмет міндеттерін, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілерінің қоршаған ортаны және өзінің жеке басы қауіпсіздігін қорғауға арналған қарулар.

Қазақстан Республикасының 1998 жылы «Қару туралы» заңына сәйкес, азаматтық суық қаруға республика азаматтарының өзін-өзі қорғау, спортпен шұғылданду және аң аулау мақсатында пайдаланатын қаруы жатады. Аңшылық суық қарулар хайуанды зақымдауға арналып, кейіннен оның етін союға да қолданылады. Спорттық суық қарулар криминалистикалық зерттеу объектісі болып, оларды қылмыс жасауға қолданған кезде (садақ, арбалет), әлде қылмыстық мақсатқа арнайы бейімделгенде (спорттық сапылар, рапиралардың ұштары доғал болып келеді – солардың ұшын шығарып, қайрап алса) саналады. Ұлттық суық қару әрбір ұлттың өзінің салт-дәстүрлеріне негізделі отырып жасалып, кейде ұлттық киімнің бір бөлшегі болып саналады. Мұндай өнер қазақ халқына да жат болмаған.

Қылмыстық суық қаруға қылмыстық іс-әрекетке арналып жасалған қарулар жатады. Осыған орай, ҚР-ның «Қару туралы» Заңының 7-бабының 4-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және қызметтік қару айналымына тыйым салынғандар арасында: «қол шоқпарлар, кастеттер үлгісіндегі суық қару, түймешікті немесе тұтқаны басқан кезде сабынан ұшы мен жүзі өздігінен шығып бекітілетін не салмақтың әсерінен немесе шапшаң қимылдан іске қосылатын және өздігінен бекітіліп ұшы мен жүзінің ұзындығы 90 мм-ден астам суық сұқпа қару мен пышақ және ұрып-уататын және шаншып-кесетін басқа да заттар» бар.

Дайындалу тәсілі бойынша:

а) зауыттық (фабрикалық, фирмалық) – өзінің конструкциясы бойынша техникалық талаптарға, стандарттарға сәйкес келеді, маркалық таңбалары болады;

б) қолөнерлік – кәсіби (ұлттық) дәстүрлерді есепке ала отырып, ұста-қарушылармен жасалады (ұстаның таңбасы болуы мүмкін);

в) қолдан жасау (жасанды) – арнайы кәсіби дағдысы жоқ, жеке тұлғалармен жасалынған.

Жалпы конструкциясы бойынша:

а) стандартты, яғни, тарихи қалыптасқан және басқа да үлгілерге сәйкес келетін, соның ішінде әскерде қолданылатын, ұлттар мен халықтар арасында қалыптасқан және әскери-техникалық, аңшылық, әскери-тарихтық және басқа да ғылыми жіктемелермен қабылданғандар;

б) стандартты емес, яғни, тарихи қалыптасқан және басқа үлгілерге сәйкес келмейтін, конструкциясы әр түрлі болып келетін және көбіне қылмыстық ортада қолданылатын;

в) атипикалық, оның екі түрі болады: 1) суық қарудың барлық белгілерін өзіне жинақтаған, құрылысына қарағанда бұрын мүлдем кездеспеген; 2) үй бұйымдары және басқа да заттарға жасырылған суық қарулар.

Зақымдау қимылдарының тәсілі бойынша: шаншитын (қырлы істіктер, сапы, үш қырлы қанжар, кортик сияқтылар), шабатын (доғал басты қылыш, ай балта сияқтылар), шаншып-шабатын (үшкір басты қылыш, ятаған, алдаспан, семсер сияқтылар) шаншып-кесетін (қанжар, пышақ сияқтылар), ұрып-сындыратын (кастет, қол шоқпар, сойыл, ұрыс қамшылары, нунчаку сияқтылар)¹.

Қимылдау, қолға ұстау, қолдану тәсілі мен құрылысы бойынша төмендегідей бөлінеді:

а) сұқпалы, яғни, тірі не басқа да нысанаға енетін немесе зақымдайтын элементі – сұқпасы болады;

б) сұқпасыз суық қару сүйекті уатуға және жұмсақ еттерді мыжғылауға бағытталған қару;

в) қиыстырылған, яғни, өзіне сұқпалы және сұқпасыз суық қарулардың қасиеттерін жинақтаған қару (кастет-пышақ, кастет-қанжар сияқтылар).

¹ Лақтырылатын суық қарулар снарядтарын шаншитын, шаншып-кесетін және ұрып-уататын топтарына да жатқызуға болады. Өйткені, садақ және арбалет жебелерінің ұшы үшкір өткір жүзі болады; ал, мысалы, арбалеттік шарлар мен болттар арқылы зақымдағанда адамның бас сүйегін уатып жіберуі мүмкін.

Сұқпалы суық қарулар. Жалпы алғанда, осы жіктеме жүйесіне енетін заттар жиынтығына нысананы сұқпа арқылы зақымдайтын үлгілердің үлкен тобы жатады. Сұқпасының ұзындығына қарай бұл қарулар тобы ұзын сұқпалы және қысқа сұқпалы болып жүйеленеді. Әрбір сұқпалы қарудың негізгі тетігіне бір тілім металлды жатқызып, ол өз алдына екі негізгі бөліктен тұрады – сұқпадан және артынан. Сұқпа тірі нысананы зақымдауға бағытталған. Артына әр түрлі тәсілдер арқылы сап бекітіледі. Сұқпа металына қойылатын талаптар:

– қаттылығы жеткілікті болу керек, яғни, жүздің өткірлігі ұзақ уақыт сақталуы тиіс;

– төзімділігі жеткілікті болу керек, яғни, сынбауы тиіс;

– иілімділігі жеткілікті болу керек, яғни, майысқан кезде бүлінбеуі тиіс.

Суық қарудың артын сұқпаға қарағанда, жұмсақ металдан жасайды. Бұл талаптарды қанағаттандыратын материал ретінде құрышталған және жұмсартылған болат алынады.

Іс жүзінде жиі кездесетін қысқа сұқпалы суық қарулар тобындағы заттар тетіктерінің мақсатын анықтайтын арнайы аттары болады. Осы түсініктердің кейбіреулерін атап өтейік.

Жүз – сұқпаның өткір қыры. Онымен екі түрлі зақым келтіріледі: кесу және шабу. Сұқпа неғұрлым өткір болса, соғұрлым денеге ену тереңдігі көбірек болады.

Сағасы – жетесінің алдындағы металл тілімінің қайралмаған бөлігі. Жетесіне кигізілген саптың сұқпаға сырғып кетуінен сақтандырады. Сағасында маркалық белгілер мен таңбалар қойылады.

Сырты (желкесі) – сұқпаның жүзіне қарама-қарсы орналасқан өтпес қыры. Суық қарудың кейбір түрлерінде маркалық белгілер мен таңбалар осы сыртына басылады. Сырттар домаланған, бұрышталған және тұзу формасында болып келеді.

Сыртының қиғашы – үшкірлік нысанға келтіру мақсатында сырт сызығының ұшына қарай қисаюы.

● Ұшы – жүздің жүзбен немесе жүз сұқпа сыртымен қосылған нүкте.

● Дола – фрезермен өңдеу, соғу нәтижесінде жасалатын сұқпа бойымен қатарласып жүретін кішкене науа түріндегі ойықтар. Дола сұқпаның салмағын азайту және қаттылығын жоғарлату үшін жасалынады.

● Қаттылық қыры – екі жүзді сұқпалардың қайралған екі жүзінің қосылған жерінде (мысалы, қанжар), ал бірнеше қырлы қаруларда (үш қырлы қанжар), кесетін қыры болып табылады. Осы қаттылық қыры да, сұқпаны иген кезінде төзімді болуын қамтамасыз етеді.

● Эфес – ұзын сұқпалы суық қарулардың қолды сақтайтын, сапты біріктіретін жеріндегі бөлшек.

● Сап – сұқпамен қимыл жасауға ыңғайлылық жасайтын бөлігі. Оның мөлшері, нысаны, сыртқы өрнектеліп-әшекейленуі және сұқпаға қатысты жағдайы суық қару түріне байланысты болады. Осылайша, сап сұқпаға параллель не бұрышталып бекітілуі мүмкін. Саптың жетеге бекуі екі тәсілмен орындалады: шегенделу және отырғызылу.

● Қазинегі – қысқа сұқпалы суық қарудағы металдан жасалған бөлшек. Сұқпаның сағасында сапқа перпендикуляр етіп орнатылып, саусақтардың сұқпаға қарай жылжып-сырғанап кетуінен сақтайды және қарсыластың денесіне саптың қоса кіруіне жол бермейді.

● Дүм – қару сабының аяқталған жері. Саптың өзін металл тілімінің жетесіне мықты етіп орнату үшін және қарудың қолдан сусып шығуына жол бермейтін, сонымен қатар кейбір суық қару үлгілерінің ептілігін қамтамасыз етіп, сұқпаның қарсы салмағы ретінде пайдаланады.

● Қын – сұқпаны салып қоятын футляр. Олар әдетте ағаштан, металдан, теріден және тағы басқа да материалдардан жасалуы мүмкін.

● Жоғарыда суреттелген бөлшектердің бәрі сұқпа қарулардың үлгілерінде әр түрлі көрсетіліп және бір үлгіні екіншіден айыратын ерекшеліктермен сипатталады. Сұқпалы суық қаруларға қылыш, сапы, семсер, ятаған,


алдаспан, қанжар, кортик, штык, пышақ сияқтылар жатады. Осы үлгілердің конструкциялық, өлшемдік, басқа да ерекшеліктерін сипаттай отырып, жеке-жеке тоқталып өтейік.



Палаш



Сапы (шпага)




Рапира




Ятаган



Доғал басты қылыш (сабля)



Үшкір басты қылыш (шашка)



Европалық семсер



Жапон семсері (катана)

Сапы (шпага) – түзу жіңішке сұқпасы бар шаншитын қару. Сұқпасының ұзындығы 660-900 мм, домалақ, ромб сияқты және үш бұрышты болып келген қимасы бар (жүзі мен сырты болатын жалпақ түрлері сирек кездеседі). Үш қырлы қанжар (стиллет) – ұзындығы 400 мм-ге дейін домалақ, сопақ немесе қырлы сұқпасы болатын шаншитын қару. Қазинегі айқастырылған, ал дүмі әлді болып келетін сап түріндегі эфесімен сипатталады.

Кортик – жүзі болмайтын жалпақ немесе қырлы жіңішке сұқпалы шаншитын қару. Сұқпасының ұзындығы – 210-275 мм, ені – 10-22 мм. Әскер түрлеріне сәйкес офицерлер, ұшқыштар, теңізшілер кортиктері болады.

Доғал басты қылыш (сабля) – аздап иілген сұқпасы бар шабатын қару. Сұқпасының ұзындығы – 800-1000 мм, ені – 30-40 мм, қалыңдығы – 4-6 мм болып келген. Қолды қорғайтын тостаған төріздес немесе айқастырылған қазинегі (эфесі) болады. Бұл қылышты қын ішінде алып жүреді.

Үшкір басты қылыш (шашка) – қарапайым эфесті, аздап басы иілген сұқпасы 780-870 мм болып келетін шаншып-шабатын және кесетін қару. Сұқпасының ені мен қалыңдығы жоғарыда аталған доғал басты қылыштағыдай, көбінесе екі-үш доламен сипатталады.

Ятаған (түріктің қайқы қылышы) – түзу эфесті, екі есе иілген сұқпасының ұзындығы – 570-690 мм болып келетін шаншып-шабатын және кесетін қару.

Семсердің түзу, кең және қалың екі жүзі де өткір сұқпасы болады. Сұқпасының ұзындығы – 700-900 мм, ортасынан қаттылық қыры өтеді және үшкір ұшымен сипатталады. Қазинегі айқастырылған және дүмі болып келетін сап түріндегі эфесімен сипатталады.

Алдаспан (палаш) – ұзын (850 мм-ге дейін), түзу және кең болып келген, үшкір ұшы бар ауыр сұқпадан тұрады. Сұқпалардың екі жүзі немесе бір жүзі мен сырты болады, көбіне доламен сипатталады.


Қанжарлар – екі жағы да өткір, екі жүзді сұқпасы бар шаншып-кесетін қару. Ұзындықтары әр түрлі 500 мм-ге

дейін, көбіне түзу сұқпалы, аздап иілген болып келеді. Саптарының қазинегі айқастырылған немесе симметриялы шығыңқы жерлермен сипатталады. Мақсаты, құрылғының ерекшелігі және сыртқы әшекейленуіне орай әскери, аңшылық және ұлттық болып бөлінеді.

Істіктердің шаншитын немесе шаншып-кесетін түрлері болады. Шаншитын түрлері үш қырлы, төрт қырлы, ал шаншып-кесетіндер жалпақ сұқпалы жүзі мен сырты болады. Олар атыс қаруларының (карабин, автомат, мылтық) басына орнатылады. Істік-пышақтар әдетте бөлек алынады да, оның жеке өзін қару ретінде қолдануға және басқа да қосымша әрекеттерде пайдалануға болады (электр сымдарын қиюға, ағаш кесуге және т.б.).


Пышақтардың сұқпа мен сап сияқты бөріне бірдей элементтері болса да, мақсаты мен құрылғы ерекшеліктері бойынша шаншып-кесетін қаруға жатады. Пышақ түрлері өте көп, олардың суық қаруға жататындарын жауынгерлік, аңшылық және ұлттық деп топтастыруға болады.

Пышақ



1 – ұшы; 2 – пышақ желкесінің ұшымен қиылысқан жері (кейде қайралған болады); 3 – жүзі; 4 – жүзінің қайралған жері; 5 – сұқпаның желкесі; 6 – дола (бойлаған жырау); 7 – сұқпа; 8 – сұқпа сағасы; 9 – тіреуіш-шектегіш; 10 – саусақтық ойма; 11 – сап; 12 – дүм

Қанжар



- 1 – ұшы; 2 – сұқпасы; 3 – дола (бойлаған жырау) – сұқпа салмағын жеңілдетеді және майысуға төзімді етеді; 4 – жүзі; 5 – тіреуіш-шектегіш; 6 – сап; 7 – дүм

Жауынгерлік пышақтар әскери жасақтардағы ресми бекітілген қару үлгісіне жатады. Сұқпаларының ұзындығы – 150-200 мм, қалыңдығы – 4 мм. Олар үлкен қаттылығымен, құрылғы түсетін күшіне шыдамдылығымен көзге түседі.

Аңшы пышақтары өуесқой немесе кәсіптік аңшылық жағдайларында қолдануға арналған суық қару түрі. Олар жалпы (хайуанаттардан қорғану және оларды біржола өлтіру үшін) және арнайы (терісін алу және сою үшін) болып бөлінеді. Жұмыстық жағдайға келтіру тәсілі бойынша жаппасыз, жаппалы және жинамалы болып топтастырылады. Жаппалы және жинамалы пышақтар құрылысының міндетті элементі болып, жұмыс жасау кезінде бөлектенуден немесе жабылып қалудан сақтайтын сұқпаны бекіту тетігі табылады. Аңшылық пышақтар өзінің конструкциялық ерекшеліктері бойынша жауынгерлік пышақтарға ұқсас. Осыған дәлел ретінде, кейбір конструкция жағынан жетілдірілген аңшы пышақтары жасаққа алынып, жауынгерлік қару қатарына қосылған. Ал кейбір жауынгерлік қару үлгілері ескіріп, жасақтан алынған соң, аңшылық болып шыға берді.

Ұлттық пышақтар – конструкциясы мен сыртқы өшекейленуі арқылы тарихи кезеңдер ағысында халықтардың тұрмысына, салт-дәстүріне сай, және өмір жағдайының ықпалында бола отырып жасалған пышақтар тобын құрайды. Олардың бірқатарын суық қару түрлеріне жатқызуға болады. Солардың арасында іс жүзінде жасанды түрлері жиі кездесетін фин пышағының конструкциялық ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Фин пышақтарының сұқпасының сырты тұзу, қиғашы жоқ болатыны немесе қиғашы шамалы ғана болатыны кездеседі. Жүзі екі жақтан қайралған, ұшы жүздің 30-45 градус бұрышында қиылысқан жерінде пайда болады. Сұқпа ұзындығы – 100-165 мм, ені ұзындықтың 1/6 құрайды, яғни, басқа пышақтарға қарағанда жіңішке болады. Сыртының қалыңдығы – 2,5-тен 3,5 мм-ге дейін. Доласы болады. Сап көбіне ағаштан жасалынып, сопақ нысанды сұқпа еніне тең болып, отырғызылу тәсілімен бекітіледі. Фин пышақтарының бір ерекшеліктері олардың қазинегі болмайды. Сұқпада фирманың таңбасы қойылады, ал сапта Финляндия ел таңбасы суреттеледі. Қазақ халқының ұлттық пышақтары да жоқ емес, біз олар туралы алдында айтамыз.

Сұқпасыз қару, яғни, ұрып-сындыратын суық қаруға соққы беретін арнайы бөлігі мен конструкцияның жоғары мықтылығы жағынан ерекшеленетін белгілер тән болады. Бұл топтағы қарулар күшті соққыларға төзетін, конфигурациясы бойынша мынадай топтарға бөлінеді:

1. Сабы қысқалау, қосымша зақымдау бөлігі (тікенекті темірлер) бар суық қарулар – күрзі, сойыл және т.б.;


2. Сабына шынжыр, жіп арқылы шар түріндегі соққылау бөлігі ілінген суық қару – қол шоқпар, нунчаку сияқтылар;

3. Қолға кигізілетін суық қарулар – кастет сияқтылар.

Күрзі – шар немесе басқа да түрдегі соққылайтын басы бар ұрып-сындыратын қару.

Қол шоқпар (кистенъ) – сабы мен ұратын бөлігі бір-бірімен шынжыр тәріздес затпен қосылған ұрып-сындыратын қару; бұл қарудың бүгілмелі түрі де болады, яғни,

Кистень (ұрып-сындыратын қару)





1 – аспа (шынжыр); 2 – сап; 3 – қруға арналған жүк;
4 – бұлдігі (темляк)

Нунчаку (нунтяку – ұрысқа арналған шынжыр, ұрып-сындыратын қару)



1 – жалғаулық, буда (бау немесе шынжыр түрінде);
2 – ұштама; 3 – күрзі

Кастет (французша Casser – сындыру және tete – бас, яғни, сындырып-уататын қару)



болаттан жасалған стержень бір-бірінің ішіне, сосын сабына ысырылмалы түрде ену арқылы жиналатын қару.

Шоқпарлардың ауырлатылған металл бастары, қосымша зақымдайтын тікенекті элементтермен қамтамасыз етілген бөліктері болып, олар ұрып-сындыратын қару саналады.

Нунчаку – ұрып-сындыратын қару, ол екі немесе үш келдектерден тұрады. Келдектер сопақ не қырлы көбіне ағаштан жасалып, бір-бірімен шынжыр, кендір арқылы жалғанады.

Кастет – саусақтар сиятын фигуралы пластинаны жұдырыққа жұмылдыра отырып, алдындағы соққылау

бөлігі арқылы қолмен ұруға арналған ұрып-сындыратын қару. Соққылау бөлігі қосымша зақымдау элементтерін (тікенекті, шығыңқы жерлері) өзіне жинақтауы мүмкін, ал ішкі жағында алақан тірейтін тетік болуы ықтимал.

Алақандық (наладонник) – былғарыдан жасалған бүлдіргі көмегімен алақанға металл тілімін кигізіп алып ұрып-сындыратын қару.

Сұқпалы және сұқпасыз суық қарулардың конструктивті-техникалық сипаттамасын қарастырып шықтық. Бұл қарулардың әрбір түрін қолданған кезде нысанаға (мысалы, адамға не аңға) зақым келтірудің өзі әр түрлі болады, яғни, сұқпалы суық қарулардан шаншып-кесетін және шабатын сияқты, ал ұрып-сындыратын сұқпасыз суық қарулардың мақсаты өзінің атауында тұр. Осы екі қызметтің екеуі де бірдей төн болатын суық қару түрлеріне – лақтырылатын суық қаруларды жатқызуға болады. Неліктен екендігі түсінікті болу үшін лақтырылатын суық қарулардың кейбір түрлерінің конструктивті-техникалық сипаттарын қарастырайық. Оларға арбалет, сюрикен сияқтылар жатады.

ЛАҚТЫРЫЛАТЫН ҚАРУ



ЧАЙРА




ЛАҚТЫРЫЛАТЫН БАЛТА



СЮРИКЕН



ҚЫСҚА САПТЫ НАЙЗА (дротик)



ҚҮЙТСА
(лақтырылатын пышақ)



КОРСЕКА

**Қарапайым арбалет
(жалпы және негізгі тетіктерінің көрінісі)**



Ұстап тұрып, жіберіп қалатын механизм

Көздеп атуға арналған құрылым



Лақтырылатын пышақ немесе қанжарлар кәдімгі пышақтардан бірқатар параметрлармен ерекшеленіп, негізінен шаншып-кесетін қару түріне жатады. Ең басты ерекшелігі олардың ауырлық нүктесі дәл ортасында немесе ұшына қарай орналастырылған. Сонымен бірге, арнайы лақтырылатын пышақтың сұқпасы көбінесе ұшына қарай кеңейе түседі. Ұшуына кедергі жасамас үшін, қазинегі болмайды. Қағида бойынша бұл пышақтар штамп-пылау әдісімен дайындалады да, көбінесе сапсыз болады.

Сюрикендер лақтырған кезде шаншылатын суық қаруға жататын жұлдызша, крест және т.б. сияқты формасы бар, ұштары ұшталған пластиналар болып саналады. Сюрикендер обоймада тасымалданып, карта таратқандай іс-қимылмен лақтырылады.

Садақ лақтырылатын суық қару түрі, ол иінді ағаштан, адырнадан және осыларды бір-бірімен қосып бекітетін тетіктен тұратын құрылғы. Бұл қару түрі өзінің жебесін неғұрлым алысқа лақтырылуымен, сол жебенің мықтылығымен, зақымдау мүмкіндігімен анықталады. Жебелердің өлтіру күші 30-90 метр аралығында болады. Жебелерінің ұшы үшкір жан-жағы өткір қайралған болғандықтан, шаншылатын қару міндеттерін атқарады.

Арбалет конструкциясы бойынша адырнасы бар садақтан, жебе бағыттаптын науасы және ұстап тұрып, жіберіп қалатын механизмдері орналасқан, қаңқадан тұратын лақтырылатын суық қаруға жататын құрылғы. Оның иық тірейтін дүмі немесе тапанша типтес сабы, адырна тартатын механизмі не қолмен тартқанда аяқ тірейтін үзеңгісі және көздеп атуға арналған қарауылы (оптикалық, диоптрикалық немесе лазерлік) болады. Адырнасының тартылу күші (суық қаруға жататындардың) 30-90 кг аралығында, жебесінің өлтіру күші 150-300 м-ге дейін жетеді. Жебелерінің ұшы үшкір, жан-жағы өткір қайралған болғандықтан, шаншылатын қару міндеттерін атқарады. Бірақ кейде арбалеттер металл шар сияқты заттармен нысана зақымдауға бейімделген, тиген жерін сөз жоқ сындырып, ойып жіберуі мүмкін.

Міне осылай, суық қару түсінігінің анықтамасында орын алған белгілерге сәйкес, суық қарудың әр түрлі негіздер арқылы жіктелген жүйесін құрастырып, осы жүйеге негізделе отырып бөлінген қару түрлерінің конструкциялы-техникалық сипаттамасын талдап шықтық. Осы конструкциялы-техникалық сипаттамалар ұлттық қаруларға, соның ішінде қазақтың ұлттық суық қаруына да тән екендігін білеміз. Дегенмен, қазақтың ұлттық суық қаруы мәселесін бөлек қарастыруды жөн көрдік.

Қазақтың ұлттық суық қаруы

Аталмыш мәселені қарастырмас бұрын, халқымыздың фольклорынан, ауыздан-ауызға тарап, бүгінге жетіп отырған «Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», «Найзасыз ер, таңбасыз ел болмайды», «Ақын тілі – наркескен», «Алмас қылыш майданда серік, Асыл сөз майданда да, сайраңда да серік» секілді мақал-мәтелдерден бастағымыз келіп отыр.

Ел басының Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, мемлекетіміздің мәдениеттілік және құнды идеялар жолымен дамуында жастарды отансүйгіштікке және халқының тарихын білуге тәрбиелеу ең маңызды бағыттардың бірі болып отыр. Қазақстан-2030 стратегиясын іске асыру жолдары мен мазмұнын түсіндіру, сонымен қатар еліміздің басынан өткергені, бүгіні және ертеңі жарияланған приоритеттердің контекстерінде көрсету арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу, мемлекеттік саясаттың саналы ортадағы негізі болып табылады. Құқық қорғау қызметкерлерінің ең маңызды міндеттерінің біріне – халықтар бірлігі мен ұлттық қауіпсіздік күзетінде тұру, ата-бабаларымыздың тарихи салт-дәстүрлерін сақтай отырып, ұлттық тарихты зерттеу болып саналады. Ел басының осындай мәселелерге көңіл бөлуінің бір дәлелі ретінде өз Жарлығымен 1998 жылды халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылы деп жариялағаны болып отыр. Мәселен, Н.Ә.Назарбаев Мұхаммед Хайдар Дулатиға ескерткіш ашылу салтанатында мынадай үшқынды сөздер айтты: «Біз өз тарихымызды білмесек, ата-бабалардың атқарған істерінен бейхабар болып, олардың еліміздің, жеріміздің тұтастығы үшін қанын төккенін, батырлығын мақтанышпен еске түсіріп бағалай білмесек, болашағымыз да баянды болмас. Сондықтан, Орал мен Ертістің, Алатау мен Көкшетаудың арасындағы әр судың, әр таудың, әрбір ауылдың тарихын еске түсіріп, олардың неліктен солай аталғанын біліп, батыр бабаларымыздың батырлығынан жігер алып, жастарды тарихты сыйлау мен ерлік дәстүрінде

тәрбиелеуіміз керек».¹ Ойымызды жалғастыра отырып жоғарыдағы мәселелер төңірегінде әңгіме қозғасақ, қызықтыратын мәселелер ретінде қазақтың хандары мен батырларының әскери өнерін, ұлы билердің данышпандығы мен саяси ой-санасын, халықтың өз егемендігі үшін күрестегі бірлігі, табандылығы және ерлігін атап өтуге болады. Осылардың арасында ерекше көңіл аударатын мәселелер қатарына әскери өнерде елеулі нәтижемен қолданылған қазақтың ұлттық суық қаруларын жатқыза аламыз.

Адамзат тарихында суық қарулардың алатын орны бөлек. Ол мәдениеттің өшпес материалдық элементі бола тұра, сонау заманнан бастап бүгінгі күнге дейін жетіп, үнемі жетіліп-жаңарып жаңа түрлерге ие болуда. Географиялық, климаттық жағдайларға және біздің республикамыз бен бүкіл дүние жүзі халықтарының қалыптасқан ұлттық дәстүрлеріне сәйкес, әскери және басқа да мақсаты бар құрал түрлері өз уақытында жасалып отырды. «Материалдық мәдениет заттары» деген жалпы түсінікке кіретін орасан зор заттар жиынтығының бір бөлігі болып келетін, бәрін қосқанда осы түсініктің мазмұнын құрастыратын ұлттық нақыштағы пышақтар мен қанжарлар, сонымен қатар басқа да суық қару түрлері, әрбір ұлттың өмірімен, олардың салт-дәстүрімен тығыз байланыста болады.

Тарихи тұрғыдан бірталай авторлар суық қарудың әр ұлтта, әр кезде пайда болу тарихын талдауға әрекет жасаған.² Негізінен олардың еңбектерінде суық қарудың Батыс (неміс, ағылшын, испан және т.б.) және Шығыс (жапон, қытай, үнді) халықтарындағы пайда болу динамикасы көрсетілген. Олардың көрсетуінше, әр түрлі халықтарда әрбір суық қару түрінің пайда болу фактор-

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Тараз университетінде Мұхаммед Хайдар Дулатиға ескерткіш ашылу салтанатында сөйлеген сөзі. // Қазақстан жоғары мектебі. – 1998. – №6. – 17-бет.

² Асмолов К. В. История холодного оружия. Восток и Запад. Ч.2 – М., 1994. – 51-С.

ларының біріне өзара ықпал ету байқалады (Шығыс Батысқа ықпал еткен, немесе керісінше). Мысалы, суық қару түрлеріне шығыстың ықпал етуінің дәлелін ұлы Теодорихтің (454-526 ж.ж.) әйелінің інісі болып келетін вандал патшасы Тразамундуға (496-523 ж.ж.) жазған хатынан байқай отырып, оның тамаша өрнектермен безендірілген және сұқпасы айна сияқты жарқыраған қару жібергені үшін алғысын білдіргеннен көріп отырмыз.¹

Қытай өзені Хуанхэден, Еуропа ортасындағы Дунай пуштасына дейін созылған Еуразия құрлығының ең даласы адамзат тарихында Шығыс пен Батысты жалған көпір ғана болып қоймай, сонымен бірге әр түрлі халықтардың орасан зор бесігі болған. Қытай қорғанынан Қара теңіз жағалауына дейінгі жазықтықты түркі тілдес рулар мекендесе, солардың бірі қазақтар болды. Олар өз мәдениеті, тұрмысы және салтымен көзге түсіп, туған жерлерін шапқыншылықтан қорғаған. Қазақтарда әскери және басқа да қызметтерді орындауға арналған суық қарудың алуан түрлері болса да, зерттеушілер оларды зерттей қоймаған көрінеді.

Бізге дейін жеткен қазақ көшпенділерінің қол өнері, қаруы және әскери өнері туралы бағалы жинақталған мағлұматтары, археологиялық және жазбаша ескерткіштері, сонымен қатар әскери өнер тарихы қазақ халқының өткен жолдарының куәсі болып отыр. Археологиялық мағлұматтар, жазбаша ескерткіштер негізінде, сонымен бірге ғылыми дүниелерге енгізілген арнайы зерттеулер материалдарына арқа сүйей отырып, көшпенді қазақ халқының қару-жарақ қорын жалпы тұрғыдан сипаттау, олардың қарастырылып отырған әр түрлі кезеңдеріндегі өзгешелігін көру, сонымен қатар қазақтар суық қаруының эволюциясын бақылап шығу мүмкіндіктері туындайды. Грек тарихшысы Геродоттың дәлелдеуі бойынша, Арал теңізінің шығысында мыс

¹ *Оружие улицы от кистеня до гранатомета. / Сост. С.Я.Брагин. – Нижний Новгород, 1997. – 8-с.*

өндiрген, металл қорытқан, олардан найза, семсер, қылыш, жебе және әр түрлi аспаптар дайындаған сақтар мен масагеттер өмiр сүрген.¹ Арабтың жазбаша ескерткiштерiн негiзге алып еңбек жазған Б.Кумеков, Оңтүстiк Сiбiр жазықтарын мекен еткен ежелгi түркi руларының ержүрек сарбаздарының ерлiктерiн, өз малшы-көшпендiлер мен аңшылардың шеберлiкпен жасаған жұмыстарын, әр түрлi қолөнерiнiң тәжiрибелi ұсталары шеберлiктерiн мақтан еткен. Олар асқан шеберлiкпен қару және тұрмыс құралдарын дайындаған, тiгiншiлiк және тоқыма кәсiптерiн, сонымен қатар қыш қолөнерiн жақсы бiлген.² Тарихшылардың суреттеуi және археологиялық мағлұматтарына қарағанда қазақтардың қолөнерлiк өндiрiсiнiң орталығы Сыр бойындағы қалалар мен Орталық Қазақстан және Жетiсу аймағындағы ауылдар болған. Мұнда есiмдерi өйгiлi ұсталар, оюшылар, зергерлер, құюшылар, қырлаушы iсiнiң ұсталары еңбек еткен.

Өзара соғыстар өндiрiстiң, соның арасында қолөнерлiк өндiрiстiң дамуына керi әсерiн тигiздi. Бұл туралы Бухар қонағының қысқа хаттары дәлелдегендей. Бұрындық ханның кезiнде (XV ғасырдың аяғы-XVI ғасырдың басы) Алтын Орданың өндiрiстiк дәстүрлерi сақталғанмен, Шөйбөни хан барлық ұстаханаларды жойып жiбергенi туралы тарихшылар төмендегiдей баяндаған: «...И благополучие мастерской казахов, которая в течение долгих лет процветала на базарах всего света, было разбито управляющей рукой и ударом меча».³ Шөйбөни ханның шығу тегiн суреттегендердiң бiрi, Қазан университетiнiң профессоры И.Н.Березин осылай деген екен. Шыңғыс ханның

¹ Геродот. *История в девяти книгах. Перевод и примечания Г.А.Стратоновского.* – М., 1972.

² Кумеков Б. *Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам.* А-А., 1972. 17-С.

³ Ибрагимов С. К. «Михман-намэ-и Бухара» Рубехана как источник по истории Казахстана XV-XVI вв. // *Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана.* – Труды ИИАЭ АН Каз ССР. – Алма-Ата: Наука. – 1960. – С.130-131.

шығу тегі толық суреттеліп, яғни, таққа отыру үшін күресі, әйелі мен балалары туралы мағлұматтар жазылған. Сонымен бірге, Орта Азияны жаулап алған Мұхаммед Шәйбәни ханның үлкен әкесі атақты Абул-Қайыр ханның өмір баяны мен тарихы көрсетілген. Осы Абул-Қайыр ханның немересі Мұхаммед Шәйбәни хан Мавераннахрды өзіне бағындырып, бүкіл XVI ғасыр бойы Орта Азияны билеген бухар шәйбәнишілерінің жаңа ұрпағын құрған.¹

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан қолөнерлік өндірісті мүлдем жою мүмкін болмады. Мысал ретінде мынадай жазбаша ескерткішті келтіруге болады: «Қайсақтардың (қазақтардың – А.Ш.) қолөнері үшін ыңғайлы ұстаханалары болмады, бірақ та қайсақ қолынан шыққан нәрсе әсемділікпен танылмаса да, мықтылығына сын жетпеді».² Халық түсінігі бойынша ұсталар табиғаттан тыс күшті иеленіп, өз істеріне деген ерекше қабілеттері болған. Осындай кәсіппен шұғылданған адамдарды қадірлеу – түркі тілдес халықтарға тән қасиеттердің бірі болған екен. Ұсталар өз шеберлігінің құпиясын ерекше сақтап, атадан балаға мұра етіп қалдырып отырған. XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген қазақтың ақыны Дулат өз шығармаларында қазақтар өміріндегі темірдің мағынасы мен темір өңдеген ұсталардың еңбекқорлығын көрсеткен. Әйгілі ұсталармен жасалған қару, табиғаттан тыс қасиеттермен жабықталған. Өдет-ғұрып, мұндай заттарға мұқият көңіл бөлуді талап еткен.³ Туған жерін жаудан сақтап қалу қажеттілігі туындаған жағдайларда тек қаруы бар және оны қолдана білген адам ғана сыйлы болған. VI ғасырдағы ағылшын елшісі және саяхатшысы Антоний Джинкисонның дәлелі бойынша, көшпенді қайда барсын аңға

¹ Березин И. Н. Шейбаниада. История монголо-тюрков. Библиотека восточных историков. – Казань, 1849. – Т.1. – С. 32-33.

² Русанов И. Ф. О ремесленности у киргизов // Воронежский листок. 1863. – С. 16.

³ Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алматы, 1986. – Т.1. – С. 251.

ма, тойға ма өзімен бірге қанжары мен садағын алып жүрген. Ол кезде қаруды өзімен бірге алып жүру міндет болған және халық жиналыстарында қарусыз адамдарға кішілер орын бермеген.¹ Осыған байланысты, айта кететін бір жай, қазақтың ханы Төукенің (XVII ғасыр аяғы-XVIII ғасырдың басы) заңдар жинағы қағидаларының бірінде қазақ қауымының тең құқылы мүшесі болып тек қаруы бар адам ғана саналады делінген.²

Зерттеулердің дәлелі бойынша қазақтардың қару-жарақтар жиынтығы өзіне арақашықтықта, жақыннан зақымдайтын және қорғаныс әрекеттерін жүргізу құралдарын жинаған. Мысалы, тарихи басылымдардың бірінде мынадай мағлұматтар бар: «Көшім сарбаздары, әсіресе ханның жасақтары көшпенділерге төн қылыш, семсер, жебесі бар садақ, найза, қанжар, шоқпар, ай балта сияқты суық қарудың барлық түрлерімен қаруланған еді».³ Археологиялық мәліметтерге сәйкес арақашықтықтан зақымдайтын қару-жарақ заттарына садақ, жебе және басқалар жатқан. Осылай, біздің жыл санауымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың бірінші жартысында сүйек бастырмалы күрделі садақтар кеңінен тарап, олардың саны және кездескен жерлері әр қилы; жебе басына кигізетін ұштықтары, олардың арасында сауыт бұзар ұштықтары өте көп кездескен. Ежелгі қабірлерден жіңішке болып келген және өте ұзын сүйектен жасалған пластиналар табылған. Археолог А. П. Окладниковтың санауынша табылған пластиналардың екі мүмкіндіктері болған: садақтың ағаштан жасалған негізіне орнатылып, сырты қайыспен оралған (бұлар күшейтілген садақтар деп аталған) немесе аталмыш пластиналар жа-

¹ Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. *Казахстан. Летопись трех тысячелетий.* – Алматы, 1992. – С. 339.

² Левшин А. *Описание киргиз-кайсацких орд и степей.* – СПб., 1832. 177–С.; *Материалы по казахскому обычному праву.* / Под общей редакцией С. З. Зиманова. – Алматы, 1996. – С. 3-5.

³ Абдиров М. *Хан Кучум: известный и неизвестный.* – Алматы, 1996. 64–С.

⁴ Окладников А. П. *К вопросу о происхождении и месте лука в истории культуры.* – КСИИМК, 1940. – С. 106.

быстырылған (мұндай садақтар, күрделі деп аталған).¹ Садақ симметриялы және негізін құрайтын ортасында өзегі болып, оған осы пластиналар орнатылған. Шамамен садақтың ұзындығы – 100 см, ал кейде – 150 см-ге дейін жеткен. Тарихшылардың дәлелдеуі бойынша, күрделі садақтардың ежелгі түрлерінің алғаш пайда болған жері Орта Азия саналады.² Садақ тарту шеберлігі мен дағдылары ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырған. Үлкен тойларда садақ тартудан сайыстар ұйымдастырылатын болған. Сол кездегі қазақ батырларының мергендігіне және жоғарыда айтылғандай, жебелердің сауыт бұзарлығына дәлел ретінде, Қобыланды батырдың алыстан алтын теңгені қақ жарғандығы, қазақ халқының эпосында суреттелген.³

Жақыннан зақымдайтын қарулар ретінде семсер, алдаспан, қылыш, қанжар, пышақ, найза, айбалта, шоқпар, сойыл және тағы басқалар қолданылған. Қазақстан аумағында археологиялық зерттеулер жүргізу нәтижесінде, бұрын ата-бабаларымыз қолданған семсер, қылыш, қанжар және пышақтардың көптеген түрі табылған. Солардың арасындағы ең керемет суық қару түрлерінің бірі деп дер кезінде барлық халықтармен дәріптелген семсерді санауға болады. Қазақтар (II-IV) қоян-қолтық ұрыста ұзындығы – 950 мм, ені – 40 мм, ағаштан жасалған қынға салынған екі жүзді темір семсерді қолданатын болған. Ю.С.Худяков Қазақстан аумағында табылған біржүзді ұшы бар түзу сұқпалы және айқастырылған қазинекті алдаспанды суық қару үлгісіне жатқызыпты. Оның сұқпасының ұзындығы – 840 мм, ені – 40 мм болған.⁴ Егер ауыр кавалерияда қазақтар семсерден алдаспанға ауысса, ал жеңіл кавалерияда – иілген қылышқа ауысты.

¹ Окладников А. П. К вопросу о происхождении и месте лука в истории культуры. – КСИИМК, 1940. – С. 106.

² Литвинский Б. А. Древние кочевники "крыши мира". – М., 1972. – С. 85.

³ Қобыланды батыр. Халық дастаны. – Алматы, "Жалын", 1983. – С. 9.

⁴ Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников в Южной Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск, 1986. – С. 116.

Біздің ойымызша, әскери жағдайлардың ықпалымен және аттың жаңа құрал-сайман жүйесінің (ер, үзеңгі) таралуына байланысты, VII-VIII ғасырларда қылыш пайда болды. Өзінің сұқпасының иілугіне және саптың жүзіне қарай жантаюына сәйкес, бір мезетте шаба отырып кесе алатын мүмкіндіктерге ие болған. Ондай ұрудың айналма сипаты болып, жылжып бара жатып дененің үлкен бөлігін тіліп өтеді. Қарудан мықтылық пен жеңілділікті талап ете бастағаннан бері, қылыш қарудың негізгі түрлерінің бірі болып саналған. Осылайша, Шығыс Қазақстанда түркі кезеңіндегі қабірлерден қылыш табылған. Оның сұқпасының ұзындығы – 740 мм, ені – 30 мм, сабының ұзындығы – 70 мм болған.¹ Бұл қылыштың қазинегі сапқа екі темір тілігін пісіру арқылы жасалып, шеттері шар сияқты домалана отырып, жүзіне қарай қисайтылған. Мұндай қазинегінің бір пайдасы, жаудың сұқпасы қолға қарай сырғанамай алмайды.

Тарихшылардың деректері бойынша, Шығыс Қазақстан түркі кезеңінің ескерткішінде қылыш секілді шабатын суық қару түрі ең көп кездесетіндердің бірі болып отыр. Осыған орай, қазақстандық тарихшы Ф. Х. Арсланованың ойын мақұлдай отырып, Шығыс Қазақстанды, осы қару түрінің ежелгі үлгілерінің кездескен аумағына енгізуге болады.² Осы Шығыс Қазақстанның түркі тілдес рулары, жоғарыда аталған мәселеге байланысты, басқа халықтарға қарағанда алда болып, ерекше көңіл аудартты. Оған Шығыс Еуропа далаларында жүзіне қарай қисайтылған қазинегі бар қылыштар XII ғасырдан бұрын кездеспегені дәлел болып отыр.³ Айтылғанға қосымша дерек ретінде, Қазақстанның түркі тілдес халықтары шауып-кесетін суық қаруды өздері өндіргені туралы жазбаша ескерткіштердегі мағлұматтарды

¹ Плотников Ю. А. Рубящее оружие прииртышских кимаков. // Военное дело древних племен Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск: Наука, 1981. – С. 166.

² Арсланова Ф. Х. Курганы с трупосождением в Верхнем Прииртышье. // Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата, 1972. – С. 64.

³ Кирпичников А. Н. Древнерусское оружие. – Л., 1966, вып. I. – С. 70.

келтіруге болады. Сонымен қатар, араб қарушылары сұқпалы суық қаруды дайындауды, қатаң түрде еңбекті бөлу арқылы жасаған болса, ал түрік барлық жұмысты басынан аяғына дейін өзі жасайтын болған.¹

Басқа да суық қару үлгілерімен бірге қанжар мен пышақ та жақыннан зақымдайтын қарулардың маңыздысы болған. Қазақстан археологтарымен, сақ тайпалары қаруланған қанжар мен пышақтардың үлкен саны табылып, сипатталып және жүйеленген. Әйгілі қазақстандық тарихшы К. М. Байпақовтың дәлелдеуі бойынша, ежелгі Күйік-Мардан қалашығында (V-VII ғғ.) ер адамның сағанасына қару салынған, яғни, екі жүзді ұзын семсер және темірден істелінген қысқа қанжар.² Осылай, Қазақстан аумағында табылған қанжарлардың көпшілігі, көбелекше немесе сыртқы нысаны бойынша соған ұқсас болып келген қазинектер сипатталады. Табылған қанжарлардың біреуінің сұқпасы, ұзындығы бойынша – 200 мм, ені – 30 мм, сабы ағаштан жасалған. Орталық Қазақстан аумағындағы XIV ғасырдың қабірлерінен қарапайым пышақ табылған, оның жүзі біреу, түзу сұқпасының ұзындығы – 160 мм, ені – 30 мм болған.³

Бейнелеу және жазбаша ескерткіштер дәлелдегендей, Қазақстан көшпенді халықтарының қару-жарағы ретінде басқа да суық қару үлгілері қолданылған. Оларға найза, ұрыс күрзілері, сойылдар, шоқпарлар және айбалталарды жатқызуға болады. XVII-XIX ғасырларда найза қазақтардың қару-жарақтарының құрамдас бөлігі болды. Біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдыққа жататын, Шығыс Қазақстандағы тас бетіндегі суреттерден, бір-біріне қарама-қарсы тұрған сарбаздардың күрзімен, сойылмен және шоқпарлармен

¹ Мандельштам А. М. Характеристика тюрок IX в. в «Послании Фатху ибн Ханану ал-Джахузю». – Тр. ИИАЭ АН Каз ССР. Алма-Ата, 1956. Т.1. – С. 241.

² Байпаков К. М. По следам древних городов Казахстана (Отрарский оазис). – Алма-Ата, 1990. – С. 63.

³ Маргулан А. Х. Раскопки погребения воина XIV века в долине реки Нуры // Тр. ИИАЭ АН Каз ССР. – Алма-Ата, 1959. Т.7. – С. 252.

қаруланғанын көруге болады. Айбалтаның қару ретінде қолдануын, М. Әуезовтің «Абай» атты әдеби шығармасындағы феодалдық топтардың бір-бірімен қақтығысуларын суреттегеннен байқауға болады. Әйгілі қазақстандық тарихшы К. А. Акишевтің айтуынша, XVII-XIX ғасырларда өмір сүрген көшпенділердің (қазақтар, қырғыздар, түркімендер және т.б.) қоғамдық, мәдени өмірлері мен әскери ұжымдарының даму деңгейлерін, ертеректегі Еуразия көшпенділерімен салыстыруға болады екен.¹ Кейінгі көшпенділердің құлдырау себебі – соғыстық және экономикалық қимылдардың етек алуы, Шыңғыс ханның шапқыншылығынан басталып, шамамен 700 жыл жалғасқан кескілескен өзара соғыстар мен сырттан келген шапқыншылық болды. Бірнеше ғасыр бойы толастамаған ішкі және сыртқы акциялар көшпенділердің ғасырлар бойы қалыптасқан өмірлік қарым-қатынастарының толық қирауына және жойылуына әкеп соқтырды. Бұл саясаттың түпкі мақсаты – құнарлы жайлаулар мен су көздерін жаулап алу, қалыптасқан көшіп-қону және сауда-саттық жолдарынан айыру, өмірге қажетті егіншілік орталықтары және қалалармен байланысты бұзу, сонымен қатар жұмысшы күштерін қырып-жою болды.

Саяси және экономикалық акциялар нәтижесінде мал басы күрт азайып, егіншілік құлдырады да, мұның бәрі сөзсіз елдің кедейлеуіне және мәдениеттің төмендеуіне әкеп соқтырды. Әрине, бұл қолөнер мәдениетіне де, соның ішінде қару жасайтын, соның ішінде суық қару дайындайтын өндіріске де қатысты болды. Осыларға қарамастан, қазақтардың өз қолдарынан шыққан суық қару үлгілері кездесіп отырды. Міне, осылай, қарутанушы М. М. Денисова шаншып-кесетін суық қару түрі болып келетін, Мәскеудегі Мемлекеттік мұражайда сақталған, қазақтың екі сапысын суреттейді. Олардың істік тәріздес ұштары бар жіңішке сұқпалары болған

¹ Акишев К. А. *Курган Иссык. Искусство саков Казахстана.* – М., 1978. – С. 53.

дықтан, бұл қару шабумен қоса, шанши да алатын болған. Сабы терімен қапталған; қыны бір жағы терімен, ал екінші жағы қабықпен қапталған. Қын мен саптың басы күміс оюмен көмкерілген.¹ Ерекше болаттан, қазақтың эпостарында «алмас қылыш» (яғни, өте мықтылыққа және төзімділікке ие болған) деп аталатын, иілген қылыштар дайындалған. Олардың қазинегі немесе эфесі бағалы тастармен әшекейленіп, бүркіттің басы тәріздес суретпен бедерленген. Қындары, қара не қызыл былғарыдан қысып өрнектелу арқылы жасалып, үстінен күміс не қола белгілермен қапталған. А.Х. Марғұланның көрсетуі бойынша, Ақмола, Атбасар, Көкшетау және Солтүстік Қазақстан ұсталарымен күміс және бағалы тастармен нақыштай отырып жасаған қымбат қылыштар, 1876 жылы ориенталистер конгресінің көрмесіне шығарылған. Төрт қылыш – Нижний Новгород көрмесінде (1896 ж.); ескі қылыштың біреуі Омбының өлкетану мұражайында, ал екіншісі – Мәскеу қаласындағы Мемлекеттік тарихи мұражайда сақталынған.²

Қазақ халқының фольклорында «ер қаруы – бес қару» деген сөз тіркесі кеңінен тараған. Ата-бабаларымыздың өз мемлекеттік тұтастығын қалыптастыра бастаған сұрапыл кезеңді және атыс қаруы пайда болғанға дейінгі уақытты ескеретін болсақ, әрине онда жоғарыда айтылған сөз тіркесіндегі «бес қару», қазақтың ұлттық суық қаруына қатысты айтылған сөз деп есептейміз. Аталмыш бес қару үлгілері функционалдық мақсатына қарай шартты түрде былайша топтастырылған: 1) лақтырылатын (садақ); 2) түйрейтін (найза); 3) кесетін (қылыш); 4) шабатын (айбалта); 5) ұрып-сындыратын (шоқпар). Бұл топтастыру жүйесі ғылыми емес, ол әрбір суық қару түрінің қазақ әскерлерінің соғыс барысында қолдану тәсіліне қарай пайда болған. Жоғарыда атап өткендердің бәрі, тағы да қазақтың ұлттық суық қаруының шын мәнінде өмір сүргендігін дәлелдеп берді.

¹ Денисова М. М. *Русское оружие XI-XIX вв.* – М., 1953. – С. 50.

² Марғулан А.Х. *Казахское народное прикладное искусство.* – Алматы, 1986. Т. 1. – С. 225.

Лақтырылатын суық қарулар (садақ, арбалет және басқалар), зерттеудегі ескерткіштердің тек этникалық байланыстарын ғана анықтап қоймай, сонымен бірге қолөнер өндірісінің дамуы, бөлек рулар мен халықтар арасындағы байланысы, олардың көшіп-қону жолдары туралы мағлұмат беретін құнды да, маңызды тарихи ескерткіштердің бірі болып саналды. Мұндай ой-пікір қазақтардың да лақтырылатын суық қару түрлеріне қатысты болып отыр.

Қазақтардың қолөнерлік бұйымдар мен қару жасайтын шеберлері тамаша садақтарды өздері дайындайтын. Осы садақтар арасында жауынгерлер үшін өте бір құндысы – сауыт бұзар садағы.¹ Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі тағы басқа қатты ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасаған. Күрделі садақтың сыртқы бетіне сіңір тартылып, ішкі жағы мүйізбен қапталады, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылады. Еуразия халықтарының арақашықтықтан зақымдайтын қарудың негізгісі – күрделі садақ сүйек бастырмалармен күшейтіліп, таралуы біздің жыл санауымыздан басталып отыр.

Зерттеушілердің ойынша, сүйек бастырмалы күрделі садақтың отаны – Орта Азия мен Шығыс Сібір болған.² Түркі заманындағы садақтың ұзындығы орта есеппен 120-130 см болған. Т.К.Алланиязовтың айтуынша, мұсылмандық Шығыста түркілер садақ және оның жебесін тиімді қолданумен және тамаша атқыштар ретінде көзге түсіп, олар аттың үстінде шауып келе жатып, теріс қарап та, еңкейіп те, оң жағынан да, сол жағынан да бірдей атыс жүргізе білген.³ Садақтардың

¹ Ж. Қасымбаев. Жоңғар-қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер. Қазақ тарихы. – Алматы, 1993. – 28-бет.

² Савинов Д. Г. Новые материалы по истории сложного лука и некоторые вопросы его эволюции в Южной Сибири. // Военное дело древних племен Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск: Наука, 1981. – С. 146.

³ Алланиязов Т. К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. – Алматы, 1997. – С. 56.

қалыптасуы біздің жыл санауымыздағы екінші мыңжылдықтың басында қимақтар мен қыпшақтардың мәдени дәстүрлерінің басым болған уақыттан басталған. Бұл кезде монғол садақтарының элементтері аздап орын ала бастаған, яғни, бастары «жақ» сияқты болып келген және ортасында сүйек бастырмалар орналасқан. Осыған байланысты, садақтың ағаштан бір басы жазық иілген жақ деген түрі болған.¹ Сырт түрі малдың жақ сүйегіне ұқсас. Оғы алысқа ұшатындықтан, жақты кейде жай деп атаған. Көлемі қарапайым садақтан үлкен, серіппе ағашы жуан, оның садақша иілген жағын сірі таспамен орап жасайды. Садақтың шығуына байланысты оның оғы – жебе жасау да кең етек алды. Жебенің ұшын алғашқыда өте берік кремений тасынан, кейін қола темірден жасаған.

Қазақтарда **арбалет** типтес лақтырылатын суық қарудың бір түрі жақ мылтық. Біздің ойымызша, оның осылайша аталуына, жоғарыда көрсетілген жақ деген садақтың түрі себеп болған, өйткені өзіміз білетіндей арбалеттің жебесі де өте алысқа ұшқан. Аталмыш қару үлгісін республикамызға әйгілі ағайынды Құлменовтердің қару-жарақ палатасынан көруге болады. Жақ мылтықты кейде «сарбазан» деп атауы мүмкін. Өйткені, орта ғасырларда қазіргі Хакас аумағын мекендеген тайпалар, көршілес Орталық Азия халықтары мен руларына қарсы соғыс жүргізіп, олардың жасағында садақпен бірге сарбазан да болған. Осыған дәлел ретінде мынадай тарихи мағлұматты келтіруге болады: «Тоғыз кертiктi арбалеттiң шаппасын екi аяқпен, екi қолмен тiреп қойып қайыру».² Бірақ та, арбалет көшпенділер арасында онша дами қоймады. Оның себебі – садақтардан атыс жүргізу аз да болса жылдамырақ болған (арбалетті оқтағанша, көшпенді екі-үш рет атып үлгерген).

Найза – жуандығы – 3-5 см, ұзындығы – 2 м-ге дейін жететін әбден кептірілген қарағайдан жасалып, әрбір

¹ Қазақ совет энциклопедиясы, – VI том. – 449-бет.

² Бутанаев В.Я. Вооружение и военное дело хакасов в позднем средневековье. // Военное дело древних племен Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск: Наука, 1981. – С. 192.

атты жауынгерде болған қару. Бұл шаншылатын немесе лақтырылатын суық қарулар тобына жатады. Бертін келе оның 1,5 м-ден 5 м-ге дейін жететін ағаш сапқа тас-тан немесе сүйектен, металдан үшкір үш орнатылған түрлері де шықты. Қазақ батырлары негізінен найзамен қаруланған.

Наркескен – қазақ батырлары ерекше құрмет тұтқан шабатын-кесетін семсер типтес қару. Сұқпасының ұзындығы шамамен – 800-1000 мм, ені – 30-40 мм болған. Басқа қылыштан өзгешелігі – оны асыл металдан екі жүзді етіп жасаған. Сабын сүйектен немесе мүйізден жасап, алтыннан немесе күмістен әшекей, өрнек салады, асыл тастар орнатылады. Ертеде мұндай семсерлер хандарда, хан сарайындағы жоғары лауазымды әкімдерде, кейбір мәртебелі билерде болған.

Селебе – сұқпасы иілген, доғал басты қылышқа ұқсас шабатын қару. Сұқпасының ұзындығы шамамен – 900 мм, ені – 40 мм болған. Хандар «айбалта, семсер, шоқпар, найзалар бір-ақ жерді жаралайды, ал қылыш бір-ақ сермегенде бастан қара табанға дейін қақ жарып түсірмей ме», – деп қылышты өзге қарулардан артық санаған.¹ Кейбір тарихи басылымдар селебе және наркескенді, сонымен бірге сапыны да қылыштың бір түрі деп санайды. Криминалистикада, доғал басты қылыштар (сабля) және үшкір басты қылыштар (шашка) деп бөлінудің және осылардың өз алдына бөлек, біріншісі шауып-кесетін, ал екіншісі шаншып-кесетін қимылдар жасайтынының маңызы мен айырмашылықтары болады. Осыған орай, Ш. Уәлиханов селебені иілген сұқпасы бар қылышқа жатқыза отырып, «...өткір шабатын қару» деп атаған.² Сондықтан да, селебені доғал басты қылыштар (сабля) қатарына жатқызған дұрыс болар.

Қазақ халқының ұсталары селебе және басқа да осы сияқты қылыштарды дайындау технологиясын көршілес халықтардың қарушыларының озық тәжірибесін

¹ *Бабыр. Бабырнама. – Алматы. 1993. – 125 бет.*

² *Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т. 1. – Алма-Ата, 1961. – С. 36.*

қолданумен бірге, өз қолөнерінің ерекшеліктерімен көзге түскен. Мәселен, металл қорытуға арналған ыдысқа шойын ұнтақтары мен шегелерді, сонымен бірге ұсталардың құпиясындағы тағы бір нәрселерді салып қыздырады. Алдымен жоғары көміртекті шойын балқып, ал аппақ болып қыздырылған шегелер ішінде қалқып жүреді. Металл қып-қызыл болып қызған кезде соға бастайды. Мұның нәтижесінде болат пайда болады. Ал дамаск құрышын алу үшін, ұсталар әрі қарай қыздыра және бүктей отырып бірнеше мәрте соғады. Тиісті түрде құрыштап өңдеген соң, керемет қайтпас өнім пайда болады. Мұндай қылыштың жүзінің қайтпайтындығы қаттылығымен бірге, оның бірнеше қабатты болуында, яғни, жүзі бірінен соң бірі шығып отырады. Әрбір ұстаның өз құпиясы және әдісі болған. Мысалы, кәдімгі отқа төзімді ыдыста балқытылған металлдан, графиттік ыдыста балқытылған металлдың айырмашылығы болады. Ал Қазақстанның оңтүстік аймақтарында қылыштың жетесіне сапты, тер мен майды тез сіңіретін шие ағашынан жонып орнатқан.

XIX ғасырда селебемен бірге сапы деген шпага төріздес, шаншитын сұқпасы 780-870 мм болатын қару түрі қолданылды. «Енді қырғыздар (қазақтар – А.Ш.) сұқпасы тік болып келген сапыны өзімен бірге алып жүр» деп суреттеген Ш. Уәлиханов.

Қанжар – ғасырлар тоғысында қазақтармен ең көп қолданылған соғыс қаруларының бірі. Мұндай қаһарлы қару өз шығу тегін темір акинактардан бастап, археологиялық мәліметтерге сай (V-VI ғғ.), Қазақстан аумағынан тыс жерде кездеспегендіктен, оны тек қазақтың ұлттық суық қаруына жатқызуға болады.¹ Акинактар өзінің қару болғанымен қоса, әскери аристократияны бөлектеп тұратын, қоғамның маңызды әлеуметтік көрсеткіші де болды. Екі жүзді сұқпасы бар мұндай қан-

¹ Кыдырбаев М.К. *Некоторые итоги и перспективы изучения ранне-железного века Казахстана // Новое в археологии Казахстана.* – Алма-Ата: Наука, 1968. – С. 28; Акишев К. А. *Курган Иссык. Искусство саков Казахстана.* – М., 1978. – С. 33-35.

жардың ұзындығы шамамен – 290 мм, ені – 30 мм болған. Қызықтыратын бір жағдайға, Ш. Уәлихановтың айтуынша, қазақтар өздері дайындаған қанжарларын алып жүрудің өзгешелігі болып, Кавказдағыдай қираш емес, не басқа да азиялықтар сияқты белдік артында емес, олар селебе сияқты алып жүргендерін жатқызуға болады.¹

Айбалта деп ұзынша сапқа орнатылған, жүзі айшық тәріздес кішкене балтаны айтады. Сабының ұңғыдан өтер жағы темір құрсаумен шегенделген. Көбінесе айбалталар жақыннан қолдануға арналған шабатын қару болған, бірақ кейде әдісін білген сарбаздар лақтырылатын қару ретінде пайдалана да білген. Хан, би және ру ақсақалдарының жеке тапсырысы бойынша қару жасайтын ұсталар ерекше әсемдікпен айбалтаны және оны салып қоятын қорабын дайындаған. Қорап, ағаштан немесе былғарыдан жасалынып, оның сырты алтын не күміспен көмкерілген. Қазақтың қолөнер шеберлері айбалтаны қошқар мүйіз өрнектерімен безендірген. Айбалта XIV-XV ғасырларда кеңінен қолданылған.

Сүңгі – үш қырлы қанжар үлгісімен жасалған ұшы үшкір, қырлы сұқпасы – 400 мм-ге дейін жететін, шаншитын суық қарудың сабы ағаштан, сұқпасы болаттан жасалған. Өзінің жіңішке сұқпасының көмегімен, ол ұсақ темір шығыршықтарды бір-біріне өткізіп тоқылған қысқа күрте саңылауларынан өтіп кететін болған.

Сойыл – қол қаруының ұрып-сындыратын негізгі қаруларының бірі. Ол алып жүруге ыңғайлы ұзынша сидам ағаш. Сойыл 2-2,5 м, ал диаметрі – 6-7 см қатты ағаштан жасалады. Сойыл жасайтын ағаштың бұтақтарын тазартып, қабығын аршып кептіреді. Әбден кеуіп көп ұсталған сойылды қақ сойыл дейді.

Шоқпар – ұрып-сындыратын қаруларының көнеден келе жатқан түрі. Оның бас жағы жұмыр болады. Мұны ырғай, тобылғы, қарағай секілді қатты ағаштардан жа-

¹ Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т. 1. – Алма-Ата, 1961. – С. 464.

сайды. Ырғай, тобылғыдан шоқпар жасағанда түбірін қоса қазып алады да, бас жағын жұмырлайды. Кейде шоқпар басына темір немесе қорғасын құяды. Күрзінің жасалу тәсілі жоғарыда аталғандай болғандықтан, оны шоқпардың бір түріне жатқызуға болады.

Жекеауыз – сұқпасы аздап қана иілген ұзын пышақ. А.И.Устинов, М.Э. Портнов, Ю.А. Нацваладзе атап өткендей, төжік пышақтарының сұқпалары ұзын, сырты қалың болып, әсіресе орта азиялық үшкір басты сұқпасы бар қылыштарды елестеткен.¹ Сондықтан, жекеауыз сұқпасының ұзындығы – 300 мм, ені шамамен – 20-30 мм-ге дейін, ал сұқпанының алдыңғы бөлігі аздап сыртына қарай иілген деп жорамалдауға болады. Олардың сұқпалары өте мықты және жылтыратылған жақсы болаттан дайындалған.

Бұйда пышақ – пышақтар тобына жатады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі «бұйда» деген сөзді, 2-3 шаршы болып келетін түйені жетектейтін немесе байлайтын шылбыр деп түсіндірген.² Біздің ойымызша, «бұйда пышақ» деп атауына оның ұзындығы себеп болды. Осылайша, А.Х. Марғұланның суреттегеніндей, бұйда пышақ деп – жіңішке ұзын пышақты атаған. Әрине, оның ұзындығы 2 метр болмаған, бұл символдық салыстыру, дегенмен мұндай пышақтың нақтылы ұзындығы болған.³ «Сабы киік не ешкі мүйіздерінен немесе ырғайдан жасалынған, бұйда пышақ әрбір қазақта болған» деп суреттеген кезінде атақты этнограф Ш.Уәлиханов.⁴ Бұйда пышақтың сұқпасының шамамен ұзындығы – 250 мм, ені – 20 мм болған.

Кездік – пышақ үлгісіндегі суық қаруға жатады. Оның тік сырты және домаланып келген жүзінің үстінде

¹ Устинов А.И., Портнов М.Э., Нацваладзе Ю.А. *Холодное оружие*. – М.: Арсенал-Пресс. 1994. – С. 23.


² Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т.2. А. И. Исакаковтың жалпы ред. жасалған. – Алматы, 1976.

³ Марғулан А.Х. *Казахское народное прикладное искусство*. – Алматы, 1986. Т. 1. – С. 166.

⁴ Валиханов Ч.Ч. *Собрание сочинений. В 5-ти томах. Т. 1.* – Алматы, 1961. – С. 709.

екі жағынан да дола болған. Сап отырғызылу не шегенделу тәсілімен жасалынып, үсті металмен қапталған. Мұндай пышақ сұқпасының ұзындығы шамамен – 140 мм, ені – 29 мм болған. Дола жасау нәтижесінде сұқпаның салмағы азайып, қаттылығы жоғарлаған (майысуға қарсы әрекет). Қолдың жылжып-сырғанап кеткен кезінде (көбінесе, су немесе майлы қолдардың) кесуден сақтау үшін, кездіктің міндетті түрде сағасы болған. Бірақ та, бұл ұлттық пышақтың, қазақтардың мекендеген аумағына және онымен қимылдау әрекеттеріне не пайдалану мақсатына сәйкес, өлшемдері мен формаларына қарай өте көп үлгілері орын алған. Мысалы, батыр кездігі, аңшы кездігі, қара кездік, құс кездік және тағы басқалар. Осылайша, Қызылорда облысының ұсталары және құс бегілерімен сұхбаттасу барысында, құс кездігінің сұқпасы басқа кездік үлгілеріне қарағанда жіңішке болатынын біліп, бүркіттің астында жатқан түлкі аяғымен құсқа зақым келтірмес үшін, бүркітші жылдам аттан түсіп түлкінің тірсегін тіліп жіберу, осы құс кездігінің атқаратын қызметтерінің бірі екендігі туралы мағлұмат алдық.

Қазақтың батыр кездігі



А – сұқпа, Б – сап.

*1 – ұшы; 2 – дола; 3 – сыртқы (желкесі); 4 – дұм; 5 – жүзі;
6 – жүзінің қайралған жері; 7 – сағасы; 8 – қазинегі*

Жоғарыда атап өтілген пышақ үлгілерінің бәрі көшпенділер өміріндегі сұрапыл жағдайларына сәйкес, өзін-өзі жаудан не аңнан қорғауға, аңшылықта, сонымен бірге қосымша мақсаттары ретінде тұрмыста да пайдаланылған. Сондай-ақ, сол кезеңде қазақтардың ұлттық киімдерінің бөлігі ретінде салпыншақты белдік болып, ол өз алдына қындалған пышақпен жинақталған. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша, қындалған пышағы бар белдікпен белбеуленбеген еркектің рулық мәселелер шешуде сөз алу құқығы болмаған. Сонымен қатар, келтірілген деректер мен мұражай қорында сақталған үлгілерге жүгіне отырып және жоғарыда аталған пышақтарды суық қаруға жатқызсақ, олар негізінен болаттан істелінген сұқпа және ағаш, сүйек немесе мүйізден жасалған сап (көбіне, металл, күміс не мыспен қапталған) сияқты екі тетіктен тұрады.

Суық қару дамудың ұзақ жолынан өтті. Бұл қарудың адам қызметінің әрбір саласындағы қолдану шегі (мысалы, соғысу мақсатында ма, аңшылықпен айналысуда ма) – іс жүзіндегі қажеттілігі, ұлттық дәстүрдегі, этикалық және құқылық нормалары белгіленген. Ал, әрбір қару жасаушы өз халқының ұлттық, әскери, аңшылық және көркемдік дәстүрлеріне арқа сүйей отырып, өз қолөнерінде жеке басына ғана тән техникалық тәсілдерді пайдаланған, яғни, суық қаруларға ұстаның немесе оның отбасының ұстаханасының жазбаша белгілері, сонымен қатар сурет түріндегі таңбалары (мысалы, айшық пен жұлдыз) соғылған. Осы қарушылар мен шеберлердің жасап шығарған барлық үлгілердің жиынтығы – суық қарудың криминалистикалық түсінігінің мөлшерін құрастырады. «Тарихи қалыптасқан тип» белгісі өзіміз құрастырған суық қару түсінігінің анықтамасында орын алмаса да, объектілерді суық қаруға жатқызу зерттеулерін жүргізу барысында, оны қажетті, қосымша белгілер ретінде пайдаланудың, біздің ойымызша маңызы зор. Сондықтан, сарапшыға (маманға) қарудың зақымдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін, мықтылығы мен қолға ұстау ыңғайлылығы

ғын көрсететін конструктивті-техникалық белгілер жиынтығын анықтаудан басқа, оған ұлттық суық қаруларға тән белгілерді зерттеу және танып білу мақсатында тарихи және этнографиялық сипаттағы мағлұматтар қажет екендігі байқалып отыр.

Суық қаруды зерттеуден өткізу кезінде шешілетін сұрақтар:

- зерттеуге берілген зат суық қаруға жататындығы;
- зерттеудегі құрылғы суық қарудың қай түрі бойынша жасалған;
- суық қару қандай тәсілмен жасалған.

Заттық дәлелдемелер үстінде қалған іздер арқылы (мысалы, суық қарудан қалған іздер, қан, жарақат, киімнің жыртығы) бейнелі фактіні қалпына келтіруге болады¹. Суық қарумен келтірілген жарақаттарды зерттегенде зақымданудың сипаттамасын, із жасаған объектінің тобын және қалған із бойынша кейде оны идентификациялау сұрақтарын шешуге болады. Аталмыш сұрақтар суық қару сараптамасымен емес, сот-дәрігерлік, трасологиялық немесе дәрігерлі-трасологиялық кешенді зерттеулер арқылы шешіледі.

Газды қарудың криминалистикалық зерттеуі

Газды қару деп қолданғанда көз жасын ағызатын немесе тітіркендіргіш заттарды пайдалануға негізделетін қаруды айтады. Құқық қорғау органдарының көз аясына, газды қару көбінесе тұлғаның жеке басы мен автокөлігін тексергенде, бұзақылық жасаған күдіктілерді ұстағанда, оқиға болған жерді қарағанда, тінту жүргізгенде кездеседі.

Газды қару мен оны қолданудан қалған іздерді зерттеуден өткізу кезінде шешілетін мәселелер:

- *диагностикалық* – әр түрлі заттар үстінен улы нәрселер іздерін табу; улы нәрселер құрамын және қай

¹ Толеубекова В.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть общая: Учебник. Под редакцией доктора юридических наук, профессора Бегалиева К.А. – Алматы, 1998.

топқа жататындығын анықтау (өлсіз, орташа, қатты әсер ететіндігі);

• *идентификациялық* – атылған оқтар арқылы газды қаруды идентификациялау; патрондарды дайындаған құрылғылар мен құралдарды идентификациялау.

Қылмысты тергеу кезінде газды қаруды криминалистикалық зерттеуден өткізу оның жасалу тәсілін, адамға келтірілген зақым сипатын анықтауға, қылмысты дұрыс квалификациялауға және басқа да істің шешілуіне маңызы бар жағдайларды табуға мүмкіндік береді.

Жарылғыш құрылғылар мен жарылғыш заттар

Жарылғыш құрылғылар мен жарылғыш заттардың криминалистикалық зерттеуі деп жарылыс және одан қалған іздердің пайда болу заңдылықтарын, сонымен қатар қылмысты тергеп ашу мақсатында аталмыш объектілерді жинап, зерттеудегі әдіс-құралдарды жетілдіретін криминалистикалық қарутанудың тарауын айтамыз.

Бұл жөнінде мәселе кейінгі кезде қылмыс жасауда жарылғыш құрылғылар мен жарылғыш заттардың қолданылуынан туындап отыр. Жарылғыш объектілер мен жарылыс іздерін жинап зерттеудің әдістемелік негіздері құрылып, қажетті білім жүйесі қалыптасуда. Ол үшін азаматтық жарылғыш техника, әскери ғылым, химия, физика және басқа да ғылым мағлұматтары кеңінен қолданылып жатыр. Оның объектілеріне әр түрлі жарылғыш құрылғылар, жарылғыш заттар, жару құралдары, жарылыс іздері жатады.

Жарылғыш құрылғылар деп конструкциясы бойынша адамдарды, жануарларды, балықтарды және әр түрлі бөгеттерді, жарылғыш заттар немесе оларды ауыстыратындардың термиялық ыдырауының нәтижесінде бағытталған, қозғалыс алатын жарылыс толқыны немесе ұшқындар көмегімен бұзатын объектілерді айтамыз (мысалы, ұшқынды қол гранатасы, танкіге қарсы қолданылатын қол гранатасы).

Құқық қорғау органдарының тәжірибесінде штаттық (зауытта жасалған) және қолдан жасалған жарылғыш құрылғылар кездеседі. Жасалу тәсіліне қарамастан барлық жарылғыш құрылғылардың төмендегідей негізгі элементтері болу қажет:

- жару құралы (механизмі), мысалы, қол гранатасының запалы, минаны жаратын тетік, түрлі капсуль-детонаторлар, от өткізетін және пілтелі жіптер, жаңғыш түтіктер, электрлі детонаторлар, жарғыш машинкалары немесе тоқ көздері;
- жарылғыш заттар немесе жару мүмкіндігі бар қоспалардың зарядтары;
- жарылғыш құрылғыларды жұмыс істететін қондырғылар.

Жарылғыш заттар мен құрылғылар үлгісі


Қазіргі уақытта радио арқылы басқарылатын жарылғыш құрылғылар кеңінен таралуда.

Тергеу тәжірибесінде қолдан жасалған жарылғыш құрылғылар да кездесіп, олар төмендегідей бөлінеді:

- зауыт дәлдіктерін сақтамай, өндірісте дайындалған жарылғыш заттарды өздігінен араластыру (мысалы, аммиак-селитрлі жарылғыш заттарды қылмыскердің өзінің араластыруы);
- синтезделген үй жағдайында толық қолдан жасалғандар (ацетонның үш асқын тотығы, күкірт бастарын қосып жасаған және т.б.).

Жарылыста, оқиға болған жердегі заттарға із түсіру арқылы әсер ететін, зақымдау факторларының жиынтығы шоғырланған. Оларға мыналар жатады:

- жарылғыш заттарды үгіту әрекетімен жақын тұрған заттарға әсер ететін бризанттық қимыл;
- жарылғыш заттармен, соққы толқынымен адамдарды немесе құрылыстарды зақымдайтын фугасты қимыл;
- жарылғыш құрылғы жарықшақтарымен айналасындағы жарылысқа душар болған басқа объектілердің жарылыс толқынының кинетикалық энергиясы арқы-



А – жарылғыш құрылғыларды бүркемелеу және тасымалдау құралдары; Б – жарылғыш заттардың заряды; В – сымдары; Г – тоқтан қорек алушы элемент; Д – сағаттық механизм; Е – электрлік тұтандырғыш (детонатор); Ж – жарылғыш заттың заряды бар пісірілген корпус; З – қол гранатасы; И – жарғыш; К – таңбасы

лы адамдар мен объектілерді зақымдайтын үшқынды әрекет;

- объектілерді тұтандыратын термиялық қимыл;

Жоғарыда аталғандардан басқа, адамдарға жарылыс өнімдері (көміртек тотығы, азот тотығы, көмірқышқыл газ) болып келетін, улы газдар әсер етуі мүмкін.

Аталмыш объектілерді зерттеу үшін жарылыс-техникалық сараптама тағайындалады. Бұл сараптаманың кешенді сипаты болып, оны жүргізуге физика, химия, оқ-дәрілер конструкциясы мен әсері, жарылғыш заттар технологиясы салаларындағы білікті мамандар қатысады¹. Жарылыс-техникалық сараптама идентификациялық және диагностикалық сұрақтарды шешеді.

Диагностикалық сұрақтар:

- жарылыс фактісін, оның табиғаты мен техникалық себептерін анықтау;
- жарылыс жағдайын анықтау;
- заттар мен құрылғылардың нақтылы топқа жататындығын, оның түрін, маркасын анықтау, олардың зақым келтіру қимылдарына баға беру;
- жарылғыш құрылғының мақсаты бойынша пайдалануға жарамдылығын айқындау;
- жарылғыш құрылғыны жасап шығарғанның арнайы білімінің дәрежесін айқындау;
- жарылғыш затта пайдаланған заряд салмағын айқындау.

Идентификациялық сұрақтар:

- а) жарылғыш құрылғының бөлшектері арқылы бұрын біртұтас болғандығын анықтау;
- б) екі немесе одан да көп жарылғыш заттардың шығу тегінің бір екендігін анықтау.

¹ Криминалистика. Под ред. А.Г.Филиппова и А.Ф.Волынского. - М., 1998.

2.5. Құжаттардың криминалистикалық зерттелуі

Құжаттардың криминалистикалық зерттеуінің жүйесі

Құжаттардың криминалистикалық зерттеуінің жүйесіне:

- а) жазудың (письмо) криминалистикалық зерттеуі
- б) құжаттардың техника-криминалистикалық зерттеуі енеді.

Бұл екі жағдайда зерттеу объектісі болып құжаттар жүреді. Кең мағынадағы құжат деп қылмысты тергеуге қатысы бар, бір немесе бірнеше бекіту құралдары көмегімен қандай да бір фактілер туралы мағлұматтар көрсетілген объектілерді айтамыз.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 123-бабына сәйкес, азаматтар, лауазымды тұлғалар және мекемелер баяндап берген немесе куәландырған мәліметтер қылмыстық іске қатысы болса, онда мұндай құжаттар дәлелдеме ретінде қабылданады. Бірінші құжаттардың мазмұнына назар аударылады (мысалы, басқа біреудің жүргізуші куәлігін пайдаланған кезде).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 121-бабына сәйкес, заттық дәлелдеме ретінде қылмыс құралы немесе өзінде қылмыс ізін қалдырған, қылмыстық іс-әрекет объектісі болған құжаттар болып, сонымен қатар қылмысты табуға көмек жасайтын, істің нақтылы жағдайын анықтайтын, кінәліні өшкерелейтін басқа да құжаттар жатады (мысалы, құжатта фотосуретті қайта жапсыру белгілері бар).

Ақпаратты бекіту тәсілі бойынша құжаттардың төмендегідей түрлері болады:

- қолжазбалар;
- машинкада басылған, типографиялық текстер және принтер көмегімен жасалған мәтіндер;
- графикалық құжаттар (сұлба, жоспар, сызба және т.б.);

- кино, -фото, -бейнеқұжаттар;
- кодты ақпараттар беретін объектілер (перфокарта, телеграф және телетайп ленталары және т.б.).

Сонымен бірге, қылмыстық сот өндірісінде мынадай құжаттар болады:

- *дұрыс (подлинный)*, яғни, реквизиттары мен мазмұны шындыққа сәйкес. Олардың *күшіндегі (действительный)* және *күшін жойған (недействительный)*, яғни, мезгілі өтіп кеткен куәлік түрлері болады;

- *жалған (подложный)*, яғни, реквизиттары мен мазмұны шындыққа сәйкес келмейтін. Жалғанның интеллектуалдық (ішінде жалған мағлұмат жазылған, реквизиттары дұрыс құжат) және материалдық (дұрыс құжатқа жартылай өзгерту енгізіліп немесе толық жасанды құжат дайындалады) екі түрі болады.

Құжаттың дұрыстығы мен интеллектуалдық жалған құжаттар тергеуші және жедел іздестіру қызметкерімен анықталады, ал құжаттардың толық немесе жартылай жасандылығы, яғни, материалдық жалғандық сараптамамен айқындалады. Мекеме, ұжымдар беретін құжаттар реквизит деп аталатын элементермен сипатталады. Оларға: құжат бланкісі, өлшемі, формасы, түсі, мөр және штамп көшірмелері, сақтағыш құралдары, фотосуреттер, қойылған қол және т.б.

Құжаттарды қарау қажетті ережелерді сақтау арқылы жүргізіледі. Мысалы, құжатты қарай отырып, оның үстіндегі әр түрлі іздерді (саусақ іздері, микрообъектілер) жоғалтпау үшін сақтық шараларын қолданған дұрыс. Сол себептен құжат қолмен емес, пинцетпен алынады. Құжаттардың үстінде ешқандай жазу немесе белгі салуға болмайды, өйткені олардың алғашқы мазмұны бұзылған соң, дәлелдемелік қасиеті жоғалады. Барлық белгілер құжатты сақтайтын конверт бетіне жасалады. Басындағы бүгілген жерлер кейде құжаттағы текстін бүгуге дейін немесе кейін жазылғандығын анықтауға мүмкіндік беретіндіктен, құжатты табылған жерде бүгуге болмайды. Қарау кезінде шимайланған жерлерін химиялық немесе басқа да тәсілдер арқылы ажырату

шараларына душар етпеу керек. Құжаттарды алғашқы түрінде сақтай алатын іс-қимылдарды ғана жасауға болады (лупа, микроскоп, жарық түсіргіштер сияқты).

Ескіріп тозығы жеткен құжаттармен жұмыс жасағанда ерекше сақтық пен ұқыптылық, ептілік қажет. Оларды екі жақтан шынымен немесе полиэтилен қағазымен қысып, сол түрінде қараудан кейін конвертке салынады. Жыртылған құжаттарды мазмұны бойынша жинап, жоғарыда айтылғандай екі шыны арасына қысып бекітіледі.

Қылмыстық істе құжаттар бөлек конвертте, мүмкіндігінше уқаланбай немесе бүктелмей орналасуы керек. Барлық конверт сыртындағы толтырулар, құжатты оған салмас бұрын жасалу қажет. Сонан соң конверт жабылады және мөрленеді.

Жазудың криминалистикалық зерттеуі

Жазудың криминалистикалық зерттеуі деп ғылыми ережелер жүйесін және соған негізделі отырып, қылмыстың алдын алып, тергеп және өшкерлеу мақсатында жазу тілі мен қол жазуды талдау негізінде қолжазбаларды зерттеу үшін қолданылатын, техникалық құралдар мен әдістерді қамтитын құжаттарды криминалистикалық зерттеуден өткізудің тарауын айтамыз.

Жазу (письмо) деп – арнайы белгілер арқылы адам ойын бекіту құралын айтады (дыбыстар, сөздер, буын). Арнайы құрастырылған жазудың белгілік жүйесі – ойдағыны жеткізетін, адамдардың сөйлесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және мағлұмат алатын құралы болып табылады.

Қолтаңба (почерк) деп – қалыптасу негізінде жазып-қозғалу әдеті жатқан, қолжазбада орналасқан дағдылық қимылдар жүйесін айтамыз.

Жазу мәнерінің қалыптасуы жазуға үйренумен бірге жүреді. Бұл процесс бала мектепке бармас бұрын басталып, шамамен 20-25 жаста аяқталады. Қол жазудың қалыптасуының физиологиялық негізіне – жаттығулар

нәтижесінде пайда болған уақытша байланыстар жүйесі жатып, ол нақтылы динамикалық стереотиптің пайда болуына өкеп соқтырады.

Қолтаңбаның қалыптасуына өсер ететін *факторлар*:

- *субъективті* – жазушының анатомиялық ерекшеліктері (қол, көз, құрылымы, көру қабілетінің жетіс-пеушілігі және т.б.); жазуға үйренушінің психофизиологиялық ерекшеліктері (жазу белгілерін қабылдау, жазу белгілерінің құрылымын толығымен және оның элементтерін есте сақтау, жазуға үйрену кезінде қимылдарды түсіну); жүйке жүйесінің типі және ой;

- *объективті* – жазу шарттары, жазуға үйрету әдістемесі.

Қолжазбаларды зерттеу кезінде диагностикалық және идентификациялық сұрақтарды шешу мүмкіндігі төмендегідей қолтаңбаның қасиеттерімен қамтамасыз етілген:

а) тұрақтылық және сол мезетте вариациялы болу, яғни, жазып отырғанның бірнеше қол жазу нұсқаларының болуы (негізгі және қосымша);

б) жеке даралық, мектептегі қалыптасқан жазу үлгісіне (пропись) қысқарту, толықтыру немесе арнайы өзгертулер енгізу. Әрбір адамның жеке дара қол жазуының қалыптасуына жоғарыдағы объективті және субъективті факторлар ықпал жасайды.

Жазу белгілері: *жазу тілі және қолтаңба* белгілері болып бөлінеді.

Жазу тілінің белгілері адамның мәдени тілге ие болу дағдысын және жазудың мағыналық жағын көрсетеді. Жазу тілінің жалпы және жеке белгілерін көрсетуге болады.

Жалпы белгілер:

- сауаттылықтың жалпы деңгейі – нақтылы тілде жазу ережелеріне ие болу дәрежесі. Сауаттылық дағдылардың даму деңгейі *жоғары, орта және төмен* болуы мүмкін;

- лексикалық дағдылардың даму деңгейі – сөз байлығымен, оны құрастыру ерекшелігімен және т.б. көзге

түседі. Сөз байлығы кең, орта және мүшкіл болуы мүмкін;

- стилистикалық дағдылардың даму деңгейі – әр түрлі стильдерді қолдану ерекшеліктерімен анықталады (қызметтік, ғылыми, публицистикалық, өндірісті-техникалық, күнделікті қолданылатын сөздер арқылы).

Жеке белгілер:

- ұқсас лексикалық және сауаттылық қателердің болуы,

- авторлық лексика ерекшеліктері, акцент жасау тәсілі,

- символдар пайдалану,

- қысқартулар жасау және тағы басқалар.

Қолтаңба белгілері де жалпы және жеке болып бөлінеді.

Жалпы белгілер қолтаңбаны біртұтас қимылдар жүйесі ретінде сипаттап, төмендегілерді көрсетеді:

- қимылдардың орналасуы (топографиялық белгілер) өз алдына жеке фрагменттерді (қол, дата, сөйлем басын) орналастыру, шеттерінің (поля) болуы немесе болмауы, жаңа жол, интервал және олардың сипаты;

- қолтаңбаның қалыптасу деңгейі мен сипаты, осыған байланысты жоғары, орта және аз төселген қол жазу болып бөлінеді. Төселу деңгейі жазудың темпі мен қимылдардың шоғырлануымен анықталады;

- қимылдардың траектория бойынша құрылуы, яғни, қимылдардың формасы мен бағыты, қисаюы, өлшемі, желісі (разгон), басылымы (нажим).

Жеке белгілер нақты адамның жазып-қозғалу дағдысының ерекшеліктерін көрсетеді: күрделілік (сложность), форма, бағыт, созылмалылық (протяженность), қосылыстардың түрлері мен саны, жазу белгілері мен оның элементтерін орындау кезіндегі қимылдардың шамамен орналасуы және реті.

Жазу тілі мен қолтаңбаның жалпы және жеке белгілерінің жиынтығын қылмысты тергеу кезіндегі диагностикалық және идентификациялық сұрақтарды шешуде қолданылады. Осы мақсатпен қолтаңба тану

(почерковедческая) сараптамасы тағайындалады. Оған тергеушінің қаулысымен бірге, зерттеудегі қолжазба, сонымен қатар салыстырмалы зерттеулер жүргізу үшін үлгілер (еркін отырып жазылған (свободные), шартты түрде еркін және эксперименталды) жіберіледі.

Қолтаңбаны тану зерттеулері кезінде диагностикалық және идентификациялық сұрақтар шешіледі.

Диагностикалық сұрақтар:

- қолжазбаның қасақана бұрмаланған қолтаңбамен жазылғандығы;
- қолжазбаның оң немесе сол қолмен жазылғандығы;
- қолжазбаның басқа адамның қолтаңбасына ұқсастырып жазылғандығы;
- қолжазбаның ыңғайсыз отырып жазылғандығы;
- қолжазбаның әдеттен тыс жағдайда (шаршағандық, қобалжулық, мас күйінде немесе есірткі қабылдау, ауырып отырып) жазылғандығы;
- қолжазбаның шамамен орындалу мерзімін анықтау;

Қолтаңбаның жеке белгілері

Қимылдардың күрделілігі		Қимылдау формасы		Қимылдардың бағыты	
п	қарапайым	п	доғалды	ф	астынан үстіне қарай
п	жеңілдетілген	п н	тұрақты	п'	үстінен астына қарай
п	күрделенген	п и	бұрышты болып келген	п̄	солдан оңға қарай
Жалғасу түрі		и	иреңделген	у	оңнан солға қарай
р к	біріккен	з	тік бұрышты болып келген	б	оңға қарай айналған
р к	интервалдық	и	шеңберлі	о	солға қарай айналған
Қимылдардың шамамен орналасуы					
ла	Жазу сызығына қатысты қимылдардың аяқталу нүктесі (басы)	са	Басқа элементтер немесе сопақша орталығына қатысты қимылдардың басталу нүктесі		

- қолжазбаның әйел немесе ер адамның қолымен жазылғандығы.

Идентификациялық сұрақтар:

- балама қолжазба тексерудегі адамдардың қайсысымен жазылғандығы;

- балама қолжазбаның нақты бір адаммен жазылғандығы.

Кейде тергеулік және жедел іздестірушілік тәжірибеде қылмыскерді жазу бойынша іздеу міндеті туындап жатады. Мұндай жұмыс үш кезеңде өтеді.

Бірінші кезеңде аталмыш құжат үстінен саусақ іздерін анықтау мақсатында темір ұнтағы, нингидриннің ацетондағы қоспасы арқылы қағаз беткейі өңделеді. Сонан соң қағаздың өзі, мәтін орындалған сия немесе қарындаш зерттеуден өткізіледі. Бірінші кезең құжаттың мазмұнын, сондай-ақ күдіктілер шеңберін ажыратуда көмектесетін шын мәніндегі деректерді анықтаумен аяқталады.

Екінші кезең – іздеу кестесін құрастыру. Мұнда жазу тілінің белгілері талданып, оларға қысқаша сипаттама беріледі. Сонан соң қолтаңбаның жалпы және жеке белгілері зерттеліп, кесте ішіне бекітіледі. Әдетте бұл жұмысты қолтаңбатанушы сарапшы атқарады.

Үшіншісі ең жауапты кезең – қолтаңбаларды тексеру. Алдын ала зерттеудегі құжатты орындауы мүмкін адамдар шеңбері анықталады, сосын жазу бойынша тікелей қолжазбаны орындаушыны іздеуге көшеді. Ол үшін жазу тілінің белгілері, қолтаңбаның жалпы және жеке белгілері іздеу кестесінде бекітілген осындай белгілермен салыстырылады. Егер де белгілердің көбісі сәйкес келмесе, онда қолжазба әрі қарай зерттеуге жатпайды. Іріктеу әдісін қолдана отырып тергеуші мен жедел іздестіру қызметкері құжаттардың елеулі санын тексеріп, сараптамалық зерттеу үшін сипаттамасы бойынша жақын қолжазбаларды таңдай алады.

Кейінгі жылдары компьютерлік технологияның дамып өркендеуіне байланысты аталмыш идентификациялық және диагностикалық сұрақтарды шешуде көлемі аз қол-

жазбаларды (қойылған қол, қысқашы текстер) кешенді түрде зерттеудің бағдарламалық қамтамасыздығы ерекше орын алып отыр. Мысалы, «Тюльпан» атты бағдарлама қолжазбаларды орындаған адамның жасын, ер не-

Іздеу кестесі

1			«ы» әрпіндегі штрихтар өлшемiнiң өзара орналасу ерекшелiгi
2			«у» әрпiнiң жол асты элементiн аяқтау ерекшелiктерi
3			«б» және «р» әрiптерiн жалғастыру кезiндегi қимылдар бағытының ерекшелiктерi
4			«т» және «ь» әрiптерiн жалғастыру кезiндегi қимылдар бағытының ерекшелiктерi
5			«т» әрпiн сөз ортасында орындау кезiндегi қимылдар бағытының ерекшелiктерi
6			«д» әрпiн сөз ортасында орындау кезiндегi қимылдар бағытының ерекшелiктерi

месе әйел адам орындаған ба, соны ажырата алады; қысқаша қолтаңба объектілерін идентификациялау үшін ДИА атты программалық комплекстер қолданылады және т.б.¹

Нақты қолжазбаның авторын анықтау үшін негізінде жазу тілінің белгілерін талдау және баға беру әрекеттерін қарастыратын авторды айыру (авторведческая) сараптамасы тағайындалады. Авторлықты анықтау қажеттілігі – анонимді құжат біреудің айтуы бойынша жазылғанда немесе басқа адаммен қайта көшірілгенде, машинкада, принтерде, басқа да тәсілмен басылғанда туындайды.

Авторды айыру сараптамасын жүргізу барысында диагностикалық және идентификациялық сұрақтар шешіледі.

Диагностикалық сұрақтар:

- автордың білім деңгейі;
- автордың қолжазбаны қай тілінде жазғандығы, қандай тіл автор үшін ана тілі болып саналатындығы. Мәтін авторы қандай сөз тіркестерін (диалект, сөйлеу дыбыстары) жиі пайдаланады;
- зерттеудегі жазудың тілдік стильдің нақты ережелерін (ғылыми, қызметтік, публицистикалық) игерген адаммен құрастырылғандығы;
- жазу тілінің қасақана өзгертілуі немесе әдеттен тыс психофизиологиялық жағдайдағы адаммен құрастырылғандығы;

Идентификациялық сұрақтар:

- қолжазба авторы нақты осы адам екендігі;
- бірнеше бәсекелі қолжазбаның авторы осы адам екендігі.

Авторды айыру сараптамасының объектілеріне – қолжазбалар (рукописные документы), машинкада басылған, полиграфиялық тәсілмен дайындалғандар және олардың көшірмелері жатады. Құжаттардың авторлық

¹ *Криминалистика. Учебник для вузов. /Под ред. заслуженного деятеля науки Российской Федерации, профессора Р.С.Белкина. – М., 1999. – С. 297.*

ғын анықтау мақсатымен зерттеулер жүргізу, 500 сөзден кем болмағанда ғана мүмкін болады¹.

Құжаттардың техника-криминалистикалық зерттеуі

Құжаттардың техника-криминалистикалық зерттеуі ондағы толық немесе жартылай жасандылық (подделка) белгілерін табу мақсатына, дайындалу уақытын, әдіс-құралдарын, көрінбейтін немесе әлсін көрінетін жазуларды анықтау үшін, құжаттардың жартылай жанған, күнге күйген мазмұндарын қалпына келтіруге бағытталған.

Шешілетін сұрақтары мен зерттеулер объектісіне қарай, құжаттардың техника-криминалистикалық зерттеуінің төмендегідей түрлері болады:

- құжаттардың реквизиттерін зерттеу;
- мөр формасындағы көшірмелерді зерттеу;
- құжаттың материалдарын зерттеу.

Техника-криминалистикалық зерттеудің *объектілері*:

- қолмен жазылған және машинкада басылған құжаттар;
- полиграфиялық тәсілмен жасалған құжаттар, олардың бөліктері (құжат бланкілері, құнды қағаздар, ақша және т.б.);
- жазу құралдары: шарикті және қаламұшты қаламсаптар, қарандаш, фломастер және т.б.; полиграфиялық құрылғылар; жазу машинкалары, принтер; мөр, штамп және т.б.;
- құжат материалдары: картон, қағаз; сия, типографиялық және штемпель бояулары; жазу машинкаларының ленталары, принтер картридждері, көшірме қағаздар; клей және т.б.;
- мәтіндерді улауға арналған өнімдер.

¹ Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Н.П.Яблоков. – М., 1999. – С. 298.

Жартылай жасанды құжаттар түрлері және олардың белгілері

А. Тазарту (подчистка), яғни, құжаттағы сызықтарды (штрих) механикалық түрде өшіру. Лупа, микроскоп немесе жарып өтетін жарық (на просвет) көмегімен қарағанда, мынадай белгілер байқалады: қағаз беткейінің бүлінуі, сызықтардың, байқатпайтын сеткалардың жоғалуы, өшірілген мәтін рельефтарының болуы, жаңадан енгізілген символдардың жайылып кетуі және т.б.

Б. Толықтыру (дописка), яғни, құжаттың алғашқы мазмұнын өзгерту мақсатымен, бос немесе өшірілген жерлерге жаңа таңбалар енгізу. Толықтыру белгілері: алғашқы жазылған және кейін енгізілген жазу штрихтарының түстері мен реңдерінде айырмашылықтың болуы, кейбір таңбалардың әдеттен тыс орындалуы, қолтаңба (почерк) белгілерінің өзгеруі және т.б.;

В. Уландыру (травление), яғни, жазу немесе олардың бөліктеріндегі штрих сияларын өңсіздендіру арқылы өшіру; шаю (смывание) – мәтінді ерітіндінің көмегімен өшіру. Белгілері: қағаз қаттылығының әлсіреуі, өңсізденуі, жарықшақтардың пайда болуы, бастапқы жазу штрихтарының қалып қоюы және т.б. Аталмыш белгілерді айқындау мақсатымен ультракүлгін сәуле көздерін пайдаланғанда, құжаттың уландырылғын жері мен басқа жері арасында люминесценция (жарқырау) түріндегі айырмашылық байқалынады.

Г. Құжат бөліктерін ауыстыру:

- фотография ауыстыру (толығымен, монтаждау арқылы). Белгілері: өлшеміндегі және формасындағы өзгешеліктер, көшірме бөліктерінің сәйкес келмеуі, әр түрлі желім қалдықтары, жаңа және ескі фотография шектерінің дәл келмеуі;

- құнды қағаздардың, лотерея билеттерінің, ақшалардың бөліктерін ауыстыру (нөмір, сан, сурет жабыстыру арқылы). Белгілер: қағаздың қалыңдауы, байқатпайтын сетка сызықтарының сәйкес келмеуі, кір басуы, жабыстырған жерлерде әр түрлі сызықтардың болуы және т.б.;

• төлқұжат және басқа да сол сияқты құжаттардың бөліктерін ауыстыру. Белгілер: қағаз реңі мен сапасындағы өзгешелік, парақ нөмірлерінің, серияларының, өлшемінің, формасының сәйкес келмеуі.

Жасанды қол қою (подделка подписи) тәсілі:

• ойында қалған арқылы суреттеу, нағыз қол үлгісінің үстінен қарындаш немесе қатты нәрсемен жүргізіп, кейін басылып қалған іздер көмегімен қолды салу;

• көшірме қағазы және жарып өткен жарық көмегімен көшіру;

• электрография, көшірме техникаларының көмегімен көшіру.

Мөр және штамп көшірмелерін жасанды ету тәсілдері:

• көшірмені құжаттың үстінде салу;

• жасанды құжат үстіне нағыз (дұрыс) көшірмені басу;

• жасанды клише көмегімен көшірме алу (фотомеханикалық, ойып алу тәсілімен жасау, типографиялық шрифт көмегімен дайындау және т.б.);

• үстінде мөр немесе штамп суреттеріне ұқсас суреттері бар, бөтен заттар көмегі арқылы көшірмелер алу (мысалы, мемлекеттік елтаңба суреті бар тиындар, т.б.).

Сонымен қатар құжаттардың техника-криминалистикалық зерттеуінің *затына бүлінген құжаттардың мазмұнын айқындау* жатады. Дәлірек айтқанда, сия төгілген әлсін көрінетін және көрінбейтін мәтіндерді, сызылып тасталған жазуларды, жыртылып қалған және жанып кеткен құжаттардың мазмұнын бұрынғы қалпына келтіру болып табылады. Ол үшін әр түрлі жарық түсіргіштер, светофильтрлер, зерттеулік фотография әдістері, ультракүлгін, инфрақызыл сәулелер көзі (электронды-оптикалық түрлендіргіш), химиялық әдістер (мысалы, химиялық реактивтер арқылы бояу өнімдерін өңсіздендіру), диффузды-көшірмелік әдіс және т.б. қолданылады.

Зерттеулер түріне қарай құжаттардың техника-криминалистикалық зерттеуінің міндеттері болады.

Құжат *реквизиттарының* техника-криминалистикалық зерттеуінің міндеттері:

- құжат пен оның бөліктерінің дайындалу мерзімі мен тәсілін анықтау;
- оның өзгерту тәсілі мен фактісін анықтау;
- әлсін көрінетін және көрінбейтін жазуларды айқындау;
- құжат бөліктері бұрын біртұтас болғандығын (идентификациялық міндет).

Баспа формаларының көшірмелерін техника-криминалистикалық зерттеуден өткізудегі міндеттер (полиграфиялық өнімдерді, машинкаға және басқа да аппараттарда басылғандарды, мөр және штамп көшірмелерін зерттеу):

- құжат бланкісін, ақша, құнды қағаз, баспа формасын дайындау тәсілін анықтау;
- полиграфиялық шрифт маркасы мен атын, басылым құрылғыларының конструктивті ерекшеліктерін анықтау;
- басу машинкаларының (принтерлердің және т.б.) моделін, маркасын, түрін анықтау және қай уақытта мәтін орындалғандығын білу;
- құжаттарды жасау үшін қолданылған техникалық нақтылы құралдарды (полиграфиялық құрылғыны, көбейту техникасын, басу машинкасын, принтерді және т.б.) теңдестіру, сонымен қатар машинкаға басылған мәтінді орындаушы адамды идентификациялау.

Идентификациялауды жеңілдететін фотокошірмелік машинкалардың саралау сипаттарына: қағаз типі, электрографиялық айқындауыш типі, қағазды беру тәсілі, кескінді үлкейту және кішірейту мүмкіндіктері, идентификациялық белгілер, бояу мүмкіндігі, лазерді пайдалану, редакциялау мүмкіндігі жатады¹.

Материалдарды техника-криминалистикалық сараптамасынан өткізудің міндетіне:

¹ Костров С.А. *Криминалистическое исследование документов, выполненных средствами оперативной полиграфии. Автореф. дисс. На соискание ученой степени канд. юрид. наук.* – М., 1997. – С. 20.

- құжат материалдарының белгілі бір топқа жататындығын анықтау;
- құжат материалдарының шығу тегін анықтау.

2.6. Адамның сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім (криминалистикалық габитоскопия)

Криминалистикалық габитоскопия

«Габитоскопия» деген сөз латынның *habitus* – сыртқы келбет және гректің *skoreo* – қараймын деген сөздерінен құралған. Сөйтіп, криминалистикалық габитоскопия деп адам сырт келбетінің әр түрлі бейнелерде суреттеліп қалу заңдылықтарын оқып үйрететін және қылмыстың алдын алып, тергеу мақсатында сырт келбет туралы мағлұматтарды пайдалану кезінде қолданылатын техникалық құралдар мен әдістерді дамытатын криминалистикалық техниканың саласын айтамыз.

Криминалистикалық габитоскопия затына:

- адам сырт келбеті туралы криминалистикалық түсінікті, оның қасиеттерін, белгілер және элементтер жүйесін оқып үйрену;
- адам сырт келбетінің әр түрлі бейнелерде суреттеліп қалу заңдылықтарын оқып үйрену;
- сырт келбет туралы мағлұматтарды жинау, зерттеу және пайдаланудың жалпы заңдылықтарын, тиісті әдіс-құралдарды қолдану негізінде оқып үйрену;
- портреттік сараптама әдістемесін дамыту, сүйек қалдықтары бойынша адамның келбетін қалпына келтіру – жатады.

Адам келбетінің белгілерін пайдаланудың ғылыми негізін – XIX ғасырдың 70-ші жылдарында француз криминалисі Альфонс Бертильон қалады.

Сырт келбет белгілері бойынша жеке тұлғаны идентификациялаудың ғылыми негіздері Р.А. Рейсс, революцияға дейінгі криминалист В.А. Лебедев еңбек-

терінде, сонымен қатар Н.С.Бокариус, С.М.Потапов, Н.В.Терзиев, Н.И.Якимов, А.А.Гусев, В.А.Снетков, З.И.Кирсанов, П.Г.Орлов, А.П.Пересункин, А.М.Зинин, И.Ф.Пантелеев, П.П.Цветков зерттеулерінде орын алған.

Адамның сырт келбеті деп әр түрлі сыртқы мәліметтердің жиынтығын, дәлірек айтқанда көзбен қабылданатын адамның сыртқы түрін айтады. Криминалистикалық маңызы бар элементтерге басының, бетінің, денесінің, қол-, саусақ-, аяқ бастарының сыртқы құрылымдары жатады; адамның функционалдық тұрғыдан көзге түсуі (жүрісі, мимикасы); киімдері, қолға ұстап жүретін заттары және олардың детальдары.

Адамның сырт келбеті туралы мағлұматтарды қылмысты тергеу барысында пайдаланғанда төмендегідей сұрақтар шешіледі:

- сырт келбеті туралы ақпарат болса, оқиға болған жерден қашып кеткен белгісіз тұлғаларға іздеу салу;
- еңбекпен түзеу мекемелерінен қашып кеткен, белгілі тұлғаларға іздеу салу;
- із-түссіз жоғалып кеткен тұлғаларға іздеу салу;
- өлі және тірі адамдарды идентификациялау.

Сырт келбет қасиеттері (свойства). Басқа да материалдық дүние объектілері сияқты, адам сырт келбетінің де жеке даралық, шамамен тұрақтылық және басқа объектілерде кескінделу қабілеттілігі тәрізді қасиеттері бар.

Жеке даралық немесе адам келбетінің *қайталанбаушылығы* – әрбір адамды жекелейтін, бір топ элементтер жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Адам сырт келбетінің *шамамен тұрақтылығы* деп – өмір бойғы өзгерістерге қарамастан, нақтылы кезең аралығында бет әлпетінің ерекшеліктері шамамен тұрақты болып қала беретіндігін айтады.

Адам бет әлпетінің *әр түрлі кескіндерде (фотосурет, сурет және т.б.) суреттелу* қабілеті сияқты қасиеті – бет әлпет туралы ақпаратты қылмысты тергеуде қолдануға жол береді.

Адам бет әлпеті белгілері мен элементтерінің жүйесі

Адам бет әлпеті, қарау кезінде бөлектеп шығаратын бөлшектер сияқты элементтер жүйесінен тұрады. Бұл элементтерге басының, бетінің, денесінің, қол, саусақ, аяқ бастарының сыртқы құрылымдары жатады; адам тіршілігінің сыртқа білінуі (жүрісі, мимикасы, жүлқынып сөйлеу); жалпы физикалық мәліметтер (жынысы, жасы және т.б.); киімдері, қолға ұстап жүретін заттары және олардың детальдары жатады.

Адам бет әлпеті белгілері мен элементтерінің жіктемесі (классификациясы).

А. Өзіндік (собственные) элементтері мен белгілері адам бет әлпетінің ажырамас негізгісі бола тұра, былай бөлінеді:

- жалпы физикалық элементтер мен белгілер – жынысы, жасы, антропологиялық типі;

- анатомиялық элементтері мен белгілері – жалпы фигурасы, дене мүшелері (басы, беті, мойыны, иығы, кеудесі, арқасы, қол-, саусақ-, аяқ бастарының сыртқы құрылымдары, шашы, әжімдер, операция іздері). Олар формасы, контуры, конфигурациясы, өлшемі және түсі арқылы сипатталады.

- функционалды элементтер мен белгілер, адам тіршілігінің сыртқа білінуі (жүрісі, мимикасы, жүлқынып сөйлеу, тұрмыс әдеттері) арқылы сипатталады. Олар дене мүшелерінің қимылдарымен, өзара орналасуымен анықталады.

Б. Глеспелі (сопутствующие), яғни, қосымша белгілер, киім және ұсақ заттар белгілері мен элементтерін айтады (сағат, очки, өшекей заттар және т.б.). Оларды былайша бөлуге болады:

- өндірістік (жасалу кезінде пайда болған – фасоны, моделі, өлшемі, материалы, фурнитурасы және т.б.);

- қосымша пайда болған (заттарды пайдалану процесінде шыққан – жамаулар, жыртылыстар, жарықшақтар, тозушылық және т.б.).

Сонымен қатар, адам бет әлпеті белгілерінің ерекше тобына көзге түсер *ерекше белгілерді* жатқызуға болады. Олар: анатомиялық (мысалы, сүйел, тыртық, бүкір, татуировка, дене мүшелерінің өлшемдік сәйкестігінің болмауы) және *функционалдық* (мысалы, кекештік, ақсақтық).

Адам бет әлпетінің кескіндері

Қылмысты тергеу тәжірибесінде қолданылатын бет әлпетінің кескіндерін, субъективті және объективті деп бөлуге болады.

А. Субъективті кескіндер дегеніміз – ойда қалған бейнелер (мысалы, жәбірленушінің өзіне шабуыл жасаған қылмыскерді тануда тікелей қолданылатын), сонымен қатар суреттемелер, субъективті портрет, бас сүйегі бойынша бет әлпетін қайта қалпына келтіру (реконструкциялау).

Бейне адамның бет әлпеті белгілерін көрсетуде жатыр. Ол:

- еркін (күнделікті қолданылып жүрген сөздер арқылы жасалады);
- жүйеленген (реттелген). Мұндай суреттеме ауызша портрет (словесный портрет) әдісі арқылы жүргізіледі.

Ауызша портрет деп – жүйеленген және ғылыми негізделген нақтылы әдістеме арқылы, адам бет әлпетін стандартталған терминология көмегімен суреттеуді айтады.

Ауызша портрет әдісі бойынша суреттеудің ережелері:

а) тұрған адамның дұрыс дене бітіміне сай, сырт келбет белгілерін анықтау; және сырт келбет элементтері анфас пен профиль арқылы сипатталады;

б) суреттеудің белгілі тәртібі мен реті болу қажет – жалпыдан жекеге; жоғарыдан төмен, алдымен жалпы-физикалық, сонан соң анатомиялық, функционалды, ілеспелі және ерекше белгілер;

в) арнайы терминологияны сақтау.

Ілеспелі элементтер және оның белгілерін суреттеу.

Мұндай суреттеу киімге, аяқ киімге, бас киімге, адамда болатын заттарға (көзілдірік, сақина, алқа) қатысты. Киімге қатысты оның атауы (күрте, жамылғы, костюм), түрі (азаматтық, спорттық, әскери), пішіні, түсі, суреттері, материалы, жағдайы, киілгендік белгілері көрсетіледі. Осылайша басқа да ілеспелі заттар суреттеледі.

Ауызша портрет әдісін тергеулік және жедел іздестірушілік қызметінде жетік пайдалану тәжірибесі¹ (кесте түрінде):

Іс-әрекеттер маңызы (ігерудің, жедел іздестірушілік, көмектесушілік).	Нақты мақсаты мен әдісті қолдану тәсілі.	Сырт келбет белгілері туралы мәліметтер алу үшін қолданылатын түйінді сөздер.	Сырт келбет белгілерін бекіту тәсілдері.
1	2	3	4
Іздеудегі адамның сырт келбет белгілері жайлы жауап алу (сұрау жүргізу).	Адам сырт келбетін жүйелі және жеткілікті түрде толық суреттеу.	Жауап алынатын тұлға (қуа, айыпталушы, жәбірленуші).	1. Ауызша: а) жауап алу қаттамасы; ә) іздеу бағдары; б) рапорт; 2. Салынған портрет.
Композиция арқылы салынған портреттерді құрастыру кезінде.	Ойдағы бейнені еске түсетіндей жағдайға жеткізу үшін бет әлпеттің штрихтық суреттерін ұсыну.	Жауап алынушы ойындағы бейнелер, бет әлпеттің штрихтық суреттері.	Композиция арқылы салынған портрет.
Портреттік фотомаңақ кезінде.	Еске түсіру мақсатында фотобейнелер үзінділерін ұсыну.	Ойдағы кескін, бет әлпет фотосуреттерінің үзінділері.	Композициялық-фотографиялық портрет.
Іс-түссіз жоғалған және танылмаған мәйіттердің криминалистикалық тіркеуі.	Ауызша портрет әдісімен іс-түссіз жоғалған карта толтыру. Ауызша портрет әдісімен танылмағанға карта толтыру.	а) іс-түссіз жоқ адамды білетіндерден жауап алу; ә) іс-түссіз әуесқойлық, көркемдік фотосуреттер; б) емдеу қағаздарындағы мәліметтер; в) егер адам бұрын тірауде болса, онда қалымыстық тіркеу мәліметтері а) мәйіт, оның киімі, заттары; ә) мәйіттің сот-медициналық зерттеу қорытындысынан алынған мәліметтер.	Фотосуреті бірге жапсырылған іс-түссіз жоғалғанға қойылған карта. а) танылмаған мәйіт картасы; ә) бес фотосурет; б) саусақ іздері.

¹ Криминалистика. Учебник для вузов. /Под ред. Р.С.Белкина. – М., 1999.

Із-түссіз жоғалған және тапшымаған мәліттер картасын салыстыру.	Тұлғаны теңдестіру мақсатында ауызша портрет әдісін қолдана отырып сырт келбет белгілерін салыстыру.	а) із-түссіз жоғалған және тапшымаған мәліттің тіркелуші картасы; ә) фотосуреттер; б) саусақ іздері.	а) теңдігін анықтауға, қарточкаларды біріктіру; ә) қажет болса, сараптама жүргізу.
Қамауға алынған дарды тіркеу.	Қамауға алынғанын анкетасында суреттеу (алфавиттік тіркеуге қосымша).	Қамауға алынған адам.	Қамауға алынғанын анкетасы.
Сотталғандардың криминалистикалық тіркеуі.	Дактилоскопиялық картада сырт келбет белгілерін суреттеу.	Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам.	Дактилоскопиялық тіркеу картасы.
Қамаудан қашқан адамға іздеу сауду мақсатында іздеу бағдарын құрастыру.	Іздеуді тиімділігін қамтамасыз ететін сырт келбетті суреттеуді құрастыру.	а) қылмыстық тіркеу материалдары; ә) жеке басының іс қағазы; б) фотосуреттер; в) жан-жағындағы адамдардан жауап алудан алынған мәліметтер; г) бақылау жүргізу мәліметтері; д) қарау, тінту барысында алынған мағұламаттар; е) басқа да түпнұсқалар.	Іздеу сауду үшін бағдар.
Жедел іздестірушілік шаралар жүргізу кезінде.	а) ауызша портрет әдісі бойынша жасалған бар суреттемемен адамның сырт келбет белгілерін тікелей салыстыру жолымен адамды айқындау; ә) ауызша портрет әдісі бойынша жасалған бар суреттемені фотосуреттермен салыстыру арқылы адамды теңдестіру.	а) ізделіп отырған адам; ә) бағдардағы сырт келбет белгілерін суреттеу; б) салынған, композиция арқылы салынған, композициялық-фотографиялық портреттер; в) сырт келбет белгілерін суреттеу; г) тексерістегі адамдардың фотосуреттері.	а) іздеу бағдары; ә) салынған және композициялық портреттер; а) іздеу бағдары; ә) фотосуреттер.
Таңушылық (сигналетикалық) фотосурет.	Адам сырт келбет белгілерін дұрыс бекіту үшін.	а) фотоға түсуші тірі адам; ә) фотоға түсірілетін мәйіт.	а) екі фотосурет; ә) бес фотосурет.
Қуалаңдыру және жеке басын тінту.	Сырт келбет белгілерін, жарақаттарды, ерекше таңбаларды, ілеспе заттарды мамандандырылған түрде суреттеу.	а) қуалаңдырылатын; ә) тінтілуші.	а) қуалаңдыру хаттамасы; ә) жеке басын тінту хаттамасы; б) фотосуреттер.
Жеке басын тексеру: а) жауап алуға шақырылғанын; ә) оперативтік тексеріс кезінде; б) іздеу кезінде; в) қамауға алынған дардың.	Сырт келбет белгілерін портреттік фотобейнелермен тікелей салыстыру арқылы адамды теңдестіру.	адамның фотосуреттері (төлдіржазындағы, іздеу бағдарындағы, қамауға алынғанын анкетасындағы).	а) адамның фотосуреті; ә) өңір арқылы қабылдану.
Криминалистикалық портреттік сараптама жүргізу.	Жеке тұлғаны идентификациялау.	а) фотосуреттер (сигналетикалық, әуескөй, көркем); ә) бас сүйек; б) өлгеннен кейін.	Сарапшы қорытындысы суреттеу, қосымша ретіндегі фотосуреттер.

Субъективті портрет – ойында сақтап жүрген адамның өзімен дайындалады немесе оның айтуы бойынша басқа адамдармен (жедел іздестіру қызметкерімен, тергеушімен, маманмен) құрастырылады.

Субъективті портрет түрлері:

- салынған (рисованный);
- композиция көмегімен салу (типтелген суреттер жиынтығынан құрастыру);
- фотокомпозициялық (әр түрлі адамдар фотосуреттер фрагменттерінен жинап дайындау);
- құрама немесе жасанды (айғақтардың көрсетуі бойынша іздеудегі адамға ұқсас адам гримделіп, кейін суретке немесе бейнетаспаға түсіріледі).

Композиция көмегімен салынатын және фотокомпозициялық портреттерді дайындау үшін, суреттердің идентификациялық жиынтығы (ИКР) немесе әр түрлі адамдар фотолары фрагменттерінің жиынтығы (комплекті) қолданылады. Қазіргі кезде арнайы жасалған компьютерлік программалар да пайдаланылады («БАРС», «ELSI», «ЛЕОПАРД» «ОБРАЗ-ПЛЮС» сияқты).

Бет әлпетті бас сүйектер бойынша реконструкциялау адам сүйектері, сонымен қатар жұмсақ тканьді бас сүйектері де табылған кезде жасалады. Бас сүйектер бойынша реконструкциялау әдістемесін ғалым-антрополог М.М.Герасимов ойлап тапқан. Бұл әдістеме басты жұмсақ тканьдарының қалыңдығы және бас сүйектің құрылымы арасындағы байланыстылыққа негізделген¹. Қазіргі уақытта компьютерлік программаларда орындалатын, графикалық реконструкция кеңінен қолданылуда. Пластикалық (скульптуралық) реконструкция өте күрделі жұмыс болғандықтан, тәжірибеде сирек кездеседі.

Б. Қылмысты тергеу тәжірибесінде қолданылатын объективті кескіндер:

- адам бет әлпетін толық та, шыншыл да бекіте алатын *фотосуреттер, кино, бейнеленталар*;

¹ Герасимов М.М. Восстановление лица по черепу. – М., 1955.

- өлгеннен кейін жасалған көшірме бейне және маска (егер мәйіттің бет әлпетінің өзгерістері шамалы ғана болса).

Жоғарыда аталғандардан басқа криминалистикалық габитоскопиядағы адам бет әлпеті кескіндеріне идеалды (адам ойында сақталып қалған, *ойлы бейне* (мысленный образ)) және материалды (тиісті ақпараттарды тасымалдаушы материалдық объектілер – субъективті портреттер, өлгеннен кейін жасалған маска, фотосуреттер және т.б.).

Сот-портреттік сараптама

Сырт келбет белгілері бойынша тұлғаны анықтау үшін қылмысты тергеу барысында сот-портреттік сараптама тағайындалады.

Портреттік сараптама түрлері:

- нақтылы адамдардың фотобейнелері арқылы;
- фотобейнелер және бас сүйек арқылы;
- фотобейнелер және рентген суреті арқылы;
- фотобейнелер және кино, бейнекадрлар арқылы.

Ең кеңінен тараған сот-портреттік сараптама түріне – тұлғаны фотосурет арқылы теңдестіру болып табылады. Оның негізінде, бір немесе бірнеше адамдардың фотосуреттеріндегі сырт келбет белгілерін салыстыра отырып зерттеу әдісі жатыр. Бұл жағдайда идентификациялауға жататын (идентифицируемый) объекті болып фотосуретте бейнеленген нақтылы адам, ал идентификациялауға көмектесетін (идентифицирующий) объектіге – белгісіз адам бейнесі бар фотопортреттер жатады. Идентификация мақсаты – теңдіктің бар немесе жоқ екендігін анықтау.

Сараптамаға жіберілетін материалдарға (фотопортреттерге) қойылатын *талаптар*:

- фотопортреттер ракурсы, дайындау уақыты, жағдайлары (фон, түскен жарық) бойынша шамамен бір мезгілде болу керек;

- жоғары сапалы (фотосуреттер анық көрінетін, орташа контрасты, ретуш және бет пердесіз (вуаль), таза және бүлінбеген) болу керек.

Зерттеу жүргізу кезеңдері:

- алдын ала зерттеу – салыстырмалы зерттеуге материалдар жеткілікті ме, міне сол себептен зерттеуге берілген фотобейнелерді қарап шығу; салыстыру әдістерін анықтау;
 - бөлек-бөлек зерттеу – әрбір фотосуреттегі тәндік және тұрақты сырт келбет белгілерін анықтау;
 - салыстырмалы зерттеу – негізгі кезең, онда қиыстыру, дәлдеу (апликация) әдістерін қолдану арқылы, ұқсас немесе ұқсас еместігін анықтау мақсатымен айқындалған белгілерді салыстыра жүргізу;
 - алынған нәтижелерге баға беру және қорытынды жасау;
 - маман немесе сарапшы қорытындысын құрастыру.
- Сот-портреттік сараптама тағайындау кезінде қойылатын сұрақтар:
- фотосуреттерде бейнеленген бір ғана адам ба, әлде бірнеше адам ба?
 - сарапшыға жіберілген бас сүйек фотосуретте (рентген суреттегі) бейнеленген адамдікі ме?

2.7. Криминалистикалық тіркеу

Криминалистикалық мағынасы бар деректер

Қылмысты тергеу тиімділігі қылмыстық іс бойынша жиналған ақпараттың сипаты мен көлеміне байланысты болады. Криминалистік мағынасы бар ақпарат деп қылмыс оқиғасымен тергеулік байланыстағы шындыққа негізделген мағлұматтарды, сонымен қатар қылмысты тергеуде қолданылатын анықтамалық сипаты бар мәліметтерді айтамыз.

Криминалистік мағынасы бар ақпараттардың түрлері:

а) *актуалды криминалистік мағынасы бар ақпарат* – нақтылы қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыстағы (қылмыс тәсілін сипаттайтын, оны жасаған

адамдарды, қылмыстық зардап заты, қылмыс құралы, қылмыс жағдайы);

б) *потенциалды криминалистік мағынасы бар ақпарат* – анықтамалық ақпарат (әр түрлі объектілердің, яғни, адамның, материалдардың, өнімдердің, заттардың белгілерін сипаттайтын, бірақ нақтылы қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста болмаған, тергеудегі диагностикалық және идентификациялық сұрақтарды шешуге мүмкіндік туғызатын).

Актуалды криминалистік мағынасы бар ақпараттар **қайнар көзіне** әр түрлі қылмыс іздері, ал потенциалдыға – шығу тегі туралы мағлұматтар, белгілі заттар мен өнімдердің физикалық және химиялық қасиеттері, олардың санды және сапалық құрамы туралы ақпараттар жатады. Криминалистік мағынасы бар ақпараттарды қолдану криминалистикалық тіркеу шеңберінде жүргізіледі.

Криминалистикалық тіркеу деп – қылмыстың алдын алып, тергеу мақсатында криминалистік мағынасы бар ақпараттарды іздеудің, өңдеудің, жинаудың және сақтаудың ғылыми дамытылған жүйесін айтамыз. Бұл дегеніміз нақтылы материалдық объектілердің жүйесімен бірге, тәжірибелі тіркеулік қызмет болып саналады.

Тарихтан: Қылмыспен күресу мақсатында тіркеуге отырғызу әдістері ежелден келе жатыр. Ол үшін әдетте екі тәсіл қолданылған: таңба салу және дене мүшелерін кесу. Бұл тәсілдер жаза түрінде және танымал болу мақсатымен жасалған (II ғасыр біздің заманымызға дейін – ежелгі үндінің Ману, ежелгі Вавилонның Хаммурапи Заңдары). Ресейде қалыптасуын 1649 ж. «Соборное уложение» көрсетіп отыр¹.

Криминалистикалық тіркеудің ғылыми алғы шарттары – материалдық дүниедегі объектілердің жеке даралығында, олардың шамамен тұрақтылығында, бір-

¹ *Криминалистика. Учебник для вузов. /Под ред. заслуженного деятеля науки Российской Федерации, профессора Р.С.Белкина. – М., 1999. – С. 371.*

бірімен әрекеттесу мүмкіндігінде жатыр. Оның нәтижесі ретінде, идентификациялауға көмектесетін объектілер болып саналатын әр түрлі іздер пайда болады. Сонымен, криминалистикалық тіркеу, іздердің пайда болу механизмі туралы іліммен, қылмыстың жасалу тәсілімен және криминалистикалық идентификация теориясымен тығыз байланыста екені байқалып отыр.

Қазіргі кезде криминалистикалық тіркеулерді жүргізудің тікелей құқықтық негізі ретінде ведомствалық нормативтік актілер болып табылады (2001 жылдың 6-шілдесіндегі ҚР ПМ №544-бұйрығы; 1999 жылдың 18-қарашасындағы ҚР Бас прокуроры мен ҚР ПМ №548 ЦО/579-бұйрығы; 2004 жылдың 29-сәуіріндегі ҚР Бас прокурорының №23-бұйрығы). Аталмыш нормативтік актілер тіркеулердің кейбір түрлері мен оларды іске асыру тәртібін реттейді. Объектілерді тіркеу және оларды тіркеуден шығару нормативтік актілерде көрсетілген негіздер жеткілікті болған кезде ғана мүмкін.

Криминалистикалық тіркеудің заңды негізіне:

- тергеушінің, анықтаушының, прокурордың қамауға алу бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулысы және айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулысы;
- сот үкімі;
- ұстау хаттамасы және тағы басқалар.

Тіркеулер формасы мен түрлері

Криминалистикалық тіркеудің жүйесі элементтерден тұрады. Олардың бір-бірінен айырмашылығы тіркелетін мәліметтерде, жүргізу тәсілдері мен формаларында жатыр.

Тіркеу нысаны деп – тіркелетін ақпараттардың шоғырлану тәсілін айтады. Ең жиі кездесетін тіркеу формасына: картотека, коллекция, альбом, үн және бейне жазулар, мәліметтердің компьютерлік базасы жатады.

Криминалистік мағынасы бар ақпараттарды *бекіту тәсілдеріне* жататындар:

- *жазбаша* (алфавиттік, қылмыс тәсілі бойынша, сырт келбет белгілері бойынша және т.б.);
- *суреттеме* (дактилоскопиялық карталар, көшірмелер, фотосуреттер және басқалар);
- *коллекциялық* (материалдардың, заттардың, құралдардың және іздердің нақтылы жиынтығы);
- *графикалық* (схема, чертеж, рентгенограммалар және басқалар).

Криминалистикалық және арнайы тіркеулерде шоғырланған ақпараттарды толықтырып-жаңарту бастамашылығына қылмыспен күрес субъектілері ие. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы тіркеулер комитетінің Басқармасына, Қылмыстық ақпарат Басқармасы мен ҚР ПМ оперативтік-криминалистикалық Бас басқармасына тіркеулік мәліметтер мен материалдарды жіберу барлық тергеу, анықтама, сот сараптамасы және сот органдары үшін міндетті түрде болып табылады.

Криминалистикалық тіркеу іс жүзінде көмек көрсетуге жататын объектілер белгілерін дер кезінде анықтап, дәлме-дәл және толымды болуына тікелей байланысты. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы тіркеулер комитетінің Басқармасы, Қылмыстық ақпарат Басқармасы мен ҚР ПМ оперативтік-криминалистикалық Бас басқармасы қажетті мағлұматтармен қамтамасыз етілуі де ерекше орын алады.

Тіркелетін объектілердің түрлеріне қарай төмендегідей топтарды бөліп шығаруға болады:

а) жедел-анықтамалық тіркеулер (әдетте мұндай объектілер қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланысты және көзге түсер белгілері болады);

б) криминалистикалық (мұндай объектілер міндетті түрде қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста болады, ал белгілері ғылыми-техникалық құралдарды қолдану арқылы табылады);

в) анықтама-көмекші (мұндай объектілер қылмыс оқиғасымен себепті-тергеулік байланыста болмайды,

олардың белгілері көзбен және арнайы зерттеулер көмегі арқылы анықталады).

Жедел-анықтамалық тіркеулер

Алфавитті-дактилоскопиялық тіркеу бір-бірімен байланысты алфавитті және осы аумақта қылмыс жасаған, іздеудегі, ұсталған және сотталған адамдардың дактилоскопиялық картотекаларынан тұрады.

Адамдардың сырт келбет белгілері бойынша тіркеу. Олар: фотоальбом немесе фототека, қылмыс үшін сотталған, ішкі істер органдарын қызықтыратын адамдардың бейнебанкі, бейнетекасы түрінде болады.

Ұрланған антиквариат заттары мен мәдени байлықтардың тіркеуі осындай заттарды іздеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Ұрланған, жоғалған, алынған, өз еркімен тапсырылған ойықты атыс қаруларының тіркеуі – жауынгерлік, спорттық, аңшылық ойықты атыс қаруларды заңсыз иемдену фактілерін анықтау үшін жүргізіледі.

Ұрланған және алынған нөмірлі заттар мен жалпы мемлекеттік айналымдағы құжаттардың тіркеуі – ұрланған құнды қағаздар, сертификаттар және басқа да жеке нөмірі бар заттарды табуға көмектесу мақсатымен жүргізіледі.

Іздеудегі және иесіз жатқан автокөліктердің тіркеуі – осы объектілер жайлы ақпараттарды бір жерге жүйелеу үшін жүргізіледі.

Криминалистикалық тіркеу түрлері

Қылмысты жасау тәсілі бойынша тіркеуі – жасаған адамды және қылмыстың механизмін сипаттайтын тұрақты белгілерді пайдалануға негізделген.

Із-түссіз жоғалып кеткендер, танылмаған мәйіттер, белгісіз аурулар мен балалардың тіркеуі. Бұл сырт келбет белгілері суреттелеген тану карталарынан тұратын, бір-бірімен байланыстағы картотекалар жүйесінен тұрады.

Ашылмаған қылмыс жерлерінен алынған қол саусақтарының тіркеуі. Бұл ашылмаған қылмыс жерлерінен алынған қол саусақтары мен алақан іздерінің фотосуретінен тұратын, следотека және де осы іздерді қалдырған адамдарды анықтауға бағытталған.

Атылған оқ, гильза және қару іздері бар оқ-дәрілердің (пулегильзатека) тіркеуі, бірнеше қылмыста қылмыскер бір ғана қару қолданғандығы туралы фактіні анықтау үшін құрылады. Оларға: оқ, гильза, ашылмаған қылмыс жерлерінен алынған ойықты қару іздері бар патрондардан, сонымен қатар кейбір тұлғалар қаруынан эксперименталды түрде атылған оқ пен гильзалар жатады.

Жалған ақша және құнды қағаздар тіркеуі – осылардың үлгілерінің коллекциясынан және зерттеулер нәтижесінде құрастырылған суреттеулері бар, арнайы карточкалардан тұрады.

Полиграфиялық тәсілмен жалған жасалған құжаттар тіркеуі өзіне сол жасанды құжаттарды, олардың фотокөшірмелерін, полиграфиялық құралдар, клише және басқа да техника арқылы жасалған бланктерді жинақтаған.

Есірткі және жүйкеге әсер ететін заттар алу үшін жасалған жалған медициналық рецептер тіркеуі. Аталмыш тіркеу, жалған медициналық рецептердің коллекциясы немесе фотокөшірмелерін, сонымен қатар осыларды жасайтын адамдардың қол жазу (почерк) үлгілерін құрайды. Мұндай тіркеу бір ғана адам айналысып жүрген фактіні айқындауға көмек береді.

Қызықтыратын адамдар дауыстарының фонотекасы (қылмыс авторитеттерінің) қылмысты тергеу кезінде адамның кім екендігін анықтауда қолданылады.

Анықтама-көмекші тіркеулер түрлері


Оқиға болған жерде көбінесе іздері табылатын заттардың, материалдардың *нақтылы анықтамалық коллекциясы*. Оларға: атыс және суық қарулар, оқ-дәрілер,

сындыру құралдары, наркотик, жанар-май, жарылғыш сияқты заттар мен өнімдер, нәрселердің детальдары мен бөліктері (автокөліктің шина протекторы, фара шынысы, аяқ киім табаны және т.б.).

Арнайы атластар (мысалы, рентгенограмма, хроматограмма), заттар құрамының санды және сапалы каталогтары, басқа да анықтамалық сипаты бар материалдар (мысалы, анықтамалық оқу құралы).

Қазіргі кезде криминалистикалық тіркеудің ақпаратты-іздеу кішкене жүйелерін автоматизациялау бағытында көптеген жұмыстар жасалып жатыр. Бұл мақсатта, мысалы АДИС «Папилонды» жетілдіру, сканерлер арқылы ұсталған адамдарды дактилоскопиялау, сонымен қатар тез арада электронды түрде фотоға түсіру және т.б. криминалистикалық тіркеуді дамыту жұмыстары жасалуда.

Криминалистикалық тіркеу



ІІІ ТАРАУ

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ТАКТИКА

3.1. Криминалистикалық тактиканың жалпы қағидалары

Криминалистикалық тактика деп – ғылыми ережелер жүйесіне негізделе отырып жасалған алдын ала тергеу мен соттық тергеуді ұйымдастыру және жоспарлау талаптарын, соттық зерттеулер жүргізетін адамдардың мінез-құлқын және процессуалды іс-әрекеттерді (біріншіден, тергеулік) жүргізу тәсілдерін көрсететін криминалистиканың тарауын айтамыз.

Бұл тарауды кейде тергеулік тактика ретінде түсінеді. Алайда, «криминалистикалық тактика» деген термин аталмыш тараудың мазмұнын дәлірек ашып көрсете алады. Оның себебі криминалистикалық тактиканың ғылыми қағидалары мен нұсқаулары тек тергеушілермен ғана пайдаланбай, сонымен қатар анықтама органы, прокурор және сот тәрізді басқа да құқық қорғау қызметкерлердің қолданысында болады.

Криминалистикалық тактика жүйесін шартты түрде жалпы (жалпы қағидалар) және ерекше бөлім шеңберінде қарастыруға болады. Жалпы бөлімде криминалистикалық тактиканың түсінігі, мәні және мазмұны, оның түпнұсқалары, сондай-ақ криминалистиканың басқа тараулары және өз алдына бөлек ғылым салаларымен байланысы қарастырылады. Сонымен қатар криминалистикалық тактиканың негізгі санаттары болып келетін тактикалық тәсіл, тактикалық нұсқау, тактикалық шешім, тактикалық комбинация, тергеу әрекеттерінің тактикасы мен тергеулік жағдайдың, сондай-ақ криминалистикалық болжам туралы ілім және қылмысты тергеуді жоспарлаудың мазмұны талданады.

Криминалистикалық тактиканың ерекше бөлімі әрбір тергеулік және соттық әрекеттер тактикасын (тергеулік қарау, жауап алу, тінту, тергеу эксперименті және тағы басқаларын) оқып-үйретуге арналған.

Ғылымның өз алдына бөлек бір тарауы ретінде қарастырылатын қазіргі кездегі криминалистикалық тактика ғалым-криминалистермен тергеулік, сараптамалық және жедел іздестіру қызметтерін зерттеу нәтижесінде қалыптасқан.

Криминалистикалық тактиканың негізін құраушы ғылыми қағидалары мен тәжірибелік нұсқауларын жете зерттеуде өз үлесін қосқан ғалымдар қатарына – Р.С.Белкин, И.Е.Быховский, А.Н.Васильев, Л.Я.Драпкин, И.М.Лузгин, Н.И.Порубов және тағы басқалар. Аталмыш мәселенің кең көзін игеруде ат салысқан қазақстандық ғалым-криминалистер де жоқ емес. Олар: заң ғылымдарының докторы, профессор А.Ф.Аубакиров, Е.Ф.Жәкішев, А.А.Исаев, Б.М.Нұрғалиев, М.Ш.Қоғамов, заң ғылымдарының кандидаттары А.Я.Гинзбург, Б.А.Салаев, М.А.Арыстанбеков, А.Б.Айтуарова, Д.Ү.Балғымбеков, А.Қ.Қалиев, С.Р.Шарипов және тағы басқалар.

Криминалистикалық тактика криминалистика ғылымының жалпы теория, криминалистикалық техника және криминалистикалық әдістеме тәрізді басқа тарауларымен тығыз байланыста. Осылайша, криминалистиканың жалпы теориясының құрамды элементтеріне енетін жеке криминалистикалық теориялар қағидалары кеңінен қолданылады. Бөлек тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасын дайындауда криминалистикалық техниканың әдіс-құралдарын ұтымды пайдалану жұмысы ескеріледі. Ал барлық қылмыс түрлерін тергеу барысында бірдей болып келетін тергеулік әрекеттерді жүргізудің тактикалық тәсілдері жеке криминалистикалық әдістемеді (бөлек қылмыс түрлерін тергеу методикасы) өз ерекшелігімен танылады.

Криминалистикалық тактиканың негізгі міндеттеріне:

– тергеуді ұйымдастыру және жоспарлау, сондай-ақ болжам құрастырып, оларды тексеруге бағытталған ең тиімді нұсқаулар дайындау;

– тергеу әрекеттері мен тактикалық комбинацияны дайындап-жүргізудің тактикалық тәсілдерін жете игеру;

– тергеушінің жедел іздестіру қызметкерлерімен (ІІМ, ҰҚК, қаржы полициясы, кеден қызметкерлері және т.б.) әрекеттесу нысандарын жетілдіру;

– тергеу әрекеттерін жүргізу барысында арнайы білім-білік пайдалануға қатысты нұсқауларды дайындау жатады.

Криминалистикалық тактиканың негізгі түсініктері

Криминалистикалық тактиканың негізгі түсініктеріне тактикалық тәсіл, тактикалық комбинация, тактикалық нұсқау, тактикалық шешім, тергеу әрекеті және тергеулік жағдай тәрізді ұғымдар жатады.

Тактикалық тәсіл деп – тергеу жүргізетін тұлғаның нақты жағдайға байланысты ең ұтымды және тиімді әрекеттерін айтады. Тактикалық тәсілге мысал ретінде тергеуді ұйымдастыру және жоспарлау, сондай-ақ бөлек тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасын атап өтуге болады.

Тактикалық тәсіл жіктемесі (классификациясы):

1) қолдану мөлшері бойынша:

– нақтылы тергеу әрекетін жүргізуге бағытталған (мысалы, жауап алу, тергеулік қараудың тактикалық тәсілі);

– тергеу әрекетінің бөлек кезеңіне қатысты (мысалы, тергеу экспериментіне, жауап алуға дайындық жұмыстарының тактикалық тәсілдері);

2) құқықтық рәсімделу көзқарасына сай:

– қылмыстық іс жүргізу заңымен тікелей айқындалған (мысалы, тану жүргізудің алдында тергеуші танылуға тиіс адамға өзге адамдардың арасында кез келген орынды таңдап алу мүмкіндігі ұсынылады; жауап алу орнын таңдау мүмкіндігі);

– қылмыстық іс жүргізу заңымен айқындалмаған (мысалы, бөлмеде тінту жасау барысында тінтіліп жатқан тұлға қимылына бақылау жүргізу).

Қылмысты тергеу барысында нақтылы жағдайды ескеру нәтижесінде көптеген тактикалық тәсілдерді дайындау, таңдау және оларды іске асыру мүмкіндігі туындайды. Алайда аталмыш тактикалық тәсілдер тізімі қылмыстық сот өндірісіндегі тактикалық тәсілдерді қолданудың шекті критерийлерінің арқасында шектелі.

Тактикалық тәсілдердің шекті критерийлері:

– заңдылық принципіне сәйкес келу (тактикалық тәсілдер заңға қайшы келмеу керек; олар қорқытушылық, зорлық-зомбылық және басқа да заңсыз әрекеттермен көзге түспеу керек);

– ғылыми негізделген (ғылыми өңдеуден немесе саралаудан өтіп жатқан әдіс-тәсілдер қылмыстық сот өндірісінде пайдаланылмау керек);

– моралдық-этикалық нормаларға сәйкес келу (мысалы, тергеу жауап алу барысында өтірік айтып, жалған дерек қолданбау керек);

– тиімділік, қол жетерлік, қауіпсіздік.

Тактикалық комбинация деп – нақтылы тергеулік жағдаймен қамтамасыз етілген және бір ниетпен біріктірілген бірнеше немесе бір ғана тергеу әрекетінің шеңберіндегі тактикалық тәсілдердің үйлесімділігін айтады (мысалы, нақтылы сұрақтар қою, құқықтық зардапты түсіндіру, дәлелдемелерді ұсыну арқылы жалған жауап көрсетіп отырған адамға психологиялық ықпал жасаудың тактикалық комбинациясы).

Көптеген ғалымдар тактикалық комбинациямен қатар тактикалық операция деген ұғымды келтіреді. Аталмыш ұғымды қарастыру кезінде терминнің дәлдігі жайлы мәселелер туындайды. Операция (латынның *operatio* – әрекет, қимыл) деп көбіне аяқталған немесе нақтылы міндеттерді шешуге бағытталған бір-бірімен байланысты әрекеттерді түсінеді. Ал комбинация (көне латын тіліндегі *combinatio* – біріктіру, ұштастыру) ортақ

ниетпен біріктірілген тәсілдер мен қимылдардың үйлесімділігі болып саналады. Қандай да бір міндетті шешу құралы ретінде қулық, айла пайдалану – криминалистикалық тактикада «комбинация» терминін қолдануға итермелейді.¹

Тергеудің нақтылы міндеттерін шешу, мысалы қылмыстық іс бойынша шындықты анықтау, яғни, дәлелдеу іс-әрекеті тактикалық комбинация мақсаты болып саналады. Бұл жалпы мақсат, ал тактикалық комбинацияның тікелей мақсатына:

а) тергеушіге елеулі ұтымдылық беретін рефлексия көмегі арқылы жанжалды жағдайларды шешу;

б) тергеулік немесе басқа да процессуалдық әрекеттерді жүргізуге қажетті жағдайларды қалыптастыру;

в) тергеу әрекетінің нәтижелі болуын қамтамасыз ететін жағдайларды жасау;

г) тергеулік құпияны қамтамасыз ету, оның ішінде дәлелдемелік және бағдарламалық деректердің түпнұсқаларын жария етпеу;

д) қолданылмаған дәлелдемелік және бағдарламалық деректердің түпнұсқаларды қажетті уақытқа дейін сақтауды қамтамасыз ету;

е) өзгерту немесе пайдалану мақсатымен тергеулік жағдайға тактикалық ықпал жасаудың басқа да түрлері.

Тактикалық тәсілдерді таңдап-пайдалану, тактикалық комбинацияны жүргізу тактикалық нұсқаулар негізінде іске асырылады.

Тактикалық нұсқау – ол тактикалық тәсілді таңдап-пайдалануға бағытталған ғылыми негізделген және сараланған кеңес. Аталмыш нұсқаулар қылмыстарды тергеу барысында тактикалық шешім арқылы іске асырылады.

Тактикалық шешім деп – тергеулік жағдайдың жалпы өзіне немесе бөлек оның компоненттеріне, тергеу жолы мен оның нәтижесіне тактикалық ықпал жасау мақсатын таңдауды және осы мақсатқа жетуде қолда-

¹ Криминалистика. /Под ред. Р.С.Белкина. – М., 1999.

нылатын әдіс-тәсілдер мен құралдарды айқындауды айтады.

Тактикалық шешімдер тергеулік жағдайдың көптеген факторларын есепке ала отырып қабылдануы тиіс. Мұндай факторларға ақпараттық белгісіздік жағдайлары, яғни, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде теріс нәтижелердің болу мүмкіндігімен көрінетін тактикалық төуекелдік жағдайлары жатады.

Жағдайлық көзқарас немесе тергеулік жағдайды есепке алу тергеу ұтымдылығын арттыруда ерекше орын алады.

Тергеулік жағдай деп – нақтылы бір уақыт аралығында қылмыстық іс бойынша тергеу процесі орын алған шарттарды (жағдайды) айтады. Бұл жағдайлар тергеуді өрі қарай жоспарлауда, яғни, тактикалық тәсілдерді таңдап, тактикалық шешімді қабылдау кезінде ескерілу керек.

Тергеулік жағдайды қалыптастыру объективті және субъективті факторлармен қамтамасыз етіледі.

Объективті факторлар:

– тергеудің нақтылы кезеңінде дәлелдемелік немесе бағдарламалық деректердің болуы не болмауы;

– заттық дәлелдемелердегі ақпараттың сақталу мүмкіндігі;

– тергеуші қарамағындағы техникалық-криминалистикалық құралдар, тактикалық тәсілдер және әдістемелер;

– тергеушінің анықтама органымен және басқа да құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу деңгейі.

Субъективті факторлар:

– тергеуші немесе анықтама жүргізуші тұлғаның психологиялық жағдайы, оның өмірлік және кәсіби тәжірибесі, аналитикалық мүмкіндіктері және т.б.;

– қылмыстық іс бойынша өтетін тұлғалардың (сезікті, айыпталушы, жәбірленуші және басқалар) мінез-құлқы, олардың тергеуге көрсететін көмегі немесе қарсы әрекеттері.

Тергеулік жағдайлардың жіктемесі (классификациясы):

1) тергеу кезеңіне қарай тергеулік жағдайлар бастапқы, келесі және соңғы болып бөлінеді;

2) тергеу мақсатына жету мүмкіндігі бойынша тергеулік жағдайлар қолайлы және қолайсыз болады;

3) қылмыстық процеске қатысушылар арасындағы қарым-қатынасқа қарай тергеулік жағдайлар жанжалды (даулы) және жанжалсыз (даусыз) болады,

4) жағдай элементтерінің дәл келу (қайталану) дәрежесіне қарай – типті және өзіндік болады.

Тергеулік жағдайға дұрыс баға беру арқылы тергеуші сенімді тактикалық шешім қабылдай алады. Тергеулік жағдайды шешу кезінде қолданылатын негізгі құралдар ретінде тактикалық тәсіл мен тактикалық комбинация жүреді.

Тергеулік әрекет деп – қылмыстық іс жүргізу заңымен рәсімделген тергеуші және басқа да заңды түрде өкілеттілігі бар тұлғалардың танымдық қызметінің түрін айтамыз. Мұндай қызмет түрінің мазмұны мен мақсатына қылмысты тергеу барысында дәлелдемелерді жинау, зерттеу, баға беру және пайдалану жатады.

Тергеулік әрекет белгілері:

– дәлелдемелерді жинау, зерттеу және пайдалану мақсаттылық болып саналады;

– оларды іске асыруды тыңғылықты түрде процесуалдық жағынан рәсімдеу;

– тактикалық тұрғыдан негіздеу және талғап алушылық;

– нақтылы ішкі құрылымның болуы.

Тергеулік әрекеттер жүйесіне тергеулік қарау мен куәландыру, тінту, алу, жауап алу, беттестіру, тану үшін ұсыну, тергеу эксперименті, сот сараптамасын тағайындау, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау жатады.

Тергеулік әрекеттердің тергеу процесіндегі рөлі бойынша төмендегідей түрлері болады:

– алғашқы, яғни, қылмыстық іс қозғалғаннан бастап іске асырылатын. Ол тергеушіні қылмыстық оқиға

мазмұнына бағдарлау және қылмысты ізін суытпай әшкерелеу, сондай-ақ болжамдар құрастыру үшін дәлелдемелік ақпарат алу мақсатында жүргізіледі;

– келесі, яғни, алғашқы кезеңде жиналған дәлелдемелерді зерттеуге, баға беруге және пайдалануға бағытталған. Мақсаты: болжамдарды тексеру, қылмыс құрамының элементтерін дәлелдеу, қылмыстың жасалуына итермелеген жағдайлар мен себептерді айқындау.

Тергеулік әрекеттер тактикасы оларды жүргізу сатыларына қатысты дамытылады. Мұндай сатыларға:

- тергеулік әрекетті жүргізуге дайындық;
- оны тікелей жүргізу;
- тергеулік әрекет барысы мен оның нәтижелерін бекіту;
- алынған нәтижелерге баға беру.

Осылайша, **тергеулік әрекет тактикасы** деп оны жүргізуде қолданылатын бөлек тактикалық тәсілдер мен жалпы қағидалардың жиынтығын айтады.

Дайындық сатысында тергеулік әрекеттің мақсаты мен міндеттері қалыптастырылып, оны жүргізу орны, уақыты және қатысушылар шеңбері анықталады, сондай-ақ тергеулік-жедел іздестірушілік топ құрастырылып, қажетті техникалық-криминалистикалық құралдарды таңдау жүргізіледі және тергеулік әрекетті іске асыру жоспары дайындалады.

Тергеулік әрекетті тікелей жүргізу сатысында тактикалық тәсілдер мен тактикалық комбинацияларды қолдану арқылы жоспардағы міндеттер шешіледі.

Кейбір тергеу әрекеттерін іске асыру барысындағы тактикалық тәсілдер

Тергеулік әрекет барысы мен оның нәтижелерін бекіту сатысындағы тактикалық тәсілдер тиісті әдіс-құралдарды пайдалану арқылы қол жеткен нәтижелерді толымды және шынайы түрде көрсетуді қамтамасыз етеді. Аталмыш сатының мағынасы – алынған ақпаратты процессуалдық түрде бекіту, яғни, дәлелдеме түпнұсқасы

болатын тиісті процессуалдық құжаттарды дайындау. Бұл сатыда тергеулік әрекет хаттамасы құрастырылады, оған қосымша болып тіркелетін сызба, жоспар, чертеж, суреттеме және тағы басқалар дайындалады, сондай-ақ дәлелдемелік мағынасы бар заттар мен іздер алынады және буып-түйіледі.

Тергеулік әрекеттің соңғы сатысы ретінде алынған нәтижелерге баға беру жүреді. Ол алынған дәлелдемелік ақпарат шынайылығын тексеру үшін және дәлелдеудегі мағыналылығы туралы сұрақты шешу, сондай-ақ оны өрі қарай пайдалану барысын көрсету мақсатында жүргізіледі. Сонымен қатар бұл сатыда жіберілген қателіктер мен олардың зардабы айқындалып, тергеулік әрекетті қайталап жүргізудің қажеттілігі жайлы мәселе шешіледі.



3.2. Криминалистикалық болжамдар және тергеуді жоспарлау

Криминалистикалық болжамдардың түсінігі, құрылымы және жіктемесі

Әр түрлі қылмыстардың тез арада әшкереленуі, жалпы тергеудің сапасы, тергеушінің істі тергеуге байланысты жұмысының мақсатты және ұйымды түрде өткізілуі осы тергеудің белгілі бір жоспармен жүргізілуіне тікелей байланысты. Аталмыш жоспарға енетін мәселелер осы қылмыс жөніндегі тергеушінің ойша жасаған болжауынан туындайды. Осындай ойша шығармашылық талдау процесінің үстінде осы қылмыстың қандай жағдайда болғандығы, қылмысқа қатысқан адамдар және де қылмысты оқиғаның басқа да мән-жайлары жөнінде белгілі бір болжаулар пайда болады. Мәселен, профессор Е.Ф.Жәкішевтің айтуынша, тергеушінің бұл ойша талдау арқылы жүргізетін шығармашылық, белгілі бір сұрақтарды шешуге бағытталған іздеу процесі логикалық гипотеза әдістеріне негізделеді. Сондықтан тергеу болжауы логикалық табиғаты жағынан алғанда гипотезаның бір түріне – жұмыс гипотезасына жатады.¹

Криминалистикалық болжам деп – өкілеттілігі бар тұлғамен ұсынылатын зерттеудегі оқиғаның бөлек жағдайларының немесе мазмұнының, сондай-ақ деректер арасындағы себептік байланыстың дәлелденген ықтималдық түсінігін айтамыз.

Қылмысты тергеуді жоспарлауға негіз болу арқылы криминалистикалық болжамдардың тәжірибелік маңызы көтеріледі, ал оларды тексерумен дәлелдемелерді жан-жақты және толымды зерттеу мүмкіндігі пайда болады.

Логика тұрғыдан криминалистикалық болжам гипотезаның бір түрі ретінде байқалып, яғни, шамамен ой тұжырымы болып саналады.

Криминалистикалық болжам ерекшеліктері:

¹ Е.Ф. Жәкішев *Криминалистік тактика: Оқу құралы.* – Алматы, 1997.

- қылмыстық сот өндірісінде пайдаланылады;
- қылмысты тергеп-ашуда маңызы бар деректерді түсіндіреді;
- заңмен бекітілген шектеулі мерзім аралығында тексеріледі;
- тергеуге қарсы тұрушылық әрекеттері байқалғанда заңмен реттелген әдіс-тәсілдер көмегімен өкілеттілігі бар лауазыммен тексеріледі.

Криминалистикалық болжам қасиеттері:

- анықталған деректерге, фактілерге қарама-қайшы (кереғар) болмау;
- тексеріске мәжбүрлік;
- шамамен қарапайымдылық;
- тергеу барысында анықталған мәселелер төңірегінде кеңінен қолданбалы болу.

Криминалистикалық болжам құрылымында мынадай элементтер бөлініп шығады:

- деректік (фактілік) негіз, яғни, тергеулік жағдайды талдап-баға беру кезінде алынған ақпараттар;
- теориялық негіз (база), яғни, болжамдар құру кезінде қолданылатын ғылыми мәліметтер немесе тәжірибелі қағидалар;
- болжамдар мазмұны (формуласы), яғни, оқиғаның бөлек жағдайларын немесе мазмұнын түсіндіретін ықтималдық ой тұжырымдар.

Криминалистикалық болжамдар төмендегідей бірқатар негіздер арқылы жіктеледі:

1) *Құрастыру субъектілеріне қарай* криминалистикалық болжамдар тергеулік, жедел іздестірушілік, сараптамалық және соттық болып бөлінеді.

Әр түрлі жорамалдар сезікті, айыпталушы, сотталушы, қорғаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер тәрізді қылмыстық процеске қатысушылармен айтылуы мүмкін. Аталмыш тұлғалардың мұндай ықтималдық ой тұжырымдарын болжам құрушы субъектілер тексеріске қабылдаған кезде ғана, олардың криминалистикалық болжамдар ретіндегі маңызы болады.

2) *Түсіндіруге жататын деректер мөлшері бойынша* криминалистикалық болжамдар жалпы және жеке болып

бөлінеді. Жалпы криминалистикалық болжамдар тергеудегі оқиғаның барлық мазмұны мен мәнін түсіндіріп отырса, ал жеке болжамдар тек бөлек оның жағдайларын (элементтерін), яғни, орнын, уақытын, субъектісін, қылмыстың жасалу тәсілін және т.б. түсіндіреді.

3) *Айқындылық деңгейі бойынша* криминалистикалық болжамдар кәдімгі (типтік) және нақты болып бөлінеді. Типтік болжам деп зерттеудегі жағдайға қатысты оқиғаның жалпы өзін немесе бөлек деректерін ықтималдық түрде түсіндіруді айтады. Олар көбіне түпнұсқалы мәліметтер жетіспейтін тергеудің алғашқы кезеңінде құрастырылады. Тергеу барысында типтік болжамдар расталып, соның нәтижесінде (негізінде) нақтылы тергеу оқиғасына және оның элементтеріне қатысты нақты болжамдар құрастырылады. Осылайша, типтік болжамдар тергеу тәжірибесінде, теориялық негіз көмегімен құрастырылса, ал нақты болжамдар деректік (фактілік) база негізінде құрастырылады.

4) *Ықтималдық деңгейі бойынша* криминалистикалық болжамдар болуы ықтимал және күмәнді болып бөлінеді. Ықтималдық деңгейіне қарамастан осы екі түрі де тексерістен қатарынан өту керек. Тергеу тәжірибесінде күмәнді болжамдар көмегімен әшкереленген қылмыстар аз емес.

5) *Құрастыру уақыты бойынша* криминалистикалық болжамдар алғашқы және келесі болып бөлінеді. Мұндай жіктелуге солардың үстінде құрастырылып және тексерілетін тергеу кезеңдері себепші болған.

6) *Дәлелдеу затына қатысты* айыптаушы және ақтаушы болжамдарды қарастыруға болады.

Қылмыстарды тергеу барысында криминалистикалық болжамдарды құрастыру және оларды тексеру ережелері.

Криминалистикалық болжамдарды құрастыру деп дәлелдеу затына жататын қылмыс оқиғасы немесе оның бөлек элементтері туралы ықтимал ой тұжырымдар құрастыруға бағытталған тергеуші немесе басқа

да заңды өкілеттілігі бар тұлғаның ойшылдық қызметін айтады.

Криминалистикалық болжамдарды құрастыру негіздеріне нақтылы тергеу кезеңінде жиналған дәлелдемелік немесе бағдарламалық ақпарат шоғырланған деректік (фактілік) мәліметтер жатады.

Болжамдарды құрастыру негізінде бастапқы тергеулік жағдайды және қылмыстың криминалистикалық сипаттамасын талдау жатыр. Осының нәтижесінде:

– фактілік негіздерді ажырату арқылы нақтылы тергеулік жағдайға қатысты жалпы және жеке ықтималдық болжам құрастыруға;

– қабылданған жалпы және жеке болжамдардың дәлдік деңгейін анықтауға;

– болжамдарды тексеру бағдарламасын анықтауға (өдіс-тәсілдер мен құралдар) болады.

Болжамдарды құрастыру барысында талдау тәрізді логикалық ойлау тәсілдері пайдаланылады. Оларға: (түпнұсқалы ақпараттарды элементтерге ажырату), синтез (ақпарат элементтерін біріктіру), индукция (жеке көзқарастардан жалпы тұжырым шығару), дедукция (жалпы ойдан жеке тұжырым шығару), ұқсастық (деректердің ұқсастығына қатысты тұжырым жасау) жатады.

Криминалистикалық болжамдарға қойылатын талаптар:

– фактілік мәліметтермен дәлелденуі;

– нақтылы бір мағыналық формуланың болуы;

– нақтылы деректік жағдайларда іс жүзіндегі мүмкіндіктің болуы.

Криминалистикалық болжамдарды тексеру – ол болжам мазмұнын құрайтын растайтын немесе жоққа шығаратын жорамалдарға қатысты деректік жағдайларды анықтауға бағытталған қызмет.

Болжамдарды тексеру қолдағы мәліметтерді логикалық тұрғыдан талдау және оларға баға беруге негізделіп, сондай-ақ тергеулік әрекеттер мен жедел іздестіру шараларын жүргізу арқылы іске асырылады.

Криминалистикалық болжамдарды тексеру кезеңдері:

– болжамдардан барлық мүмкін болатын нәтижелерді шығару;

– болжам салдарына қатысты әдіс-тәсілдер мен құралдарды таңдау, яғни, іс бойынша тергеу жоспарының элементтерін анықтау, сондай-ақ тактикалық шешім қабылдау;

– болжамдарды растайтын немесе жоққа шығаратын мәліметтерді алу мақсатында тергеулік әрекеттер және жедел іздестіру шараларын жүргізу арқылы тергеу жоспарын іске асыру;

– тексерістегі болжамдардың біреуі рас екендігін және басқаларының расталмағандығын көрсететін дәлелдемелер жиынтығына баға беру.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелермен расталғанда ғана болжам дәлелді деп саналады. Сондай-ақ осы жағдайға қатысы бар басқа болжамдар аталмыш дәлелдемелермен жоққа шығарылады.

Дәлелденген болжам өз жорамалдығын жояды да, объективтік шындықты тағайындайтын сенімді мағлұматқа айналады.

Қылмысты тергеуді жоспарлаудың түсінігі, мағынасы және негізгі қағидалары (принциптері).

Тергеуді жоспарлау деп заң талаптарына сәйкес және азғана уақыт пен күш жұмсау арқылы жасалған қылмыстың барлық мән-жайын анықтау және кінәліні өшкерелеу жұмысының реті мен мазмұнын көрсететін ойшылдық қызметті айтады. Аталмыш қызмет нәтижелері әдетте тергеудің жазбаша жоспарында орын алады.

Жоспарлау элементтері:

- қолда бар бастапқы мәліметтерді зерттеу;
- криминалистикалық болжамдарды құру арқылы тергеу бағытын таңдау;
- дәлелдеу заты мен шегіне қатысты тергеу міндеттерін анықтау;
- болжамдарды тексеру үшін және қойылған міндеттерді шешуге қажетті тергеулік әрекеттер, жедел іздестірушілік және ұйымдастырушылық-техникалық шаралар шеңберін айқындау;

- тергеулік әрекеттер тактикасын және жоспарланған іс-қимылдар мен шараларды орындаушыларды дайындау;
- әрекеттерді іске асыру реті мен мерзімін анықтау;
- көрсетілген бағдарламаны жазбаша тергеу жоспары, сызба, кесте, карточка түрлерінде дайындау.

Жоспарлау қағидалары (принциптері):

- динамикалық (жылжымалылық) принципі, осының арқасында жоспарлау қызметі тергеудің барлық барысында орын алады; жаңадан шығарылған болжамдарды тексеруді ескере отырып, тергеу жоспары әрқашан дәлденіп, толықтырылып отырады;

- жеке даралық принципі, яғни, жоспарлау тергеудегі әрбір қылмыстың қайталанбайтындығымен және тергеуші жеке басының ерекшелігімен қамтамасыз етіледі; жоспар нақтылы тергеу барысында алынған мәліметтер негізінде құрастырылады;

- нақтылылық принципі, тергеу жоспарындағы жалпы тұжырымдамалардың жоқтығымен көрсетіледі; бағдарламада жоспарланған әрекеттер мақсаты, орындаушылар, мерзімдер, жүргізу орны және тағы басқалар дәл көрсетілуі керек.

Жоспарлау түрлері және жоспарлаудың техникалық тәсілдері

Тергеуді жоспарлаудың түрлері:

- 1) Тергеуші өндірісіндегі бірнеше қылмыстық іс бойынша жұмысты жоспарлау (жиынтық жоспар);
- 2) Бөлек қылмыстық іс бойынша тергеуді жоспарлау;
- 3) Бөлек қылмыстық істің алғашқы, келесі немесе соңғы тәрізді нақты тергеу кезеңдерін жоспарлау;
- 4) Тактикалық комбинацияны жүргізуді жоспарлау;
- 5) Бөлек тергеулік әрекет жүргізуді жоспарлау.

Бөлек тергеу әрекетін жоспарлау процесіне:

- тергеу әрекетінің мазмұны мен мақсатын және шешуге қажетті мәселелер төңірегін үзілді-кесілді дәлдеу;

- тергеу әрекеті жүргізілетін жағдайлар туралы, тергеушіні қызықтыратын тұлғалар жайлы қосымша мәліметтерді алу;

– жоспарланған әрекет жүргізілетін дәл уақыт пен орын туралы шешім қабылдау;

– тергеулік әрекетті жүргізуде қолданылатын тактикалық тәсілдер мен қажетті техникалық-криминалистикалық құралдарды таңдау;

– тергеулік әрекетке қатысушыларды айқындау.

Қылмысты тергеушілер тобы тергегенде барлық қылмыстық іс бойынша жалпы жоспар құрастырылады, сондай-ақ бөлек көрсетілген жұмыс бағыты бойынша әрбір тергеуші үшін жеке жоспар дайындалады.

Тергеушілер тобының басшысында қылмыстық іс бойынша барлық ақпарат жинақталады. Ол жалпы және жеке жоспарлардың орындалу барысын тексереді, қажетті өзгерістер енгізеді, тергеу нәтижесін бірлесе отырып талқылауды ұйымдастырады, сондай-ақ күрделі және маңызды тергеу әрекеттерді дайындап-жүргізуде қатысатын тергеуші мен жедел іздестіру қызметкерлерінің жұмысын үйлестіреді.

Жазбаша жоспар нысандары (формалары):

– болжамдар бойынша құрастырылған тергеудің жазбаша жоспары;

– оқиға (эпизод) бойынша құрастырылған тергеу жоспары (көп эпизодты істер бойынша);

– дәлелдеуге жататын бөлек жағдайлар бойынша құрастырылған тергеу жоспары.

Тергеуді жоспарлау іс-әрекетін жеңілдететін көмекші құжаттарға:

– айыпталушының қылмыстық байланысын, ұрланған заттарды өткізу жолдарын, материалдық құндылықтар мен құжаттардың қозғалысын көрсететін сызба;

– айыпталушының қылмыстық қызметін, оның кінәсін дәлелдейтін және тағы басқа сәттерді көрсететін карточка;

– куәларға толтырылған карточкалар жатады.

**Қылмыс туралы ақпараттардың құқық қорғау
органдары қызметкерлеріне мәлім болуы және
криминалистикалық болжамдардың құрылуы**



Тергеуді жоспарлау



3.3. Тергеулік қарау және куәландыру тактикасы

Тергеулік қараудың түсінігі, міндеттері және түрлері

Тергеулік қарау – ол қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізуде маңызы бар объектілерді (олардың белгілері, қасиеттері, жағдайы, өзара орналасуы) тергеуші немесе анықтаушының тікелей көру, бекіту және зерттеуімен айқындалатын процессуалдық іс-әрекет.

Тергеулік қарау объектілері ретінде оқиға болған жер және оқиға болған орынға жатпайтын аула мен бөлмелер, сондай-ақ бөлек заттар, құжаттар, адамдар, мәйіттер және жануарлар жүреді. Тергеулік қараудың мағынасы өте зор, оның себебі қылмыстың жасалу жағдайын көрсететін көптеген қажетті іздердің бөлігі осы әрекетті жүргізу барысында табылады және зерттеледі.

Тергеулік қарау мақсаттары:

- тергеудегі оқиға жағдайларын айқындау;
- қылмыс іздерін және басқа да заттық дәлелдемелерді табу, бекіту, алу және оларға баға беру;
- болжамдар құру мақсатында түпнұсқалы ақпарат алу;
- бой тасалаған қылмыскерге іздеу салуды ұйымдас-тыру үшін мәліметтер табу;
- қылмысты жасауға итермелеген жағдайлар тура-лы мәліметтер алу.

Тергеулік қарау кезінде криминалистиканың бақылау, өлшеу, суреттеу, эксперимент, модельдеу тәрізді жалпы ғылыми әдістері кеңінен қолданылады.

Тергеулік қарау қағидалары (принциптері):

- заңдылық;
- шұғылдығы;
- шынайылық, толықтылық және жан-жақтылық;
- мақсаттылық;
- ғылыми-техникалық құралдар мен маман көмегін пайдалану;
- табылған және қараудағы объектілермен жұмыс жасауда криминастикалық ережелерді сақтау;

• қарауды басқару тергеушінің жеке басына жүктеледі. Тергеулік қарау түрлері объектілер арқылы, жүргізу реті және көлеміне қарай жіктеліп жатады.

Объектілер арқылы тергеулік қарау мыналарға бөлінеді:

- оқиға болған жерді қарау;
- мәйіттің сырт пішінін оқиға болған жерден табылғанда қарау;
- құжаттарды қарау;
- заттарды қарау;
- жануарларды және олардың өліктерін қарау;
- оқиға болған орынға жатпайтын аула мен бөлмелерді қарау;
- көлік құралдарын қарау;
- куәландыру (адам денесін қарау).

Жүргізу реті (уақыты) бойынша:

- алғашқы қарау;
- қайталама қарау, яғни, бұрын тергеулік қарауда болған әрбір объектінің келесі қаралуы; бұл жерде объект үстіндегі табылған іздердің барлығымен толық зерттеледі.

Көлемі бойынша:

- негізгі қарау;
- қосымша қарау – бұрын толық қаралған объектінің бөлек элементтерін қарау.

Оқиға болған жерді қарау тактикасы

Оқиға болған жерді қарау тергеудегі оқиға жағдайларын анықтауға маңызы бар қылмыс іздері мен басқа да мәліметтерді, сондай-ақ оқиға болған жердің жағдайын мақсатты түрде тез арада қарастырып, зерттеп және бекітіп алуға бағытталған кідіртпейтін тергеулік әрекет болып табылады.

Оқиға болған жерді қарау Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 221, 222, 223-баптарына сәйкес жүргізіледі.

«Оқиға болған жер» және «қылмыс болған орын» деген екі түсінікті ажырата білу керек.

Оқиға болған жер деп – жасалған қылмыстың іздері табылған аула немесе бөлме аумағын айтады. Мұнда ес-

керетін бір жай қылмыс, іздер табылған жерде де және басқа да жерде жасалуы мүмкін.

Қылмыс болған орын деп – тікелей қылмыс жасалған немесе қылмыстық нәтиже пайда болған жерді айтады. Қылмыс іздері бұл жерден басқа жерде де табылуы мүмкін.

Оқиға болған жер қылмыс болған орынмен сәйкес келуі мүмкін және сәйкес келмеуі де мүмкін. Мысалы, кісіні пәтерде өлтіріп, оны бөлшектеп сойғаннан кейін (қылмыс орны) мәйіт бөлшектері орман, көл және басқа да жерлерге апарып тығылады. Әрбір мәйіт бөлшегі табылған орын оқиға болған жер ретінде қарастырылады.

Оқиға болған жерді қарау барысында зерттеліп, бекітуге жататындар:

1) аула бедері (рельеф), оқиға болған жердің табиғи және жасанды шекарасы;

2) үй-жайдың, жанындағы қосымша құрылыстардың, оларға баратын және келетін жолдарының орналасу сипаты;

3) сол жердегі заттардың кеңістікте орналасуы, олардың бір-біріне қатысты жағдайы және арақашықтығы;

4) заттардың мақсаттылық тұрғыдан орналасуы;

5) қылмыс және қылмыскердің іздері;

6) негативтік жағдайлар.

Негативтік деп қарау барысында пайда болған фактілерге, криминалистикалық болжамдарға қарамақайшы, кереғарлық жағдайларды айтады.

Негативтік жағдайлардың екі тобын ажыратуға болады:

– нақты жағдайда қажетті іздер мен заттардың болмауы (мысалы, пышақ салынған мәйіт маңайында қан іздерінің болмауы);

– нақты жағдайларда бөгде заттардың оқиға болған жерден табылуы, бұл жағдай үшін әдеттен тыс болуы.

Негативтік жағдайларды оқиға болған жерден табудың мағынасы өте зор. Оның себебі мұндай жағдайларды талдау нәтижесінде қылмысты жасағансуды (инсценировка), яғни, тергеудің нақтылы бір нәтижесін қалайтын

тұлғаның шын мәнінде болған оқиғаға сәйкес келмейтін жағдайды қолдан жасауды әшкерелеуге мүмкіндік туындайды. Осыған мысал: кәсіпкер жәбірленушінің айтуы бойынша қылмыскер бөлмеге терезедегі булық (форточка) арқылы таңертен кірген. Сол күні сағат жетіде оқиға болған жерге келген тергеуші булықтағы мүлдем бұзылмаған өрмекшінің торын анықтайды (аталмыш факт жәбірленушінің болжамына қарама-қайшы, яғни, негативтік жағдай болып саналады).

Жасағансу мақсатына:

1) шын оқиға белгілерін жасыру үшін нақтылы жерде басқа қылмыстың жасалғандығына сілтейтін жағдайды туғызу (мысалы, ұрлықты жасыру мақсатында шабуыл жасап тонау жағдайын туғызу);

2) жасалған қылмысты жасыру үшін, қылмыстылық сипаты жоқ оқиғаны көрсету (мысалы, кісі өлтіруді жасыру мақсатында өзін-өзі өлтіру немесе абайсыздықтан өлуді жасағансу);

3) жат қылық, қамсыздық, салақтық және тағы басқа әрекеттерді жасыру мақсатында қылмыстың жасалуын көрсету (мысалы, құжаттардың жоғалуын жасыру үшін олардың ұрлануын жасағансу);

4) қылмыс құрамының бөлек элементері туралы тергеушіні бояма өтірік жолға түсіру (мысалы, қылмысты басқа адаммен, басқа жерде және басқа мақсатта жасалғандығын көрсету).

Оқиға болған жерді қарау кезеңдері: 1) дайындық, 2) жұмыстық, 3) соңғы.

Оқиға болған жерді қараудың дайындық кезеңі: а) оқиға болған жерге шығардың алдында және б) оқиға болған жерге келісімен деп екі әрекеттен тұрады.

Оқиға болған жерге шығардың алдында жасалынатын дайындық әрекеттері:

– қылмыстан келетін зардаптың алдын алу немесе жеңілдету мақсатында қажетті шараларымен қамтамасыз ету;

– оқиға болған жерді күзету шараларын жасау;

– оқиға туралы ақпарат білетін тұлғалардың келуін қамтамасыз ету;

– тергеулік-жедел іздестірушілік топ мүшелерінің құрамы туралы, сондай-ақ маман мен куәгерлерді шақыру жайлы сұрақтарды шешу;

– қажетті ғылыми-техникалық құралдардың дайындығын тексеру.

Тергеушінің оқиға болған жерге келісімен іске асыратын дайындық әрекеттері:

– жәбірленушілерге қажетті медициналық көмек көрсету шараларын іске асыру;

– оқиға болған жерді бетен адамдардан босату;

– оқиға болған жерде қандай өзгерістер болды, оның кім және не үшін жасағандығы туралы мәлімет алу мақсатында куәлардан жауап алу;

– қарауға қатысушылар шеңберін, олардың міндеттерін, беретін нұсқаулар туралы сұрақты біржолата шешу;

– қылмыскерді ұстауға қатысты, қарау жағдайын жақсарту және тағы басқа кідіртпейтін әрекеттерді іске асыру.

Оқиға болған жерді қарау жұмыстық кезеңі жалпы және егжей-тегжейлі қарау сатыларынан тұрады.

а) Жалпы қарауға енетіндер:

– хабардар болу мақсатында оқиға болған жердің жалпы жағдайымен танысу;

– оқиға болған жерді зерттеу бағдарламасын анықтау (қарауды жүргізу тәсілін, ретін, шеңберін және т.б. айқындау);

– оқиға болған жерді хабардарлық және шолушылық тәсілдерін қолдану арқылы суретке түсіру.

б) Егжей-тегжейлі қарау барысында:

– алдымен объектілер сол тұрған қалпында, сонан соң қозғауға келетін әрбір объект қаралады;

– қылмыс іздерін табу шаралары іске асырылады;

– қылмыс іздері алынады;

– негативтік жағдайлар бекітіледі;

– тетіктік және егжей-тегжейлік приемдар қолдану арқылы фотоға түсіріледі.

Оқиға болған жерді қарау



Тергеулік-жедел іздестірушілік топ оқиға болған жерде оқиға болған жерді қоршап қоюға және іздерді сақтау қамын ойластыру керек. Алдын ала тергеуде дәлелдемелерді жинап-зерттеу үшін қолданылатын техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдіс-тәсілдер



Оқиға болған жердегі іздерді жоғалтпай бекітіп алу және алдын ала зерттеуден өткізу қамы ойластырылған жөн

Тергеу тәжірибесіне оқиға болған жерді қараудың төрт негізгі тәсілі мәлім:

А. Шоғырлама (концентрикалық) тәсілі, яғни, шиыршық бойынша оқиға болған жердің шетінен ортасына қарай (мәйітке, сейфке немесе шартты нүктеге қарай);

Б. Эксцентрикалық тәсіл (қарапайым тілде шиыршықты тарқату тәсілі), яғни, оқиға болған жердің шартты түрдегі ортасынан шеткері қарай;

В. Жаппай қарау (фронтальдық) тәсілі, яғни, аумақты бастапқы деп алынған бір шекарадан келесі шекараға бір сызық бойымен қарау;

Г. Тетіктік (узловой) тәсіл, яғни, іске маңызы бар түпнұсқалы ақпараттар шоғырланған бөлме, ауланың бөлек бөлшектерін қарау.

Қарау тәсілінен қарау әдістерін ажырата білген жөн. Олар:

– субъективтік әдіс – тергеуші қылмыскер жүрген жолмен жүріп отырып қарайды, яғни, таңдай отырып қарау;

– объективтік әдіс – қылмыскердің жолына қарамастан оқиға болған жер толығымен қаралады (жаппай қарау).

Оқиға болған жерді қараудың **соңғы кезеңі** төмендегідей әрекеттерден тұрады:

– қарау хаттамасын, жоспар, сызба және сұлбалар құрастыру;

– қажет болғанда мәйіт саусақтарының көшірмесін алу (дактилоскопировать ету) және оны мортқа жіберу;

– алынған объектілерді буып-түю;

– қарауға қатысушылардың өтініштерін қарастыру және шешу;

– толықтылық және нәтижелілік көзқарасына қарай істелінген жұмысқа баға беру.

Оқиға болған жерге жатпайтын бөлмелер мен аулаларды тергеулік қараудан өткізу

Оқиға болған жерге жатпайтын бөлмелер мен аулаларды тергеулік қарау объектілері ретінде өндірістік,

сауда, қойма және тұрғылықты бөлмелер, әр түрлі аулар жүреді. Оларды қарау оқиға болған жерді қарау ережелеріне сай жүргізіледі.

Аталмыш қараудың негізгі міндеттері:

- бөлменің орналасуын, оның мақсатын, жұмыс жа-сау тәртібін айқындау;
- аула немесе бөлмені сипаттайтын белгілерді зерттеу;
- нақтылы орын туралы тұлғаның хабардар екендігін анықтау мақсатында жағдайдың егжей-тегжейін зерттеу.



Оқиға болған жерге жатпайтын аула мен бөлмелерді қарау

Адам мәйіті табылған жерді сыртынан алғашқы қарау тактикасы

Адам мәйітін табылған жерде сыртынан қарау оқиға болған жерді қарау барысында жүргізілуі мүмкін. Жағымсыз жағдайларда (мысалы, ауа райына байланысты) мәйіт морт ішінде қаралуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 224-бабына сәйкес адам мәйітін ол табылған жерде сыртынан тексеру – тексерудің жалпы ережелерін сақтай отырып және сот-медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда – өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Мәйітті тексеру үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін.

Мәйітті қараудың жұмыстық кезеңін шартты түрде жалпы және егжей-тегжейлі екі сатыға бөлуге болады.

Мәйітті қараудың жалпы сатысында зерттелетіндер:

– мәйіт қалпы (поза) және оның оқиға болған жерде орналасуы;

– мәйіт үстіндегі киім-кешектің сыртқы түрі;

– мәйіт үстінде табылған өлтіру қаруы, құралы;

– дене жарақаттарының жалпы сипаты, олардың дененің көрінетін жерлерінде шоғырлануы.

Мәйітті қараудың егжей-тегжейлі сатысында зерттелетіндер:

– мәйіт төсегі (ложе), яғни, мәйіттің астында орналасқан беткей;

– мәйіт үстіндегі киім, одан табылған заттар;

– мәйіт денесі және оның үстіндегі жарақаттар.

Егжей-тегжейлі қарау аяқталғаннан кейін, жеке басы анықталмаған жәбірленуші мәйітінің саусақ бедерінің көшірмесі міндетті түрде алынады және мәйіттің бет пішіні өмірлік түрге келтірілген соң, сигналетикалық фото ережелері арқылы суретке түсіріледі. Көшірме алу және бет пішінді өмірлік түрге келтіру әдетте мортта жасалынады.

Жерленгеннен кейін қайта қарау немесе қайталама сот-медициналық сараптама жүргізу қажеттілігі туындағанда, тергеушінің арнайы қаулысымен эксгумация (адамның мәйітін жерленген жерінен қазып алу) әрекеті жасалынады. Мәйітті жерленген жерінен қазып алу тергеуші, сот-медицина маманы және куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі. Аталмыш процессуалдық әрекет барысында алдымен жерленген орынның жалпы түрі бекітіліп, сонан соң табыт, ондағы мәйіт және оның




*Мәйітті табылған жерде сыртынан
бастапқы қараудан өткізу*

киімі қараудан өткізіледі. Табылғанның барлығы эксгумация және мәйітті қарау хаттамасында суреттеліп жазылады. Хаттамада эксгумациядан өткен мәйіттің бұрын адам кезіндегі жеке басы туралы мағлұмат беретін жағдайлар көрсетілу керек.

Заттардың тергеулік қарауы

Заттардың тергеулік қарауы олардың жағдайын, мақсатын, атауын және пайдалану ережелерін айқындау мақсатында жалпы түрін зерттеуден басталады. Осыдан кейін заттың жеке даралық белгілері, ақаулары мен ерекшеліктері, сондай-ақ нақтылы тұлғаныкі екеніне сілтейтіндігі айқындалып жатады, сонымен қатар заттың тергеу оқиғасымен байланысы және пайдалану жиілігі анықталады.

Заттарды қарау барысында тергеуші кейін сараптамалық зерттеу объектілері болуы мүмкін іздер мен белгілерді табуға ерекше көңіл бөлгені жөн және заттармен жұмыс жасауда қолданылатын криминалистикалық ережелерді ескере отырып, олардың сақталуын қамтамасыз етуі қажет.



Заттарды қараудан өткізу

Құжаттарды қарау

Құжаттармен расталған немесе олардың ішінде орын алған іс үшін маңызы бар жағдаяттар және деректерді анықтау мақсатында құжаттарды қарау әрекеті жүргізіледі. Сонымен қатар осындай іс-қимылдар нәтижесінде құжаттарға заттық дәлелдеме мағынасын беретін белгілер айқындалады және бекітіледі.



Құжаттарды қараудан өткізу

Құжатты қарау барысында тергеуші оның сыртқы түрі мен деректемесін (реквизит), кімде және қай жерде сақталған, сондай-ақ шығу тегін анықтайды.

Құжат мазмұнын, нысанын, материалын және деректемесін (мөр мен мөртабан көшірмелері, қойылған қол және т.б.) зерттеу арқылы тергеуші қолданыстағы құралдар көмегімен заттық дәлелдеме ретіндегі құжатты қарау кезінде оның дұрыстығы туралы мәселені шешеді.

Жануарларды және олардың өліктерін қарау

Жануарларды және олардың өліктерін қарау барысында оның түрі, тұқымы, түсі, жасы, нақтылы адамға немесе шаруашылыққа жататындығына көрсететін белгілер (таңба, тұсау әдісі, мойын жіп, қарғы), сондай-ақ қандай белгілер арқылы жануар теңдестірілетіні (мысалы, жарақат іздері) айқындалу қажет.

Аталмыш белгілерді толық айқындау және тергеулік қарау хаттамасында оларды дұрыс суреттеу мақсатында мұндай әрекетті өткізуге мал дәрігерін немесе зоотехникті қатыстырған жөн болады.



Жануарлар және олардың өліктерін қарау

Көлік құралдарын қарау

Көлік құралдарын қарау мынадай мақсатта жүргізіледі:

- автокөліктің жеке ерекшеліктерін анықтау үшін;
- басқа да көлік құралдары және адаммен өзара әрекеттесу іздерін табу үшін;
- жәбірленуші және көлік құралдарын жүргізген тұлғалар қалдырған іздерді табу үшін;
- автокөліктің техникалық жағдайын анықтау үшін;
- оқиға болған жердің өсімдік беткейінің және жер қыртысы қабатының бөлшектерін табу үшін.

Көлік құралын қарауға маман-криминалист, маман-автотехник, ал кейбір жағдайларда қараудағы автокөлікті жүргізген адамды қатыстырған дұрыс болады.



Көлік құралын қараудан өткізу тәсілі

Куәландыру тактикасы

Куәландыру – ол куәландырылатын адамның тергеу оқиғасымен байланыста болғандығын көрсететін ерекше белгілерді және адам денесінен қылмыс іздерін айқындау мақсатында жүргізілетін тергеулік қараудың ерекше түрі.

Тергеулік және сот-медициналық куәландыруларды бір-бірінен ажырата білу керек. Кейінгісі сот-медици-

налық сараптаманың бір түрі болып саналады және ол келтірілген жарақат мерзімі, себебі, оның ауырлық деңгейі туралы мәселені шешу мақсатында сот-медицина саласындағы маманмен жүргізіледі.

Тергеулік куәландыру барысында төмендегідей мәселелер шешіледі:

- куәландырылатын адам денесінде ерекше белгілер бар ма, қандай белгілер және қай жерінде;
- куәландырылатын адам денесінде қандай да бір жарақаттар бар ма, қай жерінде;
- куәландырылатын адам денесінде немесе киімінде оқиға болған жердегі жер қыртысынан қалдықтар бар ма;
- куәландырылатын адам денесінде немесе киімінде оның мамандығына итермелейтін белгілер бар ма.

Аталмыш тергеулік әрекет тергеушінің қаулысы бойынша зерттеудегі адаммен бір жыныстағы куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

Куәландыру әрекеті киімді қараумен қоса жүргізілуі мүмкін және мынадай реті болады: алдымен киіммен жабылмаған дене мүшелері, осыдан кейін киім, сонан соң дененің басқа жерлері.

Куәландырылатын адам үстіндегі киім заттарды қарау ережесіне сай жүргізіледі. Егер куәландыруда адамның денесі жалаңаштандырылатын болса, онда тергеуші жынысы басқа адамды куәландыру кешінде қатыспайды. Бұл жағдайда куәландыруды сот-медицина саласындағы маман немесе куәлардың қатысуымен дәрігер жүргізеді.



Куәландыру

3.4. Тінту және алу тактикасы

Тінтудің түсінігі, міндеттері, мақсаттары және түрлері

Қылмыскерлер жасаған қылмыстарының іздерін жасыруға әр түрлі әрекеттер жасап, қылмыстың ізін суытып, айғақ заттарды тығып қоюға тырысады. Құқық қорғау қызметкерлерінің, оның ішінде тергеушілердің басты міндетіне осы қылмысты ашуға қажетті дәлелдемелерді, айғақ заттарды тез арада ізін суытпай тауып алу жатады. Жоғарыда келтірілген заттық дәлелдемелерді тез арада тауып алу және осының нәтижесінде қылмыстың ізін суытпай ашуға көмек көрсететін тергеулік әрекеттердің біріне тінту жатады.

Тінту дегеніміз – іске маңызы бар заттарды тауып алу мақсатында үй-жайды, қора-ауланы, көлік құралдарын және бөлек тұлғаларды еріксіз түрде қарауға, сондай-ақ тергеуден бой тасалап жүргендер мен мөйіттерді табуға бағытталған тергеу әрекеті.

Тінтуді жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 232-бабында көрсетілген.

Тінтуді жүргізу нәтижесінде мынадай мәселелер шешіледі:

- жаңа дәлелдемелер табу;
- қолдағы дәлелдемелерді тексеру;
- болжамдарды тексеру;
- қылмыстың жасалуына себеп болған жағдаяттарды айқындау.

Тінту төмендегідейлерді табу және алу мақсатында жүргізіледі:

- қылмыс құралдарын;
- өзінде қылмыс іздерін алып жүрген (қан іздері, жер қыртысының бөлшектері бар киім) немесе қылмыстық қызмет заты болған заттарды (жалған ақшалар, бағалы тастар, жасанды құжаттар және т.б.);
- ұрланған мүлікті, құжаттарды, ақшалар мен құндылықтарды;

- бой тасалап жүрген қылмыскерді;
- тығылған мәйітті немесе оның бөлшектерін;
- іс үшін маңызды жағдаяттар шоғырланған құжаттарды (фотографиялар, магниттік, бейне және үн жазбалар, күнделіктер, хаттар, пошталық аудармалар, квитанциялар);
- материалдық зиянның орнын толтыруға немесе тәркілеуді (конфискациялауды) қамтамасыз етуге арналған мүлік пен құндылықтарды;
- азаматтық айналымына тыйым салынған заттарды (арнайы рұқсатынсыз).

Объектісі, жүргізу реті мен уақытына қарай тінтудің бірнеше түрлерін ажыратуға болады.

Объектісі бойынша:

- а) нақтылы адам немесе мекеме, ұжым, өндіріс қарамағындағы (пайдалануындағы) үй-жайды тінту;
- б) нақтылы азаматтардың пайдалануындағы қораланы тінту;
- в) жеке басын тінту;
- г) көлік құралын тінту.

Реті бойынша тінту алғашқы және қайталама, ал жүргізу уақыты бойынша – бір уақытта және әр түрлі уақытта болып бөлінеді.

Тінтудің процессуалдық негізі болып прокурормен санкция берілген тергеушінің немесе анықтама органының дәлелді қаулысы саналады, сонымен қатар ҚР ҚІЖК-нің 135-бабына сәйкес сезікті ретінде ұсталған тұлғаның жеке басына тінту жүргізіледі.

Айрықша жағдайларда, іздестіріліп жатқан және алып қоюға жататын объект оны табуды ұзаққа созудан жоғалуы, бүлінуі немесе қылмыстық мақсатта пайдалануы мүмкін болғанда не іздестіріліп жатқан адам жасырынуы мүмкін болғанда тінту прокурордың санкциясыз, бірақ жүргізілген тінту туралы кейін жиырма төрт сағат ішінде оған хабарлау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Тінту жүргізу туралы шешім дәлелді болуы керек. Оның себебі жеке адамның мүлкіне, өміріне, ар-ожда-

нына және құқығына қол сұғылмаушылықтың конституциялық кепілдіктерімен байланысты.

Тінтудің заңдылық кепілдіктері:

– тінтудің дәлелділігі, яғни, оны жүргізуге негіз жеткілікті;

– қарау әрекетін криминалистикалық талаптар мен адамгершілік қағидаларына толық сәйкестікпен жүргізу;

– тінту нәтижелері мен барысын процессуалдық және тактикалық талаптарды сақтай отырып толтыру.

Тінтуді жүргізуге дайындық

Материалдық объектілерді (қылмыс іздерін) табу заңдылықтарына сәйкес криминалистикамен тінтуге дайындалып, оны жүргізуді қамтитын жалпы тактикалық нұсқаулар жасалған.

Тінту әрекетіне дайындық төмендегідей шаралар жиынтығымен көзге түседі:

1) тінту міндеттері мен мақсатын анықтау;

2) тінту объектісі туралы ақпарат жинау (тінтілушінің жеке басын, тінтілетін орынды, түпнұсқалы заттар белгілерін зерттеу);

3) тінту жүргізу туралы қаулы шығару және прокурордың санкциясын алу;

4) тінту уақытын анықтау;

5) тергеулік-жедел іздестірушілік топ құрамын айқындау;

6) тінту жүргізу жоспарын құрастыру (тінту орнын күзетуге байланысты және тінтілушінің басқа адамдармен байланысын болдырмайтын шараларды таңдау; тінтілетін үй-жайға кіру тәсілін және қаруланған қарсылық білдіру жағдайлардың алдын алу әрекеттерін қуаттау; көлік құралдары мен байланыс жүйелерін таңдау);

7) тергеулік-жедел іздестірушілік топ құрамын қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз ету.

Тінту жүргізудің тактикалық тәсілдері

Тінту тактикасы тергеу оқиғасының ерекшеліктері мен тінту жағдайын ескере отырып түпнұсқалы объектілерді шыныққан криминалистикалық тәсілдерді дұрыс қолдану мәнінде жатыр.

Тінту жүргізудің сатылары: алдын ала, шолушылық, егжей-тегжейлік, соңғы.

Тінтудің алдын ала сатысы – тінтілетін жерге келу, тінтілетін объектіге ену және қамтамасыз ететін шараларды жүргізумен көзге түседі.

Шолушылық сатысында тергеуші маңайындағы жағдаймен танысып, тінту объектісі туралы деректерді толықтырады және түзетулер енгізеді. Сонымен қатар тергеуші ерекше зерттеуді, күрделі жұмысты және арнайы іздеу құралдар қолдануды талап ететін мәселелерді саралап, тінтуге қатысушылар міндеттерін дәлдейді.

Тінтудің егжей-тегжейлік сатысында тактикалық тәсілдерді қолдану арқылы тінту объектілері іздестіріледі, табылады және алынады. Мұндай тактикалық тәсілдерге жататындар:

1) Рет-ретімен және таңдамалы қарау әдістері. Тінтудің рет-ретімен қарау әдісі барлық ауланы немесе үй-жайды белгілі бір тәртіппен жүргізуде. Ал таңдамалы іздестіру әдісі – нақтылы заттарды қандай да бір жерден, бөлмеден табу, сондай-ақ алдын ала мөлім болған объектілерді қарау.

2) Тінтуге қатысушылар санына қарай бір кісілік және топтылық іздеу болып бөлінеді.

3) Тергеулік-жедел іздестірушілік топ құрамының арасындағы міндеттерді таратуға байланысты бірлескен немесе бөлек болып ажыратылады.

4) Іздеуге қатысушылардың жүру бағытына қарай қатарынан және қарама-қарсы қарау болып бөлінеді.

5) Тінтуге жататын объектінің тұтастығын бүлдірмей және тексеріске жататын объектілердің бөлек бөлшектерін сындыру арқылы қарау.

6) Біртектес аулалар немесе заттарды салыстыру әдісі (мысалы, құпиялы жерді анықтау мақсатында қабырғаны тықылдату жолымен).

Егжей-тегжейлік сатыда тінту кезінде табылған объектілердің іске қатыстылығы туралы сұрақ шешіледі. Кейбір заттарды алу қажеттілігі тінту барысына да байланысты болады. Мысалы, нақтылы бір затқа қатысты тінтілушінің мінез-құлқы, қандай да бір зат туралы сенім артпайтын түсіндірме, кейбір табылған заттардың әдеттен тыс жерде орналасуы және тағы басқа мәселелер. Осының бәрі тінтіліп жатқан адамға, оның туысқандарына және олардың болып жатқан іс-әрекетке әсерін қадағалап отыру мақсатында бақылау орнату қажеттілігі туындайды. Мұндай бақылау үй-жайдағы асыранды жануарлар мен құстарға да жүргізілу керек, кейде олар бөлмедегі немесе ауладағы жасырынған тұлғаға немесе тығылған затқа көрсетулері мүмкін.

Тінту жүргізу барысында жасыру тәсілі мен орын таңдауға әсер тигізген тінтілушінің жеке басының қасиеттеріне де назар аударған жөн (кәсіби шеберлік пен дағды, мінез-құлқы және т.б.).

Тінту жүргізу кезінде негативтік жағдайларға да көңіл аудару қажет (өмір сүру ерекшеліктері мен тінтілушінің жүріс-тұрысына). Оларға жататындар:

- әдеттегі сұраныстан асып түскен заттардың саны;
- тінтілушінің жеке басының қасиеттеріне табылған заттардың сәйкес келмеуі;
- табылған заттардың әдеттен тыс сақталуы (құпиялы жерде, басқа зат түрімен бүркемеленген);
- бөлек заттардың әдеттен өзгеше қасиеті, олардың белгісіз мақсаты;
- қараудағы заттар жөнінде тінтілуші берген түсініктердің күмән туғызуы (қасиеттері, шығу тегі, сатып алу уақыты жайлы және т.б.);
- мүдделі тұлғалардың затты тығуға немесе жоюға әрекет жасауы, тергеуші назарын басқа жаққа аударуы, қандай да бір затты қарау барысында ерекше қызбалық таныту және т.б.

Тінту барысында қолданылатын ғылыми-техникалық құралдар:

- металл заттар мен қорытпаларды табу үшін пайдаланылатын магниттік іздегіш-көтергіштер;
- іздеудегі объектілер дірілі мен шуын айқындау үшін қолданылатын акустикалық талдауаторлар, стетоскоптар;
- жарылғыш, наркотик заттарды, адамдарды табу үшін қолданылатын газды талдауаторлар;
- температурасы қоршаған ортадан бөлек болатын объектілерді (адам, жануар) табу мақсатында қолданылатын инфрақызыл детекторлар, тепловизорлар;
- қабырға, заттарды зерттеу үшін қолданылатын рентген құрылғылары;
- көрінбейтін жасырын бөгеттерді іздеу үшін пайдаланылатын телевизиондық құрылғылар;
- ультрадыбыстық дефектоскоптар, бос жерлерді анықтаушылар, радиотолқындық аспаптар және басқалар.

Тінту барысы мен оның нәтижелерін бекіту

Осы тергеу әрекетінің соңғы сатысы – жүргізу барысы мен оның нәтижелерін бекіту.

Негізгі және қажетті бекіту құралы ретінде тінту хаттамасын толтыру жүреді. Табылған заттар жайлы деректер және жасыру орны туралы мағлұматтар толымды түрде хаттамаға енгізілу керек. Осы объектілердің жалпы және жеке белгілері (заттың, құжаттың атауы, өлшемі, қалпы, түсі, саны, нөмірі, ерекшелейтін таңбалары, бумасы, ақаулары және т.б.) суреттеледі. Құнды қағаздар, облигациялар, салым кітапшалары, сертификаттар, аккредитивтер, күзеттік куәліктер алынған жағдайларда олардың деректемелері көрсетіледі. Сонымен қатар хаттамада құпия жерлердің құрылысы мен өлшемдері суреттеліп, қолданылған ғылыми-техникалық құралдар және оларды пайдалану нәтижелері көрсетіледі. Барлық алынған хаттаманың қорытынды бөлігінде түгенделіп-суреттеледі, сондай-ақ қалай буып-түйілгені,

мөр басылғандығы, кімге және не сақтауға берілгені жайлы көрсетіледі.

Тінту барысы мен оның нәтижелерін бекітудің қосымша құралы ретінде жоспар, сұлба, сызба, фотоға түсіру және бейне жазу жүреді. Кейінгісі құпиялы жерлер мен бүркемеленген объектілердің сақтау орны табылған кезде қолданылса көп нәтиже береді.

Алу тактикасы

Алу дегеніміз іске қатысы бар заттарды немесе құжаттарды қандай да бір адамнан немесе мекемеден талап ету арқылы алуға бағытталған тергеу әрекеті. Аталмыш тергеу әрекеті заттар мен басқа да объектілердің біреуде тығылып жатқан орны нақты түрде белгілі болған кезде жүргізіледі.

Талап етілетін объектілерге байланысты алудың төмендегідей түрлері болады:

- заттарды алу;
- құжаттарды алу;
- пошталық-телеграфтық жөнелтілімдерді алу.

Алудың тінту әрекетінен айырмашылығы, бұл жерде алынған заттардың өзі және жатқан орны белгілі болғандықтан, тінтудегідей іздеу процесінің элементтері жоқ. Сонымен қатар егер тінту әрекетін жүргізу үшін қылмыстық іс жүргізу заңы прокурордың санкциясын қажет етсе, алуды жүргізу үшін тергеуші немесе анықтама жүргізуші тұлғаның дәлелді қаулысы жеткілікті.

Мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтитын құжаттарды алу туралы қаулыға прокурор немесе оның орынбасары санкция беруге тиіс (ҚР ҚІЖК-нің 232-бабы).

Пошталық-телеграфтық жөнелтілімдерді алудың да ерекше тәртібі орнатылған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 235-бабына сәйкес хат-хабарды тұтқындау және оларды пошталық-телеграфтық мекемеден алу прокурор санкциясымен жүргізіледі.

Алу әрекетін жүргізу барысында тергеуші жеке тұлғаға немесе мекеме басшысына нақтылы бір затты (құжатты) беруді талап етеді, егер зат өз еркімен берілмесе онда ол күштеп алынады. Егер де талап етілген затты беруге бас тартса немесе ол заттың (құжаттың) бір бөлігі ғана ұсынылып, оның тығылған жері белгілі болса да, оны басқа жерден іздеуге болмайды, өйткені мұндай әрекет алу емес, тінту болып кетеді. Мұндай жағдайларда тергеуші қаулы шығарып, кідіртпейтін тінту жүргізеді және ол туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарлайды.

Алу аяқталысымен оның жүру барысы мен нәтижелері көрсетілген хаттама толтырылады.

3.5. Жауап алу және беттестіру тактикасы

Жауап алудың түсінігі, мәні және түрлері

Жауап алу дегеніміз істің дұрыс шешілуінде маңызы бар жағдайлар туралы көрсетулерді заңмен рәсімделген тәртіп бойынша жауап берушіден алуға бағытталған процессуалдық (тергеулік және соттық) әрекет.

Жауап алу дәлелдемелерді алу тәсілдерінің көп тараған түрі болса да, тергеу әрекеттерінің арасындағы ең күрделісі болып саналады.

Криминалистикада жауап алудың төмендегідей түрлерін ажыратады:

1) жауап алынатын адамның процессуалдық жағдайына қарай – куәдан, жәбірленушіден, сезіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан, сарапшыдан жауап алу;

2) жауап алынатын тұлғаның адамдардың нақтылы санатына (категориясына) тиесілі болуына қарай – жасы толмағандардан, бауқеспелерден (рецидивистерден), есі ауысқандардан (психикалық ауруға душар болған тұлғалар), жазаны өтеу мекемелеріндегі сотталғандардан, шетел азаматтарынан жауап алу;

3) жауап алуды жүргізу реті бойынша – алғашқы және қайталама, негізгі және қосымша;

4) жауап алынатын адамның көзқарасы (позициясы) бойынша – жанжалдық емес жағдайда және жанжалдық жағдайда жауап алу.

Басқа тергеу әрекеттері тәрізді, жауап алудың да жалпы міндетіне іс бойынша объективтік шындықты айқындау жатады. Жеке міндеттеріне дәлелдеудің аралық мақсаттарына жету, дәлірек айтқанда қылмысты тергеу үшін маңызды жағдайлар шеңберін жауап алу көмегімен анықтау жатады.

Жауап алу заты мынадай жағдайларды қамтиды:

- дәлелдеу затына кіретіндер;
- тергеудің аралық мақсаттарына жету үшін қажеттілер;
- дәлелдемелерді табуға көмектесетіндер;
- дәлелдемелерді тексеру және оларға баға беруге қажеттілер;
- бағдарламалық сипаты барлар.

Жауап алудың мақсаты – толымды және шынайы көрсетулер алу. Мұндай көрсетулердің қалыптасу барысының психологиялық сипаты бар. Тергеуші көрсетулердің толымдылығы мен шынайылығына әсер ететін объективтік және субъективтік факторларды әлсіретуде көмек беретін соттық психологияға негізделген тактикалық тәсілдерді білу керек.

Ақпараттық көзқарас бойынша көрсетулердің қалыптасу барысы бірқатар рет-ретімен жүретін сатылардан тұрады:

1) нақтылы тұлғамен деректерді алу, өңдеу және ойында сақтау;

2) тергеушінің мұндай деректерді жауап алынатын адамнан талап ету, оны ойлау міндетіне тарту;

3) еске түсіру, яғни, жауап алынатын адамның өз еркімен өңгімелеу немесе қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы тергеушіге ақпарат жеткізу;

4) тергеушінің ақпаратты қабылдау, оны пайымдау, ұғыну және заңда көрсетілген процессуалдық нысан арқылы (хаттама және басқа да) бекіту.

Тергеушіден басқа, жауап алуға міндетті түрде қатысуы мүмкін тұлғалар:

– жасы толмағандардан жауап алу кезінде – ұстаз, жасы толмағандардың заңды өкілдері, қорғаушы;

– сот өндірісі жүріп жатқан тілді білмегендерден, саңырау және мылқаулардан жауап алу кезінде – аудармашы.

Жауап алу әрекетінде прокурор, тергеу органының бастығы, тергеушілер тобының басшысы, сарапшы және маман қатысуы мүмкін.

Жауап алу тактикасының негізгі қағидалары

Жауап алу кезінде нақты тактикалық жағдайларды сақтау арқылы нәтижелілікке жетуге болады. Олардың негізгілеріне:

– жауап алу кезіндегі шапшаңдылық, яғни, жауап алуда заңға қайшы келмейтін тактикалық тәсілдерді пайдалану кезінде тергеушімен ынталықты өз қолында ұстап қалу;

– жауап алудағы мақсаттылық, яғни, шынайы мағлұмат алу үшін жауап алуды алдын ала ойластырып жүргізу;

– жауап алудың объективтілігі және толымдылығы, яғни, тергеуші алынған көрсетулерді өз көзқарасына сай қысқартуға және өзгертуге құқылы емес, сондай-ақ жауап алынатын адамға өз ойын жүктеуіне болмайды. Объективтіліктің кепілі ретінде жауап алынатын адамға жөн сілтеуші сұрақтар қоюға заңмен тыйым салынуы, ал толықтылық кепілі – мүмкіндік бойынша көрсетулерді ауызба-ауыз баяндау.

Жауап алудың мақсатына жетудің қажетті шарты болып жауап алынатын адаммен психологиялық байланыс орнату табылады.

Жауап алынатын адаммен психологиялық байланыс орнату дегеніміз тергеушіге сыйластық тұрғыдан қарап және оның жеке басының қамын ойламайтындығына көзі жетіп, жауап алынатын адамның өз көрсетулерімен шындықты анықтау мүмкіндігін туғызудың қажет екендігін түсіну.

Психологиялық байланыс орнатудың негізгі тәсілдері:

– тергеуші қимылдарының шынайылығына жауап алынатын адамның көзін жеткізу, тергеушіге сыйластықпен қарауға иландыру;

– жауап алынатын адамды көрсетуге, тергеушімен сұхбаттасуға құмарландыру;

– жауап алынатын адамның құқығын сақтауда және оның заңды мүдделерін қанағаттандыруда қамқорлық білдіру;

– жауап алу барысында шиеленісушіліксіз іскерлік жағдай туғызу және оны қолдау;

– жауап алу барысында әдептілік, ұстамдылық көрсету, тіл мәдениетін сақтау.

Жауап алу, басқа да тергеу әрекеттері тәрізді дәлелдемелерді алу, зерттеу және оларға баға беруге бағытталатын отырып, үш негізгі сатыдан тұрады:

– жауап алуға дайындық;

– жауап алынатын адамнан ақпарат алу;

– жауап алу барысы мен оның нәтижелерін бекіту.

Жауап алуға дайындық

Жауап алуға дайындық мынадай элементтерден тұрады:

1) жауап алу үшін түпнұсқалы мәліметтерді жинау, жауап алу затына қатысы бар іс материалдарымен және жауап алынатын адамның жеке басымен танысу, сондай-ақ жауап алуды жүргізу туралы шешімді қабылдау;

2) жауап алуды жүргізу мезетін және орнын таңдау, жауап алуға шақыру тәсілін анықтау;

3) жауап алуға дайындық және оны жүргізу жоспарын құрастыру, тактикалық тәсілдерді таңдау;

4) жауап алуға дайындық (басталғанға дейін) жоспарын және оны ұтымды жүргізуді, сонымен қатар техникалық құралдарды қамтамасыз ететін шараларды іске асыру.

Нақтылы тұлғадан жауап алу туралы шешім қабылдау мәселелері:

– іс үшін маңызы бар жағдайлар жайлы хабардар болу;

– қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сай (мысалы, айыпталушыдан жауап алуды тергеуші айып тағылғаннан кейінгі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей, ал айыпталушы келуден жалтарған жағдайда немесе оған іздеу салынған жағдайда ол айдап өкелінгеннен немесе ұсталғаннан кейін дереу жүргізеді (ҚР ҚІЖК-нің 217-бабы);

Жауап алудың мезеті тергеушінің жорамалы бойынша жауап алынатын адам білуі мүмкін мәліметтердің маңыздылығымен, оның процессуалдық жағдайымен, тергеудегі оқиғада атқаратын рөлімен, сондай-ақ жауап алуға жататын басқа да тұлғалармен байланысы арқылы анықталады.

Жауап алуға жататын тұлғаның жеке басын зерттеу өзіне жауап алынатын адам жайлы негізгі деректерді (аты-жөні, туған жылы, мекен жайы, жұмыс орны), сотталғандық, еңбекке қатысы, тергеудегі оқиғаға көзқарасы туралы мәліметтерді анықтауды жинақтаған. Аталмыш мәліметтер қылмыстық іс материалдарын зерттеу, жауап алуға жататын тұлғалардың жеке басының куәліктерімен танысу, оларды ішкі істер органдарындағы жергілікті тіркеулерден тексеру, кадрлық және оқу істерін қарау нәтижесінде алынады.

Жауап алуға дайындық және оны жүргізу жоспары мынадай негізгі элементтермен көзге түседі:

- жауап алу орны мен уақытын анықтау;
- жауап алынатын адамды шақыру тәсілін анықтау;
- анықтауға жататын негізгі сұрақтарды құрастыру, оларды қою ретін дайындау;
- шынайы және толымды көрсетулерді алудың тактикалық тәсілдерін таңдау;
- жауап алу барысында қолданылуы мүмкін заттық дәлелдемелерді, құжаттарды таңдау;
- жауап алуға қатысушылар құрамын анықтау;
- көрсетулерді бекітуде қолданылатын техникалық құралдарды таңдау.

Жауап алу орны туралы мәселені шешу – нақтылы жағдайға байланысты болады (тергеу жүргізіліп жатқан орны немесе жауап алынатын адамның тұрған жері бойынша). Алайда, жауап алынатын орын жауап алу жағдайына қойылатын талаптарға сай болуына тергеуші ұмтылыс жасау керек.



Тергеуші қажет деп тапса, жауап алынушы анықталған жерінде жауап алу



Тергеу жүріп жатқан жерде жауап алу

Заңмен көрсетілген жауап алуға шақыру тәсілдер (телефон арқылы, телеграммамен, шақыру қағазын беру, еріксіз келтіру) арасынан тергеуші жауап алынатын адаммен психологиялық байланыс орнатуда елеулі көмек көрсететін нақтылы жағдайға сәйкес тәсілді таңдап алады. Сонымен қатар басқа тұлғалардан жауап алуға шақыру дерегін құпияда ұстау, жауап алу жүргізуді қажетті уақытта бекітілген жерде өткізу мәселесі ескерілуі тиіс.

Жауап алуға дайындық кезінде тергеуші арнайы әдебиеттерді қарастырып, білікті мамандардан кеңес алуы мүмкін. Егер жауап алу барысында арнайы білім пайдалану арқылы алынған дәлелдемелер туралы өңгіме қозғалатын болса, онда мекемедегі өндіріс процестерімен танысу әрекеті іске асырылады (мысалы, бухгалтерлік есеп, медицина, психология, құрылыс саласында).

Адал куә және жәбірленушіден жауап алу тактикасы

Жәбірленушіден жауап алу тактикасы куәдан жауап алу тактикасымен ұқсас болғандықтан, оларды бірге қарастыруға болады. Алайда, жәбірленуші оқиға жағдайындағы фактілерді қате қабылдау арқылы және өзіне төнген қауіп-қатер арқасында істің нәтижесіне өзіндік құштарлық танытатын көріністерді ескерген жөн.

Куә мен жәбірленушіден жауап алуды бес кезеңге бөлуге болады:

- жауап алуға дайындық;
- жауап алынатын адаммен психологиялық байланыс орнату;
- жауап алынатын адамның өз еркімен баяндауы;
- жауап алынатын адамға сұрақтар құрастыру;
- жауап алынатын адамды көрсетулердің магниттік жазбасы және хаттамасымен таныстыру.

Жауап алынатын адамға көрсетулер беруден бас тартқаны және жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылық тағайындалатындығын және жауап алу ретін

әр түрлі түсіндіргеннен кейін, тергеуші оған іс бойынша барлық білетінін айтып беруді ұсынады.

■ **Еркін баяндау** дегеніміз жауап алынатын адаммен барлық білетін деректерді тергеуші ұсынған немесе өзі қалаған реті бойынша айту. Тергеуші еркін баяндауды тұтқиыл сұрақтар және қыстырылма сөздермен бөлмейді. Еркін баяндау барысында хаттама толтырмауға тырысу керек, оның себебі жауап алынатын адам тергеуші тұсынан көрсетулерге құштарлығын және ықыластылығын әрқашан сезініп отырғаны жөн.

Көбіне жауап алу затын қанағаттандырмайтын еркін баяндауды жауап алынатын адам аяқтағаннан кейін, тергеуші алынған айғақтарды сұрақтар қою арқылы толықтырады және нақтылайды, еркін баяндау кезінде аталмаған жаңа деректерді айқындайды, куә мен жәбірленушіге ұмытқан мәселелерді еске түсіруде көмек көрсетеді. Бұл жерде жөн сілтегіш сұрақтар қойылмайтындығын тергеуші ұмытпау керек. **Жөн сілтегіш сұрақтар** деп өзінің құрылымында қойылған сұрақтың жауабы орын алғандығын, яғни, жауап сұрақтың өзімен-ақ ойға салынғандығын айтады.

Жауап алынатын куә немесе жәбірленушіге қойылуы мүмкін сұрақ түрлері: толықтырушы, дәлдеуші, ескертуші, бақылаушы.

Куә немесе жәбірленуші ойындағысын еске түсіру мақсатында төмендегідей тактикалық тәсілдер (мұндай тактикалық тәсілдер қандай да бір жағдайларды еске түсіруге құштарлық білдіретін сезікті немесе айыпталушыдан жауап алу кезінде де пайдаланылады) қолданылады:

1) жауап алынатын адам ойындағы қауымдастық байланыстарды жандандыратын сұрақтар құрастыру;

2) дәлдеуші және нақтылаушы сұрақтарды қою арқылы айғақтарды егжей-тегжейлеу;

3) әр түрлі бағытта жауап алу (болған оқиғаның бөлек сәттерін уақыттың әр түрлі мезеттерінен айқындау);

4) еске түсіруге себеп болатын заттық дәлелдемелер мен құжаттарды ұсыну (мысалы, оқиға болған жердің

фотосын, өлген кісінің киімін, куә қол қойған есепшот немесе жүк құжаттамасын ұсыну);

5) жауап алуда макет (қора-ауланың), карта, сұлба, жинақ, өнім үлгілері орналасқан альбом және т.б. пайдалану;

6) оқиға болған жерде жауап алу;

7) жағдайлардың шектеулі шеңбері бойынша қайталама жауап алу.

Сезікті және айыпталушыдан жауап алу тактикасының ерекшеліктері

Жауап алуға дайындық әрекетіне қатысты жоғарыда айтылған барлық қағидалар сезікті және айыпталушыдан жауап алуға да таратылады.

Айыпталушының еркін баяндауына «тағылған кінәні мойындайсың ба» деген тергеуші сұрағы себеп болады. Өзін-өзі кінәләу немесе қылмысқа қатысушылар кінәсін жасыру, не керісінше оларды асыра айыптау жағдайларын есептемегенде, өз кінәсін мойындаған айыпталушыдан жауап алу жанжалсыз өтеді. Мойындамау немесе кінәсін жартылай мойындаған айыпталушыдан жауап алудың жанжалдық сипаты болуы мүмкін.

Қылмыс жағдайларын айыпталушымен баяндау реті:

– хронологиялық – қылмысқа итермелеген жағдайлардан қылмыстық нәтижеге дейін болуы мүмкін;

– логикалық – қандай да бір әрекеттердің жасалу себептерінен фактілер немесе эпизодтар бойынша олардың салдарына дейін болуы мүмкін;

– тактикалық – тергеушінің ойынша тактикалық тұрғыдан басында жауап беру фактісінен болуы мүмкін.

Айыпталушының айғақ беруден бас тарту әрекеттерін жеңіп шығуға қатысты тактикалық әрекеттер:

– айыпталушының теріс көзқарас алып отырғандығына көзін жеткізу;

– айыпталушымен бірге қатысқандардың айғақ беру фактісін пайдалану;

– қылмысын өшкерелейтін бірге қатысқандардың айғағы, дәлелдемелерді ұсыну арқылы айғақ беруге ниеттендіру;

– бірге қатысушылар арасындағы қарама-қайшылықтарды пайдалану.

Сезіктіден жауап алу тактикасының айыпталушыдан жауап алу тактикасынан айтарлықтай айырмашылығы болмаса да, кейбір ерекшеліктермен көзге түседі. Мұндай ерекшеліктер сезіктінің жеке басы туралы мәліметтердің тергеуші қарамағында аз мөлшерде болуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар сезіктіден жауап алу кезінде тергеуші қолындағы дәлелдемелер мөлшері, айыпталушыдан жауап алу кезінде орын алатын дәлелдемелер санына қарағанда өте аз болып келеді.

Жалған айғақ беруші тұлғалардан жауап алу тактикасының ерекшеліктері

Жауап алу барысында тергеуші алдында жалған айғақ беріп отырған куә немесе жәбірленуші, сондай-ақ сезікті немесе айыпталушы әрекеттерін өшкерелеу міндеті туындауы мүмкін.

Жалған жауап беріп отырған адам әрекетін өшкерелеудің тактикалық тәсілдерін үш топқа бөлуге болады.

1) Сезімге әсер ету тәсілдері:

– теріс көзқарас алып отырғандығына, оның жат қылықтық сипаты бар екендігіне көзін жеткізу;

– жалған айғақ беруден пайда болатын құқықтық зардап және жауап алынатын адамға жақын тұлғаларға тиетін зиянды түсіндіру;

– жауап алынатын адамның жақсы жақтарына әсер ету.

2) Логикалық ықпал жасау тәсілдері:

– жауап алынатын адам айғақтарын жоққа шығаратын дәлелдемелер ұсыну;

– жауап алынатын адамнан көрсетулерін дәлдеуді талап ететін дәлелдемелерді ұсыну.

– жауап алынатын адам және онымен бірге қатысқандар арасындағы қарама-қайшылықтарды логикалық талдаудан

өткізу; олардың теріс көзқарастары шындыққа жету үшін кедергі көрсетпейтіндігін дәлелді түрде ұғындыру.

3) Тактикалық комбинациялар (жауап алынатын адамның теріс көзқарасын әшкерелейтін жағдайды туғызу бойынша):

– тергеушінің істің мән-жайы туралы хабардар екендігін жауап алынатын адам алдында асыра көрсететін жағдай туғызу;

– тергеушінің қандай да бір жағдайлар туралы хабардар екендігін жауап алынатын адамға білдіртпеу;

– жанама жауап алу әдісі (шын мәніндегі қылмысқа қатысы бар екендігі жайлы басты сұрақты бүркемелейтін, ал жауап алынатын адам көзқарасындағы, екінші дәрежелі сұрақтарды қою).

Жасы толмағандардан жауап алу тактикасының ерекшеліктері

Жасы толмаған куә, жәбірленуші, сезікті және айыпталушыдан жауап алу тактикасының ерекшеліктері ең алдымен осы санаттағы тұлғалар психикасының ерекшеліктерімен көрсетіледі. Мысалы, қиялдауға бейім түру, иланушылық және өзін-өзін иландыру, жоғары дәрежелі сезімге бой жіберушілік, мінез-құлықтың тұрақсыз болуы, өмірлік тәжірибенің аз болуы және тағы да осы сияқты көріністер тергеудегі оқиғаға теріс баға беруге әкеліп соқтырады.

Жауап алуға дайындық барысында тергеуші бала немесе жас өспірімнің жетілу дәрежесі, мінезінің ерекшелігі, оған ересектердің ықпал жасау деңгейі жайлы деректерді анықтап алады.

Жас балалардан жауап алу кезінде оған үйреншікті жағдайды, яғни, мектеп, балалар мекемесі, үй-жайды таңдаған жөн. Оның себебі, мысалы тергеушінің бөлмесі тәрізді ресми жауап алу орында жас бала бөгеліп немесе тосырқап қалуы мүмкін.

15-17 жасар жасы толмағандардан керісінше тергеушінің бөлмесінде жауап алса, олар ресми жағдайды көру

нәтижесінде жауаптылықты сезініп, шыншыл айғақтарды жылдам береді.

Өз назарларын бір объектіде көп уақыт жұмылдыру қабілетінің аздығынан, жас баладан жауап алуды көпке созбаған дұрыс болады.

Жауап алу үстінде жас өспірімдердің жалған жауап беруін өшкерелеудің негізгі құралы ретінде сезімге бой жіберушілік ықпал жасау тәсілдері жүреді. Бұл жерде көбіне логикалық сенім құралдары өз пайдасын тигізбейді. Нандыру немесе қиялдау белгілеріне жол беру мақсатында қайталама жауап алудың пайдасы тиіп қалуы ықтимал.

Беттестірудегі жауап алу тактикасының ерекшеліктері

Беттестіру – жауап алу барысында бір оқиға бойынша екі адамның жауабы әр түрлі болған жағдайда оларды бір-бірімен кездестіріп, жүздестіріп жауап алу. Осындай жағдайларға байланысты оларды беттестіру әрекеттерін жүргізіп арасындағы қайшылықтарды жою үшін екеуінің



Бір жағдай бойынша көрсетулерінде қарама-қайшылықтар бар осыған дейін бұрын жауап алынған тұлғалардан бір мезгілде жауап алу беттестіру тергеу әрекеті болып табылады. Мұндай тергеу әрекеті куә, куәгер, күдікті, айыпталушы араларында өткізіледі.

қатысуымен бір мезгілде және қайтадан жауап алу жүзеге асырылады. Сондықтан беттестіру бұрын жауап алынған адамдардан және әр түрлі қарама-қайшы көзқарастағылар арасында жүргізіледі. Бұл өте күрделі тергеу әрекеті болғандықтан оған мұқият дайындалып, тергеу барысында тәсілдік әдістерді пайдалана отырып, заңда көрсетілген тергеуді жүргізу тәртібі қатаң сақталуы тиіс.

Беттестіруді жүргізуге дайындыққа енетін элементтер:

- оны жүргізу мезеті;
- беттестіруге қатысушылар қарым-қатынастарын зерттеу;
- беттестірудің затын анықтау;
- жауап алынатындарға сұрақтар құрастыру және оларды қою ретін дәлдеу;
- дәлелдемелер және басқа да материалдарды дайындау.

Беттестіру жүргізудің ретіне келетін болсақ, алдымен айғақтардың шыншылдығына беттестіруге қатысушылардың қарым-қатынасы қаншалықты әсер ететіндігін бағалау үшін, тергеуші қатысушылар бір-бірін біле ме және қандай қарым-қатынаста екендігін анықтап алады; сонан соң даулы мәселелердің мәніне қатысты әрбір қатысушыға рет-ретімен айғақтар беру ұсынылады. Тергеушінің рұқсаты бойынша жауап алынатын адамдар бір-біріне сұрақтар қою мүмкін.

Ескеретін бір жағдай, жәбірленуші немесе куәні сезікті не айыпталушымен беттестіргенде, кейінгілері бұл тергеу әрекетін балағаттау, мін тағу, қорқыту, иландыру және басқа да негативтік ықпал жасау мақсатында пайдалануы ықтимал.

Сарапшыдан жауап алу

Сарапшы қорытындысымен танысу барысында түсіндіру үшін қосымша зерттеулер талап етпейтін тергеушіде сұрақтар пайда болғанда, ол осы қорытындыны берген сарапшыдан жауап алу арқылы айқындай алады.

Сарапшыдан жауап алудың мақсаты – қорытындыны толықтыру немесе оған түсінік беру.

Сарапшыдан жауап алу барысында шешілетін міндеттер:

- сарапшы құзіретін нақтылау және оның осы қылмыстық іске қатынасы;
- арнайы атаулар мен нысандардың мәнін анықтау;
- нақтылы зерттеу әдістемесін, аспаптар мен аппаратураларды пайдалану қажеттілігін сарапшымен нақтылау;
- өзі жасаған қорытындыларды жасау себептерін сарапшымен түсіндіру.

Сарапшы қорытындысының толымсыздығы мен анықсыздығы негіз болатын қосымша сараптамамен сарапшыдан жауап алуды теңдестіруге болмайды. Бұл екі процессуалдық әрекетті ажырату критериясы ретінде қосымша зерттеу жүргізу қажеттілігі жүреді. Егерде сарапшы тұжырымын немесе қорытынды мазмұнын нақтылау үшін мұндай зерттеулер қажет болмаса, сарапшыдан жауап алу әрекеті іске асырылады.

3.6. Тану үшін көрсету тактикасы

Тану үшін көрсетудің түсінігі және түрлері

Тану үшін көрсету дегеніміз – жәбірленушіге, куәге, сезікті адамға немесе айыпкерге белгілі бір объектіні көрсету арқылы, осы объектіні оның бұрын көрген не көрмегенін анықтап, егер көрген болса қашан және қандай жағдайда көргенін, оны нақты қандай белгілері бойынша танытындығын айырып, шешу үшін жүргізілетін заңда көрсетілген тергеу әрекеті. Тануға көрсетілген объектілер қатарына жататындар: адамдар, өлік, зат, бұйым, мал, кей жағдайда пәтер, бөлме, не жеке бір жерде көрсетілуі мүмкін. Жоғарыда аталған заттарды, мейіттерді және басқа да объектілерді немесе олардың фотосуреттерінің теңдігін анықтау мақсатында заңда көрсетілген тәртіппен танушыға ұсыну осы тергеу әрекетінің мәні болып саналады.

Аталмыш тергеу әрекетінің негізінде танушының бұрын бақылағанда ойында қалып қойған объектісін басқа объектілер қатарында ұсынғанда оны ойша салыстыру арқылы көрсететін психологиялық процесс жатыр. Мұндай салыстыру нәтижесі ретінде олардың теңдігі, ұқсастығы немесе айырмашылығы туралы қорытындысы жүреді.

Психологиялық тұрғыдан танудың үш сатысын ажыратуға болады.

1) бейне қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

- объектіні қабылдау;
- қабылданғанды өз ойында сақтап қалу;

2) объекті туралы деректі елестету және айту;

3) тану, яғни, бұрын бақылаған объектіні теңдестіру үшін бір топ объектілерді қабылдау.

Тану үшін көрсетудің түрлері:

- адамдарды тану үшін көрсету;
- мәйіт және оның бөлшектерін тану үшін көрсету;
- заттар мен құжаттарды тану үшін көрсету;
- жануарлар және олардың өліктерін тану үшін

көрсету;

- үй-жай және қора-ауланы тану үшін көрсету.

Тану әрекеті объектілердің тікелей өзін немесе олардың фотосуреттерін ұсыну арқылы жүргізіледі.

Объектілерді фотосуреттер арқылы тану үшін көрсету мынадай негізгі жағдайларда мүмкін болады:

1) тікелей объектінің өзі мүлдем жоқ;

2) объектінің сырт пішіні өзгеріп кеткен және оны қайта қалпына келтіру мүмкін емес;

3) объект және оны танитын тұлға бір-бірінен қашық орналасқан және оларды бір орынға жөнелту мүмкіндігі жоқ;

4) танылуға тиіс адам тану үшін көрсету әрекетін бұзады деген ой негіз болғанда;

5) тактикалық тұрғыдан танылуға тиіс адам өзінің тану үшін көрсетілетінін білмеу керек;

6) танылуға тиіс адам тергеу органдарынан бой тасалап жүр.

Тану үшін көрсету мынадай жағдайларда мүмкін болмайды:

- тану үшін көрсетудің нақты түрін жүргізуге қарсылық көрсететіндей танушыда физикалық немесе психикалық жетіспеушіліктердің болуы;

- танылуға тиіс адамда оны тани алатындай, яғни, оны жекелендіретін белгілердің болмауы;

- тиісті объектіні танушы бұрын басқа тергеу әрекетінің үстінде қабылдап көрген;

- танушы танылуға тиіс объектіні бұрын жақсы білгендіктен, осы объектінің даралығына күмән туғызбайтындай, оның белгілерін анық атаған кезде;

- объекті туралы мәліметтің болу арқасында көз жетерліктей теңдестіру жүргізілгенде (мысалы, сағаттағы нөмір және оның паспортындағы осындай нөмірдің сәйкес келуі).

Тану үшін көрсетуге қатысушылар:

- тану үшін көрсетуді жүргізетін тұлға;

- куәгерлер;

- тану үшін көрсетілетін және танушы тұлғалар;

- егер танушы жасы толмаған болса – ата-анасы немесе ұстаз;

- маман, аудармашы;

- тану үшін көрсетілетін объектілердің (заттардың, малдың, көлік құралдарының) иелері және тағы басқалар.

Тану үшін көрсету ережелері:

1) танушыдан, тиісті адамды немесе затты бұрын қандай жағдайда бақылағандығы, сондай-ақ осы объектіні қандай белгілер мен ерекшеліктер арқылы тани алатындығы жайлы алдын ала жауап алынады;

2) көрсетуге ұсынылатын объектілер саны үштен кем болмау керек;

3) танылуға бірге ұсынылатын объектілердің мүмкіндік бойынша сырт ұқсастығы болу керек; танылуға тиіс зат басқа біртектес заттармен бірге ұсынылады;

4) тану үшін көрсету жағдайы осы объектіні оқиға болған жерде қабылдаған жағдайға жақын болуы керек

(объектінің алыс-жақындығы, күндіз, түнде, жарық түсіп тұрғанда және т.б.);

5) тану үшін көрсету әрекеті басталмас бұрын танылуға тиіс адамға бірге ұсынылып отырған адамдар арасынан таңдаған орнын алу ұсынылады;

6) тану үшін көрсету әрекеті куәлардың қатысуымен жүргізіледі;

7) егер куәгер немесе жәбірленуші танитын адамдар болса, онда олар жалған айғақ бергені және көрсетуден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатыны жайлы ескертіледі;

8) жетекші сұрақтар қоюға және жол-жөнекей қимылдарды жасауға тыйым салынады;

9) танушы ұсынылған адамдар немесе заттар арасынан біреуін көрсеткен жағдайда, одан осы объектіні қандай белгілер мен ерекшеліктер арқылы танығандығын түсіндіру талап етіледі.

Тану үшін көрсетуде маманды қатыстыруға, сондай-ақ фотоға түсіру немесе бейнежазба тәрізді бекітудің қосымша құралдарын пайдалануға болады.

Тануға жататын объектіні қалай бақылағандығы жайлы, оның белгілері туралы алдын ала танушыдан жауап алу кезінде анықталады. Мұндайда қабылдап алудың объективтік және субъективтік факторлары (мысалы, қабылдау процесінің ұзақтығы, танушының қалпы) айқындалады.

Танылуға бірге ұсынылатын адамдардың мүмкіндік бойынша сырт пішінімен тануға жататын адаммен ұқсас болу талабы, яғни,

– олардың жасы, бойы, дене бітімінің күрт айырмашылығы болмау керек;

– қалпы, пішіні, бөлек мүшелердің өлшемі бойынша, сондай-ақ шашының түсі және сәнді шашы жағынан барлық ұсынылған адамдардың бет әлпеті ұқсас болу керек;

– ұсынылғандардың киім-кешегі мен аяқ киімі атауы, түсі, үлгісі және тозу дәрежесімен ұқсастығы болу керек.

Тану үшін көрсету объектілерінің біртектестігі дегеніміз олардың атауының, үлгісінің, қалыбының, өлшемінің түсінің және тозу деңгейінің біркелкі болуы.

Тану үшін көрсетуге дайындық

Тану үшін көрсетуге дайындық өзіне төмендегідей элементтерді жинақтаған:

- 1) танушыдан алдын ала жауап алу;
- 2) тану үшін көрсетуге мезетін таңдау;
- 3) тану үшін көрсету орны мен уақытын анықтау;
- 4) аталмыш тергеу әрекетін жүргізу үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру;
- 5) ішінде танылуға жататын объект бар, басқа да объектілерді таңдау;
- 6) қажетті ғылыми-техникалық құралдарды дайындау;
- 7) куә, маман және басқа да тұлғаларды шақыру;
- 8) болатын тергеу әрекетінің ретімен танушыны алдын ала түсіндіру, басқа да қатысушыларға нұсқау беру;
- 9) қамаудағы сезікті (айыпталушы) күзетін қамтамасыз ету.

Адамдарды тану үшін көрсету тактикасының ерекшеліктері

Адамдарды тану үшін көрсету мынадай жағдайларда мүмкін:

– танушы танылуға ұсынылған адамды бұрын білмеген, бірақ нақтылы бір жағдайларға қатысты оның сырт келбетінің белгілерін есіне сақтап қалғанда;

– танушы танылатын адаммен таныс, бірақ оның аты-жөнін айта алмайды немесе қате атап тұрғанда;

– танушы танылатын адаммен таныс, оның аты-жөнін дұрыс айтып тұр, бірақ бұл фактіні танылатын адам жоққа шығарған жағдайда;

Қарастырылып отырған тергеу әрекетін жүргізу ба-рысында бірқатар талаптарды сақтаған дұрыс болады. Мысалы, танушының тану үшін көрсетуге қатысушыларды абайсызда болсын көріп қалу мүмкіндігі болмау керек. Егер де бірнеше адамдарды тану үшін ұсыну қажеттілігі туындаса, онда тану үшін көрсету олардың әрқайсысымен бөлек жүргізіледі.

Тану үшін көрсетуді жүргізу әрекетін бастамас бұрын, тергеуші барлық қатысушыларды тергеу әрекетінің мақсаты және ретімен, олардың құқықтары және міндеттерімен таныстырып өту керек.

Адамдарды тану үшін көрсету реті:

1) куәларды шақыру;
2) арасында танылатын адам бар тұлғаларды шақыру;

3) танылуға жататын адамды шақыру, бірге ұсынылған адамдар арасынан орын таңдауды ұсыну;

4) танушыны шақыру, куә мен жәбірленушіге айғақ беруден бас тартқаны, айғақ беруден жалтарғаны және көрінеу жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескерту, тұлғаларды қарап шығуды ұсыну, арасынан біреуді тани ма, егер таныса қандай белгілер арқылы ажыратады;

5) танылған адамға аты-жөнін атауды ұсыну;

6) бір-біріне сұрақтары бар ма деген сөзбен танушы мен танылған адамға бет бұру;

7) барлық қатысушыларға бет бұру – тану үшін көрсету әрекеті бойынша кімнің ескертулері бар жайында;

8) тану үшін көрсету барысы мен нәтижесін бекіту.

Адамды тану үшін ұсыну динамикалық (функционалдық) белгілер арқылы, яғни, дауыс, сөйлеу, жүріс-тұрыстың ерекшеліктері бойынша жүргізілуі мүмкін.

Дауыс және сөйлеу ерекшеліктері бойынша тану жүргізу кезінде танылуға ұсынылғандардың дауыстық сипаттамасы мен сөйлеу мәнерінде елеулі айырмашылықтар болмаған жөн. Дауыс пен тілді тыңдау ретін танушы өзі таңдайды.

Жүрісі арқылы тану үшін көрсетуде ұсынылғандардың жүрісінде ұқсастық болу керек. Жүру бағытын өзгерту, аяқ алысты жылдамдату үшін берілетін белгілер жайлы және ұсынылатындарға тағайындалатын нөмірлер туралы тергеуші алдын ала оларға айтып қояды. Танылуға жататындарды фамилиясымен атауға болмайды. Танылуға жататын адамның өзіне реті бойынша қандай жерде және қандай жол бағытпен жүретіндігін таңдап алуға ұсына-

ды. Аталмыш тергеу әрекетінің барысы мен нәтижесін бекітуде қолданылатын құралдарға қосымша бейне таспаға жазуды пайдалану көп нәтиже береді.

Заттарды тану үшін көрсету тактикасының ерекшеліктері

Тану үшін көрсету заттар ретінде әдетте қылмыстық қол сұғушылық объектілері, сондай-ақ қылмысты жаसाу құралы болғандар жүреді.

Олардың тану үшін көрсету реті тірі адамдарды тану үшін ұсынудан айырмашылығы жоқ. Бұрын жауап алу кезінде ол заттың ерекше белгілерін атап өткен танушыға объектілер біртектес заттар тобында ұсынылады.

Егер де заттың паспорты және оның нөмірін көрсететін басқа да құжаттар болса, онда ол зат тану үшін ұсынылмайды.

Ұқсас заттарды таңдау мүмкіндігі болмайтын өте сирек заттар танушыға жалғыз бетінде ұсынылады, танушы заты тануға көмектескен даралық белгілерді атап шығады.

Мәйітті тану үшін көрсету ерекшеліктері

Мәйітті тану үшін көрсету ерекшеліктері төмендегілермен байқалады:

- мәйітті тану үшін көрсету танушылардан алдын ала жауап алусыз жүргізу мүмкіндігі (мысалы, нақты адамның жоғалуы туралы арыз болмай мәйіт табылғанда – жақын жердегі тұрғындарға ұсыну);

- мәйітті «сәндеуден» өткізу («туалет» труппа) әрекеті, яғни, қажет болған жағдайларда тергеушінің нұсқауымен танушы адамға мәйітті көрсетпес бұрын маман мәйітті гримдейді (жарақаттардың болуы, мәйіттің кейіпсізденуі);

- мәйітті әрбір танушы адамға бөлек жалғыз өзін көрсету;

- мәйітті киімсіз ұсыну, сонан соң киімін басқа осындай заттар арасында ұсыну.

3.7. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тактикасы

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың түсінігі, мақсаттары және міндеттері

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау дегеніміз – қолданыста барларды тексеру және жаңа дәлелдемелерді алу мақсатында алдында жауап алынған тұлғамен қылмысқа қатысы бар жағдайларды, орны мен объектілерді көрсетуге, кейбір қимылдарды жасауға, осы жердің нақтылы жағдайын зерттеу және бұрын алынған айғақтармен салыстыруға бағытталған өз алдына бөлек тергеу әрекеті.

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау әрекеті жүргізілетін жағдайлар:

1) жауап алынған тұлға қылмыс орнындағы жағдай, ондағы кейбір объектілердің орналасуы, оған қарай жүру немесе одан қайту жолдары жайлы айтып беруге қиналады, бірақ осының бәрін тікелей сол орынға шыққан кезде айғақтап бере алады;

2) жауап алынған немесе басқа да тұлғалардың қылмыс жасау мезетіндегі әрекеттерінің тәсілі немесе ретін сол жердегі жағдайға қатысты тексеру немесе дәлдеу қажеттілігі туындағанда;

3) біртектес жағдайларға қатысты бірнеше тұлғалар айғақтарында қарама-қайшылықтар болғанда.

Қарастырылып жатқан тергеу әрекеті мынадай мақсатта жүргізіледі:

- бұрын анықталған фактілерді тексеру және дәлдеу;
- жаңа дәлелдемелерді анықтау;
- айғақтардағы қарама-қайшылықтар себепін анықтау және жою;
- қылмыс жасауға итермелеген жағдайлар мен себептерді айқындау.

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау әрекетін жүргізу барысында шешілетін негізгі міндеттер:

- 1) тергеуді қызықтыратын оқиға орнын анықтау;
- 2) жауап алынған тұлғаның тергеушіге беймәлім жол бағытын айқындау;
- 3) жауап алынған тұлға өзінің көрсетулерінде хабар еткен дәлелдемелерді табу;
- 4) тергеуге бұрын беймәлім болған сезікті, жәбірленуші, куәларды анықтау;
- 5) шынымен оқиға болған жағдайды зерттеу орнында белгілеу;
- 6) жауап алынған адамның қимылдарына қатысты жағдайларды айқындау және нақтылау;
- 7) дәлелдеу затына енетін жағдайларға қатысты жауап алынған адамның хабардарлығын анықтау.

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау кешенді тергеу әрекеті бола тұра, өзіне жауап алу, тергеулік қарау, тану үшін көрсету, тергеулік эксперимент элементтерін жинақтаған. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың басқа да тергеу әрекеттерінен айырмашылығы:

- айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауда тұлғаның қатысуы міндетті түрде өз еркімен болуы;
- айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау кезіндегі объектілер мен іс-қимылдарды көрсету, мақсатты түрде алдын ала бұрынғы жағдайды қайта құрусыз өту керек;
- айғақтары тексеріліп жатқан тұлғаның көрсетуіне сөйкес іздер мен басқа да объектілерді табу;
- алдын ала жауап алынған адамның түсініктерін есепке ала отырып жағдайды бекіту.

Бұрынғы көрсетулерді нақтылау және оның шынайылығын анықтау, сондай-ақ жаңа дәлелдемелерді алу мүмкіндігі арқылы айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тергеу әрекетінің маңыздылығын байқауға болады.

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауға қатысушылар қатарына тергеуші, куәгер, айғақтары тексеріліп жатқан тұлға, сондай-ақ маман, ұстаз, аудармашы және тағы басқалар жатады.

*Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен
нақтылауды жүргізуге дайындық*

Аталмыш тергеу әрекетінің ұтымдылығы – мұқият дайындалу шараларына байланысты. Оларға:

- 1) айғақтары тексерілетін адамнан алдын ала жауап алу;
- 2) болатын тексеріс затын анықтау;
- 3) айғақтары тексерілетін адамның жеке басын зерттеу;
- 4) тергеушінің тергеу әрекеті өтетін орынмен алдын ала танысуы;
- 5) айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауды жүргізу уақытын анықтау;
- 6) тергеулік-жедел іздестірушілік топты жасақтау және оның мүшелеріне нұсқау беру;
- 7) ғылыми-техникалық және көлік құралдарын дайындау;
- 8) айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауға қатысушылардың қауіпсіздігін сақтау шараларын іске асыру.

*Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен
нақтылауды жүргізу*

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауды жүргізу төмендегідей тактикалық тәсілдерді пайдалануды ұйғарады:

- 1) алдында жауап алынған тұлғаның айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауға өз еркімен қатысуы;
- 2) қатысушылардың үйлесімді орналасуын таңдау;
- 3) нақтылы жол бағытымен қозғалу барысында және нақтылы бір әрекеттерді көрсету кезінде айғағы тексеріліп жатқан тұлға өз ынталығын танытуы; жетекші қимылдарға тыйым салынады;
- 4) бірнеше тұлғалардың көрсетулерін тексеру әрқайсысымен жеке-жеке жүргізілуі тиіс;

5) айғағы тексеріліп жатқан адамға бақылау орнату;
6) берілген айғақтар мен көрсетіліп жатқан іс-қимылдардың ұштасуы;

7) тексерістегі тұлғаның көрсетулері мен әрекеттерін оқиға болған жердегі жағдаймен салыстыру;

8) айғақтары тексеріліп жатқан адамның кәсіби дағдыларын тіркеу;

9) тексеріс орнында қылмыстың материалдық іздерін табу.

Осылайша, айғағы тексеріліп жатқан тұлғаға өз еркімен түсінік талап ететін жол бағытын, қора-аула мен заттарды таңдауға мүмкіндік беріледі. Мұнда айғағы тексеріліп жатқан адам түсінік талап ететін істе маңызды жол бағыты мен объектілерді көрсете отырып, басқа да тергеу әрекетіне қатысушылардың алдында жүреді. Табылған объектілер заттық дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске тіркеу мақсатында қарастырылады және алынады.

Көрсетулерді оқиға болған жерде тексерудің тактикалық тәсілдері

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың барысы мен нәтижелерін бекіту

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың барысы мен нәтижелерін бекіту міндетті түрде тергеу әрекетінің хаттамасын құрастыру арқылы іске асырылады.

Хаттамада жүргізу уақыты мен орны, қатысушылар құрамы, олардың құқықтары мен мүдделері тәрізді жалпы міндетті түрдегі қағидалардан басқа мынадай мәселелер орын алады:

– айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың мақсаты;

– алдында жауап алынған тұлғаның өз еркімен қатысуы туралы жазу;

– қозғалу тәсілі, жол бағыты, бағдарлар, топтың қозғалып отыру реті, оған қатысушылардың орналасуы;

Материалдық іздерді табу мақсатында көрсету орнында қажетті іздеу әрекеттерін жүргізу

Көрсетулері тексеріске жататын тұлғаның аталмыш әрекетке ерікті түрде қатысу рұқсатын алудың қажеттілігі



Жеке тұлға көрсетулерін нақты оқиға болған жер және іс бойынша бұрын жиналған дәлелдемелермен тергеушінің салыстыруы. Қажет болған жағдайда бірнеше адамдардың көрсетулерін тексеру – ондай тексеріс әрбір тұлғамен жеке-жеке жүргізіледі.

Көрсетулерді тексеру барысында тұлғамен сол оқиға болған жерде көрсету, баяндау және көрнекі ету әрекеттерімен ұштастыру



Тексеру жүргізу кезінде көрсетулері тексеріліп жатқан тұлғаға қажетті ынталылық ұсыну (мысалы, жүретін жол бағытын, әрекеттерді жасау реті және т.б.)

- тексерістегі тұлғаның мінез-кұлқы, қимылдау реті мен нәтижелері, оның көрсетулерінің мазмұны;
- табылған және алынған заттар мен іздерді суреттеу;
- тергеуші қойған сұрақтар және оларға жауап;
- ғылыми-техникалық құралдар түрлері және пайдалану реті.

Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылаудың барысы мен нәтижелерін бекітуде қолданылатын қосымша құрал ретінде фотоға түсіру, үн және бейне таспаға жазу, сондай-ақ тергеу әрекетіне қатысушылар жол бағытының жоспары, сұлбасы жүреді.

3.8. Хат-хабарды тұтқындау. Хабарламаларды жолдан ұстау. Сөйлесулерді тыңдау мен жазу

Пошта-телеграф жөнелтімдерін тұтқындау, оларды тексеру мен алу

Хаттар, жеделхаттар, радиограммалар, бандерольдар, посылкалар мен басқа да пошта-телеграф жөнелтімдері іс үшін маңызы бар мәліметтерді, құжаттар мен заттарды қамтуы мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіз болған кезде олар тұтқындалуы мүмкін.

Пошта-телеграф жөнелтімдерін тұтқындау жайлы тергеуші қаулы шығарады, ал прокурор оны өз санкциясымен бекітеді. Қаулыда пошта-телеграфтық жөнелтімдерді тұтқындау жүргізген байланыс мекемесінің атауы, пошта-телеграф жөнелтімдерін жіберуші адамның аты-жөні, олардың мекен-жайлары, тұтқындалған жөнелтімнің түрі, оның уақыты көрсетіледі.

Пошта-телеграф хат-хабарын тұтқындау жайлы қаулыны тиісті байланыс мекемесінің басшылығына жіберіледі, ол пошта-телеграф жөнелтімдерін ұстап қалып, ол туралы дереу тергеушіге хабарлауға міндетті.

Пошта-телеграфтық жөнелтімдерді қарау, алу және көшірмесін алуды тергеуші пошта-телеграфтық мекеменің жұмысшыларынан тұратын куәгерлермен бірге жүргізеді. Қатынас қағаз қараудан кейін алынады. Егер қатынас қағазын алу қажет болмаса, онда ол тек қараумен шектеледі. Бұл жағдайда қарау өз бетімен жүргізілген тергеулік әрекет болып саналады.

Пошта-телеграфтық қатынас қағазын қарауда тергеуші құжат жайлы жалпы мәліметтер алуы керек. Мұндай мәліметтерге:

- құжат нені білдіреді;
- құжаттардың сыртқы түрі мен оның деректемелері;
- құжаттың кімнен түскені жайлы ақпарат жатады.

Тергеушінің келесі әрекеті құжаттардың қаншалықты қылмыстық істе маңызды рөл (айғақ зат немесе жағдайды, не фактілерді растайтын құрам) атқаратынына байланысты. Пошта-телеграфтық қатынас-қағаздарын қарауда тергеуші құжаттардың түпнұсқалығын, оның мазмұнын, нысанын, құжат материалдары мен жеке бөліктерін: қолдарын, мөр таңбасын, т.б. тексеру арқылы көз жеткізеді. Егер қажет болса, тергеуші қарау нәтижесі болу үшін маман мен аудармашының көмегін пайдалана алады. Құжатты қарау қаулысында оның тек дәлелдемелік маңызы бар бөліктері ғана тіркеледі.

Пошта-телеграфтық жөнелтімдерді қарауға теміржол, су жолы және өуе транспорты (вагондарда, контейнерлерде) арқылы жіберілген жүктері де жатады. Қарауға жататын затқа қылмыстық іске байланысты материалдық объектілер жатады. Оларға азаматтар аттандырған бандерольдар, посылкалар, жүктер жатады.

Затты қарау кезінде тергеуші назарынан заттардың іске өте маңызды белгілері мен қасиеттері шет қалмауы керек. Затты қарау оның сыртқы түрін зерттеу, жағдайын белгілеу, оның атауы мен атқаратын қызметі, қажет болғанда ол затты қолдану ережесімен танысудан басталады. Сонымен қатар қарау барысында, тергеудегі оқиғаға заттың байланысын көрсететін жеке белгілерді, ақаулары мен ерекшеліктерін анықтайды. Осы мәліметтердің барлығы тіркеледі. Қарау барысында қаралған

заттың сақталуына, дәлелдік күшіне нұқсан келтірмейтіндей оны ұстау ережесін сақтау керек.

Пошта-телеграфтық жөнелтімнің қажеттілігі жойылғанда тергеу аяқталғаннан кейін тергеуші немесе прокурор тыйым салудан босатады.

Қылмыстық іске қатысты техникалық, соның ішінде байланыстың компьютерлік каналдары арқылы берілген хат-хабарды тұтқындау және ақпаратты компьютерлік жүйесінен алу прокурор санкциясымен бекітілген тергеушінің қаулысы негізінде жүзеге асады. Қылмысты көбіне қазіргі хат-хабар құралдарымен жабдықталған ұйымдасқан топ және қылмыстық бірлестіктер жасайды. Бұл жағдайда қылмыскерлер өзара тура байланыс тудырып пошта-телеграфтық жіберу қызметіне жүгінбеуі мүмкін, ол дер кезінде құжаттарды алып, оны тұтқындау мүмкіншілігін шектейді.

Ақпаратты беру және өңдеуге арналған техникалық құралдар ақпаратты объектіден үлкен алшақтықта ұстап алуға мүмкіндік береді. Мысалы, телефон өз иесінің құпиясын оңай жариялай алады.

Қызықтыратын бір жағдай, телефондық келіссөздерді ғана емес, трубканы рачағқа қойғаннан кейін де жабық бөлмедегі сөйлеген сөзді де естуге болады.

Телеграф, телетайп, телефакс каналдары мен графикалық та, белгілік те ақпарат таралады. Мұндай материалдарды ұстап қалу байланыстың өткізу желісіне қосылу, сондай-ақ қабылдап беретін аппараттың ерекше жұмысын қолданатын контактысыз жұмыс істеулер көмегімен жүзеге асады.

Қиындықты, олардың басшыларының өтпелі ақпаратты қорғауға арналған арнайы құралдарды қолдануы туғызады.

Радио байланысқа қолданылатын дербес радиостанциялар эфирлік жалаңаштықтан ерекшеленеді. Қорғау жоқ болса және ыңғайлы радиоқабылдағыш болса, бақылаудағы объектінің әңгімелерін білдіртпей тыңдау өте жеңіл.

Компьютерлер телефондық желі құралдары арқылы бір-бірімен байланысты болғандықтан, басқа қалада тұрып та қажетті ақпаратты алуға болады.

Ұялы (сотовый) және транновый радио жүйелер қарым-қатынасқа ыңғайлы болғанымен, арнайы сканермен (егер қорғаныш коды болмаса) ақпаратты ұстап қалуға болады.

Тергеу әрекетінің өндірісіне кіріспес бұрын, егер ақпаратты ұстап қалу қажет болса, прокурормен бекітілген, оның себебі көрсетілген қаулы шығуы керек. Қаулыда бақылауға алынатын адамдар, ұйымдар, байланыс каналдары көрсетіледі.

Хабарды жол-жөнекей ұстау

Хабарды ұстап қалу және ақпаратты компьютерлік жүйеден алуды орындау жедел-іздістіру қызметін атқаратын хабардар органға тапсырылады.

Ұстап қалу нәтижесінде алынған хабар және компьютерлік ақпаратты маман арнайы сақтауыштарға тіркеп, тергеушіге тапсырманы орындағаны жайлы ресми жолдама құжатпен бірге тапсырады.

Байланыстың техникалық каналдары арқылы берілген хабарды ұстап қалу кезінде жолда ұсталып, тоқтатылып, көшірмесі түпнұсқадан алынып, арнайы сақтауышта тіркелуі мүмкін.

Қарым-қатынастың электронды құралдары күнделікті таратпа қызмет атқарып, зерттеу объектісіне қатысты іскерлік және басқа көптеген ақпаратты алуға мүмкіндік жасайды.

Радиожилік қарым-қатынас ультракүлгін толқындар өрісінде (диапазондарында) қабылдайтын арнайы радиостанциялар және радиотелефондар көмегімен жүзеге асады. Радиотелефондарға жеке және топтық жүйесі болып келетін телефон желісімен сыңар қызмет ететін радиостанциялар жатады.

Компьютерлік желіге енудің негізгі түрі компьютерде сақталған ақпаратқа рұқсатсыз кіру. Хабар мен ақпа-

ратты ұстап қалу әдетте бөгде атты жамылу, техникалық құрылымның мекен-жайын өзгерту, ақпаратты сақтауышты ұрлау, мәліметтер беретін каналдарға қосылу арқылы, жазып алу аппаратурасын орнату арқылы жүзеге асады.

Компьютерлік желіге енудің тағы бір тәсілі – кодты білу. Қолданушы файлдарына ену оның жүйесіндегі қорғаныштық әлсіз жерлерін тауып алу арқылы жүзеге асады. Ол жерлерді тауып алғаннан кейін жүйедегі ақпаратты зерттеп көшірмесін алып, тағы басқа әрекеттерді орындауға болады.

Кейде программистер бағдарламада көзге көріне қоймайтын қателер жібереді. Ал, күрделі бағдарламаларда кейбір логикалық қателер ескерілмей кетеді. Бұдан басқа әлсіз жерлер электронды тізбектерден де шығып жатады. Осындай қателіктер мен салақтықтар компьютер желісіне еніп, ақпаратты ұстап қалуға жағдай жасайды.

Қылмыстық іске маңызды ақпаратты ұстап қалу үшін, егер жүйе аутентикалық теңестіру құралдарымен (мысалы, физикалық ерекшеліктер: саусақ бедерінің кескіні, көз торының суреті, дауыс және т.б. түрлері) жабдықталмаса, заңды қолданушы ретінде жүйеге енуге болады. Бұл үшін қолданушыдан кодпен бірге мынадай мәселелерді алу керек:

- барлық қажетті ақпараттармен бірге қолданушылардың тізімін алу;
- құжаттарды сақтауға бақылауы нашар ұйымдардан құжаттар табу;
- телефон желілері арқылы тыңдауларды жүзеге асыру керек.

Желіге кірудің тағы бір тәсілі – жедел іздестіру қызметкерлері пайдаланушыларды біраз уақытқа шатастыра отырып, өздеріне қажетті ақпаратты алу.

Тағы бір компьютерлік бағдарламаға ену тәсілі – ЭВМ жұмысында пайда болған ақаулар мен тоқтап қалулардан дер кезінде пайдалану.

Ақпаратты қорғаудың көптеген түрлерін жинақтап үш негізгі бөлікке біріктіруге болады:

- физикалық қорғау құралдары (кабель, электр арқылы қоректену жүйелерін қорғау құралдары және басқалары);

- бағдарламалық қорғау құралдары (белсендірілген бағдарламалар, өкілдікке шек қою жүйесі, еруге бақылаудың бағдарламалық құралдары),

- қорғаудың әкімшілік шаралары (бөлмеге кіруді бақылау, төтенше жағдайлардағы әрекеттердің жоспары, қауіпсіздік жолдарын қарастыру, т.б.).

Қазіргі кезде ең көп тараған бағдарламалық ақпаратты қорғау құралдарына енуді бақылау, вирустан қорғау және құралдар болып отыр.

Кез келген компьютерлік жүйенің қорғанышының әлсіз жері бар. Ол: жүйеге кіру деңгейі және кіру мүмкіндігі парольмен анықталады. Ол парольды жедел күш пен құралдарды қолдану арқылы тауып алуға болады.

Хабарды ұстап қалған орган алған нәтижесі жайлы жедел тергеушіге хабарлауы міндетті.

Ақпарат мазмұнымен танысқан тергеуші:

- ақпаратты адресатқа жібермей оны қылмыстық іс құжаты ретінде пайдалануға;

- ақпаратты адресатқа жіберуге рұхсат етіп немесе уақытша ұстап қалуға, қылмыстық іске ақпаратты пайдалануға талап етуге;

- ұсталған ақпаратты қылмыстық іске пайдаланбай, іс жүргізу немесе тактикалық шешімдерді шешуге пайдалануға құқығы бар.

Қылмыстық іске қажеті жоқ ұсталған ақпарат архивке өткізіледі немесе сақтауға, көзін жоюға хабарды ұстап қалуды өткізген органға қайтарып береді.

Ұстаған хабарды тергеушіге берген жағдайда тиісті орган материалдарды, ұстап алу негізін, келіссөздің мәтінін, ол әрекеттің басталу және аяқталу уақытын, ақпарат мазмұны мен бет саны көрсетілген ілеспе хатпен бірге жібереді.

Сөйлесулерді тыңдау мен жазу

Сөйлесулерді тыңдау – дәлелдемелік базаның кеңеюіне көмектесетін тергеу әрекеті бола отырып, ауыр және өте ауыр қылмыс жасаған адамдарға қарсы қолданылады. Аталмыш әрекет белгілі бір уақыт аралығында тыңдауға міндетті адам техникалық құралдар көмегімен қылмысты жасаушылардың бір-бірімен өзара сөйлескен ақпаратты тыңдауы болып табылады. Сөздік ақпаратты жазып алуға магнитті сақтауыш немесе басқа да тәсілдер (стенография, хаттама) қолданылады.

Сөздік ақпарат әр түрлі жолдармен берілуі мүмкін (жеке әңгімеде және әр түрлі сөйлесу құралдары арқылы). Қарым-қатынастың ең жиі қолданылатын құралы болып телефон есептеледі. Оны тыңдаудың бірнеше тәсілдері бар:

- телефонмен жүрген сөйлесулерді тыңдау;
- телефон рычагына трубканы қойғаннан кейін де бөлмедегі адамдардың әңгімесін тыңдау;
- телефонның бұзылуын және телефон аппаратын жөндеуді ұйымдастыру арқылы бөлмеге еніп тыңдау (заңды және заңсыз жолдармен).

Бақылаудағы телефонды тыңдаудың жалпыға тән нұсқалары:

- телефондық желіге тікелей қосылу;
- телефон желісіне индукциялы қосылу;
- қоңырау тізбегі арқылы;
- телефон желісіне радиожучок орнату;
- бөлме ішіне жоғарғы жиілікті тартып алу арқылы;
- кез келген алыстағы телефонды код арқылы белсендіретін аппаратқа жучок орнату.

Бөтен адамдардың келіссөздерін тікелей әңгімелесушілерден жақын жерде тұрып та, техникалық құралдардың көмегімен алыс тұрып та тыңдауға болады.

Егер құқық қорғау органдарын қызықтырушы объектілер далада әңгімелессе, онда келесі тәсілдер қолданылады:

- әңгімелесіп тұрған объектілердің жанынан өтіп, бөтен әңгімені бірнеше адамдардың атауымен құрастыру;

- өткір бағытталған парабаликалық немесе органды микрофондар қолдану;

- әңгіме өтетін жерге радиозакладка немесе портативті диктофон орнату;

- үйретілген радио арқылы бұйрықты орындайтын жануарларды, соның ішінде итке микропередатчиктер қыстырып пайдалану;

- ерін қимылынан оқу, бұл вариант бақылауға объекті ыңғайлы тұрса және ыңғайлы оптика болса, сондай-ақ мылқаулар тілін білетін адам болғанда;

Көпшілік орындағы әңгімені тыңдау келесі тәсілдермен жүзеге асады:

- стол, шымылдық, терезе, қабырға және т.б. жақын жерлерде тұрып тыңдау;

- өткір бағытталған жасырын микрофондарды қолдану (жіңішке таяқ (трость), қолшатыр, сумка, т.б.);

- әңгіме өтетін жерге микропередатчиктерді жасырын қойып кету;

- қызықтырған әңгімені бір жерде өтуін ұйымдастырып, сол жерге радиозакладка орнату;

- жануарларды пайдалану;

- әңгімелесушілерге жақын жерге тұрып еріннен оқу;

Егер әңгіме жабық бөлмеде өтетінін білсе, оған арнайы аппаратура орнату керек. Ондай құралдарға мыналар жатады:

- стационарлы және қалдырып кететін радиожучоктар;

- телефондық жучоктар;

- өткізілген микрофондар;

- контактылы микрофон;

- қабырға арқылы тыңдау;

- пәтердің қоңырауына арнаулы аппарат орнатып, телефон желісі арқылы.

Келіссөздерді тыңдау және жазып алу қылмыстық іске маңызды болып, нәтижесінде қажетті мәліметтер алынған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Аталмыш тергеу әрекетін жүргізу негізі ретінде келіссөзді тыңдау

тапсырылған орган шығарған қаулы жүреді. Прокурор санкциясымен бекітілген қаулы орындаушы органға тапсырылады.

Егер тыңдау және жазып алуды прокурордың бекітуінен бұрын жүргізу керек болса, онда ол жүргізіле береді, бірақ жиырма төрт сағат ішінде ол жайлы хабарлану міндетті. Прокурор оның заңдылығын тексереді, егер тергеу әрекеті заңсыз деп саналса, онда нәтижесі қылмыстық істің дәлелдемесі ретінде қолданылмайды.

Келіссөздерді тыңдау және жазып алу алты айдың аралығында жүзеге асуы керек.

Бұл әрекетті орындаушы орган кез келген тергеушіге қажетті болатын ақпаратты жеткізіп отыруы керек. Ақпарат жазылған фонограмма барлық жайды хабарлайтын ілеспе хатпен бірге жіберіледі. Оларға міндетті түрде сүргі соғылуы керек.

Фонограмманы қарау және тыңдауды тергеуші куәгерлердің қатысуымен, қажет болса мамандардың қатысуымен жүзеге асырады, ол жайлы хаттама дайындайды. Тыңдау мен жазып алу әрекетіне қатысқан куәгерлерге тергеуші, оларға белгілі болған мәліметтерді таратпау жайлы жауапкершілігін ескертеді.

3.9. Тергеулік эксперимент тактикасы

Тергеулік эксперимент түсінігі, мәні және түрлері

Қылмысты тергеп-ашуда қолданылатын тәжірибелік әдіс қолдану нысандарының бірі – тергеулік эксперимент.

Тергеулік эксперимент дегеніміз қылмысты оқиғаның кейбір мән-жайларын осы оқиғаға ұқсас және сәйкес жағдайда әр түрлі сынақ тәжірибелер жүргізу арқылы осы жағдайдың, құбылыстың болу мүмкіндігін тексеру, сондай-ақ іске қатысы бар жаңа дәлелдемелерді алу мақсатында жүргізілетін тергеу әрекеті. Тергеулік эксперименті кезінде адам денсаулығына нұқсан келтірілмеуі, оның өміріне қатер төнбеуі тиіс. Сонымен

қатар, эксперимент өткізуге қатысып жүргендердің құқығы бұзылмайтындай, оларды қорлап, кемсітпейтіндей жағдайлар жасалу керек.

Тергеулік эксперименттің мақсаты:

- қолда барды тексеру және нақтылау;
- жаңа дәлелдемелерді анықтау;
- болжамдарды тексеру;
- қылмысты жасауға итермелеген жағдайларды анықтау.

Тергеулік экспериментін жүргізу арқылы шешілетін кейбір мәселелер: – кейбір құбылыстың не әрекеттің айтылған, көрсетілген жағдайда болуы мүмкін бе, әлде жоқ па (мысалы, белгілі бір затты айтылған жағдайда сол адам көтеріп кете ала ма немесе белгілі бір қашықтыққа көрсетілген уақытта барып жетуге бола ма және т.б.);

– белгілі бір жағдайда қашықтықта болған оқиғаны, құбылысты көріп қабылдауға, сөзді, дыбысты естуге бола ма;

– із қалдыру (сындыру, соғу, аралау, т.б.) сипатын, оның механизмін анықтау.

Тергеулік эксперимент басқа да тергеу әрекеттерінің (оқиға болған жерді қарау, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау) элементтерін қамтыса да, олардан мынадай айырмашылығы бар:

– оқиға болған жерді қараудан айырмашылығы – тергеулік эксперимент тергеудің келесі (алғашқы емес) кезеңінде жүргізіле отырып, ең алдымен жиналған мәліметтерді тексеруге және нақтылауға бағытталған;

– тергеулік эксперимент жүргізу барысында қайта қалпына келтірілген (реконструкция жасалған) жағдай пайдаланылады (ал айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау және оқиға болған жерді қарауда сол орнында зерттелетін тікелей жағдай қолданылады);

– айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау кезінде пайдаланатын тәжірибелердің екінші дәрежелі мағынасы болса, ал тергеулік эксперименттің негізгі мазмұнын мыналар құрастырады;

– тергеулік эксперимент айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылауға қарағанда кейбір жағдайларда құштарлық білдіретін тұлғаларсыз (сезікті, айыпталушы, куә, жәбірленуші) жүргізілуі мүмкін.

Тергеулік экспериментін жүргізуге дайындық

Тергеулік экспериментін жүргізуге дайындық екі кезең арқылы іске асырылады:

- 1) тергеу әрекетін жүргізу орнына бару алдында;
- 2) жүргізу орнында тергеулік эксперимент басталмас бұрын.

Эксперимент орнына бару алдындағы дайындық кезеңіне енетін шаралар:

- тәжірибелер мазмұнын, ретін және жасалу тәсілін анықтау;
- эксперимент орны мен уақытын таңдау;
- экспериментке қатысушыларды таңдау және олардың тәжірибе жасайтын жерге келуін қамтамасыз ету;
- эксперимент жүргізуге қажетті заттарды әзірлеу;
- ғылыми-техникалық және көлік құралдарын әзірлеу.

Эксперимент жүргізу орнындағы дайындық кезеңіне енетін шаралар:

- оқиға болған жерді қайта қалпына келтіруге қатысты әрекеттерді анықтау үшін жағдайдағы өзгерістердің бар немесе жоқтығын айқындау;
- жағдайды қайта қалпына келтіру;
- эксперимент жасалатын орындағы жағдайды әрекет жасалғанға дейін және кейін фотоға түсіру;
- тергеулік эксперимент жүргізу орнына күзет орнату;
- экспериментке қатысушылар арасындағы байланыс құралдары мен белгілерін орнату;
- тәжірибелік әрекеттерге қатысушыларға нұсқау беру.

Тергеулік экспериментін жүргізу тактикасы

Тергеулік экспериментін жүргізу тактикасы бірқатар тактикалық шарттарды қамтамасыз етумен көзге түседі. Олардың негізгілері:

– тергеулік экспериментке қатысушылардың саны оңтайлы болу керек;

– эксперимент болған оқиға жағдайына максималды түрде ұқсас болуы керек;

– біртектес тәжірибелерді бірнеше рет жасау арқылы нәтиженің кездейсоқтығын жою;

– нәтижелерді дұрыс және нақтылы қарастыру үшін тәжірибелерді бірнеше кезеңде өткізу.

Аталмыш шарттардың алғашқысы – тәжірибелерді жүргізуге тек нағыз қажетті тұлғалар қатыстырылады. Қатысушылар көп болғанда эксперимент жасау қиынға соғады, оның нәтижелері көпшілікке мәлім болуы ықтимал.

Тергеулік эксперимент жүргізілетін жағдайды тексерістегі оқиғамен мейлінше ұқсастыру үшін бірқатар тактикалық тәсілдер қолданылады:

1) экспериментті тәуліктің дәл сол уақытында жүргізу (дәл сондай жарық түсу жағдайлары мен басқа да факторларға қол жеткізу мақсатында);

2) экспериментті дәл сол зерттеудегі оқиға болған жерде жасау;

3) ауа райының ұқсастығын пайдалану;

4) тәжірибелерді дәл сол уақыттағы жасанды жарық қолдану арқылы жүргізу;

5) тәжірибе жасау мақсатында жағдайды қайта қалпына келтіру;

6) эксперимент кезінде түпнұсқаның өзін немесе оған ұқсас заттарды пайдалану;

7) тәжірибе қарқыны мен зерттеудегі оқиға қарқынын ұқсастыру;

8) дыбыстық жағдайлардың ұқсас болуы (дыбыс сипаты, оның күші, үндестілігі және т.б.);

9) өзгертілген және қайта қалпына келмеген жағдайларды есепке алу.

Біртекес тәжірибелерді бірнеше рет жасау арқылы алынған нәтижелердің кездейсоқ болмай, сенімді екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеудегі оқиға мүшесі тергеулік экспериментке қатыса алмайтын жағдайда, тәжірибе жасауға дене тұрқы бойынша ұқсас тұлға қатыстырылады. Мысалы, ер адамның терезе арқылы бөлмеге кіру мүмкіндігі тексерілгенде, тергеулік экспериментке қатысушы ретінде дәл сондай бойы және дене бітімі бар еркек таңдалады.

Тергеу экспериментін жүргізудегі тактикалық тәсілдер

Орын алған оқиға, құбылысқа барынша жақын жағдайларда тәжірибелер өткізу. Тәжірибелер белгілі тәртіпте және нақты қарқынмен, қажет болғанда, кезекпе-кезек бірнеше рет жүргізіледі.



Тергеулік эксперимент нәтижелерін бекіту және оларға баға беру. Эксперимент әрекеті және оның нәтижелері хаттамада, оған қосымша ретіндегі фото, бейнетаспа, ұнтаспа материалдары арқылы бекітіледі.

Тергеу экспериментін іске асыру барысында өзгеріске ұшыраған және қайта қалпына келмейтін жағдайларды ескерген жөн



Бекітудің негізгі және қажетті құралы ретінде жүретін хаттамада мыналар орын алады:

- қай жерде, қандай мақсатпен, кіммен тәжірибелер жүргізілді;
- тергеулік экспериментке қатысушылар туралы мәліметтер;
- жағдай қайта қалпына келтірілді ме;
- тәжірибелерді жүргізу шарты мен реті;
- әрбір тәжірибенің мазмұны және алынған нәтижелер.

Тергеулік эксперимент нәтижелеріне баға беру мынадай қағидаларды есепке ала отырып жасалынуы керек:

- ықтималдық сипаты болғандықтан, тәжірибенің дұрыс нәтижесі тексерістегі оқиғаның, фактінің тек болуы мүмкін деген мәселені айғақтайды;
- теріс нәтиженің үзілді-кесілді, сенімді сипаты болады. Тек кәсіби дағдылар мен шеберліктің бар екендігін тексеру кезінде теріс нәтиженің болуы, осы дағдылар-

дың жоқ екендігін, сондай-ақ оларды қасақана көрсеткісі келмейтіндікпен көзге түседі. Жағдайға қатысты мұндай нәтиженің ықтималдық сипаты болуы мүмкін.

Сараптама кезіндегі эксперимент ол, сот-сараптамалық зерттеу шараларының факультативтік сатыларының бірі. Оның мәні тәжірибелер жасаумен көрсетіледі: нақты жағдайларды және олардың арасындағы себептік байланыстарды анықтау үшін; іздердің жасалу механизмін айқындау үшін; салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер алуда; іздердің қасиетін зерттеу үшін; қылмысты жасауға итермелеген техникалық сипаттағы себептер мен жағдайларды айқындау.

3.10. Ұстау тактикасы

Ұстаудың түсінігі және оның ғылыми негіздері

Құқық қорғау органдарының криминалистика пәнін біліп, криминалистикалық әдіс-тәсілдерді шебер пайдалануы, оның ішінде қылмысқа қатысы бар тұлғаларды ұстау сияқты тергеу әрекетін тиімділікпен іске асыру осы органдардың қылмысқа қарсы күрес жұмыстарының іскерлігін және нәтижелігін арттырады.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Ф.Жәкішевтің ойынша, ұстау дегеніміз – қылмысты жасауы мүмкін деген сезікті адамды, оның кінәсі анықталып, айып жариялағанша тұтқынға алуға байланысты кідіртпей жүргізілетін, заңда көрсетілген тергеу әрекеті.¹ Қазақстандағы криминалистикалық ілімнің ғылыми тұрғыдан тұрақтануына елеулі үлес қосқан профессор Е.Ф.Жәкішевтің аталмыш тергеу әрекетіне қатысты ой-тұжырымдарын қоштаймыз. Осылайша, қылмыс үстінде немесе кейін қылмысқа тікелей қатысты қолға түскен, көзімен көргенде, оның ішінде жәбірленушілер, сол адамды қылмыскер ретінде көрсеткен, күдік келтірген адамның денесінен не

¹ Е.Ф. Жәкішев *Криминалистік тактика: Оқу құралы.* – Алматы, 1997.

киімінен немесе оның тұрған үйінен жасалған қылмыстың іздері табылған жағдайда ол адам тұтқынға алынады.

Жоғарыда айтылғанға қосымша, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 132-бабының 4-тармағына сәйкес, жедел іздестіру қызметінің заңға сәйкес алынған материалдарында ол адамға қатысты, ол жасаған немесе дайындап жатқан, ауыр немесе аса ауыр қылмыс туралы анық деректер болған кезде бас бостандығынан айыру түрінде жаза қолданылуы мүмкін болатын қылмыс жасағандығына күдік келтірілген адамды ұстауға қылмыстық ізге түсуді асырушы орган құқылы.

Заң бойынша егер қылмыс жасады деуге негіз болатындай басқа да деректер кездескен, ол адам қашуға әрекет еткен немесе оның тұрақты мекені болмаған, сондай-ақ күдік келтірушінің аты-жөні анықталмаған жағдайда ғана ол күзетте ұсталуы тиіс. Сонымен бірге қылмыс жасаған адамдарды ұстауға жеке азаматтардың да құқығы бар. Осылайша, жәбірленушінің, сондай-ақ кез келген азаматтың жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігінің жолын кесу мақсатымен қылмыс жасаған адамды ұстауға құқылы және осы әрекет іске асыру барысында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 33-бабында көзделген шекте дене күші мен басқа да құралдар қолдана алады (ҚР ҚІЖК-нің 133-бабы). Егер ұсталған адамда қару немесе өзге де қауіпті заттар немесе қылмыстық іс үшін мәні бар заттар бар деп ұйғаруға негіз болса, оны ұстаған азамат ұсталушының киімін тексеруге және құқық қорғау органдарына немесе өзге де мемлекеттік өкімет органдарына беру үшін ондағы заттарды алуға құқылы.

Мұндай жағдайларда қылмыс жасады деп күдік тудырған адамды ұстау үшін прокурордың рұқсаты талап етілмейді. Анықтама органы тек күдік тудырушының қандай негізде ұсталғанын көрсетіп хаттама жазуға және бұл жөнінде заңда көрсетілген мерзім ішінде прокурорға хабарлауға міндетті. Осылайша, ұсталған адамды анықтама органына немесе алдын ала тергеу органына әкелгеннен кейін үш сағаттан аспайтын мерзімде тергеуші немесе анықтаушы ұстаудың негізі мен дәлел-

дері, жері мен уақыты (сағаты мен минутын көрсете отырып), жеке тінтудің нәтижелері, сондай-ақ хаттама жасалған уақыт көрсетілетін хаттама жасайды. Хаттама ұсталған адамға жарияланады және бұл ретте оған құқықтары түсіндіріліп, соның ішінде оның қорғаушы шақыру құқығы түсіндіріліп, бұлар хаттамада көрсетіледі және оның астына толтырған адам мен ұсталған адам қол қояды. Жүргізілген ұстау туралы анықтаушы мен тергеуші ұстау хаттамасы жасалған сәттен бастап он екі сағаттың ішінде прокурорға жазбаша хабарлауға міндетті (ҚР ҚІЖК-нің 134-бабы).

Негізсіз ұстау заңдылықты өрескел бұзғандық болып есептеледі. Сондықтан бұған мейлінше сақ болу керек. Егер қылмыстық іс тергеушіде тергеу үстінде болса, онда қылмыс жасағаны туралы күдік тудырған адамды ұстау мәселесін, ең алдымен сол тергеуші шешеді.

Ұстаудың тактикалық әдістері криминалистика ғылымында тәжірибеге негізделіп жасалады. Тактикалық жағынан күдік тудырушылар жеке-жеке және тобымен ұсталуы мүмкін.

Тобымен ұстау көп жағдайда қиынға түседі. Ұстаудың мұндай түрінде күдік тудырушы және оның сыбайластары тобымен немесе жалпы қылмыстық іске қатысы жоқ, дегенмен, әр түрлі себептермен қылмыс жасалған жерде бірге болған бірнеше күдік тудырушылар бір мезгілде күзетке алынады. Сондықтан оларды тобымен емес жеке-жеке, яғни, олар әр жерде бөлек жүрген кезде ұстау тактикалық жағынан тиімді. Бұл мақсатта алдын ала қажетті жедел-ізвестіру шаралары жүргізілуі мүмкін.

Ұстау әрекетін жүргізуге дайындық

Ұстауға дайындық мынадай шаралармен көзге түседі:

- √ ұсталуға тиісті күдіктінің жеке басын зерттеуден өткізу;
- √ оны ұстау көзделген жердің жағдайын зерттеу;
- √ ұстаудың жоспарын жасау;
- √ жедел топты жасақтау, жабдықтау және оған нұсқау беру.

Ұсталуға тиісті күдіктінің жеке басын зерттегенде қылмыс жасаған кездегі оның әрекетінің қаншалықты баржоқтығы, бұрын ауыр қылмыс жасаған не жасамағандығы, сондай-ақ бұған дейін құқық қорғау қызметкерлеріне қарулы қарсылық көрсеткен жоқ па екен, дәл қазір оның осындай әрекетке баруы мүмкін бе, міне осы мәселелердің бәрі егжей-тегжейлі зерттеледі. Сонымен бірге, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, мінез-құлқы, уақытын қайда, қалай өткізетіні, әдетте, қайда, қалай жүріп баратыны, қылмыстық байланысы, тағы басқа жағдайлар тексеріледі. Аталмыш әрекеттер ұстау кезінде қылмыскердің қалай әрекет ететінін дәл болжап, соған орай тиімді қимыл жасау, яғни, жедел топтың әрекет мөнерін дұрыс жоспарлау, ұсталатын жер мен ұстау уақытын нақтылау, ұсталатын жер мен ұстау уақытын дұрыс белгілеу, тиімді тактикалық тәсілді іріктеу, жедел топтың сандық құрамын дәл анықтау үшін қажет.

Күдіктіні ұстау көзделген жерді зерттеу арқылы жедел топ ұстау кезінде төңіректі еркін болжап, батыл қимылдай алады, топ мүшелеріне нақты жағдайға орай міндет жүктеледі, бақылау нүктесі, көлік қоятын жер белгіленеді, іс-қимылдардың бағыты анықталады. Егер қылмыскерді белгілі бір құрылыс ішінде ұстау көзделсе, оның құтылып кетпеуі үшін осы құрылысқа кіретін не шығатын барлық жерлерді, бөлмелердің қалай орналасқанын, терезелерін, баспалдақтарын, қосалқы құрылыстарын алдын ала тексеру, құрылыс маңындағы жабынды жерлерді, бұта, ағаштарды, тығылуға болатын басқа да барлық орындарды анықтау керек. Егер қылмыскер ашық жерде ұсталса сол маңайдағы көшелерді, жекелеген бұрылыстарды, аула ішіндегі іргелі қуыстарды, қала көлігі жүретін, бұта арасына, жыра-сайларға, тоғандарға апаратын жолдарды алдын ала сүзіп шығып, есте ұстау қажет. Қылмыскерді ұстайтын жерді жедел топтың жетекшісі тікелей өзі зерттейді.

Сонан соң оның кестелік жоспары жасалады, ол ұстау тактикасын белгілеу және жедел топ мүшелеріне нұсқау берер кезде пайдаланылады.

Ұстауға дайындық барысында қажетті мәліметтер алынуы мүмкін түпнұсқалар:

- √ жиналған алғашқы материалдар;
- √ қылмысты істегі деректер;
- √ жедел-ізвестіру деректері;
- √ қылмысты тіркеу жүйесі;
- √ мұрағаттар және басқалар.

Жиналған осындай мәліметтердің негізінде қылмыскерді ұстаудың жоспары жасалады. Оның ішінде ұстау мерзімі мен ұсталатын жер, кімнің қандай шараларды жүзеге асыратыны, жедел топты кімнің басқаратыны көрсетіледі. Тобымен ұстау қажет болғанда жоспарда жедел топтың нақты қай мүшесі нақты қай қылмыскерді ұстайтыны дәл белгіленуі тиіс. Кей жағдайда, өсіресе ашық жерде қолға түсіру көзделген кезде жедел топтың құрамына із кесетін иттерді де кіргізген жөн. Із кесетін ит қылмыскерді қосалқы құрылыстардан, ашық жерлерден іздегенде, қылмыскер қарулы қарсылық көрсеткенде қажет.

Кейбір жағдайларда, мысалы іздеу, соңына түсу, күзетпен айдап жүру, тағы басқа қажеттілікке орай жоспарда қылмыскерді көзбе-көз көргендердің, жәбірленушілердің, қоғамдық өкілдердің, лауазымдардың көмегі де пайдаланылады. Мұндайда көмектесушілерге қылмыскердің ешқандай зақым келтірмеуі үшін құқық қорғау қызметкерлері барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс.

Құқық қорғау қызметкерлерінің қылмыскерді ұстайтын жерге қандай көлікпен, қандай жолмен жүріп баратыны да жоспарланады. Және мұны жоспарлағанда қылмыскердің құқық қорғау қызметкерлерін жол үстінде басқа жолаушылардан айырып, танып қалмайтынына айрықша назар аударылады. Көлік, байланыс құралдары тиісті жерге дер кезінде жеткізіліп, көзден тасаландырылады. Бұған қоса қылмыскерді ұсталғаннан кейін көлік тұрған жерге, одан соң полиция бөлімшесіне жеткізетін жол белгіленеді. Өйткені сыбайластарының жолшыбай қылмыскерді туысқандарымен және басқа да таныстарымен кездестірмеуі үшін мұның маңызы зор.

Бір мезгілде әр жердегі бірнеше адамды қатар ұстау қажет болған кезде қылмыскерлердің бір-бірімен кездестірілмеуі көзделеді. Олар тергеу орнына әр түрлі жолмен, әр түрлі көлікпен жеткізіледі және алғашқы тергеу жүргізілетін камераларға жеке-жеке қамалады. Жоспарда, сондай-ақ жедел топтың қандай техникалық-криминалистік жабдықтармен жабдықталатыны көрсетіледі. Сонымен бірге, жедел топ мүшелеріндегі радиоқондырғылар, жақын маңдағы телефондар және басқалары пайдаланылады.

Ұстауға өзiрлiк жедел топқа нұсқау берумен аяқталады. Өйткені топтың барлық мүшелері өздеріне нақты қандай міндет жүктелгенін, яғни, кімді, қашан, қай жерде ұстайтынын дәл білуі керек. Ол үшін оған ұсталатын адамның барлық белгілері, басқа да қажетті деректер толық айтылады. Егер топ мүшесінің қолында қылмыскердің суреті болса сонымен салыстырады, сондықтан мүмкіндігінше, топтың әр мүшесінде ұқсайтын адамның суреті болғаны жөн. Жедел топтың мүшелері кімге, қай жерде бақылау жасайтынын, қылмыскер жасырынған жерге кімнің, қалай кіретінін, қылмыскерді қарусыздандыру үшін қандай қимыл жасайтынын, қылмыскер қарулы қарсылық көрсетсе не істеу керектігін, ұсталғаннан кейін қылмыскерді қалай алып жүру қажеттігін мұқият еске тоқып алуы тиіс.

Нұсқау кезінде жедел топтың әр мүшесінің атыс қаруын қалай қолданатыны тексеріледі. Топ мүшелеріне қылмыскермен тілдеспеуі, қылмыскердің ұсталғаны, сондай-ақ ұстау мен тінтудің нәтижесі туралы құпияны жария етпеуі ескертіледі.

Жедел топтың мүшелеріне, сонымен бірге, егер ұстау кезінде бұрынғы белгіленгеннен басқа жағдайларға тап болса, айталық, ұсталатын адам көрсетілген жерде жоқ болып шықса немесе онда бір немесе бірнеше қылмыскер қарсы кездесе қандай шешім қабылдау, қосымша күшті қалай шақыру қажеттілігі түсіндіріледі. Тәжірибе мұндай көріністер жиі кездеседі. Сондықтан дайындық барысында ұстаудың бірнеше әдістері жасалады және ол алдын ала пысықталып, зерделенеді.

Ұстаудың тактикалық тәсілдері

Ұстаудың тактикалық әдісін ұсталатын жерге орай ажыратуға болады. Сонымен бірге, қылмыскердің алдын ала әзірлік жүргізу арқылы және жағдай талап еткендей, ешқандай дайындықсыз-ақ ұсталатынын естен шығаруға болмайды.

Алдын ала дайындық жүргізу арқылы қылмыскердің ұсталуы мүмкін жерлер:

- √ ашық жерде;
- √ қоғамдық орындарда;
- √ мейрамханада;
- √ мәдениет орындарында;
- √ адам көп жиналатын сәулетті ғимараттарда;
- √ қылмыс жасалған жерде;
- √ жұмыс орнында;
- √ тұрғылықты мекен-жайында.

Қылмыскерді ашық жерде кенеттен ұстаған жеңіл. Өйткені ол құқық қорғау органдарының қызметкерлерін көпшіліктің арасынан айыра алмай қалады. Дегенмен, мұндайда қылмыскердің қарулы қарсылық көрсете отырып, айналадағы адамдардың өміріне қауіп төндіру мүмкіндігін де ескерген жөн. Сондықтан күдіктінің көпшіліктен оқшауланып, жеке шыққан сәтін пайдаланып, кенеттен қолға түсіру керек. Ол үшін кем дегенде үш құқық қорғау қызметкері күдіктіге жақындап, оған ойда жоқта тап береді де, оны қарусыздандырады, ал үшіншісі қаруын әзірлеп, қандай жағдайға болсын дайын тұрады. Өйткені, қылмыскер қарсы қарулы әрекет жасау немесе бойындағы айғақтық заттарды, құжаттарды жоқ қылып жіберуге тырысуы әбден мүмкін. Мұндайда, әрине қылмыстының күш-қайратын алдын ала ескеріп, оған сан жағынан да, айла жағынан да басым күшті жұмылдыру қажет.

Бір топ қылмыстыны ашық жерде ұстау үшін де жеке қылмыстыны ұстағандай әдіс қолданылады, тек одан өзгешелігі әр қылмыскерді ұстауға жедел топтың жеке арнаулы қызметкері бөлінеді. Жедел топтың жетекшісі, мейлінше, ұтымды сәтті күтіп, сол сәт соққанда қимылға

кірісуге бұйрық береді. Оның қарауында кез келген уақытта көмекке ұмтылатын қосымша күш өзін тұрады.

Саябақтағы орманды алаңқайда, орман ішінде, далалық жерлерде қылмыстыны ұстаудың өзіндік ерекшелігі бар. Мұндай жерлерді сүзіп шығуға тура келеді. Ол үшін аталған аумаққа алдын ала оған кіретін жолдардың бәрі анық көрініп тұратындай етіп бақылаушылар қоршай орналас-тырылады. Бұл жер учаскелерге бөлініп, топ мүшелеріне кесіліп беріледі. Бір-бірімен, әсіресе кешкі және түнгі сағаттарда байланысып тұру үшін топ мүшелері арасында құпия хабарласу белгісі белгіленеді.

Аталған жерді сүзіп шығу алдын ала келісілген белгі және бағыт бойынша қатаң тәртіппен басталады. Жедел топтың мүшелері жыра, шұңқыр, сондай-ақ қалың шөп, басқа да жасырынуға ыңғайлы жерлерді сүзіп, қылмыскердің қалдырып кетуі мүмкін іздерін, шындықты ашуға себепші әр түрлі заттарды (темекі тұқылын, шырпы қорабын, бүктеме қағаздарды, т.б.) іздейді. Із кесетін иттердің қимылындағы өзгерістерді қалт жіберуге болмайды. Сондай-ақ құстардың әдеттен тыс мазасыздануына да назар аударған жөн. Оның себебі сол арқылы қылмыскердің қай жерге тығылғанын, қайда бет алғанын болжауға болады. Жерді сүзіп шығатын топтың құрамына сол аймақты жақсы білетін адамдар енгізіледі. Егер тексерілетін учаскелердің бірінен қарсылық байқалса, басқа учаскедегі топтар алдын ала келісілген жоспар бойынша әрекет етуге міндетті.

Қылмыскер көп жағдайда қылмыс жасауға бара жатқан жерінде ұсталады. Мұндайда қылмыс жасау ниетімен бағыт түзеген адамның соңына бақылаушы, қылмыс жасалуы мүмкін жерге қоршау қойылады. Өйткені жедел топтың назарына ілікпеген сырт күштің де қылмысқа араласуы мүмкін. Қоршау, міне осындай әрекеттің алдын алуы тиіс.

Егер ұрланған зат табылып, бірақ оны ұрлаған адам белгісіз болса, қылмыскерді ұстау үшін жаңағы жасырылған бағалы заттың маңына күзет қойылуы мүмкін. Мұндай жағдайда мұны білетін адамдардың мейлінше сақ болға-

ны жақсы. Күзет көбіне ұрланған заттың жасырылған жерін білетін адам анықталғаннан және онымен бұл туралы ешкімге тіс жармауға келіскеннен кейін қойылады. Күзеттің қажеттілігі жойылған кезде, ол алынады.

Парақорлық, мемлекеттің немесе қоғамның мүлкін жымқыру, қызмет бабын өз басына пайдалану сияқты қылмысты жасағандар жеке ұсталады. Айталық, парақорлар пара алып жатқан жерінде, мемлекет және қоғам мүлкін талан-таражға салушылар жымқырған заттарын сол жымқырған жеріне алып шығарда, оны өткізу үстінде тұтқындалады.

Күдікті (айыпталушы) тұрақты немесе уақытша жұмыс орнында кәсіпорын, мекеме басшыларының көмегімен ұсталады. Оларға ұстаудың себептері түсіндіріліп, әдістері белгіленеді. Ұсталатын адам оның барлық әрекеттеріне құқық қорғау қызметкері толық бақылау қойғаннан кейін шақырылады. Әйтпесе, кәсіпорын не мекеме басшысының шақыруы бойынша келудің орнына күдікті (айыпталушы) тергеу орындарынан сытылып кетуге тырысуы мүмкін.

Күдікті (айыпталушыны) әсіресе қарулы қылмыскерді тұрғын үйлерде ұстау күрделі тергеу әрекеті болып табылады. Өйткені жедел топтың мүшелері үй ішіне қылмыскерге байқалмай кіруі керек. Көп жағдайда бұл қиындыққа түседі. Өйткені, қандай белгіге болсын қылмыскер өте сақтықпен қарайды. Қауіп төнген сәттің кез келген уақытында ол ізін жасыруы немесе қажет деп тапса қарулы қарсылыққа өзірленіп үлгеруі мүмкін. Сондықтан басқа жерде ұстауға және уақытты бұдан әрі созуға болмайтын жағдайда ғана оны өзінің немесе таныстарының үйінен ұстауға тура келеді.

Мұндайда, үйге кірместен бұрын жедел топтың мүшелері үйдегі жалпы жағдай, ондағы күдік келтірушілердің жеке басы туралы барлық мәліметпен қайтара толық танысады. Бұл кезде үйде басқа да, оның ішінде қылмысқа қатысты адамдар да болуы мүмкін. Бұған қоса, күдіктінің осы сәтте немен айналысып жатқанын (үйқыда ма, арақ ішіп отыр ма, жай демалып отыр ма, т.б.) да білу қажет.

Әдетте, үй маңындағы белгіленген орынға алдын ала із кесетін иттермен қоса жасырын бақылаушылар қойылып, олар көрінбейтіндей етіп жасырылады. Содан соң жедел топ мүшелері үйге елеусіз жақындайды. Үйге кірерде қылмыскер немесе оның туысқандары күдіктенбеуі үшін көмекке үй басқармасының немесе осы іспеттес басқа мекемелердің қызметкерлерін шақырған жөн. Үйге кіру үшін одан біреудің шығатын немесе кіретін сәтін күту керек. Бұдан әрі құқық қорғау қызметкері алдын ала жасалған, кейін үйге кірер алдындағы жағдайға байланысты пысықталған жоспар бойынша әрекет етеді. Үйге кірісімен, топ мүшелері ең алдымен қылмыскерді қарусыздандыруға ұмтылады, содан соң ұстайды.

Тергеуден қашып жүрген қылмыскер, егер оны көзімен көргендер немесе жөбірленушілер қылмыс жасаушыны тікелей көрсетсе, қылмысын өтеп отырған жерінен қашып жүргендер назарға ілінсе, сондай-ақ ұрлаған заттарын тасып бара жатқан, базарда, сауда кәсіпорындарында, басқа да елді мекендерде сатып жүрген кезінде ол алдын ала әзірліксіз ұсталады.

Аталған жағдайларда, ауыр қылмыс жасағандардың қарулы қарсылық көрсетуі мүмкін екендігін естен шығаруға болмайды. Сондай-ақ, қылмыстың басқа түрін жасағандар да белгілі бір дәрежеде қарсылық көрсетері сөзсіз. Сондықтан қылмыскерді ұстауға әзірленген топ қарсылықтың қандай түріне болсын дайын тұруы керек. Сонымен бірге соңына әлдекімдердің түскенін сезген қылмыскердің ізін жасыруы үшін ешқандай әрекеттен тайынбауы мүмкін.

Құқық қорғау қызметкері қылмыскердің соңына ол жасырынуы мүмкін бағытпен түседі. Ұстау мақсатында қылмыскердің қылмыс жасаған жерден алған көлік құралдары туралы, басқа да мәліметтер пайдаланылады. Қылмыскер уақыт өткізбей, жедел ұсталуы тиіс. Ол үшін ізге түсетін арнаулы топ құрылады. Ол топ жеріңғайын, қосымша құрылыстарды зерттейді, жол бойындағылармен, қарсы кездескен автомашинаның жүргізушілерімен, жолаушылармен сөйлеседі және

жағдайға орай әрекет етеді. Қауіпті қылмыскерді ұстау мақсатында полиция бөлімшесінің немесе ішкі істер бөлімдерінің бастықтары қылмыскер шығып кетуі мүмкін басты-басты жолдарды (теміржол станциялары, әуежайларды, автомобиль жолдарындағы тоқтайтын жерлерді, т.б.) күзету үшін жедел топ жібереді.

Егер ізге түсу кезінде қылмыскердің бір объектіге кіргені туралы хабар келсе, ол объектінің кіретін және шығатын жерлері бақылауға алынады, қажет болса із кесетін иттер келтіріледі. Содан соң құқық қорғау қызметкері жағдайға орай объект ішіне кіріп, қылмыскерді ұстайды. Кейбір кезде көмек шақырылады. Объектіні сырттай бақылау үшін көмекке аула сыпырушылар, күзетшілер, басқа да тиісті адамдар тартылуы мүмкін.

Ұсталған адам сол бойда ұсталған жерінде тінтіледі. Жеке тінту қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес жүргізіледі. Осылайша, ұстауды жүзеге асырған адам ұсталған адамда қару бар деп ұйғаруға негіз болған не өзінің қылмыс жасағандығын айғақтайтын дәлелдемелерден құтылуға тырысқан жағдайларда немесе өзге де қажетті жағдайларда белгіленген ережелерді сақтай отырып, ұсталған адамға дереу жеке тінту жүргізуге құқылы (ҚР ҚІЖК-нің 135-бабы). Сонымен бір мезгілде объект ішіне де тінту жүргізіледі. Мұның бәрі тиісті тәртіппен деректелінеді.

Күдіктіні ашық жерде ұстауға тапсырма алған құқық қорғау қызметкері оның қимылын бақылауға кіріседі, тактикалық қолайлы сәтті күтіп, оны қолға түсіреді. Егер қылмыстылар бірнеше адам болса, құқық қорғау қызметкері телефон арқылы немесе басқа жолдармен көмек шақырады, көмек келгенше бақылауды тоқтатпайды. Егер мұндай көмек көрсетілмесе құқық қорғау қызметкері қалай әрекет ету керектігін өзі шешіп, қылмыскерді ұстауға кіріседі.

Ұсталғандар таяу маңдағы полиция бөлімшелеріне жеткізіледі, онда әр ұстау әрекетіне хаттама толтырылады. Онда қылмыскердің ұсталған уақыты, оны ұстауға себеп болған мән-жайлар, басқа да тиісті деректер көрсетіледі.

Анықтаушы, тергеуші он екі сағаттың ішінде оның от басының көмелетке толған мүшелерінің біреуіне, ал олар болмаған жағдайларда – басқа туыстарына немесе жақын адамдарына сезіктінің ұсталғандығы және оның қай жерде екендігі туралы хабарлауға немесе мұндай хабарлау мүмкіндігін сезіктінің немесе айыпталушының өзіне беруге міндетті.

Егер ұсталған адам басқа мемлекеттің азаматы болып табылса, онда аталған мерзімде ол мемлекеттің елшілігі, консулдығы немесе өзге де өкілдігі хабардар етілуге тиіс деп заңда көрсетілген.

Азаматтардың заңды мүдделерін сақтауға байланысты қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған адамды босату негіздері:

- √ қылмыс жасады деген сезік расталмаған жағдайда;
- √ ұсталған адамға қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануға негіз болмаған жағдайда;

- √ ұстау заң талаптарын бұзу арқылы жүргізілген жағдайда, анықтаушы, тергеуші, прокурор өз қаулыларымен ұсталған адамды босатуға тиіс.

Ұсталу кезінен бастап жетпіс екі сағаттың ішінде сезіктіге қатысты белгіленген тәртіп бойынша қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалуға тиіс немесе ол босатуға жатады.

3.11. Сот сараптамаларын тағайындау және жүргізу тактикасы

Сот сараптамасының түсінігі, мағынасы, түрлері, жіктелімі және жүйесі

Қылмыстық істерді тергеу барысында, сот өндірісінде қылмыстық және азаматтық істерді қарастыру кезінде арнайы таным нысаны ретіндегі сараптаманы пайдаланудың түп-тамыры ежелден келе жатыр. Заң әдебиеттеріндегі «сарапшы» және «сараптама» деген түсініктер латынның «expertus», яғни, «тәжірибелі» деген мағы-

нада көрсетілген. Бұрыннан бері сарапшы деп шиеленіскен мәселелер мен даулы жағдайларды шешу үшін нақтылы саласында біліктілігімен көзге түскен тұлғаларды атаған. Сарапшы туралы дамыған аталмыш көзқарастар нәтижесінде сот және басқа да салаларда сараптама ұғымы қалыптасты, яғни, арнайы білім талап ететін нақтылы ғылым, техника және өнер салаларында зерттеу жүргізе отырып, қажетті мәселелерді шешу.

Жүргізу шарттары мен шешілетін міндеттер сипатына сәйкес сот сараптамасы басқа салаларда қолданылатын сараптамалардан ерекшелігі бар. Сот сараптамасы нақтылы қылмыстық және азаматтық іс бойынша жүргізіліп, қылмысты тергеу үшін қажетті жағдайларды анықтауға бағытталған, сондай-ақ істің сотпен шынайы шешілуіне көп көмек көрсетеді.


Сот сараптамасы арқылы анықталатын жағдайлар шеңбері әр түрлі болып табылады. Оның себебі сот-сараптамалық зерттеу объектілері ретінде қылмыстық және азаматтық іс жүргізу заңдарымен рәсімделген істі дұрыс шешуде мағынасы бар жағдайлар туралы түпнұсқалы мәліметтер жүреді.

Тергеу және сот тәжірибесінде «сот сараптамасы» термині алдымен оқиға болған жерді қарау, тінту, жауап алу тәрізді тергеуші мен сот жүргізетін өз алдына бөлек тергеу әрекеті болып табылады. «Сот сараптамасы» термині көбіне білікті тұлға өткізетін зерттеу ұғымында қолданылады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері мен сараптама тағайындау туралы қаулыдағы сұрақтарға қайтарылған жауап орын алған процессуалдық құжат болып табылатын сарапшы қорытындысы да кейде осындай терминмен аталады.

Сот сараптамасының ұғымы осы терминнің жоғарыда аталған барлық мағынасында біркелкі қарастырылады.

Осылайша, сот сараптамасы дегеніміз ғылыми, техникалық және басқа да арнайы білімдер негізінде білікті тұлғаның заңға сәйкес нақтылы жағдайларды анықтау мақсатында жүргізілген зерттеуі қорытынды түрінде құрастырылған, сондай-ақ қылмыстық не азаматтық істер бойынша дәлелдемелік құрал ретінде жүретін процессуалдық әрекетті айтамыз.

Алдын ала тергеу және соттық тергеуде арнайы білім мен мамандар көмегін пайдалану



Сот сараптамасына дайындық, оны тағайындаудың процессуалдық және ұйымдастырушылық мәселелері.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 240-бабына сәйкес сарапшы арнайы білім-білігіне сүйене отырып іс материалдарын зерттеу нәтижесінде қажетті мағлұматтардың алыну мүмкіндігі пайда болғандықтан, сот сараптамасы тағайындалып жатады. Ал Қазақстан «Сот сараптамасы» туралы Заңының 1-бабында сот сараптамасы істің тергелуі үшін маңызы бар жағдаяттарды белгілеу мақсатында сарапшының қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу және әкімшілік заң қағидаларына сай жүргізілетін зерттеуі нысанында көрсетілген.

ҚР ҚІЖК-нің 242-бабына сәйкес егер сараптама жүргізілмей қылмыстық іс қозғау мүмкін болмаған жағдайларда, қылмыстық іс қозғалғанға дейін сараптама тағайындалып, жүргізіледі.

Сот сараптамасын тағайындауға заңды түрде құзыреті барлар: прокурор, тергеуші, сот немесе анықтама

жүргізуші тұлға, сондай-ақ қорғаушы не айып тағушы жақтардың өтініштері бойынша (ҚР ҚІЖК-нің 197, 242, 354, 429-баптары).

Сот сараптамасын тағайындау негіздері:

- сот сараптамасын міндетті түрде жүргізу жайлы қылмыстық іс жүргізу заңының талабы;
- тергеуші мен анықтама органы қызметкерінің шешімімен;
- процеске қатысушылар ынтасымен;
- қылмыстық істегі тергеу бөлімінің бастығы берген жазбаша нұсқау негізінде;
- соттың берген нұсқауларына сай;
- заңдылықты қадағалайтын прокурор нұсқауларымен.

Бірқатар санаттағы қылмыстық істерді тергеу барысында сот сараптамасын жүргізу өте қажет болады. Оның себебі тергеуші мен сотты қызықтыратын кейбір жағдайлар сот сараптамасын жүргізу арқылы анықталады.

Сот сараптамасын тағайындау туралы шешімді қабылдау барысында ескеретін бір жағдай, істегі ревизия және тексеріс актілерінің, сондай-ақ тергеулік әрекет шеңберінде маманмен жүргізілген алдын ала зерттеу қорытындаларының болуы, осы мәселелер бойынша сот сараптамасын тағайындап-жүргізу мүмкіндігін жоймайды.

Қылмыстарды ізін суытпай ашудың маңызды элементтеріне дер кезінде сараптама тағайындау жатады. Аталмыш қағиданы бұзу қылмысты өшкерелеуді қиындатып қана қоймай, сонымен қатар көптеген дәлелдемелерді жоғалтуға әкеп соқтырады. Іс бойынша қажет болып тұрған жағдайда сараптама жүргізбеудің нәтижесі – қосымша тергеу әрекеттерін жүргізу үшін іс кері қайтарылады. Қайта тергеуге жіберудің негізі ретінде істе сарапшы қорытындысының болмауы немесе жүргізілген зерттеудің толымсыздығы жүреді.

Сот сараптамаларының түрлері

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу Заңы сот сараптамасының мынадай түрлерін қарастырады.

Жеке тұлғалық (единоличная) және комиссиялық сараптама.

Жеке тұлғалық сараптама жеке сарапшымен іске асырылады.

Комиссиялық сараптама – бір мамандықтағы сот сарапшыларының комиссиясы жүргізетін сот сараптамасы. Мысалы, жеке тұлғаның есі дұрыс, дұрыс еместігін анықтау мақсатында сот-психиатриялық сараптамасын жүргізу үшін кем дегенде үш сарапшыдан тұратын комиссия құрылады.

Қосымша және қайталама сараптама.

Қосымша сараптама – алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті дәрежеде анық болмаған, не сот сарапшысы өзінің алдына қойылған мәселелерді толық шешпеген, не алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажет болған жағдайларда жүргізілетін сот сараптамасы.

Қайталама сараптама – алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша сарапшының қорытындысы жеткілікті негізделмеген, не оның дұрыстығы күмән тудыратын, не сараптама жүргізудің іс жүргізу қағидалары елеулі түрде бұзылғанда жүргізілген сот сараптамасы.

Қосымша және қайталама сараптама тағайындау үшін тергеуші және сот келіспеушілікті тудырған негіздерді анықтап көрсету керек.

Кешенді сараптама – егер іс үшін маңызы бар жағдаяттарды анықтау үшін білімнің түрлі салаларының негізінде зерттеу қажет болған жағдайларда, әртүрлі мамандықтағы сот сарапшылары өз құзыретінде жүргізетін сараптама.

Кешенді сараптама қорытындысында әрбір сарапшы жүргізген зерттеу нәтижелері және қандай шешімге келгендігі көрсетіледі. Әрбір сарапшы жүргізген зерттеудің нәтижесінде ортақ бір қорытынды жасалынады.

Қазақстан Республикасындағы сот сараптамасы мемлекеттік органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот сараптамасын сот сараптамасы қызметкерлерімен қатар

жоғары білімі және сот сараптамасының белгілі бір түрі саласында арнаулы ғылыми білігі бар тұлға жүргізе алады. Сот-сараптамалық қызметпен жеке тұлғалар айналысу үшін заңды түрде олардың қызметі лицензиялану керек (ҚР Сот сараптамасы туралы Заңының 17-бабы және ҚР Үкіметінің №1021 Қаулысы. 9-қазан 1998ж).

Сот сараптамалары көбіне мемлекеттік сараптамалық мекемелерде жүргізіледі. Онда:

- тиісті жабдықтармен қамтамасыз етілген (қазіргі заман талабына сай);
- сараптама кадрларының дайындығы ұйымдастырылған, зерттеулер сапасы бақыланады;
- кешенді және комиссиялық сараптамалар жүргізу мүмкіндігі бар;
- ғылыми әдістемелерді жетілдіру және жаңа түрлерін дамыту.

Сот сараптамасы органдарында сараптамалар өткізу тергеу және сот жұмысын едәуір жеңілдетіп, сарапшыларды таңдау және олардың мүдделігін тексеруге жол ашады.

ҚР Сот сараптамасы туралы Заңына сәйкес қазіргі кезде мынадай сот-сараптамалық органдар бар.

1.Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері.

Аталмыш органдарда қылмыстық және азаматтық істер бойынша сот сараптамалары жүргізіледі. Ең басты сараптама органы болып Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы Орталығы саналады. Онда ғылыми жұмыстар мен жаңа әдістемелер жасалынады, сондай-ақ қолданыстағы барлық сараптамалар түрлері жүргізіледі, оның ішінде криминалистикалық (жазутану, құжаттардың техникалық сараптама-сы, фототехникалық, трасологиялық, фоноскопиялық, баллистикалық); биологиялық, КЭМВИ, экономикалық, инженерлік-техникалық және т.б.

Сот сараптамасы Орталығының жергілікті жерлердегі органдарына сот сараптамасының аумақтық ғылыми-өндірістік лабораториялары жатады.

2. Денсаулық сақтау министрлігінің Сот медицинасы орталығы мен оның аумақтық бөлімшелері.

– сот-медициналық сараптамалар және мәйіттерді зерттеуден өткізу (күштеп өлтіру, себебі, өлім мерзімі);

– куәландыру әрекеттері;

– биологиялық тегі бар дәлелдемелердің сот-медициналық сараптамасы;

– физикалық-техникалық сараптамалар (адам денесіндегі зақымдарға байланысты реконструкция, баллистикалық, трасологиялық және т.б.).

Сот-психиатриялық сараптамалар көбіне стационар түрінде сот-психиатриялық бөлімшелер мен палаталарда өткізіледі.

3. Қазақстан Республикасының заңдарымен қылмыстық қудалау функциясы жүктелген мемлекеттік органдардың бөлімшелерінен басқа, функциясына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот сараптамасын жүргізу жатқызылған мемлекеттік органдардың мамандандырылған бөлімшелері енетін сот сараптамасы мемлекеттік органдарының жүйесі жүзеге асырады.

Сот сараптамасының жіктемесі

Тергеуші немесе сот нақтылы іс бойынша сараптама тағайындамас бұрын, осы сарапшы құзыретіне сәйкес сот сараптамасын дұрыс жіктей білу керек.

Сот сараптамасын жіктеу саласында көптеген ғалым-криминалистер өз көзқарастарын ортаға салған. Солардың ішінде А.Р.Шляхов, Ю.Г.Корухов, Е.Р.Россинская, С.Ф.Бычкова, А.Ф.Аубакиров, К.Н.Шакиров және т.б.

Осы ой-пікірлерді түйіндей келе, әр түрлі негіздерге сәйкес бөлінетін сот сараптамасының мынадай жіктемесін ұсынуға болады.

1) Қолданыстағы криминалистикалық сараптамалар:

• сот-трасологиялық сараптама;

• сот-фототехникалық;

• сот-қолтаңба танушылық;

- сот-авторды анықтаушылық;
 - құжаттардың техникалық-криминалистикалық сараптамасы;
 - сот-портреттік;
 - сот-баллистикалық;
 - суық қару сараптамасы;
 - сот-фоноскопиялық.
- 2) Заттар мен материалдардың сот сараптамасы:
- боялған беткейлер мен материалдардың;
 - талшық тектес объектілердің;
 - мұнай өнімдері мен жанар-жағар май материалдарының;
 - шыны, фарфор, фаянс, керамика және осылардан жасалған өнімдердің;
 - полимер материалдар және осылардан жасалған өнімдердің;
 - есірткі заттар мен қатты өсер ететін нәрселердің;
 - парфюмерлік-косметикалық өнімдердің.
- 3) Инженерлік-техникалық сот сараптамалары:
- сот автотехникалық;
 - сот өрт-техникалық;
 - сот электрлік-техникалық;
 - сот жарылыс-техникалық;
 - сот құрылыстық-техникалық;
 - сот инженерлік-технологиялық;
 - сот компьютерлік-техникалық.
- 4) Ас өнімдері мен сусындардың сот сараптамалары.
- 5) Жер қыртысын танушылық сот сараптамасы.
- 6) Сот биологиялық сараптамалар:
- сот-ботаникалық;
 - сот-зоологиялық.
- 7) Сот-медициналық сараптамалар:
- тірі адамдардың сот-медициналық сараптамасы;
 - мәйіттердің сот-медициналық сараптамасы;
 - заттық дәлелдемелердің (адам қаны, шашы, бөлінділері, сүйегі, тіндері) сот-медициналық сараптамасы.
- 8) Сот-психиатриялық сараптамасы.
- 9) Сот-экономикалық сараптамалар:

- сот-бухгалтерлік;
- сот тауар танушылық;
- сот жоспарлық-экономикалық;
- сот қаржылық-экономикалық.

10) Сот-экологиялық сараптамасы.

Мөлшері бойынша: негізгі және қосымша.

Қолданылатын білім құрамы бойынша: біртектес, кешенді.

Жүргізу орны бойынша: сот сараптамасы органында және бұл органнан тыс жерде.

Сарапшылар саны бойынша: жеке тұлғалық, комиссиялық.

Реті бойынша: бастапқы, қайталама.

Сот сараптамаларын тағайындап-жүргізуге байланысты мәселелерді шешу үшін тергеуші мен сотқа тек білім салаларындағы сараптама түрлерін біліп қана қоймай, сонымен қатар сараптамалық зерттеу сатыларын да білген дұрыс. Бұл сарапшы жүргізетін зерттеудің дәлелдемелік маңыздылығының нақтылы дәрежесі болып саналады. Мұндай белгі бойынша сараптамалық зерттеулерді төмендегідей бөлуге болады:

- идентификациялық;
- диагностикалық;
- классификациялық;
- ситуациялық.

Сот сараптамасының объектілері

Заттық дәлелдемелер (тергеу әрекеттерін жүргізу барысында табылып, алынған және тиісті түрде процесуалдық құжаттарда бекітілген).

Қылмыстық немесе азаматтық істерде маңызы болатын мағлұматтар орын алған құжаттар (түсініктемелер, ревизия актілері, компьютерлік ақпарат шоғырланған материалдар, бейне, фото жазбалар және т.б.).

Адам денесі және оның психикалық қалпы.

Жануарлар.

Адам мен жануарлардың өліктері.

Сараптамалық зерттеуге қажетті үлгілер.

Қылмыстық іс материалдарында болатын сараптама затына қатысты мәліметтер (оқиға болған жерді қарау, куәландыру, тергеу экспериментінің хаттамалары).

Аталмыш объектілердің шынайылығы мен толықтығын сот сараптамасын тағайындап отырған орган немесе тұлға қамтамасыз етеді.

Сараптамаға жіберілген объектілер буып-түйілген және тиісті жазулармен расталған болу керек.

Сараптамалық зерттеу объектілерімен жұмыс жасау, оларды сақтау және заттық дәлелдемелерді жою заңға сәйкес орындалуға тиіс.

Сот сараптамасын тағайындау

Сот сараптамасын тағайындау төмендегідей элементтерден тұрады:

- сараптамалық зерттеу объектілерін әзірлеу;
- сарапшы немесе сараптама мекемесін таңдау;
- сараптама тағайындау жайлы дәлелді қаулы шығару, онымен айыпталушыны таныстыру, өтінішін қанағаттандыру;
- қаулыны орындау, яғни, аталмыш қаулыны зерттеу объектілермен бірге сарапшыға немесе сараптама мекемесіне жіберу.

Қажет болған жағдайда сарапшыға сараптама затына қатысты қылмыстық істің материалдары да жіберілуі мүмкін.

Осылайша, сот сараптамасын жүргізуге процессуалдық негізі ретінде сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы жүреді (ҚР ҚІЖК-нің 240-бабы). Тәжірибеде қаулының құрылымы үш бөліктен тұрады: кіріспелік, суреттемелік және қарар шығарушылық.

Кіріспелік бөлігінде қаулы шығарған күн және орын, оны құрастырған тұлға, қылмыстық істің нөмірі, анықталған айыпталушының аты-жөні, оның ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылған баптары орын алады.

Суреттемелік бөлігінде қысқаша түрде қылмыстық

істің мазмұны және арнайы білім қажет еткен жағдай, сондай-ақ ҚР ҚІЖК-нің қай бабына сәйкес сараптама тағайындалғандығы көрсетіледі.

Қарар шығарушылық бөлігінде сот сараптамасының түрі мен тобы, сараптама жүргізу жүктелген сарапшы немесе сот-сараптамалық мекеме, сараптамаға жіберілетін материалдардың тізімі, сарапшының шешуіне жататын сұрақтар құрастырылады.

Сарапшыға дұрыс сұрақтар қоюдың маңызы өте зор. Олар нақты, анық, дәл және әр түрлі түсінік беруді болдырмайтындай қойылу керек. Қойылатын сұрақтар сарапшы құзыретінде болған жөн. Сараптаманың шешуіне күқықтық тұрғыдағы сұрақтар қоюға болмайды, мысалы қылмыстың құрамы, тұлғаның кінәсі туралы. Сұрақтарды құрастыру кезінде тергеуші немесе сот тиісті саладағы сарапшы немесе маманнан кеңес алуларына болады.

Сараптамаға жіберілетін материалдар:

- сараптамалық зерттеу объектілері;
- салыстырмалық зерттеулер жүргізуге қажетті үлгілер;
- процессуалдық құжаттар – қылмыстық іс материалдары (тергеу әрекеттерінің хаттамалары және зерттеу жүргізу, қорытынды беру үшін сарапшыға қажет басқа да құжаттар).

Салыстырмалық зерттеулер жүргізуге қажетті үлгілер алудың түсінігі, түрлері және реті

Уақыты мен пайда болу шарттарына қарай салыстырмалық зерттеулер жүргізуге қажетті үлгілерді үш топқа бөлуге болады:

– **ерікті үлгілер** дегеніміз қылмыстық іс қозғалғанға дейін және оған байланысты емес жағдайда пайда болған материалдық объектілер; мұндай үлгілер әдетте қарау, алу және тінту кезінде алынады;

– **шартты түрде ерікті үлгілер** дегеніміз қылмыстық іс қозғалғаннан кейін, бірақ оған байланысты емес жағ-

дайда пайда болған материалдық объектілер (мысалы, айыпталушының тергеу әрекеттерінің хаттамасында қойған қолы);

– **эксперименталдық үлгілер** дегеніміз қылмыстық іс қозғалғаннан кейін сараптамаға материалдарды дайындауға байланысты тергеушімен алынатын материалдық объектілер.

Салыстырмалық зерттеулер жүргізуге қажетті үлгілерді алу дегеніміз идентификациялау және белгілі бір тобын анықтау мақсатында заттық дәлелдемелермен салыстыруға қажетті сезікті, айыпталушы, куә, жөбірленушілер ағзасының өмір сүру қызметінің өнімдерін алуға бағытталған өз алдына бөлек процессуалдық әрекет.

Сезікті немесе айыпталушы қажет болған жағдайда сараптама тағайындаған тергеушіге сараптамалық зерттеуге қажет үлгілерді әкеп беруге міндетті (мысалы, саусақ көшірмелерін, шаш, қан, қол таңба көшірмелерін). Әкеп беруден бас тартқан жағдайларда үлгілер күштеп алынады (сипаты бойынша күштеп алуға жата- тындарды).

Салыстырмалық зерттеулер жүргізуге қажетті үлгілер куә немесе жөбірленушіден де алынуы мүмкін, бірақ оқиға болған жерде немесе заттық дәлелдемелерде олардың іздері қалып қойған жоқ па, тек осыны тексеру үшін ғана.

Эксперименталдық үлгілер алудың тактикалық шарттары:

– үлгілер құзыреті бар тұлғамен және заңда көрсетілген тәртіп бойынша алынады;

– үлгілердің нақты объектіден шын мәнінде пайда болуын қамтамасыз ету;

– қажетті сападағы үлгілер алу;

– үлгілердің қажетті санын алу.

Үлгілердің қажетті сапасын қамтамасыз ететін шарттар:

– салыстырушылық (үлгі белгілері зерттеудегі объектінің белгілеріне сәйкес болу керек);

– толықтылық (үлгілерде идентификациялауға жататын объектілердің белгілерін дәлдікпен көрсете алатындай қасиеттердің болуы);

– өзгермеушілік (үлгілердің біршама уақытта идентификациялық белгілерін сақтай білуі).

Салыстырмалық зерттеулер жүргізуге қажетті үлгілерді алу барысы мен нәтижелері хаттамада бекітіледі. Оның ішінде жалпы деректемелермен қатар, үлгілерді алуға негіз, олардың саны, қай жерде және нақты кімнен үлгілер алынған, оларды алу шарттары, алуда пайдаланылған техникалық құралдар жайлы мәліметтер орын алады.

Кейбір жағдайларда жоғарыда аталған әрекетті бекіту төсілі ретінде фотоға түсіру немесе бейнетаспаға жазу қолданылады.

Сараптамалық зерттеу процесі

Сараптамалық зерттеу процесі бірнеше сатылардан тұрады:

- объектілерді алдын ала зерттеу;
- жеке-жеке зерттеу;
- салыстырмалық зерттеу;
- зерттеу нәтижелеріне баға беру;
- сарапшы қорытындысын құрастыру.

Алдын ала зерттеу сатысында сарапшы сараптама тарайындау туралы қаулымен танысады, объектілерді алдын ала қараудан өткізеді, олардың жарамдылығы мен қойылған сұрақтарды шешуге жеткідіктілігін анықтайды, зерттеудің жоспарын белгілейді.

Жеке-жеке зерттеу процесінде сараптаманың әрбір объектісі зерттеледі, олардың жалпы және жеке белгілері мен қасиеттері анықталып, талдаудан өткізіледі, қажет болса сараптамалық эксперименттер жүргізіледі.

Келесі сатыда салыстырмалы объектілер белгілерінің айырмашылығы мен сәйкестілігін анықтау мақсатында салыстырмалық зерттеулер жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелеріне баға беру сатысында салыстырмалық зерттеудің нәтижесі көрсетіледі және тиісті қорытынды құрастырылады.

Сот сараптамасын жүргізу процесі сарапшының қорытындысы мен қажетті қосымшалар (фотокесте, сұлба, чертеж және басқалар) құрастырумен аяқталады.

Сарапшы қорытындысы кіріспе және зерттеулік бөлімнен, сондай-ақ қорытындыдан тұрады.

Кіріспе бөлімінде сарапшы, оның сараптамалық біліктілігі, еңбек өтілі, сараптама мекемесінің атауы, сараптама түрі мен тобы, сараптама тағайындаған тұлға, сараптама тағайындауға негіз, істің жағдайын қысқаша суреттеу және сараптаманың шешуіне шығарылған сұрақтар жайлы мәліметтер орын алады.

Зерттеулік бөлімінде сараптамаға ұсынылған объектілер сипатталады, әдістемесі суреттеле отырып зерттеу процесі баяндалады, айқындалған белгілерге ғылыми түсінік беріледі.

Ақырғы бөлімінде сарапшы алдында қойылған сұрақтарға жауап түріндегі қорытынды баяндалады. Қандай да бір сұрақты шешу мүмкіндігі болмаса, сарапшы қорытындының бұл бөлімінде бас тарту себебін негіздеп береді.

Сарапшы қорытындысы үзілді-кесілді (дұрыс және теріс) және ықтималдық (жорамалды) түрде бола алады.

Сарапшының үзілді-кесілді қорытындысы дәлелдеменің түпнұсқасы ретінде жүреді, ал ондағы фактілік мәліметтер қылмыстық істегі дәлелдемелер ретінде қарастырылады. Ықтималдық қорытынды дәлелдеме түпнұсқасы бола алмайды, ал анықталған және көрсетілген ондағы мәліметтер криминалистикалық болжамдарды құру және тексеру үшін бағдарламалық ақпарат ретінде пайдаланылады.

Егер сот сараптамасын жүргізу кезінде анықталған іске маңызы бар фактілер жөнінде қаулыда сұрақтар қойылмаса, сарапшы ол фактілер туралы қорытындыда көрсетуге құқылы.

Сараптама затына қатысы бар тергеу әрекетін жүргізу кезінде, сарапшы тергеушінің рұқсатымен қатыса алады.

Сарапшының қорытындысына баға беру

Басқа дәлелдемелер түпнұсқаларының алдында сарапшы қорытындысының артықшылығы жоқ және сот немесе тергеу үшін міндетті емес. Ол қылмыстық іс бойынша жиналған басқа да дәлелдемелермен бірге бағаланады.

Сарапшының қорытындысына баға беруге енетіндер:

- процессуалдық талаптарды орындауды тексеру (сараптама қарсылық білдірілген тұлғамен немесе қорытынды беруден бас тартқан, не біле тұра жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертілмеген сарапшымен жүргізілген бе; сараптама жүргізу кезінде процеске қатысушылар құқығы, салыстырмалы зерттеу үшін үлгілер алу реті, қорытындының процессуалдық нысаны бұзылды ма; алдына қойылған міндеттерді шешуде сарапшы құзыреті бар ма);

- зерттеу объектілерінің дұрыстығына және жеткіліктілігіне, қолданылған сараптамалық әдістемелердің ғылыми негізділігіне, зерттеудің жан-жақтылығы мен толымдылығына баға беру;

- сарапшы қорытындысына анықтылық көзқарастан, қойылған сұрақтарға сәйкестілігі және іс бойынша басқа да дәлелдемелердің салыстырмалы болу жағынан баға беру.

Сараптамалық қорытындының толымсыздығын және анық еместігін сарапшыдан жауап алу және қосымша сараптама тағайындау арқылы түзеуге болады. Қорытындыға негативтік баға берілсе, қайталама сараптама тағайындалады.

IV ТАРАУ ҚЫЛМЫСТЫҢ ЖЕКЕ ТҮРІН ТЕРГЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

4.1. Криминалистикалық әдістеменің жалпы қағидалары

Криминалистикалық әдістеме немесе нақтылы қылмыс түрлерін тергеу және алдын алу әдістемесі – криминалистиканың ақырғы тарауы болып саналады.

Криминалистикалық әдістеме (нақтылы қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі) дегеніміз ғылыми ережелер жүйесін және соған негізделе отырып ұрлық, тонау, кісі өлтіру, адам ұрлау және т.б. нақтылы қылмыс топтарын тергеп алдын алу үшін жасалған әдістемелік нұсқауларды көрсететін криминалистиканың тарауы. Аталмыш тарау криминалистикалық техника және тактика қағидаларын нақтылы қылмыстарды тергеу міндеттері мен жағдайларына қатысты біріктіреді. Криминалистикалық әдістеме негізделетін ғылыми қағидалар жүйесіне қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы; қылмыстарды тергеуді ұйымдастырудың жалпы қағидалары; қылмыстарды тергеп алдын алу әдістемесін құру қағидалары енеді.

Криминалистикалық әдістеме негізінде «әрбір қылмыс жеке даралық тек өзіне ғана тән қасиеттерге иеленген» деген қағида жатыр; алайда дәл осы даралық қасиеттер біртектес қылмыстардың жалпы белгілерінің бар екендігіне жорамалдап, соның арқасында осы қылмыстарды тергеудің жалпы ерекшеліктеріне жетелейді.

Криминалистикалық әдістеме міндеттері:

- 1) жалпы міндет – қылмысты ашып-тергеуде және алдын алуда құқық қорғау қызметкерлеріне көмек көрсету;
- 2) арнайы міндеттер:

- нақтылы қылмыс түрлерінің ерекшеліктерін криминалистикалық аспектіде зерттеу;
- нақтылы қылмыстардың алдын алу және ашып-тергеудегі алдыңғы қатарлы тәжірибені талдау және жинақтау;
- нақтылы қылмыстардың алдын алу және ашып-тергеуді ұйымдастыру және іске асыруға қатысты ғылыми негізделген нұсқауларды дайындау.

Криминалистикалық әдістеме түпнұсқалары:

1) құқық (заң) – Қазақстан Республикасының Конституциясы, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстері (қылмыс құрамының белгілерін тағайындайтын олардың нормалары, қылмыстық іс бойынша дәлелдеу заты мен шегі және т.б.);

2) ғылым – криминалистиканың өзі, қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, криминология, сот психологиясы, сот медицинасы және тағы да басқа ғылымдар, сондай-ақ көптеген техникалық және жаратылыстану ғылымдары;

3) қылмыстардың алдын алу және ашып-тергеудегі алдыңғы қатарлы тәжірибе.

Криминалистикалық әдістеме қағидалары (аталмыш тарауға қойылатын негізгі жалпы талаптар):

1) қылмысты тергеуде заңдылықты сақтау;

2) әдістемелік нұсқаулардың нақтылығы;

3) жеке криминалистикалық әдістеме құрылымында кезеңдердің болуы;

4) тергеудің типтік жағдайын ескере отырып дайындалған әдістемелік нұсқаулардың көп нұсқалылығы;

5) жеке криминалистикалық әдістеменің құрылымдық бірлігі (нақтылы түрге, санаттарға қатысты);

6) қылмыстық процеске қатысушылар және басқа да тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

7) тиісті қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасы негізінде жеке криминалистикалық әдістемелер құру.

Криминалистикалық әдістеме жүйесі

Криминалистикалық әдістеме жүйесінде екі негізгі бөлімді ажыратуға болады:

1) криминалистикалық әдістеменің жалпы қағидалары;

2) нақтылы қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі (жеке криминалистикалық әдістемелер).

Криминалистикалық әдістеменің жалпы қағидалары – криминалистиканың осы тарауының теориялық негіздері, оның негіз қалаушы бастамасы барлық жеке криминалистикалық әдістемелерге теориялық база бола алады. Оның элементтері:

- криминалистика ғылымының тарауы ретіндегі криминалистикалық әдістеменің түсінігі, мәні және жүйесі;

- криминалистикалық әдістеменің пайда болу және даму тарихы, оның түпнұсқалары;

- криминалистикалық әдістеменің міндеттері мен қағидалары (принциптері);

- жеке криминалистикалық әдістемелердің түсінігі, жіктемесі (классификациясы) және құрылымы.

Жеке криминалистикалық әдістемелер дегеніміз нақтылы қылмыс түрлерін, топтарын және санаттарын (категорий) тергеу, ашу және алдын алуды ұйымдастыру және іске асыруға қатысты тәжірибелік нұсқаулар мен ғылыми қағидалар жиынтығы.

Қарапайым сөзбен айтқанда, жеке криминалистикалық әдістемелер көпшілік қылмыс түрлерін тергеуге төн жалпы, типті мәселелерді жинақтауға бағытталған қағидалар мен нұсқаулардың тиштелген жүйесі болып саналады.

Жеке криминалистикалық әдістемелердің жіктемесі

Жеке криминалистикалық әдістемелердің жіктемесі әр түрлі негіздерге сай жүргізіледі.

1) Қылмыстық-құқықтық санат бойынша – қылмыс түрлері бойынша кісі өлтіруді, зорлауды, ұрлықты, тонауды, шабуыл жасап тонауды, парақорлықты, алаяқтықты және т.б. тергеу әдістемесі ажыратылады, яғни, қылмыстық кодекстің ерекше бөліміндегі нормалармен көрсетілген құрамдар.

2) Қылмыс субъектілері бойынша жасы толмағандармен, баукеспелермен (рецидивистермен), сотталғандармен, шетелдіктермен, есі ауысқандармен жасалған қылмыстарды тергеу әдістемесі.

3) Қылмысты жасау уақыты бойынша ізін суытпай және бұрынғы жылдарда жасалған қылмыстарды тергеу әдістемесі.

4) Қылмысты жасау орны мен шарттарына байланысты қылмыстарды тергеу әдістемесі: көлікте, курорт және туризм орындарында, экстремалдық климат жағдайларында немесе өндіріс өңірлерінде, ауылды жерлерде, қалада.

5) Жәбірленушінің жеке басына қарай қылмыстарды тергеу әдістемесі: шетелдіктерге қарсы, есі ауысқандарға қатысты.

6) Құрамдары қылмыстық кодекспен қамтылған қылмыс түрлерінің саны бойынша қылмыстың бір түрін (мысалы, кісі өлтіру) тергеудің нақты әдістемесін және бір немесе бірнеше біртектес қылмыс түрлерін (мысалы, тонау және шабуыл жасап тонау) тергеудің кешенді не жинақталған әдістемесін ажыратады.

7) Көлемі бойынша – қылмысты тергеудің барлық процесіне, яғни, оның алғашқы және келесі кезеңдеріне бағытталған, толық әдістеме және тергеудің қандай да бір кезеңіне (мысалы, алғашқы кезеңіне) бағытталған қысқартылған әдістеме.

Жеке криминалистикалық әдістемелерді дайындау нысаны – монографиялар, диссертациялар, оқулықтар, тәжірибелік, әдістемелік және оқулық құралдар.

Жеке криминалистикалық әдістеме құрылымы

Жеке криминалистикалық әдістеме құрылымы қамтитын мәселелер:

1) нақты қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасы және анықтауға жататын жағдайлар;

2) қылмыстық істі қозғау ерекшеліктері және тергеудің алғашқы және келесі кезеңдерін жоспарлау;

3) алғашқы және келесі тергеу әрекеттерінің ерекшеліктері;

4) тергеушінің жедел іздестіру және құқық қорғау органдарының басқа да қызметкерлерімен өзара әрекеттесу ерекшеліктері;

5) жұртшылық және ақпарат құралдарының көмегін пайдалану ерекшеліктері.

4.2. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы

Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы дегеніміз нақтылы қылмыстық әрекетті (қылмыс түрі немесе тобы) ғылыми талдаудан өткізу нәтижесі, оның белгілері мен ерекшеліктерінің жинағы. Мұндай абстрактілі ғылыми түсінік өзіне түпнұсқалы ақпарат сипаттамасын; қылмысты жасау және жасыру туралы мәліметтер жүйесін; анықтауға жататын жағдайлар ерекшелігін; қылмыскер болады-ау деген тұлға сипатын; нақтылы қылмысқа тән жағдайларды суреттеуді жинақтаған. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының аса ізденістік, бағдарламалық мағынасы бар.

Құрамды элементтері ретінде криминалистикалық сипаттамаға енетін мәліметтер:

- қылмыстық қол сұғушылық заты туралы;
- қылмыстың нақты түрін жасау және жасырудың типтік (әдеттегі) тәсілдері және осы тәсілдерді қолдану нәтижесінде қалған әдеттегі іздері туралы;
- «әдеттегі» қылмыскер тұлғасы туралы;
- «әдеттегі» жәбірленуші тұлғасы туралы;
- қылмыстың әдеттегі жағдайлары туралы (орны, уақыты, жағдайы);
- осындай қылмыстарды жасауға итермелеген әдеттегі (типтік) жағдайлар туралы.

Криминалистикалық сипаттаманың тәжірибелік мағынасы – нақты қылмыстың бөлек элементтері туралы

мәліметтер тергеушіге қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасын білу негізінде қылмыстың белгісіз элементтерін анықтауға мүмкіндік беру. Сонымен қатар нақты қылмыс түрінің криминалистикалық сипаттамасы негізінде тергеуші дәлденген типтік болжам шығара алады.

Анықтауға жататын жағдайлар

Қылмыстық істердің бөлек санаттары бойынша анықтауға жататын жағдайлар қылмыстық кодекстегі қылмыс құрамын суреттеу негізінде анықталады, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу ғылымының қағидалары, дәлелдеу заты мен шегі арқылы айқындалады. Мұндай жағдайларға енетін:

- қылмыс оқиғасы (уақыты, тәсілі, орны мен қылмыстың басқа да жағдайлары);
- қылмыс жасаудағы айыпталушының кінәсі және қылмыс жасау ниеті;
- айыпталушы жауаптылығының сипаты мен дәрежесіне әсер ететін жағдайлар, сондай-ақ оның жеке басын сипаттайтын басқа да жағдайлар;
- қылмысты жасауға және жасыруға себеп болған жағдайлар;
- қылмыс нәтижесінде келген зардап мөлшері мен сипаты.

Қылмыстық істі қозғау және қылмысты тергеуді жоспарлау ерекшеліктері

Қылмыстық істі қозғау және қылмысты тергеуді жоспарлау ерекшеліктеріне тергеудің әрбір кезеңіндегі әдеттегі (типтік) тергеулік болжамдар мен типтік тергеулік жағдайларды есепке ала отырып тергеу әрекеттерін, жедел іздестірушілік және басқа да шараларды тиімді жүргізу ретін анықтау жатады.

Тергеудің алғашқы кезеңіндегі типтік тергеулік жағдайлар:

- 1) қылмыскердің жеке басы анықталмаған;
- 2) қылмыскер қылмыс үстінде ұсталған;
- 3) қылмыстық іс жедел іздестірушілік шаралар кезінде анықталған мәліметтер бойынша қозғалғанда;
- 4) кінәсін мойындап келген жағдай;
- 5) қылмыстық іс ресми материалдар бойынша (мысалы, ревизия деректері бойынша) қозғалғанда.

Алғашқы және келесі тергеу әрекеттері

Қылмысты тергеу процесін кезеңдерге бөлу (қылмыстық іс қозғау, алғашқы, келесі және соңғы кезеңдер) арқылы тергеу әрекеттерін жүргізу реті мен оларды алғашқы және келесіге бөлу мәселелері алдын ала анықталады.

Алғашқы тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы тергеудің алғашқы кезеңінің төмендегідей міндеттері шешіледі:

- қылмыс оқиғасы жайлы жалпы болжамдарды тексеру;
- зерттеуге жататын деректерді (фактілерді) түсініп алу;
- қандай да бір себептерге сай жоғалып кетуі мүмкін дәлелдемелерді жинау және бекіту;
- сезіктіні іздеу және ұстауға қатысты шараларды қабылдау;
- қылмыстан келген материалдық зиянның орнын толтыру шараларын қабылдау.

Тергеудің келесі кезеңінде жүргізілетін келесі тергеу әрекеттері іс бойынша дәлелдемелерді әрі қарай жинауға, зерттеуге, тексеруге және жиналғандарға баға беруге бағытталған.

Тергеушінің анықтау органымен, басқа да қызмет және құқық қорғау органдары қызметкерлерімен өзара әрекеттесуі

Тергеушінің анықтау органымен, басқа да қызмет және құқық қорғау органдары қызметкерлерімен өзара

әрекеттесуі дегеніміз тергеушінің басқарушы рөлі мен субъектілердің өзара әрекеттесу құзыретін қатаң сақтай отырып қылмыстарды тергеуге қатысатын құзыретті органдардың бірлескен мақсатты қызметі.

Өзара әрекеттесу қағидалары (принциптері):

– бірлескен қызметтің заңдылық талаптарына сәйкес келуі;

– өзара әрекеттесу субъектілерінің құзыреттерін қатаң сақтау;

– өзара әрекеттесудің жоспарлы болуы және оның тергеудің барлық кезеңдерінде іске асырылуы.

Өзара әрекеттесу субъектілері ретінде алдын ала тергеу және анықтау органдары, басқа да құқық қорғау органдары – прокуратура, ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, қаржы полициясы, кеден қызметі, Қазақстандағы Интерполдың орталық бюросы жүреді.

Сонымен қатар мұндай субъектілерге арнайы субъектілер де (мысалы, жол полициясы және өрт сөндіру қызметкерлері) жатады.

Өзара әрекеттесу нысандары: процессуалдық және процессуалдық емес (ұйымдастырушылық немесе ұйымдастырушылық-тактикалық).

Өзара әрекеттесудің процессуалдық нысаны өзіне бірлескен қызметтің төмендегідей түрлерін қамтиды:

– тергеулік және іздестірушілік әрекеттерді жүргізу туралы нұсқаулар мен тапсырмаларды анықтау органымен орындау;

– бөлек тергеу әрекеттерін жүргізуде анықтаушы органмен тергеушіге көмек көрсету;

– тергеу әрекеттерін жүргізуде маманның қатысуы;

– тергеуші тапсырмасымен сарапшының сот сараптамасын жүргізу.

Өзара әрекеттесудің процессуалдық емес нысаны өзіне бірлескен қызметтің түрлері:

– тергеуді толық немесе бөлек тергеу әрекетін бірлесіп отырып жоспарлау;

– тергеулік-жедел іздестірушілік топты құру және онда жұмыс жасау;

- өзара әрекеттесу субъектілерімен алынатын ақпаратпен жүйелі түрде алмасу;
- қылмыстық іс бойынша жүргізілген жұмыс барысы мен нәтижелерін бірлесе отырып талқылау.

Қылмысты тергеуде жұртшылықтың қатысуы

Қылмысты тергеуде жұртшылықты қатыстырудың негізгі бағыттарына қылмысты әшкерелеу және оны жасаған тұлғаға іздеу салу, сондай-ақ қылмыстың жасалуына итермелеген себеп пен жағдайларды анықтау.

Тәжірибеде қылмысты тергеуде жұртшылықты қатыстырудың төмендегідей құралдары кеңінен қолданылады:

- жұртшылықты тергеудегі қылмысты әшкерелеуге қатысты мәлім болған деректермен бөлісуге шақыру мақсатында олардың алдында сөз сөйлеу;
- іс бойынша көмек көрсету жайлы радио, теледидар, баспасөз арқылы өтінішпен сөз сөйлеу;
- теледидар арқылы іздеу салынғандардың фотосуретін немесе субъективтік портреттерін көрсету, іздеудегі адамдардың бет әлпеті белгілері бар хабарламаларды ілу.

Қылмысты тергеуде жұртшылықты қатыстыру кезінде тергеуші мынадай принциптерді басшылыққа алу керек:

- қылмысты тергеуде жұртшылықтың қатысуы өз еркімен болу керек;
- тергеушімен алдын ала тергеу құпиялығын сақтауды қамтамасыз ету;
- қылмысты тергеуде ат салысып жүрген жұртшылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- қылмысты тергеуде ат салысып жүрген жұртшылықтың өз еркімен тергеу әрекеттерін жүргізе алмайтындығы.

Жоғарыда қарастырылған жалпы қағидаларды жеке криминалистикалық әдістеме шеңберінде, яғни, бөлек қылмыс түрлерін тергеу әдістемесінде пайдалануға болады.

4.3. Жеке адамға қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі

Кісі өлтірудің криминалистикалық сипаттамасы.

Анықтауға жататын жағдайлар

Кісі өлтіру ауыр қылмыстар қатарына жатады және қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Оның ішінде кәсіпшіл қылмыскерлермен жасалынатын тапсырыс бойынша («заказ» арқылы) кісі өлтіруді ерекше атап өтуге болады. Кейінгі жылдары кісі өлтірудің саны көбейіп, ал олардың барлығы әшкерелене бермейді.

Кісі өлтірудің криминалистикалық сипаттамасының негізгі элементтері ретінде қылмысты жасау және жасыру тәсілдері туралы мәліметтер жүреді. Кісі өлтіруді жасау тәсілдері әр қилы – атыс және суық қару, жарылғыш заттарды пайдалану, улау, тұншықтыру, суға батыру арқылы және т.б. Қылмыс іздерін жою мәйітті немесе оның бөлшектерін жасыру, өлтірген жерден мәйітті басқа орынға апару, мәйітті бөлшектеу және кейіпсіздендіру, кісі өлтіру құралын, қылмыс жасаған адамның киімдерін, сондай-ақ жәбірленуші заттарын тығу арқылы іске асырылады.

Кісі өлтірудің қандай болсын тәсілін қолдану қылмыстың типтік іздер жиынтығының пайда болуына әкеп соқтырады. Оларға: жәбірленушінің мәйіті, қылмыс қаруы мен құралы, қылмыскердің оқиға болған жерде болуы, (мысалы, саусақ, аяқ, шаш, киім талшықтарының іздері), қан іздері және т.б. жатады.

Әдетте, кісі өлтірушілер бейбастықпен, арсыздықпен, дөрекілікпен көзге түседі, көбінесе спирт ішімдіктерін пайдаланады. Жәбірленушілер болса, кейде өз іс-қимылдарымен қылмысқа итермелейді, беймәлім адамдармен арақ ішеді, мастықтың арқасында жанжалдасады, қылмыстық өмірмен қандай да бір байланысы барлар. Әрине, өнегелі адам да кісі өлтірушінің құрбаны бола алады.

Қылмыс жасау орны, уақыты сияқты кісі өлтіру жағдайларын білу арқылы жалпы оқиғаның механизмі және кінәлі туралы, қатысушылар жайлы болжамдар құрастыруға болады.

Кісі өлтіруді тергеу барысында мынадай жағдайларды анықтау қажет:

- 1) кісі өлтіру болды ма; зорлықпен өлу себебі неде;
- 2) кісі өлтіру қашан, қай жерде, қандай тәсілмен және қандай жағдайда жасалынған;
- 3) кісі өлтіруді кім жасады, қылмыскер қалай сипатталады;
- 4) егер қылмыс топпен жасалса, әрбір қатысушының рөлі;
- 5) қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайлар бар ма;
- 6) жәбірленуші кім және қалай сипатталады;
- 7) қылмыспен келген зиянның мөлшері мен сипаты;
- 8) кісі өлтірудің мақсаты мен ниеті (мысалы, кек алу, қызғану, пайдакүнемдік);
- 9) кісі өлтіруге итермелеген жағдайлар қандай.

*Қылмыстық іс қозғау ерекшеліктері.
Тергеудің алғашқы кезеңіндегі типтік жағдайлар
және тергеуші әрекеттері*

Кісі өлтіру кезіндегі қылмыстық іс қозғау себептері:

- азаматтардың арызы;
- ұжым, мекеме және өндіріс мәлімдемелері (мысалы, морт, аурухана);
- қылмыс белгілерін тікелей құқық қорғау органдарының табуы.

Кейде қылмыстық іс қозғауға себеп ретінде кісі өлтірушінің кінәсін мойындап келуі жүреді.

Кісі өлтіру кезіндегі қылмыстық іс қозғау негіздері:

- 1) зорлап өлтіру белгілері бар мәйітті немесе оның бөлшектерін табу;
- 2) өлтірілуі ықтимал жағдайға сілтейтін кезде адамның жоғалып кетуі.

Адам іс-түссіз жоғалып кеткенде қылмыстық іс қозғау туралы сұрақты шешу үшін алдын ала тексеріс жүргізіліп, оның барысында мынадай әдеттегі (типтік) болжамдар шығарылады:

1) жоғалып кеткен тірі, бірақ өзі туралы қандай да бір себептермен хабарламайды;

2) жоғалып кеткен өлі.

Аталмыш болжамдарды тексеру үшін:

- ұжымдар мен мекемелерден мәлімет алынады;
- жоғалып кеткендігі туралы мәлімдеген тұлғалардан, туысқандардан, әріптестерден, көршілерден, таныстардан түсініктемелер алынады;
- қажет болған жағдайда оқиға болған жерде қарау жүргізіледі.

Іс-түссіз жоғалып кеткен адамның өлгендігіне сілтейтін мәліметтер алынған кезде қылмыстық іс қозғалады.

Кісі өлтіруді тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеулік ситуациялар осы қылмысты жасаған тұлға туралы ақпараттың, өлген адамның жеке басы және мәйіттің орналасқан жерінің, сондай-ақ қылмыс қозғамының (мотив) болуы және көлемімен сипатталады. Осыған байланысты мынадай типтік ситуацияларды бөліп шығаруға болады:

- кісі өлтіру жәбірленуші және сезікті мәлім болған жағдайда жасалынған;
- кісі өлтіру жәбірленуші белгілі, ал сезікті белгісіз болған беймәлімдік жағдайда жасалынған;
- кісі өлтіру анықталмаған қозғам (мотив) бойынша жасалған;
- бала өлтіру белгілері табылған.

1) Кісі өлтіру жәбірленуші және сезікті мәлім болған жағдайда жасалынған (көбіне бұзақылық ниетпен, отбасындағы жанжалдан). Мұндай жағдайда жүргізілетін тергеу әрекеттері:

– сезіктіні ұстау және оның жеке басын тінту;

– сезіктіні куәландыру;

– оқиға болған жерді қарау;

- сезіктіден жауап алу;
- куәлардан жауап алу;
- сезіктің тұрғылықты жерінде және жұмыс орнында тінту жүргізу;
- сот-медициналық және криминалистикалық сараптамалар тағайындау.

2) Кісі өлтіру жәбірленуші белгілі, ал сезікті белгісіз болған беймәлімдік жағдайда жасалынған (мысалы, шабуыл жасап тонау кезінде, зорлау үстінде, тапсырыспен (заказдық) өлтіру). Аталмыш жағдайда жүргізілетін тергеу әрекеттері:

- оқиға болған жерді және мәйітті қарау;
- куәлардан жауап алу;
- сот-медициналық және криминалистикалық сараптамалар тағайындау.

3) Кісі өлтіру анықталмаған қозғам (мотив) бойынша жасалған: а) адам іс-түссіз жоғалып кеткенде, яғни, жәбірленуші белгілі, ал сезікті белгісіз; б) танылмаған мәйіт немесе оның бөлшектері табылғанда.

Адам іс-түссіз жоғалып кеткенде жүргізілетін алғашқы тергеу әрекеттері:

- жоғалып кеткеннің тұрғылықты бөлмесін қарау және тінту;
- мәйітті жасырылуы ықтимал жерді қарау және тінту;
- кісі өлтіруі ықтимал жерді қарау;
- куәлардан жауап алу (мысалы, туысқандардан, өріптестерден, таныстардан);
- сот сараптамаларын тағайындау.

Танылмаған мәйіт немесе оның бөлшектері табылғанда жүргізілетін тергеу әрекеттері:

- оқиға болған жерді қарау;
 - сот-медициналық және басқа да сараптамаларды тағайындау;
 - мәйіт немесе оның бөлшектерін тану үшін көрсету.
- Мысалы, мәйіт бөлшектері табылғанда төмендегідей заттық дәлелдемелер мен іздер анықталуы мүмкін: жіптер, мата және басқа да материалдардың талшықта-

ры, шаш іздері, бумалық материал, бумалық материал үстіндегі жазулар, жер қыртысы, топырақ, адам иісінің іздері, аяқ (аяқ киім) іздері, қол (саусақты қолғап) іздері, транспорт құралының іздері, құрылыс материалдарының қалдықтары (бетон, өк) және т.б.

4) Бала өлтіру белгілері табылғанда: а) жаңа туған сәбидің мөйіті анықталды; б) жаңа туған сәби жоғалып кетті.

Жаңа туған сәбидің мөйіті анықталған кезде, ересек адамның танылмаған мөйіті табылғандағы алғашқы тергеу әрекеттері жүргізіледі.

Жаңа туған сәби жоғалып кеткенде:

- сезіктіден жауап алынады;
- куәлардан (көршілерден, туысқандардан) жауап алынады;
- құжаттар (медициналық – перзентханадан, әйелдерге кеңес беру мекемесінен) алынады;
- сезіктіге қатысты сот-медициналық сараптама тағайындау.

Жоғарыда көрсетілген барлық жағдайларда тергеу әрекеттерімен бірге, сезіктіні анықтауға бағытталған жедел іздестірушілік шаралар да іске асырылады.

Кісі өлтіру туралы істер бойынша алғашқы және келесі тергеу әрекеттері тактикасының ерекшеліктері

Кісі өлтіру туралы істер бойынша тергеу әрекеттері аталмыш қылмыс түрінің өзіндік ерекшелігіне сай, «Криминалистикалық тактика» тарауында қарастырылған тактикалық тәсілдер мен жағдайларды сақтай отырып жүргізіледі.

Кісі өлтіруді тергеу кезінде жүргізілетін алғашқы тергеу әрекеттері:

- оқиға болған жерді қарау;
- куәлардан жауап алу;
- сот-медициналық сараптама тағайындау.

Көбіне тергеу оқиға болған жерді және мәйітті қараудан басталады. Қарау барысында төмендегідей сұрақтарды анықтауға мүмкіндік беретін белгілер табылуы мүмкін:

- пайда болған оқиға қылмыс па;
- мәйіт табылған жер кісі өлтірілген жерге жата ма, егер олай болмаса, қандай белгілер арқылы қылмыс жасалған жерді анықтауға болады;
- өлтірілген кім және қылмыс қашан жасалған;
- қылмыскерлер саны қанша, қылмыс орнына қалай келіп, қай жолмен кеткен;
- қандай тәсілмен, қандай құрал пайдалану арқылы қылмыс жасалды, оны жасыруға қандай шаралар қолданылған;
- оқиға болған жерде қылмыскер нені қалдырған, нені алып кеткен және қандай іздер оның денесінде, киімінде, қылмыс құралында, көлік құралдарында қалуы мүмкін;
- қандай мәліметтер қылмыскердің жеке басын, оның қозғамын сипаттайды;
- қылмыс орнында болып жатқанды қай жерден көруге немесе естуге болар еді.

Адам мәйітін ол табылған жерде сыртынан қарау міндетті түрде сот дәрігердің қатысуымен жүргізіледі. Қарау арқылы өлу мерзімі, орны және жарақат келтіру тәсілі, мәйіт қозғалтылды ма сол туралы білуге болады.

Қылмыс іздері табылған жерде мәйіт жоқ болса, мәйіттің орнына сілтейтін іздер мен өзгерістерді анықтау мақсатында жағдай зерттеледі.

Кісі өлтіруді тергеудегі оқиға жағдайын жасағансу түрлері:

- оқиғаның өзін жасағансу (өзін-өзі өлтіру, абайсыздықта немесе табиғи себептерден өлу);
- қылмыстың жасалу қозғамын жасағансу (зорлау кісі өлтірумен боямаланады, пайдакүнемдік, кек алушылық қозғаммен қылмыстың нағыз қозғамы жасырылынады).

Өлген адамның жеке басы құжаттары бойынша, мәйітті тану үшін көрсетумен, тіркеуден тексеру арқылы,

киімінің ішінен табылған әр түрлі квитанциялар, таңбалар және т.б. көріністер көмегімен анықталады. Танылмаған мәйіттің бет әлпеті міндетті түрде ауызша портрет ережесі арқылы суреттеледі, фотоға түсіріледі және саусақ көшірмелері алынады (дактилоскопировать етіледі).

Қарау арқылы қылмыскердің саны мен олардың жеке бастары туралы кейбір мәліметтер алуға болады: саусақ және аяқ іздері, шылым қалдықтары, қылмыс құралдары көмегімен. Кейде кісі өлтірушінің кәсіби дағдылары және кейбір әдеттері туралы ақпарат алуға болады.

Кісі өлтіруді тергеуде кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеті ретінде сот-медициналық сараптамасы жүреді. Оның шешетін мәселелері:

- өлім мерзімі және себебі туралы;
- мәйіт денесіндегі жарақаттар тірі кезінде немесе өлгеннен кейін жасалды ма;
- жарақаттарды келтіру реті туралы;
- қылмыс құралдары жөнінде;
- жарақат жасау кезіндегі жәбірленушінің тұрған жағдайы туралы және т.б.

Барлық куәлардан мүмкіндік бойынша кідіртілмей жауап алыну керек. Куәлардан және көзімен көргендерден жауап алу барысында анықтауға қажет мәселелер:

- кісі өлтіруді кім жасады, ол тұлға куәға белгілі ме;
- қандай жағдайларда кісі өлтіру жасалынды, қандай тәсілмен, қылмыскер қай жаққа бой тасалап кетті;
- кісі өлтіру кезінде куә қай жерде тұрды және не істеді, оны қылмыскер байқап қалды ма;
- куә жәбірленушімен таныс па және қандай қарым-қатынаста болған;
- жәбірленушінің киген киімі, онда қандай заттар болды және қылмыскер олардың арасынан бір нәрсе алды ма;
- қылмыскер кісі өлтірген жерде не тастап кетті, іздер қай жерде қалуы мүмкін.

Куәлар шеңбері жәбірленуші тұлғасымен және қозғам, тәсіл, сондай-ақ қылмыскердің жеке басы туралы болжамдар көмегімен айқындалады.

Оқиға болған жерде анықталған куәлардан жауап алу барысында айқындалатын жағдайлар: кісі өлтіру жағдайы және сол жердегі кейін болған барлық көріністер туралы; мәйіт кіммен және қандай жағдайда табылды; мәйіт қалпы өзгертілді ме және қозғалтылды ма; оқиға болған жердің жағдайына қандай да бір өзгерістер енгізілді ме, енгізілсе кіммен және қандай; кісі өлтіруге дейін және кейін оқиға болған жерде кім байқалды; жәбірленушіні тірідей ақырғы рет қай жерден және қандай жағдайға байланысты көрген; кімге және қандай негіз арқылы кісі өлтіруде күмән артады және т.б.

Өліп бара жатқаннан жауап алу кезінде үн таспа қолданылып, медицина қызметкерлерінің қатысуымен кейін жауап алу хаттамасы құрастырылады.

Келесі тергеу әрекеттері:

- куәлардан жауап алу;
- сезікті және айыпталушыны ұстау және олардан жауап алу;
- айыпталушының тұрған жері мен үй-жайына тінту жүргізу;
- әр түрлі сараптамалар тағайындау.

Бұл жерде басқа да мысалы, сезіктіні куәландыру, тану үшін көрсету, тергеу эксперименті, пошта-телеграф жөнелтімдерді тұтқындау және алу тәрізді тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін.

Айыпталушыдан жауап алу – тергеу әрекеттерінің маңыздысы. Оған тиянақты түрде дайындалған жөн, жазбаша жоспар құрастырып, жауап алуға қатысы бар іс материалдарын бір жүйеге келтірген дұрыс.

Айыпталушының көрсетулері іс бойынша жинақталған дәлелдемелер, айғақтардағы қарама-қайшылықтарды ажырататын қайталама жауап алу, бірге қатысушылар, куәлар, жәбірленушімен беттестіру, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау және тергеу эксперименті арқылы тыңғылықты тексерістен өту керек.

Кісі өлтіруді мойнына алған айыпталушы көрсетулерін де тексерген жөн. Тәжірибеде бірге қылмыс жаса-

ғандар рөлін азайтып немесе қатысқан оқиғасын мүлдем жоққа шығара отырып, кінәнің бәрін өз мойнына алған деректер аз емес.

Айыпталушының (сезіктінің) тұрған жері мен үй-жайына тінту жүргізу барысында кісі өлтіру құралы, өлген адамның заттары, қылмыс іздері орналасқан күдікті киімі, сезіктінің жәбірленушімен қарым-қатынаста болғандығын әшкерелейтін құжаттар табылуы мүмкін.

Кісі өлтіруді тергеу алғашқы кезеңінде тағайындалатын сот-медициналық сараптамаларынан басқа, әдетте осындай санаттағы қылмыстық істер бойынша сот-психиатриялық, криминалистикалық (трасологиялық, баллистикалық және т.б.), биологиялық сараптамалар, нәрселер мен заттардың сараптамасы тағайындалады.

Сезіктіні куәландыру және оның киімін қараудың елеулі маңызы бар. Оның себебі бұл тергеу әрекетінің арқасында аталмыш тұлғаның кісі өлтіруге қатыстылығы жайлы болжамдарды дәлдейтін белгілер табылуы мүмкін (мысалы, жәбірленуші қалдыруы ықтимал сезікті денесіндегі, киіміндегі арпалыс іздері, қан дақтары және т.б.).

Кісі өлтіру қылмысы – өте ауыр қылмыстар тобына жатады. Оның ішінде кәсіпшіл қылмыскерлермен жасалынатын тапсырыс бойынша кісі өлтіруді ерекше атап өтуге болады және кейінгі жылдары кісі өлтірудің жасау тәсілдерінің бірі – атыс қарумен жасалынатын қылмыстар тәжірибеде жиі кездесіп жүр. Сондықтан, мұндай қылмыс оқиғасы орын алған кезде оқиға болған жерді қарау барысында жалшылама түрде объектілерге талдау берген жөн: а) оқиға болған жерде не бар, олар қалай орналасқан, (үй, мекеме, жол, орман және т.б.); б) қылмыстың ізі (сынған заттар, жығылған шөп, үй ішінің астан-кестең бұзылуы және басқа да қарсыласқанды білдіретін іздер т.б.); в) іздер: аяқтың ізі, қолдың ізі, тістің ізі, транспорт құралдарының ізі және т.б.; г) қанның ізі, темекі тұқылындағы сілекейдің ізі, тер және басқа да адамнан бөлінетін заттар; д) паш, киімнің талшықтары; е) жәбірленушінің немесе айыпкердің бойында қалған дақтар; ж) атыс қаруынан қалған заттар (гильза, пыж, бытыра, картеч және т.б.).

Денсаулыққа қасақана зардап келтіруді тергеу.

Криминалистикалық сипаттамасы.

Анықтауға жататын жағдайлар

Қылмыспен денеге жарақат келтіру ауыр қылмыстардың бірі болып табылады. Азаматтардың дене мүшелеріне зақым келтіру арқылы оларды өмірлік кемтарлыққа ұшыратады. Криминалистикалық сипаттама мәнінің жиынтығы қылмысты ашу және тергеу болып табылады. Бұл құқық бұзушыларға тергеу барысындағы типтік жағдайларға байланысты арналған арнайы әрекеттердің бірі болып табылады. Криминалистикалық мінездеменің элементтеріне – қылмыстың жасалу әдістері, із жасалу механизмі, криминалистикалық қылмыстың мәні бар іздер, қылмыстық қастандылықтың ерекшеліктері, жәбірленушінің және қылмыскердің жеке басы, қылмыс жасаудың мақсаты мен себеп-салдары, қылмысқа дайындалу ерекшелігі, қылмыс жасау уақыты мен орнын жатқызуға болады.

Қылмыстық істі қозғауға негіз болып – қылмыстан зардап шеккен жәбірленушінің, оның туыстарының және таныстарының кей жағдайларда куәгерлер мен осы қылмыстың болғанын көрген адамдар, медициналық мекемелерге келіп түскен жаралы немесе зақым, жарақат келген азаматтар туралы осы мекемеден түскен арыз және кей жағдайларда сақтандыру мекемелерінен зардап шеккендігі жөніндегі азаматтар хабарласқан жағдайдағы арызы болып табылады.

Аталмыш қылмыстарға байланысты дәлелдеуге жататын мән-жайлар.

1. Не болды: екі адамның арасындағы ұрыс керіс, топтасқан төбелестер немесе күтпеген жерден шабуыл жасау арқылы болған қылмыстар. Бұл әрекеттерден қандай жағдайлар болды, жәбірленушіні кім тапты, көрді немесе оны кім дәрігерге апарды, полицияға немесе туыстары мен таныстарына кім хабарлады?

2. Қылмыс қай жерде жасалынды: жәбірленушімен көрсетілген жер, қылмыс әрбір жерлерге таралып жасалған жоқ па?

3. Қандай уақытта жасалынды: уақыт жайында екі болжамдар құрылады. Мәселен, жәбірленуші айтқан уақыт екіншіден оқиға көп уақыттарға созылды немесе қай уақытта қандай әрекеттер мен қылмыстар болды?

Қылмыстың жасалу механизміне байланысты дәлелдеуге жататын мән-жайлар.

1. Жәбірленушіге қандай жарақаттар келтірілген. Қанша жарақат, олардың денедегі орналасқан жері. Оның ауырлығы қандай?

2. Қандай қарумен зиян келтірілді, барлық жарақат бір ғана қарумен келтірілді ме?

3. Жәбірленушіні қалай ұрған, оң қолымен немесе сол қолымен, олардың бағыты мен күші. Қанша рет ұрды?

4. Жәбірленушінің сол уақыттағы денсаулығы. Сол жайында куәгер болған азаматтар оны қалай көрсетеді?

5. Қылмысқа қатысқандарда қандай қылмыстың құралы болды және қанша құрал болды?

6. Қару кімге тиесілі: сезіктіге, жәбірленушіге немесе басқа үшінші адамға.

Жәбірленушінің жеке басына байланысты мән-жайлар.

1. Жәбірленуші кім. Оның өмірбаяны анкеталық мәліметтері.

2. Психологиялық мінездемесі: ол азаматтың қоғамдық қарым-қатынасы, жай жағдайларда, үйде, жұмыста, демалыстарда және т.б. Осы психологиялық мінездемесі сол конфликтке итермелеген жоқ па?

3. Жәбірленуші мен сезікті таныс емес пе, сезіктінің қасындағы адамдарды танымайды ма?

Сезіктің (айыпкердің) жеке басына байланысты мән-жайлар.

1. Қылмыскер қанша болды, олар бірігіп қылмыс жасады ма немесе бөлек-бөлек қылмыс жасады ма? Әрқайсысының әрекеті.

2. Әрбір қылмыскердің мінездемесі, олардың анкеталық мәліметтері, эмоционалдық тұрақтылығы, конфликтыға бейімділігі және т.б.

3. Сезікті жәбірленушіні біледі ме? Қалай танысты және қандай жағдайларда, олардың қарым-қатынасы қалай болды?

Қылмыспен зиян келтіруге байланысты мән-жайлар.

1. Жәбірленушінің еңбек қабілеттілігінен айырылу көлемі қандай, зиян салдарынан денсаулығының бұзылуы қандай?

2. Қылмыспен жәбірленушінің мүлкіне келген зиян, мүлкінің бүлінуі т.б. ол заттарды орнына келтіру үшін қанша көлемді қаражат керек?

Қылмыстың жасалуынан туған жағдайлар.

1. Қылмыстың жасалуына және оған дайындалуына әсер еткен жағдайлар.

Бастапқы тергеу әрекеттері

Бастапқы тергеулік әрекеттерге келетін болсақ – тергеулік әрекеттер көбінесе жәбірленушіден жауап алудан басталады, егер оның жауап беруге шамасы болса. Жауап алу барысында одан кім және қандай жағдайларда зиян келтірілгенін, ол азаматпен таныс па, жоқ па, егер таныс болса онымен қандай жағдайларда танысқандығын, қандай жағдайлармен оған зиян келгенін, оның қасында кімдер болды және т.б. анықтау. Егер ол айыпкер адам жәбірленушіге таныс емес болса, ол адамды тани ала ма? Қандай белгілерімен ол адамды көрсете алады, киген киімдері және ол қылмысқа қатысқандар жөнінде не біледі олардың бір-бірімен өзара байланысы және т.б.

Егер жәбірленуші жөніндегі хабар медициналық мекемеден келіп түскен болса, тергеуші сол орынға келген беттен ол азаматтың сол орынға қайдан және қалай әкелгендігін анықтай келіп, ол азаматтың денсаулығы жөнінде кезекші дәрігерден сұрай келе жәбірленушіден жауап алады.

Тергеудің бастапқы кезеңі – жәбірленушіге сот-медициналық сараптамасын тағайындау арқылы басталады. Осыған байланысты сарапшыға келесі сұрақтар қойылады. Қандай дәрежеде жарақат келгенін (ауыр, орта, жеңіл); қанша уақыт бұрын болғанын; жарақаттың қанша рет келтірілгенін; жарақатты қандай затпен келтірді және т.б. анықтайды. Сонымен қатар сарапшы жәбірленушінің әлсіз немесе көмексіз халде болып, айыпкерге қарсы күш жұмсай алды ма немесе жоқ па соны да анықтауға тиіс.

Егер айыпкер жәбірленушіге белгілі болса немесе ол азамат ұсталынса онда ол азаматтан жауап алынып, оқиғаның қалай болғандығы, қандай мақсатпен және басқа да себептері анықталады. Осыдан кейін ол азаматтың киімі тексеріліп, сот-медициналық куәландырудан өткізіп, жәбірленушінің қарсыласқан іздері мен қылмыстың құралы ізделінеді.

Оқиға болған жерді қарау барысы – жәбірленушіге келтірілген зардаптың ізін, олардың қарсыласқан жағдайларын анықтау, сонымен қатар қан, киімнің қалған жыртысы, басқа да заттардың бөліктері және басқа да жәбірленушіге немесе айыпкерге тиісті заттарды іздеумен басталады.

Оқиға болған жер жәбірленушінің қатысуымен, кей жағдайларда сот-медицина маманын немесе басқа да дәрігерді, криминалист-маманмен, көрген білген куәгерлермен, сезіктімен бірге жүргізіледі.

Егер жәбірленуші оқиға болған жерді көрсетуге денсаулығына байланысты шамасы келмесе, онда оқиға болған жер жөнінде маңызды жерлерді, сол аймақ жөнінде, шекарасын, қандай ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар жерлерді анықтап сұрап біліп алған жөн.

Оқиға болған жерді қарау барысында жалпылама объектіге талдау беру: а) оқиға болған жерде не бар, олар қалай орналасқан, (үй, мекеме, жол, орман және т.б.), б) қылмыстың ізі (сынған заттар, жығылған шөп, үй ішінің астан-кестең бұзылуы және басқа да қарсыласқанды білдіретін іздер т.б.), в) іздер: аяқтың ізі, қолдың ізі, тістің ізі, транспорт құралдарының ізі және т.б., г) қанның ізі, темекі тұқылындағы сілекейдің ізі, тер және басқа да адамнан бөлінетін заттар, д) шаш, киім талшықтары, е) сырдың ұшқан жері, шаң көтерілген, т.б. жәбірленуші-нің немесе айыпкердің бойында қалған дақтар, ж) қылмыскермен қалдырылған, жоғалтып алған, тастап кеткен заттар, з) қылмыстың құралы, и) қарудан қалған заттар, (гильза, пыж, бытыра, картеч және т.б.).

Тергеудің осы кезеңінде *куэгерлерден жауап алынады*

Жауап алу барысында қылмыстың қалай болғандығы жөнінде; жәбірленуші мен айыпкердің арасындағы қарым-қатынастың қалай болғандығы; арасындағы дау-дамайдың қалай басталып оның қалай өзгергендігі және айыпкердің жәбірленушіге қандай қауіп-қатер төндіргендігі; айыпкердің жеке басы жөнінде; қылмыстың болу себебін (мотив) анықтау қажет.

Денсаулыққа қасақана жарақат келтіруге байланысты қылмысты тергеу барысында сезіктінің үйіне тінту жүргізу және сезіктіден жауап алу әрекеттері де жүргізіледі.

Біріншіден, сезіктінің немесе қылмыскердің бойынан қылмыстың ізін немесе қылмыстың қаруын тексеріп алу мақсатында жеке тінту әрекеті жүргізіледі. Екіншіден, сезіктінің тұрғылықты орнын тінту шеңбері және оған баға беру кеңірек болып келеді. Әсіресе адам өміріне қастандық жасап, кейіннен ол азамат өлген жағдайда. Үшіншіден, табылған заттар болған кезде, әсіресе ол заттардың келесі жағдайларына мән беріледі: (табылған зат кімге тиесілі, белгілі бір орында қару сақталғандығын дәлелдейтін заттар, қылмыстың қаруы, басқа да айғақ заттар, іздер т.б.

Осы кезеңде *жедел-ізвестіру шараларын* жүргізудің мақсаты – қылмыстың болған себебін анықтап, егер айыпкер белгісіз болса ол айыпкерді анықтау және одан жауап алу, қылмысты сол жасағанын дәлелдеу болып табылады.

Келесі тергеулік әрекеттер

Денсаулыққа зиян келтіруге байланысты келесі тергеулік әрекеттер айыпкердің қалай анықталғандығына байланысты болады. Мәселен, жәбірленушінің айтуына байланысты ма немесе тергеу барысында анықталды ма? *Бірінші жағдайға* байланысты іздеу әрекеттері жүргізіле отырып бұрын сұралмаған куәгерлерден жауап алынып, қылмыстың жасалу себеп-салдары (мотиві) мен басқа да мән-жайлары анықталса, *екінші жағдайда* жоғарыда көрсетілген тергеулік әрекеттер айыпкерге жүргізіледі.

Жауап алу барысындағы мінездемеге және куәгерлерге байланысты жәбірленушіге айыпкер белгілі адам ба немесе жоқ па, соны білуге болады. Ұйымдасқан топтың қылмыс жасауынан келесі мәселелерді анықтаған жөн: бұл топқа қандай мінездеме беруге болады, қылмыстың оқиғасына байланысты ол қылмыстағы қатысушылардың рөлі, олардың ерекше белгілері, бір-бірімен байланысу ерекшеліктері және жәбірленушімен қандай қатынаста болды және т.б. анықтау қажет. Егер бір топ қылмыскерлер болса, онда келесі мәселелерді анықтаған жөн. Мәселен, олардың алдын ала ұйымдасқандығын, бұл ұйымдасқан қылмыстық топ немесе қайым емес пе, осындай қылмысқа ұқсас қылмыстар бұрын жасалынған жоқ па және басқа да осындай мәселелерді анықтау қажет. Іздеу барысында тіркеулерді қарап, бұрын ашылмаған немесе қысқартылған қылмыстық істердің мінеземелерімен салыстырып, алғашқы түскен хабарлармен танысып, барлық жағдайларды анықтау қажет.

Жәбірленушіні куәландыру және оның киімін қарау.

Куәландыру және қарау барысында келесі жағдайлар анықталып бекітілуі қажет:

а) денедегі барлық жарақаттар (қан аққан жерлер, жара, дененің сызылған жерлері т.б.), сонымен қатар киімдегі, бас киімдегі, аяқ киімдегі барлық белгілер мен қылмыспен келген өзгешеліктер.

б) қылмыстың құралы және басқа да заттардың әсерінен келіп түскен белгілер (металдың іздері, ол заттардың кірінің жағылуы т.б.)

в) адам денесінен аққан қан немесе басқа да бөлінулер міндетті түрде хаттамаға тіркелуі қажет.

Ерекше жағдайларда денеге жарақат келтіруге байланысты тергеу әдістемелерін қалай қолдану қажет.

Заң үш түрдегі жағдайларды атайды:

1. Адамның аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіруі.

2. Қорғаныстан асып кетіп денеге зақым келтіру.

3. Қылмыс жасаған адамды ұстау барысында көлемнен асып кетіп оған зиян келтіру.

Зорлауды тергеу әдістемесі

*Зорлаудың криминалистикалық сипаттамасы.
Анықтауға жататын жағдайлар*

Зорлау дегеніміз күш көрсету немесе ол күшті көрсетемін деп қорқыту, сондай-ақ дәрменсіз жағдайды пайдалану арқылы жәбірленуші және басқа да тұлғаларды жыныстық қатынасқа тарту.

Зорлау кезіндегі қылмыстық қастандықтың тікелей затына нақты әйелдің жыныстық дербестігі жатады. Бұл жерде жәбірленушінің дене мүшелеріне, ар-ожданына, сондай-ақ кейде материалдық, яғни, мүлкіне зиян келтіріледі.

Жәбірленушіге күш көрсету ұрып-соғу, тұншықтыру, байлап тастау нысанында келтіріледі; кейде қылмыскер өзінің арам ойын құрбан ұзақ арпалыстан кейін шаршап, қарсылық көрсете алмаған кезде іске асырады. Жәбірленушінің қарсылық көрсетпейтін жағдайлары да болады (мысалы, қылмыскер өлтіремін немесе күш жұмсаймын

деп қорқыту арқылы жәбірленушінің зәресін кетіреді, сондай-ақ спирт ішімдіктері және есірткі заттарымен мас қылу арқылы жансыздандырады).

Зорлау көбіне пәтерлерде жасалады; зорлау орындары ретінде сонымен қатар шатыр, подвал, ал ауылдық жерлерде – қора, шаруашылық қосымша құрылыстар, орман іштері жүреді. Аталмыш қылмыстық әрекет көбінесе кешқұрым және мейрам күндерінде іске асырылады.

Зорлау кезінде материалдық іздер көп мөлшерде қалады – жәбірленушінің денесінде, киімінде, қылмыс жасалған жерде, сонымен қатар зорлаушының денесі мен киімінде. Жоғарыда аталғандармен бірге әдетте жәбірленушілер қылмыскердің сырт келбетін және оның киімін жеткілікті түрде суреттей алатындай идеалдық іздер де орын алады. Егер зорлау елсіз жерде, қараңғы түскенде және қылмыскер күтпеген жерден шабуыл жасап жансыздандырған жағдайларда болса, ол қылмысты тергеп-ашу кезінде бірқатар қиындықтарға әкеп соқтырады. Мысалы, талды, шілікті жерлердегі зорлау нәтижесінде оқиға болған жерде төмендегідей заттық дәлелдемелер мен іздер анықталуы мүмкін: мата және басқа да материалдардың талшықтары, шаш іздері, жыныстық бөлінділер, қан іздері, темекі тұқылы, денедегі жарақаттар (қанталау, тырнақ іздері, терісі сыдырылған жерлер), аяқ киім, киім және оның бөлшектерінің жыртылыстары, тырнақ астындағы қалдықтар мен іздер, жер қыртысы, топырақ, қылмыскермен қалдыруы ықтимал заттар: түйме (басқа да фурнитура), адам иісінің іздері, аяқ киім іздері, қол, саусақты қолғап іздері, жердегі мата іздері, ұрық сұйығы (сперма), өсімдік қалдықтары және т.б.

Қылмыскерлердің бұрын жәбірленуші адаммен аз да болса таныс болғандығы тәжірибеде жиі кездеседі, бөтен адамдар тарапынан зорлау мақсатында әйелдерге шабуылдауы сирек көзге түседі. Әдетте, зорлаушылар бұзақылыққа бейім, мінез-құлықтарында арсыздық, шімірікпеушілік байқалатын және қоғамды сыйламайтын тұлғалар ретінде көрінеді. Жәбірленуші ретінде

көбіне мінез-құлықтарындағы ұшқалақтық, бейбастық элементтері, жыныстық қатынасқа бірден түседі деген ой туғызатын (мысалы, кездейсоқ танысатын, танымайтындардың пәтерлеріне баратын, арақ ішетін және т.б.) қыздар немесе әйелдер жүреді. Өздерінің аңқаулығымен зорлаушылар құрбаны болатын тәжірибесіз жас қыздар – жәбірленушілердің басқа санатына жатады.

Зорлау туралы істер бойынша анықтауға жататын жағдайлар:

1. Жыныстық қатынас дерегі (фактісі) орын алды ма, егер алса – қашан және қай жерде;

2. Жыныстық қатынас кезінде күш жұмсалып, зорлық көрсетілді ме, егер көрсетілсе, ол қандай нысанда (формада) іске асырылды (ұрып-соғу, өлтіремін деп қорқыту, дәрменсіз жағдайға келтіру, жансыздандыру);

3. Жәбірленуші кім; дене бітімі немесе психика жағынан ауру, сондай-ақ жасы көмелетке толмаған емес пе;

4. Зорлауды жасаған тұлға кім; ол бұрын осындай қылмыс жасаған ба, өте қауіпті рецидивист қатарына жата ма; егер зорлау топпен жасалса – әрбір тұлғаның кінәсі мен өз арам ойын іске асыру деңгейі қандай;

5. Зорлаудан келген зардап қандай, дәрежесі бойынша өте ауыр болып санала ма (жәбірленушінің өлімге душар болуы, денеге ауыр жарақат келтіру, есі ауысу ауруына шалдықтыру, мерез (венерический) ауруын жұқтыру және т.б.);

6. Зорлау нәтижесінде жәбірленушіге келтірілген материалдық зиян мөлшері қандай;

7. Қылмыстың жасалуына қандай жағдайлар себеп болды.

Қылмыстық іс қозғау ерекшеліктері. Тергеудің алғашқы кезеңіндегі және тергеуші қимылдарындағы кәдімгі жағдайлар (типтік ситуациялар)

Ауырлататын жағдайлар болмаған кезде зорлау туралы қылмыстық істер тек жәбірленушінің арызы бо-

йынша ғана қозғалады. Ауырлататын жағдайлар орын алған кезде қылмыстық іс қозғауға жәбірленуші туысқандарының арызы, медициналық мекемелер хабарламалары және қылмыс белгілерін тергеуші немесе басқа да құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тікелей өздері анықтауы негіз бола алады.

Зорлау оқиғасы бойынша қылмыстық іс қозғау кезінде төмендегідей бірқатар мәселелерге назар аударған жөн. Біріншіден, жәбірленуші өзіне қатысты зорлау әрекеті орын алды деп қандай да бір тұлғаны қылмыстық жауапқа тарту жайлы арыз беріп, кейіннен қандай да бір себептермен өз ниеттерін өзгертуі мүмкін. Мұндай жәбірленушілер алдында берген көрсетулерінен бас тартып, ал кейде тергеуге де қарсылық көрсетіп жатады. Сондықтан зорлау туралы арыз алу барысында қозғалған қылмыстық іс жәбірленушінің ықыласына қарамастан кейіннен қысқартылмайтындығы жайлы шағым берушілерге ескертілуі тиіс.

Екіншіден, жәбірленушілер кейде қылмыстың құрамы жоқ әрекеттерді зорлау деп санап, қателеседі (мысалы, зорлау емес азғыру іс-қимылдары орын алғанда). Мұндай жағдайларда қателік жібермеу үшін арыз алар алдында жәбірленушіден тыңғылықты түрде жауап алынып, көрсетулер талдаудан өткізіліп, ал қажет болған кезде тергеуге дейінгі тексерулер жүргізілген жөн. Аталмыш тексеріс мақсаты – жәбірленуші берген арыздағы зорлау оқиғасын дәлелдейтін деректерді жинау. Оларға: арызданушы және сезікті денесіндегі жарақаттар, киімдегі зақымдар мен әр түрлі іздер, жәбірленуші дәрменсіз жағдайға қасақана келтірілгендігін көрсететін дәлелдер және т.б.

Қылмыстық іс қозғауға негіздерді анықтаудың тағы бір қажеттілігі – зорлау туралы істер бойынша төжірибеде біреуге жала жабу оқиғалары аз емес (мысалы, үйленуге мәжбүр ету, өз мінез-құлқын туысқандар алдында ақтау, ашыналық (интимный) байланысты жалғастырудан бас тартқаны үшін кек алу және т.б.).

Алдын ала тексерістің мәні оқиғаға қатысы бар тұлғалардан қажетті түсініктемелер алуда, медициналық

мекемелерден құжаттар талап етуде және оқиға болған жерді қарауда жатыр. Қылмыс іздері мен басқа да дәлелдемелер қайтымсыз жоғалуы мүмкін болғандықтан, тексеріс кідіртілмей өткізілу керек.

Зорлау туралы істер бойынша тергеудің алдын ала кезеңінде пайда болатын екі типтік ситуацияны ажыратуға болады.

1. Арыз беруші зорлаған адамды атап тұрғанда немесе сезіктіні айқындау қиын болмаған жағдайлар.

Осындай жағдайға тән алғашқы тергеу әрекеттерінің шеңбері мен оларды іске асыру реті: жәбірленушіден жауап алу, оған қатысты куәландыру әрекетін өткізу, киімдеріп қарау және алу, оқиға болған жерді қарау, жәбірленушіге қатысты сот-медициналық сараптама тағайындау; сезіктіні ұстау, жеке басын тінту, куәландыру, киім-кешегін қарау; куәлардан жауап алу. Тергеудің алғашқы кезеңінде сезіктінің тұрғылықты жерінде де тінту әрекеті жүргізіледі.

2. Қылмыс жәбірленушіге бейтаныс тұлғамен жасалынып, оған іздеу салу кезінде бірқатар қиындықтар пайда болған жағдай.

Мұндай жағдайға жәбірленушіге қатысты жоғарыда көрсетілгендей тергеу әрекеттері тән. Олар: жәбірленушіден жауап алу, оған қатысты куәландыру әрекетін өткізу, киімдеріп қарау және алу, оқиға болған жерді қарау, жәбірленушіге қатысты сот-медициналық сараптама тағайындау, сондай-ақ заттық дәлелдемелердің сот-медициналық сараптамасы (егер де зорлық көрсеткен адамның қандай да бір биологиялық тегі бар бөлінділері жәбірленуші киімінің үстінде немесе басқа объектілерден табыла қойса) мен криминалистикалық сараптама (көбіне трасологиялық) тағайындау. Аталмыш тергеу әрекеттерінің мақсаты – қылмыскерге іздеу салу үшін қажетті және зорлаған адам анықтала қойған жағдайда, оны әшкерелеуге көмек көрсететін мәліметтерді көбірек табу.

Тергеу әрекеттерімен қатар жоғарыда аталған екінші жағдайға тән із кесуші ит көмегін қолдану, бұрын зор-

лау үшін сотталған немесе осындай жағымсыз әрекеттер жасауға дайын тұратын тұлғаларды зерттеу, іздеу барысында жәбірленуші көмегін пайдалану, зорлау жасайды-ау деген жерлерге торуылдар (засада) құру, ішкі істер органдарындағы әйел қызметкерлер жәрдемін қылмыскерді анықтауда пайдалану, жұртшылық көмегіне сүйену тәрізді іздеу салудың белсенді әрекеттері жүргізіледі.

Алғашқы тергеу әрекеттері тактикасының ерекшеліктері

Зорлауды тергеудің алғашқы кезеңінде мынадай типтік болжамдар құрастырылады:

- зорлау оқиғасы арызданушы көрсеткен жағдайларда орын алды;
- зорлау оқиғасы болмаған, арызданушы арамза ниетсіз өз еркімен жыныстық қатынасқа түсуді зорлау әрекеті ретінде көрсетіп отыр;
- зорлау оқиғасы болмаған, арызданушы қасақана жала жауып отыр.

Жәбірленушіден жауап алу. Зорлау туралы істер бойынша жәбірленушіден жауап алу кезінде оның ашыналық (интимный) өміріне қатысты жағдайлар тілге тиек етілетіндіктен, криминалистикалық әдебиеттерде мұндай тергеу әрекетін әйел тергеушіге немесе жәбірленушіден жасы едәуір үлкен тәжірибелі тергеушіге жүктелу керек деген нұсқау орын алған. Бірақ та, жауапты кім алса да, сауалдар қою және сөз тіркестерін құрастыру барысында әрбір тергеуші әдептілік пен өнегелік ережелерін сақтаған жөн. Кейде көрсетулерді жәбірленушінің өз қолымен жазғызып, нақтылайтын және дәлдейтін сұрақтарды сосын қойған дұрыс болады. Жауап алу барынша толық болу керек. Бұл көрсетулер тек санаулы ғана тұлғаларға белгілі болатындығын, дәлірек айтқанда сот мәжілісі жабық түрде жүргізілетіндігі туралы тергеуші жәбірленушіге түсіндіру керек.

Жауап алу кезінде анықталатын жағдайлар: зорлау қашан жасалған; қай жерде және жәбірленуші ол жер-

ге қалай тап болған; зорлауды кім жасады; қылмыстың барлық жағдайлары (зорлаушы мен жәбірленушінің мінез-құлықтары және іс-әрекеттері, зорлаушы не айтты, немен қорқытты және т.б.); егер зорлаушылар бірнеше болса – олардың әрқайсысы жасаған іс-қимылдардың сипаты); жыныстық қатынасқа түсу әрекеті болды ма; жәбірленуші қарсылық көрсетті ме, көрсеткен жағдайда зорлаушының үстінде және киімінде қандай қарсылық көрсету іздері қалуы мүмкін; жәбірленуші зорлаған адаммен бұрын таныстығы болса, ондай таныстықтың барлық жағдайлары мұқият анықталу керек; зорлау туралы арыз бірден берілмегенде – мұндай бөгелудің себебі, сондай-ақ жәбірленушіге қандай да бір ықпал жасау әрекеттері орын алды ма; жәбірленуші бұл оқиға туралы басқа біреуге айтты ма, айтса кімге және тағы кім іске қатысты мән-жайларды хабардар ете алады; жәбірленушінің зорлауға дейін жыныстық қатынасы болды ма, егер болса ақырғы рет қашан; зорлаудан келген зардап қандай және тағы да басқа жағдайлар.

Егер жәбірленуші жауапты көңілсіз беріп отырса, онда оның себебін анықтаған жөн. Аталмыш себептер әр түрлі болып келеді: арлану, ұялу, қобалжу, зорлаушы немесе оның туысқандары тарапынан ықпал жасау (кекшілдік, пара беру арқылы өзіне қарату, үйленем деп уәде беру), сондай-ақ жариялықтан қорқақтаған жәбірленуші туысқандарының әсер етуі. Сондықтан да арыз бергеннен кейін жәбірленушіге зорлаушымен, оның туысқандарымен, құрдастарымен кездескен жоқ па, олар ықпал жасауға әрекеттенді ме деген сауалдарды міндетті түрде қою керек.

Зорлаудан кейін көп уақыт өтпесе, жәбірленуші куәландырылып, оның киімдері қараудан өткізіледі. Куәландыру әйел-тергеушімен, ал басқа жағдайда дәрігермен жүргізіледі. Куәландыру барысында жәбірленуші денесіндегі зақымдардың сипаты мен орналасуы, олардың киімдегі жарақаттарға сәйкес келуі, қан мен басқа да бөлінділердің іздері, денеге жабысып қалған шаш,

жер қыртысының бөлшектері және тағы басқа әр түрлі былғанулар анықталады және бекітіледі.

Жоғарыда аталған іздер мен объектілер киім-кешекті қарау барысында да анықталады. Айқындалған дақтарды, жыртылған жерлерді масштабтық сызғыш қолдану арқылы суретке түсірген дұрыс.

Үстінде іздер орналасқан киімдер Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің тиісті бабына сәйкес (231-бап) алынады және іс бойынша шешім қабылданғанға дейін сақталады.

Оқиға болған жерді қарау. Қарау барысында жәбірленуші мен сезіктінің оқиға болған жерде болуы, олардың арасындағы арпалыс іздері (бөлмедегі жағдайдың қирауы, сынған ыдыс, басылған шөп), сондай-ақ тікелей зорлау іздері (жәбірленуші мен қылмыскердің ұсақ заттары, олардың киімдерінің бөлшектері, түймелер, шылым қалдықтары, қан мен шауқат (ұрық сұйықтықтары) іздері және т.б.). Қарау әрекетіне сот-медицина қызметкері мен маман-криминалист, сонымен бірге іздерді табуға көмек көрсете алатын жәбірленушінің өзі қатыстырылады.

Тұрғылықты бөлме тәрізді оқиға болған жерді қарау барысында кереуетке немесе тікелей зорлау әрекеті орын алған затқа ерекше көңіл бөлінеді. Зорлау әрекеті сезіктінің пәтерінде жасалынып, онда мысалы жәбірленушінің шаш түйреуішінің табылуы, қылмыскердің іс-әрекетін әшкерелеуде елеулі маңызы болуы мүмкін. Ашық жердегі, қора-ауладағы оқиға болған жерді қарау барысында алдымен тергеуші назарына өсімдіктер жаншылған орындар іліну керек. Шөптің арасынан оқиғаға қатысы бар тұлғалар түсіріп алған әр түрлі заттар табылуы ықтимал.

Микрообъектілердің табылуына ерекше көңіл бөлген жөн. Микрообъектілерді біршама уақыт өтсе де, сонымен қатар оларды тасымалдаушы заттар жағымсыз жағдайларда сақталса да (мысалы, табиғат немесе өндіріс тарапынан пайда болған), тіпті жуылған күнде де оқиға болған жерден табуға болады.

Кейде ішінде жәбірленуші зорланған немесе қылмыс орнына әкелу мақсатында пайдаланған автокөлік қараудан өткізіледі. Автокөлік ішінен жәбірленушінің болғандығына сілтейтін және арпалысқан іздерді, ал дөңгелегі мен басқа да бөлшектерден – қылмыс орнынан жабысқан жер қыртысын, өсімдік қалдықтарын табуға болады.

Жәбірленушіге қатысты *сот-медициналық сараптама* тағайындағанда төмендегідей мәселелер шешіледі:

- жәбірленушінің жыныс пердесі бұзылды ма және оның бұзылу мерзімі;
- жыныс пердесі жыныстық қатынасқа түспей бұзылуы мүмкін бе;
- жәбірленуші бұрын жыныстық қатынаста болған ба, егер болса – қашан;
- қынап ішінде немесе жәбірленушінің басқа да дене мүшелерінің үстінде ұрық сұйығының (сперма) іздері бар ма, егер бар болса, онда ол қай топқа жатады;
- жәбірленушіге қандай зақым түрлері келтірілген, олардың сипаты, жарақаттау мерзімі және орналасуы;
- зақымдар күш көрсету арқылы жыныстық қатынасқа түскенді сипаттай ма;
- жәбірленушіге мерез (венерический) ауруы жұқтырылған ба, егер жұқтырылса – оның мерзімі;
- жәбірленушіде жүктілік белгілері бар ма, бар болса оның мерзімі қандай.

Бұрын аталып өткендей, егер сезікті белгілі болса, тергеудің алғашқы кезеңінде ол ұсталынып, жеке басы тінтіледі, куәландырылады және киімдері қараудан өткізіледі. Аталмыш әрекеттер сезікті ұсталғаннан кейін, дәл жоғарыда көрсетілген ретте жүргізіледі.

Жеке басын тінту барысында кейде сезіктіден жәбірленушіні қорқыту үшін қолданылған қару, жәбірленушімен қандай да бір қарым-қатынаста болғандығын көрсететін заттарды, қылмыскердің осындай қылмыс жасауға бейім тұратындығын байқататын нәрселерді табуға болады. Сезіктінің жан қалталық кітапшасында кейде басқа да құрбандардың аты-жөні

мен мекен-жайлары болуы мүмкін, сондықтан осындай заттар табылғанда, оған ерекше көңіл бөлген дұрыс.

Куәландыру және жәбірленуші киімін қарау барысында, осы тұлғаға қатысты басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде табылатын іздер анықталады (дене жазақаттары – тырнақ ізі, сызаттар, тіс іздері, қан және ұрық сұйығының дақтары, шаш қалдықтары, киім үстіндегі жыртылыстар мен кірленулер). Жәбірленуші денесінен табылған іздер хаттамаға енгізу және суретке түсіру арқылы бекітіледі. Кірленулер жайлы мәлімет хаттамаға енгізілген соң, дымқыл дәкемен (марля) сүрту арқылы бекітіліп, кейін бөлме температурасында кептіріледі, ал сезікті киімі алынады. Егер сезікті киімінде микрообъектілер табуға болады деген негіз туындаса, онда олар басқа іздер болмаған жағдайда да алыну керек.

Сезіктіден жауап алу әрекеті, ол ұсталғаннан кейін бірден жүргізіледі. Жауап алуды сезікті мен жәбірленуші арасындағы қарым-қатынастар сипатын анықтаудан бастаған жөн, яғни, сезікті жәбірленушіні тани ма, таныса – қашаннан бері, араларында жыныстық қатынас болды ма, болса – қанша мерзім өтті, ақырғы кездесулері қашан болып еді деген сұрақтар төңірегінде өрбу керек. Кейін қойылатын сауалдар жәбірленуші арызына қатысты қойылады.

Жауап алудың кейінгі бағыты сезікті көрсетулеріне байланысты болады. Егер де ол зорлау фактісін мойындаса, онда оған болған істің мән-жайы бойынша толық көрсетулер беру ұсынылады (уақыты, орны, зорлаудың егжей-тегжейін, қолданылған күш сипаты, жәбірленуші көрсеткен қарсылықтар және тағы басқа іске қатысты деректер туралы).

Жыныстық қатынас ерікті түрде өткендігі немесе мұндай қылықтың болғандығын сезікті мойындамаса, онда оған мұндай тұжырымды жоққа шығаратын іс бойынша жиналған дәлелдемелер ұсынылады (оқиға болған жерді қарау, куәландыру, жауап алу хаттамалары, сот-медициналық және басқа да сараптамалардың қорытындылары). Жәбірленушінің осындай қылмыспен

арыздануына не себеп болғандығын түсіндіру мүмкіндігі сезіктіге ұсынылу керек.

Тергеудің алғашқы кезеңінде күдіктінің тұрғылықты жерін *тінту барысында* зорлау кезінде үстінде болған киім, жәбірленушімен қарым-қатынасын көрсететін хат алмасулар мен басқа да заттар, сезіктінің әдепсіздік қылықтарға бейімдігі мен бұрын жасалған осындай қылмыстарын айғақтайтын деректер табылуы мүмкін.

Куәлардан жауап алу. Тергеу үшін маңызды көрсетулерді оқиға болған жердің маңайын мекен ететін және жәбірленушіге көмекке келген немесе сезіктіні ұстауда ат салысқан тұлғалар бере алады. Аталмыш тұлғалардан жауап алу әрекеті кідірілмей жүргізілу керек.

Куәгерлерден жауап алу барысында анықталатын жағдайлар:

- қандай себеппен куәгерлер оқиға болған жерде болды;
- куәгерлер не көрді, жәбірленушінің мінез-құлқы қалай байқалды (сезіктінің дәмеленуіне қарсылық көрсетті ме, көмекке шақырды ма, құтылуға тырысты ма);
- егер де куә сезіктіні ұстауда көмек көрсеткен болса, онда оның сол мезеттегі мінез-құлқы, ұстау кезінде қарсылық көрсетті ме, не айтты;
- зорлаған адам бой тасалап кеткен болса – қандай бағытта, оның бет әлпеті, қалай киінген, куә оны тани ала ма және т.б. мәселелер.

Жәбірленуші және басқа да объектілерден зорлаушы ағзасының бөлінділерін көрсететіндей іздер табылғанда *заттық дәлелдемелердің сот-медициналық сараптамасы тағайындалады*. Мұндай сараптама көмегімен шешілетін мәселелер:

- сараптамаға ұсынылған заттарда қан, сілекей және шауқат іздері бар ма?
- қан іздері дене мүшесінің қай жерінен екендігі;
- табылған шаш адамдікі ме, әлде жануардікі ме, егер де адамдікі болса, ол дене мүшесінің қай жерінен және қандай жыныстағы адамдікі;

– бұл шаштар түсіп қалған ба, әлде жұлып алынған ба және т.б.

Зорлауды тергеудің алғашқы кезеңінде тағайындалатын криминалистикалық (көбіне трасологиялық), сондай-ақ сот-жер қыртысын танушылық және материалдар танушылық (микрообъектілерді зерттеу) сараптамалар да аз емес.

Трасологиялық сараптаманы тағайындау арқылы мынадай сұрақтар шешіледі: оқиға болған жердегі іздер сезікті немесе жәбірленуші аяқ киімімен кескінделген бе; денедегі тістің іздері оқиғаға қатысушылардың біреуімен келтірілген бе; әр түрлі объектілер (бөлмедегі жиһаз, әйел сөмкесі) үстіндегі саусақ іздері нақты тұлғамен қалдырылған ба. Сот-жер қыртысын танушылық сараптама көмегімен оқиғаға қатысушылар аяқ киіміндегі жер қыртысы қалдықтарының шығу тегі нақтылы жерге (қора-аулаға) жататындығы шешіледі.

Материалдарды тану сараптамасына сезікті киімінде жәбірленуші киімінің талшықтары немесе керісінше жәбірленуші киімінде сезікті киімінің талшықтары орналасқан ба және сезіктінің киімі жәбірленуші киімімен қатынасқа түсті ме деген сауалдар қойылады. Аталмыш мәселелерді шешу барысында сезіктінің жәбірленушімен қатынасқан жоқпын деген тұжырымы жоққа шығарылғандықтан, оның дәлелдемелік маңызы өте зор.

4.4. Меншікке қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі

Бөтен мүлікті ұрлауды тергеу әдістемесі

Ұрлықтың криминалистикалық сипаттамасы. Анықтауға жататын жағдайлар. Жәбірленуші және басқа адамдарға білдіртпей қимылдауына сенімді болған кінәлімен мүлікті жасырын қымқыру тәсілі – ұрлықты тонаудан және шабуыл жасап тонаудан ажыратады. Заңсыз біреудің үй-жайына, бөлмесіне немесе басқа да қоймасына кіре отырып ұрлық жасағаны үшін заңда ауыр-

лататын жауаптылық көрсетілген. Осымен ол алаяқтықтан немесе қорқытып алушылықтан ажыратылады.

Бөтен мүлікті ұрлауды тергеу әдістемесіндегі анықтауға жататын жағдайлар:

- ұрлық фактісі болды ма;
- ұрлықты жасау тәсілі;
- ұрлықтың жағдайы (уақыты, орны және т.б.);
- ұрланған зат нақты кімдікі;
- нақты не нәрсе ұрланды (заттарды және олардың белгілерін тыңғылықты түрде суреттеу);
- ұрланған заттың құны;
- ұрлыққа қатысқан барлық тұлғалардың жеке басы;
- егер ұрлық топпен жасалынған болса, онда әрбір топқа қатысушының рөлі;
- қылмыстан келген жалпы зиян мөлшері;
- ұрлық жасауға итермелеген жағдайлар.

Аталмыш қылмыс әр түрлі жерлерде жасалынады. Көбіне ұрлық жасалынатын жерлерге: дүкендер, қоймалар, басқа да құнды және бағалы заттар сақталынатын әр түрлі орындар, азаматтардың пәтерлерінен және қорауларынан, сондай-ақ вокзалда, пойызда қол жүктерін, адамдардың көп жиналған жерлерінде (базар, автобус, жәрмеңке сияқты) қалтадан ұрлық жасау жатады.

Ұрлық затына ақша, әшекей заттар, күрделі тұрмыстық техника (телевизор, үн және бейнетаспа, компьютерлер, көлік құралдары, қымбат ыдыстар, коллекциялық заттар, көне жазулар және антиквариат және басқаларды жатқызуға болады.

Ұрлық жасаудың негізгі тәсілдері:

- 1) бөтен мүлікті үй-жайдан ұрлау:
 - бұзу арқылы;
 - бұзусыз;
- 2) сенімділікті пайдалану арқылы жасалынатын ұрлықтар:
 - үй-жайға кіру арқылы;
 - үй-жайға кірмей;
- 3) үй-жайға кірумен байланысты емес жасалынған ұрлықтар:

- қалтадан ұрлау (соның ішінде сумканы және қалтаны тілу арқылы жасалынғандар);

- маскүнемдердің қалтасынан алып қою;

- чемодан, сумка, велосипед және заттарды ұрлау;

4) вокзалдағы жүк сақтау автоматты камераларынан ұрлау;

5) автокөліктерден ұрлық жасау.

Ұрылар үй-жайға құлыпты, есікті, терезені бұзу немесе қабырғаны, төбесін, еденін қирату арқылы енеді. Мысалы, бөлмеге төбені жарып-сындыру арқылы ену оқиғасы орын алғанда төмендегідей заттық дәлелдемелер мен іздер анықталуы мүмкін: төбеден түсу үшін пайдаланылған арқан немесе трос, мата және басқа да материалдардың талшықтары, шаш іздері, сындыру құралы, жер қыртысы, топырақ, сындыру құралынан қалған іздер, адам иісінің іздері, аяқ (аяқ киім) іздері, қол, саусақты қолғап іздері, арнайы химиялық заттардың іздері, сіріңкелер, төбені құю кезінде қолданылған заттардың қалдықтары, бояу қалдықтары, құрылыс материалдарының қалдықтары және т.б.

Құлыптар қиратылады немесе желбезекті кілт (отмычка) таңдалған кілтпен ашылады. Есіктің өзін қаңқасынан ұрып шығарады, есіктегі құлыптарды қылмыскерлер кесіп алады немесе жабу механизмін теседі; терезелерді сындырады немесе сығып алады (пластырь көмегімен); кірпіштен жасалған қабырғаларды дөрекі балға (кувалда), шлямбурмен жарып кіреді. Қалтаға түсу екі тәсілмен жасалынады: қандай да бір затпен бүркемеленіп немесе ондай затсыз сығылысқан кезде.

Ұрылардың бүркемелеу заттары ретінде емшектегі баланы, гүлшоқтарын, кішкентай иттерді, мысықтарды пайдаланғандығын тәжірибеден байқауға болады. Ұрлықтың жасалу тәсілін анықтау оны өшкерелеу үшін елеулі болып келеді.

Тергеуді жоспарлау

Осындай санаттағы істер бойынша типтік болжамдардың үш түрі болады: а) ұрлық шынында да болған;

б) ұрлық болмаған, арыз жасаушы арам ниетсіз жаңылысқан (құлып бұзақылармен сындырылып, мүлік үй иелеріне айтылмай, олардың туысқандарымен басқа жерге көшірілген және т.б.); в) ұрлықты жасағансу.

Қылмыстық іс қозғауға қажетті және тергеудің алғашқы кезеңін жоспарлау үшін керек түпнұсқалы мәліметтерге мыналар жатады:

1) мемлекеттік, қоғамдық және басқа да жалпы мүлікті ұрлау жөнінде лауазымнан, объект басшысынан немесе ұрлық фактісін тікелей тапқан тұлғадан келіп түскен хабар. Арыз жасаушыдан жауап алу, оқиға болған жерді қарау, куәлардан, соның ішінде объектіні күзеткен қызметкерлерден жауап алу жоспарланады. Кінәлілерді және ұрланған мүлікті іздеу және анықтауға қатысты жедел іздестірушілік шаралары да алдын ала қарастырылады;

2) үй иесінің немесе басқа да тұлғалардың пәтерден ұрлық жасалғандығы туралы арыз жасауы. Арыз жасаушыдан (жәбірленушіден) жауап алу, оқиға болған жерді қарау, куәлардан жауап алу, қылмыс және қылмыскер іздерін сараптамалық зерттеуден өткізу, іздеу салу шараларын жүргізу бойынша жоспар алдын ала қарастырылады;

3) сапар кезінде қол жүгі ұрланғандығы жайлы жолаушыдан келіп түскен арыз. Арыз жасаушыдан жауап алу, куәларды анықтау және олардан жауап алу, көлік құралы қызметкерлерінен (жол серік, автобус жүргізуші және басқалар) жауап алу, іздеу салу шараларын іске асыру жоспарланады;

4) көлік құралы ұрланғандығы жайлы иесінен келіп түскен арыз. Ұрлықты анықтау жағдайлары, ұрланған көлік құралының белгілері туралы арызданушыдан жауап алу, оқиға болған жерді қарау (тұрақ, гараж), куәгерлер мен куәлардан жауап алу жоспарланады;

5) анықтаған сәттен бастап, қалтаға түсу жайлы арыз жасау. Ұрлық заты, оны анықтау жағдайлары бойынша арыз берушіден жауап алу, кінәліге іздеу салу, кейде жәбірленушінің өзінің қатысуымен;

6) анықтау органының ынтасымен (оперативтік деректер негізінде). Тергеу жоспары жедел іздестірушілік шараларымен ұштастырылады;

7) қылмыскерді ұрлық үстінде немесе жасағаннан кейін бірден ұстау. Ұсталғаннан жауап алу, жеке басын және үй-жайын тінту жоспарланады.

Алғашқы тергеу әрекеттері

Арыз берушіден немесе ұрланған мүліктің иесінен жауап алумен ұрлық жасау (оны анықтау) жағдайларын, ұрланған мүлік атауы, саны және белгілерін, сезікті тұлғаларды айқындау мақсаты көзделген.

Пәтерден ұрлық жасалған істер бойынша жөбірленушіден жауап алу барысында анықталатын жағдайлар:

1) қандай заттар ұрланған, олардың даралық белгілері, жөбірленушіде сондай заттар қалды ма, ұрланған заттардың құны, қашан сатып алынған;

2) ұрланған заттар қай жерде сақталды, оларды сатып алынғандығы, пайдаланғандығы, тұрған жері жөнінде кім біледі, біреу оны уақытша пайдаланды ма, қанша уақытқа, қандай жағдайда қайтарып берді, заттар, өшекейлер ломбардқа, банкке, басқа жерге тапсырылды ма, кімге ол туралы мәлім болды;

3) ұрлық қашан, кіммен және қандай жағдайда анықталды, жөбірленушінің болжамы бойынша ұрлық қай уақытта жасалуы мүмкін;

4) ұрлық қандай жағдайларда жасалуы мүмкін еді, оның жасалынуын қандай жағдайлар жеңілдетті және ол туралы кім білуі мүмкін;

5) жөбірленуші ұрлық жасауды кімнен сезіктенеді, бөтен адамдар арасында кім оның бөлмесінде немесе аула алдындағы құрылыстарда болған, қандай сылтаумен және қайсысы оның мүлкіне қызығушылық білдірді.

Оқиға болған жерді қарау арқылы тергеуші қандай да бір дәрежеде мәселелерді түсіндіретін мәліметтерді алады:

• а) ұрылар ұрлық болған жерге қандай тәсіл арқылы енген және қандай құралмен сындыру жүргізді, сын-

дыру іздері қандай, жабу құрылғылары, есік және терезелердің қалпы мен жағдайы;

- б) ұрылар ұрлық болған жерге қай жақтан енген, қай бағытта және қалай ол жерден шығып кетті, көлік құралдары қолданылды ма, қандай түрімен және ұрлық болып жатқан кезде қай жерде тұрды;

- в) ұрлықты кім жасады, ұрылар саны, ұрлық болған жерде қанша уақыт жүрген, олардың физикалық мүмкіншіліктері мен ерекшеліктері, қылмыскердің кәсіби және қылмыстық дағдылары бар ма, қылмыстық ырымшылдық пен дәстүр белгілеріне сай олар кәсіпшіл қылмыскерлер қатарына жата ма;

- г) атап айтқанда ұрланған не. Аталмыш сұраққа толымды жауапты ұрланған зат иегерлері немесе мүлік сақтығына жауап беретін тұлғалар береді. Қажет болған жағдайда мұндай мәселені шешуде мүлікті тізімге алу (инвентаризация) мен сот-экономикалық сараптамалар да өз көмегін көрсетеді. Алайда, бастапқы жауапты қарау нәтижесі де бере алады. Сонымен қатар қарау мәліметтері келешекте ұрланған заттар және ұрлық жағдайлары туралы көрсетулерді тексеруге мүмкіндік береді;

- д) қандай басқа да жағдайлар келешекте қылмыскерлерді әшкерелеуде өз көмегін көрсетеді. Оқиға болған жерде қалып қойған сындыру құралы, қылмыскерлер дене мүшесі бөліктерінің іздері, заттар бумасынан қалған бөлшектер, нөмірлі заттардың құжаттары және тағы басқалармен қатар, жәбірленуші назарын өзіне аударған қылмыскерлердің түсіріп алған заттары, олардың киімдерінің бөлшектері жүреді.

Оқиға болған жердің жағдайына қарай тергеуші ең ұтымды қарау тәсілін таңдайды. Егер бөлмеге ену бөгетті бұзу арқылы іске асырылса, онда қарауды сындырылған жерден бастап, біртіндеп оқиға болған жердің ортасына қарай, яғни, қараудың шоғырланушылық (концентрикалық) тәсілі қолданылады. Егер де оқиға болған жердің криминалистикалық ортасы бөлменің төрінде (мысалы, бұзылған сейф немесе киім ілгіш шкаф) бол-

са, онда қарауда аралас тәсіл пайдаланылады, яғни, алдымен сейф немесе шкаф, кірген есік қаралады, сонан соң қабырғаны біртіндеп жағалай отырып геометриялық орталыққа қарай қарау жалғасады. Мысалы, сейфті бұзғанда әдетте қалатын іздермен қатар, газбен пісіру аппаратынан қалған іздер, сейфке себу үшін қолданған заттардың қалдықтары мен еріген металл қалдықтары анықталып жатады.

Іздерді объектіге енген жерден (мысалы, сығылған есік, ұшырылған терезе, темір торларын бұзу арқылы (аралау әдісі) балконнан кіру) іздеген жөн. Есіктерде, терезелерде, балконда және олардың маңайындағы беткейлерде қол, аяқ киім іздері, киім-кешек талшықтары, сындыру құралдарынан қалған іздер, еденде, балкон ішінде темекі тұқылы, бұзу барысында өз-өзіне жарақат келтіріп алса, қан іздері, жер қыртыстары, ал кейде сілекей мен адам ағзасының (организм) басқа бөлінділері табылуы мүмкін. Қылмыскер сүйкенген объектілерден күнделікті алып жүрген іздермен бірге, иісті іздер алынуы ықтимал.

Оқиға болған жерден сындыру құралдары табылған жағдайда, оларды мұқият қарау – қылмыскердің қол іздерін табуға мүмкіндік береді. Кейде сындыру құралдары арқылы аты-жөнін (егер аталмыш құралдың үстінде негердің жеке басын анықтайтын қысқартылған әріптер болса), шамамен кәсібін және әуесқойлығын білуге болады (осылайша, сигнализацияны ағыту үшін пайдаланған тістеуік электрдікі, телевизор жөңдейтін мастердікі болуы мүмкін).

Осындай қылмысқа байланысты жағдайларды анықтау мақсатында ұрлық жасалған бөлмемен қатар, маңайындағы кірген немесе шығып кеткен бөлмелерде қараудан өткізіледі. Сонымен бірге оқиға болған жерге тиесілі аулаларды да (мысалы, дүкен, қойма, мекеме аумағы) қараған жөн. Оның себебі қылмыскерлер ұрланған заттарды түсіріп алуы, тастап кетуі немесе жасыруы мүмкін. Ұрлық жасалған жерді қылмыскерлер алдың ала торуылап жүруі мүмкін болғандықтан, ол жерлерді де тың-

ғылықты қарау керек. Ондай жерлерде торуылдауға кедергі жасаған терезелер алынып тасталғандықтан, олардың үстінде қол іздері мен маңдай көшірмелері, аяқ киім іздері, темекі тұқылдары және т.б. қалып қояды.

Тергеудің бұл кезеңінде куәлардан жауап алу барысында алдымен сезікті және көлік құралының ерекше белгілері айқындалады. Мұндай көрсетулер арқылы сезіктілердің синтетикалық портреттері құрастырылады, бір-бірімен сөйлескенде атаған есімдері, дауы және сөйлеу ерекшеліктері бекітіліп алынады.

Жедел іздестірушілік шаралар мен сот сараптамаларын жүргізуде осы өзінің елеулі рөлін атқарады. Сараптамалар арасында көбіне сындыру іздерін, қылмыскердің, көлік құралының оқиға болған жерде болғандығын көрсететін кескіндерді криминалистикалық зерттеуден өткізу көзге түседі. Сарапшылар, ұрлық болған жерге қылмыскерлердің ену механизмін, олардың санын, бой тасалап кеткен бағытын анықтап қана қоймай, сонымен қатар келешекте қылмыскерлерді идентификациялауға мүмкіндік беретін деректерді де айқындай алады.

Қалтаға түсу үстінде ұрыны ұстау оқиғасын тергеудің алғашқы кезеңінің өзіндік ерекшелігі бар.

Ұрлық үстінде ұстау – қалтаға түскен ұрыны әшкерелеудің ең ұтымды құралы. Мұндай әрекет жәбірленуші мен куәгерлердің өздерімен де, полиция органындағы қалтаға түсу ұрлықтарымен күрес жүргізетін оперативтік топтармен іске асырылады. Қалтаға түсуші ұрыны қылмыс үстінде ұстау кезіндегі алғашқы тергеу әрекеттері:

- жеке басын тінту; ұсталған жерді қарау;
- ұсталғанның жеке басын және мекен-жайын анықтау;
- барлық жәбірленуші мен куәгерлерді айқындау және олардан жауап алу;
- ұсталғаннан жауап алу;
- заттық дәлелдемелерді қарау: қылмыс құралдарын (ұстара, пышақтар, шеттері қайралған тиындар, бүрке-

ме болған заттар және т.б.), бүлініс іздері орналасқан қол заттары мен киімдер;

• ұсталған тұлғаның пәтерін және ұрланған заттардың сақтау орындарын тінту.

Ерекше маңызды болып келетін қылмыскердің жеке басын тінту арқылы қылмыс құралы, ұрланған заттар мен құндылықтар табылуы мүмкін. Айғақтық маңыздылығын білгендіктен ұсталған жоғарыда келтірілген заттардан құтылуға тырысады, сондықтан ұстау алдында және үстінде қылмыскер іс-қимылына, сондай-ақ ұсталған жерді қарау кезінде қатаң бақылау орнатылу керек. Дереву барлық жәбірленушілер мен куәлар айқындалып, ұсталғаннан жауап алынысымен, осы тергеу әрекеті солармен жүргізіледі.

Ұсталғаннан жауап алу барысында қылмыс тәсілі, ұстау жағдайлары, қатысушылардың бар болуын, ұрланған заттарды сақтау орны мен саудалау тәсілі анықталады. Егер ол өз кінәсін мойындамаса, онда тиянақты түрде ұсталғанға дейін қайда болғандығы, сондай-ақ ұстау себептері туралы оның түсініктерін бекітіп алу керек.

Ұрлық жөніндегі істер бойынша анықтаушы органдардың жедел іздестірушілік шаралары сезіктіні әр түрлі криминалистикалық тіркеулерден тексерумен, ұқсас тәсілмен жасалған ұрлық туралы тіркеулік және архивтік мәліметтерді талдаумен, сезіктіні синтетикалық портреттер көмегімен іздеумен, қылмыскерлер және ұрланған заттардың белгілері жайлы басқа да полиция қызметкерлерін бағдарлаумен көзге түседі; ұрланған заттарды саудалауы ықтимал жерлерге бақылау орнату.

Келесі тергеу әрекеттері

Мұндай тергеу әрекеттері қатарына алдымен тінтуді жатқызуға болады (егер ол тергеудің алғашқы кезеңінде жасалмаса). Тінтуге сезікті немесе айыпталушының үй-жайы және қора-ауласы жатады; тінту айыпталу-

шыға дем берушілердің және басқа да қарым-қатынастағы тұлғалардың мекен-жайларында жасалынуы керек. Негізгі іздеу объектілері – ұрланған мүлік және қылмыс құралы.

Сонан соң айыпталушы куә мен куәгерлерге тану үшін көрсетіледі. Егер, ұрлық алдында жәбірленушімен кездесуге өкеп соқтырған барлау жұмысы жасалса, онда қылмыскер жәбірленушіге де тану үшін ұсынылады.

Бұл кезеңде, ізін суытпай тағайындалмаған сот сараптамалары да жүргізіледі. Мұндай сараптамалар сезіктінің оқиға болған жерде болғандығына сілтейтін жағдайларды дәлелдеуге көмек береді (трасологиялық: қол, аяқ, тіс, сындыру құралдарының іздері; микрообъектілер, жер қыртысын танушылық сараптама).

Ұрлықты бір топ адам жасағанда, сезікті мен айыпталушыдан жауап алу кезінде әдеттегі сұрақтармен қатар, топтың әрбір мүшесінің рөлі анықталады; топты ұйымдастырушының жеке басы және атқаратын рөлі айқындалады, сондай-ақ дем беруші тұлғалардың, яғни, ұрлық объектісі мен жәбірленушінің мінез-құлқы туралы ақпарат ұсынған, қылмыс құралы мен қаруын тауып берген және ұрланған заттарды жасырып немесе саудалауға алдын ала серт берген жеке басы анықталады. Жең ұшынан жалғасқан топ мүшелері назарға ілінгенде, оның әлсіз буынын, яғни, қылмысқа қатысушы арасындағы ең тұрақсызын табу керек.

Ұрлықты жасаған суды әшкерелеу де өз ерекшелігімен көзге түседі. Мұндай әрекет алдамшы жәбірленушімен мынадай фактілерді жасыру мақсатында жасалынады:

- сеніп берген мүлікті иелену және талан-таражға салу;
- құжаттарды (жеке басының, қызмет бабындағы) сақтау және пайдалану кезіндегі салақтылық;
- басқа да мардымсыз қылық немесе жағдайларды жасыру.

Жасаған су оқиғалары ұрлықтың барлық түрлерін тергеу кезінде орын алуы мүмкін, алайда сеніп берген

мүлікті талан-таражға салу немесе иемденуді жасыру да көбірек кездеседі.

Ұрлықты жасағансу туралы болжамдар іс бойынша шығарылған басқа да болжамдармен қатар тексерілуі керек. Жасағансуды растау және әшкерелеудің ұтымды құралы ретінде ұрлық болған жерді қарау, тергеу эксперименті және сараптама жүреді.

Ұрлық болған жерді қарау барысында жасағансу белгілерін көрсететін негативтік жағдайлар анықталады:

- ұрлық орнына шын мәнінде кіре алатындай қиратылған бөгеттің табылған қиратылған бекіту құрылғылары бөгеттерімен (терезелер, қабырғалар, есіктер, құлыптар) сәйкес келмеуі;

- сақтаған орны бөтен адамдардың біреуіне де мәлім болмаған, ең бағалы заттардың жоғалуы;

- қажеттілігі жоқ және ұрлық сипатымен дәлденбеген, құндылықтарды сақтау орнын қирату;

- іздердің табылуы тиіс жерлерден, керісінше қылмыс және қылмыскер іздерінің болмауы;

- ұрланған сияқты мүлік сипатының объективтік жағдайларға сәйкес келмеуі.

Ұрлықты жасау жағдайлары туралы жәбірленуші көрсетулерін тексеру мақсатында көбіне тергеу эксперименті жүргізіледі. Эксперименталдық тәсілмен ұрлық жасау орнына қылмыскерлер пайдаланған ену тәсілін анықтау қиынға соқпайды. Сонымен қатар аталмыш тәсілмен ұрлық жасау орнында ұрланған тауардың сонша көлемі бола ала ма, осынша көлемдегі тауарды ұрылар қарамағында болған уақыт аралығында шығарып өкету мүмкін бе және тағы басқаларды анықтауға болады.

Ұрлықты жасағансуды әшкерелеуде көмек көрсететін сараптамалар:

- криминалистикалық (оқиға механизмін шынайы бағалай алатын);

- сот-бухгалтерлік – ұрланған сияқты тергеуді қызықтыратын тауарлық-материалдық құндылықтар шын мәнінде ұрлық жасалған орында болғандығын анықтау үшін.

Жоғарыда талдаудан өткізілген меншікке қарсы қылмыстардың үш тобы, яғни, бөтен мүлікті ұрлау, тонау және қарақшылық тәжірибеде жиі кездесетін іс-әрекеттер болып саналады. Аталмыш қылмыс түрлерін тергеу әдістемесі құқық қорғау қызметкерлерінің криминалистика ғылымының барлық тараулары бойынша алынған тәлім-тәрбие мен білім-біліктілікті ерекше ұтымдылықпен дер кезінде пайдалануы – қылмыстың түбегейлі ашылуына жол береді. Ал жоғарыда аталған қылмыстар іске асырылғанда оқиға болған жерде көптеген іздер қалады, оларды тыңғылықты түрде уақытында табу, жинау, алдын ала зерттеуден өткізу және тергеу барысында пайдалану арқылы қылмыстың ізін суытпай ашуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Мысалы, бөлмеге кіру арқылы жасалған ұрлық, тонау және қарақшылық кезінде есікті бұзып кіргенде мынадай іздер қалуы мүмкін: құрылыс материалдарының қалдықтары (өк, сылақ), сағыз, пластилин, мата және басқа да материалдар талшықтары, адам иісі іздері, ағаш үгінділері, жарықшақтары, қол іздері (саусақты қолғап іздері), аяқ, аяқ киім іздері, құлып және оның бөлшектері, кілт, желбезекті кілт (отмычка), бояу қалдықтары, бұзу іздері, сындыру құралы, жер қыртысы, топырақ, сіріңке, темекі тұқылы, сілекей, қан дақтары және т.б.

Сондықтан, мұндай қылмыс оқиғалары орын алған жерлерде қалатын іздер мен заттық дәлелдемелер шеңбері әрбір құқық қорғау қызметкерінің жадында болу керек.

Алаяқтықты тергеу

Алаяқтықтың криминалистикалық сипаттамасы. Анықтауға жататын мән-жайлар

Алаяқтық, яғни, бөтен мүлікті ұрлау немесе бөтен мүлікке құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу меншікке қарсы қылмыстар қатарына жатады (ҚР ҚК-нің 177-бабы).

Кейінгі жылдары алаяқтықтың қоғамға қауіптілігі үдей түскен тәрізді: мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге, орта және шағын бизнес құрылымдары мен азаматтарға қарсы жасалынған осындай қылмыстар орасан көп материалдық зиян келтіреді, сондай-ақ саяси жағынан тұрақсыздандырушы факторымен байқалады.

Көбіне алаяқтық іс-әрекеттердің қылмыстық қастандық жасау заты ретінде ақша жүреді. Басқа жағдайларда алаяқтар өнеркәсіп тауарларын, валюта, құнды қағаздар, жылжымайтын мүлік, зергерлік бұйымдар, өнер туындыларын иемденіп жатады.

Алаяқтықты іске асыру тәсілдері сан алуан болып келеді. Бұрыннан танымал арбап-алдау және сенімге қиянат жасау тәсілдеріне төмендегілерді жатқызуға болады: карта немесе басқа да құмар ойындары («рулетка», «наперстник» және т.б.) кезіндегі алдау әрекеттері; қолдан жасалған бағалы тастарды саудалау; алдамшы ақшалар («кукла») мен заттарды пайдалану; ақшаны эквивалентті емес тұрғыдан айыру; құқық қорғау және бақылаушы органдары атынан салық-салым жинау және тағы басқалары.

Алаяқтардың техникалық жағынан жабдықталуы жақсы болып, қылмыстық ниетін іске асыру барысында олар жоғары кәсіптілікпен көзге түседі. Осылайша, карта ойнауда алдайтын алаяқтардың өзінің қарсыластарының қолындағы карталарды көру мақсатында телевизиондық құрылғыларды пайдалану әрекеттері тәжірибеде орын алған.

Алаяқтар қоғамда өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарды жедел сезініп, осы кезеңдегі кейбір жұртшылықтың және шағын-орта бизнес саласындағы кәсіпкерлердің құқықтық білімсіздігі мен нарықтық қатынастағы тәжірибесінің аз болуы немесе мүлдем болмауын ескере отырып, өз арам пигылын іске асырады. Мәселен, алаяқтар құнды қағаздар нарығына, шетелдік кәсіпкерлік қарым-қатынастарды пайдалануға, жекешелендіруге, бағытты түрде қаржыландыруға, несиелік-банктік қатынастарға байланысты алдап-

арбау әдіс-тәсілдерін дайындап, іс жүзінде қолданып жатады. Қазіргі кездегі алаяқтық әрекеттердің бір ерекшелігі – мұндай іс-қимылдар заңды тұлға атынан азаматтық-құқықтық келісім және қаржылық-шаруашылық операциялар түрінде жасалынады.

Кейінгі жылдары алаяқтықтың мынадай тәсілдері байқалып отыр: жасанды құжаттар арқылы банктік несиелер алу; жұртшылық қаражатын тарта отырып, келешекте жымқыру мақсатында жалған фирмалар құру; үй-жайға байланысты жалған келісім (саудалау, ауыстыру, жалға және кепілге беру); банкоматтан ақша немесе сауда-саттық мекемелерінен тауар алу үшін жасанды не біреудің пластикалық карточкаларын пайдалану; валюта айырбастау, шетел төл құжаттары мен рұқсатнама (виза) дайындау, құнды қағаздардың қамтамасыз етілмеген акциялары мен суррогаттарын сату барысындағы алдаулар.

Жәбірленушілерді алдау, тікелей алаяқтармен қарым-қатынас арқылы жасалатындығын ескерсек, алаяқтар әрқашан өз қылмыстық қызметінің іздерін жасыруға тырысады. Осындай мақсатта алаяқтар картадан ұтылған ақшаны қайтару мүмкіндігін жәбірленушіге ұсынудан, қаражаттың заңды тартылуын жұртқа көз қылудың әр қилы шараларын ортаға салудан көз бояушылық алиби құруға, жалған құжаттар жасауға, сондай-ақ шетелге қашып кетуге дейінгі алдаудың біртұтас жиынтығын қолданады.

Тәсілдері және басқа да жағдайларға байланысты алаяқтық көшеде, жеке меншік пәтерлерде, фирма бөлмелерінде, дүкендерде жасалынады.

Алаяқтардың кәсіби деңгейі жоғары, ой-өрісінің кең, құқықтық білімі мен бағытты мамандығы болатындығын, олардың тұлғасына жүргізілген зерттеулер дәлелдеп отыр.

Бөлек қылмыс түрлерін кәсіп еткен алаяқтардың бірігіп, ұйымдасқан қылмыстық топтар болып қалыптасуын кейінгі жылдары байқауға болады. Нақтылы рөлдер мен орындайтын қызметтерді топ мүшелері ара-

сында тарату көріністері аталмыш топтарға тән. Осылайша, құмар ойындарда бір топ мүшелері осы ойынға азаматтарды баулиды, енді біреулері ойынның барысында жәбірленушіге психологиялық ықпал жасайды, үшіншілері тікелей ойынға қатысады, ал төртіншілері жүргізіліп жатқан операцияның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мұндай топтар техника жағынан жасақталғандығымен, шапшаң қимылдары және басқа қылмыскерлер санатымен тұрақты қарым-қатынаста болу арқылы ерекшеленеді. Олардың кейбіреулерінің көзге ұрарлықтай ұлттық-аумақтық реңкі бар.

Жәбірленушілер қатарында қолданыстағы заңды қасақана бұзатын тұлғалар саны да аз болмағандықтан, мұндай оқиғаларды алаяқтар шеберлікпен пайдалана біледі. Белгіленген тәртіпті бұза отырып, аталмыш тұлғалар шетел төл құжаттары мен рұқсатнама (виза) алуға, шетелдік контракттарды іске асыруға, шетелдік серіктестерден келіп түскен жүктерді кеденнен өткізуге, өз мүлкін валютаға сатуға талпынады. Осындай көрініс арқылы алаяқтықтың беймәлімділігін (латентность) түсіндіруге болады.

Алдап-арбаушылық құрбаны болған заңдылықты бұзбайтын азаматтар саны да жеткілікті. Үй-жаймен алаяқтық келісім жасау туралы істер бойынша жәбірленуші ретінде көбіне жалғыз басты қарт адамдар, психикалық ауруға шалдыққандар, көп балалы жанұялар, жасы көмелетке толмағандар жүреді.

Алаяқтықты жасау тәсілдерінің әр қилылығы, оны іске асыру барысында іздердің көп қалуына себеп болады. Олардың қатарына жататындар: жәбірленуші мен басқа да тұлғалардан алынған алаяқ және оның қимылдары жайлы мәліметтер; құрбан қалып қойған қылмыс құралдары (жалған ақшадан жасалған «қуыршақ», қол хат, жалған құнды қағаздар мен басқа да құжаттар, жасанды зергерлік және басқа да заттар); алаяқтыққа дайындалудағы қылмыскерлердің қимылдарын көрсететін дұрыс құжаттар (телеграммалар, келісім-шарттар, есепшоттар, ниеті туралы хаттамалар және тағы басқалар).

Осындай санаттағы қылмыстық істер бойынша дәлел-
деуге жататын жағдайлар:

- √ алаяқтық оқиғасы орын алды ма;
- √ алаяқтықты жасау тәсілі, орны, уақыты, жағдайы;
қылмыстың куәгері кім;
- √ қылмыстық ниеттің болуы;
- √ алаяқтық заты (нені иемденді), ақшаның қанша со-
масы алаяқпен заңсыз алынды;
- √ кімге қарсы алаяқтық әрекеті жасалынды (мемле-
кеттік немесе қоғамдық ұйым, сауда құрылымдары,
жеке тұлға);
- √ қылмыскер туралы мәліметтер (жұмыс орны, қыз-
мет орнынан мінездеме, сотталғандығы, қылмыс қоз-
ғамы (мотив), қылмыс тәсілдері, қылмыстық топтағы
рөлі, бұрын жасаған қылмыстары);
- √ алаяқтық қылмыстық топ және алаяқтық қимыл-
дарына қатысқан басқа да тұлғалар жайлы мәліметтер
(құрамы, саны, техникалық жасақтылығы мен қарулан-
ғандығы, жемқор және сыбайлас элементтерімен бай-
ланыс, кәсіптілік);
- √ жәбірленуші тұлғасы жайлы мағлұмат, алаяқпен
қатынасу жағдайлары;
- √ алаяқтықты жасауға себеп болған жағдайлар.

Егер де алаяқтық заңды тұлғамен бүркемелене оты-
рып жасалынса, төмендегідей мәселелер анықталу ке-
рек: осындай тұлғаның құқықтық мәртебесі және ұйым-
дастырушылық-құқықтық нысаны; келісім мен опера-
циялар жүргізуге лицензияның болу-болмауы; құнды
қағаздар айналымына қатысты ережелерді, сондай-ақ
валюталық, кедендік және басқа да заңдылықтарды сақ-
тау т.б.

*Қылмыстық іс қозғау ерекшеліктері. Тергеудің
алғашқы кезеңіндегі кәдімгі жағдайлар (типтік
ситуациялар) және тергеуші іс-әрекеттері*

Алаяқтық әрекеттері құқық қорғау қызметкерлері,
оның ішінде анықтама органдарының жедел-іздісті-

рушілік шараларын жүргізу барысында, сондай-ақ мұндай көріністер жайлы азаматтар арыздары мен заңды тұлғалардың хабарламаларының арқасында мәлім болады.

Алаяқтық азаматтық-құқықтық келісім немесе қаржылық-шаруашылық операциялармен бүркемеленген жағдайларда анықтама органдары тергеуге дейінгі тексеріс жүргізеді. Мұндай тексерістер өзіне құжаттарды, нормативтік актілерді талап етіп, оларды алдын ала зерттеуден өткізу, жәбірленушілерден, күдіктілерден және тағы басқа тұлғалардан түсініктемелер алу, ревизия тағайындау, мамандармен ақылдасу тәрізді әрекеттерді жинақтаған. Аталмыш әрекеттермен қатар жедел іздестірушілік шаралар да жүргізіледі.

Алаяқтықты тергеудің алғашқы кезеңінің мазмұны түпнұсқалы тергеу ситуациясына байланысты. Қылмыскер туралы мағлұматтың бар болуын негізге ала отырып, осындай санаттағы істер бойынша мынадай ситуацияларды ажыратуға болады.

1. Алаяқ бізге мәлім, ол алаяқтық әрекеттерді іске асыру барысында немесе оларды жасап болысымен ұсталды.

Мұндай жағдайларда тергеу жүргізудің мынадай тиімді ретін ұсынуға болады: күдіктінің жеке басын тінту және одан жауап алу; тінту барысында алынған заттық дәлелдемелерді қарау; оқиға болған жерді қарау; жәбірленуші мен куәдан жауап алу.

2. Алаяқ белгілі, бірақ та ол тергеуден бой тасалап жүр.

Мұндай тергеу ситуациясында атқарылатын негізгі міндеттердің бірі – алаяққа іздеу салу. Жәбірленуші мен куәдан жауап алу, заттық дәлелдемелерді қараудан басқа жүргізілетін әрекеттер: ішкі істер органдарының бөлімшелерін күдіктіні іздеуге бағдар ету; жедел іздестірушілік шараларын ұйымдастыру; күдіктінің жеке басын және бой тасалауы ықтимал жерлерін зерттеуге бағытталған шараларды іске асыру.

3. Алаяқ белгілі, алайда оның іс-қимылдары заңды келісім-шарттармен бүркемеленген.

Аталмыш ситуация үшін күдікті жасаған операциялардың құқықтық негізі мен сипатын зерттеу тән. Оларға: алаяқтық келісім орын алған құжаттарды алу, осыларға қатысы бар лауазымдарды анықтап, олардан жауап алу, мұндай операцияларды рәсімдейтін заңдарды талдаудан өткізу жатады.

Алаяқтық іс-қимылдарды бүркемелеу үшін заңды тұлғалар (акционерлік қоғам, жауаптылығы шектеулі қауымдастық, жеке меншік мекемелер және т.б.) пайдаланылған істер, осындай тұлғаның қаржылық-шаруашылық қызметін зерттеуге бағытталған тергеулік және басқа әрекеттерді жүргізу арқылы сипатталады. Оларға: тексерістегі фирманың құрылтай және басқа да құжаттарын алып зерттеу; түгендеу (инвентаризация) және ревизия тағайындау; қызметтік бөлмелерді қарау немесе тінту; салымшыларды айқындап, олардан жауап алу (жеке тұлғалардан инвестиция ретінде жиналған қаражаттарды талан-таражға салу жағдайларында); фирманың ақшаларын, құндылықтарын және мүлкін іздестіру; олардың банктік есеп-шоттарын тұтқындау.

4. Алаяқ белгісіз.

Мұндай жағдайларда тергеуші субъективтік портрет құрастыруды, криминалистикалық тіркеулерден тексеруді, жедел-іздестірушілік шаралар жүргізуді ұйымдастырады.

Тергеудің алғашқы кезеңінде төмендегідей типтік жалпы болжамдар шығарылады:

√ алаяқтық арызданушы хабардар етіп отырған жағдайларда орын алған;

√ алаяқтық емес, басқа қылмыс (қорқытып алушылық, тонау және т.б.) көрінісі орын алған;

√ заңды түрде жасалынған азаматтық-құқықтық келісім көрінісі орын алған (ауыстыру, сауда-саттық, қарыз).

Жеке болжамдар тергеушімен қылмыстық алаяқтық топтардың атқаратын функциялары мен құрылымдарына, қылмыс іздерін жасыруға бағытталған әрекеттерге, күдіктілердің жасырынған жерлеріне және тағы басқа жағдайларға қатысты шығарылады.

Алғашқы тергеулік әрекеттер тактикасының ерекшеліктері

Жөбірленушіден жауап алу мынадай сұрақтар төңірегінде жүргізіледі: қай жерде, қашан, кім арқылы және қандай жағдайларға байланысты жөбірленуші алаяқпен (фирмамен, осы алаяқтық әрекеттер жүргізілген) танысқан, қандай мақсат көзделген; алаяқ жөбірленушіге қандай уәде берді, одан не талап етті, нені алды, жөбірленушіге нені сатты; кездесулер неше рет болды, қай жерде, қай уақытта, қаншаға созылды; алаяқ жалғыз өзі немесе топ құрамында болды ма, алаяқтыққа әрбіреуі қалай қатысты; алаяқ қандай да бір құжаттар көрсетті ме; жөбірленушіге келтірілген материалдық зиян қалай байқалды; алаяққа жөбірленушімен тапсырылған ақша немесе заттардың заты; алаяқтық жағдайларын кім растай алады.

Қылмыскердің жеке басын анықтауға, оның сырт келбет белгілеріне, киген киіміне, әдеттеріне, сөйлесу мәнеріне ерекше көңіл бөлінеді. Алаяқ көлік пайдаланған жағдайда, оның түрі, түсі, нөмірі, ажыратпа белгілері суреттеледі.

Куәдан жауап алу арқылы анықталатын жағдайлар: алаяқтық жағдайлары; алаяқтың сырт келбеті, оның жеке басы, кәсібі, өмірі, мінез-құлқы туралы мағлұматтар; қылмыстық топтың әрбір мүшесі туралы мәлімет; жөбірленушінің жеке басы, оның келісім-шарттағы мүддесі туралы мәліметтер; келісім-шарт және жөбірленушіге алаяқпен тапсырылған мүлік сипаты жайлы мәліметтер; басқа да алаяқтық деректері және осындай қылмысқа итермелеген жағдайлар.

Жылжымайтын мүлік немесе жеке инвесторлар салымдарын иемденуге байланысты алаяқтық келісімдер туралы істер бойынша куәлар ретінде менеджерлер, бухгалтерлер, хатшылар, кассирлар, тиісті фирмалардың күзетшілері, нотариустар, тұрмыстық-коммуналдық шаруашылықтардың, төл құжат беретін бөлімдердің жұмысшылары мен басқа да қызметкерлер санаттары жүреді.

Алаяқтықты тергеу барысында оқиға болған жерді қарау мүмкіндігін естен шығармаған жөн. Оны жәбірленушінің қатысуымен жүргізген дұрыс болады. Себебі, жәбірленушінің көмегімен оқиға болған жерде хабардар болып, алаяқтық орны мен жағдайына байланысты арызданушы көрсетулерінің шынайылығын тексере аламыз, ал қолайлы жағдайларда қылмыскер қалдырған іздер мен заттарды табуға да болады; куәгер бола алатын тұлғалар шеңбері мен оларды анықтау тәсілдеріне байланысты ойларды құрастыру мүмкіндігі болады.

Алаяқтық іс-қимылдарда коммерциялық құрылымдар қатысқан жағдайларда олардың офистік және өндірістік бөлмелері, кассалары мен бухгалтериясы қараудан өткізіледі.

Алаяқ қалдырып кеткен немесе тапсырған заттардың қараудан өткізуі кідірусіз жүргізілу керек. Осындай тергеу әрекетінен алынған мәліметтер іздеу салу бағдарына енгізіліп, алаяқты табуда пайдаланылады.

Тыңғылықты тексерістен алаяқтық қимылдарды жасаудан кейін жәбірленушіде қалып қойған құжаттар өтеді. Мұндай құжаттарға құнды қағаздар мен олардың суррогаттары, меншік туралы куәлік, келісім-шарттар мен контракттар, қаржылық дербес есеп (лицевой счет) көшірмелері мен үй кітапшасынан үзінділер, мәліметтер, қол хаттарды жатқызуға болады.

Қол іздерін, микробөлшектерді, құжаттардың жасандылық белгілерін айқындау, бекіту және алдын ала зерттеуден өткізу мақсатында тергеулік қарау жүргізу Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 84-бабына сәйкес маман-криминалистке жүктеледі. Істің мән-жайына байланысты қарауға зергер, тауар танушы, бухгалтер сияқты мамандар да тартылуы мүмкін.

Күдіктіні қылмыс үстінде ұстаған дұрыс. Мұндай мәселе, анықтама органдары жедел іздестірушілік шаралар негізінде қылмыстық іс қозғағанда немесе алаяқ өзінің қылмыстық ойын күнделікті іске асырып жүргендігі жайлы жәбірленушілердің арызы болған

жағдайларда орындалуы мүмкін. Ұстауға дайындық барысында осы тергеулік әрекетке қатысатын топ мүшелері, алаяқ және оған көмектесушілердің іс-қимылдарын құжаттандыруға арналған техникалық құралдар, келесі тергеу әрекеттерін жүргізу реті мен тәртібі жайлы сұрақтар шешіледі. Ұстауды, алаяқ жәбірленушінің ақшасы немесе мүлкін иемденгеннен кейін жүргізген орынды болады.

Іс үшін күдіктіден тактикалық тұрғыдан дұрыс алынған жауаптың нәтижесі маңызды болып табылады. Мұндай тергеу әрекетіне дайындық барысында қылмыстың механизмін, алаяқ тұлғасының ерекшеліктерін, оның қылмыстық тәжірибесін, жиналған дәлелдемелер сипатын талдаудан өткізіп, сондай-ақ қылмыскердің қылмыстық топ ішіндегі рөлі мен функцияларын анықтаған жөн.

Алаяқтық іс-әрекетті күдікті мойындаған жағдайда, одан айқындалатын мәселелер: алаяқтық қашан, қай жерде және қандай жағдайларда жасалынды; жәбірленушінің жеке басы туралы қандай деректер күдіктіге мәлім, қандай жағдайда танысқан; алаяқтық қандай тәсілмен жасалынған, бұл қылмысқа дайындық қалай жүргізілді және оны жасыру үшін қандай шаралар қолданылды; қылмысқа қатысушыларға кім жатады, олардың қылмыстық ойды іске асырудағы атқарған рөлі; жәбірленушіден қандай мүлік және құндылықтар алынған, олар қай жерде сақтаулы немесе қандай жағдайда және кімге сатылған; басқа қандай қылмыстар күдіктімен және ол енетін қылмыстық топпен жасалынған.

Алаяқ өз кінәсін мойындамаған жағдайда, ол жәбірленуші мен куәларға тану үшін ұсынылады, беттестіру жүргізіледі, сот сараптамаларының қорытындылары ұсынылады.

Тергеу барысында алаяқтық операцияларға қатысы бар мекеме есепшоттарын тұтқындау қажеттілігі пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда тергеуші тиісті басқарушы субъектіге қатысты дәлелді қаулы шығарып, оны

коммерциялық банк немесе орталық ұлттық банк мекемесіне жібереді. Банк есепшоты тұтқындалған мекемемен барлық қаржылық операцияларды тоқтату керек.

Келесі тергеу әрекеттері

Алаяқтықты тергеудің келесі кезеңінде тергеуші қылмыстық іс бойынша жиналған материалдарды талдай отырып, бір жүйеге келтіреді, қосымша сұлбалар (схемалар) мен кестелерді, толымды жоспарларды құрастырады, сот сараптамаларын тағайындайды, айыпталушылардан қосымша жауап алынып, олардың қатысуымен беттестіру әрекеттерін іске асырады, қылмыскердің іс-қимылын айғақтайтын куәгерлер базасын кеңейту шараларын қолға алады, сондай-ақ тану үшін ұсыну мен тергеу эксперименттерін жүргізеді. Аталмыш кезеңде тергеушінің жұмысы төмендегідей бағыттарда өз қарқынын алады:

√ алаяқтардың кінәсін айғақтайтын дәлелдемелерді тексеру;

√ жаңа дәлелдемелерді жинау;

√ бұрын белгісіз болған эпизодтар мен алаяқтыққа қатысушылар шеңберін анықтау;

√ тергеуден бой тасалап кеткен қылмыскерлерге іздеу салу;

√ алаяқтық іс-қимылының арқасында алынған ақшаларды, сондай-ақ қылмыстық жолмен иемденген мүлік пен құндылықтарды іздеу;

√ айыпталушылардың жеке басын зерттеуден өткізу;

√ алаяқтықты жасауға итермелеген жағдайлар мен себептерді айқындау.

Тергеудің келесі кезеңіндегі тергеушінің бірқатар тергеулік және басқа да әрекеттерін егжей-тегжейлі қарастырып көрейік.

Осындай санаттағы қылмыстық істер бойынша жүргізілетін сот сараптамаларының шеңбері алаяқтық тәсілімен анықтауға жататын жағдайларға байланысты болады.

Қылмысты жасау кезінде алаяқтармен қалдырылған қол іздеріне қатысты дактилоскопиялық сараптамалар жүргізіледі. Ақша «қуыршақтарының ішіндегісін» немесе буманың бүтіндігін анықтау қажеттілігі туындағанда трасологиялық сараптама, ал жасанды өшекей тастар сатылғанда – физикалық-химиялық (геммологиялық) сараптамалар тағайындалады. Қаржылық-шаруашылық операциялармен бүркемеленген алаяқтық қимылдарға байланысты сот-бухгалтерлік сараптама жүргізілуі ықтимал.

Қолтаңба тану сараптамасына қол қоюшыны, бөлек жазуларды, толықтыруларды, сондай-ақ толық мәтінді орындаушыны анықтауды қажет ететін құжаттар жіберіледі. Мұндай жағдайларда зерттеуге мекеменің құрылтайшы құжаттарында, келісімдер мен контракттарында, қол хаттарда, кіріс-шығыс ордерлерінде қойылған қол, сондай-ақ алаяқтардың өз қолдарымен орындаған жоба жазбалары жатады.

Машинкада, типографиялық және басқа да тәсілмен дайындалған құжаттар мен олардың деректемелерінің (реквизиттерін) жасандылық тәсілі мен фактісін анықтау мақсатында құжаттардың техникалық-криминалистикалық зерттеуі тағайындалады. Аталмыш сараптама көмегімен құнды қағаздардың, лицензиялардың, сапалық сертификаттарының, төлем кепілдіктерінің, кредиттік карточкалардың, банктік және қаржылық-бухгалтерлік құжаттардың, паспорттар мен төл құжаттардың жасандылық тәсілі мен фактісін анықтауға болады. Сонымен қатар зерттеу заты ретінде жасанды құжаттарды дайындауда және қолдану барысында пайдаланған техникалық құралдар жүреді. Оларға, ксерокстар, факс-модемдер, телетайп және принтерлерді жатқызуға болады.

Мекемелердің басқару саласы мен бухгалтерлік есебіне автоматизациялау құралдарын енгізуге байланысты өртүрлі ақпараттарды жинап, жүйелендіріп және олармен жұмыс жасауда, оның ішінде заңды тұлғалар атынан жасалынатын алаяқтық іс-қимылдарда электрон-

дық санау машиналарын қолдану кеңінен тараған. Осылайша, компьютерге енгізіліп жасалынған қаржылық операциялар, жиналған қаражат мөлшері, акционерлер немесе салым салушылар және тағы басқа көріністер жайлы ақпараттар тергеуді қызықтырмай қоймайды. Мұндай жағдайларда, қарамағында электрондық санау машиналарында жұмыс жасаған тұлғаларды (программистерді) анықтау, өзгертілген ақпарат көлемін қайта қалпына келтіру, компьютерлік жүйеге рұқсатсыз ену фактісі мен тәсілін айқындау мүмкіндігі бар компьютерлік-криминалистикалық сараптама тағайындау қажеттілігі туындайды.

Тергеудің алғашқы кезеңінде берілген көрсетулерді, алаяқтықтың ісі бойынша жаңадан пайда болған эпизодтар мен алғаш рет ұсынылып отырған құжаттар бойынша алынған түсініктемелерді, сондай-ақ жүргізілген сараптамалардың қорытындыларын дәлдеп, нақтылау мақсатында айыпталушыдан қосымша жауап алынады. Сонымен бірге үзілді-кесілді тағылған айыптан кейін жасалынған қылмыстың барлық эпизодтары мен жағдайлары бойынша алаяқтардан тыңғылықты жауап алыну керек.

Айыпталушы көрсетулеріндегі қайшылықтар беттестіру жолымен және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу арқылы жойылады.

Алаяқтық және басқа да операцияларын жасау механизмінің құрылымына енетін іс-қимылдарды айыпталушымен іске асыру мүмкіндігін тергеу экспериментін жүргізу арқылы тексереді. Оларға: жасанды құжаттар мен көмекші техникалық құралдарды дайындау; жөбірленушінің мүлкін иемденуге қатысты қулықтар; қандай да бір іс-қимылдарды бақылау мүмкіндіктері және т.б. жатады.

Келтірілген материалдық зиянның орнын толтыру және тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында тергеуші айыпталушыға қатысты тінту әрекетін жүргізеді, дүние-мүлікті пайдалануға тыйым салады және пошта-телеграф жөнелтімдерін тұтқындайды, ме-

кеме және өндірістерге сұрау салады. Айыпталушы иелігіндегі үй-жайға қатысты іздеу шеңберіне тұрғын алаң, таратып-тіркеу бөлімдері, техникалық тізімге алу бюролары, нотариалдық кеңселер және жылжымайтын мүліктердің сауда-саттығымен айналысатын делдалдық фирмалар, тұрғын-үй қорын жекешелендіру бөлімдері енеді. Ауылды жерлерде жеке меншік үй, коттедж және жер учаскелерінің бар-жоқтығы жергілікті билік органдарында анықталады. Көлік құралдарын алу, пайдалану және саудалау туралы мәліметтерді жол полициясы басқармасынан алуға болады, ал шетелден әкелінген автокөліктер жайлы кеден басқармасы хабардар.

Акционерлік қоғамдар өздері шығарған акциялар мен сертификаттарды, банктер – жинақ кітапшаларын, депозиттерін, кредиттік карточкаларын есепке алу нәтижесінде, айыпталушының құнды қағаздарға қатыстылығын анықтау мүмкіндігі туындайды.

Айыпталушы кіріс және оның мазмұны жайлы жылдық декларациясын ұсынған-ұсынбағандығын және қандай мүлік пен көлік құралына салық төледі – аталмыш мәселелер салық инспекциясында айқындалады.

Шетелдегі жылжымайтын мүлкі жайлы, шетел фирмалары мен банктеріне салынған қаражаттар туралы тергеуші Интерполдың Ұлттық орталық бюросына сұрау салу арқылы біле алады.

Айыпталушының дүние-мүлкі табылысымен, сот шешіміне дейін оның сақталушылығы қамтамасыз етілу керек. Ақша мен құндылықтар ішкі істер органдарының қаржы бөлімдеріне сақтауға беріледі, автокөліктер жол полициясы басқармасының арнайы тұрақтарына қойылады. Пәтердегі жиһаз және басқа заттар дүние-мүлікке тыйым салу тізіміне енгізіледі. Бағалы қағаздар айналымнан алынып, оларға байланысты қаражат қозғалыстарын (дивиденд беру, депозиттерді өсіру, вексельдер бойынша төлем жасау) болдырмау жайлы эмиссия жүргізушілер міндетті түрде ескертілуі тиіс.

Қарақшылық пен тонаудың криминалистикалық сипаттамасы. Анықтауға жататын жағдайлар

Қарақшылық пен тонау жәбірленушілерге материалдық зиянмен қатар, олардың өмірі мен денсаулығына қастандық келтіретін болғандықтан, қоғамға елеулі қауіп төндіретін қылмыстар қатарына жатады. Сондай-ақ аталмыш қылмыстардың бір топ адамдармен іске асырылатыны жиі кездесіп, осы топтардың негізінде кейіннен аса қауіпті қылмыстық қауымдастықтардың құрылатыны аз емес.

Көбіне қарақшылық пен тонау азаматтардың жеке мүлкін иемдену (бас киімдерін жұлып әкету, азғана ақша, киім-кешек, тағамдар және тағы басқаларды тартып алу) мақсатында жасалынады. Мұндай көріністегі қылмыстар әдетте арнайы дайындықсыз іске асырылады. Қылмыскерлер ашық жерлерде (көшеде, саябақта, үй арасында) көбіне кешкілік уақыттарда азғантай топпен немесе жалғыз қимылдайды. Алайда тәжірибеде күндізгі уақыттардағы қарақшылық пен тонау оқиғалары да кездеседі.

Мемлекет немесе кәсіпкерлер мүлкін иемденуге (ақша сақтайтын жерлер, валюта айырбастау бекеттері, кассирлер мен инкассаторларға қарсы), азаматтардың тұрғылықты үйлері мен көліктерін тартып алуға, сондай-ақ такси жүргізушілерге қарсы жасалынатын қарақшылық пен тонау сирек кездеседі, бірақ та олар қоғамға елеулі қауіп төндіреді. Мұндай қылмыстар әдетте алдын ала тыңғылықты дайындықты талап етіп, ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалынады. Қылмыскерлер объектінің күзет жүйесін егжей-тегжейлі талдап, қылмыс қаруы мен бой тасалау құралдарына және қылмысқа қатысушылар шеңберіне қатысты мәселелерді алдын ала қарастырады.

Қарақшылық пен тонауды жасау тәсілдерінің арасынан мыналарды ажыратуға болады:

- күш көрсетпей, күтпегендік факторын пайдалана отырып, ашық аулада немесе бөлме ішінде шабуыл жа-

сау (сөмкені, бас киімді, ақшаны, дүкендегі заттарды және тағы басқа нәрселерді алып қашу);

• күш көрсету немесе көрсетемін деп қорқыту арқылы ашық жердегі және аулалардағы шабуыл жасаулар;

• қандай да бір сылтаумен немесе күш көрсету арқылы үй-жайға баса көктеп еніп азаматтарға шабуыл жасау;

• сауда, қаржы мекемелері, байланыс бөлімшелері және басқа да мемлекеттік немесе жеке меншік кәсіпорын ішіндегі кассирлерге, мемлекеттік не коммерциялық банк қызметкерлеріне қатысты шабуыл жасаулар;

• темір жол, су және басқа да көлік ішіндегі азаматтарға шабуыл жасау;

• автокөлік немесе табысын иемдену мақсатында такси жүргізушілерді шабуылдау.

Қарақшылық пен тонау кезіндегі іздердің пайда болу механизмі бірқатар ерекшеліктермен көзге түседі. Әдетте оқиға болған жерде қылмыс іздері мен басқа да заттық дәлелдемелер аз қалады. Куәгерлерде, көбіне қарақшылық пен тонаудың барлық көрінісін бақылай алатын мүмкіндіктері болмайды; өз көрсетулерінде олар оқиғаның бөлек элементтерін ғана айта алады. Мұндай істер бойынша айғақ-куәгерлердің болмай қалатын жағдайлары да аз емес. Жәбірленушілерге келетін болсақ, өзіне қатысты жасалған қылмыстан жүйкелік күйзеліске ұшырау салдарынан олардың кейбіреулері оқиға көрінісін бұрмаланған күйінде қабылдайды. Жәбірленушілер үшін кейде қарақшылардың саны көп болып көрінеді, бойлары тым ұзын, бет әлпеттері қорқынышты және тағы басқа жағдайлар өсіре айтылады. Сондықтан да тергеуші куәгерлер мен жәбірленуші берген жауаптарға сын көзбен қарап, мұндай көрсетулерді істегі басқа дәлелдемелермен салыстыра отырып, тексергені жөн.

Қарақшылық пен тонауды әдетте, жұмыс істемейтін, ішімдікке салынған, есірткі заттарын пайдаланатын және қоғамға жат қылықтармен айналысатын тұлғалар жасайды. Олардың көпшілігін осындай санаттағы не-

месе басқа қылмыс түрлерін жасап, бұрын сотталғандар құрайды.

Қылмыскерлермен қарақшылықты іске асырар алдында болашақ құрбанды, оның материалдық жағдайын ескере отырып таңдайтын көріністер тәжірибеде кездесіп отырады. Сонымен қатар қарақшылықтың құрбаны ретінде өздерінің жасына және басқада факторларға байланысты қарсылық көрсете алмайтын жәбірленушілер жүреді. Ішімдікке, сондай-ақ жеңілтек мінезді келіншектерге құмар адамдар қарақшылық пен тонау тәрізді қылмыстарға көбірек душар болады.

Қарақшылық пен тонауға қатысты істер бойынша анықтауға жататын жағдайлар:

1) қарақшылық немесе тонауды іске асыру жағдайы, уақыты, орны (көбіне мұндай қылмыстар мүлік, ақша немесе басқа да құндылықтарды күтпеген жерден шабуыл жасап иемдену және тез арада бой тасалау мүмкіндігі бар жағдайларда жасалады);

2) қылмысты жасау тәсілі; тән, жанына немесе психикасына қарсы күш жұмсалды ма, мұндай көрініс қалай байқалды; қару қолданылды ма, қолданылса, нақты қандай түрі; қылмыскер көлік қолданды ма, егер қолданса, оның түрі және басқалардан ажырататын белгілері;

3) қылмысқа дайындық болды ма, болса қандай дайындық, қашан және кіммен іске асырылды;

4) қылмыскер, қылмысты жасыру мақсатында қандай тәсілдер қолданды: сырт келбетін өзгерту, киімін ауыстыру, қылмыс іздерін жою, басқа қылмыс түрін бүркемеленіп қылмысты жасағансу және тағы басқалар;

5) кімге қатысты қарақшылық немесе тонау әрекеті жасалынды; жәбірленушіге зақым келтірілді ме, олардың түрлері, еңбекке қабілеттілігі жойылды ма;

6) не ұрланған (атауы, саны, ажырату белгілері) және оның құны; ұрланған зат немесе ақша нақты кімнің иелігінде болған (мемлекеттің, қоғамның немесе жеке меншіктің, нақты тұлғаның);

7) қарақшылық немесе тонауды жасаған тұлға; бой тасалаған қылмыскердің белгілері, сырт келбетін өзгер-

ту тәсілдері, шабуыл жасағандардың саны, олардың іс-қимылдары анықталады; қылмыскер анықталған соң, оның жеке басы туралы деректер жиналады (жасы, кәсібі, еңбек орны, бұрын сотталғандығы, жұмыс орны мен тұрғылықты жердеге көршілердің мінездемесі, жора-жолдастар шеңбері және тағы басқалар);

8) қарақшылық немесе тонауда қанша адам қатысты, олардың арасындағы алдын ала келіссөздің болуы, топ құрамы, аталмыш топтың қалыптасу жағдайы, әрбір топ мүшесінің қылмыс жасау кезіндегі рөлі; бұл адамдармен басқа қылмыстар жасалды ма, жасалса, қандай қылмыстар, қашан, қай жерде және олардың мына қылмыстармен байланысы бар ма;

9) қолтығына су бүркушілердің, азғырушылардың, ұрланған заттар мен саудагерлерді жасырушылардың болуы, олардың жеке басын сипаттайтын мәліметтер;

10) қарақшылық немесе тонауға итермелеген қандай жағдайлар.

Қылмыстық іс қозғау ерекшеліктері. Тергеудің алғашқы кезеңіндегі кәдімгі жағдайлар (типтік ситуациялар) және тергеуші іс-әрекеттері

Қарақшылық пен тонауға қатысты істер бойынша қылмыстық іс қозғауына негіз болатын жағдайлар: тусқандар мен жәбірленушілер арыздары; ұйым немесе мекеме қарамағындағы мүлікті ашық түрде иемдену не аталмыш мекеме қызметкерлеріне мүлікті жаулап алу мақсатында шабуылдау деректері туралы осы ұжым лауазымдарының хабарламалары; шабуыл жасаудың құрбаны болған адамдарға жәрдем көрсеткен медициналық мекемелер хабарламалары; қарақшылық немесе тонау белгілері бар фактілері жайлы куәгерлер арыздары; қылмыс белгілерін тергеуші немесе анықтама органының өзімен анықтауы.

Әдетте, қарақшылық немесе тонау белгілері бар оқиға туралы мәлімет келіп түсісімен, арызданушыдан жауап алынады. Егер де арызданушы жәбірленуші емес, бас-

қа тұлға (мысалы, куәгер немесе мекеме әкімшілігінің өкілі) болса, онда оқиға болған жерге дереу күзет орнату әрекетін іске асырылады, сондай-ақ жәбірленуші анықталған соң, одан оқиғаның мән-жайы сұрастырылады. Жауап алушы жауап ала отырып, жәбірленушінің үстінде немесе денесіндегі жарақаттар мен кірленулер арқылы зорлық-зомбылықтың шын мәнінде болғандығына көзін жеткізеді.

Күдіктіні іздеуді ұйымдастыру әрекетін жылдамдату мақсатында арызданушыдан жауап алу неғұрлым қысқа мерзім аралығында жүргізіледі. Өкінішке қарай, кейбір тергеуші мен анықтама органының қызметкерлері қарақшылық немесе тонау жайлы арыздар жалған болады деген оймен қылмыскерлерді іздеу әрекетін қолға алудың орнына, кейінде анықтауға мүмкіндік бар оқиғаның бөлек жағдайларын (жәбірленушіде қанша ақша болды, ол ақшаны кімнен және қашан алды, осы жағдайға себеп болған нақты оқиға уақыты және т.б.) тексере бастайды. Қылмыстың шын мәнінде орын алғандығына көзі жеткенде, күдіктіге іздеу салу уақыты шамалы өтіп кеткендігін тергеуші мойындайды.

Қарақшылық пен тонауды тергеудің алғашқы кезеңінде көбіне мынадай типтік тергеулік ситуациялар орын алады:

1. Қарақшылық немесе тонау жасауда күдікті тұлға оқиға болған жерде немесе оны тікелей іске асырысымен ұсталды.

Мұндай жағдайда тергеуші іс-әрекеттерінің төмендегідей бағдарламасы мақсатқа сәйкес:

– күдіктіні ұстау, оның жеке басын тінту, қажет болса куәландыру;

– жәбірленушіден жауап алу, қажет болған жағдайда оның киімін қарау және куәландыру;

– оқиға болған жерді қарау;

– күдіктіден жауап алу;

– күдіктінің тұрғылықты мекен-жайында тінту жүргізу;

– куәгер-айғақтардан жауап алу;

– сот-медициналық, криминалистикалық және басқа да сараптамалар тағайындау.

2. Қылмыс жасауда күдікті тұлға ұсталған жоқ, бірақ та оған іздеу салып-ұстау әрекетін ұйымдастыра алатындай тергеушіде ақпарат бар.

Осындай жағдайда іске асырылатын алғашқы тергеу әрекеттерінің реті:

– жәбірленушіден жауап алу, қажет болған жағдайда оның киімін қарау және куәландыру;

– оқиға болған жерді қарау;

– куәлардан жауап алу;

– сот сараптамаларын тағайындау;

– жедел іздестіру шараларын іске асыру.

3. Құқық қорғау қызметкерлері қарамағында қылмыс жасаған тұлға туралы мағлұмат жоқтың қасы немесе мүлдем жоқ.

Мұндай жағдайларда жоғарыда көрсетілген тергеу әрекеттерімен қатар, күдікті мен ұрланған заттарды анықтауға бағытталған жедел іздестірушілік шаралар да орын алу керек.

Қылмыстың жасалуынан кейін өткен уақытқа қарамастан, ізін суытпай іздеу салу әрекеті ұйымдастырылады. Осындай мақсатта тиісті жергілікті және көліктегі полиция қызметкерлері бағдарланады. Шұғыл жағдайларда патрульдік-тұғырлық қызмет күштері, сондай-ақ қылмыскерлер автокөлікпен жасырынуы мүмкін деген ақпарат болғанда, транспорт құралдарының үстінен бақылау күшейтіледі.

Алғашқы тергеулік әрекеттер тактикасының ерекшеліктері

Қылмыскерлер бөтен мүлікті шабуыл жасау арқылы немдену барысында жәбірленушіден қарсылық көріп немесе осындай іс-әрекеттерді жасау кезінде қандай да бір бөгеттерге (терезе, есік және т.б. сындырғанда) тап болғанда, қарақшылық пен тонауды тергеу кезіндегі оқиға болған жерді қарау өзінің елеулі нәтижелерін береді. Алайда мұндай жағдайлар болмаған күнде де,

оқиға болған жер мұқият қаралса, ол жерден көптеген материалдық қылмыс іздерін табуға болады.

Егер де жәбірленушінің денсаулық жағдайы мүмкіндік берсе, оны оқиға болған жерді қарау шараларына қатыстырған жөн. Қарау кезінде маман-криминалист пен инспектор-кинологтың қатысуының елеулі пайдасы бар.

Тергеушінің жұмысы қарау барысында қол, аяқ киім, қан іздерін, қылмыскер немесе жәбірленуші түсіріп алған не тастап кеткен әр түрлі заттарды, сонымен бірге арпалыс іздерін табуға бағытталуы керек. Кейде оқиға болған жерді қарау арқылы қылмыскер немесе оның киімінде қандай іздер қалуы мүмкін екендігін анықтауға болады (мысалы, оқиға болған жерден жәбірленушінің киімінен жұлынбаған түйме табылса, онда ол түйме шабуыл жасаған күдікті киімінен жұлынып қалғандығын жорамалдауға болады). Дәлелдемелердің қылмыс орнынан алшақ жерден табылатын көріністері де аз емес. Сондықтан да қылмыскердің өз құрбанымен кездесуі және бой тасалауы мүмкін жолдарына қатысты қарау шекарасын кеңейте түскен жөн болады.

Егер де қарақшылық немесе тонау кезінде қылмыскер мен жәбірленуші арасында арпалыс орын алса, онда жәбірленуші киімінде немесе кейбір заттарда микроталшықтар қалуы ықтимал. Олар әдетте, осы микроталшықтарды тасымалдаушы заттармен қоса алынады. Оқиға болған жерден қылмыскердің сүйкенісуі мүмкін заттың иістік үлгісі алынады.

Қарақшылық пен тонау қылмысы жайлы мәлімет келіп түсісімен, дереу *жәбірленушіден жауап алынады*. Егер жәбірленуші ауруханаға жеткізілсе, онда одан жауап алу емдеуші дәрігердің рұқсатымен және мүмкіндік бойынша үн таспаға жазылады.

Қарақшылық немесе тонау нәтижесінде пайда болған жәбірленушінің психикалық жағдайы да ескеріледі. Сондықтан да жауап алар алдында адам үшін қолайлы жағдай жасалынып, жан тыныштығын қалпына келтіру әрекеті қолға алыну керек. Осы әрекеттер іске асы-

рылғаннан кейін, нақтылы қандай жағдайда шабуыл жасалынды, шабуыл жасар алдында жәбірленуші қандай күйде болды (әлсіздік, арақ ішкен, ауырғаннан кейін), сондай-ақ ұмытшақтық, естімеушілік, көрмеушілік тәрізді кемтарлықтар құрбан бойынан орын алды ма, міне осындай мәселелер анықталады.

Алдында жәбірленушіге қарақшылық немесе тонаудың барлық жағдайларын өз еркімен баяндап беру ұсынылады, сонан соң қылмыскердің жеке басын, сырт келбетін сипаттаушы және киім, дауыс, қылмыс құралының көзге ұрар белгілеріне қатысты деректер нақтыланады. Ұрланған заттардың ерекше белгілері мен күш қолдану сипаты мұқият анықталады. Сонымен қатар қылмыскерге қарсылық көрсеткен жәбірленуші қимылдары да ескеріледі. Олардың арқасында қылмыскердің денесі мен киімінде қандай жарақаттар қалуы ықтимал екендігі туралы қорытынды жасауға болады.

Аталмыш деректердің барлығы жедел-іздіктері үшін шараларын жүргізу үшін, сонымен қатар әртүрлі криминалистикалық тіркеулерді тексеру мақсатында пайдаланылады.

Жәбірленушіден алынған алғаш жауаптың негізінен бағдарлық сипаты болып, ол іздеу салу мақсатында қолданылады. Келесі алынған жауаптар қылмыстың толық мән-жайын білу үшін жүргізіледі. Осындай тергеу әрекетін жүргізу арқылы анықталатын мән-жайлар: жәбірленуші оқиға болған жерде қандай жағдайда, қашан және кіммен болды; қарақшылық немесе тонауға не себеп болды (мысалы, пәтерде немесе саяжайда бөтен адамның пайда болуы); шабуыл жасауға қанша адам қатысты және олардың көзге ұрар сырт белгілері; шабуыл жасау жағдайлары (зорлық-зомбылық сипаты, іс-қимылдардың реті, күш қолдану барысында қандай қару немесе қылмыс құралы қолданылды); жәбірленушіге қандай жарақаттар келтірілді; жәбірленушінің шабуыл жасауға дейінгі, шабуыл жасалып жатқандағы және жасағаннан кейінгі мінез-құлықтары, қарсылық көрсетілді ме, оның денесі мен киімінде қандай іздер

қалып қойды; шабуыл жасау кезінде нақты не ұрланды, ұрланған заттың құны, ерекшелейтін белгілері және ол заттар кімнің иелігінде болған; жәбірленуші оқиға болған жер жағдайына өзгерістер енгізді ме, егер енгізсе ол өзгерістер қандай; жәбірленуші қарақшылық немесе тонау жасауда кімді сезікті ретінде санайды; шабуыл жасаудың куәгері кім, жәбірленуші қылмыс туралы кімді хабардар етті және т.б. жағдайлар.

Жәбірленушіден жауап алу оқиға болған жерде жүргізілуі мүмкін. Мұндай тәсіл жауап алынып жатқан тұлғаның есіне оқиға мән-жайларын қайта түсіруге, пайда болған кереғарлықтарды дұрыс шешуге, сондай-ақ іздер мен басқа да заттық дәлелдемелерді табуға көмек көрсетеді.

Күдіктілердің қарулануы мүмкін болғандықтан, ұстау жүргізу барысында батыл да, әрі сақтықпен қимылдаған жөн. Ұстау әрекеті жүргізілісімен, дереу күдіктінің жеке басы тінтіледі. Қару, жәбірленушіден ұрланған заттарды, сондай-ақ ұсталған адамның иелігіне жатпайтын, мүмкін басқа қарақшылық немесе тонау барысында ұрланған нәрселерді табу және оны алу – осындай тінтудің мақсатына жатады. Ескеретін бір жағдай, қарақшылық немесе тонауды іске асыратын қылмыскерлер кейде қылмыс арқылы иемденген аса құны жоқ ұсақ заттарды өздерінде қалдырады. Осындай заттарды ерекшелейтін белгілер шамалы болса да, оларды жәбірленушілердің танып жатқан көріністері де аз емес. Сондықтан да тергеу барысында күдіктіден алынған әрбір зат тиесілігін мұқият тексерген жөн.

Осындай санаттағы істер бойынша бөлме ішінде жүргізілетін тінту әрекетінің мақсаттары: ұрланғандарды табу; қару ретінде қолданылған заттарды табу және алу; күдікті және оның отбасы мүшелерінің иелігіне жатпайтын киім-кешектерді табу және т.б. Сонымен қатар тінту барысында қару өзірлеу үшін қолданылатын материалдар мен жартылай өңделген өнімдерді (пышақ пен кастет дайындамалары) және қылмыскерлердің жасырыну құралдарын (маска ретінде қолданыл-

ған шұлықтар, жасанды шаштар), қылмыс жасау кезінде қылмыскер үстінде болған киім мен аяқ киімдерді табуға болады.

Куәландыру мен күдікті үстіндегі киімді қараудың елеулі дәлелдемелік маңызы болады. Әдетте, куәландыру және киімді қарау арқылы арпалыс іздерін, сондай-ақ жәбірленуші немесе куәлар өз жауаптарында көрсеткен күдікті денесіндегі татуировкалар мен басқа да ерекше белгілерді анықтауға болады.

Кінәсін мойындап отырған күдіктіден жауап алу барысында қылмыстың барлық жағдайларын егжей-тегжейлі анықтайтындар: ұрланған заттар қай жерде тығылған; қылмысты жалғыз немесе біреулермен біріге отырып жасады ма; қашан, кімге және қандай жағдайда ұрланған заттар мен құндылықтар саудаланды; сатып алушы қандай ақшамен төлем жүргізді (қазақстандық немесе шетел ақшасымен, қандай қағаз ақшалармен (купюралармен)); ұрланған заттарды қылмыскер қанша сомаға саудалады; оның көрсетулерін кім растайды және т.б. Сонымен қатар жауап беруші бұрын қарақшылық немесе тонау әрекеттерін жасаған, жасамағандығын анықтап алу керек.

Егер жауап беруші өз кінәсін мойындай отырса, онда оған қылмыс жасалынған мезетте қай жерде болғандығы және не істегендігі туралы баяндап беру, сондай-ақ аталмыш көрсетулерді айғақтайтын тұлғаларды атап өту ұсынылады.

Осындай санаттағы істерді тергеудің алғашқы кезеңінде куәлардан жауап алу, әр түрлі сараптамалар тағайындау тәрізді басқа да тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін. Алайда олар көбіне тергеудің келесі кезеңінде іске асырылады.

Келесі тергеулік әрекеттер

Қарақшылық пен тонау істері бойынша куәлар ретінде жауап алынатындар: мекеме, өндіріс және ұжым басқарушылары; күдіктінің таныстары мен туыстары; жа-

салынған қылмысқа байланысты жағдайларды баяндай алатын басқа да тұлғалар. Олардан жасалынған қылмыс туралы нақтылы мән-жайлар анықталады.

Жоғарыда қарастырылған қылмыс түрлерін тергеу кезінде тағайындалатын сот сараптамалары:

– криминалистикалық (трасологиялық және қару танушылық);

– сот-медициналық (тірі адамдар мен заттық дәлелдемелердің);

– сот-жер қыртысын танушылық;

– материал танушылық және тағы басқа сараптамалар.

Трасологиялық сараптама көмегімен анықталатын жағдайлар: қол, саусақ, аяқ және тағы басқа іздер нақты тұлғамен қалдырылған ба, ал шина іздері нақты автокөлікпен қалдырылған ба; *қару танушылық* сараптама қандай да бір объектінің атыс қаруына немесе суық қаруға жататындығын, ол қарудың дайындалу тәсілін (зауыттық немесе қол өнерлік), оқ пен гильза нақты қару түрінен атылғандығын және тағы басқа мәселелер анықталады.

Сот-медициналық сараптама арқылы көбіне жәбірленуші денесіндегі зақымданулар сипаты анықталады, ал заттық дәлелдемелердің сот-медициналық сараптама-сымен – күдіктіден алынған үлгілермен оқиға болған жерден алынған қанның топтық ұқсастығы немесе бөлектігі, шаш және басқа да ағза бөлінділерінің сәйкестігі анықталып жатады.

Күдіктінің аяқ киіміндегі немесе көлік құралынан табылған жер қыртысының қалдықтары оқиға болған жердегі жер қыртысымен біртектес, әлде біртектес еместігі сот-жер қыртысын танушылық сараптама көмегімен шешіледі.

Қарақшылық пен тонауды тергеудің келесі кезеңінде сондай-ақ тану үшін ұсыну, көрсетулерді оқиға болған жерде нақтылау және тағы да басқа тергеу әрекеттері жүргізіліп жатады.

Қорқытып алушылықты тергеу

Қорқытып алушылықтың криминалистикалық сипаттамасы. Анықтауға жататын жағдайлар

Қорқытып алушылық, яғни, бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе бұлдірумен қорқыту арқылы мүліктік сипаттағы жәбірленуші немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді таратумен, не жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіру мақсатында өзге де мәліметтерді жариялау (ҚР ҚК 181 бабы).

Қарастырылып отырған дәреже бойынша келесі мән-жайлар анықталуға жатады.

– қорқытып алушылықтың дерегі (фактісі) орын алады ма;

– мемлекеттік, қоғамдық, коммерциялық немесе азаматтардың жеке мүліктік қатынасында қорқытып алушылық болды ма; бұл мүліктер қандай мекемеге, ұйымға, кәсіпкерлікке немесе тұлғаға тиесілі болды;

– қорқытып алушылықтың істелген уақыты, орны және тәсілі;

– қорқытып алушылықтың заты болып не табылады;

– қорқытып алушылықпен өзіне иемденіп алса, ол зиян қандай көлемде болды;

– қорқытып алушылықты кім жасады: бір топ адамдар жасады ма, әрқайсысының істеген әрекеті қандай;

– кім жәбірленуші;

– қорқытып алушылықты жасауға қандай жағдайлар әсер етті.

Қылмыс жасар алдында қылмыскерлер алдын ала дайындалу шараларын жүргізеді. Мәселен, атқыш қаруларын немесе суық қаруды, оның макеттерін дайындау, сонымен қатар олардың ары-бері жүріп тұруын қамтамасыз ететін көлікті дайындау әрекеттерін жасайды.

Қылмыскерлер қылмысты хат арқылы, телефон арқылы, жеке өздері сөйлесе отырып, немесе басқа біреулер арқылы, делдал (посредник) арқылы осы қылмыс-

ты жасауы мүмкін. Хатты жазғанда көбінесе қылмыскер өз жазуларын өзгертіп жазады, оған тиесілі машинка немесе компьютер арқылы жазады. Телефонмен сөйлескен кезде олар сөздерін, дауыс ырғағын өзгертіп, басқа ұлттың адамы сияқты етіп сөйлеседі.

Олардың әдеттеріне сәйкес, қылмыскерлер талап еткен заттарын немесе ақшаны алуға уақытын, жерді және қалай беретіндерін өздері белгілейді. Ол көбінесе қолдан-қолға беріледі; осындай жағдайларда олар адамдар аз жүретін, қараңғы уақыттарда, техниканы қолдана отырып жүргізіледі. Осындай жағдайларда да қорқытып алудың затын делдалдар арқылы алуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда қылмыскерлер қорқытып алудың затын белгілі бір жерге апарып (тығып) тастау керектігі жөнінде ескертеді. Біраз уақыттардан кейін олар немесе олардың делдалдары барып ол заттарды немесе ақшаны алуға тырысады.

Тәжірибеде көрсеткендей, кейбір жағдайларда жәбірленушілер – қорқытып алушылардың өздерін жақсы біледі, бірақ құқық қорғау органдарына оларды айтуға қорқады. Қорқытып алушылар олармен жиі кездесіп отырған (мысалға, қорқытып алушылар көшедегі шағын тауарлар сатып тұрғандарға жиі тиісіп, оларды ұру арқылы қорқытып, кей жағдайларда өлтіремін деп те қорқытады).

Қорқытып алушылардың мінездемесіне байланысты, олардың жасаған әрбір әрекетіне байланысты көптеген іздер мен басқа да айғақ заттар қалуы мүмкін. Осындай заттардың біріне олардың жазған хаттары жәбірленушіде болуы, қылмыскер мен жәбірленушінің арасындағы телефон арқылы байланыс магнит лентасы, жәбірленушінің денесіне қылмыскердің түсірген дене жарақаттары, басқа да қанның дақтары, қолдың іздері, аяқтың іздері, транспорт құралдарының іздері немесе қылмыскерді ұстау барысындағы оның тастап не лақтырып жіберген және басқа да заттар болуы мүмкін. Осы категориядағы істерді қараған сәтте көрген-білген адамдар мен куәгерлер жоқ болып келеді. Сондықтан, алынған іздерге сәйкес тергеушілер

барлық дәлелдемелерді жинай отырып, қорқытып алушылардың ойлары мен олардың әрекетін, істеген қылықтарының қандай көлемде ауырлығын анықтауы және дәлелдеуі қажет. Бұл жерде мынаны айта кету керек, бұл категориядағы қылмыстарда көбінесе іздер мен дәлелдемелер аз қалады және кейіннен оларды дәлелдеу өте қиын. Сондықтан, тәжірибеде оларды қылмыс үстінде ұстауға тырысады.

Қылмыскерлер қылмысты жасау барысында көптеген қылықтар жасайды, оның ішінде (ұятсыздық, қаталдық, аямаушылық, қатыгездік, т.б.) Әйелдер көбінесе ұйымдасқан қылмыстарға бірге қатысады. Қорқытып тартып алушылардың жасы көбінесе 17-35 жастар шамасында болып келеді.

Соңғы кездерде қорқытып тартып алушылар қылмысты алдын ала ұйымдаса отырып жасауда. Олардың ішінде жақсы дайындалған, қылмыс барысында өзінің рөлін жақсы білетін, сонымен қатар, барлық қылмысқа қажетті қарулармен және автокөліктермен, басқа да құралдармен толық жабдықталған болып келеді. Қылмыскерлер белгілі бір фирма, мекеме немесе жеке азаматтарға өздерінің белгілі бір көмектерін ұсынады (ақша төлету мақсатында). Егер ол қарсы болған жағдайда онда қылмыскерлер барлық мүлкін, заттарын құртып немесе өртеп жібереміз деп қорқыта бастайды.

Аталмыш қылмыстарда көбінесе жәбірленушілер барлығы жеткілікті қамсыздандырылған, қылмыскерлердің ойынша табысы жоғары (комерсанттар, фирма коператив басшылары т.б.) азаматтар болып келеді. Кей жағдайларда қылмыскерлер (қорқақ немесе налог төлемей жасырын жұмыстар жасаушы) т.б. болып келеді.

Қылмыстық істі қозғау ерекшеліктері. Бастапқы тергеулік әрекеттер барысындағы тергеушінің әрекеттері және типтік жағдайлар

Қылмыстық іс қозғауға – көбінесе жәбірленушінің арызы болып келеді, ал кей жағдайларда құқық қорғау

органдарымен табылған қылмыстың заты болып келеді. Бірақ бұл табылған мән-жайларды толық анықтау қажет. Өйткені, бұл хабарламалар жалған болуы мүмкін.

Азаматтардың қорқытып тартып алу жөніндегі жәбірленуші және куәгерлер арызын тексеру барысында толығымен (олардың жанұялары және басқа да көрген білгендерден) анықтау қажет.

Бастапқы тергеулік әрекетінің типтік жағдайының мінездемесіне: қылмыскерлер өздерінің объектілеріне қарсы әр түрлі мінез көрсете ме немесе біркелкі түрде қылмыстар жасай ма; қылмыскерлердің сұраған заты берілген және тағы қайталанып талап етілуде; арызды беруші қылмыскерді таниды ма; осы жағдайларға қарай отырып екі типтік жағдайларды бөліп алуға болады.

1. Азамат құқық қорғау органдарына арыз беру сатысында қорқытып тартып алушылар талап еткен затты әлі берген жоқ. Осындай жағдайларда толығымен тексерулер жүргізе отырып, қылмыстық іс қозғауға шешім қабылдайды. Осы сатыда арыз берушіден нақты барлық мәселелерді анықтай отырып жауап алу; қорқытып тартып алушының затын қарай отырып, оны алдын ала қылмыскерлерді ұстау мақсатында толығымен қарап шығу; телефон хабарламаларының барлығына тыңдаулар орналастыру; қылмыскерді қылмыс үстінде ұстау. Егер қылмыскер арыз берушіге таныс болмаса онда қылмыскерлерді анықтау және оларды ұстау мақсатында жедел-іздістіру шаралары жүргізіледі.

2. Қылмыскерлер талап еткен затын бергеннен кейін арыз берген. Мұндай жағдайда құқық қорғау органдарының әрекеті төмендегідей болуы мүмкін.

Бірінші түрі – қылмыскер жиі қылмыс жасауда және олар жәбірленушіге белгілі. Мұндай жағдайда бірінші ситуациядағыдай қылмыскерді қылмыс үстінде ұстау жақтарын қарастыру және т.б.

Екінші түрі – қылмыскерлер жөнінде кейбір мәліметтер белгілі (хотя бы ориентировочно). Осындай жағдайларда қылмыстық іс қозғалғаннан бастап, жәбірленушіден толығымен жауап алу, жедел іздістіру

шаралары жүргізіледі. Тергеу барысында сезіктінің үйіне, жұмыс орнына тінту әрекеттері жүргізілуі, сонымен қатар кей жағдайларда сезікті мен жәбірленушінің арасында беттестіру әрекеттері жүргізілуі қажет.

Үшінші түрі – қорқытып тартып алушы (қылмыскер) арызданушыға белгісіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда тергеуші жәбірленушіден жауап алумен тоқталады. Осы жауапқа сәйкес барлық жедел іздестіру шаралары жүргізіледі.

Қылмыскер ұсталынған сәтте одан жауап алу, тінтулер жүргізу, оқиға болған жерді қарау, сараптамалар тағайындау, сараптаманың ішінде фоноскопиялық сараптама да тағайындалуы мүмкін.

Бастапқы тергеулік әрекеттер тәсілінің негізі және келесі тергеулік әрекеттер

Қорқытып алушыға байланысты көбінесе бірінші тергеулік әрекет ол, құқық қорғау органына арызбен келген *жәбірленушіден жауап алу* болып табылады. Жауап алу барысында тергеуші жәбірленушіні ең алдымен, оны жұбатып тыныштандырығаннан кейін құқық қорғау органы оған барлық көмектерді көрсететінін және оның берген жауабы жасырын сақталатындығы ескертіледі, сонымен қатар оны қауіпсіздікпен қамтамасыз етеді. Жауап алу барысында қылмыскерлердің қандай түрде қорқытып алушылық болғандығын; қылмыскер қандай көлемде ақша сұрағанын немесе алғанын; арыз берушіні немен қорқытқанын; арыз беруші ол қылмыскерлердің талабын орындады ма; егер орындаса қандай көлемде ақша немесе зат берілді. Қашан және қай жерде, қандай жағдайларда, жәбірленуші қылмыскерлерге сұраған затын берді және оларды тани ала ма, қандай заттарын таниды, қылмыскерлердің арасындағы бір-бірімен байланысы қандай болды, ол кімді осы қылмысқа қатысы бар деп сезіктенеді.

Егер қылмыскер жәбірленушіге таныс болса олар қандай жағдайда танысты, қай жерде, олардың танысуларына не себеп болды, ол азаматпен осы қылмыс жасал-

ғанға дейін қандай қарым-қатынаста болды т.б. сол азамат жайында анықтау қажет. Жауап алу барысында жәбірленушіден өзінің жағдайы, табыс айлығы, алтын құндылықтары барын кім жақсы біледі, соны білу. Жауап алу барысында жәбірленушіге осы болған қылмысты құжаттандырды ма немесе қылмыскер арасында қандай да бір қағаздар толтырды ма, басқа да қылмыскерлердің әрекеті бекітілді ме, сол жөнінде де сұраған тиімді.

Келесі тергеулік әрекеттердің бірі *телефон және байланыс құралдарын тыңдау, оларды жазып алу*. Ол әрекеттер жүргізіледі, егер: қылмыскер жәбірленушімен байланысқа түссе, ақша талап етуі мүмкін болған жағдайда, тағы басқа да қылмыскердің жәбірленушімен контактыға түсетін жағдайлары болғанда. Тергеуші жәбірленушіге барлық жағдайларды, болатын тергеулік әрекеттерді түсіндіреді.

Тергеуші барлық тергеулік әрекеттердің мәнiсiн жәбірленушіге түсіндіріп, бұл әрекеттер жасырын түрде заң талаптарын сақтай отырып жүргізілетіндігін ескертеді.

Кейіннен қылмыскер мен жәбірленушінің арасындағы болған сөз жазылған кассетасының фонограммасы, сонымен қатар оның хаттамасы айғақтардың қатысуымен қаралады. Бұл фонограмманың дұрыс бекітілгендігі, сол құжат екендігі және оның заңды жүргізілгендігі тергеушімен қаралып тексеріледі.

Осы тергеулік жағдай барысында тергеуші қылмыскерлерге олардың талап еткен *қорқытып алу қылмысының затын қарау* жүргізіледі. Зат алдын ала жалпы ережелерге сәйкес қаралады (ақша купюраларының нөмірі, оның қандай негізгі ерекшеліктері, қандай құндағы ақша, ол немен оралған және т.б.). Бұл ақша алдын ала арнайы химикалық заттармен өңделіп, ол жөнінде хаттамаға тіркеледі. Егер ол белгілі бір қағазға оралса, ол қағаздың бір бөлігі жыртылып алып қалынады. Бұл да хаттамаға тіркеледі. Кейіннен бұл қағаздар сараптамаға ұсынылып олардың бір қағаз екендігі дәлелденеді.

Кей жағдайларда қорқытып алушылық қылмысына сәйкес адам *денесін жарақаттар түсірумен жалғасқан жағдайда жәбірленуші денесін қуаландыру және оның киімін қарау (қан дақтары, ондағы бұлінген жыртылғандар т.б.) тергеулік әрекеті жүргізіледі.* Мұндай жағдайда жәбірленушіге және оның киімдеріне сараптама-лар тағайындалады.

Осы қорқытып алушылыққа сәйкес қылмыскерлерді ұстау әрекеті тыңғылықты дайындалумен жасалады. Осы тергеулік әрекетті жүргізу барысында тергеуші жедел-ізвестіру аппараттарымен бірлесе отырып ұстаудың жос-парын құрады. Осы операцияны жүргізу барысында МАИ қызметкерлері немесе ОМОН, БАРС, СОБР, АЛЬФА, және т.б. құқық қорғау қызметкерлері қатысуы мүмкін. Ұстау алдында қылмыскерлердің барлық жолдары, олардың қаруы және басқа азаматтардың қауіпсіздігі толығымен қаралып, алдын ала осы операцияға қатысатындарға бар-лық жағдайлар қарастырылады. Тергеулік әрекет алдын-да олардың қылмыскерді үркітіп алмайтындай өте абай-лықпен жасырын қимылдап, аймақты алдын ала бақы-лауға қойып, барлық қауіпсіздікті сақтап, қылмыс істеу үстінде ұстау әрекеттері жоспарланады.

Ұстау әрекеті қылмыскерлер күтпеген жағдайда және олар қарсыласа алмайтындай тез арада шұғыл ша-ралар жүргізіле отырып ұсталынуы қажет.

Қылмыскерлердің тұрғылықты жеріне қылмыстың затын табу мақсатында *тінту әрекеті* жүргізіледі. Қылмыстың затына (қару, құжат, хаттар, суреттер т.б. құндылықтар болуы мүмкін). Тінту жалпы ережелерге сәйкес барлық тәсілдерді қолдана отырып жүргізіледі.

Осы қылмыстарға сәйкес *оқиға болған жерді қарау* дәлелдемелерді табу және қылмыстың ізі мен болған істі айқындайтын айғақтарды іздеу мақсатында жүргізіледі. Мұндай қылмыстарда жәбірленушінің қатысуымен тінту әрекетін жүргізген тиімді. Ол қай жерде болды, қандай іздер (қолдың ізі, аяқтың ізі және т.б.) қалды барлығын көрсетуі мүмкін. Қылмыскерлер жақындаған барлық объектілерде микрообъектілері қалуы мүмкін.

Келесі тергеулік әрекеттерге сезіктіден және айыпкерден жауап алу, тануға ұсыну, беттестіру, соттық сараптамалар тағайындау әрекеттері жүргізіледі.

Егер қылмыскер қылмыс үстінде немесе қылмыс жасағаннан кейін ұсталынса, ол қылмыс жөнінде *сезіктіден* барлық мән-жайларды сұраған жөн. Олардың дайындалу барысы мен қылмыс жасау ойы қалай болды, олардың тұрғылықты жері. Ол қылмыскердің бойында қару табылған жағдайда қарудың қандай қаруға жататындығы және кімге тиесілі екендігі тексеріледі. Егер қылмыскердің денесінен бүлінген жыртылған, т.б. өзгешеліктер байқалса ол жөнінде (қашан, қай уақытта, қандай себептер мен т.б.) барлық мәліметтер анықталады. Егер қылмысты жасы көмеетке толмаған адам жасаса, ол жердегі ересек азаматтардың осы қылмысқа итермелегені анықталады.

Осы санаттағы қылмыстық істерді жүргізу барысында көбінесе екі адамның (сезікті мен жәбірленушінің, қылмыскерлердің) арасында *беттестірулер* жүргізіледі. Әсіресе кейбір қылмыскерлер шындықты айтады, ал, кейбіреулері жалған мәліметтерді жалғастырған сәтте осы тергеулік әрекетін жүргізген тиімді. Бұл жағдайда тергеуші қылмыскерлердің жәбірленушіні қорқытпайтындай жағдайда болатындығын алдын ала білуі қажет. Егер жәбірленушінің өміріне қауіпсіздік жағдайлар туатындай болғанда бұл тергеулік әрекет жүргізілмейді.

Сот сараптамаларын тағайындау әрекеттерінің ішіне көбінесе трасологиялық, жазутану, құжаттарды техника криминалистикалық қарау, қаруларды сараптау және басқа да микрообъектілерді зерттеу жүргізіледі.

Аталмыш қылмыстарда *сот-фоноскопиялық сараптама* ерекше орын алады.

4.5. Халықтың денсаулығына және адамгершілігіне қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстарды тергеу

Есірткі заттардың немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымының криминалистикалық сипаттамасы. Анықтауға жататын жағдайлар. Қазақстан Республикасында халық денсаулығына қарсы қастандықтар үшін қылмыстық жауаптылық мынадай іс-әрекеттер үшін орнатылған: есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (ҚР ҚК-нің 259-бабы); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу (ҚР ҚК-нің 260-бабы); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіру (ҚР ҚК-нің 261-бабы); құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру (ҚР ҚК-нің 262-бабы); улы заттардың, сондай-ақ есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды дайындауға немесе ұқсатуға пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (ҚР ҚК-нің 263-бабы); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау (ҚР ҚК-нің 264-бабы); есірткі заттарды, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды ұстау ережелерін бұзу (ҚР ҚК-нің 265-бабы); жекеше медициналық тәжірибемен немесе жекеше фармацевтикалық қызметпен заңсыз айналысу, есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алуға құқық беретін рецептерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру, не қолдан жасау (ҚР ҚК-нің 266-бабы).

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы тіркеулер коми-

тетінің Басқармасы берген мәліметтерге сай, 1999 жылы республика аумағында есірткі заттардың заңсыз айналымына байланысты 21088 қылмыс тіркелген, ал 2000 жылы – 23340 қылмыс. Осылайша, аталмыш санаттағы қылмыстардың етек алуы байқалып отыр. Мұндай көрсеткіштерді Қарағанды облысы бойынша қарастырсақ, 1999 жылы есірткі заттардың заңсыз айналымына байланысты 4141 қылмыс тіркелсе, 2000 жылы – 3830, ал 2001 жылы – 2698 болған, яғни, орта есеппен алғанда 30,3 пайызға төмендеген.

Жоғарыда аталған қылмыс топтарының әрқайсысының өзінің криминалистикалық сипаттамасы бар. Алайда, олардың бәрін біріктіретін бір мәселе, ол қылмыскерлердің іс-әрекеті есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттармен байланысты. Мұндай заттарға есірткі заттардың өзі, табиғи және синтетикалық дәрілік препараттар, шикізат, өсімдіктер мен олардың бөліктері жатады. Олардың құрамында дәрігердің рұқсатынсыз пайдалану нашақорлыққа әкеп соқтыратын өнімдер болғандықтан, медициналық және ғылыми мақсаттардан тыс жерде пайдалануға заң тұрғысынан тыйым салынған. Аталмыш заттардың тізімі мен мөлшері жайлы 1998 жылғы 9 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін өнімдер және прекурсорлар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің №186-қаулысында көрсетілген. Дәлірек айтсақ, бірінші қосымшасында Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін өнімдер және прекурсорлардың тізімі; заңсыз сақтау немесе айналым бойынша табылған есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін өнімдерді шағын, ірі және өте ірі мөлшерге жатқызу жайлы жиынтық кестесі (№2-қосымша) орын алған.

Тұтынушы қолына келіп түсу қайнар көзіне қарай есірткі және жүйкеге әсер ететін заттарды мынадай топтар бойынша ажыратуға болады:

➤ медицинада пайдаланылатын есірткілі дәрілік препараттар (омнопон, морфий, промедол, кодеин және т.б.);

➤ көбіне өсімдік шикізатынан қолдан жасалынатын заттар (емдеу мақсатында қолданылмайтын немесе қандай да бір дәрі-дәрмектерді өзірлеуде жартылай фабрикат ретінде жүретін), сондай-ақ кейбір есірткілі дәрілік препараттар, мысалы, эфедриннен жасалынған. Олардың қатарына гашиш, көкнөр сабаны, апиын, апиынның шикізаты, көкнөр сабанының тұнбасы, гашиш майы және т.б. жатады;

➤ контрабандалық жолмен енетін шетелде тұтынылатын кейбір препараттар (мысалы, эфедрон).

Мұндай қылмыстар санаты әр түрлі тәсілдермен жасалуы мүмкін. Қолдан жасау тәсіліне: жасыл массаны ұнтақтау; сора (конопля) тозаңын елеу немесе булау; сора тозаңын немесе дайын нашаны күнбағыс майына қуыру; медициналық препараттардың әр түрлі компоненттерін араластыру; наша немесе көкнөрді сүтпен қайнату; сора жапырағын немесе көкнөр бастарын шай сияқты бұқтыру; дәке тампонына немесе басқа да материалдарға көкнөрді сіңдіру; көкнөр сабанынан тұнба өзірлеу және т.б. жатады. Жасырын лабораторияларда синтетикалық өнімдерді дайындау тәсілдері де жеткілікті.

Есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін өнімдердің заңсыз айналымына қатысты оларды көбінесе жасыратын жерлерге тұрғын және қосалқы шаруашылық бөлмелер (шатыр, подвал); жиһаз (шкаф, стол және орындықтардың іші қуыс аяқтары; әр түрлі тұрмыс заттары (теледидар, радиоқабылдағыш, фотоаппараттар, әйел косметикалары, кітаптар және т.б.); киім-кешек (қалталары, арнайы тығынды жерлер); протездер және т.б. жатады.

Есірткі заттарды автокөлікте тасымалдағанда, оларды әдетте дөңгелек қалпақтарының астында, отырғыштар астында, аккумуляторларда, бензобак ішінде және басқа да жерлерде сақтайды. Басқа да транспорт құралдарымен тасымалдау барысында қылмыскерлер қол жүктерін, екі түбі бар қобдишаларды, шыны ыдыстарын пайдаланады.

Пошта арқылы жіберуде бандерольдар, әр түрлі азық салынған жөнелтімдер пайдаланылады. Есірткі заттар күнбағыс тұқымдарының арасында, сағат және темекі бумаларының ішінде жасырылады.

ҚР ҚК-нің 265-бабы бірінші бөлігіндегі есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды өндіру, жасау, ұқсату, сатып алу, сақтау, есепке алу, босату, тасымалдау, әкелу, әкету, жөнелту не жою ережелерін бұзу қылмыстарын жасау тәсілдері де әр түрлі болып келеді. Іздің жасалу механизмі қылмыскердің қылмысты жасаудың қандай да бір тәсілін таңдауға байланысты болады. Есірткі заттарды өндіру, сатып алу, сақтау, есепке алу, босату, тасымалдау немесе жөнелту ережелерін бұзуға байланысты материалдық іздер, олар нақтылы тұлғалардың қылмыстық қызметін көрсететін әр түрлі құжаттардағы мәліметтер (есірткі заттардың кірісшығыс туралы құжаттардағы кереғарлықтар; есірткілер болған бос ампуларды жіберу және қабылдау қағаздарындағы дәл келмеушіліктер; рецептердегі тазартулар, әр түрлі құжаттардағы уландыру іздері), сондай-ақ қылмыспен келтірілген әр түрлі өзгерістер: артылғандар, жетіспеушіліктер, ішіне жеткізбей салу, пломбалардың болмауы, ампулалардың стандартқа сәйкес болмауы және т.б.

Есірткі заттарды қолдан жасағанда қылмыс құралдарында есірткілерден іздер қалады. Олар: микробөлшектер иіс түрінде қалады, ал есірткі үшін шикізат ретінде сораның жасыл массасы болса, онда күдіктінің алақанында және тырнақтарының астында сұрғылт-жасыл түсті іздер қалып қояды.

Гүлдеген сора немесе көкнәр бастарынан есірткі өзірлеу барысында гүл шоғыры жапырақтарынан қара майды қолмен бөлектеу қажет. Ол үшін үстерінде қылмыс іздерін табуға болатын елеуіш, табақша, келі (ступка), ет тартқыш, кофе ұнтақтағыш, төтті піспектегіштер пайдаланылады. Шикізат пен көкнөрді буландыру кезінде олардың іздері капрон немесе материалдарда қалуы мүмкін.

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қатысатын тұлғалар қатарына жататындар:

➤ құрамында есірткі шикізаты бар заттарды өндірушілер, яғни, есірткілік өсімдіктерді заңсыз өсірумен айналысатын тұлғалар;

➤ құрамында есірткі шикізаты бар заттарды таратушылар (нашақорлар немесе нашақорлық етек басқан қала аумағында тұратын есірткі зат тұтынбайтындар. Олар, әдетте көкнөрді өсіретін жерлерде өзінің туысқандық байланыстарын пайдалана отырып, көкнөр сабағын дайындайды);

➤ притондар ұстайтындар (әдетте, оларға өздері нашақор болып келетін бас бостандығынан айырылған нашақорлардың әйелдері немесе ашыналары жатады);

➤ есірткі тұтынуға басқаларды, көбіне жастарды баулитын тұлғалар.

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстарды тергеу барысында анықтауға жататын жағдайлар:

➤ осы топтағы қылмыс жасалды ма, егер жасалса – оны қалай саралау керек;

➤ қылмыс қай жерде, қашан және қандай тәсілмен жасалынды;

➤ аталмыш қылмысты жасаған кім; егер ол топпен жасалса, онда топтың құрамы, әрбір қатысушының жасаған іс-әрекеттері;

➤ есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды алу көзі қандай, тарату жолдары мен тәсілі; бұл заттар қай бағаға алынды және сатылды;

➤ есірткі заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар басқа қылмыстармен бірге жасалынған жоқ па, егер жасалынса – нақты қай түрімен (парақорлық, контрабанда және т.б.)

➤ қылмыстың жасалуына не себеп болды.

Қылмыстық іс қозғау ерекшеліктері. Тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеуші іс-әрекеттері және кәдімгі тергеулік жағдайлар (типтік ситуациялар)

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналым фактісі бойынша қылмыстық іс нақтылы тұлғадан табылып-алынған зат сандық және сапалық

зерттеуден кейін алдын ала тәртіппен есірткі деп танылған жағдайда ғана қозғалады. Осыған байланысты ішкі істер қызметкерлері заңға сәйкес транспорт құралының тексерісін (әдетте, иттерді пайдаланады), жүргізушілер мен жолаушылардың өздерін және жүктерін жеке тексереді. Тексеріс барысында табылған есірткі заттар, тұтыну үшін қолданылатын құралдар және есірткілік шикізаттар алынады.

Қылмыстық іс қозғау алдында құқық бұзушылықтың барлық жағдайлары жете зерттеліп, құжаттардың дұрыс толтыруына назар аударылады. Мұндай құжаттарға төмендегілерді жатқызуға болады: ішкі істер органы қызметкерінің рапорты, полиция кезекші бөліміне немесе емдеу-профилактикалық мекемесіне жеткізуге негіз болған азаматтардың арыздары немесе мәлімдемелер, куәгерлер, жеткізілген тұлға түсініктемелері, ұсталғанның жеке басын және заттарын тінту хаттамасы, тұлғаны медициналық куәландыруға жіберу туралы құжат, медициналық куәландыру қорытындысы, тұлғаның есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуына қатысты тіркеуде тұрғандығы жайлы емдеу-профилактикалық мекеменің мәлімдесі, алынған заттарды зерттеу нәтижесі, күдіктінің жеке басы туралы мәлімдеме (есірткіге қалай үйренген, қалай тұтынады, жұмыс бабы, жұмыс немесе оқу орнынан кету себептері, отбасылық жағдайы, туыстарымен қарым-қатынасы және т.б.).

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстар өздерінің сипатына қарай әр түрлі болса да, тергеудің алғашқы кезеңінде қалыптасатын кәдімгі тергеулік ситуациялар шеңберін әрбір қылмыс түріне жеке-жеке анықтау керек. Мұндай ситуациялардың ортақтастырылған тізімінің қанша айтқанмен шартты сипаты болады. Дегенмен, қылмыстың нақтылы түріне байланыссыз аталмыш санаттағы істерді тергеудің алғашқы кезеңі үшін жақын бірқатар ситуацияларды ажыратуға болады.

1. Тұлға есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың

біреуін жасау үстінде ұсталып, жасаған құқық бұзушылықты мойнына алып отыр.

Мұндай жағдайларда тергеуші күдіктіні әшкерелейтін дәлелдемелерді жинауды басты мақсат ету керек. Сонымен бірге, қылмыстың барлық мән-жайлары анықталады, ал егер де топпен жасалынса – қатысушылар шеңберін айқындап, әшкерелеу қажет. Ол үшін жүргізілетін іс-әрекеттер: алынған есірткілерді, оларды тұтыну үшін қолданылатын аспаптарды, күдікті киім-кешегін және т.б. қарау; қол іздерін айқындау мақсатында есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың бумаларын қарау; құрамында есірткі заттары бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау фактісі анықталса, онда тиісті учаскелер мен бөлмелер қаралады; басқа да күдіктілер ұсталынып, олардан жауап алынады; есірткі, жүйкеге әсер ететін немесе үстінде қылмыс іздері бар басқа да заттарды алу мақсатында күдіктілерге тінту әрекетін жүргізу; куәгерлерден, оның ішінде күдіктінің туысқандарынан, таныстарынан, көршілерден жауап алу; сот-медициналық, химиялық-фармацевтикалық, криминалистикалық және сараптамалар тағайындау; жедел іздестірушілік шаралар.

Егер де күдікті қылмыс үстінде ұсталынып, бірақ ол қылмысқа қатыстылығын мойнына алмай немесе ұстау кезінде өзін әшкерелейтін заттардан құтылуға әрекет жасаса, онда жоғарыда көрсетілген әрекеттермен қатар мынадай шаралар жүргізіледі: есірткі заттардың ізін анықтау үшін күдіктінің киім-кешегі мен заттарын сараптамаға жіберу; жер қыртысының, есірткілік дақылдардың, күдікті сілекейінің, қанының, зәрінің үлгілерін алу; тиісті сараптамалар жүргізу мақсатында қол және аяқ киімнен қырындылар (соскобы) алу; күдіктіні ұстауға қатысқан тұлғалардан жауап алу; күдіктіні, оқиға болған жерден табылған қылмыс құралдарын туысқандарға, көршілерге, қызметтестерге тану үшін ұсыну.

2. Есірткілердің заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың белгілері көзге ұрып тұр, бірақ күдікті тұлға оқиға болған жерден бой тасалап кеткен. Мұндай жағдайларда күдіктінің жеке басын, оның байланыстарын, қылмысқа қатысы бар басқа тұлғаларды анықтауға бағытталған тергеу әрекеттері мен басқа да шаралар жүргізіледі. Бұл жұмыстардың барлығы жедел іздестіру аппараттарымен тығыз байланыста іске асырылады.

Тәжірибеде мұндай ситуация, есірткілерді дайындауда пайдаланған құрал-аспаптар, есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың өзі табылған және оларды алу немесе саудалау фактісі анықталған жағдайларда кездеседі.

Мұндай жағдайларда күдіктіні айқындауға бағытталған іздеу, қылмыс іздері мен оларды жасауда қолданылған құралдарының, есірткі заттардың табылуы ықтимал жерлерді торуылдау тәрізді жедел іздестірушілік шаралардың мағынасы өте зор.

3. Қарастырылып отырған санаттағы қылмыс белгілері айқын, бірақ та қылмыс жасауда сезікті тұлға анықталмаған. Осындай ситуациялар көбіне байқалатын жағдайлар: есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды дайындау, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе жіберу ережелерін медициналық мекеме және өндірістерде бұзу фактісі анықталғанда; құрамында есірткі заттар бар өсімдіктер егістіктері мен бөлінген ормандар табылғанда; белгісіз тұлғалардан есірткі заттар алдым деп тұрған нашақорлар ұсталғанда.

Бірінші жағдай бойынша анықталатын мәселелер:

➤ мекеме немесе өндірісте есірткілік препараттар артықшылығын қалыптастыру механизмін анықтау (есірткі компоненттерін толық салмау; тасымалдау кезінде бүлініске ұшыраған есірткі заттар мөлшерін жасанды түрде көтеру; құрамында есірткі заттар бар дәрі-дәрмектер ауруларға берілді деп өтірік есептен шығару; есірткі заттар бар ампулаларды басқа препараттармен ауыстыру немесе ішіне басқа заттар құю; сақтау мерзімі асты деген белгі арқылы; тіркеу құжаттарына жалған мәліметтер енгізу және т.б.);

- дәрі-дәрмектерді өлшеп-орау технологиясын анықтау;
- рецептуралық бланктер мен мөрлерді сақтау жағдайларын айқындау;
- алдын ала есептен шығару актісімен салыстыра отырып, есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды есептен шығарған амбулаторлық карталар мен басқа да медициналық құжаттарды талдау;
- күдікті тұлғалардың үстінен оперативтік бақылау орнату;
- шифрланған сұрау және басқа да жедел іздестірушілік шаралар жүргізу.

Осы мақсатта есептік құжаттар тыңғылықты қаралады және зерттеуден өткізіледі, заттар қаралады, куәгерлерден жауап алынады.

Құрамында есірткі заттар бар өсімдіктер егістіктерінің учаскелері қала немесе ауыл сыртында болып, оның иесі белгісіз болған жағдайда, күдіктіні анықтау мақсатында торуылдар ұйымдастырылады, маңайын мекендейтін адамдарға қатысты оперативтік шаралар жүргізіледі.

Егер де ұсталған нашақор есірткі заттарды беймәлім адамнан алдым десе, одан тыңғылықты түрде жауап алынады, ал келешекте оның байланыстарын анықтауға бағытталған жедел іздестірушілік шаралар іске асырылады.

Кейбір тергеу әрекеттері тактикасының ерекшеліктері

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымымен айналысып жүрген *тұлғаларды ұстау* құқық қорғау органдары қызметкерлерімен заңға сәйкес жүргізіледі. Ұстау барысында күдікті тұлғаның жеке басы және заттық дәлелдеме бола алатын заттар мен құжаттар тексерістен өтеді. Егер алынған объектілер қылмыс құрамын көрсетіп тұрса, онда дереу қыл-

мыстық іс қозғалады. Осыдан кейін күдіктіні процесуалдық түрде ұстау жөнінде сұрақ шешіледі және қажетті тергеу әрекеттері мен іздестірушілік шаралары жүргізіледі.

Естен шығармайтын бір жайт, есірткі заттарды дайындаушылар немесе өткізушілерде қару болып, олар елеулі түрде қарсылық көрсетуі мүмкін. Сондықтан да, ұстауды арнайы оперативтік топқа тапсырған жөн. Олар өз алдына қолда бар оперативтік мәліметтерді пайдалана отырып күдіктілерді қылмыс үстінде ұстауға тырысу керек.

Есірткі заттары бар тұлғаларды анықтап-ұстауда арнайы үйретілген иттердің көмегі өз нәтижесін береді.

Қызықтыратын заттар әдетте өлшемі бойынша кішірек болып, оларды тығып қою жеңіл болғандықтан, *тінту әрекетін* ерекше мұқияттылықпен жүргізу қажет. Бөлмеге тінту жүргізгенде жаңадан сылаған, әктеген, бояған іздерге, жаңа жапсырылған түсқағазға, қабырғаның басқа жерлерінен ерекшеленетін нәрселерге, сондай-ақ қабырғадағы қатаң дыбысты жерлерге назар аударған жөн.

Еденді қарау барысында тергеуші жаңа қағылған шегеге, қосылған тақтай немесе оның бөлшектеріне, кертпелердегі шаң мен кіршеңдіктердің жоқтығына және т.б. көріністерге көңіл бөлуге тиіс.

Үй маңындағы учаскеде аяқ астында солған гүл және басқа өсімдіктер, жаңадан жыртылған жер, сондай-ақ тығынды жерлер бар үралар мен құдықтар қызықтыру керек.

Айыпталушының жеке басы тінтілгенде үстіндегі киімін шешу ұсынылады, әрбір шешілген киім мұқият зерттеліп, шетке қарай қойыла береді. Денені қарау бас жағынан басталады, бұл жерде тінтіліп жатқанның шашы немесе жасанды шашы жиі тарақпен таралады. Оның себебі, тәжірибеге жүгінсек, шаш немесе жасанды шаш (парик) арасында есірткі тасымалдау фактілері баршылық.

Есірткі заттар, әдетте су қағаздарға бумаланып, әр түрлі дене мүшелерінің арасына тығылуы мүмкін: қол-

тықтың астына, шаптың астына, бақайлар арасына, лейкопластыр немесе бинт астында, өкшеге тану әрекетімен көзге түседі. Бинт немесе басқаша таңып байлау арқылы іздеудегі зат тығулы деген күдік пайда болғанда, тінтуге дәрігерді шақырған жөн.

Автокөліктерде есірткі заттарды отырғыштардың астына, олардың арасындағы саңылауларға, әр түрлі әшекей нәрселерде, приборлы панельдің артына, радиоқабылдағыш аралықтарында, зат салатын сөрелерде, төсеніш астына, есік және төбе қаптауларында, әр түрлі тетіктер мен механизмдердің саңылаулы жерлеріне жасыруға болады.

Есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуына қатысты дене мүшелеріне дәрі жіберу іздері тәріздес (нашақорлар асептика ережелерін сирек қолданады, әдетте олар шприцтарын қайнатпай қолданады) дәлелдемелерді *куәландыру әрекетін* іске асыру нәтижесінде алуға болады.

Заттарды қарау. Нашақорлардың киім-кешегінде қалталары, қайырған жерлері мен жеңдері, шұлық пен шалбардың іштері (егер нашақор дәріні аяғына енгізген болса, онда қан іздері қалуы мүмкін) қаралады. Темекі, ұнтақтар, дөңгелек дәрілердің және т.б. қалдықтарын алып, сараптамаға жіберу керек.

Есірткілерді тасымалдау үшін әр түрлі заттар қолдануда қылмыскерлер небір айлакерліктерге барады. Есірткі заттар қалта фонарьларының батарейкаларында, оттықтарда (зажигалка), темекі қораптарының ішінде, фотоаппараттарда, әр түрлі бумаларда, транзисторлік қабылдағыштар мен жазу басатын машинкаларда, термостарда, сағат корпустарында және т.б. жерлерде жасырынып тасымалданады.

Мұндай заттардың иісін бейтараптандыру мақсатында оларды балауызбен өңдеген, өн аспаптарында, акванангтардың оттекті баллондарында жасыру көріністері тәжірибеде орын алған. Есірткілер тамақ тауарларының ішінде (шоколад, тәттілерде) тасымалданып, кейде қамырға да аунатылған оқиғалар аз емес.

Есірткі заттардың заңсыз дайындау, алу, сақтау, тасымалдау немесе өткізу үшін ұсталынған *күдіктілерден жауап алу* кезінде төмендегідей мәселелер анықтауға жатады:

➤ ол өзі есірткі тұтына ма, егер тұтынса, қанша уақыт болды;

➤ есірткі заттарды қай жерде, қашан және кіммен пайдаланған;

➤ есірткі заттарды пайдалануға кім баулыды;

➤ күдіктіде дайындау немесе пайдалану құралдары бар ма;

➤ есірткі заттардың қандай мөлшерін, қашан, қай жерде, кімнен және қандай сомаға алып жүрген;

➤ егер де есірткі заттарды өзі өзірлесе, шикізатты кімнен, қашан және қай жерде алған, кімнен және кімнің көлігімен алып келген, сондай-ақ сора немесе көкнөр егістіктерінің орналасқан жерін біле ме;

➤ ұсталғанға күштеп емдеу қажет пе, бұрын ондайға душар болған ба және т.б.

Сараптамалар тағайындау. Осындай санаттағы істер бойынша жүргізілетін физикалық-химиялық сараптама объектісі ретінде есірткі заттар, оларды дайындау үшін қолданылған аспаптар, тұтыну, пайдалану мақсатында пайдаланған құралдар және есірткі іздері бар басқа да заттар жүреді. Мұндай сараптама есірткі заттардың микроіздерін әр түрлі объектілердің үстінен (шприц, ине, киім-кешек) табу мақсатында жүргізіледі. Әрбір із орналасқан зат және зерттеуге жіберілетін үлгілер жеке-жеке бумаларға буып-түйіледі (флакон, пробирка, су қағаз). Сұйық объектілерді қақпағы тығыз жабылып, үсті балауызбен қапталған шыны ыдыстармен жіберу қажет.

Дайындау тәсілін анықтау жөніндегі сауалға сарапшыдан жауап күту үшін, зерттеуге жіберілген үлгілермен қатар, есірткі заттарды дайындауда пайдалануы ықтимал объектілерде (пресс-формалар, елеуіштер, пышақ, таразы және т.б.) қажет болады. Біртұтасты бөлшектері арқылы идентификациялау үшін сарапшыға

сақтау жағдайлары, бөлшектердің алынған орны, нақтылы тұтас объекті туралы мәліметтер қажет.

Сарапшыға мынадай сұрақтар қойылады:

➤ ұсынылған зат есірткілік болып табыла ма, егер есірткі болса, онда зерттеу объектісі есірткілердің қай түріне жатады;

➤ зерттеу объектісіндегі негізгі есірткілік компоненттердің жиынтығы қандай;

➤ үлгілердің шығу тегі бірдей ме;

➤ зерттеуге ұсынылған заттан есірткі дайындауға бола ма;

➤ күдікті есірткі зат тартты ма және т.б.

Осындай санаттағы істер бойынша сонымен қатар сот-биологиялық, сот-жер қыртысын танушылық, сот-фармацевтикалық, криминалистикалық және тағы басқа сараптамалар тағайындалады.

4.6. Көліктегі қылмыстарды тергеу әдістемесі

Жол-көлік оқиғаларын тергеу әдістемесі

Жол-көлік оқиғасының (ЖКО) криминалистикалық сипаттамасы. Дәлелдеуге жататын мән-жайлар. Автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын жүргізуші адамның жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы, абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықта зиян келтірген, көп мөлшерде шығын әкелетін, абайсызда екі немесе одан да көп кісі өліміне әкеп соққан, сондай-ақ көлік құралын жүргізуші және жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзған адамның жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу салдарынан жоғарыда аталған зардаптарға душар еткен әрекеттер үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (296, 297-баптар) қылмыстық жауаптылық көрсетілген.

Көліктегі қылмыстарды дұрыс саралау үшін қылмыс заты ретіндегі іс-әрекеттердің міндетті белгісі болып келетін транспорт түрін (темір жол, су, әуе көлігі, автомобиль) дәлме-дәл анықтап алған жөн. Солардың ішінде, мәселен автомобильдерге, 50 куб.см кем емес қозғалтқышпен жабдықталған және 50 км/сағ. кем емес жылдамдық дамытатын көліктер жатады. Мұндай көлік құралдарына барлық автомобиль, мотокөлік, электр көлігінің, трактор мен өздігінен жүретін машиналар түрлері жатады, осылардың қатысуымен пайда болған жол-көлік оқиғаларының тәжірибеде орын алуы кейінгі жылдары азаятын емес.

ЖКО-ның мынадай түрлері болады:

- көлік құралдарының соқтығысуы;
- көлік құралдарының аударылуы, төңкерілуі;
- жүргіншіні басып немесе соғып кету;
- тұрған адамды басып немесе соғып кету;
- жолаушының көлік құралынан құлауы немесе басқа оқиға.

Осы оқиғаларды ішіндегі жиі кездесетіні соқтығысу мен адамды басып кетуі. Бұл оқиғалар халық шаруашылығына төмендегідей экономикалық немесе материалдық шығындар әкеледі:

- көлік ұйымдары мен кәсіпорындарының шығындары;
- жол құрылысының бүлінуінен болатын шығындар;
- көлік құралдарын қалпына келтіру шығындары;
- жол-көлік оқиғаларын тергеуге кететін шығындар.

1. ЖКО оқиғасы бойынша істегі дәлелдеудің негізгі шарты ЖКО механизмін толық айырып, ажырата білу болып саналады. Анығырақ айтқанда, жол апатына криминалистикалық тұрғыдан қарау, яғни, көлікте, жолда жарақат алған адамда қандай із қалды, апат қандай жағдайда туды. ЖКО-ны болдырмау үшін жүргізуші қандай шара қолданды. Міне осының бәрі ЖКО механизміне жатады.

Мәселен, екі көлік құралының қозғалыстың көп жеріндегі, жол қиылысындағы соқтығысуын қарастыратын болсақ, ол төмендегідей байқалады:

- бір-біріне қарама-қарсы автомобиль мен мотоцикл келе жатыр;
- оның біреуі негізгі жолда, екіншісі қосылатын жолда келеді;
- біреуі екіншісін қойылған жол белгісіне сәйкес өткізіп жіберуі тиіс;
- белгісіз себептермен мотоцикл тоқтамай келе жатыр;
- екіншісі, яғни, автомобиль негізгі жолда болғасын тоқтамай келе жатыр;
- нәтижесінде екеуі соқтығысып барып тоқтайды.

Тергеушінің міндеті – жол бойында, бүлінген көлік құралында, жолдың бетінде, сол сияқты басқа да объектілерде және оқиғаны көрген куәгер адамның айтуынша ЖКО болған жерде қандай із, белгі, таңба, қандай көрініс болды соны анықтау, яғни, ЖКО механизмін белгілеу.

Механизм белгілеу – бұл дегеніміз жол оқиғасы қашан басталды, қанша уақытқа созылды, қашан аяқталды, оның болуына не себеп болды соны анықтау.

ЖКО механизмін белгілеу – бірнеше тергеу әрекеттерін жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

2. ЖКО-ға қатысушылар – қандай көлік құралы қай жерден, жүргізушісі кім, оның жас шамасы сияқты басқа да қажетті мәліметтер.

3. ЖКО болған жер және уақыты – мұнда жол, көше, елді мекен, аумақ, күннің райы (куәгер адамның айтуымен) ескеріледі.

4. Кімнің зақым шеккені белгіленеді – жолаушылар мен жүргізушілердің саны және олар қандай жарақаттар алды.

5. Кінәлі кім – жүргізуші, жүргізушінің екеуі, көлік құралын ақауымен жолға шығарған адамның қызметі мен жұмыс орыны.

Кейде, бірақ өте сирек жағдайда қылмыстық жауапкершілікке жаяу жүргіншілер де тартылады. Мәселен, жол ережесін сақтап сағатына 35 шықырым жылдамдықпен көше бойымен келе жатқан автомашина алдынан 2-3 метр аралықта қарсы жақтағы аялдамаға тұра жүгірген жаяу кісі жол үстіне шыға келеді.

Мұндай жағдайда тежегішті басып үлгермеген көлік жүргізуші машинасын шұғыл бұрып қалып, жол бойындағы темір-бетон бағанаға соғылу салдарынан кері қайтқан машина, басқа жаяуды басады да, ол адам сол жерде қаза болады. Апат жағдайын туғызған бірінші жаяудың үстінен қылмысты іс қозғалып, ол бас бостандығынан айырылады. Тәжірибеде мұндай жағдайлар сирек болса да, жүргіншілер осылайша қылмыстық жауапкершілікке тартылып жатады.

6. Шынында бұл жерде бұзылған тәртіп – жолда жүру мен көлікті пайдалану ережесі. Оқиғаның бәрі айыпкерді айыптау жөніндегі қаулы мен айыптау қорытындысына баяндалуға тиіс.

7. Жолда жүру ережесін бұзу мен келген зиянның арасындағы себепті байланыстар бар ма? Егер ондай байланыстар жоқ болса, қылмыс құрамы жоқ деуге болады.

8. Жауапкершілікке әсер ететін жағдайлар:

– ауыр жағдай – мәселен, оқиға болған жерден қашып кетті, мас болды;

– жеңіл жағдай – жағдайға бірінші рет тап болып отыр, істегенін мойындады.

9. ЖКО жасауға итермелейтін жағдайлар:

– бұған жол-көлік оқиғасын жасауға әсер еткен себептер мен жағдайлар жатады.

Қылмыстық іс қозғау ерекшеліктері. Тергеудің алғашқы кезеңіндегі кәдімгі жағдайлар (типтік ситуациялар) және тергеуші іс-әрекеттері

Жол-көлік оқиғасына (ЖКО) байланысты іс қозғауға мыналар себеп болады:

– ЖКО-ға қатысқан немесе оны жасаған жүргізушінің өтініші;

– ЖКО-ны көрген адамдардың хабарламалары;

– дәрігерлік мекемелер мен көлік ұйымдарының хабарламалары;

– залал шеккен адамның өтініші.

Оқиғаның қысқа уақытқа тез өтуі, ауыр зардабы, іздер мен таңбалар жоғалып кету қауіпті, басқа көліктердің жүрісінің көбею және басқа да жағдайлар кез келген жол-көлік оқиғасына тез арада, уақыт өткізбей назар аударуды талап етеді. Осының бәрін ескере отырып, тергеудің бастапқы кезеңі мен кейінгі қалдыруға болмайтын тергеу түрлерін қолға алу қажет.

Ондай жағдайда ең бірінші мыналар қажет:

– тергеушілердің тергеу жұмысына шығуының мүлтіксіз өзірлігі;

– криминалистикалық техника мен құралдарының өзірлігі (тергеу сандықшасы, із-таңбаларды түсіріп, белгілеп алатын құрал-жабдықтар);

– жол полиция қызметкерлерімен, автоәуесқойлар қоғамының, автомобиль шаруашылығы кәсіпорындарының, жол пайдалану мекемелерінің мамандарымен өзара байланыс;

ЖКО бойынша қылмысты істерді тергеудің бастапқы кезеңінде болжамның (версия) екі түрі белгіленіп және олар тексеріледі. Олар мынадай болжамдар:

– ЖКО механизмі туралы;

– ЖКО себептері туралы.

Нақты бір кінәлі адамға байланысты басқа да болжам белгіленуі мүмкін. Ол – жол-көлік апатын жасаған адам туралы. Біз бұл жерде, яғни, ЖКО кезінде болжамның басқа түрлерін де естен шығармауымыз керек. Ол – жол-көлік оқиғасын сылтау етіп немесе бетке ұстап кісі өлтіру қылмысы. Қазіргі кезде қылмыстың осындай түрі асқынып бара жатқанын айдан анық байқауға болады.

ЖКО ісіне байланысты бастапқы тергеу әрекеттеріне мыналар жатады:

– ЖКО болған жерді қарап, тексеру;

– көлік құралдарын қарап, тексеру;

– апат нәтижесінде қаза болған адамның денесін қарап тексеру;

– ЖКО-ға себепкер және куәгер адамдардан жауап алу;

– жүргізуші мен көлік-құралын іздеп табу (жедел шаралар);

– апатқа ұшырап, зардап шеккен адамның киімдерін қарап, тексеру;

– айғақты заттарды қарап, тексеру;

– жүргізушілерді мойындаттырып, куәландыру.

Жоғарыда аталған осы шараларды жүргізудің реті мен түрі ЖКО-ның тергеуінің бастапқы кезеңінде туындаған тергеу жағдайларына байланысты болады. Соның ішінен әсіресе мына жағдайлар көп кездеседі:

Бірінші әдеттегі жағдай:

– жүргізуші мен көлік құралы оқиға болған жерден табылады;

– залал көріп, зардап шеккен адамдар тиісті емдеу немесе көмек көрсететін орындарына жеткізіледі;

– ЖКО кезінде қаза болған адам денесі сол жерде болады немесе мүрдеханаға жеткізіледі.

Осы бірінші әдеттегі жағдайды шешуге ұсынылатын бағдарламалар:

1. ЖКО болған жерді қырып-тексеруді ұйымдастыру.

2. Полиция қызметкерлеріне оқиғаны көргендерді іздестіру жөнінде тапсырма (нұсқау) беру.

3. Полиция қызметкерлері арқылы немесе өзі емдеу орындары мен дәрігерлік мекеме қызметкерлеріне зардап шеккен адамның киімдерін сақтауға және оның маңына бөтен ешкімді жібермеу жөнінде тапсырма беру.

4. Оқиға болған жерді қарап шыққаннан кейін жүргізушіні тексеру орнына жіберу.

5. Кешіктірмей, тез арада оқиғаны көргендерден жауап алу.

6. Кешіктірмей, тез арада ЖКО жасаған жүргізушіден жауап алу.

7. Қаза тапқан немесе жарақат алған адамды сот-медициналық сараптамасына жіберу (өлікті қарау кезінде тергеуші міндетті түрде қатысып, оның киімдерін тексеруі тиіс).

8. Ауруы туралы анықтама мен айнаға (рентгенге) түскен қағаздарын алу керек.

Екінші әдеттегі жағдай:

Жүргізуші көлік құралымен ЖКО болған жерден қашып, ізін жасырмақ болған жағдайда мынадай шаралар жүргізіледі:

а) қарап тексергенге дейін полиция қызметкеріне жүргізуші мен көлік құралын анықтауға бағытталған шараларды жүзеге асыруды тапсыру керек;

б) қарап тексеру үстінде – әсіресе мына мәселелерге баса назар аудару керек:

– көлік құралының белгілерін – болуын, жанар-жағар майын, көлік құралының қалып қойған сынықтарын, айғақтық зат үшін анықтамаларды, көлік құралының типін, маркасын анықтау қажет.

Осы белгілер мен анықтамалардан кейін мынадай шаралар ұйымдастырылады:

- автомобиль шаруашылықтарын тексеру;
- автотұрақтар мен гараждарды тексеру;
- жол бойына бақылау мен тексеру қою;
- радио, теледидар және басқа да ақпарат құралдарын пайдалану;
- жол кесу жоспарын енгізу (ведомствалық нормативтік актілерге сәйкес).

Үшінші әдеттегі жағдай:

Көлік құралы ЖКО болған жерде қалдырылған.

Жүргізушінің өзі ЖКО болған жерден кетіп қалған.

Мұндай жағдайды қарап тексеру барысында мына шараларды орындау қажет:

– көлік құралының иесін анықтау (нақты автошаруашылық немесе жеке меншік көлігі – жол полиция басқармасы арқылы іздестіріледі);

– жүргізушіні анықтап, іздестіру (ЖПБ, жедел іздестіру қызметі арқылы);

– көлік құралының салонын, кабинасын мұқият тексеру, әсіресе руль колонкасын, отырғышын, аяқ астындағы төсенішін, есігін, саймандар мен аспаптар панелін (ондағы қолдың, қанның ізін), құжаттарын тексеру қажет.

Басқа да тергеу әрекеттері жүргізіледі, бірақ олардың бағыты жоғарыдағы айтылған бағдарламадан шығып кетпеуі тиіс.

Жүргізуші өзін қорғап қалу үшін машинамы біреу айдап өкетті деген сылтау айтуы мүмкін. Мұндай жағдайда мұқият тексеру жүргізіліп, көлік екінші қайтара қаралып, тексеру жүзеге асырылады. Егер жүргізушінің айтқаны жалған емес, рас болып шықса, қылмысты іздестіру аппаратының күшімен жедел-іздестіру, сондай-ақ ашылмаған қылмыстарды бөгей тұру шаралары жүргізіледі.

ЖКО болған жерге ең бірінші болып жол полициясы қызметкерлері, тергеушілер, жол қауіпсіздігін бақылау инспекторлары келуі тиіс. Осыдан кейін, яғни, іс қозғалғанға дейін мынадай құжаттар түсуі тиіс:

- оқиға болған жерді қарап тексерген істің хаттамасы;
- тергеу жүргізудің алдын ала жасалған жобалары мен жоспары;
- көлік құралының техникалық жағдайының хаттамасы;
- жүргізушіні куәландыру актісі;
- жүргізушінің түсініктемесі;
- ЖКО-ға себепкер және куәгер адамдардың түсініктемесі;
- ЖКО бойынша анықтама.

Мұндай құжаттар әдетте ұзақ уақыттан кейін түседі. Бұған дейін қарап тексеру нәтижесі, зардап шеккен адам мен куәгерлердің берген мәліметтері сыртқа, яғни, басқаларға белгілі болып қалып, ЖКО туралы әр қилы кері пікір туғызады.

Мұндай жағдайда тергеуші не істеуі керек?

- түскен материалдарға мұқият талдау жасап, тексеруі керек;
- оқиға болған жерді, көлік құралын қарап тексеру нәтижесінде баға беру керек (дәрежесі, толықтығы, шынайылығы);
- куәгер мен зардап шеккен адамның берген мәліметтерінің толықтығы мен шындығына баға беру керек;
- қылмыстық іс қозғауға негіз бар ма, яғни, зардап шегушінің жарақатын, материалдық шығынның көлемін, көлік құралының бүлінуін анықтау керек;

– егер негіз бен себеп болса, қылмыстық іс қозғап, қылмыстың ізін суытпай және ЖКО себептерінің шындығына жетіп іс қозғау үшін тергеу әрекеттерін жүргізу керек.

Жоғарыдағы айтылғандармен бірге мынадай тергеу әрекеттері жүргізіледі:

– арнайы мамандар мен жүргізушіні қатыстыра отырып, оқиға болған жерді және көлік құралын қосымша тексеруден өткізу керек;

– жол оқиғасына мүлдем қатысы жоқ, бірақ шындықты айтатын куәгерден жауап алу;

– зардап шегушіден жауап алу;

– жүргізушіден жауап алу;

– тергеу экспериментін, сынағын өткізу керек.

Осындай шараларды тиянақты жүргізіп алып және тексеру мен жауап алу хаттамасы жазылғаннан кейін ғана автотехникалық сараптама жүргізуге болады.

Қазалы және ауыр жарақатты, шығыны көп жол апаттарында мынадай шаралар міндетті түрде дұрыс деп саналады:

– тергеуге тергеушінің өзі бас болып барып, төмендегілерді қатыстырғаны дұрыс;

– жол полиция басқармасының қызметкері;

– криминалист-маман;

– сот-медицина маманы;

– автотехникалық мамандар.

Жол-көлік оқиғасы жөніндегі іс бойынша тергеу әрекеттерінің кейбір әдістері

Қылмыстық іс қозғалмай тұрғанға дейінгі тергеу әрекеттерінің ең пайдасы мен міндеттісі – ЖКО болған жерді тексеру болып саналады. Анықталатын мән-жайлар:

– ЖКО-ның болған жері (елді мекен, көше, жол учаскесі);

– ЖКО-ның болған уақыты;

– ЖКО-ның түрі (басып кету, соқтығысу, аударылу, тағы басқалар);

– жол үстіндегі көрініс жағдайы (метр) (жүргізуші жол үстінде алдынан ештеңе көрінбеді деуі мүмкін, боран, тұман);

– жүргізушінің отырған орнындағы көрініс мүмкіншілігі, ыңғайлылығы (терезе әйнегінің қыраулануы, булануы немесе отырғыштың ыңғайсыздығы, тағы басқалар);

– залалдың түрі (көліктің және оның маңындағы жағдайлар немесе жолдың бүлінуі);

– көлік құралының бет алып келе жатқан бағыты;

– тежеу ізінің ұзындығы;

– жүрісті реттеу жағдайы (көліктің саны, сипаты, жарамдылығы, орналасуы).

Криминалистика бағамынан сіздерге оқиға болған жерді қарап-тексеру үш кезеңде жүргізілетіні белгілі. Олар – дайындық, жұмыс жүргізу, қорытынды кезеңі.

Дайындық кезеңінде ЖКО орнын қарап тексеруде мынадай шаралар жүзеге асады:

– оқиға орнын тез, толық, объективті және жан-жақты зерттеу жүргізуге бағытталған ұйымдастыру шаралары. Ескеретін жай – объектіні қозғауға, аяқпен басып із түсіруге және сыпырып-жинауға болмайды:

– оқиға орнына күзет қою керек, зиян келтіретін залалдарды болдырмауға тырысу керек;

– зақым алған адамға дәрігерлік көмек көрсету қажет;

– ЖКО туралы анық білу және сұрастыру үшін оны көргендерді табу қажет;

– жол полиция басқармасы, жол пайдалану қызметі арқылы оқиға болған жердегі көлік жүрісін реттеу қажет;

– жедел тергеу тобының келуін ұйымдастыру қажет;

– орнынан кетіп қалған көлік құралын іздестіру шарасын ұйымдастыру қажет.

Жұмыс жүргізу кезеңінде барлық әрекет мынадай мақсатқа бағытталады:

– ЖКО орнын зерттеу, іздеп табу, құжаттар толтыру;

– із-таңбаларды алып және алдын ала зерттеу.

Жұмыс жүргізу кезеңі қарап тексеруге жататын аумақ шеңберін белгілеу кезінен басталады.

Сот сараптамасы Орталығының Қарағанды аумақтық ғылыми-өндірістік зертханасының сот сарапшылары бір ЖКО бойынша сараптама жүргізіп мынадай қорытындыға келді: ЖКО орнын қарап тексергенде тергеуші оқиға болған жердің территориясының шеңберін нақтылап белгілемей, жолдың үстінде шошайып тұрған темірге назар аудармаған. Оқиғадан кейінгі сарап жүргізу мен қарап тексеру кезінде мынадай жағдай анықталды: келе жатқан автобус жүргізушісі әлгі темірді көрмей басып кетеді де доңғалағы жарылады. Жарылған доңғалақ машинаны басқаруға ерік бермей, бұрып өкетіп, қарсы келе жатқан машинаға соқтығыстырып алады. Осыдан туатын қорытынды, оқиға болған территорияның шеңберін нақты анықтай білу тергеушіге ЖКО механизмін белгілеуге жеңілдік туғызады:

- соңғы нүктені анықтау (бағана, үйінді);
- қарау тәсілін анықтау (фронтальдық, эксцентрлік, концентрлік).

Мәселен, көлік құралының аударылуын тексеру эксцентрлік тәсілмен жүргізіледі. Мұндай жағдайда ең қажетті із аудармастан бұрын байқалады.

Басып кету – фронтальдық (бір қатарлы) маңдай алдынан тексеру жолымен жүргізіледі. Бұл тәсіл көлік құралы келе жатқан жолдың бойымен жүзеге асады, яғни, жүргізуші келе жатқан бағытын қалай көреді, соны тексереді.

Соқтығысу – концентрлік жолмен, яғни, шеткі нүктеден орта нүктеге қарай тексеріледі. Бұл тәсіл көліктің қозғалған немесе жүріп келе жатқан ізін көрсетеді.

Қарап тексеру объектісі – ЖКО кезінде оның бірнешеуі болады. Оның ең біріншісі – іздер, яғни, тежеу ізі – бұл айналмай қатып қалған доңғалақтың сырғанаған ізі; сырғанау ізі – жерді немесе жолдың бетін сүріп, жол түсірген із.

Мұндай іздер арқылы мынадай мән-жайларды анықтауға болады:

– жүргізушінің әрекетін;
– көлік құралының немесе оны тежеу жүйесінің ақауын;

- көлік құралының жүріс жылдамдығын;
- көлік құралының жүріс бағытын.

Мұндай іздер тіпті см-лік дәлдікпен, рулетка көмегін пайдалану арқылы өлшенеді.

Әр түрлі жол көлік оқиғасында пайда болған іздер қандай болады және оқиға орнын қарап тексергенде қандай іздерге баса назар аудару керек?

Жаяу жүргіншіні басып кеткенде болатын іздер:

– көлік құралының тежеу және қиғаштай сырғанау ізі;

- жол бетіндегі қанның ізі;
- көлік құралына жабысқан балшықтың үгіндісі;
- шам шынысының сынықтары;
- көлік құралының сындырылып түскен немесе басқа көлік құралынан жабысқан сыр бояуы;
- зардап шегушіні іліп алып, сүйреген ізі;

Соқтығыстан болатын іздер:

- жоғарыда айтылған іздер мен айғақ заттар;
- көлік құралының жол үстінде үзіліп, сынып қалған тораптары мен детальдары;
- жабысқан балшық, сыр-бояу қабыршағы, жанар-жағармай шашырандысы;
- көлік құралы доңғалағының ізі, тежеу және қиғаштап өкету ізі.

Осы жоғарыда айтылған іздер мен айғақ заттардың жиынтығы басып кету, соқтығысу, басып кеткен және соқтығысқан жердің механизмі, оның түрлері (бұрыштап, көлденең, қарсы, т.б.) туралы түсінік береді.

Бұдан кейінгі маңызды тергеу әрекеттері:

Көлік құралын қарап тексерудің аса маңызы бар. Көбінесе мұны тергеушілер жол полиция қызметкерлеріне тапсырады. Көлік құралының ақауын білу істің алға басуына көп көмегін тигізеді. Сондықтан да көлік

құралын тергеушінің өзі мұқият қарап тексергені дұрыс болады. Көлік құралын тексеруден өткізу көбінесе ЖКО болған жерде жүзеге асады, кейде оны апат болған жерден шығарып та тексереді (тексеруді тиянақты жүргізу мақсатында).

Тексергенде мыналар ескеріледі:

- қарап тексеруге жататын барлық объектілер сияқты доңғалақтың дәл ортасынан немесе көлік құралының шетінен айналасындағы көзге көрнекті, қозғалмайтын заттарды бағдарға алып, екеуінің арасын өлшеу керек;

- басқа көлік құралымен немесе адаммен соқтығысқан ізін білу үшін, көліктің алдыңғы жағын мұқият қарап шығу керек.

Қараған кезде мыналарға назар аударып, байқау керек:

- майысқан немесе сызылған жеріне, негізгі немесе габариттік шамдарының сынығы мен жарылған жеріне;

- қанның, мидың, басқа да заттардың шашырандысы мен дақтары;

- үзілген, қиылып қалған шаш пен жүннің талшықтары;

- мата, шүберек қиындысы мен суыртпақ-жіп үзінділері;

- зардап шеккен адам қолының, саусақтарының ізі;

- басқа көлік құралының сыр-бояуының қабыршықтары.

Мұның бәрін өзара жанасу фактісімен анықтауға болады. Мұнан кейін осындай мақсатпен көлік құралының оң және сол жақ жандары қаралады:

- руль, бұрып-басқару агрегаты мұқият тексеріледі (айналыс және басқа ақауы);

- жүріс-қозғалыс бөлігі (доңғалақ күпшегі, тежеу жүйесі, резина жағдайы, тозуы және басқа ақаулары); кейде мұндай ақауларды эстакадаға шығарып тексереді.

Егер көлік құралын іздеу салғаннан кейін тапқан болса:

- көлік құралының маңына басқа адамды жолатпау керек;

– көлік құралының жаңадан болған жерін ерекше қарап шығу керек;

– жаңадан ауыстырылған қосалқы бөлшектерін мұқият қарау керек;

– қанның, мидың, басқа да қоймалжың сұйық заттардың дағын жуып мүлдем кетіру мүмкін емес, сондықтан зардап шеккен адамның көлікпен жанасқан жерін тексеру керек.

Егер жүргізуші автомашинамды басқа біреу айдап кетті, жол-көлік апатын сол жасады деген сылтау айтатын болса, көлік-құралының кабинасын (салонын) аса мұқияттылықпен және сақтықпен қарап шығу керек:

– руль колонкасы, аспаптар панелі, есік, отырғыштар, төсеніш, басқару педальдары ерекше назарға алынады.

Салонды қарап тексергенде неге баса назар аудару қажет:

– бос шөлмек және басқа заттар бар ма?

– темекінің тұқылы;

– саусақтың іздері;

– микрообъектілер (қан, шаш, сыдырылған тері, шүберек, оларды алу үшін жабысқыш пленка қолданылады);

– құжаттар мен басқа қағаздар.

Қарап тексеру нәтижесін тіркеу

ЖКО болған жерді және көлік құралын қарап тексерудің нәтижесі бойынша жасалатын негізгі құжат – хаттама. Жол полиция басқармасының бөлімшелері үшін арнаулы рұқсат етілген бланкілер болады.

Іс жүзінде ЖКО болған жерді қарап тексеру хаттамасымен бірге оқиғаны анығырақ көрсететін көлемді схема мен жоспарды қоса тіркеу қолға алынып жүр. Бұл үшін мм-лік қағаз және көлік құралы мен қаза болған адамның суреті бейнеленген кішкене штамптар қолданылады. Фотосуретке түсіру жағдайдың бәрін айқын көрсетуге көп көмек береді. Доңғалақ резинасы бедерінің құймасын алу да істі жеңілдетеді.

Кейінгі кезде жағдайдың, көріністің бәрін айқын әрі түсінікті көрсету үшін бейнежазу қолданылып жүр. Бұл өте қолайлы.

Өлікті тексеру:

1. Тексеруді кейінге қалдырмай жүргізу қажет.
2. Тексеруге міндетті түрде сот-медицина маманы қатысуы тиіс.
3. Міндетті түрде көлік құралының қандай қашықтықта немесе қалай, қай жерде тұрғанын немесе жатқанын көрсету керек.
4. Денеге түскен жарақаттар мен өліктің қалай жатқанын көрсету керек.
5. Денеге түскен жарақаттың сипаттамасын толық және анық жазу керек.

Бұдан кейін өлікке қатысты сот-медицина сараптамасы жүргізіледі.

Өлікті немесе ауыр жарақат алған адамның кім екенін білу үшін мынадай шаралар жүргізіледі:

- көлік құралы мен жол бетіндегі іздерді тексеру;
- зардап шеккен адамның кім екенін білу үшін оның құжаттарын және басқа да заттарын байқау;
- барлық іздер мен таңбаларды, зақым келген жерлердің жағдайын, сипатын және көлемін толық және анық жазу;
- өліктің денесін және оның киімдерін тергеушінің қолындағы техникалық-криминалистикалық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып тексеру керек.

Тексеру кезінде анықталған іздер мен таңба, белгілер эксперимент пен жауап беруді тексергенде өте қажет болатынын естеріңізде сақтаңыздар.

Зардап шегуші мен куәгерден жауап алу

Әрбір ЖКО-да тергеуші белгілі бір адамнан жауап алғанда оны ретімен жүргізуі керек. Ол мыналарға байланысты болады:

- жол-көлік оқиғасының қандай жағдайда болуына байланысты;
- оқиғаның түсінікті жағдайына, ЖКО механизміне байланысты;
- оқиғаға қатысушылардың мінез-құлық әрекетіне байланысты;
- жауап беріп отырған адамның мүддесіне байланысты.

Ерекше сақтайтын мынадай тәртіп пен ережелер болады:

- жауап алу алдында тексеру материалдарын мұқият оқып-біліп алу керек (түсініктеме, схема-жобалар, қызмет бабындағы тергеу);

- көлемді (масштабы) схемаларды зақым шегуші мен куәгерден жауап алудың ең бастысын жүргізгеннен кейін пайдалану керек;

- зақым шеккен адам, куәгер, жүргізуші бір-бірімен араласпайтындай, өзара келісіп қоймайтындай жағдай жасау керек. Бұлардың бәрінен кешіктірмей, тез арада және бір мезгілде жауап алған жөн (кешіктірсе оқиғаның көбісі ұмытылып қалуы мүмкін).

Кәсібіне, істейтін қызметіне байланысты басып кетуден, қақтығысудан зардап шеккен адамнан жауап алудың өзіндік ерекшеліктері де болады (ЖКО-ға дейін, ЖКО-дан кейін және басқа жағдайда).

Жүргізушіден жауап алу

- жүргізушіден жауапты ЖКО-дан кейін бірден, кешіктірмей алу керек (одан кейін де бірнеше рет жауап алынады);

- жүргізушіден жауап алуды зардап шегуші мен куәгерден жауап алғаннан кейін де, дәрігерлік-сот анықтамасынан кейін алуға да болады;

- жүргізушінің ЖКО-дан кейінгі іс-әрекетін, қылығын, мінез-құлқын қадағалау керек;

- жүргізуші сөзді қашанда өзінің пайдасына бұрма-лайтынын ескерту қажет;

– жүргізушінің кінәсі сөзсіз болады, бірақ бәрі байқамағандықтан, сақтықты ұстамағандықтан кейде өзін шектен тыс сенімді санағандықтан болады;

– жүргізушінің көңіл-күйі төмен: ұнжырғасы түскен болатынын естен шығармау керек (адамды басып немесе қағып кетіп, өлтіру әлде жарақаттау оңай емес).

Сондықтан оған мыналарды түсіндіру қажет:

– тергеудің шындыққа жүгініп, әділ жүргізілетінін, сондықтан оқиғаның бүге-шігесін жасырмай айтуы өзінің пайдасына шешілетінін түсіндіру керек;

Жүргізушіден жауап алғанда мынадай ерекшеліктерге баса назар аудару қажет:

– басып кетті ме?

– қағып кетті ме немесе соқтығысып қалды ма?

– мас күйінде болды ма?

– оқиға болған жерден қашып кетті ме?

– кәсіпқой немесе әуесқой жүргізуші ме?

Еркін және байыпты әңгіме-дүкен құра отырып, төмендегі мына жайларды толық анықтау қажет:

– көлікқұралының жай-күйі (қандай және оны кім тексерді);

– көлік құралының апат жасар алдындағы жүріс жылдамдығы;

– жан-жағындағы және алдындағы көріністерді көру қабілеті;

– жолда жүру ережесін сақтауы немесе сақтамауы;

– жол-көлік оқиғасының механизмі;

– күтпеген жағдайда әрекет жасай білуі;

– көлік жүрісіне қандай кедергі кездесті;

– кездескен кедергіге орай шешім қабылдай білуі;

– ЖКО-ның шарықтау шегі, оған жүргізушінің жасаған әрекеті;

– жүргізушіге схемалар, қорытындылар, басқа адамдардан алынған жауаптың жазбасы басқа да мәліметтер көрсетіледі;

– жүргізушінің өз қолымен оқиғаның схемасын сызып беру талап етіледі. Өйткені оның схемасымен көрсетілген жайлар автотехникалық сараптама жүргізуге негіз болады.

ЖКО-ны тергеуді білгірлікпен жүргізудің мәні өте зор. Әрбір тергеу жұмысының өз ерекшеліктері болады. Сондықтан әр нәрсенің байыбына, анық-қанығына жетіп, әр түрлі жағдайды, әдіс-тәсілді, тәжірибені қолдана білген дұрыс.

Кейбір жағдайда оқиға болған жерді тексеру ретінде жүргізілген тергеу сараптамасы:

- маман-автотехниктің;
- маман-трасологтың;
- сот-медициналық дәрігердің жұмысын тиімді жүргізуге әсер етеді. Әсіресе оның тиімділігі сараптаманы тағайындау мен жүргізуде мейлінше жоғары болады.

Сараптамалар

Шындығына келгенде тергеуші ең бірінші сараптама тағайындамай тұрып, бір де бір ЖКО-ға тергеу жұмыстарын жүргізбейді. Егер жол апатында қаза тапқан адам болса, онда міндетті түрде сараптама тағайындалады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі өлімнің, ауыр жарақаттың болу себептерін анықтау үшін сот-медициналық сараптама жүргізуді міндетті түрде талап етеді.

Дегенмен, ЖКО-ға тергеу жүргізуде ең бірінші жасалатын соттық-автотехникалық сараптама инженерлік-көліктік сараптама класының кең тараған түрі.

Көлік құралының техникалық жай-күйіне диагностикалық зерттеу жүргізу.

Ол мынадай міндеттерді шешеді:

- жол қауіпсіздігі мен көлікті пайдаланудың техникалық нормалары мен басқа да талаптарына сәйкес көлік құралының (тораптарының, механизмдерінің, детальдарының) жай-күйін анықтау;
- ақаудың пайда болу себептері мен уақытын анықтау;
- ақау пайда болғаннан кейінгі жүргізушінің жасаған әрекетін анықтау;
- ақаудың жол-көлік оқиғасының бастапқы кезі мен шарықтау шегіне әсер ету дәрежесін анықтау;

- көлік құралының техникалық ақауы мен жол-көлік оқиғасының арасындағы себепті байланыстарды анықтау;
- жол-көлік оқиғасын болдырмаудың техникалық мүмкіндіктерін анықтау.

- техникалық ақауды дер кезінде байқау.

Химиялық-металлографиялық диагностикалық зерттеу жүргізу.

- детальдың немесе тораптың сынық-ақауларына сипаттама беру (соққы, ескі, брак);

- металдың сапасына немесе ақауына металлографиялық анықтама беру;

- металдың тот басып, коррозияға ұшырауын анықтау (көптен бері, біртіндеп);

- металдың мемлекеттік стандартқа (ГОСТ) сәйкестігін анықтау.

Жол-көлік оқиғасының әр түрлі механизміне зерттеу жүргізу.

Соқтығысқанда мыналарды анықтау қажет:

- ЖКО-ның шарықтау процесін зерттеу;

- соқтығысқанға дейінгі тежеу және бүліну іздері бойынша жүріс жылдамдығын анықтау (осы жерде оқиға болған жерді қарау мәліметтері қажет);

- жүргізушінің ЖКО-ны болдырмау мүмкіндігін анықтау;

- белгілі бір уақыт аралындағы көлік құралының тежеу мен тоқтау ізінің қашықтығын анықтау.

Кісі басып кеткенде мыналарды анықтау қажет:

- көлік құралы мен жаяу жүргіншінің жол апатына дейінгі қозғалысының траекториясы мен сипаттамасы;

- көлік құралының майысқан, бүлінген жерлері арқылы және жүргіншінің құлаған немесе ұшып барып түскен жері арқылы көлік құралының жүріс жылдамдығын анықтау;

- ЖКО-ны болдырмаудың техникалық және басқа да мүмкіндіктерін анықтау.

Көліктік-трасологиялық сараптама.

Сараптың бұл түрі мынадай міндеттер жүктейді:

– оқиға болған жердегі іздер бойынша көлік құралының құрамына нелер кіретінін анықтау;

– ЖКО механизміне байланысты жағдайларды көлік құралы доңғалағының ізін байқап, оның қалай бүлініп, ақауланғанын және көлік құралының жүріс бағытын анықтау.

Материалдардың, заттар мен бұйымдардың криминалистикалық сараптамасы (КЭМВИ) арасынан мынадай сараптар жиі өткізіледі:

– лак-бояу материалдарымен боялуы. Мәселен, кінәлі адам жасырынып кетеді немесе істегенін жасырады. Оған мысал: мотоцикл мен «Волга» автокөлігі екеуі де жасырынып кетеді, ал мотоцикл рулінің сол жағында түсті лак-бояудың ізі қалған, соған химиялық сараптама жүргізіледі;

– мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарына сарап жасалады.

ЖКО кезінде көлік ішінде отырған адамдардың алған жарақаттарының сипаты, киімдері мен аяқ киімдерінің үстіндегі қалған іздері, көлік құралының бөлшектері арқылы, рөлде кім отырғаны анықталу керек. Ол үшін кешенді сот-медициналық, трасологиялық және автотехникалық сараптама тағайындалады. Сарапшылар қарамағына көлік құралын, транспортты, өлген адамды, оқиға болған жерді тексеру хаттамалары және қаза болған жәбірленушілерді союдың сот-медициналық қорытындысы беріледі.

ЖКО түрлеріне байланысты басқа да іздер пайда болуы мүмкін.

Басып кеткен жердегі заттық дәлелдемелер мен іздер:

- транспорт құралының іздері (дөңгелектің, протектордың және т.б.);

- транспорт құралының тежегішті басқаннан кейін қалған іздері;

- шыны жарықшақтары;

- киім-кешек, аяқ киім;

- жер қыртысының қалдықтары;

- лак-бояулық өнімдерінің бөлшектері;

- сүйрету іздері;

- жер қыртысы, топырақ;

- жанар-жағар май материалдарының іздері;
- мөйіт;
- қан;
- ми қалдықтары;
- бордюр, тал үстіндегі бүліністер.

Жәбірленуші (мөйіт) үстіндегі іздер:

- транспорт құралының іздері;
- лак-бояулық өнімдерінің бөлшектері;
- киім-кешек және аяқ киім жыртылыстары;
- қан;
- жарақаттар.

Транспорт құралының үстіндегі іздер:

- қан;
- шыны бүліністері;
- бампер, капот және басқалардың бүліністері;
- адам иісінің іздері;
- мата және басқа да материалдардың талшықтары.

4.7. Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмысты тергеу әдістемесі

Парақорлықты тергеу

Парақорлықтың криминалистикалық сипаттамасы. Анытауға жататын мән-жайлар. Криминалистикалық құжаттарда пара алушылыққа белгілі бір мөлшерде ғана көңіл бөлінген. Пара алушылыққа тергеу органдары осы категориядағы қылмыстарды тергеу барысында көптеген тәжірибелер арқылы жаңарып келеді. Жаңа қылмыстық істер жүргізу кодексі қабылданғаннан кейін пара алушылық қылмыстарына да көптеген ұсынымдар мен тергеу бағыттарын талап етеді.

Пара алушылық – бұл лауазымды адамның өзі немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алуы, егер мұндай әрекеттерге

(әрекетсіздікке) мүмкіндік жасаса, сол сияқты жалпы қамқоршылығы немесе қызметі бойынша жол берілуі (ҚРҚК-311 бабы), сондай-ақ лауазымды адамдарға тікелей немесе делдал арқылы пара беру (ҚРҚК-312).

Осы дәрежедегі қылмыстарды тергеудің өзінің бір дербес ерекшеліктері бар. Бұл оның осындай қылмыстарды тергеу барысында тергеу әдістемелері мен өзіндік қасиеттерінен көрінеді және мұндай қылмыстар көбінесе қылмысты ашуға, оны тергеуге басқа қылмыстармен салыстырғанда қиынырақ болып келеді.

Пара берушілік көбінесе арнайы бір орындарда және бөтен адамдарсыз, куәгерлерсіз, ешкім жоқ жерлерде жүргізілетіні белгілі. Өйткені пара алушы, оны беруші, олардың арасындағы делдал адамдар бұл қылмысты жасауға мүдделі болып келеді, сондықтан осы қылмысты жасауға олар барлық жағдайларды туғызады. Мәселен, жасырын, өз әрекеттерін құпия әрекеттермен жүргізуі және т.б.

Бұл қылмысқа қатысушылардың барлығы қылмысқа тартылатындығын біле отырып өздерінің қатысқандығын жасыруға тырысады.

Пара алушылықпен күресудегі оны жеңілдету жақтары қарастырыла отырып, егер пара беруші өзі арыз жазған жағдайда қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

Бұл қаралып отырған қылмысты тергеуде оны терең ойластыра отырып және тергеулік тәсілдер мен әдістемелерді қолдана отырып жүргізілуі қажет. Сондықтан, арыздар мен хабарламалар терең зерттеліп және алдын ала тексерулерден өтуді талап етеді. Қылмыстық істі қозғау алдын ала тергеу мен алғашқы құжаттарды дайындау арқылы нақтылы негіздерге сәйкестіріп жүргізілуі қажет. Оның құрамына (затына) төмендегілер жатқызылуы мүмкін.

– қылмыстық істі қозғаудың заңдылығы тексерілу қажет.

– қылмыстық істі қозғауға негіз толығымен жеткілікті болуы қажет.

– қылмыстық істі қозғауға белгілі бір әрекеттердің болуы немесе осындай жағдайлардың болмауы.

Бастапқы құжаттарды дайындау барысында оларды екі топқа бөлуге болады.

– құжаттарды алдын ала тергеу барысында оларды терең тексеру қажеттілігі;

– алдын ала тергеу барысында құжаттарды терең тексеру қажетсіздігі;

Анықтауға жататын мән-жайлар

1. Пара беру уақыты, орны және кім, кімге және қандай мақсатпен берілгендігі;

2. Параның заты, оның мәні және алу көзі;

3. Пара беру амалы және оны жасыру жолдары;

4. Қылмысты жасауға қатысушылар, делдалдардың қанша болғаны, қатысушылардың бір-бірімен әрекеттестігі, олардың әрқайсысының рөлі, әрекеті.

5. Пара алушының қызметі, лауазымы;

6. Пара алу барысында өзінің әрекеті мен лауазымды адамның пара алуда әрекетінің формасы;

7. Қызметтік міндетінің аясы;

8. Пара алушылық болды ма;

9. Пара алушылықтың бірнеше рет қайталануы;

10. Айыпкерлердің міні, қылмыс жасау себеп-салдары;

11. Қылмысқа қатысқандардың әрқайсысының міндеттемесі.

12. Қылмыстық жауапкершіліктің жеңілдететін және ауырлататын жағдайлары;

13. Осы қылмыстарды жасауға итермелеген және тағы басқа да жағдайлары;

Алдын ала тергеу барысындағы тексеру әдістемелерінің маңыздылығы оны жасау түрлеріне байланысты болады. Бұл көптеген әрекеттермен жүзеге асырылады:

1. Танысу әдістемелері;

2. Жедел-ізвестіру шаралары;

3. Процессуалдық формада.

Танысу әдістемесінің формасына:

1. Алғашқы деректерді дайындау мақсатында мекемелер мен жеке тұлғалардан арнайы құжаттарды талап ету;

2. Оқиға болған жерге шығып, мекеменің қызметімен танысу, ол адамның сол мекемедегі алатын орны, ондағы құжаттармен танысу және т.б. анықтау.

3. Лауазымды адамнан және азаматтардан жазбаша түрде түсініктемелер талап ету;

4. Тексерістер (ревизия) және сараптамалар тағайындау және т.б. жүргізу.

Құжаттарды тексеру барысында пара алушы байқап қоймайтындай абайлықпен жұмыс жасаған жөн. Өйткені, олар байқап қойған жағдайда тергеуге қажетті кейбір құжаттарды құртып жіберуі мүмкін. Құжаттарды тексеру, жәбірленушіден немесе басқа арыз берушінің арызынан бастап жүргізілуі қажет.

Мекемелерге тексерулер жүргізу барысында куәгерлерді іздеу және олардан жауап алу өте сақтықпен сұралуы қажет. Сонымен қатар, бұл істерде куәгерлер аз болып келеді немесе ол пара алушының өзінің таныс жұмысшысы, кей жағдайларда оның туысы болып келеді. Сондықтан, куәгерлерді іздеп, түсініктемелер алуға сол басшылары арқылы шақыртуға болмайды. Өйткені пара алушы оларға бар жағынан әсер етуі мүмкін.

Процессуалдық тексерулердің сұрақтарына келетін болсақ, қылмыстық іс қозғалмас бұрын жүргізілетін әрекеттер көптеген әр түрлі дискуссиялық сипаттамадағы әрекеттерден тұрады.

Алдын ала тексерулер жүргізудің бірден-бір элементінің затына қылмыстық істі қозғауға негіз толық па немесе жоқ па, соны анықтау болып табылады.

Пара алушылық жөніндегі жедел-іздігі шаралары арқылы алынған хабарламалар, сонымен қатар басқа мәліметтер жоқ болған жағдайда ол алдын ала тергеу әдістемелері арқылы тексерілуі қажет.

Пара алушылық жөнінде арыз келіп түскен сәтте ол жөнінде арыз берушімен сөз байласып, барлық жағдайларды анықтап нақтылау қажет.

Арыздың заңдылығын тексеру барысында ол азаматтың кейіннен өз арызынан бас тартып немесе мойындамай кетпес үшін толығымен тексеріліп немесе оның

күқықтары мен міндеттері толығымен түсіндірілуі қажет. Оның не себептен арыз жазып отырғандығын (қатты толғанғандықтан, қорқу, үрейден пайда болған, кек қайтару, қызмет барысындағы жағымсыздықтың әсерінен және т.б.). Сондықтан арыз берушінің өзінің болуы, сол фактілерге сәйкес мәліметтер бере алуы, ондағы адамдар туралы және т.б. мәліметтер анықталып арыз қабылдануы қажет.

Парақорлықтың амалдарына:

- ақша (беру) алу, бағалы қағаздар, құндылықтар, мүлік;
- жұмыста қорғаушылықтар жасау;
- банктарда счеттар ашу;
- қызметтерге тағайындау т.б.

Парақорлық қылмыстары бойынша

болжамдар мен жоспар құру

Жоспар құру әрекеті екі кезеңде сипатталып жүргізіледі.

1. Біріншіден жоспарда қылмыстық іс қозғалғаннан кейін бірақ құрылады.

2. Екіншіден тергеу барысында кейбір тергеулік әрекеттерге жоспарлар құрылады.

Негізгі жоспарға бастапқы тергеулік әрекеттер мен бастапқы құжаттарды жинау құжаттары жатады.

Бастапқы тергеулік әрекеттерді жоспарлау оның қажетті және нақты әрекеттерімен жоспарлауда қажет болған жағдайда күтпеген әрекеттерді жүргізу. Күтпеген жерде бірден жүргізу ерекшелігі осы категориядағы қылмыстарда қылмысты ашуға қиын болғандықтан қажетті әрекеттің бірі болып табылады.

Тергеулік әрекетті жүргізу барысында кідіртпей жүргізілетін әрекет қылмыстық іс қозғалғаннан басталысымен жүргізілуі мүмкін. Бұл әрекет сонымен қатар, қылмысқа қатысатындарды және олардың қандай қылмыстық әрекет жүргізетіндігін, кейін жауап алған кезде қарама-қайшылықтар тумау жолдарын білуге болады.

Дәлелдемелерді іздеу барысында тергеуші мынадай бағытта жұмыстар жүргізуі мүмкін.

1. Лауазымды адамның жұмыс орындағы құжаттарын тексеру, болған жағдайды анықтау, қылмыс жасау органдарын және басқа қылмыстың затына, анықтаулар және тексерулер жүргізу.

2. Пара алушының (берушінің) тұрғылықты жерінен берген параның ізделінген затты, тәркілеуге жататын заттарды және т.б. сақтауға алатын заттар.

3. Пара берушінің жұмыс орны мен тұрғылықты жері, барлық заттар мен дәлелдемелер жинау міндеттері іздеу жұмыстарын жүргізу.

4. Делдалдың жұмыс орны мен тұрғылықты жері; параның жартысын немесе барлығын беріп жіберу және пара берушіден параның затын алуын растатайтын, тұрмыс қалпы, танитындар ортасы, қылмысқа басқа да қатысушылар қатынасы, парақордың ара қатынастарының түрі, әр түрлі хаттар мен жазылымдарды табу арқылы оларды зерттеу шараларын жүргізу.

Тергеу барысындағы типтік болжамдар құрылуы мүмкін:

1. Парақорлық орын алды.

2. Парақорлық орын алған жоқ, ал құндылықты заттар немесе ақша лауазымды адамға қарыз болғандықтан берілмеген, қарызға немесе басқа да заңды әрекетпен жасалған.

3. Пара берілген жоқ, арыз беруші адам қателеседі (пара алушыдан келген арыз);

4. Пара беру орын алған жоқ және арыз беруші адам қателеседі (пара алушыдан келген арыз).

5. Парақорлық болды, бірақ лауазымды адам заңсыз сыйлықты алған жоқ, өйткені жалған делдалдық орын алды немесе пара берушінің қателіктері болды.

Сонымен тергеу барысында басқа да болжамдар мен жоспарлар құрылуы мүмкін деп осы сұраққа қорытындылар жасаймыз.

*Парақорлыққа байланысты жедел іздестіру
шаралары мен кідіртілмейтін тергеулік
әрекеттер*

Тергеудің бастапқы кезеңінде парақорлыққы байланысты маңызы дәлелдемелерді жинай келе пара алушылық болды ма немесе парақорлық қылмысы жуық арада болады деген мәліметтерге алғашқы құжаттарды жинауда тергеулік әрекеттердің қайсысын жасаған тиімді деген сұрақтарды анықтаймыз.

Осы мәселеге байланысты мына төмендегілер анықтауға жатады.

Арыз берген адамнан жауап алу;

Қылмыс жасаған адамдарды немесе оған қатысқандарды анықтай отырып оларға кенеттен тінтулер жүргізу шараларын ұйымдастыру;

Пара алушыны ұстауға, оның ішінде қылмыс үстінде ұстауға жағдай туғызу;

Ұсталған қылмыскерлерді жеке тінту әрекеттерін жүргізу;

Оқиға болған жерді қарап дәлелдемелерді іздеу;

Алынған, табылған параның затына қарау мен анықтаулар жүргізу;

Ұсталған сезіктілерден жауап алу, жалған жауаптарды өшкерелеу;

Сезіктілер мен айыпкерлердің мүлкіне тыйым салу;

Парақорлыққа байланысты жиналған, анықталған құжаттар мен заттарды процессуалдық түрде бекіту;

Осы қылмыстарға байланысты куәгерлерден жауап алу және басқа да тергеулік әрекеттерді жүргізуді ұйымдастыру.

Алынған заттар мен айғақтарға байланысты сараптамалар тағайындау.

Алдын ала тергеу жүргізу барысында осы парақорлыққа байланысты жүргізілетін әрекеттер қылмысты дәлелдеу мақсатында тергеуші немесе қылмыстық істі жүргізуші органның келесі әрекетін төмендегідей қарастыруға болады.

1. Тергеу барысында жедел-іздік шаралары арқылы алынған мәліметтерді процессуалдық түрде бекіту шараларын жүргізу;

2. Осы категориядағы қылмыстар жөнінде дәлелдейтін мән-жайларды анықтап, дәлелдемелерді кеңейте түсу;

3. Сезіктілер мен қылмыскерлерді анықтай отырып, олардың қылмысқа қатысқандығы жөнінде мәліметтерді анықтау;

4. Парақорлық қылмысқа қатысқандар мен олардың шеңберін анықтай отырып, оларды ұстауға арнайы шаралар жүргізу;

5. Болған қылмыстың ізін жасыру және жоюға тырысқандардың алдын алу мен ескертулер жүргізу;

6. Парақорлыққа қатысқандарға немесе олардың қылмыс жасағандары анықталған жағдайда оларға іздеулер жүргізу шараларын жасау;

7. Парақорлық қылмыстың алдын алудағы жүргізілетін әрекеттер мен қоғамдық үгіттер жүргізу;

Тергеу барысында бастапқы әрекеттердің біріне арыз берушіден жауап алу жатады. Арыз берушілер көбінесе үш топқа бөлінеді. Оларға арыз беруші, екінші – қылмысқа қатысқан немесе парақорлық туралы белгілі болған азамат, үшіншіден, парақорлыққа тартылған немесе пара беруге итермелеген (взятка вымогалось или которым предлагалась взятка) лауазымды немесе өз пайдасын іске асыру мақсатын көздеген азаматтарды жатқызуға болады.

Егер арыз берушінің арызына байланысты дәлелдемелер жеткілікті болса, қылмыстық іс қозғалған жағдайда кідірілмейтін тергеулік әрекет ретінде арыз берушіден жауап алу көзделеді. Осы категориядағы қылмысқа сәйкес жауап алудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оларға төмендегілерді жатқызуға болады.

- Пара беруші мен пара алушының қайда, қашан және қандай себептермен танысқандығын, бұл жерден анықтай кету қажет. Оларды делдал таныстырды ма, қай жерде;

- Пара алушы қай жерде, кім болып істейді, мекен жайы, пара беруші онымен бұрын таныс болды ма;

• Делдал қай жерде, кім болып істейді, мекен жайы, пара алушымен бірге істейді, онымен бұрын таныс болды ма барлығын анықтау;

• Пара алушының қызмет бөлмесі қай жерде орналасқан, оған қалай кіруге болады. Пара алушыға кірмес бұрын ол адаммен кімдер сөйлесті, ол кісіге қалай кірдіңіз?

• Лауазымды адамның сыртқы келбеті, қандай киім киген?

• Пара алушымен (лауазымды адаммен) сөз байласқан кезде қандай-қандай сөздер болды және ол уақытта кімдер қатысып отырды немесе кімдер кіріп-шығып жүрді, тағы басқа да азаматтар болды ма?

• Пара беру келісімі, кім бірінші бұл жөнінде сөз қозғады, қандай үнмен немесе екпінде. Бұл жерде қорқыту немесе басқа да сөздер болған жоқ па?

• Пара беруге итермелеген жағдайлар болған жоқ па (поставлен условия), пара берушінің мүддесіне әсер ететін жағдайлар;

• Пара беруші мұндай жағдайды неліктен жасап отыр?

• Пара берген жағдайда оның қандай мүдделері орындалып, қандай жұмыстары жүргізілді немесе басқа жағдайы іске асты ма?

• Пара қандай көлемде (қандай упаковкада) қандай купюрада берілді?

• Пара берген адамда параның қалғаны қалған жоқ па? Мәселен: (упаковки, қапшығы т.б.)

• Пара алушы ол параны банкке есепшотқа сал деген жоқ па, егер сал десе ол қандай есепшот, нөмірі қандай?

• Ол параны қарызға деп сұрап алған жоқ па, ол әрекетін қалай деп түсіндірді?

• Егер пара мүлікпен берілсе, ол мемлекеттік немесе қоғамдық құралдар емес пе?

• Бұл мемлекеттік қоғамдық заттарды растайтын қандай құжаттар бар?

• Параны кімге берді (өзі алды ма, делдал алды ма немесе оның танысы ма)?

• Қалай берді? Кімдер көрді, куәгерлер бар ма?
• Пара алушы оны алған кезде бұл аз болады немесе тағы бересің деп басқа да қосымша пара талап еткен жоқ па?

• Пара беру жөнінде кімдер білуі мүмкін? Пара берушінің еркін арыз жазу мотиві қандай? Бұл пара беру жөнінде басқа біреулерге айтылды ма?

Осы жоғарыдағы сұрақтар толық айтылуы қажет. Егер парақорлық жөнінде басқа азамат бірден келіп түскен жағдайда ол хабарлаған азаматтар жауап алынуы қажет.

Ол жерде кім алды, кім берді, қайдан естіді, олардың жағдайлары, бұндай хабарларды кімнен естіді, пара алушының лауазымы, оларды қайдан таниды (жоғарыдағы сұрақтар қойылуы қажет) деген мәселе шешіледі.

Тінту жүргізу.

Тінту жүргізу мақсаты – параның затын табу, оның ішінде дәлелдейтін құжаттар, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын, алған заттың сипаттамасын анықтау, көлемін, материалдық жағдайын, т.б.

Тінту көптеген адамдарда жүргізілуі мүмкін: пара алған адам, делдал, пара беруші, және олардың таныс, туыс, т.б. Тінту жедел түрде жүргізілуі қажет. Сондықтан уақыты, орны алдын ала анықтау қажет. Оған жедел-ізвестіру қызметкерлерінің хабарламалары жүргізілуі тиімді. Тінту – тұрғын орында, жұмыс орында, т.б. барлық жерлерде жүргізіледі (үйдің іші, шатыр, подвал, т.б.). Ең алдымен жеке тінтулер жүргізу қажет, ашу бойында қылмыстың заты немесе арнайы құжат, записная книжкасы т.б. болуы мүмкін. Тінту барысында қандай қолдың ізі қалғанын да байқаған жөн. Табылған заттар хаттамада толтырылып, олардың тұрған жері, орны, жағдайы т.б. бекітіледі.

Пара алушыларды ұстау.

Қылмыстық тергеудің бастапқы кезеңінде қылмыскерді қылмыс үстінде ұстаған тиімді. Сондықтан алдын ала дайындық әрекетін жүргізіп, қалай берілді, қашан, ол жерге қалай барды т.б. сұрақтарға жоспар құрылады.

1. Пара берушіні (алушыны) дайындау (ақша беру, оның нөмірін жазу т.б.)

2. Оның артынан бақылау жүргізу, қалай бергендігін, алғандығын түсіру (фото, кино, диктофон т.б.).

3. Қылмыскерді ұстау (қалай ұсталды).

4. Процессуалдық түрмен бекіту.

Ұсталған сәтте оған жеке тінту жүргізу қажет. Ұстаудың тәсілдік мәселесі, пара берушімен (алушы) барлық сөздер бітіп, алған затын қайта бере қоймайтындай жағдайға келген сәттен бастап жүргізілуі тиіс немесе ол затты құртып лақтырып жібермеген кезде т.б. Бұл ұстау бейне, фото, диктафонға жазылып, процессуалдық түрде бекітілуі қажет.

Жеке тінтуге жеке тоқтала кетелік.

Ұсталған сәтте оның киімдерінің сыртын ұстау арқылы байқай отырып жеке тінту міндетті түрде жіргізілуі қажет. Жеке тінту қылмыстың затын, құжаттарды, осы пара алудағы оның куәландыратын жазылымдар және т.б. құжаттар табу мақсатында жүргізіледі. Жеке тінтуде оның сумкасы, портфель, чемодан, ішкі көрінбейтін қалталары т.б. қораптардың барлығы тексерілуі қажет (бас киімінің тесігін де қарау қажет). Тінту барысында бұндай қылмыстың затын тығып, лақтырып, жыртып немесе кей жағдайларда жұтып қоюы да мүмкін. Ұсталған сәтте сол ұсталған адамды толық көрсетуі тиіс.

Мүлікке тыйым салу.

Паралық мүліктерді іздеу және оларға тыйым салу бірден жүргізілгені қажет.

Сезікті мен айыпкерден жауап алу.

Сезікті мен айыпкер ретінде жауап алатындар үш топқа бөлінеді: 1) пара алушы; 2) делдалдар; 3) пара берушілер.

Қылмыскерлерден барлық сұрақтар бойынша толық, кең көлемде қылмысты ашатындай сұрақтар қойылып, қылмыстың қалай жүргізілетіндігін анықтау қажет. Айқын, шын жауап алу мақсатында оларға біріншіден, дәлелдемелерді ұстап көрсете отырып алады. Сонымен

қатар, кейін ол бірнеше рет қылмыс жасаған болса, барлық дәлелдемелерді көрсете отырып жауап алу.

Егер айыпкерлер мен сезіктілер бәрінен жалтарып отырса, тергеу беттестіру әрекеттері арқылы жүргізілуі мүмкін.

4.8. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарды тергеу ерекшеліктері

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы

Қылмыстық заңға сәйкес кәмелетке толмағандар деп қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. Көбіне мұндай тұлғалар үлкендер жасайтын қылмыстарды да жасап жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 15-бабының екінші бөлігіне сәйкес, қылмыс жасаған кезде он төрт жасқа толған адамдар кісі өлтіргені, денсаулыққа қасақана ауыр немесе орташа ауырлықтағы зардап келтіргені, зорлағаны, ұрлық жасағаны, кісі тонағаны, ұрып-соққаны, қорқытып алғаны және басқа да бірқатар қылмыстары үшін қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы өзінің белгілі өзгешелігімен ажыратылады. Осылайша, мүліктік қылмыстарға қатысты тікелей қылмыстық қастандылық заты ретінде көлемі кішкентай жеңіл тасымалданатын заттар жүреді (әдетте, жастар арасында қадірлі заттар – кроссовкалар, күртелер, джинсилер, бейнекассеталар, үн және бейнетаспалар және т.б.).

Аталмыш тұлғалардың қылмыс жасау тәсілдері әдебиеттерден, кинодан, теледидардан белгілі ересек қылмыскерлердің іс-қимылдарына еліктеу арқылы сипатталады. Үлкен арандатушы бар кәмелетке толмағандар тобымен жасаған қылмыстарды санамағанда, басқалардың қылмыстық іс-қимылдары бейберекет, тұрақсыз

болады, қылмысқа мүқият дайындық болмайды, қылмыс іздерін жасыруға әрекет көбіне жасалынбайды.

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың жағдайы, уақыты және орны да өзгеше болып келеді. Кешкілік уақытта кәмелетке толмағандар тарапынан көбіне бұзақылық, денсаулыққа зардап келтіру, қарақшылық, тонау тәріздес қылмыстар жасалады; ал күндізгі уақыттарды – пәтерлерден ұрлық жасау, жыныстық қылмыстар және тағы басқа құқық бұзушылықтардың түрлері жасалады. Қоғамдық орындарда кәмелетке толмағандар кейде бұзақылық әрекеттер, жаппай төртіпсіздіктер (әсіресе, футбол командаларының жанкүйерлері) жасайды. Жасөспірімдер қылмысты көбіне тұрғылықты жерлерінің маңайында іске асырады.

Қылмыскерлер қалдыратын іздердің ерекшеліктеріне келетін болсақ, осындай санаттағы қылмыстар бойынша материалдық іздер (қол, аяқ, тіс іздері, аэрозольдық бүріккіштер көмегімен қабырғада қалдырылған әр түрлі жазулар). Мұндай ақпараттардың қылмыстың интеллектуалдық іздері туралы мәліметтермен толықтырылатын көріністері де аз емес (жасөспірімдердің құқық бұзушылық әрекеттерін куәгерлер, жәбірленуші және басқа да хабардар тұлғалардың байқап тұруы).

Жасөспірімдер қылмысты топтасып та жасайды. Осылайша, топпен ұрлықтың жартысына көбі, тонаудың үштен екі бөлігі және қарақшылықтың 90 % жасалынады.

Жасөспірім қылмыскерлер әдетте, жоғары әсерленгіштікпен, көңіл күйдің ауытқуымен қатарласқан ашуландықпен сипатталады. Алайда, қылмыс жасау туралы шешім қабылдау – оның жасына байланысты ерекшеліктер емес, ол әдетте, тұлғаның адамгершілік қасиетіндегі өзгерістер, әлеуметтік дамуындағы теріс тәрбиесіне көп байланысты болады.

Өмірлік тәжірибенің жеткіліксіз болу салдарынан жасөспірімдер нақтылы жағдайға дұрыс баға бере алмайды, соның нәтижесінде әлеуметтік емес мінезқұлықтарды таңдауға бейім тұрады. Сонымен қатар

жасөспірімдер өз күштеріне асыра сенеді, үлкендердің іс-қимылдарын талғамсыз қабылдауға әзірлігі және қозғамдардың (мотив) енжарлығы (инфантильность), олардың іс-әрекеттерінің қозғамына қоршаған орта ықпал етеді.

Тәжірибені талдаудан өткізу нәтижесіне байланысты көмелетке толмаған қылмыскерлердің елеулі үлесі әрдайым спирт ішімдіктерін немесе есірткі заттарын пайдаланған. Жасөспірімдердің кейбір бөлігі құмарлық ойындарға, күнде тойлап, мақсатсыз уақыт өткізуге құмар болған, әдеттегідей, мектепте олар сабақты нашар оқып, үлгермеушілер қатарында жүріп, басым көпшілігі көркем әдебиеттер бетін ашпаған.

Қарастырылып отырған қылмыстар бойынша жәбірленуші ретінде үлкендер де, көмелетке толмағандар да болады. Үлкендерге қатысты жасөспірімдер әдетте, қылмысты топтасып жасайды (кісі өлтіру, бұзақылық, тонау, қарақшылық және т.б.). Замандастарына қатысты жыныстық қылмыстар, денсаулыққа зардап келтіру, бұзақылық көріністер басым болады. Мұндай қылмыстардың бірқатары топтасып жасалады.

Көмелетке толмағандар жасаған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасының аталған элементтерін бір-бірімен байланыстыра отырып қарастырған жөн.

Қылмыстық іс қозғау ерекшеліктері. Анықтауға жататын жағдайлар

Көмелетке толмағандар жасаған қылмыстар бойынша іс жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 52-тарауында көрсетілген. Мұндағы қағидалар қылмыс жасаған кезде он сегізге толмаған (заң бойынша он сегізге толды деп туған күнінде емес, келесі күннен бастап саналады) тұлғаларға қолданылады. Туған күні мен жылы туу туралы куәлікпен, төл құжатпен немесе аталмыш құжаттарды қарау хаттамасымен анықталады.

Осындай санаттағы істердің елеулі ерекшелігі – басқа да жағдайлармен қатар ҚР КІЖК-нің 481-бабында көрсетілген мән-жайларда анықталу қажет:

- көмелетке толмағанның жасы (туған күні, айы, жылы);
- көмелетке толмағанның тұрмысы мен тәрбие жағдайы;
- зияткерлік, ерік-жігерінің және психикалық даму дәрежесі, мінезі мен тегеуріндік ерекшеліктері, мұқтаждары мен мүдделері;
- көмелетке толмағандарға ересек адамдар мен басқа да көмелетке толмағандардың ықпалы.

Есі ауысқандық ауруларға байланысты емес, көмелетке толмағанның ойлау қабілетінде тегеуріндік көріністер бар деген ой-пікірлер туындағанда, өзінің жасаған әрекеттерінің мағынасын толық түсіну-түсінбеушілігі туралы жағдайлар анықталу керек. Мұндай мән-жайларды анықтау мақсатында қажетті мағлұмат бере алатын көмелетке толмағанның ата-анасынан, мұғалімдерінен, тәрбиешілерінен жауап алынады, сондай-ақ керек құжаттар талап етіледі және тергеулік, соттық іс-әрекеттер жүргізіледі. Бұл жерде балалар және жасөспірімдер психологиясы саласында мамандандырылған психиатрлар немесе психологтар кеңесін алу өз нәтижесін береді.

Қылмыстық іс қозғауға дейінгі тексеріс мынадай жағдайларда қажет: көмелетке толмағанның қылмысы туралы арызда елеулі кереғарлықтар болғанда; хабар кімнен келіп түскендігі белгісіз; арыз, қылмыс жасалғаннан кейін көп уақыт өтісімен барып берілген; қылмыстық оқиғаны суреттеу нақты емес; қылмыс жасауда сезікті жасөспірім қылмыстық жауаптылыққа тартылатындай жасқа келген жоқ деген жорамал бар және т.б.

Көмелетке толмаған жасаған әрбір қылмыстық іс бойынша басқаларымен қатар мынадай болжамдарды тексерген жөн:

- үлкен арандатушылар немесе қатысушылар бар ма;
- бірнеше қылмыс жасаған жасөспірімдер мен ересектердің қылмыстық тобы бар ма;

➤ кәмелетке толмағандар қайыршылыққа, ішімдікке салынуға, құмарлық ойындар ойнауға, есірткі заттарды немесе басқа да есеңгірететін нәрселерді пайдалануға үйренген бе;

➤ үлкендер жағынан алдын ала уәделеспеген жасырушылық фактісі (оның ішінде ата-анасы жағынан да) бар ма.

Қылмыстарды кәмелетке толмағандар тобы жасағанда, олардың құрылу жағдайлары мен әрекеттесу ерекшеліктері, әрбір мүшесінің рөлі анықталады. Мұндай топтың ұйымдасқан қылмыстық қауымдастықтармен байланыс мүмкіндіктерін анықтаған жөн.

Кәмелетке толмағандардың қылмысын тергеудің алғашқы кезеңіндегі тергеуші іс-әрекеттері және кәдімгі тергеулік жағдайлар (типтік ситуациялар)

Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар жайлы істер бойынша тергеуші іс-әрекеттерінің бағдарламасы көбіне ұрлық, тонау, зорлау тәріздес қылмыс топтарын тергеу барысында қалыптасатын кәдімгі тергеулік ситуациялармен қамтамасыз етіледі. Қарастырылып отырған істер бойынша тергеуші іс-әрекеттерінің бағдарламасының мұндай ситуациялық өзара қамтамасыздығы – кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар үшін тән ерекшелік. Міне, осы жағдай тергеу әрекеттерінің реті мен сипатына әсер етеді.

Тәжірибеде төмендегідей кәдімгі тергеулік жағдайлар кездеседі.

1. Жәбірленуші немесе куәлар қылмыскерлерді білмейді, бірақ та бет пішіні, өзін-өзі ұстау мәнеріне және басқа да белгілері сай, олар кәмелетке толмағандар болуы мүмкін деп жорамалдайды.

Мұндай жағдайда, яғни, қылмыстың интеллектуалдық іздері болғанда, материалдық іздерді анықтау жұмысына назар аударылады. Әдетте, мұндай кезде оқиға болған жерді қарау (қылмыс кәмелетке толмағандармен жасалғандығын көрсететін белгілер айқындалу керек);

жөбірленушіден не материалдық тұрғыдан жауапты тұлғалардан жауап алу; ізін суытпай қылмыскерлерді іздеу мақсатындағы жедел іздестірушілік шаралар; қылмыскерлерді ұстау; көмелетке толмағандардың жұмыс, оқу орнын және мекен-жайын тінту және сондағылардан жауап алу; жеке басын тінту; сот сараптамаларын жүргізу іске асырылады.

2. Оқиға болған жердің жағдайы, іздер және басқа да мәліметтер қылмыс жасәспірімдермен жасалғандығын көрсетеді.

Материалдық іздер болғанда, тергеушінің жұмыс бағдарламасы негізінен қылмыстың интеллектуалдық іздерімен жұмыс істеу қажеттілігімен анықталады. Бұл жерде жөбірленуші, хабардар немесе материалдық тұрғыдан жауапты тұлғалардан жауап алу, ізін суытпай жедел іздестіру қызметкерлерінің көмегімен мақсатты түрде қылмыскерлерді іздеу, сондай-ақ қылмыскерлерді ұстап, тану үшін ұсынудың маңызы зор. Соған соң кідірілмей ұсталғандардан жауап алынады, жұмыс, оқу орны және мекен-жайы тінтіледі, жеке басы тінтіледі, тиісті сот сараптамалары тағайындалады. Оқиға болған жерден табылған іздер криминалистикалық тіркеулермен тексеріледі.

3. Жөбірленушілер мен куәларға қылмыскерлер және олардың жасы мәлім.

Мұндай жағдайда әдетте, көмелетке толмағандарға қатысты ұстау жүргізіледі, оқиға болған жер қаралады, ұсталғандар мен хабардар тұлғалардан жауап алынады, тану үшін ұсыну әрекеті іске асырылады, іздер тіркеулерден тексеріледі, жұмыс, оқу орны және мекен-жайы тінтіледі, жеке басы тінтіледі, көмелетке толмағандардан жауап алынады, сот сараптамалары тағайындалады.

Осылайша, көмелетке толмағандар жасаған қылмыстық істер бойынша пайда болған жағдайларға байланыссыз күдіктіге қатысты ұстау әрекеті жүзеге асырылады, оқиға болған жер қаралады, көмелетке толмағандардан жауап алынады, тінту жүргізіледі, сот сараптамалары тағайындалады.

Кейбір тергеу әрекеттері тактикасының ерекшеліктері

Тергеу әрекеттері тактикасының реті мен ерекшеліктері жайлы дұрыс шешім мынадай мәселелерге байланысты:

- көмелетке толмағандар жасаған қылмыстың сипаттамасына;
- оларды жасау тәсілі мен уақытына;
- қылмыстық іс қозғауға негіз болған алғашқы мәліметтердің мазмұнына;
- іс бойынша пайда болған кәдімгі тергеулік жағдайға.

Бұлтартпау шарасы ретінде қамау, сондай-ақ ұстау көмелетке толмағанға осы ҚР ҚІЖК-нің 132, 150-баптарында көрсетілген негіздер болса, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасалған кезде ғана ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін (ҚР ҚІЖК-нің 491-бабы). Бұл жерде жасөспірімнің жеке басының ерекшеліктері, қылмыстық әрекеттердің дәрежелігі, ниет пен зардапқа деген мақсаттылығы, қылмыстың қайталануы ескеріледі, қылмыстық қызметтің созылмалы болуының қауіптілігі зерттеледі.

Көмелетке толмағандарды ұстау үшін дайындықтан өту керек. Бұл жерде жасөспірім көрсететін қарсылық, оның ішінде қаруланған қарсылық көрсету мүмкіндігі ескеріледі. Әдетте, ұстау әрекеті күндіз, кісі аз жерде іске асырылады. Ұсталғанға мұндай шараның қолдану себебі, оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Ұстау және көмелетке толмағанның отырған жері туралы оның ата-анасы немесе заңды өкілдерге ескертіледі. Ұстау хаттамасында жасөспірімнің үлкендерден және сотталған көмелетке толмағандардан бөлек ұстау қажеттілігі атап көрсетіледі. Тергеуші, сондай-ақ істе қорғаушының қатысуын қамтамасыз етеді. Көмелетке толмағандарды заңды өкілдердің, мектеп-интернаттардың және басқа да балалардың жабық мекемелерінің қарауына беру тәрізді бұлтартпау шарасы да жиі қолданылады.

Оқиға болған жерді қарау. Оқиға болған жерді мақсатты және кәсіби түрде қарау барысында қылмыс көмелетке толмағандармен жасалынды деген болжамды шығаруға мүмкіндік беретін іздер мен басқа да заттық дәлелдемелерді табуға болады.

Аталмыш болжам негізіне жатқызуға болатын белгілер:

1) қарау барысында табылған іздердің ерекшелігі. Оларды алдын ала зерттеуден өткізуде маман-криминалистің алатын рөлі зор. Қол іздерінің өлшемі бойынша шамамен жасын анықтауға болады. Ұзындық бірлігіне шаққандағы бүрттік (папилляр) сызықтарының саны бойынша адам жасын анықтауда маман көмек береді. Қол және саусақтардың өсуіне қарай сызықтардың азаятындығы байқалған. Дактилоскопиялық көшірмедегі бүрттік сызықтарға перпендикуляр жүргізілген 0,5 см-лік сызық аралығында, 8-12 жастағы балада әдетте 12-13 бүрттік сызықтары болады, жасөспірімдерде – 10-12 бүрттік сызық, үлкендерде – 9-10, ал толық адамдарда – 7 бүрттік сызықтары байқалады.

Өлшемдері бойынша кішкене аяқ киім іздері, оларды көмелетке толмағандар қалдырғанын көрсетеді. Аяқ киім іздерінің жолдарындағы өкше және қадам ұзындықтары арқылы шамамен адамның бойын анықтауға болады.

Егер қарау барысында конфет, ірімшік, шоколад, майдағы тіс іздері табылса, олар жасөспірімдерден қалдырылған деген жорамал жасауға болады. Маман-стоматолог көмегімен жүргізілген тістердің бөлек іздерін қосымша өлшеу нәтижесінде, ол іздер жасөспіріммен қалдырылған деген нақты қорытынды беруге болады;

2) қылмыскерлердің қисынсыз қимылдарын көрсететін іздер. Көмелетке толмағандар жасалынатын қылмыстың егжей-тегжейін әрқашан ойластыра бермейді. Оқиға болған жерді қарау барысында заттардың керексіз шашылуы, олардың бүлінуі қажет етілмейтін көріністер байқалады;

3) оқиға болған жерден ұрланған заттардың сипаты (тәтті тағамдар, бейне және радиоаппаратуралар, компьютерлер, сағаттар және т.б.);

4) қылмысты жасау тәсілдерінің ерекшеліктері. Оқиға болған жердің жағдайын талдай отырып, қылмыскерлер қимылдарындағы бейберекеттікті көрсететін белгілерді анықтауға болады (себепсіз бүліністер, спирт ішімдіктерінің бос шөлмектері, есірткі заттардың бумалары т.б. Жазуларды зерттеу барысында қолтаңбаға, жазған адамның бойы мен әуестігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін қабырғадағы жазулардың мазмұны мен орналасу биіктігіне назар аударылады. Қылмысты жасөспірім жасады деген тұжырымға, ұрланған заттың сақталу орнына енуі ықтимал кішкене тесіктер арқылы келуге болады.

Тінту. Аталмыш тергеу әрекетінің заты қылмыстың жасалу тәсілі мен сипатына қарай анықталады. Тінту барысында жасөспірімдер үлкендерге қарағанда, өздерін қолда ұстай алмағандықтан, олардың мінез-құлықтарына бақылау орнатып, ол үшін тінтуді екі тергеуші немесе тергеуші және жедел іздестіру қызметкерінің жүргізгені көп нәтиже береді. Тінту арқылы жасөспірімнің жеке басы, өмірі және тәрбиесі, сондай-ақ қызықтыратын мәселелер шеңбері туралы мәліметтер жиналуы тиіс. Осы мақсатта тінту кезінде жасөспірімді қалай да болсын сипаттайтын заттарға (аспаптар, кітаптар, бейне кассеталар және т.б.) назар аударған жөн. Сонымен бірге кітапшаларын, күнделіктерін және таныстарының фотосуреттерін іздеу керек. Спирт ішімдіктері мен есірткі заттарын жиі пайдалануы мүмкін деген тұжырымды дәлелдейтін мәліметтерге көңіл бөлінеді. Келтірілген зардапты қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында тінтумен қатар мүлікке тыйым салыну қажет.

Кәмелетке толмағандардан жауап алу. Қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, он төрт жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін, ал тергеушінің қалауы бойынша он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі куәдан немесе жәбірленушіден жауап алуға қатысу үшін педагог шақыртылады. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу кезінде оның заңды өкілдері қатысуға құқылы. Жауап алуда қорғаушы да қатысуға құқылы.

Жауап алуға дейін шақырылған тұлғаға мінез-құлық ережелері туралы нұсқау беру керек. Жауап алу барысында тайталасуға, тергеушінің рұқсатынсыз сұрақ қоюға, дәлелдемелерге баға беруге болмайды. Кәмелетке толмағандардың сенгіштігі жоғары болғандықтан, нақтылаушы және толықтырушы сұрақтарды қою кезінде ерекше сақ болу керек. Оның себебі жасөспірімдер жауап алу үстінде қиялдауға жақын тұрады, сондықтан тексеріс сауалдарын қоюға дайын болған жөн. Кәмелетке толмағандармен айтылған мәліметтер тыңғылықты тексеріледі.

Кәмелетке толмаған жәбірленушіден жауап алу кезінде болған оқиғаның толық көрінісін, уақытын, орнын, жағдайын анықтауға, қылмыскерлердің жеке басы, киімі, сөйлесу мәнері туралы толық мағлұмат алуға ерекше көңіл бөлінеді.

Жолдастық сезімді дұрыс түсінбеушілік нәтижесінде кейде жәбірленушілер іс үшін елеулі маңызы бар жағдайларды жасырады. Мұндай жәбірленушілердің көрсетулері сынды баға беру және қайта тексерістен өткізу әрекетіне ұшырайды.

Кәмелетке толмаған куәлар да кейде ақырына дейін шыншыл болмайды, олардың ойынша шынайы көрсетулер құрдастарын әшкерелейді.

Күдіктіден (айыпталушы) жауап алу кезінде тергеуші кәмелетке толмаған қылмыскерге оған қарсы тағылған айып мазмұны мен мәнін жете түсіндіру керек. Оның іс-қимылдарын қылмыс ретінде саралайтын арнайы заң терминдері тергеушімен жеткілікті тілде түсіндіріледі, онымен психологиялық қатынас орнатылады, оқиғаның жалпы көрінісін қайта қалпына келтіруге көңіл бөлінеді, қылмыстың қозғамы және жасалған қылмыстың субъективтік жағының басқа да элементтеріне, қысқасы жауап алудың заты болып келетін шыншыл көрсетулер анықтауға күш жұмсалады.

Жауап алынып жатқан кәмелетке толмағандардың көрсетулерін жауап алу біткен соң бекіткен жөн. Бекі-

ту тәсілдерінің қосымша құралдары ерекше орын алады, мысалы, үн таспаға жазу.

Сараптамалар тағайындау. Осындай санаттағы істер үшін сот-медициналық және сот-психологиялық сараптамалар тән. Жасын анықтау қажеттілігі туындап, ал жасы туралы құжаттар жоқ және оларды қайта қалпына келтіру мүмкін емес жағдайда сот-медициналық сараптама міндетті түрде жүргізіледі. Бой, салмақ, сүйектерінің жағдайы, тіс, шаш белгілеріне қарай сарапшы көмелетке толмағандардың жасы туралы тұжырымға келе алады.

Сот-психологиялық сараптама заты ретінде дамуында елеулі тегеуріндік бар жасөспірімдердің даму деңгейі жүреді. Сарапшылар (көбіне, оларға педагогтар, психологтар, ал кейде психиатрлар жатады) алдында қойылатын сұрақтар шеңбері: көмелетке толмағанның ақыл ой дамуында ауытқулар бар ма; олар немен байланысты пайда болған; жасөспірімнің шын мәніндегі дамуы қай жасқа сәйкес келеді; психология мәліметтеріне сүйене отырып, көмелетке толмаған өзіне тағылған айыптың мағынасын жетік түсінбеген деп тұжырым жасауға бола ма. Істің мән-жайына байланысты басқа да сауалдар қойылуы мүмкін.

Әрбір сараптаманы тағайындай отырып, көмелетке толмаған күдіктінің (айыпталушының) осындай әрекетті жүргізуге байланысты құқықтарымен, мәселен, қорғаушы немесе заң өкілдің қатысуын қамтамасыз ету қажет. Олар сондай-ақ салыстырмалық зерттеу үшін үлгілер алу кезінде де қатысу керек.

ҚОСЫМШАЛАР

ҚАУЛЫЛАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Қаулы

дактилоскопиялық сараптама тағайындау туралы

Қарағанды қаласы

2003 жылдың 9 наурызы

Қарағанды облысының ІІББ тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны А.А. Ниязов ҚР ҚК-нің 175-бабы бірінші бөлігі және 185-бабы бірінші бөлігіндегі қылмыс белгілері бойынша қозғалған №1144 қылмыстық іс материалдарын қарастырып,

АНЫҚТАДЫ:

2003 жылдың 7-наурызының түнінде белгісіз тұлғалар Қарағанды қаласы, Бұқар жырау көшесі, 78-ауласында тұрған гараж есігін бұзып ашып, ішіндегі Н.А. Панов иелігіндегі мемлекеттік нөмірі М 415 КОМ, ВАЗ-21010 маркалы автокөлікті ұрлап кеткен. Келесі күні 8-наурызда автокөлік Қарағанды-Теміртау жолының жиырмасыншы километрінде табылған. Машинаның доңғалақтары, капоты, аккумуляторы, радиоқабылдағыш және тағы басқа бөлшектері болмаған. Сол күні қарау барысында алдыңғы есіктің үстіңгі жақ шынысында көрінетін, әлсіз көрінетін саусақтың үш термайлық іздері табылған. Аталмыш іздер «Зенит-122» фотоаппаратында жүздік пленкамен түсірілген, сонан соң 9x12 өлшемді түссіз із көшірмесін жасайтын пленкаға көшіріліп алынған.

2003 жылдың 9-наурызында осы қылмыс бойынша сезікті В.С.Смаков пен П.П.Хан ұсталған.

Ұрланған автокөлік шынысындағы қол іздері В.С.Смаков және П.П. Хан саусақтарымен қалдырылған ба деген сұрақты шешу үшін дактилоскопия саласындағы арнайы білім қажет.

Іс бойынша дактилоскопиялық сараптама тағайындауға негіз бар екендігін ескере отырып және ҚР ҚІЖК-нің 240, 242, 245-баптарын басшылыққа алып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Аталмыш іс бойынша дактилоскопиялық сараптама тағайындап, оны жүргізуді ҚР ӨМ сот сараптамасы Орталығының Қарағанды аумақтық ғылыми-өндірістік зертханасына жүктеу.

2. Сараптама шешетін мәселелер:

а) қарау барысында табылған автокөлік шынысындағы қол іздері В.С. Смаков және П.П. Хан немесе басқа тұлға саусақтарымен қалдырылғандығы;

б) осы іздер автокөлік иесі Н.А. Пановтан қалдырылғандығы;

3. Сарапшы қарауына ұсынылатын объектілер:

а) мемлекеттік нөмірі М 415 КОМ, ВАЗ-21010 маркалы автокөлік есігіндегі шыныдан табылған іздер бекітілген 9x12 см түссіз із көшіретін пленка (№1-пакет);

б) 2003 жылдың 9 наурызында тергеуші бөлмесінде алынған В.С. Смаков, П.П. Хан және Н.А. Панов саусақтарының көшірмелері бар дактилоскопиялық карталар.

Тергеуші, полиция капитаны: **А.Ш. Ахметов**

Қаулы

сот-баллистикалық сараптама тағайындау туралы

Қарағанды қаласы 2003 жылдың 4 қазаны

Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны А.А. Азимов ҚР ҚК-нің 103-бабы бірінші бөлігі және 251-бабы бірінші бөлігіндегі қылмыс белгілері бойынша қозғалған №114 қылмыстық іс материалдарын қарастырып,

АНЫҚТАДЫ:

2003 жылдың 3-қыркүйегінде шамамен сағат 20-да демалыс саябағындағы тирдің маңында белгісіз адаммен атыс қаруынан үш атыс жүргізілген. Оқиға болған жерді қарау барысында тирдің жанынан тапанша патронының бір гильзасы табылып алынды.

2003 жылдың 4-қыркүйегінде шамамен сағат 22-де белгісіз адаммен саябақтан шыға берісте тұрған киоскіге қарай екі атыс жүргізілген. Оқиға болған жерді қарау кезінде киоскіден он бес метр аралықта тротуардың үстінен тапанша патронының екі гильзасы табылып алынды.

2003 жылдың 5-қыркүйегінде шамамен сағат 23-те «Арман» боулинг орталығының маңайында атыс қаруынан азамат Б.В.Ивановтың оң аяғы жарақаттанған. Оған операция жасаған Мақажанов атындағы клиникасында оң аяғының жұмсақ тканьдарынан калибрі 9 мм болатын тапаншаның атылған оғын алған.

2003 жылдың 19-қыркүйегінде шамамен сағат 20-да «Валют-Транзит» банкінің алаңында болған төбелесте В.Сергеев және М.Семенов ұсталған. Кейінгінің жеке басын тінту барысында күртесінің қалтасынан қолдан жасалған тапанша табылып, оның обоймасында 9 мм екі патрон болған.

М. Семенов жауап алу кезінде бұл тапаншаны базардағы белгісіз жігіттен екі күн бұрын үш жүз теңгеге сатып алып, одан әлі бір рет те атқан жоқпын деп жауап берді.

М.Семеновтың пәтерінде жасалған тінтудің нәтижесінде кітаптар тұратын шкаф ішінен 9 мм екі патрон және үш гильза табылып, алынған.

М.Семеновтан алынған тапаншаның түрін және моделін, оның атыс жүргізуге жарамдығын айқындау үшін, сондай-ақ 2003 жылдың 3 және 4-қыркүйегінде саябақтағы атыстар осы қарудан жасалынды ма және Б.Ивановтың аяғы осы қарумен жарақатталды ма, осыларды анықтау үшін арнайы білім-біліктілік қажет. ҚР ҚІЖК-нің 240, 242, 245-баптарын басшылыққа ала отырып,

Қаулы етті:

Аталмыш іс бойынша сот-баллистикалық сараптама тағайындап, оны жүргізуді ҚР ӨМ сот сараптамасы Орталығының Қарағанды аумақтық ғылыми-өндірістік лабораториясына жүктеу.

Сараптамамен шешу үшін қойылатын сұрақтар:

1. М.Семеновтан алынған тапанша қандай төсілмен (зауыттық, қолдан) дайындалған?

2. М.Семеновтан алынған тапанша патрондармен атыс жүргізуге жарамды ма және олардың калибрі қандай?

3. Егер жарамды болса, одан атыстар жүргізілді ме, қашаннан бері және қанша рет?

4. Егер тапанша қолдан жасалған болса, онда ол қандай төсілмен және қандай құрал-саймандарды қолдану арқылы әзірленген? Дайындау барысында зауыт бөлшектері пайдаланылды ма?

5. 2003 жылдың 3 және 4-қыркүйегінде саябақтағы оқиға болған жерді қарау барысында алынған гильзалар және М.Семеновтың пәтерін тінту кезінде алынған гильзалар М.Семеновтың жеке басын тінту барысында алынған тапаншадан атылған ба?

6. Б.Ивановтың аяғынан алынған оқ М.Семеновтан алынған тапаншадан атылған ба?

7. М.Семеновтан жүргізілген тінту барысында алынған гильзалар және Б.Ивановтың аяғынан алынған оқ қандай қару және қай калибрлі патрондарға жатады?

8. Оқиға болған жерден алынған гильзалар, М.Семеновта жүргізілген тінту барысында алынған гильзалар мен патрондар және Б.Ивановтың аяғынан алынған оқ бір дайындау партиясына жата ма?

□ Сарапшы қарамағына жіберілетін барлығы бөлек пакетке салынған объектілер: М.Семеновтан алынған тапанша (№1-пакет), 2003 жылдың 3-қыркүйегінде саябақтан алынған бір гильза (№2-пакет), 2003 жылдың 4-қыркүйегінде саябақтан шыға берісте тұрған киоск маңайынан алынған екі гильза (№3-пакет), Б.Ивановтың аяғынан алынған оқ (№4-пакет), М.Семеновтың жеке басын тінту барысында алынған екі патрон бар обойма (№5-пакет), М.Семеновтың пәтерінде жасалған тінтудің нәтижесінде алынған екі патрон және үш гильза (№6-пакет).

Тергеуші, полиция капитаны:

А.Ш. Ахметов

ҚАРАУ ХАТТАМАСЫ (үлгісі)

«Аяжан» арағының бос шөлмегін, дактилоскопиялық пленканы және П.Т. Литовский мен Ю.С. Литовская дактилоскопиялық карталарын қараудан өткізді

2000 жылдың 12 қаңтары Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны Саламатов А.А. куәгерлер: 1) Мақабаяев Мейрам Смайылұлы, мекен-жайы Тепловоная 7; 2) А.П Первухин., мекен-жайы Гоголь көшесі 70, 10-пәтер және Қарағанды облысының ПББ Оперативтік-криминалистикалық басқармасының маман-криминалисті С.П. Каратаевтың қатысуымен ҚР ҚІЖК-нің 203, 221, 222-баптарының талаптарын сақтай отырып, Ерубаев көшесі, 51-үйде орналасқан Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің №35 кабинетінде «Аяжан» арағының бос шөлмегін, 2000 жылдың 12 қаңтарында орын алған Бұқа көшесі 45-үйдің, азамат П.Т.Литовскийдің 78-пәтерінен бөтен мүлікті ұрлау дерегі бойынша оқиға болған жерден алынған дактилоскопиялық пленканы және П.Т. Литовский мен Ю.С. Литовская дактилоскопиялық карталарын қараудан өткізді.

ҚР ҚІЖК-нің 84, 86-баптарына сәйкес маман(дар)ға және куәгер(лер)ге құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Қарау 11 сағат 15 минуттан – 12 сағат 40 минутқа дейін табиғи жарық аясында жүргізілді.

Қараумен анықталған мәселелер: «Аяжан» арағының бос шөлмегі ақ капрон жіппен керілген екі фанера ортасына орнатылып, полиэтилен пакетке салынды. Бұл пакет жан-жағынан қара жіп оралып, оның шеттері Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің «Пакеттер үшін»

деген домалақ мастикалық мөр көшірмесі бар биркамен мөрленген. Бирканың үстінде көк түсті сиямен жазылған қолжазбалық мәтін бар. Оның мазмұны: «2000 жылдың 12 қаңтарында орын алған Бұқпа көшесі 45-үйдің, азамат П.Т.Литовскийдің 78-пәтерінен бөтен мүлікті ұрлау дерегі бойынша оқиға болған жерді қарау кезінде ас бөлмесіндегі стол үстінен табылған, қол іздері бар «Аяжан» арағының бос шөлмегі». Биркада екі куәгердің, маманның және тергеушінің қолдары бар. Егжей-тегжейлі қарау мақсатында шөлмек бумадан алынды. Түссіз шыныдан дайындалған 0,5 литр мөлшеріндегі бос шөлмек. Бүйірінде қағаздан жасалған «Аяжан» деген жазуы бар тік бұрышты заттаңба жабыстырылған. Шөлмектің биіктігі 300 мм, диаметрі 80 мм. Заттаңбаның оң жақ жоғары бұрышында, шөлмектің аузынан 18 мм аралықта сопақ нысанды 32x47 мм өлшеміндегі алақан учаскесінің әлсіз көрінетін ізі бар. Бұл ізде бүртiк сызықтары легінің үш шапақты құрылымы байқалады. Заттаңбадан солға қарай 26 мм және шөлмек түбінен 35 мм аралықта әлсіз көрінетін төрт саусақ ізінен тұратын топ табылды. Олардың табаны заттаңбаға көлденең 90 градус бұрышпен орналасқан. Шөлмектің түбінен санағанда бірінші және екінші іздерде тұзақты өрнектер көрінеді, олардың тұзағының ашық жағы сол жаққа қарай бағытталған; жоғарыдағы екі ізде доғалды іздер байқалады. Қағаз заттаңбадағы көрінбейтін қол іздерін айқындау үшін, оларды ацетонның нингидриндегі 1% қоспасымен мақта тампонының көмегімен өңдеген. Айқындалу процесін жылдамдату мақсатында заттаңба 300 Вт қыздыру шамымен жылулық әсерге ұшырады. Осылайша, заттаңбаның оң жақ шетінде астыңғы бұрыштан 46 мм аралықта доғалды өрнек кескінделген бір саусақ ізі айқындалды. Іздің табаны солға қарай бағытталып, көлденеңге 70 градус бұрышта жатыр. Формасы, өлшемдері, орналасуы және өзара орналасуына қарай жоғарыда суреттелген іздер шөлмекті сол қолымен ұстау нәтижесінде жасалынған. Шөлмектің шыны беткейіндегі және заттаңба үстіндегі басқа іздер жағылу түрінде кескінделген.

Дактилоскопиялық пленка Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің «Пакеттер үшін» деген домалақ мастикалық мөр көшірмесі бар биркамен мөрленген пошта конвертіне буып-түйілген. Бирканың үстінде көк түсті сиямен жазылған қолжазбалық мәтін бар. Оның мазмұны: «2000 жылдың 12 қаңтарында орын алған Бұқпа көшесі 45-үйдің, азамат П.Т.Литовскийдің 78-пәтерінен бөтен мүлікті ұрлау дерегі бойынша оқиға болған жерді қарау кезінде ас бөлмесіндегі «Стинол» тоңазытқыш тұтқасындағы саусақ ізінен алынған 28x35 мм өлшеміндегі дактилоскопиялық пленка». Конверт үстінде екі куәгер, маман және тергеушінің қолдары бар. Конвертті ашқан кезде, одан тік бұрышты нысандағы 28x35 мм өлшеміндегі қара түсті дактилоскопиялық пленка алынды. Дактилоскопиялық пленканың эмульсиялық қабатында саусақ ізі ұнтақ тәріздес сұр түсті затпен кескінделген, онда доғалды өрнектің ортасы мен дистальдық аумағы байқалған.

П.Т.Литовский және Ю.С.Литовская дактилоскопиялық карталары 210x297 мм ақ қағаз түрінде көрсетілген. Бір жағында типографиялық қара бояудың көмегімен екі қатарға орналасқан саусақ көшірмелері: үстіңгі қатарда – солдан оңға қарай орналасқан бас бармақтан шынашаққа дейінгі оң қолының саусақ көшірмелері, ал төменгі қатарда – солдан оңға қарай орналасқан бас бармақтан шынашаққа дейінгі сол қолының саусақ көшірмелері. Төменде саусақтың тексерушілік көшірмелері және дактокартада саусақ көшірмелері орналасқан тұлғалардың қолдары бейнеленген. Биографиялық мәліметтер парақтың үстіңгі бөлігінде көрсетілген. Парақтың келесі бетінде алақан көшірмелері орын алған.

Шөлмек, дактопленка және дактилоскопиялық карталар дактилоскопиялық зерттеу жүргізіп, төмендегі сұрақтарды шешу үшін маманға тапсырылды:

1. Дактилоскопиялық пленкадағы және «Аяжан» арағының бос шөлмегінің үстінен табылған қол іздері идентификациялауға жарамды ма?

2. Аталмыш іздер П.Т. Литовский, Ю.С. Литовская-лардан қалдырылған жоқ па?

Маманның қорытындысы хаттамаға қосымша ретінде тіркелген.

Хаттама оқылды. Дұрыс жазылған.

Куәгерлер:

(қолдары)

Маман (дар) :

(қолдары)

Тергеуші:

(қолы)

Маман қорытындысының үлгісі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**

Қарағанды облысының ІІББ
Оперативтік-криминалистикалық басқармасы

Қарағанды к., Ерубаев к-сі, 51-үй

тел. 42-95-91

МАМАННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

« » 200 ж. _____
(тертеулік немесе сот іс-әрекетінің түрі)
_____ хаттамасына.

_____ дерегі бойынша,
(істің мән-жайы, қылмыстық істің нөмірі)

Зерттеу жүргізу маман(дар)ға _____
(лауазымы, бөлімше атауы, ғылыми дәрежесі,

_____ атағы, тегі, аты жөні)
білімі _____ криминалистикалық жұмыста _____ стажы

бар, тапсырылды.

Маман(дар)ға ҚР ҚДЖК-нің 84-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Хаттамаға сәйкес (ҚР ҚДЖК-нің 203-бабының 8-бөлімі) маман(дар) криминалистикалық зерттеу жүргізді.

Маман(дар) _____
(тегі, аты-жөні, қолы)

Зерттеу іс-әрекеті объектіні алдын ала қараудан, суреттеп жазудан, қажетті белгілерін анықтаудан, аналогтармен салыстырудан, эксперименттер өткізуден және қорытынды құрастырудан тұрады да, сарапшының қорытындысындағы зерттеу жүргізу сатыларына сәйкес келеді.

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Қарағанды облысының ПББ Оперативтік-криминалистикалық басқармасы

Қарағанды қ., Ерубаев к-сі., 51-үй тел. 42-95-91

МАМАННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ №15

2000 жылдың 12 қаңтарында орын алған Бұқа көшесі 45-үйдің, азамат П.Т. Литовскийдің 78-пәтерінен бөтен мүлікті ұрлау дерегі бойынша 2000 жылдың 13-қаңтарында «Аяжан» арағының бос шөлмегін, дактилоскопиялық пленка мен П.Т. Литовский және Ю.С. Литовскаяның дактилоскопиялық карталарын қарау хаттамасына.

Зерттеу жүргізу Қарағанды облысының ПББ Оперативтік-криминалистикалық басқармасының криминалистикалық жұмыста бес жыл қызмет өтілі бар, маман-криминалисті С. П. Каратаевқа тапсырылды.

Маман(дар)ға ҚР ҚІЖК-нің 84-бабында көрсетілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Қарағанды облысының ПББ тергеу бөлімінің аға тергеушісі полиция капитаны А.А. Саламатов берген нұсқауды (ҚР ҚІЖК-нің 221-бабының 1-бөлімі) негізге ала отырып, тергеу әрекетінің хаттамасына сәйкес (ҚР ҚІЖК-нің 203-бабының 8-бөлімі) маман-криминалисті дактилоскопиялық зерттеу жүргізіп, төмендегідей сұрақтарға жауап қайтарды.

1. Дактилоскопиялық пленкадағы және «Аяжан» арағының бос шөлмегінің үстінен табылған қол іздері идентификациялауға жарамды ма?

2. Аталмыш іздер П.Т. Литовский, Ю.С. Литовскаямен қалдырылған жоқ па?

ЗЕРТТЕУ:

«Аяжан» арағының бос шөлмегін, қол іздері бар дактилоскопиялық пленка (№1-фото) және П.Т. Литовский мен Ю.С. Литовская дактилоскопиялық карталары (№2-фото) қарау хаттамасында толық суреттелген.

Шыны шөлмек үстінен табылған алақан учаскесінің ізі және саусақ іздері кесе-көлденең жарық сәулелерінде тіке-

лей объектінің өзінен суретке түсірілген. Ол үшін «Уларус» қондырғысы «Унибром» фотоқағазы пайдаланды. Түс бұзатын мәселелерді жою мақсатында қатты қара қағаздан ойып алынған маскалар қолданылды. Фотосуреттердегі (№3, №4-фото) бүртік (папилляр) сызықтары қара болып тұскен.

Маман: _____ С.П. Қаратаев
(қолы)

Заттаңбадан анықталған саусақ ізі «Уларус» қондырғысымен «Микрат-200» фотоленкасына түсірілген. Осы пленкадан кейін дайындалған суреттерде бүртік сызықтары қара түсті болып бейнеленген (№5-фото).

Қол іздерін қарау хаттамасында суреттелген фотоларды көзбен шолу арқылы зерттегенде, барлық іздерде әрбір ізді жекелейтін белгілер жиынтығы кескінделгендігі және олардың көмегімен жеке тұлғаны идентификациялауға болатындығы айқындалған.

Салыстырмалы зерттеулер фотодағы қол іздерін саусақ кескіндері мен алақан көшірмелері көзбен шолу арқылы салыстыру жолымен іске асырылды.

Салыстырмалы зерттеу нәтижесінде анықталған мәселелер: өрнектер жалпы құрылымы бойынша, бүртік сызықтары легінің бағыты бойынша, формасы, өлшемі, бүртік сызықтары өрнектерінің орналасуы және өзара орналасуы бойынша әр түрлі болып, олардың өзгешелігі бар. Демек, «Аяжан» арағының бос шөлмегіндегі және дактилоскопиялық пленкадағы саусақ іздері мен алақан учаскелері П.Т. Литовский мен Ю.С. Литовскаядан қалмаған, олар басқа тұлғалардан қалдырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ:

1. Бес саусақ ізі (сол қолдың бас бармағы, сұқ саусағы, ортаңғы, аты жоқ саусағы мен шынашағы), «Аяжан» арағының бос шөлмегіндегі алақан учаскесінің ізі және 28x35 мм дактилоскопиялық пленкадағы саусақ ізі идентификациялауға жарамды.

2. Бұл іздер П.Т. Литовский мен Ю.С. Литовскаядан қалмаған, олар басқа тұлғалардан қалдырылған.

Маман: _____ С.П. Каратаев
(қолы)

Сарапшы қорытындысының үлгісі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ

*Қарағанды аумағы бойынша сот сараптамасының
ғылыми-өндірістік лабораториясы*

Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 56-үй 41-51-61 тел.

ҚОЛХАТ

Маған (бізге) қызметкерге (қызметкерлерге) Алпысбаев Нұрлан Мерланұлына, Баринов Алмас Садықұлына ҚР ҚЖК-нің 83-бабына сәйкес сарапшының құқығы мен міндеттері түсіндірілді.

ҚР ҚЖК-нің 352-бабына сәйкес қасақана жалған қорытынды берген үшін ескертілдім (ескертілдік).

«26» мамыр 2003 ж.

САРАПШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

№1990

«26» мамыр 2003 ж.

Сарапшы(лар) Н.М. Алпысбаев, А.С. Баринов заңгерлік жоғары білімі (білімдері) мен 10 жыл сарапшылық қызметінен тәжірибесі бар, Совет АІПБ-ы тергеу бөлімінің тергеушісі А.И. Мамыржановтың Д.А. Догонадзеден суық қаруға ұқсас объектіні алу фактісімен қозғалған № 2066 қылмыстық іс бойынша 2003 жылдың 25-мамырында шығарған қаулысына сәйкес суық қарудың криминалистикалық сараптамасын жүргізді.

Сарапшы(лар):

Н.М. Алпысбаев

А.С. Баринов

Істің мән-жайы: «Құқықтық тәртіп» шеңберіндегі шаралар жүргізу барысында 2003 жылдың 24-мамырында Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі бойында Д.А. Догонадзенің жеке басын тінту нәтижесінде қалтасынан шетелде жасалған ашпалы-жаппалы пышақ табылып, кейіннен алынған.

Сараптамға ұсынылған нәрселер: ашпалы-жаппалы пышақ.

Сараптама шешу үшін қойылған сұрақ:

1. Д.А. Догонадзеден алынған пышақ суық қаруға жата ма, егер жатса, қандай төсілмен дайындалған?

ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ

Зерттеу объектісі сараптамаға қолма-қол әкелінген. Ол, жабылатын жерлері «Совет ауданы ПБ-ы тергеу бөлімі» үш бұрышты мөрімен мөрленген ақ түсті қағаз конвертке буып-түйілген. Конверт, мөр көшірмелерінде бүліністер көрінбейді.

Конвертті ашқан кезде ішінде жалпы ұзындығы 225 мм (ашық түрінде) болатын сұқпасы мен сабы шарнирлі әдіспен бекінген ашпалы-жаппалы пышақ болды. Пышақ сұқпадан, саптан және қазинектен (тегеріш) тұрады.

Пышақ сұқпасы болаттан дайындалған, бір жүзді, екі жағынан қайралған, қайралған жердің ені 10 мм-ге дейін. Ұшы жүзінің біртіндеп домаланып және сыртының қиғаштанған жерінде 40 градус шамасында түйісіп, сұқпаның осьтік сызығынан жоғары орналасқан. Сұқпаның ұзындығы – 97 мм, ені – 17 мм, сыртының қалыңдығы – 3,0 мм. Сұқпаның сағасында «ROSTFREI» деген маркалық таңба көрініп тұр.

Сұқпасы саппен шарнирлі түрде екі металл шегемен шегендеу арқылы бекінген.

Пышақтың сабы магниттік қасиеттері жоқ сырты жылтыр балқымадан жасалған. Сұқпа жабық түрде тасымалдану және ішіне еніп тұру үшін арнайы жасалған науалы пирамида сияқты екі плашка үстінде жеті тесік бар. Осы плашкаларды жабық түрінде бекем ұстап тұру мақсатында «Т» сияқты металлдық фиксатор шарнир арқылы плашкалардың біреуінде шегенделген. Сап өлшемдері: жалпы ұзындығы – 123 мм, енінің ең үлкен жері – 27 мм, ең аз – 16, 5 мм, қалыңдығы – 12 мм.

Қазинегі (тегеріш) жартылай шеңбер түрінде болып, оның жалпы ұзындығы – 29 мм.

Пышақ жасауда қолданылған материал, тетіктерін өңдеу сапасы, маркалық таңбасы және арнайы қаптамалар зертеудегі пышақтың шетелде өндірістік тәсілмен жасалғанын көрсетіп отыр.

Пышақ детальдарының өзара әрекеттесуін тексеру барысында сұқпаның ашық түрінде мығым болуы және

сапқа бекіну жерінде люфттың шамалы екендігі айқындалды.

Өзінің конструкциясы бойынша ұсынылған пышақ шетелде «BUTTERFLY» (нож-бабочка) деп аталған, шарнир түрінде бекітін ашпалы-жаппалы пышақтардың үлкен тобына жатады. Мұндай пышақтардың әр қилы түрлері болады:

- жалпы үй-шаруашылық мақсаттағы;
- арнайы мақсаттағы;
- аңшылық мақсаттағы.

Нақты топқа жатқызу мақсатымен зерттеуге ұсынылған пышақтың бірқатар қажетті белгілерін айқындау үшін мынадай қасиеттері табылды:

- объектінің жалпы өзі мен бөлек тетіктерінің белгілі аналогтарға өлшемі, құрылысы және формасы бойынша сәйкес келу;

- сұқпа және пышақтың жалпы конструкциясының мықтылығы мен төзімділігі;

- қолда ұстауға ыңғайлы және соққы беру кезінде қауіпсіз болу;

- зақымдау қасиеттері.

Зерттеу барысында ұсынылған пышақтың сұқпасы аңшы пышақтарының кейбір үлгілерінің сұқпаларымен сырттай ұқсастығы айқындалған (Мысалы, қараңыз: «Сборник информационных листов холодного (металлического) оружия и предметов хозяйственно-бытового назначения, сходных с ним, прошедших сертификационные криминалистические испытания в 1994-1995 гг. / Авторы-составители А. Н. Астапов, А. М. Герасимов – М.: ЭКЦ МВД России, 1996»). Сонымен бірге, сұқпаның конструкциясы түйреп-кесу зақымдарын келтіру мүмкіндігімен қамтамасыз етілген (сырты мен жүзі қиылысқан жері ұшы бола отырып, ол сұқпаның осьтік сызығынан жоғары орналасқан; өлшемдік сипаттамалары).

Пышақтың мықтылығы мен төзімділігін тексеру барысында, ұшына жүк түсіруді тоқтатқан кезде қалдық-ты деформация байқалмаған.

Пышақтың ұшын жоғары және төмен орналастыра отырып ағаш бөгетті әр түрлі күш жұмсау арқылы соққылаған кезде мыналар анықталды:

- пышақтың ұшы ағашқа 13 мм тереңдікке дейін еніп, оның нәтижесінде жалпы конструкция сынбаған және сұқпаның қалдықты деформациясы көрінбеген;
- соққылау кезінде қолдың сапта орнығуы қазинекке (тегерішке) тіреле отырып, ыңғайлы болған.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылған пышақ суық қарудың белгілерін өзіне жинақтағанын көрсетеді:

- сұқпа аңшы пышақтарының үлгісімен дайындалған;

- сұқпа да, пышақтың жалпы конструкциясы да жеткілікті мықтылық және төзімділікпен қамтамасыз етілген;

- соққылау кезінде елеулі зақымдау қасиеттері, ыңғайлылығы және қауіпсіздігі байқалады.

Зерттеу нәтижелерін жалпы талдай келе, сарапшылар ұсынылған пышақ ашпалы-жаппалы аңшы пышағының үлгісімен өндірістік тәсілмен шетелде дайындалған және түйреп-кесетін қысқа сұқпалы суық қаруға жатады деген қорытындыға келді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуге ұсынылған пышақ ашпалы-жаппалы аңшы пышағының үлгісімен шетелде өндірістік тәсілмен дайындалған және түйреп-кесетін қысқа сұқпалы суық қару түрлеріне жатады.

Сарапшы(лар):

Н.М. Алпысбаев

А.С. Баринов

Сарапшы қорытындысының үлгісі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
МИНИСТРЛІГІ

*Қарағанды аумағы бойынша сот сараптамасының
ғылыми-өндірістік лабораториясы*

Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 56-үй 41-51-61 тел.

ҚОЛХАТ

Маған (бізге) қызметкерге (қызметкерлерге) Алпысбаев Нұрлан Мерланұлына, Баринов Алмас Садықұлына ҚР ҚІЖК-нің 83-бабына сәйкес сарапшының құқығы мен міндеттері түсіндірілді.

ҚР ҚК-нің 352-бабына сәйкес қасақана жалған қорытынды берген үшін ескертілдім (ескертілдік).

«26» мамыр 2003 ж.

САРАПШЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

№1990

«26» мамыр 2003 ж.

Сарапшы(лар) Н.М. Алпысбаев, А.С. Баринов заңгерлік жоғары білімі (білімдері) мен 10 жыл сарапшылық қызметінен тәжірибесі бар, Совет АІБ-ы тергеу бөлімінің тергеушісі А.И. Мамыржановтың Д.А. Погасяннан суық қарудың лақтырылатын үлгісіне ұқсас объектіні алу фактісімен қозғалған №2066 қылмыстық іс бойынша 2003 жылдың 25-мамырында шығарған қаулысына сәйкес суық қарудың криминалистикалық сараптамасын жүргізді.

Сарапшы(лар):

Н.М. Алпысбаев
А.С. Баринов

Істің мән-жайы: «Құқықтық тәртіп» шеңберіндегі шаралар жүргізу барысында 2003 жылдың 24-мамырында Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі бойында Д.А. Погасянның пәтерін тінту нәтижесінде арбалет және үш жебе табылып, кейіннен алынған.

Сараптамаға ұсынылған нәрселер: арбалет және үш жебе.

Сараптама шешу үшін қойылған сұрақ:

1. Д.А. Погасяннан алынған арбалет суық қаруға жата ма, егер жатса, қандай тәсілмен дайындалған?

ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ

Зерттеу объектісі сараптамаға қолма-қол әкелінген. Оның жабылатын жерлері «Совет ауданы ПБ-ы тергеу бөлімі» үш бұрышты мөрімен мөрленген ақ түсті картон қағазға буып-түйілген. Пакет үстінде, мөр көшірмелерінде бүліністер көрінбейді.

Пакетті ашқан кезде ішінде жалпы ұзындығы 800 мм болатын арбалет және жалпы ұзындықтары 352 мм-ге дейін жететін үш жебе болды. Арбалет адырнасы бар садақтан, ұстап тұрып жіберіп қалатын механизмнен, жебе бағыттайтын науасы бар қаңқадан, адырна тартқанда аяқ тірейтін үзеңгіден және иық тірейтін тапанша типтес саптан тұрады.

Арбалеттің негізгі бөлшектері металлдан, ал адырнасы жібек жіптен дайындалып, оның жалпы ұзындығы (рабочий ход) 210 мм, ал садағының құлашы 790 мм-ге дейін барады. Жебе бағыттайтын науаның ені шамамен 8-10 мм. Арбалет тетіктері бір-бірімен металл шегемен шегендеу арқылы бекінген.

Жебелердің жалпы конструкциясы мықты пластиктен, ал үшкір ұштары металлдан жасалып, артқы жағы ұшқанда тұрақты болу үшін қауырсындырылған, әрқайсысының диаметрі 8 мм, салмағы 40 граммға дейін.

Арбалет және оның жебелерін жасауда қолданылған материал, тетіктерін өңдеу сапасы, маркалық таңбаның жоқтығы зерттеудегі объектінің қолдан жасалғанын көрсетіп отыр.

Арбалет детальдарының өзара әрекеттесуін тексеру барысында, мәселен адырнаның тартылуы және механизмнің ұстап тұрып жіберіп қалғанда жалпы конструкцияның мығым болуы айқындалды.

Өзінің конструкциясы бойынша ұсынылған арбалет Ресейдегі «ИНВЕНТ» атты жабық типті акционерлік қоғамы жасайтын «АС-1Р» сияқты аңшылық мақсатындағы арбалет үлгісіне ұқсайды.

Нақты топқа жатқызу мақсатымен зерттеуге ұсынылған арбалеттің бірқатар қажетті белгілерін айқындау үшін мынадай қасиеттері табылды:

– объектінің жалпы өзі мен бөлек тетіктерінің белгілі аналогтарға өлшемі, құрылысы және формасы бойынша сәйкес келуі;

– төзімділік қасиеті мен конструкциясының белгілі үлгілерге сай келуі (мұндайда: жасалу тәсілі, қолданылған материалдар, адырнаның тартылу күші және т.б.);

– зерттеудегі арбалеттің атыс мүмкіндігі;

– бірнеше рет және көздеп ату мүмкіндігі;

– қарастырылып отырған үлгінің зақымдандыру қасиеттері.

Зерттеу барысында ұсынылған арбалеттің адырналы садағы, ұстап тұрып жіберіп қалатын механизмі, жебе бағыттайтын науасы бар қаңқасы, адырна тартқанда аяқ тірейтін үзеңгіден және иық тірейтін тапанша типтес сабы аңшы арбалеттарының кейбір үлгілерінің осындай тетіктерімен сырттай ұқсастығы айқындалған (Мысалы, қараңыз: «Сборник информационных листов холодного (метательного) оружия и предметов хозяйственно-бытового назначения, сходных с ним, прошедших сертификационные криминалистические испытания в 1994-1995 гг. / Авторы-составители Астапов А. Н., Герасимов А. М. – М.: ЭКЦ МВД России, 1996» 155-бет). Сонымен бірге, аталмыш тетіктер конструкциясы жебе көмегімен зақымдар келтіру мүмкіндігімен қамтамасыз етілген (адырнаның тартылу күші, механизмнің ұстап тұрып жіберіп қалу сипаттамалары).

Динамометр көмегімен өлшеу жүргізу барысында арбалет адырнасының тартылу күші шамамен 60 килограмм аралығында болған.

Жебелер көмегімен арбалеттен нысананы эксперименталды түрде 3-10 метр арақашықтан 10 рет атқанда механизмдерінің төзімділігіне, адырнаның мықтылығына, бөлшектердің бұзылмай бірнеше рет атыс жүргізуге жарамды екеніне және ауытқу нысана шеңберінен шықпайтынына көз жеткізілген.

Арбалеттің зақымдандыру қасиетін тексеру барысында жебе ағаш нысанаға 8-10 мм тереңдікпен еніп, оның нәтижесінде жебе конструкциясы сынбаған және ұшы майыспаған.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері ұсынылған арбалет суық қарудың белгілерін өзіне жинақтағанын көрсетеді:

- арбалет, аңшы арбалеттер үлгісімен дайындалған;
- арбалет және оның жебелерінің жалпы конструкциясы да жеткілікті мықтылық және төзімділікпен қамтамасыз етілген;
- бірнеше рет атыс жүргізу кезінде елеулі зақымдау қасиеттері, ыңғайлылығы және қауіпсіздігі байқалады.

Зерттеу нәтижелерін жалпы талдай келе, сарапшылар ұсынылған арбалет аңшы арбалетінің үлгісімен, қолдан жасау тәсілімен дайындалған және лақтырылатын суық қаруға жатады деген қорытындыға келді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеуге ұсынылған арбалет аңшы арбалетінің үлгісімен қолдан жасау тәсілімен дайындалған және лақтырылатын суық қару түрлеріне жатады.

Сарапшы(лар):

Н.М. Алпысбаев
А.С. Баринов

Пайдаланылған әдебиеттер:

Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы, 1997.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 1998.
4. 1998 жылдың 30 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңы.
5. Сот сараптамасы туралы. – О судебной экспертизе: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 32 б.
6. Е.Ф. Жәкішев. Криминалистиканың пәндік сипаттамасы, – Алматы, 1991.
7. Е.Ф. Жәкішев. Криминалистік тактика. – Алматы, 1997.
8. С. Е. Еркенов, С. И. Сұлтанов. Тергеу әрекеттерінің тактикасы / Проф. Е. І. Қайыржановтың ред. – Алматы, 2002.
9. А. А. Исаев, А. О. Шакенов. Криминалистика және сот экспертологиясы сұлба нысанында: Оқу құралы. – Алматы, 2005.
10. Криминалистика: Учебник для вузов/ Под ред. проф. Р.С.Белкина. – М., 1999.
11. Криминалистика: Учебник/ Отв. ред. Н.П.Яблоков. – М., 1999.
12. Криминалистика./ Под ред. А.Г.Филиппова и А.Ф. Волинского. – М., 1998.
13. Б.М. Нұрғалиев, М.А. Арыстанбеков, А.О. Шакинов. Криминалистика: (дәрістер курсы). – Қарағанды, 2005. – 283 б.

14. Белкин Р.С. Курс криминалистики. Т.1-3. – М., 1997.
15. Криминалистическая энциклопедия. – Алматы, 1995.
16. Гинзбург А.Я., Поврезнюк Г.И., Калинин А.В. Справочник следователя. – Алматы, 1998.
17. Россинская Е.Р. Судебная экспертиза в уголовном, гражданском и арбитражном процессе. – М., 1996.
18. Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. Общие и частные теории. – М., 1997.
19. Еленюк Г.А., Ищенко П.П. Вопросы, разрешаемые криминалистическими экспертизами: Учебное пособие. – Караганда:ВШ МВД РК, 1993.
20. Криминалистика в схемах. / Под ред. А.Г.Филиппова. – М., 1998.

ӨЗДІГІНЕН ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Аверьянова Т. В., Белкин Р. С., Бородулин А. И. и др.* Криминалистическое обеспечение деятельности криминальной милиции и органов предварительного расследования / Под ред. проф. Р. С. Белкина. – М., 1997.
2. *М. А. Арыстанбеков, А. О. Шакинов.* Криминалистика: Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды, 2003.
3. *Аубакиров А. Ф.* История становления криминалистических знаний в Казахстане // Научные труды Высшей школы «Әділет». – Алматы, 1998.
4. *Баев О. Я.* Криминалистическая тактика и уголовно-процессуальный закон. – Воронеж, 1977.
5. *Баев О. Я.* Конфликтные ситуации на предварительном следствии. Основы размещения и предупреждения. – Воронеж, 1984.
6. *Бандура О. А., Лукашевич В. Г.* Криминалистическая версия: гносеологический, логический и психологический аспекты. – Киев, 1991.
7. *Бахин В. П.* Следственная практика: проблемы изучения и совершенствования. – Киев, 1991.
8. *Белкин Р. С.* Эксперимент в следственной, судебной и экспертной практике. – М.: Юрист, 1997.
9. *Белкин Р. С.* Курс криминалистики: в 3-х т. – М.: Юрист, 1997. Т. 1.
10. *Белкин Р. С.* Очерки криминалистической тактики. – Волгоград, 1993.
11. *Белозеров Ю. Н., Рябоконь В. В.* Производство следственных действий. – М., 1990.
12. *Быков В. М.* Преступная группа: криминалистические проблемы. – Ташкент, 1991.
13. *Быховский И. Е.* О содержании понятия «следственная тактика» // Проблемы криминалистической тактики: Сб. тр. – Омск: Омская высшая школа милиции, 1973. Вып. 16.
14. *Бычкова С. Ф., Гинзбург А. Я.* Следственные действия. Краткий комментарий к УПК Республики Казахстан. – Алматы: ТОО «Аян Эдет», 1998.
15. *Васильев А. М.* Следственная тактика. – М.: Юрид. лит., 1976.
16. *Васильев А. М.* Тактика отдельных следственных действий. – М.: Юрид. лит., 1981.
17. *Виницкий Л. В.* Освидетельствование на предварительном следствии. – Смоленск, 1997.
18. *Виницкий Л. В.* Осмотр места происшествия: организационные, процессуальные и тактические вопросы. – Караганда, 1986.

19. **Возгрин И. А.** Криминалистическая методика расследования преступлений. – Минск, 1983.
20. **Гапанович Н. Н.** Опознание в следственной и судебной практике (тактика). – Минск, 1978.
21. **Белкин Р. С., Аубакиров А. Ф., Басаров Э. О., Бычкова С. Ф., Винницкий Л. В., Гинзбург А. Я., Джакишев Е. Г., Поврезнюк Г. И.** Криминалистическая энциклопедия. – Алматы, 1995.
22. **Гинзбург А. Я., Белкин А. Р.** Криминалистическая тактика: Учебн. – Алматы, 1998.
23. **Гинзбург А. Я., Поврезнюк Г. И., Калинин А. В.** Справочник следователя. – Алматы, 1998.
24. **Гинзбург А. Я., Поврезнюк Г. И., Салаев Б. А.** Криминалистические методы и средства отождествления личности. – Алматы: ТОО «Аян Эдет», 1998.
25. **Глазырин Ф. В.** Изучение личности обвиняемого и тактика следственных действий. – Свердловск, 1973.
26. **Грамович Г. И.** Тактика использования специальных познаний в раскрытии и расследовании преступлений. – Минск, 1987.
27. **Гусаков А. Н., Филющенко А. А.** Следственная тактика (в вопросах и ответах). – Свердловск: Издание Уральского Ун-та, 1991.
28. **Джакишев Е. Г.** Проблемы совершенствования криминалистических приемов и средств борьбы с хищениями и иными конкретными преступлениями в сфере экономики: Дис. ... д-ра юрид. наук. – Алматы, 1994.
29. **Драпкин Л. Я.** Основы теории следственных ситуаций. – Свердловск, 1987.
30. **Дулов А. В., Нестеренко П. Д.** Тактика следственных действий. – Минск, 1971.
31. **Дулов А. В.** Тактические операции при расследовании преступлений. – Минск, 1979.
32. **Е. Ф. Жәкішев.** Криминалістік тактика. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997.
33. **Е. Ф. Жәкішев.** Криминалістиканың пәндік сипаттамасы. Әдістемелік нұсқаулар. – Алматы: Жеті Жарғы, 1993.
34. **Закатов А. А.** Криминалистическое учение о розыске. – Волгоград, 1988.
35. **Зуйков Г. Г.** Понятие и сущность криминалистической тактики. Криминалистика. – М., 1970. Т. 2.
36. **С. Е. Еркенов, С. И. Сұлтанов.** Тергеу әрекеттерінің тактикасы / Профес. Е. І. Қайыржановтың ред. – Алматы, 2002.
37. **Исаев А. А.** Применение специальных познаний для квалификации преступлений. – Алматы, 1997.

38. *А. А. Исаев, А. О. Шакинов*. Криминалистика және сот экспертологиясы сұлба нысанында: Оқу құралы. – Алматы, 2005.

39. *Когамов М. Ч.* Актуальные проблемы совершенствования расследования преступлений в Республике Казахстан: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – Киев, 1997.

40. *Когамов М. Ч.* Государственный следственный комитет: версии, опыт, проблемы, решения. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997.

41. *Куванов В. В.* Реконструкция при расследовании преступлений. – Караганда, 1978.

42. *Куванов В. В.* Расследование мошеннических действий: Учеб. практ. пос. – Алматы, 1999.

43. *Ларин А. М.* Расследование по уголовному делу. Планирование и организация. – М., 1970.

44. *Ларин А. М.* От следственной версии к истине. – М., 1976.

45. *Лившиц Ю. Д.* Психолого-педагогические проблемы следствия. – Караганда, 1981.

46. *Лузгин И. М.* Методологические проблемы расследования. – М., 1973.

47. *Лузгин И. М.* Моделирование при расследовании преступлений. – М., 1981.

48. *Лузгин И. М.* Расследование как процесс познания. – М., 1969.

49. *Лукьянчиков Е. Д., Кузмичев В. С.* Тактические основы расследования преступления. – Киев, 1989.

50. *Любичев С. Г.* Этические основы следственной тактики. – М.: Юрид. лит., 1980.

51. *Медведев С. И.* Негативные обстоятельства и их использование в раскрытии преступлений. – Волгоград, 1973.

52. *Митричев С. П.* Следственная тактика. – М., 1975.

53. *Нурғалиев Б. М.* Организованная преступная деятельность (уголовно-правовые, процессуальные и криминалистические аспекты). – Караганда, 1997.

54. *Нурғалиев Б. М.* Теоретические и прикладные проблемы расследования организованной преступной деятельности: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – Алматы, 1998.

55. *Нурғалиев Б. М., Лавров В. П.* Криминалистическая тактика: Курс лекций. – Караганда, 1999.

56. *Нурғалиев Б. М., Кустова А. М.* Проблемы борьбы с организованной преступной деятельностью: Курс лекций. – Караганда, 1999.

57. *Б. М. Нурғалиев, А. О. Шакинов*. Криминалистика: Оқу құралы. – Қарағанды, 2001.

58. *Б. М. Нурғалиев, М. А. Арыстанбеков, А. О. Шакинов*. Криминалистика: (дәрістер курсы) Оқу құралы. – Қарағанды, 2006.

59. **Полов В. Н., Угушев А. М., Мажитов Ш. М., Розенцвайг В. Е. и др.** Тактические основы следственных действий: Учеб. пос. – Алматы, 1997. Вып. 5.

60. **Поташик Д. П.** Криминалистическая тактика. – М., 1998.

61. **Прукс А.** Уголовный процесс: научная «детекция лжи». – Тарту, 1992.

62. **Салаев Б. А.** Установление личности погибших в условиях чрезвычайных ситуаций. – Алматы: ТОО «Ая Эдет», 1997.

63. **Толеубекова Б. Х.** Проблемы совершенствования борьбы с преступлениями, совершенными с использованием компьютерной техники: Дис. ... д-ра юрид. наук. – Алматы, 1998.

64. **Хайдуков Н. П.** Тактико-психологические основы воздействия следователя на участвующих в деле лиц. – Саратов, 1984.

65. **Хлыщов М. Н.** Проверка показаний на месте. – Саратов, 1971.

66. **А. О. Шакенов.** Суық қарудың криминалистикалық зерттеуі: Оқу құралы. – Астана, 2001.

67. **А. О. Шакенов.** Криминалистика және сот сараптамасы терминдерінің түсіндірме сөздігі / Заң ғылымдарының докторы, профессор М. Ч. Коғамовтың жалпы редакциясында шығарылған. – Астана, 2003.

68. **Шепитько В. Ю.** Теоретические проблемы систематизации тактических приемов в криминалистике. – Харьков, 1995.

69. **Шиканов В. И.** Теоретические основы тактических операций в расследовании преступлений. – Иркутск, 1983.

70. **Якубович М. А.** Общие проблемы криминалистической тактики // Советская криминалистика: Теоретические проблемы. – М.: Юрид. лит., 1987.

Мазмұны

Кіріспе	3
I-ТАРАУ	
Криминалистика туралы түсінік	5
1.1. Криминалистиканың пөні	5
1.2. Криминалистиканың өдістемелік негіздері	13
1.3. Криминалистикалық идентификация	
II-ТАРАУ	
Криминалистикалық техника	36
2.1. Криминалистикалық техниканың жалпы негіздері	36
2.2. Криминалистикалық фотография, қылмысты тергеу мен ашудағы бейнежазу	52
2.3. Іздердің криминалистикалық зерттеуі (трасология)	82
2.4. Қарулар және олардан қалған іздердің криминалистикалық зерттеуі	112
Қазақтың батыр кездігі	163
2.5. Құжаттардың криминалистикалық зерттелуі	170
2.6. Адамның сырт келбеті туралы криминалистикалық ілім (криминалистикалық габитоскопия)	183
2.7. Криминалистикалық тіркеу	191
III-ТАРАУ	
Криминалистикалық тактика	199
3.1. Криминалистикалық тактиканың жалпы қағидалары	199
3.2. Криминалистикалық болжамдар және тергеуді жоспарлау	208
3.3. Тергеулік қарау және куәләндіру тактикасы	216
3.4. Тінту және алу тактикасы	230
3.5. Жауап алу және беттестіру тактикасы	237
3.6. Тану үшін көрсету тактикасы	250

3.7. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау тактикасы	257
3.8. Хат-хабарды тұтқындау.	262
3.9. Тергеулік эксперимент тактикасы	270
3.10. Ұстау тактикасы	276
3.11. Сот сараптамаларын тағайындау және жүргізу тактикасы	288

IV-ТАРАУ

Қылмыстың жеке түрін тергеу әдістемесі	303
4.1. Криминалистикалық әдістеменің жалпы қағидалары	303
4.2. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы	307
4.3. Жеке адамға қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі	312
4.4. Меншікке қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі	338
4.5. Халықтың денсаулығына және адамгершілігіне қарсы қылмыстарды тергеу әдістемесі	382
4.6. Көліктегі қылмыстарды тергеу әдістемесі	393
4.7. Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмысты тергеу әдістемесі	413
4.8. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстарды тергеу ерекшеліктері	424
ҚОСЫМШАЛАР	435
Пайдаланылған әдебиеттер	455
Өздігінен дайындық барысында қолданылатын әдебиеттер тізімі	457

"Кәсіптік білім" сериясы

Шәкенов Ардақ Ордашұлы

КРИМИНАЛИСТИКА

Оқулық

Редакторы Бауыржан Сегізбаев

Техникалық редакторы Эльмира Заманбек

Көркемдеуші редакторы Жеңіс Қазанқалов

Корректоры Махаббат Мергеншінова

Компьютерде беттеген Азамат Сәрсембаев

Дизайнер Хадиса Албағачиева



Басуға 29.03.08. қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/32} Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 24,36.
Тапсырыс №109/2127. Таралымы 1000 дана.

ISBN 9965-35-378-6



9 789965 353789

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасы.
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13